


Серікбай Оспанұлы



СӨНБЕС ШЫРАҚ

Серікбай Оспанұлы

СӨНБЕС ШЫРАҚ

**(Ыбырай Алтынсарин шығармаларына
жаңаша көзқарас)**

«Қарлығаш» баспаханасы
Қостанай 2016

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5қаз) - 44
О - 78

Оспанұлы С.
О - 78 Сенбес шырақ / Серікбай Оспанұлы. - Қостанай қ. 2016. - 416 бет.
ISBN 978-601-80573-6-6

Автордың бұл еңбегінде Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің тұлғасы, дүниестанымы, шығармашылық қырлары, ақындық ортасы, ақын шәкірттері, зерттеушілері, жана шырлары, үш жұрты – ез жұрты, қайынжұрты, нағашы жұрты, жұмбак қазасы жайында әнгіме болады.

Кітапта бұрын еш жерде жарық көрмеген архивтік материалдар бар.

Жинақ жоғары оку орындарының оқытушылары мен студенттеріне, орта мектептің жоғары сыйнып окушыларына, ұлы ағартушының өмірі мен қызыметі жайында теренірек білгісі келетін жалпы оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5қаз) - 44

ISBN 978-601-80573-6-6

© Оспанұлы Серікбай, 2016



1883 жылы ашылған Торғай қолөнер училищесі

КІРІСПЕ

Ы.Алтынсарин жайында көп жазылғаны, еңбектерінің егжейтегжейлі зерттелгені рас. Алайда көп жайт Кенес дәуірінің саясатына орай бұрмаланып көрсетілді. Ол үшін кітап, мақала авторларына кінә артып айыптай қараганнан гөрі түсіністікпен байыштай қараган жөн сияқты. Өйткені олар солай жазуға мәжбүр болды, заманы соны талап етті.

Ұбырай өмір сүрген заманда Ислам дінін ұстанған халыққа одан алшақтау, оған қайши келетін дүниелерді ұсыну киынның қыны болатын. Басқа елдің салт-дәстүрін, өмір сүру әдетін, әдебін балалар түгілі, үлкендер де ол кезде біле бермейтін. Сондықтан да ұлы ұстаз басқа тілдерден аударған шығармаларын қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, діні мен діліне жақындастып, мақал-мәтелдер, «Құдай Тағала», «Алла жар болсын», «Шұқір» деген сияқты халықтың күнделікті қолданып жүрген, өздеріне етene жақын сөздерін қосып, қарапайым қазакы ұғымға лайықтады. Мұны Ұбырай мұраларын зерттеуші ғалымдар білгенімен де түбін қазып «Алла», «Құдай Тағала» деп қазақыландырган, діннің тәрбиелік жағын алған дегенді айта алмаған. Айтқандардың жазғаны жарыққа шықпай, қапасқа қамалған. Мұхтар Әуезовтің 1927 жылы Қызылордада жарық көрген «Әдебиет тарихы» сондай «қапасқа қамалған» кітаптардың бірі еді. Араға 64 жыл салып 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан қайта жарық

көрді. Осы жинағында автор «кеіде дін өситетін ұлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсыннатын ақын Алтынсарин», - деп жазыпты [213 б.].

Сол «дін мейманалығын көп ұстанатын» ақынды кеше Кенес дәүірінде атеист етіп көрсеткеніміз шындық.

Педагогикалық, діни, т.б. көзқарастары жайында сөз қозғағанда да орыс, Батыс, Еуропа педагогтарының бала тәрбиелеу, оқыту жөніндегі ой- мақсаттарын қазақтың ұлттық педагогикасымен қалай ұштастырды, мұны да айту оңайға соқлады. Өйткені халық педагогикасының негізі - Ислам, түркілік дүниетаным. Бала тәрбиесінде ол кезенде, әсіресе, мұсылман діні қағидаларының атқарған рөлі зор болатын. Ол әрқашанда бірінші орында тұрды. Мұны кеше айта алмағанымыз рас. Егемендігімізді алдық, ақтандықтардың орнын толтыру енді бізге міндет. Ыбырай шығармашылығын, педагогикалық қызметтің зерттеуде кеткен басты кемшілік - сол Ислам дінін айтқызыбаудан туындағаны қазір айдан анық көрініп отыр.

Ыбырай, Абай, Шәкәрімнің дінге көзқарасы жайында сөз болғанда көбінесе Ыбырайдың «Мұсылманшылықтың тұтқасы», Абайдың отыз сегізінші қара сөзі, Шәкәрімнің «Мұсылманшылық шартты» ғана айтылып, басқа дүниелері сырт қалып жүр. Жоғарыда аттары аталған үш данышпан ойшылымыздың дін тақырыбы барлық шығармаларына тән. Осы жайтты ескере отырып ұлы ұстаз дүниетанымы хақында әнгіме қозғағанымызда жазған-сығандарының бәріне дерлік көніл бөлдік.

Ұлы педагог шығармаларындағы адам аттары, олар кімдер еді? Соны іздел кім екендігін, қандай іспен айналысқанын, Ыбырайға қатысын, кісі болып қалыптасуына эсер-күшін анықтау, сейтіп оларды кейінгі ұрпаққа таныстыру да бізге, бізден кейінгі ұрпаққа да үлкен борыш.

Ыбырай шығармаларындағы жер атауларының тарихы - ел тарихы, кешегі өткеніміз, ата-бабаларымыздың жүріп өткен ізі. Мәселен, Қостанайдағы Ыбырай мовзелей тұрған жер Ақбейіт деп аталады екен. Мұны екінін бірі біле бермейді.

Балғожа биге тастан калап зәулім биік ақ күмбезді там орнатыпты. Сол там мұнарасы күнмен шағылысып алыстан көзге шалынады екен. Сондыктан да Ыбырай ата-бабалары жерленген бұл жер «Ақбейіт» атальпты.

Алтынсариннің үш жұрты – туған-туыстары мен нағашы, қайын жұрты жайында аракідік әртүрлі еңбектерде айтылғанымен, толық мәлімет беріле бермейтін. Нағашылары төңірегінде жазылған кейір мақалалардағы адам аттарында, туыстық жақындықтарында, т.б. жансақтықтар да бар екенін көрсеттік.

1991 жылы «Жалын» баспасынан шыққан Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жүргіттар» аталатын кітабында Тройцк гимназиясының шекірті А.Балғожиннің Ыбырайдың кайтыс болғаны туралы Н.И.Ильминскийге хабарында аудармашы, «племянник» дегенді «жиені» деп аударыпты [222 б]. Ахметбек Балғожин Ыбырайдың жиені емес, немере інісі.

Сергали Толыбековтің 1992 жылы республикалық «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қазақ шежіресі» кітабында Торғай бойының Арғын ішіндегі Дәуітбай руын таратып жазып:

«Шегенин бәйбішесінен Қазыбек, Қызайжан (Әймен), Бектеміс (1813- 1904), Бірімжан (1817-1873), (тоқалынан) Өтетілеу, Ділдәбек (үшінші әйелінен) Алтынсары. Қазыбектен Әміржан, Сабыр, Мырзакан, Қызайжаннан Ыбырай (Алтынсарин).

Қызайжанның баласы Ыбырайды Қызайжаннан кіші шешесінен туған інісі Алтынсары альшып, бауырына басып бала еткен, сондықтан, Ыбырай Алтынсарин болған» (72 б.), - дейді.

Мұлде жансақ пікір. Оны дәлелдеп жатудың өзі де артық Дәуітбай руынан шыққан елге танымал атпал азаматтар Әбдісалық Жармұхамедов, Әбдірашит Бектемісов, Сейітжан Хамзин, Габдол-Жәлел Қарабала жинап, кұрастырыған «Арғын Шақшак тайласы Дәуітбай тархан руының шежіресінде» «Шегенин алты ұл, екі қызы туған: Қазыбек, Бірімжан, Бектеміс, Өтетілеу, Ділдәбек, Алтынсары...Шегенинің есте қалған қыздары: Аймен мен Айжықай. Айменді қылшак Балғожа бидін баласы Алтынсары айттырып, одан Ыбырай Алтынсарин туған. Айжықайдан да ұрпақ бар деседі» дедінеді.

А.Байбосынұлы «Жәнібектің тегі» мақаласында Ер Жәнібектің Аймен деген қызы Балқожага тұрмысқа шыққанын, одан Алтынсары туғанын айттып: «Бұл жөнінде қазақстандық Мұсатай Ахметжанов «Қазақ ағартушылары» деген кітапта былай деп жазады» деп Мұсатай Ахметжановтың сөзін келтіреді: «Ы.Алтынсариннің әжесі Әймен де сауатты адам болған. Әймен ана халық аузындағы аныздар мен ертегілерді көп білетін адам. Оның әкесі Жәнібек батыр Жонгар соғысына катынасқан казақ сардарларының бірі. Талалты немересі

Ыбырайға ұлы анасы Эймен жонғар шапқыншылығы турасындағы әңгімелерді көп шерткен» [Жәнібектің тегі. Ер Жәнібек, Семей-Новосибирск. Талер-Пресс баспасы, 2009. -288 б.].

Біріншіден, Балғожа емес, Балғожаның баласы Алтынсарыға, Мұсатай Ахметжанов емес, Мұсатай Ақынжанов, екіншіден, ол кісі «әжесі» демеген, «Ұлы анасы» деген сөз де жоқ, шешесі деп көрсеткен. Сөзіміз түсінікті, дәл, дәлелді болу үшін М.Ақынжановтың жазғанын түгел келтірейік: «Шешесі Аймен сауатты адам болған, халық аузынан жинақталған ертегілер мен жырларды көп білген. Оның әкесі Жәнібек Жонғар-Қалмақ соғысына катысқан Сондықтан ғалапты баласы Ыбырайға ұлы анасы Аймен Жонғар шапқыншылығы туралы әңгімелерді көп шерткен» [Ақынжанов М. «Ұлы педагог, қоғам қайраткері». «Қазак ағартушылары»].

М.Ақынжанов та дәл айтпаған. Аймен Жәнібектің шебересі, Шегенинің қызы. Бұл жерде сөз болып отырган Ер Жәнібек емес, Қошқарұлы Жәнібек. «Шешесі Аймен» деп М.Ақынжанов дәл көрсеткен той... Ыбырайдың Қошқарұлы туралы «Жәнібек батыр» әңгімесін жазуы да тегін емес, ол нағашысы.

1850 жылы жазылған бір құжат бойынша Балғожаның үш әйелі, бір ұл, үш қызы болған. 1850 жылы 48 жаста екен. [ЦГАРК Ф. И-4.0.1.Д. 2512 л. 54- 57] әйелдерінің аты-жөні жазылмады.

Осы жерде айтта кетейік, жалпы Айман деген есім кейін пайда болған. Дұрысында ертеде егіз қызға «Ай мен Шолпаң» деп ат қойған. Кейін бул есім ұмытыла бастап «Аймен» «Айман» болып өзгеріске түсken. Сондықтан да ыбырайдың шешесінің шын аты Аймен дегеніміз дұрыс. Ертеректе жазылған құжаттардың бәрінде «Аймен» делінеді.

М.Дулатовтың «Кім сендерді, балалар, сүйестүғын» деп басталатын «Шешенің балаларын сүюй» аталағын өлеңі ыбырайға телініп, оның жинақтарына [Алтынсарин Ы. Таза бұлак. Алматы: Жазушы; 1988. -19 б.], окульщтарға [Ана тілі. (Хрестоматия). - Алматы: Атамұра, 2009. -61 б.] енгізіліп жүр. «Ана тілі» газетінің 2006 жылғы 27 наурызда жарық көрген номерінде білім академиясының назарына» деген айдар-арнаумен «Өлең ыбырайдің ме, Міржақыптікі ме?» деген мақала жарық көрді. Оnda Ақмола облысының Астрахан ауданындағы орта мектептің казақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Б.Ахметова 1991 жылы «Жалын» баспасынан Серік Мақпұрұлының құрастыруымен шыққан

Ы.Алтынсариннің «Өнер, білім бар жүрттар» жинағындағы «Ананың сүюі» өлеңі С.Макпұрұлы, Г.Құрманбай, А.Қыраубаева құрастырылған 2004 жылы жарық көрген 8 сыныпта арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында М.Дулатұлынің дөлінеді. «Шешенің балаларын сүюі» деген тақырыштан берілуі қалай деп сұрап қояды. Сейтіл екі өлеңді де катар жазып, айырмашылығының аз екеңніе көніл аударып: «Ен бастысы автор Ы.Алтынсарин бе, әлде М.Дулатұлы ма? Бұл сауалымызға екі кітапты да құрастыруға қатысқан С.Макпұрұлы жауап берсе екен», - дейді.

Сол жылы 27 көкекте Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, КР білім беру ісінің құрметті қызыметкері С.Макпұрұлының «Өлеңді Ыбырайдікі болғызыған мен емес» деген жауабы жарияланды. Онда автор Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми кітапханасына әдейі барып Міржақыптың 1914 жылы жарық көрген «Азамат» атты жинағын көргенін, кітаптың 13-14 беттерінде аталған өлең бар екенін айттып, бұл өлең М.Дулатовтікі екенін түсіндіреді.

Ыбырайдың 1991 жылғы «Өнер, білім бар жүрттар» жинағынан М.Дулатұлының өлеңін алып тастай алмауының себебін құрастырушы былайша түсіндіреді: «Ы.Алтынсарин шығармаларының колжазбасын баспаға 1989 жылы тапсырдым, оның шығу-шықпау мәселесі бірден шешілмей, колжазба бірер жыл қідіріп калды. 1991 жылы 150 жылдығы атальп өтетін болды да, баспа осыған орай даяр тұрған колжазбаны сол жылы жазда кітап етіп шығарды. Менін құрастырушу ретінде Ыбырай жинағынан аталаған өлеңді алып тастауға мүмкіндігім болмады. Міржақып тағдыры шептілмеген кез болатын (1989). 1991 жылы жинағы шыққан соң гана акталды гой»

Шындығында бұл Міржақыптың туындысы. Оған тағы да бір дәлел - жоғарыда сөз болып отырған өлең 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясында» да, одан кейінгі 2003 жылғы басылымында да, 1935 жылы шыққан (құрастырып, алғы сөзін жазған Б.Сүлейменов) жинағында да, 1955 жылы С.Сейфуллин құрастырылған тандамалы шығармаларында да жок.

Шығарма кітапка енген соң оны көпшілік оқиды. Сейтіп бір категерге ондаған категерге ұрындырады. Мәселен, Ы.Алтынсариннің 167 жылдығына арналған «Ыбырай Алтынсарин және білімнің казіргі мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдіснамалық семинар материалдарының жинағында М.Дулатовтың

біз сөз етіп отырған жоғарыдағы өлеңі Ы.Алтынсарин шығармасы ретінде талданады:

«Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатыш, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар жамән болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін, - «

деген Ы.Алтынсаринің бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата-ана баланың алғашкы табиғи тәрбиешісі екенін, қазақ халқының балажандық қасиеті мен ерекше мейірімділігі бағ екенін көреміз» [Асылбекова М. Үбырай Алтынсарин шығармаларындағы жеке тұлға мәселесі Үбырай Алтынсарин және білімнің қазіргі мәселелері. Ы.Алтынсарин қоғамдық қоры, 2009. «Мастер ПО» ЖПС, 2009. -44 б.].

Маңғыстау облысының Каракия ауданындағы №4 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нина Жапанованың «Казак әдебиеті және мемлекеттік тіл» [№4 (28) көкек, 2011. -17-19 б.6.] журнальында жарық көрген. «М.Дулатұлы: «Шешенің балаларын суюі» (Әдебиет, 8-сынып) әдістемелік мақаласында, көріп отырыздар, такырыбы айтып тұргандай, М.Дулатұлының шығармасы ретінде қарастырылады.

Мұғалімдерде кінә жок, кінә шыққан кітаптарда болып тұр. Сондықтан да, оқушыларды шатастырмау үшін Үбырай жинактары қайтадан жарық көрген кезде бұл өлеңді алғып тастаған дұрыс деп білеміз.

М.Дулатұлының «Шешенің балаларын суюі» өлеңі Үбырай жинағына «Ананың суюі» деген атпен қалайша еніп кетіп жүргені бізге беймәлім. Қалай болғанда да бір өлеңнің екі автор жинағында да қайталанып журуі оқырманды әртүрлі ойға қалдырып, шатастыры сөзсіз.

Үбырайдың М.Дулатұлының өлеңімен мазмұнлас «Бұл кім?! деп аталағын бір өлеңі:

- Бала, бала, бала деп
Түнде шошым сянған.
Түн үйкісін төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Аялы қолда талпынтықан,
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса, жөргегін

Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Изенді көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Исін жұпар аңқытқан
Ол кім?
- Ана!

-деп аяқталатын. Осы өлеңнің сонғы екі жолы түсіп қалып, балаларға түсініксіздеу болып жүр. Тек Республикалық «Жалын» баспасынан 1984 жылы жарық көрген «Айналайын, анашым» ұжымдық жинағында (4 бетінде) сонғы екі жолы беріліпті. Сонғы екі жолы болмаса, елең жұмбақ сияқты болып, балаға қамкор жәннин кім екені айтылмай қалатынын ескеру керек сияқты.

1966 жылы «Қазақстан жазушылары XX ғасыр» атапталатын Абайдан бастал, бүгінгі жас каламгерлердің түгел камтитын анықтамалық жарық көрді. Алайда осы кітапта Үбірай Алтынсарин есімі атапмайды. «Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы арыстары мен алыштары» деп Абай, Жамбыл, Ахмет Байтұрсынов, Шәкірім Құдайбердиев, Мағжан, Міржакып т.б. портреттері берілген. Үбірайдың суреті жок.

Қазақта тұнғыш реалистік шығарма жазған, балалар әдебиетінің де атасы Үбірай Алтынсарин емес пе еді?! Неге мулде аты атапмайды, түсінбедік.

Х.Сүйіншәлиев Ү.Алтынсариннің Торғайдан мектеп ағлуга рұқсат алған жылын 1861 деп көрсетеді [Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы.- Алматы: «Қазақ университеті». 2001. -16 б.]. Дұрысында 1860 жыл. Үбірайдың өмірі мен шығармашылығы жайындағы барлық күжаттарда дерлік осы 1860 жылы ашылғаны айтылады. М.Әуезовтің 1922 жылы 12 сәуірде жазып, 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген (№6,7,8) 193-196 б.б. «Үбірай Алтынсарин (1841-1889 жыл. 48 жас» деген мақаласында да, Үбірайтануны ғалым Э.Дербісәлиниң «Үбірай Алтынсарин» атты кітабында да. Қазақ ССР Фылым Академиясы, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты шығарған Ү.Алтынсариннің үш томдық шығармалар жинағының (Алматы, 1975) бірінші томында да (24 б.) 1860 жыл делінген.

Бұған Үбірайдың 1860 жылы 18 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хаты да толық дәлел бола алады. «Қазактар мени құшқақ жая

карсы алды, окута беретін балалары сансыз көп екенін білдірді», - деп жазады ол.

2003 жылы Алматыдағы «Білім» баспасынан жарық көрген Ұбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» жинағында Ұбырайдың туған жылы 1841 деп дұрыс көрсетілгенмен туған күні «2 акпан» делінген. Дұрысында ұлы ұстаз 20 қазаңда туған. Сол сиякты туған жері де Аманқарағай деп қате жазылған, Аманқарағай емес, Аракарагай (108 б.).

Ұбырай Алтынсариннің Ақтөбенің «Фатима принт» баспаханасынан (2013 жылы жарық көрген «Мұсылмандылық тұтқасы» кітабының алғы сезінде «Бір Алланың атымен, Кел, балалар, оқылық» деп жазылғыты. Енді бір басылымдарда «Бір Аллаға сыйының» делінеді. Дұрысы - «Бір құдайға сыйының». Ұбырай осылай жазған.

Арада ғасыр етті. Біраз жайт халық жадынан өшे бастады. Кітап сол бір әктандактардың орнын сәл де болса толтырап, ұлы тұлғаның ұмытыла бастаган кейбір ұлы істерін кайта еске түсіреп деген ниетпен түзіліп отыр.

Кітапта айтылғандардың бәрі жаналық дей алмаймыз, дегенмен, жаналықсыз да емес. Эртүрлі газеттер мен журналдарда әр кезеңде жарық көрген мақалалардың басын қосып, бір арнаға тоғыстырудық. Соңдықтан да бірінде айтылған оқигалар мен ойлар екіншісінде кайталанып журуі мүмкін.

Бірақ бұл енбектің негізгі ниетімізге нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.

1.ТӘРБИЕ – ДІННІҢ ТІНІНДЕ

«Қазақ хрестоматиясы» қалай жазылды?»

1870 жылы Оқу министрлігінің «Ресейді мекен еткен бұратана халықтарды оқыту шаралары жөніндегі заңы» шықсаны, бұл заң Н.И.Ильминскийдің педагогикалық жүйесіне сүйеніліп жазылғаны белгілі.

Осы жылды Н.И.Ильминский Оқу министрлігіне хат жазып, 1845 жылдан профессор Қазым-Бектен араб, татар тілдерін үйрене бастағанын, кейін Қазан талиберімен (Талиб-студент-С.О), молдаларымен тығыз қарым-катьнаста болып, Қазанда тұрған бір жарым жылда оқымысты шейхтардың басшылығымен араб тіліндегі діни кітаптарды оқып зерттегенін айтады. Одан әрі 1854 жылы Қазанға қайтып оралғаннан кейін де діни шығармаларды окуына тұра келгенін баян етіп: «...Орынбордағы үш жылдық қызметім де мені казактармен жақындастыра түсті,-деп жазады. - Мұнда мені таң қалдырған бір мәселе - бұлар мәдениеттен шеткері, қаранды, қошпелі халық бола тұра, олардың өте шебер, көркем сейлей алатындығы деуте болады. Мен казақ тілін қатты ұнаттым. Бұл тілдің өзінде, табиғатында ертедегі түрік тұрмысының көп іздері сакталған..бірақ қазақ даласына татар сауаттылығы тарағ барауды. Осыдан кейін қазак тілінің диалектикалық ерекшелігін жойып, жадағайлатып жіберу қаупт тұыпдайды. Сол татарландырудан қазак тілін сактап қалудың бірден-бір жолы - орыс алфавитін енгізу деп санаймын. Мені қазақ даласы осыған тәрбиелеп, казақтың ұлттық тілін суюге үрретті. Мен бұл тілге лингвистикалық зерттеудің негізгі құжаты деп караймын» [Қазан архиві. Ф. 968, оп. 1, 8, 72-73 беттер].

Жоғарыда аталған 1870 жылғы бұратана халықтарды оқыту туралы занда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленеді. Оның біріншісінде сабак ұлттың өз тілінде жүргізіледі, бірақ міндетті түрде орыс алғавитін енгізу деп санаймын. Мені қазақ даласы осыған тәрбиелеп, казақтың ұлттық тілін суюге үрретті. Бұдан біз «Қазақ хрестоматиясын» құрастырудың қажеттілікі қалай туындағанын байқаймыз.

Ыбырай 1871 жылдың 31 тамызында Н.И.Ильминскийге жазған хатында оның қазақ арасына орыс алғавитін енгізу жөніндегі ойына «Бұл талассыз пайдалы пікір ғой» дей отырып, оны жүзеге асырудың киындығын - бір адам атқарып шығатын жұмыс емес екенін, оның үстіне ата-аналардың күдігін тудыратынын, әрі орыс әрімен

жазылған кітап қазақ арасына тез сіңе коймайтынын дәлелдей жеткізеді. «Бірінші жағынан,-дейді ол ойын тагы да үстемелей, санамалай айтып, - фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбенгендіктен, оның таныс еместігінен, оның үстіне елімізге тарап отырған татар жазуының эсерінен - міне, осылардың бәрін еске ала келгенде жалпы оқуға арналған кітаптар мектептің есігінен шықпай, соның өзінде кала береді».

Ыбырай одан әрі шәкірттер мен мектеп бітірген жастар кітап мазмұнын халыққа түсіндіре қояды еken деп сенуте болмайтынын, өйткені олардың көбі ертең-ақ мойындарына артылған ауыр жүктен күтілғандай, кітаптарын қайда болса сонда лактыра салатынын айтып, оқулықты араб әрпімен шығару керек деген ұсыныс жасайды. Казактың діни кітаптары араб әрпімен жазылғанын алға тартып: «...оқуға жетектейтін құралмен қазақтардың өздеріне таныс, оны ешкім де жек көрмейтін құралмен іс істеуіміз керек; бұл окуымыз да, жогарыда айтқанымыздай, сапалы болса, болғаны...оларды өздеріне таныс әріпінен шығара білу керек. Сейтсек, ол кітаптарды жүрт бірден колға алып оқып, бұл кітаптар татар кітаптарымен қатар зор күш болар еді», - дейді.

Ыбырайдың осы хатындағы «Сіздің тағы бір өтінішіңіз - оку құралын құрастыруға қабілетті бір көмекші тауып бер дегениңіз еді», - деуіне қарғанда, Н.И. Ильминский қазақ балаларына арналған орыс транскрипциясымен жарық көруге тиіс оку құралын өзі құрастырмак болып жатқандай сынай байқатқан. Ильминскийдің бұл ісінен оның ыбырай ойын білмек болып, тамырын басып көргені ангарылады.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» жазуды 1873 жылы ойласытыра бастаған. Өйткені сол жылы 20 наурызда Н.И.Ильминскийге: «Сізге хат жазып, мазаңызды алуыма себел болған бір нәрсе - жақын арада алынған мынадай хабар еді. Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша, біздің Соғыс губернаторымыз қазақ балалары үшін Қазанда жазылатын орыс алфавитімен оку құралын құрастыруға катысу үшін мені Қазанға жібергелі отыр деген хабар еді», - деп жазып, бұл мәселені көтеріп отырған Н.И.Ильминскийдің өзі екенін, құрастыру жүктелісе, өзін өте бақытты жан санайтынын, қазақ тілінде жазылған өлеңдерін кайта қарап, өндеп әзірлеп қойғанын қуана жеткізеді.

Н.И.Ильминский орыс алфавитіне кешу туралы ұсынысы кеңінен сөз болып, талқылана бастаған кезде Оку министрлігіне тағы да хат жолдайды. Онда автор орыс елінің мақсатына бағытталған жүргізілетін қазақ тілінің түбінде қазақ елін басқарудағы арнайы

тіл болып қалыптасатынын, ол үшін бірінші қазақ тілін татар ықпалынан шығарып, қазақ тіліне орыс алфавитін енгізу керектігін айтады. Мұны орыс чиновнигі іске асыра алмайтынын, сондықтан да қазактардың өзі үтіт-насихат аркылы жүзеге асыруы кажеттігін ескертіп: «Шамамен айтканда екі жылда Алтынсарин Түркістан ведомоствосына қарасты қазак даласына барып, соның бір шеткегі, сауатсыздық жайлапан қазактарының арасында өзі мектеп ашса, срыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбей өзі ашкан болса, Алтынсарин өз еркімен өз жеке меншігіндегі мектеп есепті ашып, орыс алфавитін қолданса, орыс бастықтарының бастамасы деп халық ойламайтын түрде жүргізсе», -дейді.

Н.И.Ильминский Орынбордагы қазақ балаларына арналған мектепті бітірген ІІ.Алтынсаринды білетінін, онымен екі жыл бірге болғанын, ол жоғары дәрежедегі кабілетті, білуге құмар, келбетті, кішілпейіл, адал, акылды, ойлы, ез халықының патриоты екенін, ерекше ықыласпен жазылған хаттарын алып тұрғанын айтЫП: «Егер Алтынсарин өзінің сол кездегі жаксы қасиеттерін бойында сактап қалса, Торғай облысының қазак мектептеріне пайдалы, жарамды адам болар еді», -дейді [Казан архиві, ф. 968, оп -1, іс -16, 1 -2 беттер].

ІІ.Алтынсарин 1876 жылғы 8 желтоқсанда Н.И.Ильминскийге жазған хатында «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін қазақ тілінде окуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым. Оны мынадай өлеңмен бастадым», -деп «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін түгел келтіреді. ІІбырайдың осы хатының түпнұсқасында «Бір Құдайға сыйынып» деп жазылыпты. Бірақ кенес дәуірінде аудармашылар бұл жолды алып тастаған.

ІІбырай хатында бірінші кітабын Паульсон жинағының құрастырылу тәртібімен балаларға лайыктап жазып шыққалы отырғанын, мысалдарды енгізгісі келмейтінін, өйткені, мысалды оқыған балалар оған күлетінін, ал ата-аналары «балаларымызға сауысқан мен қарға сейлеседі»- деген сиякты «жок нарсені үйретеді», -деп ренжитінін өз тәжірбесінен көріп жүргенін ескертеді. Сондықтан да балалардың ойына ой қосатын өлендерді мүмкін болғанынша қазақ өлендерінен ірікten алатынын тәптілтей жеткізеді. Екінші кітабында да балаларға қызығылықты етіп табиғат құбылыстарын, тарихи және географиялық ғылыми әнгімелер енгізбек ойы бар екенін айтады [1876 жыл, 3 декабрь. Торғай қаласы].

Н.Ильминский жоғарыдағы айтЫЛГАН Оку министрлігіне жазған екінші хатының сонында Алтынсаринге ыстық ықыласты достығын

айта отырыш, казак халқына орыс алфавитінің қажеттігін түсіндіріп, көндіретінін, көнсө Үбырай қазақтар арасындағы жақсы үгітші болатынын баян етіп: «Алғашқы әліппеден басқа тағы да екі окулық керек. Мұны екі жылда істеуге болады. Бұл уақытта Алтынсариннің өзі де окулық жазу дәрежесіне жетіп қалады. Міне, бұл оның Торғай облысындағы казақ мектептеріне алғашқы қызметі болады» [Қазан архиві, ф-968, оп-1 іс-16, 2 б.б].-дейді.

1883 жылдың 1 сәуірінде В.В. Катеринскийге жазған хатындағы «Хрестоматияның екінші бөлімін аяқтадым, енді географиялық суреттеме бөліміне кірісіп стырмын. Бірақ тағы да бұл хрестоматияны араб әрпімен бастиру керек-ау деген ойдамын», - дегенине қараста, алғаш кітапты орыс алфавитімен шыгаруға карсылық білдіргенімен, қалай да қазак балаларын оқытуды алдына мақсат етіп койған Үбырай амалсыз көнген. Бұған «Қазақтар араб алфавитімен жазып отырғанда, ол қазактарды өзінің шырмауынан шыгармай, өзінे тарта береді», - деп қазактарды араб алфавитінен бас тартқызууды көздеген Ильминскийдің көндіргені хаттарынан айқын аңғарылады.

Бұл пікірімізді кітаптың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзіндегі «...орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздең, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастирғанды колайлы деп тантық.

Жоғарыда айтылған колайсыздықтарды оку ведомствоның көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын; Сондыктан мен сол білімді адамдардың қызыл алып, екінші жағынан, өзім де солай кұрастыруға кірістім» деген сөздер де растай туследі.

Үбырай кітап кіріспесінде осылай деп көрсеткенімен, тек орыстың ғана емес, Шығыс, Батыс әдебиетінен де мәнді, мазмұнды, балаларға тәлім-тәрбие берерлік шығармалар іздеуіне тұра келді. Оған бұл тұста орыс, араб, парсы тілдерін жақсы білетіндігі үлкен көмек болды.

И.И.Паульсоннан, К.Д.Ушинскийден Л.Н.Толстойдан т.б., Батыс, Шығыс, Еуропа әдебиетінен алған шығармаларды да өзі аударып, балалар ұғымына, таным-түсінігіне лайықтап қайта жазып шықты. Жас ерекшеліктерін ескере отырып балаларға арналған өлең, әңгімелер жазып кости. Яғни педагогтік пен жазушылықты үштастырып, аудармашы да, сатирик те, тарихшы да, әдіскер де, ауыз

әдебиетін жинаушы да, географ та болуына тұра келді. Бұл айтуға оңай болғанымен іс жүзінде көп ізденуді, тер төгуді, біліктілікті керек ететін ауыр еңбек еді. Ыбырай осы ауыр да киын жолда таланттылық, табандылық танытыл, таза қазақ тілінде жазылған тұнғыш окулықтың бірінші кітабын 1878 жылдың соңында бітіріп, колжазбасын Орынбор оқу округтының попечателіне тапсырады. Ол көп кешіктірмей Оқу министріне, Оқу министрі граф Голстой 1879 жылдың 17 ақтандында Қазан оқу округтының попечателіне жіберіп, колжазбаны окушылар семинариясының статский канесшісі Ильминскийдің қарап шығуына беруін және оның жазған пікірін колжазбамен бірге кайтаруын сұрайды. «Министрдің бұл өтініші тез орындалып, Н.И.Ильминскийдің ұнатқан пікірі мен қолжазба жоғары жакқа кайта оралады. Бұдан кейін ол министрдің сол жылғы арнаулы бүйрекімен Орынбор қаласындағы М.И.Ефимовский-Мировицкийдің баслаханасында басылып шығып, тұнғыш рет өзін аңсап күткен окушыларының қолына жетеді» [Дербісәлин Ә. «Ыбырай. Алтынсарин өмірі мен қызметі жайында», -Алматы: 1965. -93-94 б.б.].

«Қазак хрестоматиясын» құрастыру, оны кітап етіп бастырып шығару киынның киыны еді. Біріншіден, ұлға етерлік қазакта, тіпті бүкіл Азия халықтарында бұрын - сонды мұндай окулық шықпаған, екіншіден, қазак жазба әдеби тілі әлі калыптаспаған, үшіншіден, қазак тілінде кітап бастырып шығаратын баспа, полиграфия атымен жоқ, төртіншіден, атқарып жүрген қызметі де ауыр. Сондықтан да ол 1877 жылдың 18 маусымында В.В.Катеринскийге жазған хатында: «Мен ел арапал кеткендігімнен міне, уш ай бойына оқу құралым баяғы күйінде қалып қойды,-деп жазады. -Оны қазір де қолға ала алмаймын-ау деп отырмын. Өйткені уездік басқармада жұмыстың көптігі сонша, күндіз де, түнде де бас көтере алмаймын».

Оның үстінеге ол кезде қазақ тіліндегі кітапты оқып, редакциялау түгілі, әріп кателерін қарап, түзететін бірде-бір адам жоқ еді. Мұны ыбырайдың Ильминскийге 1879 жылдың 28 шілдесінде жазған хатынан да білуге болады: «Маған тағы бір ой түсіп отыр. Қазан университетінде біздің Сүйіншәлиев және Шуаков бұл кітаптың кэректурасын жүргізуден бас тартпас деп сенемін. Бұл жениндегі ең манызды нәрсе - кітаптың мәтінінде қате кетпеуі гой, ал Шуаков қазақ болғандықтан, ондай кателерді тез көре қояр еді...Николай Иванович (Ильминский - С.О) оған басшылық етсе, бұл іс жақсы онғарылатын -ак сиякты».

Сүйіншәлиев те Шуаков та, Н.И.Ильминский де бұл оқулықтың корректурасын оқымаған сиякты. Баспаханада кызмет істейтіндер басқа ұлт өкілдері болғандыктан Орынбор қаласындағы Ефимовтың баспаханаасынан жарық көрген хрестоматияда қате көп кеткен, алайда сездері бұрмаланбаған.

«Қазак хрестоматиясы» [«Киргизская хрестоматия»] әр үйдің төрінде тұруға лайыкты рухани өшпес мурамыз. Оның кейінгі ұрпакка де берер тәлім-тәрбие, енеге-асиеті, үйретері көп.

Ұлы ұстаздың Ильминскийге 1879 жылдың 25 қарашасындағы хатында хатынмен бірге өзі құрастырган «Қазак хрестоматиясы» кітабын да жіберіп отырганын айтып: «Сіз мұны, аса құрметті, баға жетпес Николай Иванович, менің Сізге ешбір қалтықсыз шын көніліммен берілгендейімнің белгісі ретінде және Сіздің адап мақсатиен менің басыма салған адап ой- мақсатыңыздың далада қалмағанының белгісі ретінде қабыл алуыңызды өтінемін», -деп ізгі ниет-тілегін білдіреді.

«Қазак хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») осылай туып, халық қазынасына айналды.

Ол кейін Орынборда (1909), (Қазан қаласында араб әріпімен 1889) Казанда (1913), Алматыда («Білім» баспасы 2003, 2007) басылды.

Дін, діл, тіл және «Қазак хрестоматиясы»

Ыбырай Алтынсарин «Қазак хрестоматиясын» құрастырганда мұсылманның қасиетті кітабы Құранға, Мұхаммед пайғамбардың (ғалейхи-с-салам) хадистеріне, Шығыс, батыс ұлы ойшылдарының адамгершілік жайындағы ой-тұжырымдарына, қазақтың гибрат қазынасы- бай ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрып, салт- дәстүріне жүгініп, әсіресе, исламдық кундылықтарды басшылыққа алып отырган тәрізді.

Осы ойымызды «Мұсылмандылықтың тұтқасы» енбегінің кіріспесіндегі «Бұл кітап ішіндегі бүйіркітар қайсысы аят- хадистен, қайсысы шаһар Петербургке имам жамиғ мұлла Ата-алла бен Баязид есімді молланың әр кітаптардан жинап шығарған «Іслам» деген кітабынан һәм мұнан тайри зор ихтибарлы кітаптардан қаралып, неше-неше рет сана саналып, тенденстіріліп жазылды. Қығандар хайр дүғаларынан калдырмағай еді», -деген жолдар бекіте түскендей болды.

Автор кітапты оқығандар қайыр дүғаларынан калдырмаудың өтінеді. Бұл қудайдан иман тілеп, Ислам дініне кәміл сенген кісінің

сөзі. Сол кезде небәрі 43 жастағы жігіт ағасының бұл сөзі жүрек толқытып, әртүрлі ойға бастайды...

Ұбырай «Мұсылмандылықтын тұтқасы» халқына пайда келтірмек ииетпен, өздерінің дінін өздеріне түсінкті тілмен жеткізу үшін жазғанын айта келіп мұсылман болу үшін не істеу керектігін, мұсылмандың мұсылмандылығы қоімін киіп жүру ғана еместігін ескертеді. «Әуелі иманды болып, ол иман деген не екенине түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көнілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды», - деп, сондықтан да Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткені иман, иманнан соң дін ғылымы екенин айттып, дін ғылымы дегенді де түсіндіріп өтеді.

Тұп тамырынан ажыраған ағаш көктемейді, тамыры жулынған шөп қайта шықпайды. Адам да сол сиякты. Ата-бабалар қалдырып кеткек мәдени, рухани мұраларынан ажыраған елдің ертеңі сәүлетті, дәүлетті болуы екіталай. Осыны түсінген ұлы ұстаз «Қазак хрестоматиясын» құрастырғанда балаларға руханияттымыздың негіздерінен әнгіме козғап, тәлім- тәрбиелік мәні зор, үлгі- өнегеге, гибратқа толы ұлттық құндылықтарымызды санасына сініруді ойлағаны анық.

Түркілік дүниетаным- жер, аспан, тау, дала, тас, жұлдыз, ай, күн, аң-күс, мал, орман-тогай- барлық жанды-жансыз біртұтас дүние, біртұтас әлем. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Бәрін жаратушы бір Алла. Ұбырай да «Қазак хрестоматиясында»:

«Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,
Тен етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын?!

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе карасыныз!
Өмір деген бес құндік, кетер өтіп,
Атаң барған орынға баарсыныз!», -

дейді.

Осы өлең жолдары да автордың мақсат-міндеттін айқындаі түседі. Ақынның бұл ойлары кітаптағы «Жаз», «Өзен» өлеңдерінде де қайталанды.

Хадисте «Кімде- кім халықтың қамын жесе, Алланың шапағатына ие болады. Алла тағаланың жер бетіндегі жаратқандарына кайрымдылық жасандар, сонда Алла көкте тұрып

сендерге мейрім жібереді...», - делінсе, бұқіл түркі халықтарының рухани атасы Кожа Ахмет Иассауи:

«Халықна қызмет ет,
Ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсандарға күрмет ет».

«Фаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне», -
деген ғибрат айтады.

Кара өлең:

«Сояды халық қаласа хан түйесін,
Ойлай жүр қайда жүрсөн ұлтың қамын»

Оқулық жазу оңай шаруа емес. Сүйенетіндегі, үлгі алатаудай қазақ тілінде, тіпті бұқіл Азия халықтарында бұрын-соңды ондай кітап шықылаған. Соңдықтан «Менің үнемі ұмтылған тілегім-қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіл отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады», - деп өзі айтқандай, халыққа пайдалы адам болып, қызмет етіп, өзінің агартушылық және педагогикалық идеяларын жүзеге асыру жолында орыстың классикалық әдебиеті мен ұлы педагогтарына арқа сүйеуіне тұра келді. Соңда да тілі, діні, ділі, өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі басқа ыбырайдың Алланың ақ жолына қарай ойыса беруі заңды күбылды.

Мұны ыбырай зерттеушілері бұрын білгенмен де ашып айта алмады. Әйткені Кеңес заманында дінге тыйым салынып, Алла, Құдай деген сөздерді айтқызбады. Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылың» өлеңіндегі «Бір Құдайға сыйынып», «Оқысаныз Аллалаг» деген жолдардың алынып тасталуы соның бір дәлелі.

«Таха» сүресінің 114 аятында:

«О, Жараткан Ием! Білімімді арттыр! « делінеді [«Дұға», 53 б.]

Хадис: «Қытайдан болса да білім ал, себебі білімді болу әрбір мұсылман үшін міндетті...», «Білім үйрену ғибадаттан да артық және ол діннің де тірегі». Кара өлең:

«Әуелі керек нәрсе білім деген,
Білімсіз ілтипатқа ішінбеген».
«Өнер үйрен, білім ку басың жаста ,
Оңайлықпен табылмас асыл тас та».

Ыбырай:

Бір құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылык!

«Сөз бассы».

Хадис: «Түсініктеме: Аллаға гибадат етуші өзін ғана ойлайды, ал ғалым бүкіл халыққа пайдасын тигізеді. Білімнің екі түрі болады: біріншісі-адамның жаңына ұялайды да, оның өзіне пайдасын тигізеді; екіншісі- адамның тіліне қонып, Алла Тағаланың құдіреттілігін ғылыми негіздел береді»...

Майлықожа Сұлтанқожаулы:

«Талап, білім, енбексіз-

Қалайша тірлік женбекпіз?».

Ыбырай:

«Оқу білген таниды
Бір жаратқан құдайды.
Танымған құдайды
Негылғанда ұнайды»

Хадис: «Бисмиллаһпен бастамаған әрбір істің соңы келте».

Ыбырай:

Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап.

Хадис: «Садаканың ен абзалы – бір мұсылманның білім үйреніп, оны басқа мұсылман бауырына үйреткені».

Ыбырай мұны іс жүзіне асырып, бойына жинаған бар ғылым-білімін жан-тәнімен балаларға үйретті, бүкіл ғұмырын сол жолға арнады. Әдебиет-адамның жаңы деп білген ол балалар санаасын әдебиет арқылы да тәрбиелсуге ұмтылды. Өнер – білім өрге жетслейді. Сондықтан да ыбырай:

«Өнер – білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Көзінді ашып- жұмғанша

Жылдам хабар алғызды.

Мың шакырым жерлерге

Аты жок құр арбаны-

Күн жарымда барғызды,» -

деп өнер-білімнің артықшылығын балаларға айдан анық етіп өлең жолдарымен жеткізді. Мектептер ашты. Онда мындаған бала оқыды, олар қанша балаларлың сауатын ашты?!

Құранның «Тәуба» сұресінің 105 аятында:

«Еңбек етіндер! Себебі, істерінді Алла тағала, елшісі және жалпы мұсылмандар көреді» дедінеді.

Хадис: «Іс істендер, тырысындар! Әркімге талабына қарай жәрдем көрсетіледі... Әркімді сінірген енбекіне қарай сыйла».

Казақ макалдары: «Еңбек түбі зейнет», «Еңбек етсек ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Кара өлең жолдары:

«Қонар бақ, ер жігітке бітер дәulet

Ақадал елге еткен енбекпенен».

«Адал еңбек еткенге дәulet келер

Көнілі өсіп, көркі де сәулеттенер»

Ыбырай : «Жұмыссыз жүрген бір жан жок. Сені де Құдай тағала босқа жүргуте жаратпаған, жұмыс жасауға әдеттенуге керек деді».

«Өрмекші, құмырсақа, қарлығаш»

«Мұны көріп Сатемір ойға қалды: «Құдай-тағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсақ да тыңбай жұмыс жұмыстал жүр; өзі аксақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жытылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті – тамның басына шықты».

«Сатемір хан».

«Бұқара» (сиыр) сүресінің 250 аяты:

«О, жаратқан Иеміз! Бізге сабырлылық бер, қадамымызды нық бастырып, кәпірлерге карсы жорықта женіс бер». («Дүға», Алматы «Қазақстан» ТПО «Қаламгер» 1991. -44 б.)

Тур сүресі: «Раббынның үкімдеріне сабырлылық таныт. Себебі сен біздің көз алдымыздасың, орыннан тұрар кезде де Аллаға шүкіршілік айтып ұлықта».

Жүсіп Баласағұн:

«Біреу саган етсе зиян, киянат,

Түй ішіңе, ойға сабыр ұялат».

Кара өлең:

«Сабыр түбі сары алтын» деп күтемін,

Кашан келер жан-жүрек жалғасқан күн».

Шал ақын:

«Қарап жүрген кісіге адам тимес,

Сабыр қып өз басынды мықты ұстасан».

Казақ хрестоматиясында:

«Сабыр түбі сары алтын,

Сарғайған жетер мұратқа» -

деген мақал бар.

Ыбырай: -»Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, -деді Бэтима.

- Әй, ондай болса шөбіннің атын айтсы, мен де ауырлықты жеңілдестейін, -деді Зылиха.

- Ол шөп сенің қолына түспей ме деп корқамын, аты – Сабыр деген, -деді».

Хадис: «Егер адамда төмендегі үш қасиет болатын болса, Алла оған ризалық білдіріп, жумакқа жібереді, олар: әлсіздер мен кедейлерге қайырымдылық; ата-анаға мейірбандық; өзінің қоластындағылармен жақсы карым-катьнас және мейірімділік». «Шапағат етіп сауап жинандар».

Кожа Ахмет Яссави: «Мейірім кылсан жолсыздарға жол берерсін».

Қара өлең жолдары:

«Жаман қанша кесапат жасаса да
Шарапаты жақсының болмақ үстем».

«Аралап ағайынды жүрген қандай,
Дилары жақсы ағаның жаққан шамдай.
Қара наң, ыңғыласпен шай берсе де,
Көнілге ләззаты бар шекер-балдай».

Ақтамберді жырау:

«Қайырысız болса жаман бай,
Ел қонбаған шөлмен тең».

Ыбырай:

Ей, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма.
Қолыңнан келсе қыл қайыр.

Ыбырайдың «Шеше мен бала» әңгімесіне де қайырымдылық мейірімділік арқау болған.

-Мен балаға ақша беріп, сатып алып, құсты ұшырып қоя бердім. Менің бұл ісім сауап емес пе?

Шешесі: -Әрине, сауап, бишараларға қайырлы болғаныц... Көбірек жақсылық етуге шамам келсін десен, әр нәрсеге күтімді болу керек...

Баласы: -Әже, сен көрсөн еді, құсты коя бергенімде әуелі қуанғаннан ұша алмады. Соңан соң құсты сатқан боладын уәде алдым, екінші рет ұстама деп.

Шешесі: -Қызым, жақсы іс істепсің, мінеки саган тағы да тенге.

Қызы: - Алла риза болсын, әже.

Шешесі: -Шырагым, қызым, әрдайым осындай рахымды бол, саган мұнын үшін құдай рақым етер, -деді».

Ыбырай «Мейірімді бала» деген әңгімесінде де «Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рахымы келіп, төренің құнасін кешті дейді», -деп баланың атасына мейірімділігін айту арқылы балаларды ата-анасына қамкор, жана шыр болуга шақырады.

Хадис: «Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кім бір мұсылман бауырын киыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай киямет күні оның киыншылықтарының бәрін жоядь».

Аллаһ Расулы хадисінде: «Жомарт адам Аллаһқа жақын адамдарға жақын, жаннатқа жақын, жаһаннамнан ұзак», -делінеді.

Жүсіп Баласағұн:

Есендікте ізгілік ет, тарылма,
«Қазна ұлес, жарылқа, һәм жаңылма».

Қара өлең:

«Кен тұсау, сөзі де ұзын арқан болар,
Баласы жомарт елдің дарқан болар»

Әбубекір:

«Сахилық деген терек-ті,
Ол теректің бұтағы
Ұжмақта болса керекті». (Сахилық-жомарттық – С.О)

Ыбырай. «Сол уақытта бір ақсақал... Байұлының әлгі мырзальығын көріп, разы болып, сыртынан баға берді: «Ей, құдайым, бұл балага ұзак жас бер, мал мен бас бер» деп, сол кісінің батасы қабыл болып, ақырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, руға бас болды».

«Мырза» дег Байұлының жомарттығын айтып отыр- [С.О].

Ыбырай «Жомарт» дег аталатын әңгімесінде де Атымтай – жомарттың өнегелі ісін балаларға үлгі етіп көрсетеді.

Хадис: «Егер сендердің жануарларға жасаған кияннаторыңа кешірім жасалса, онда көп күнәдән арылғандарын».

Ыбырай: «-Жоқ, әкем үйрек, қаз адап күстар, мұктаждықта құдай тағала бұларды адамға алып, тамак етуге бұйырды. Бірақ тірелей байлан-матап әуре ету – обал деп айтушы еді...» («Бай мен жарлы баласы»).

Жоғарыдағы «Шеше мен бала» әңгімесінде Ыбырай «сауал» жайында зітса «Бай мен жарлы баласында» «обал» сезін қолданып стыр. Обал, сауалты білген бала қиянатшыл болмайды!

Исра сүресінде: Ал егер олардың (ата-аналарының -С.О) бірі немесе екеуі де қолдарында тұрған кезде қартайса, оларға «үн» деп айтпа. Сондай-ақ, оларға зікіме және оларға сыйтайы сөйле. Мейіріммен құшақ жайып, оларға былай деп дұға жаса: «О, Раббым! Олар мені қішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе белей ғер».

Әмір Кейкайс: «Сені жан тәнімен жақсы көріп, тәрбиелег жүрген ата-анаңың қөнілін қалдыратындаид құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайыкты жан емессің, ейткені кім де – кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды».

Д.Бабатайұлы:

Атаны бала аллады,
«Шешеге назар салмады», -

десе, Ыбырай осы «Қазақ хрестоматиясына» енген «Береке кеткен елдерде» деп аталатын өлеңінде: «Береке кеткен елдерде күн кысқарса керек-ті, Алатаудай атага үл қышқырса керек-ті... қолын катты тиғізбей, кірлі көйлек кигізбей, иісін жупар анқытқан, сондай сорлы анага қызы қышқырса керек-ті», - дегенді айтады.

Екі ақынның ойы бір жерден шығып, үндесіп тұр. Бұлар берекесі кетіп, азған елдің балалары. Берекелі елдің балалары ата-анасын ардактай білуі керек. Кім азған елдің баласы болғысы келеді?! Екі өлеңнің астарында да тәлім-тәрбие, үтіг-насихат жатыр.

«Қазақ хрестоматиясында»: «Алла разы болсын, мендей нашар баланызды естен шығармай тұрғанынызға ықыласыммен Құдай – тағаладан тілеймін, сіздердің енбек қамкоршылығынызды бізге де қызметімізben өтеуге жазғай деп» [«Окудағы балалардың үйіне жазған хаттары»].

«Үміт еткен көзімнін нұры, балам,
Жанына жәрдем берсін құдай-тағалам».
[«Балғожа бидің баласына жазған хаты»].

Ұлы ұстаздың «Ғалым кісі» әңгімесінде Иман, Имандылық жайында әңгіме қозғалса, «Газа бұлак» әңгімесінде «Тынбай қызмет қыл. Еш уақытта жалқауланып тоқтан қалма, сөйтсөң ақырында сен де зорайып, мұратыңа жетесін», «Біреуге жақсылық етсөн, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе», «Бойыңды осы таза бұлактай таза сакта, нешік бұлакқа қарасак күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көресіз, кенилің сол рәуішті сыртқа ашық қөрініп тұрсын» деген ақыл-кенес айтылады. Ұлы ұстаз «Салақтық» әңгімесінде де тазалықты ту етіп.. «Құдай тағала таза жүргемеген былғаныш кісіні сүймейді,- дейді.

Имандылық, қөңіл тазалығы, тән, жан тазалығы Құранда да, Хадистерде де, қазактың макал-мәтелдерінде де жи сез болады. Ислам діні «Тазалық-иманның жартысы» деп, ерекше қөңіл бөліп, жан тазалығы мен тән тазалығын үнемі уағыздап отырган.

Қожа Ахмет Яссави:

«Улкең, кіші адамдардан әдел кетті,
Кыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
«Ұят барда иман бар» деп Расул айтты,
Арсыз қауым бұлдіріп бітті, достар».

Қазақ макалдары:

«Тәні саудың жаны сау».
«Тазалық-саулық негізі,
Саулық-байлық негізі».

III. Қанайұлы:

«Өлгенде имансыз құл жолда қалған,
Мен – Газырайыл, пенденің жанын алған,
Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым,
Құдайдан жетті бұйрық, келді саған».

Имандылық – әделтілік! Әделсіздік-имансыздық жетелейді. Әдел – иманның бір негізі.

Ыбырай «Әдел» деп аталатын әңгімесінде:

«Таксыр, осынша жұрттың үстінен қараган әкімсіз, осы бір мұжыкка неге соншама бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

-Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп әдеңгілігін көрсеткенде мен онан әделсіз болып қалайын ба? –деді дейді»- деп әкімнің кішіпейілділігін, сыпайылығын балаларға ұлғи-өнеге етіп ұсынады. Бұл, Әл-и имран сүресіндегі «(Ей, Мұхаммед!) өзіне Аллаһ берген мейірімге орай сен де адамдарға сыпайы, жұмсақ қарым-қатынас көрсеттің. Егер сен дөрекі, жүрегің қатығез болғанда, олар сенің маңыңын безіп кеткен болар еді» деген гибратты сөзді еске түсіреді.

Имандылық, әдептілік, сұлтайылық – адамзаттың көркем мінездері. Бұл – Алланың сыйы! Сондыктан да халық: «Әдептілік, ар-ұят Адамдықтың белгісі, тұрпайы міnez, тағы, жат –надандықтың белгісі» - деп макалдайды.

Қожа Ахмет Иессауи: «Диуани Хикмет» кітабында: «Күл қожа Ахмет, қырыққа келдің нәспінді тый»- дейді.

Шал ақын:

«Ашу-дұшпан болғанда, нәспі-жауын,

Ақыл-тұрган алдында аскар тауын,» -

дел, ашу мен нәспіні ақылға жеңдіру керектігін насиҳат етеді.

Нәспіні тыю – қанағатшылдық. Ы.Алтынсариннің «Қанағат» деп аталағын әңгімесін оқып көрейікші:

«Әзіреті Әліден бір кісі келіп сұрады:

-Толық байлық қайтсөн табылады?

Әлі айтты:

- Қанағат ете білсен, қанша мал көп те болса, қанағаты жок кісі байлыққа жеттім деп тоймайды ; қанша мал аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көnlі жайлы, тынышырақ болады; Соның үшін байлық қанағатта, -деді Әзіреті Әлі».

Қазақ макалдары:

«Дүниекор – дүниенің құлы».

«Қанағатсыздық жалғыз атын сойтызар».

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясындағы» «Әділдік», «Петр патшаның тергелгені» әңгімелері мен ел аузынан жинаған «Әділдік көрмегені үшін бір төреге айтылған сез», «Бір ақынның әділ төреге айтқан сезі» өлеңдерінде де, аттары айтып тұрғандай, әділдік пеш әділетсіздік айтылып, әділеттілік қашан да женіске жететіні паш етіледі.

«Жамандыққа жақсылық» әңгімесі Ыбырайдың өзі жинап осы «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енгізген «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі еді, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі еді» деген макал негізінде жазылған тәрізді.

Исра сүресінде: «Жер бетінде көкірек керіп жүрме» делінсе, Қисас сүресінде: «Сізге тозақтықтарды айтайын ба? Олар-дөрекі, сараң және өркөкіректер» делінеді.

Қара өлең:

«Нәрсенің кісідегі кілті аспанда,

Епсіз жан екі сасар бір сасқанда.

Абайлап алды-артыңды шамалай біл,

Көп аскан жолығады бір тосқанға». («Қара өлең», 77 б.)

Қазақ мақалы: «Тәкәппарды Тәнірі сүймес».

Ыбырай «Тәкәппаршылық» әңгімесінде басын жоғары кетерген тәкәппарлардың талайының жолы болмағанын мысалмөн “дәлелді жеткізіп, өркөкіректікten сақтандырады.

Ұлы ұстаз «Өсіет өлеңдерінде» де :

«Бұзбаның әділдікті бұл, мал үшін,
Жиясыз оныдағы бір жан үшін.
Әзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылғаны үшін?» -

деп, әділдік жасаған жанның дозақ отына жанбағанын, тәкәппарлық жасаған пендениң азап шеккенін аңыз етеді.

Кожа Ахмет Яссасуи:

«Фаріп, пақыр, жетімдерді расул білді,
Сол кеште Міграж шығыш, дидар көрді.
Қайтып түсіп, ғарып, пақыр халін білді
Фаріптердің жайын үғып келдім міне
Үмбет болсан, ғаріптерге жақын болғын,
Аят, хадис айтқандарға күлкін салғын», -

десе, Ыбырай:

«Корлама кем адамды болсан дана,
Фаріпті құдай сүйсе нендей шара?!».

«...Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,
Жер жүтқан қайырыздан Қарынбайды»,-

деп иманды ердің құдайдан ұялатынын, ұялып иесінен (Алладан –С.О) сый алатынын ескертіп, «Жаратқан бір тәндірінен қудер үзбе» деген акыл-кеңес береді. Құранда Қарынбайды (Қарунды) қайрыымсыз, сараң болғандығы үшін Тәнір жер жүттірады.

Кожа Ахмет Яссайй де:

«Ферғауын Қарун шайтан сезін берік жүтты,
Сол себептен жер жарылды, оны жүтты», -

дейді.

Хадисте: «Қашанда шындықты жақта, өйткені жұмақта шыншылдық пен ізгілік қатар жүреді. Өтірік айтудан аулақ бол, тозақтағы зұлымдықтың өзі өтірікпен тамырлас» (19 б.)

Тағы бір хадисте: «Шындық каниша ацы болса да, Алланың аты үшін оны ауызға алып тұр» (21б.),-деп көрсетілген.

Ы.Алтынсарин:

«Араз бол, кедей болсан ұрлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен!»

«Араз бол, кедей болсан
ұрлықпенен...»

Хадисте: «Кім Маған бір рет салауат айтса, Аллаһ Тағала оған он рет раҳмет жолдайды, оның он күнесі кешіріліп, он дәрежесі көтеріледі». [Хадистер. –Алматы: «Өнер», 2006. -9 б.].

Іштегі:

«Керексіз еш бендесін қалдырмайды,

Жаратқан бір тәнірінен күдер үзбе».

(«Араз бол, кедей болсан ұрлықпенен...»)

Ислам дінінде тағдырга сену-парыз. Бойында жамандық болса да, жақсылық болса да – ол Алланың жазғаны, оны мойындау-міндегі. Хадисте: «Адамға ананың құрсағында жатқанда Алла Тағала не жазса, сол боладь» делінеді. [33 б.]. Қазақ оны «мандайға – пешенге жазғаны» дейді. «Пешене» - парсы тілінде – мандай. Элімсактан, ертеден, баяғыдан, атамзаманинан деген сөздердің бір баламасы ретінде қолданылып жүрген «Бесенеден белгілі» дегендегі «бесене» – осы пешене.

Қазақ мақалы: «Жазымыштан озымыш жоқ».

Іштегі: «Әуелде маңдайына нені жазса, соны аларсың».

[«Әй, жігіттер»].

Мұнафиқун сүресінде [10-11]: «Барлық жанды елімнің дәмін татады. Сіздер амалдарыныздың сыйлығын киямет күні аларсыздар. Сол кезде кім оттан ұзактаталып, жаннатка орналастырылса, міне сол мұратына жеткен болады. Бұл дүние тек қана алдамшы, өткінші бір қазық»,- делінген.

Қожа Ахмет Иассауи:

569. «Білгейсің бұ дүние барша елден

570. Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.

571. Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр»

(10 хикмет, 21 б.).

Қара өлең:

«Барында қызылышының қудай жайқа,

Жұтады бәрімізді сүм қара жер»

(81 б.)

Іштегі:

«Өмір деген бес күндік, кетер өтіп,

Атаң барған орынға барасыңыз!»

(«Өсиет өлеңдер»)

Хадис: «Жақсы мен жаман жолдас әтірші мен от жағушыға ұсайды. Әтіршінің қасында болсаң жақсы иісті іскейсін немесе жақсы иіс үстінде жұғады, от жағушының жанына барсан не көйлегің жанады, иә болмаса жаман иісті жұтып қайтасың» [Бухари, Зәбих, 3; Мусилим, Бирр, 146].

Халық макалдары: «Жаманға сырынды айтсаң, жарға жығады», «Жақсымен жолас болсаң нәсібі жұғар, жаманмен жолдас болсаң кесірі жұғар».

Кара өлең:

«Арғымақтан ат жақсы шабыс болса,
Ағайыннан жат жақсы, таныс болса,
Жолдас болсаң жаманмен жарға жығар,
Жазатайым аяғың шылыс болса».

(«Кара өлең», 67 б.).

Шалқиә жырау (1465-1560):

«Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Бүкіл ғаламға құлқі етер».

(«Асыл сөз», 333 б.)

Ыбырай:

Ақылсыз жанды досым деп
Басынды қосып сыр айтпа:
Күндердің күні болғанда
Ол жаман айғақ болар басына!

(«Ей, достарым, жігіттерім...»)

Кожа Ахмет Иассауи:

1569. «Жақсылардың соңынан әсте қалма».

Кара өлең:

«Айтайын мен бір сөзді жанамалап,
Құлақ сал, жасөспірім жаңа талаң.
Жанымша шапағаты тие ма деп,
Журемін жақсыларды жанамалап». (89 б.).

Казак макалы:

«Жақсыға жанас,
Жаманнан адас».

[«Казак макалдары». 97 б.]

Ыбырай:

«Жақсыдан ғалыл қалмаңыздар»

[«Әй, жігіттер»].

Аюп – Эйуп – Айып пайғамбар. Құранда төрт жерде аты аталады.

Дәүіт – Давид – Дауыт – Дәүіт пайғамбар. Құран көрімде он алты жерде аты аталады.

Ібырай өлеңіндегі Дәуіттің патша болғаны да, Сұлеймен – Дәуіттің ұлы екені де шындық

Сұлеймен – Саломан – Сұлеймен пайғамбар. Дәуіттің ұлы. Құран көрімде он алты жерде аты аталады.

Қыдыр – Ілияс – Хадир – Ілияс – Ысырайлы ұрпақтарының пайғамбary.

Құранда үш жерде аты аталады.

Ескерту: Қыдыр әл-Хадир, Ілияс – екі адам. Алайда кейбір Шығыс елдері аузы әдебиетінде екеуі бір кейіпкер. «Алтынсарин баяндауында олар Ескендір патшаның қасындағылар, тірі су – мәңгі су іздеушілер ретінде суреттелген». [Сэтбаева Ш. Ы. Алтынсарин ернектерінің кейбір сырлары. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. 278 б.]

Ескендірдің кім болғаны жайында 1895 жылы «Дала уалаяты газетінің» үшінші санында жарық көрген «Тәкаппар әскер басы турасынан» деген әңгімеде айтылады. Бұдан соң осы басылымның бесінші санында «Ескендір Зұлкарнайын өзінің дүшиандарын неменен жеңгені» деген аныз басылған. Аныз сонында «бұл хикая Орга Азиядағы Бетпақдалада Жизақ өзені менен Сырдарияның арасында тұрған қазақ Қалдарбайдан Д.И. Эварницкий деген жазып алыпты» деп көрсетілген. Ал, «Ескендірдің басында қос мүйіз бар» деген аныз алғаш қазақ әдебиетіне Дулат Бабатайұлының «Шаштараз» дастаны арқылы енсе (Дастанда Ескендірдің аты аталмайды, «Патша» деп алынған – С.О.), «Ескендір» есімі тұнғыш осы «Қазақ хрестоматиясында» аталады. Кейін 1900-1902 жылдар аралығында Абай Құнанбаев «Ескендір» поэмасын жазды.

Кітаптың «Әртүрлі өлең-жырлар» атты үшінші белімінде балаларды қазақтың ертеден келе жатқан халық өмірі мен тұрмысын бейнелейтін, басқа халықтарда кездесе бермейтін әдебиеттің ерекше бір кен саласы айтыс өнерімен де таныстыруды көздел «Жанак пен баланың айтисын» беруі де Ыбырайдың тынымсыз ізденісін, талғампаздығын, көрегендігі мен кен ойлас, кен шіштептіндігін анғартады.

«Дәуіттің адасуы», «Сұлеймен және әйел патша Балегис», «Сұлейменнің парасаты», «Сұлеймен өз әкесінің тахыдында», «Әйуп» («Айұп») деген т.б. құран хикаялары кезінде ел ішінде кен тараган. «Құран көрімнің» ішіндегі тарихи естелік тәрізді оқиғалы көркем әңгімелер.

«Қазақ хрестоматиясында» «Құдай», «Құдай үшін», «Құдай рахым етер», «Құдайдан тілең», «Құдайға», «Құдайдың», «Құдай тагала»,

«Жаббар Құдай», «Құдайға шүкір», «Құдай сүйсе» -46 рет, «Алла», «Аллалап», «Алла разы болсын» -8 рет, «Әділ төре», «Әдепсіздің», «Әдеп», «Әдепшілігін» 6 рет қайталаңады екен. Тіпті өзге ел әдебиетінен алынған әңгімелердің өзінде «Құдай-тағала» «Алла жар болсын» деген сөздер бар. Мысалы, орыс әдебиетінен алынған «Мұжық пен жасауыл» әңгімесінде «Алла разы болсын айтып» деген сөздер кездеседі. Бұл да ыбырайдың әлемді жаратушы бір Құдай, «Құдай жалғызы» деген ислам дінінің қағидасын ұстануынан туындаған жайт деп ойлаймыз.

Корыта айтқанда, кітапқа енген шығармалар оқу-білімді, ғылымды, өнерді насиҳаттаپ, талаптылыққа, сабырлылыққа, не нәрсені де орынмен үнемдел жұмасай білуге («Әке мен бала»), мейірімділікке, кемтарларға рахымды болуға, жақсылық жасаута, обал-сауапты білуге, шыдамдылыққа («Аурудан аяған күштірек»), әлсіздерді ренжітлеуге («Полкан деген ит»), шешендікке («Ізбасты», «Жиренше шешен»), батырлыққа, халық қамын ойлап, қорғаны бола білуге («Қара батыр», «Жәнібек батыр», «Қобыланды батыр мен Тайбұрыл»). Жомарттылыққа, имандылыққа, шыншылдыққа, не нәрсені де көзбен көріп, қолмен ұстал, анық-қынығына жетіп барып қана айтуға («Лұқпан экім»), яғни ойланып сейлеуге, («Өкініш өзекті оттай өртемеске, әр істі басти алдын сыйлап жақсы»- қазактың қара өлені), кәсілкерлікке («Қыпшақ Сейітқұл»), тазалыққа, әдептілікке, қанағатшылдыққа, әділдікке, жинақылыққа («Сараңдық пен жинақылық»), өтірік айтпауға («Өтіріктің залалы»), надандықтан аулақ болуға («Надандық»), жамандықтың өзіне жақсылық жасауға («Жамандыққа жақсылық»), («Таспен атқанды аспен ат» -қазақ мақалы), конакжайлыштылыққа («Сейіт-Ахмет деген жітіттің үйіне түсірмеген құрбасына айткан сөзі»), («Қонақ -үйдін құты» -халық мақалы), тәкәппар болмауга, жан-жануарға қамкорлық көрсетуге баулиды.

Ата-аналарымызды бабаларымыз тәрбиелесе, олар сол алған тәлім-тәрбиесі мен өмірден түйген өз тәжірбиелерін, көрген-білгенін, ұстанған қағидаларын уақытпен үндестіре түзетіп «Ұлы сөзден - ұлагат» деп, біздің қулагымызға құйды. Бұл сонау ықылым замандардан бері жалғасып, өмірлік тәжірибе жылдар өткен сайын екшеліп, еленіп, сұрыпталып, даналық, шешендік сөздерге, мақал-мәтелдерге, батырлық, ғашықтық жырларға, толғауларға, салтымыз бел дәстүрімізге, халықтың рухани мәдениетіне-педагогикасына айналды. Ұлы ұстаздың ұлагатты сөздері мен ой-пікірлері де

әлдеқашан осы қазақтың халық педагогикасына еніп, сіңісп кеткен. Оны осы макаладан да аңғару қыны емес.

1879 жылдың 12 желтоқсанында «Оренбургский листок» газелі «Ы.Алтынсарин дарындылық қасиеттерімен көзге түсіп, бүкіл адамдық өмір майданында ақындық қабілеттілік, таза және қуатты ойлардың таусылмас асыл қазынасымен халықтың әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тілінде бірінші кітап шығарды», - деп жазды. Біз де бұл шікірді қуаттаймыз. «Қазақ хрестоматиясы» адамзатқа тән қасиеттердің барлығын дерлік қамтыған, тілімізді де, дінімізді де, ділімізді де насихаттайтын ақыл-нақыл, өсінетке тоғы, имандылық жолына бастайтын парасатты кітап.

«Қазақ әдебиеті», 19 акпан, 2016. -11 б.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы: Шариат-ул-ислам / Дайындаған А. Сейдімбеков. – Алматы; Казақстан.
2. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). Алматы: «Білім», 2003. -89 б.
3. Бабатайұлы Д. Тұнық тұма, 65 б.
4. Қара өлең. Ел аудынан жинал, құраст., алғы сезін жазған Оразакын Аскар. –Алматы. Жазушы, 1989. -73 б.
5. Имам Сюти, әл Жамус-сагир, 2 т. 97 б.
6. Мұхаммед пайғамбардың өсіет хадистері. Шымкент, Азиат, 2005.-17 б.
7. Егемен Қазақстан, 28 қараша, 2003
8. Тұр сүресі, 48
9. Хадистер. –Алматы: «Өнер», 2006. -31 б.
10. Бухари Әдеп, 37
11. Хужурат сүресі, 10
12. Фазали Ихия, 3, 544 б.
13. Исра сүресі, 20-24
14. Леуелим, Тахара 1.
15. Қанайұлы Ш. Қайран халқым, Алматы: «Раритет», 2002. -48 б.
16. Иассауи Кожа Ахмет. Диуани Хикмет: Ақыл кітабы. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. -14 б. «Қазақ әдебиеті», 19 акпан, 2016 -10 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТҮЛГАСЫ

Өмірден талай талантты ғалымдар да, дарынды ақын ақындар да, даңқты қолбасшылар да, небір майталман қылқалам шеберлері де, ұлы ұстаздар да еткен. Алайда олардың бәрінің ақылы мен дарындылығына мінезі сай болып, сөзі мен ісі бір жерден шыға бермеген.

Не бәрі қырық сегіз жыл ғұмыр кешіп, бар саналы ғұмырын агартушылық жолына жұмсаған Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин қандай адам болған?

Мұхаммед пайғамбардың өсіет хадистерінде:

«Егер сіз адамың Алла алдыңдағы бағасын білмек болсаңыз, онда ол адам туралы халықтың пікіріне қулақ түріңіз» [Шымкент, Азнат, 2005.-87 б.],-делінеді.

Халық, көзкөргендер не дейді?

Әділ, табанды, көргенді, дарынды

Қазан университетінің профессоры, ориенталист Н.И.Ильминский: «Григорьев Балғожаны аса құрметтеп, жоғары бағалайтын, ал Ыбырай Балғожаның немересі болғандыктан ғана емес, өзінің жеке басының қасиеттерімен, сондай-ақ дарындылығымен генералдың сүйіспеншілігіне бөлениген еді» [Н.И.Ильминскийдің естелігінен],-деп еске алады.

Ыбырай Орынбор бекінісіне окуға қамқоршысы Жетібай Өтемісұлымен бірге барады. Біраздан соң оның ауылына қайтуына рұқсат етіледі. Ыбырай шекаралық Комиссияның төрағасынан Жетібайдың қасында қала тұруын етінеді. «Орынбор әкімшілігінің Өтемісұлын үйіне қайтаруга жасаған кезекті әрекеттеріне қарамастан Алтынсариннің үсті-үстіне асқан табандылықпен оны қайтармауын етінумен болжы» [Сүлейменов Б. «Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі】. Нәтижесінде әкімшілік Ыбырай қамқоршысын тұрмыс ақысын төлең, қалдырады.

Б.Сүлейменов Ыбырайдың үздік оқығанын, ол үшін талай рет алғыс та алғынын айтып: «1853 жылы мамырдың 31-ші жулдызында жазылған «Сынақ актісінде» үздік үлгерімі мен көргенділігі үшін барлық оқушылар алдында Алтынсаринге алғыс хат жарияланды» [Сонда], -дейді.

«Бір ғана айтарым – ол өте әділ, шыншыл, қай жағынан алғанда да ізгі ниетті, мейірбан адам еді». [А.Мазохиннің Ы.Алтынсарин жайындағы естеліктерінен].

РСФСР –дін педаогоика тарихы мен теориясы институтының ағағылыми қызметкери болған, Ы.Алтынсарин шығармашылығы жайында кітапша жазған А.Ф.Әфиров ұлы ұстаздың кеменгерлігін айта келіп: «Ол нұрлы акыл, жылы жүрек, көп қырлы дарын иесі болды. Балғын шығынан бастап-ақ бар күш-жігерін, қажыр-кайратын туған халқына қызмет етуге арнады,- дейді. [Әфиров А.Ф. «Өмірі мен педагогикалық қызметі】]. Көшпелі Қазақбайұлының «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретүгін тұрасынан» деп аталатын мақаласында Алтынсариннің билікті адаптацияның маңыздылығын көрсеткіштіктердің өзінде көрсетілген. Алтынсариннің әдеби жаңынан шығарылған шығармашылығындағы қызыметтің маңыздылығын көрсеткіштіктердің өзінде көрсетілген.

«Біздің әңгімеміз негізінен сөздердің магынасы төнірегінде өрбитін деп жазады Н.И.Ильминский – Мен тек шет тілдегі сөздердің орыс тіліндегі мағынасын берумен ғана шектелмей, техникалық терминдерге келгендे уақыттың тығыздығына мән берместен барынша кеңінен түсіндіруге тырысатынмын. Ал Алтынсарин болса, асқан табандылықпен тыңдауды еді. Ол өзінің сүйкімділігінен біздің отбасының кадірлі қонағына айналып та кетті». (Н.И.Ильминский естелігінен)

Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабын орыс ағартушыларының орыс әрпімен бастиру керек дегендегінде қарамастан, дін үағыздары мен құран сүрелерінің бүрмаланып берілуінен сақтанып араб әрпімен шығаруға күш салуы да табандылығын аңғартады. Сол күрескерлігі арқасында дін сабағы мектепте өзі жазған осы қазақ тіліндегі оқулықпен оқытылатын болады.

Торғайда жаңа үлгідегі мектеп ашуы, оның керек-жарагын алу үшін ауыл-ауылды арапап қаражат жинауы, қолөнер мектебін, әсіресе қыздар мектебін ашып, жатақханалар салдыруы, сол жолда женіске жетуі ізденімпаздық, қайсаарлық, табандылық қасиеті мен соның жемісі екені даусыз.

Мейірімді, қарапайым, қамқор

Екі сыйыптық Қостанай орыс-казак мектебінің оқытушысы Ф.Д.Соколов: Ыбырай мұғалімдермен жылы әңгімелесіп, көпшілік

алдында олардың беделін көтере сөйлейтінін, басқалардан да мұғалімдерге міндетті түрде құрметпен карауды талап ететінін еске алғып, «Ол мұғалімдермен сұхбаттасқанда олардың оку ісіне деген құштарлығын оята білетін» деп ерекше касиетіне де тоқталып өтеді... «Алдына қай кезде, қандай жұмыспен барсан да ол кісі шының тілекtes болып, ақыл-кеңесін, не көметін аямайтын. Қазақ халқы оны аса құрмет тұтатын», -дейді.

Соколовтың бұл пікірі Ұбырайдың казанамасында да қайталаңады: «Алтынсарин медреселердің ұстаздарына шын ықыласымен жақын, кішіпейіл болып, солардың зәрулігі болса болысуға даяр болушы еді. Сол себептен олар өзін сүюші еді, қазактар да өзіне инабатты еді. Алтынсарин орыстардың әр ғылым-білімдерін біліп, қазактың бірмінезді, ақылды, данышпан, қазақ хылқына һәм Россияға пайдалы бір қызметтегі адам еді».

Ұ.Алтынсариннің шәкірті әрі ізбасары Ғабдолғали Балғынбаев та ұстаздының уездік басқарманың іс жүргізуісі бола жүріп кейде уездік соттың қызметін, кейде уездік бастықтың орынбасары міндестін де атқарғанын айта келіп: «Осындай үлкен лауазымға ие болып жүрсе де, ол кішіпейіл де, қарапайымдылық танытатын, оған жұрт әртүрлі тілек-өтініштерімен ағылып келіп жататын. Ұбырай келгендермен жылы сейлесіп, мүмкін болғанынша арыздарын орындауга ұмтылатын» деп оның мейірімділігін парасаттылығын бар ықыласынтастырымен жеткізеді.

Екі сыныптық Актөбе орыс қазақ мектебінің оқытушысы А.А.Мазохин: «Алтынсариннің әкелік қамкорлық, мейірбан хаттары бойыма батылдық ұялатып, молдалардың біржолата бетін қайтаруды ойладым... Молдага балаларды намазға таякпен емес, шаригаттың күшімен тарту керек дегенді талай айттым, бірақ тыңдар молда болмады» [А.Мазохиннің естелігінен], - деп ағынан жарылады.

«Ол кішіпейіл де қарпайымдылық танытатын, оған жұрт әртүрлі тілек-өтініштерімен ағылып келіп жататын. Ұбырай келгендермен жылы сейлесіп, мүмкін болғанынша айтқан арыздарын орындауга ұмтылатын». [Ғ.Балғынбаевтың естелігінен].

Педагог-жазушы Спандияр Көбеев те «Орындалған арман» романында алғаш мектепке барғанында байлар кедейдің баласы деп аты-жөнін окушылар тізімінен сыйып тастағанда окуына Ұбырай Алтынсарин көмектескенін жазады:

«Ұбырай менің маңдайымнан сипап, бетіме үңіліп қарап:
-Оқисың ба, балам? –деді.

-Оқимын.

-Оқы балам. Жақсы оқы!-деді де, Досмагұлға қарап:

-Тізімнен өшірілген болса, қайта жаз. Кедей балалары да оку керек. Мына балаға көзінің қырын сала жүргейсін. Сірә, экесі осы өлдің мықтыларына жакпай, зәбір көрген адам болу керек, -деді.

Мен окуға алтындым. Сонымен 1887 жылы 10 декабрьде оку басталды» [Көбеев С. «Орындалған арман», Алматы: Жазушы, 1988 - 85-86 б.].

Қайрымды, жомарт, жанашыр, ізденімпаз

Тұтқасы туган жердің алтын қазық,
Білдіртсем эр болысқа қағаз жазып.
Сұлтаным Ыбырайдай бар ма төре?
Жыл болды-ау тышқан деген өзі катты,
Қамақор боп Ыбырайым ашықканға,
Ас беріп асырап еді көп халыкты.
Қазына –сол сұлтаным еккен тары,
Баршаның бес жүз үйлік ашты қарны.
Он тенгеден акша алды Ыбырайдан,
Жаяулап барып еді жүргіттың бері. [Мұстапа

Карықбайұлының «Алтынсарияннің бәйбішесіне жазғаны» Гылым академиясы жанындағы орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі, 777 папка].

«Оның есігі жүрттың беріне әрдайым ашық тұратын, қынышылық кезеңдегі ақыл-кенесін былай қойғанда, ол жоқшылыққа ұшыраган қазактарға қарызға акша беретін, ол үшін кейін өсім талап етпейтін, көп жағдайда қарызын да қайтарып алмайтын. Орыс коныстанушылары да оны мейірімді әрі адап деп билетін». [Ф.Д.Соколовтың Ы.Алтынсарин жайындағы естелігінен.].

Бұл – ұлы ұстаздың дархандығымен қатар қазақы мінезді, қонақжай кісі болғандығын да байқатады.

F.Балғынбаев «Бұлардың үйіне бай да кедей де келетін, алайда бұлардың бері де қонақжайлылықтен біркелкі қабылданатын», -деп келген кіслерді бай, кедей деп бөлмейтінін ерекше атап өтеді.

Ыбырай 1879-1880 жылдардағы торғайда болған ашаршылық пен жұт жайында «Оренбургский листок» газетіне жіңі мақала жазып, халқына жанашырлық танытқан бірден-бір адам.

Ы.Алтынсарин публицистикасын алғаш зерттеуші М.И.Фетисов 1879-1880 жылдардың қасында Торгайды жайлаган жұтқа байланысты жайттарды карытындылац, Ыбырай қазақ халқының тарихи, даму барысында оның алдында тұрған негізігі түйінді маселелердің бетін ашып бергенін айтты: «Ыбырайдың терең ойлы, күн тәртібінде тұрған толық жағдап проблемалардың бетін ашатын казақ баласындағы жұт туралы» деген материалы демократиялық казақ публицистикасының шынайы улгісі деп бағалайды [Зарождение казахской публицистический. А., КГИХЛ, 1961.].

Ұлы ұстаздың аштық жылдарындағы, жұттан кейінгі халықтың ауыр жағдайына жаңы қалай күйзелгенін көзімен көрген шекірті, ері жолын құған әріптесі Ф.Балғынбаев өз естелігінде Торгай облысы басшыларының жұт болмаған Қостанай жақтан азық-тулік алдыруына мүмкіндіктері жетсе де қолұшын бере алмай ақыры тарат кеткенин әнгімелей келе бұл тығырыктан шыгу үшін Ыбырайдың уез бастығы полковник Яковлевпен бірлесіп көктем шыға кірпіштен орыс-қазақ училищесінің гимаратын тұрғызыуға бел байлағанын баян етеді. «Осы арқылы аш-жалаңаш жұртты жұмысқа орналастырып, қунделікті талшық ететін қаржы табуына көмектеспек болды ері мектеп үйінің салынып қалуын ойластырды,-деп жазады ол-соның нәтижесінде кедейлердің өздері тапқан азғана ақшаға көктем қундері шектен тыс қымбат болса да Қостанайдан әкелінген азық-түлікті сатып аlyп күн көруіне айтарлықтай жағдай жасалды. Бұл көпшіліктің ажал тырнағынан құтыльып аман қалуына себел болды».

Бұдан кейін Ыбырай бастамасымен Торгай өзенінен балық аулау үйымдастырылып, халықтың әл-аухаты түзеле бастайды. 1880 жылы жаңа мектеп те салынып бітеді. Сөйтіп Ыбырай жұрттың сый-күрметіне бөленеді.

Не нәрсеге де құлшыныс, ізденіс, талшыныс керек. «Ізденген жетер мұратқа», «Еңбек тұбі -зейнет» деген осы.

«Казақ қоғамына үлкен дерт, ауыр қасірет әкелген осы бір киын-кыстау жылдарда Ыбырай қазақ халқының ен жанашыр камкоры болды» [Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. -Алматы. Қазақстан, 1965.-214 б.].

Ыбырайдың дүниеден өтер сәтінде әкесінен қалған 500 десятина жерді Қостанайды ашулуға тиісті ауылшаруашылық мектебінің карамагына өсiet етуі де оның өзінің жеке отбасының ғана емес, бүкіл қазақ халқының қамын ойлаған, кейінгі үрлакқа жанашыр да камкор жан болғандығын айқындайды.

Я.П.Яковлев: «Мектеп қамакоршысы зауряд-хорунжий Алтынсариннің адал еңбегі мен шын ықыласы арқасында мектеп аса бір таза, ұқыптылықпен сакталуда. Қазақ балаларының оку-білімге бірден дең қоюына қарағанда Торғайдағы осы бірден-бір оқу орны жетістіктері мен табыстарға жете беретініне әбден сенүте болады» [Орынбор мемлекеттік мұрағаты, 6- бума, 784-іс. -2008 б.],- деп жоғары баға берсе, 1884 жылы Ыбырай шәкірттері «Алтынсариннің ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілгі мен мінезі-құлқын, тұтас алғанда оның барлық бейнесін көреміз»,- деп жазды. [«Оренбургский листок» 1884, №15].

Бет-бейнесі, тұлғасы, қиім қиісі

«Ы.Алтынсарин орта бойлы, толық деуге келе бермейтін орташа денелі еді, мұның бәрі оның тұлғасына бір жарасымды көрік беретіндегі болатын. Бет-бейнесі казакқа тән дәңгелектеу біткен, толықтау, өңі қара торы да емес, өзінің қонаққа не казметке киетін паригі түстес ак сарылау адам болатын, өзіне жарасымды аксары түсті дәңгелек сақалы мен мұрты болатын» [F.Балғынбаев естелігінен].

«Жас кезінде шашы сиректеу болыш, кейін басының кей жерлерінің шашы түсіп қалғандықтан, ол 10-15 күнде бір рет шашын қыргызып тастайтын, осыған орай қызметке парикпен барса, үйде тақия немесе шошак, жиегі құндызыбен көмкерілген жұмсақ кішкене бөрік киетің, үстіне бешпет пен ұлттық шапан, ал іске шыққанда өз бойына жараса кететін қос қайырма жагалы, шұға қара костюмы болушы еді. Аяғына қәдімгі калошы бар етік, ал елге шыққанда киіз байпак (валенки) киетін». [F.Балғынбаев естелігінен].

Ыбырай дүниеден өткенде ағайыны Бекмағанбет, қыпшақ Кетібар:

«Айбының алатаудың өлжесіндей,
Халқының болдын ғазиз еркесіндей.
Досыңмен қатар жүрсөң, жарасуышы ең
Мың қойдың алдындағы серкесіндей...»

Тұлпарсың тулас тұған құлынынан,
Сілкінсөң от шығушы еді жұлынынан...

Мәжіліс, жиын еді жүрген жерін,
Куаныш қалупы еді келеген елін.

Көп нашар жарығына паналяған Секілді дауыл өтпес аскар белім», -

деп жоктау айтса, әр сөзінде шындық жатыр: Үбірайдың катарынан озық, ісімен Алатаудай биік тұғалы, дарынды үйымдастыруши, хөшбасшы, атакты би Балғожадай текті кісінің ұрлагы екендігі, дархан пейілді адам болғандығы рас. Жоғарыда сол қасиеттерін дәлелдеуге үмтүліс жасадық. Үбірай сонымен бірге енерлі, өнерлі жандарды жақсы көріп, өзі де домбыра шертіп, ән салған. «Өнер алды-қызыл тіл» деп, шешендейтік жоғары бағалап, ел алдында ділмарлығын да таныта білген.

«Үбірай ерекше бір сенимді де әсерлі үнмен сейлейтін. Дауысында да құлакқа жағымды ауезділік болатын. Мейлі орысша, мейлі қазақша сейлесін, одан сөзшендік пен шешендейтік ангарылатын. Ол әнгіме айтканда жүрт зейін коя тыңдайтын». [F.Балғынбаев естелігінен].

Сейдахмет Бейсенұлы, Күдері Жолдыбайұлы, Ақмолда Орынбайұлы, Нұржан Наушабайұлы сияқты ақындармен коян-қолтық араласып, олардың өлеңдеріне сын пікір блідіріп, жөн сілтеп отырған. Бұл – өнерге, мәдениетке, әдебиетке деген жанашырлығы. Оны ауыз әдебиеті нұскаларын жинап бастыруы нактылап, дәлелдей түседі.

Психолог-ғалым Құбагүл Жарықбаев: «Бар өмірін ағарту, тәлім-тәрбие саласына сарп еткен, осы қызметті өз өмірінің негізі арқауы деп ойлаған үлкен жүректі үстаздың адам жанын нәзік сезетін, аса сезімтал психолог болғанына шүбә келтіруге болмайды», -десе, Мұсатай Ақынжанов «Ол қазақ сахарасында тұңғыш рет дүниетану мектебін үйымдастырды», - дейді. Ақын Faфу Қайырбеков Үбірай Алтынсариннің өз халқы үшін сан алуан салада қайраткерлік көрсеткенін айтады.

Іә, Үбірай қыры сан-алуан. Ол-халық журегінен мәнгі орын алған данышпан, ардақты да асыл бейне.

Конақжайлышы

Үбіраймен замандас, дос-жаран, ағайын болып араласқан адамдар естеліктерінде оның отбасымен аса қонақжайлыш болғанын, казактың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпыш қатты ұстанғандарын айтады.

Ұстаз басқа халық өкілдерімен де жиі бас қосып, оларды қонакқа шакырып, оларға өзі де қонакқа барып тұрған. Қонакта Үбірай өзін

еркін ұстап, жиналған қауымның көңілін табуға тырысқан. Лауазымды жоғары болса да қарапайымдылық танытып, бірімен тең сәйлесе білген, домбыра тартып, ән де салған.

Ыбырайдың үйінде бірнеше рет барып, жақсы қарым-қатынаста болған 91 жастағы Хасен Сәбитұлының аузынан жазып алып Қазақстан Республикасы Ұлттық Гылым Академиясының сирек кездесетін кітаптар мен колжазбалар қорына 1947 жылы Мэриям Хакімжанова тапсырган «Алтынсарин өмірінің кей сәттері» деп аталатын колжазбада қонақжайлышыны, ояз Крейсмерді қонақ етуі, Крейсмердің қонаққа шақыруы егжей-төгжейлі сөз болады [«Ана тілі», 21 қараша, 2002. -10 б.].

Балғынбаев та «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» мерекелерде ұстазының үйіне барып тұрғанын, Ыбырайдың жары Айғаныс бауырсақ пен шай беріп, түскі тамакқа ет асатынын, бұл үтеге бай да, кедей де келетінін, алайда үй иелері бай, кедей деп бөлмей, бәріне бірдей қонақжайлышылық көрсететінін айтады. «Ыбырай казақша тұратын,-деп жазады ол. – Жейтін тағамдары жылқы, кой, сиыр еті еді. Тамакты сырмак, не кілем үстіне төсөлген көрпе үстіне отырып (өздеріне де, сыйлы қонаққа да дастаркан жайып) ішетін. Үй шаруашылығын эйелі Айғаныс түгелдей езі баскаратьын. Ы.Алтынсарин шаруашылық пен үй ісіне араласпайтын, езінін қызметін ғана біліп, үтеге әр түрлі тілекпен келген қонақтармен сейлесіп отыратын. Орыс меймандары мен әріптес-қызметтестерін, тағы басқа сол сияқты дос-жарандарын жұмсақ диваны мен креслосы, орындықтары бар кілем төсөлген қонақ бөлмеде немесе жұмыс бөлмесінде қабылдайтын. Мұндайда орысша стол жайылың, казақша ет берілетін, келгендердің езі де дала адамдары секілді казақша күткенді ұнатып отыратын» [Алтынсарин тағылымы, -Алматы: «Жазушы» 1991. -364 б.].

«Білім» ғылыми-педагогикалық журнал №1 (76) 2016. -85-90 б.

ЫБЫРАЙ ДУНИЕТАНЫМЫ

Ислам дінінің бүкіл түркі халықтары мен басқа да ұлттардың, ұлыстардың дүниетанымына әсер еткені даусыз. Солардың арасында қазақ халықының да сан ғасырлық қалыптасу тарихында мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өркендеуіне ислам дінін қосқан үлесі зор. Оны салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыздан, халықтың кара өлендері мен макал-мәтелдерінен айқын аңғаруга болады.

Ыбырайдың өмірге көзқарасын карастырганда түркілік дүниетаным сабактастығын, ол өмір сүрген әлеуметтік мәдени ортаны ескере отырып талдап-гаразылай түсken абзal. Әйткені ол құдай жок деп зар қақсаған кешегі Кенес дәүірінде өмір сүрген жок.

Егемендігімізді алдық, мешіттер бой көтеруде, медреселер, жоғары оку орындары ашылуда, жастар дінге мойын бұра бастады. Енді Ыбырайға жана көзқарас қалыптастырып, оны кейінгі ұрлак санасына сініру біздің парызымыз. Ыбырайға бәріміз де борыштымыз!

Ыбырай атасы Балғожаның колында есті. Қазакы тәлім-тәрбие алды. Қөргені - намаз оқып, ораза ұстаған Алланың ақ жолындағы адамдар, естігені - Құран, Ислам шаригаттары-заңы. Тоғыз жасында Орынбор Шекара комиссиясы жанынан қазақ балаларына арналып ашылған жеті жылдық мектепте оқыды. Онда Орынбор мешітінің ахуны Ғұсман Мұсаұлы мұсылман дінінің иман-шарттарын ісляғына құйды. Құранды бүкіл оқылу ережелерін сактап окуға үйретті. Араб, парсы, татар тілдерінен белгілі шығыстанушы Мірсалық Бекшораұлы сабак берді. Сейтіп ол құран сурелерін өзгелерге түсіндіре алатын дәрежеге жетіп, дүниетанымы да қалыптаса түсті.

Ыбырай Алла Тағаланың хактығын мойындағанымен көзсіз, соқыр сенімге берілмей, шындыққа жүтінді. Бұл жағынан Ұлы ұстаздың дүниетанымы ұлы ақын Абай Құнанбаев дүниетанымымен астасын жатады. Ыбырай да, Абай да Көкбай Жанатайұлының сезімен айтсақ, «діннің негізін, мақсат-бағытын ғана альш, соны ақиқат діні етіп колданған» [Жанатайұлы К. «Абай шын магынасындағы мұсылман еді» «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл», 10 желтоқсан, 2015. -2 б.].

Бұл ойды Мұхтар Өуезов «Ол діннің құдайына иланады. Енді соның кеп сипаттарын өз оқушысына баяндағы береді. Сол баяндауында үнемі адамдық жаксы касиеттер жатын айрықша екшең, терумен болады. Ендеше бұл сөздің түп мазмұн-мақсаты-

адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе тұсу. Моральдық философияның, педагогикалық мұрраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші» [Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы. Санат, 1995.], -деп толықтырып, айқындағы жеткізеді.

Ыбырай шығармалары туралы да осы пікір-пайымды айтуда болады. Ұлы ұстаз да ислам дініндегі тән, коршаған орта, рухани тазалық, тәлім-тәрбие жөніндегі Мұхаммед пайғамбардың есiet хадистерінің мән-мазмұнын езінің педагогикалық ой-пікірлеріне арқау етіп алған.

Ыбырай да, Абай да елге пайдалы адам балғысы келді. Бұл бір Аллаға деген сенімнен туындаған жүрек калауы. Өйткені адамзаттың ардақты ешісі қазірет Мұхаммед Хадистерінде: «Ең жақсы адам басқаға пайдасы тиғен адам», -дейді. Ыбырай мен Абай сөздерінін бір-бірімен қабысын, үндесіп жатуының сыры – екеуінің де сусындаған бастау бұлағы – қасиетті құран, Мұхаммед пайғамбардың хадистері.

Ыбырайдың дүниетанымы- түркілік дүниетаным, сенімі- ҳақтың діні. оны бір ғана «Өсиет өлеңдеріне»-ак байқаймыз:

«Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,

Тең етті бәрімізге күн мен айын».

Ақынның осы екі тармақ өлеңін оқығанда оның «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітапшасындағы мына сөздер еріксіз еске түседі: «Бұл – үстіміздегі шет-шегі жок көк, күндіз болса дүниені жарық еткен күн, кеш болса күлімсіреп тұрган ай, жұлдыздарменен бұл дүниені айналып жатқан шеті жоқ мұхит, теніздері һәм таулардан таза жаунардай жылтырап акқан өзендері, ішінде неше алуан мақұлықтар, балықтарымене, астымызда біздің дүниеміз атанған жер – қазып қарасақ астында алтын, күміс, мыс, бақыр, темірменен һәм үстіне қарасаң алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсөн жапырактары жайкалып, дүниеге хош иістер жайған биік орман ағаштар, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрган азаматтар мұның бері де жалғыз тенденсі жоқ, ұқсасы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы ҳалық – кадір екендігіне дәлел болса керек».

Көріп отырсыздар, ыбырай дүниетанымында да берін жаратқан құдіретті құшті бір Алла. Адам да, жан-жануарлар да, аспан мен жер де Құдайдың туындылары. Осы ойын өлеңінде жалғай түсіп ол:

«Адамның адам біткен баласымыз,

Кайсың бөлек тудың деп айырайын», -
дейді.

Құран Қарімде «Адам ата» хикаясында: «Алла екі күнде байтак жерді жарагатты. Жер үстіндегі тау-жоталарды жарагатты», - дедінеді.

Одан кейін Алла Тағала балшықтан Адам атаны – Сапиолланы (Адам атаның шын аты) жасады. Оған жан салды... бойына білім сінірді... Адамзат атаулы сол Адам ата мен Хау ана ұрпақтарымыз, ягни Ыбырай айтқандай, «бір адамның баласымыз».

Мұны қазір ескере береміз бе?! Бар адамзат Үбырайша ойласа жер бетінде соғыс болар ма еді, болмас па еді?!

«Ислам этикасы (ахлақ) мейірімділік, тәзімділік, ықыластылық, шыншылдық, тазалық, жомарттық, бауырмалдық, кенпейлілік, аманатка қиянат жасамау, ар-намысты сактау, уәдеде тұру сиякты көптеген жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтиды» [«Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы», Астана 19-ақпан, 2015. -9 б.]

Үбырай да елді мейірімділікке бауырмалдыққа, қайырымдылыққа үндеп, ауызбіршілікке шакырады. Ауызбіршілік бар жерде ғылым мен өнер дамып, барлығы есіп-өркендейтіні аныл. Сондықтан да ол:

«Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыныз», -

деп, ақ, кара, ділі бір, діні басқа демей, бар адамзатты бауырмалдыққа шакырады. Бауырмалдық – мұсылман сипаттарының бірі.

Дәуіт-Дауыт пайғамбар аты Қуран Қарімде 16 жерде кездеседі «Талұт», «Талұт пен Дәуіт», «Дәуіттің адасуы» атты хикаяларда оның іс-әрекеті сөз болады.

Үбырай:

«Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,

Патша бол бұл дүниеге данқы кеткен», -
деп оны жырға косады.

Дәуіттің данқты патша екені шындық. Оның бірнеше ұлы болған, алайда олардың бәрі дүниеден өтіп, жалғыз ұлы Сүлеймен патшалық күрган. «Давид (Дауыт –С.О) қырық жыл патшалық еткеннен кейін өмірінің жетпіс жасында дүние салған. Дамаскіден Египетке және Орта теңізден Иорданнан Шығыска қарай кететін жерлерді алғып жатқан мемлекетті баласына қалдырып кеткен...Соломон (Сүлеймен – С.О) ұлы даныштан аталған» [Косиловский З. Библейские сказания М., 1969. -305-306. б]. Енді бір деректе «Дәуіт пайғамбар жұз жасқа

келген» [Кожа Ахмет Иассауи «Диуани хикмет» Алматы: Өнер баспасы, 2007. -299 б.].

Ыбырай:

«Отыз ұлым бар ғой деп, көптік ойлап,
Күдайым отзыны да әлек еткен.

Жылаған Дәүіт патша тоба қылып,
Өзінің пенде екенін сонда біліп.

Мұнан соң Тақ-Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып».

Дәүіт жасаған кунасына өкініп, Алла Тағаладан жалынып кешірім сұрағаны үшін отыз ұлымның орнына отыз ұлына татитын данкты Сүлейменді береді.

Құранда «Сүлеймен және әйел патша Билегис», «Сүлейменнің парасаты», «Сүлеймен өз әкесінің тахыдында» деген хикаялар бар.

Құран Кәрімде: «Жер бетінде қоқірек керіп журме» (Исра сүресі, 37), -делінеді.

І.Алтынсарин осы қагиданы жастарға тәлім-тәрбие беру үшін әдемі пайдаланған. Тәкәппарлық жарға соктыратынын, бірак кінәсін мойындан дұрыс жолға түссе, Алла Тағала кешіретінін ескертеді.

Су – кашаннан тіршілік көзі. Құранда «Бар тіршілік басы -су» деген жиі айтылады.

«Барлық мақұлықты Алла судан жаратты...»

[24 сүре, 45 аят].

Ыбырай:

«Ескендір патша болып дүниені алған,
Калмаған бұл жалғанда ешбір арман.
Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,
Ізденіп, мәңгі суын соған барған».

Ислам дінінде тағдырды мойындау-парыз. Жақсылық та, жамандық та Алладан. Тұғанда мандайыңа не жазылса, сол болады. Оны өзгерту ешкімнің қолынан келмейді. Тіпті пайғамбарлар да бұған дәрменсіз. Ал, асып-тасқан Ескендір патша бар арманы орындалып, дүниені жаулап енді мандайға жазған тағдырын өзгертпек.

Ескендір-Ескендір Зұлкарнайын-Александр Македонский. Құран Кәрімде оның есімі үш жерде Зұлкарнайын деп аталады. «Зұлкарнайын» деген хикаятта:

«Зұлхарнайын – ұзак жорықтан осынау бастамашысы сүйт тартқан бойы Мағрип деген жерге жетті. Қарсыласқан жауын бұйым күрлұ көрмей, жол бойындағы бөген атаулыны тапап өтіп отырды. Шіліңгір ыстық, шыңылтыр сүйк, жолдағы саз батпақ дегендерді елемей, үрдіс ілгерлей берді. Өйткені Алла оған медет бағыш етті. Оған қажетті нәрселердің бәрін жеткізіп отырды. Оны жеңімпаз етті», - деп онын Алланың кемегі арқылы еткен кереметтері баян етіледі.

«Өснегет өлен»:

«Мәңгілік су ішкенге өлім болмас,
Ескендір мұны сұрап білгені рас.
Су әпкел деп жібереді уәзірін,
Уәзірі қасында Қыдыр-Ілияс», -

деп жалғасады.

Қыдыр-Ілияс туралы Құран Кәрімде «Бір пайғамбардың аты (Екі жерде бар)» дедінген. Аты «Ілияс» деп жазылған.

«Ең ежелгісі – аль Хазир мұсылман мифологиясында көптеген қасиеттердің даналықты, колшеберлікти, тапқыштықты, мейірімділікти бойына жинаған адамдарды кесапттардан- ертең, топан судан, жылан, бүйір уынан сактаушы, береке-бакыт экелуші кария ретінде бейнеленеді» [Сәтбаева Ш. «Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейір сырлары» 『Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М.Жармұхамедов. –Алматы: Жазушы, 1991. -278 б.].

Ескендір мен уәзірі – Қыдыр-Ілияс судан ішіп, патша үшін тағы бір кесе су алдырмақ болып тұрғанда көздері бір адамға түседі. Жен сұрасқанда ол мен де патша едім өлмеу үшін осы суды ізден келдім. Бармаган жерім калтады, елім де әбден әлекке түсті. Ақырында «кемдіктің неше түрлі бәрін көріп, Ah, енді өлім болса маган дедім!». Бірақ Құдай-тағала өлім бермеді, енді дүниені тастан осында келдім, -дейді.

Қыдыр-Ілияс қайтып келіп кеседегі сүйн Ескендірге ұсынады. Ішнейін деп Ескендір енді ұмтыла бергенде су оның аузына бармай қояды.

Мандайға жазған тағдыр өзгермейді! Оны өзгертемін деу-күнә! Құдайға карсылық-серік келтіру. Автор осыны мегзейді. Ал әділдігі үшін Наушеруан діні кәпір болса да дозакқа күймейді:

«Наушаруан – діні кәпір, әділ өтті,
Дозакқа соның үшін жағылмады».

Наушаруан – ежелгі Иран патшасы. Ыбырай әділдікті ту етіп, «Не болды тәкәлпарлық қылғаны үшін?» деп, өркөкіректікті сыныайды.

Аюп- Құран Кәрімде –Әйуп, пайғамбардың аты, құранда есімі тәрт жерде кездеседі. Әйуп жайындағы хикаят «Алла Тағала Әйүптің тәзіміне сый көрсетті. Байлығын өзіне қайтарды. Ракым қылғып бір бала берді. Ол шынында, адап сенімнің өнегесі еді», -деп қорытындыланады.

Ыбырай:

«Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек-бөлек соның тәні.
Мал-жанның өре туған бәрі безіп,
Далада жалғыз жатып, «Алла» деді.

Малды алды, баланы алды, сабыр етті,
Дүшпандар мысқыл атыш жәбір етті.
Разымың не берсен де, Құдайым,-деп,
Бәрін де қабақ шытпай қабыл етті».

Хадис: «Әзінізге бағынышты тілсіз макұлыктар жануарларға қиянат жасаудан сактаныңыз. Мінуге, жеуге жаралғандарының әрқайсысын сол максаттарға жұмсаныңыз».

Ыбырай:

«Корлама кем адамды болсаң дана,
Ғаріпті Құдай сүйсе нендей шара?!
Ер болған сиыр бағыт Зенгібаба,
Пір болды түйешіден Ойсылқара».

Ақын бұл өлеңінде терме үлгісінде өнеге, өсиет, ақыл, нақыл сөздерді теріп айтып өтеді. Негізгі максат-мұдде-жастарға тәлім-тәрбие беру, жақсылыққа жетелеп, жаман әдеттерден жирендіру. Мұны өлеңнің «Өсиет өлеңдер» деген тақырыбы да айтып тұр.

Хадис: «Құдайдан қорық! Азғантай жақсылықтың өзін азырқанба».

Ыбырай:

«Ұмытпа бай болдым деп Бір Құдайды».

Құранда Харун-Қарынбай арбап-алдан Мұсаны ел-жұрттынан алыстаптақ болады. Алайда оны Алла тағала біліп, жат ниетін ашады. Ділі пәк Мұса сыннан өтіп, абыройы бұрынғыдан да бетер арта түседі. Харұнды тұра жолға түсіруді ойлаған Мұсаның іс-әрекетінен ештеңе шықпай, әбден түніледі. Харұнның ел-жұрты жамандыққа

бастауынан құтылу үшін оны мықтап жазалауын Алладан мінажат етіп тілейді.

Алла Тағала оның өтінішін қабыл алады. Байтақ жер бір-ак опырылып, ойылып түсіп, үйлер құлап қираиды. Алланың алдында Харұнға көмек беруге ешбір адам шықпайды.

Қара жер жарылады да, онын үйін де, мал-мұлқін де жұтады. Оның соңынан ерген онбаған адамдар да жер астына түсіп жок болады».

Атымтай Жомарт-VI ортасында өмір сүрген араб ақыны Хатим Ат-тай. Шығыс халықтарының ауыз әдебиегінде жиі ұшырасатын кейіпкер. Аскан жомарт, көнгейіл иесі.

«Ібырай:

Мекенін білемісің кайда қалды,

Жомарттық қылған үшін Атымтайды».

Хадис: «Адамиан ұялмаған адам Алладан да ұялмайды... Алла Тағаладан шын ұялындар, өйткені сендердің тіршіліктерінді, мінез-құлықтарынды Алла Тағала жаратты»

Ібырай:

«Иманды ер Құдайынан ұялады,

Ұялып Иесінен сый алады».

Хадисте: «Кімде-кім өзіне бір жетімді тәрбиелесе немесе бетен жетімді кәмелетке жеткенше бақса, ол адам міндетті түрде жұмакқа барады», - делініп, жарлы-жақабайға, жетім-жесірге, жок-жітік адамдарға қайырымдылық жасау уағыздалады.

Ібырай:

«Ренжітпе пенде болсан бейшараны,

Кәріп көнілі бір сынған пияла-ды», -

деп шарасыз пендениң көнілін қалдырма деп, оны сынған кесеге теңейді. Яғни қайырымдылыққа, кісінің көніліне тимеуді үндейді.

Хадис: «Кәсіптің ен жақсысы – өз қолынмен жасаған нәрсен... Қайыр тілегеннен ғері қолыңа арқан алышп, орманға барып, ағаш теріп, оны сатып тамак тапқан артық».

Ібырай:

«Араз бол, кедей болсан, ұлықпенен,

Кете бар кессе басың шындықпенен!

Корек тап, бейнеттен де Тәнірін жәрдем,

Телмірме бір адамға мұндықпенен!»

«Жүсіп-Зылиха» жайындағы аныз, Шығыста көп жырланған сюжет. Көткө белгілі, Құранның 12-сүресінде «Жүсіп» әнгімесі әнгімелердің ішіндегі ең жақсысы... [Қыраубаева А. «Ғасырлар мұрасы», 1988. -40 б.].

Ібірай:

«Мақтанба сұлумын деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарына
Зылиха, Жүсіппенен сұлу еткен,
Тұрмagan ажал ара ажальна!»

Хадис: «Не нәрсениң бәрі де тілті, шексіздік пен дарындылық та Алланың әмірімен боладь».

Ібірай:

«Ит үрер жақсыға да, жамаңға да,
Қылмагы бірак залал Құдайдан-ды!»

Ібірайдың аса бай халық мұрасы – өлең-жырлар мен мақал-мәтедерінен, ертеғілерінен сузындалған есkenі, оны ел арасынан жинал «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енгізгені баршага мәлім.

«Өсиет өлеңдерінде» сол ауыз әдебиетін негізге альш, кейбір үлгілерін шығармаларында орынды пайдалана білгені де байкалады.

Халық әдебиетінде сиыр шірі – Зенгібаба, қой шірі – Қамбар ата, түйе шірі – Ойсылқара. Ібірай «Ер болған сиыр бағып Зенгібаба, шір болды түйешіден Ойсылқара» деп, балаларға осы екі түлік атасының діни философиялық мән-мағынасын ашады.

Ислам дінінде «Нір» - қодап қорғаушы рух. «Рух» - сезінің мағынасы «жан», «куш», «Исра» сүресінің 85 аятында: «Әй, Мұхаммед! Сенен рухтың не екенін сұрайды. Айт: Рух Раббымыздың әмірінде, (Бұл жайында) сіздерге өте аз мағұлмат берілген», - делинеді.

Ауыз әдебиетіндегі төрт түлік туралы өлеңдерде «Шағаладай күрты бар, Шопан ата баласы», «Шүйде жалды, желкелі, Сексек ата баласы», «Бұыны бар сыртылдақ, Зенгі баба баласы», «Қашқандарды қоймаған, Жылқышы ата баласы», «Шешіп үйін жүктеген, Ойсыл қара баласы» [«Асыл сез», «Жалын», 1987. -28 -34 б.]- деп балаларға түсінікті болту үшін «Нір» демей «Атасы» деп алған. Өсиет те - үтіт, насихат. Автордың негізгі айтпагы – «Бейнетсіз рахат жоқ», «Мал баққанға бітер», «Еңбек ер атандырап».

Кара өлең:

«Төмендеуі адамның тіпті онай,
Жүріп тұрған басынан тайса бағы».
(«Кара өлең», 73 б.)

Ыбырай:

«Бақ тайса ерге дәulet құралмаған».

Кара елең:

«Жолдас болсан жаманмен жарға жығар,
Жазатайым аяғын шалыс болса».

(«Кара елең», 67 б.)

Ыбырай:

«Достарың, дүшпен түгіл, табалайды
Аяғын бір нәрседен шалыс болса».

Мандайдагы бақ та, астындағы тақ та, байлық та мәңгілік өмес.

Кара елең:

«Шаттық пен кайғы арасы бір-ак қадам,
Тағдырың пендесі жок жылатпаған
Өкінбе өткен іске, үміт үзбе,
Бақ та жоқ, байлық та жоқ тұрактаған».

Ыбырай:

«Мактанба бакыттымын деп бағынызға,
Қартаймак кыны сауда тағындыза;
Іске аспай бақ-дәүләттің калуы онай,
Басынан бағын тайған шағындыза»

Ыбырай да, Абай да Ислам құндылыктарымен қатар Батыс, Шығыс, Еуропа, әсіресе орыс классикалық әдебиетінің нәрін бойларына сініріп, олардың ағартушылық ілімін өз дәстүрлеріне үйлестіре жүргізді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлы педагог Құран мен Хадистердің балаларга тәлім-тәрбиелік мәні зор тұстарын шығармаларында орнын тауып әдемі қолдана білді. Ыбырайдың осы әдіс-тәсілі казір де мектептер мен жоғары оку орындарында пайдаланылса, жас ұрпақ дінінен, ділінен, тілінен, әдет-тұрып, салт-дәстүрінен алшактамас еді.

ЫБЫРАЙ ХАТТАРЫН ҚАЙТА ОҚЫҒАНДА

Ұлы үстаздың ақыл-оыйы, пайым-парасаты, бар болмысы хаттарында:

Ақтөбе екі сыныптық орыс-казақ мектебінің мұғалімі А.А.Мозохинге жазған бір хатында: «я, айтпақшы, мен Сізге бір кішкене сөгіс берейін деген едім,- деп жазады. -Сіз маған жазған

хатыңызды «Ұлы мәртебелі» деп лауазымнан бастайтын сұмдығының не? Достар арасында және олардың хаттарында лауазым айтылуши ма еді? Ондай сөздермен мені ендігәрі ұялтып, қызартып жүрменіз, әйтпесе мен де Сізге хатымды «сіздің ұлы мәртебенізге» деп жаза бастайтын боламын» [1882, 22 январь].

Бұл – кішіпейілділік. Кішіпейілдізік – Алла Тағаланың пендесіне берген ерекше мінез-құлқы. Мұхаммед пайғамбар бір хадисінде: «Кім кішіпейілділік көрсетсе, алла оның мәртебесін өсіреді. Ал, кімде-кім кекірек қақса, Алла Тағала оны мұрнымен жер сұздіреді», -дейді.

1884 жылы 14 сентябрьде Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Ал енді құдай басыма не салса да мен қүшімнің жеткенінше туган еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қызықтарына карсы тұруға, нахақ жала-жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін», -деп Алла Тағаладан медет сұрайды. Бұл сезі әрі оның елі үшін басын бәгеге тіккендігінің дәлелі. «Менің оқу жұмыстарым, құдайға шүкір, жаман жүріп жатқан жоқ», -деп Аллаға рахметін айтады. Екі-үш сөйлем ішінде үш рет құдайды аузында аллады. Бұл да Ыбырайдың хаққа сенгендігінің күәсі. Адамзаттың ардакты елшісі Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде: «Ең жаксы адам –басқаға пайдасы тиғен адам» дейді. Ыбырай елге пайдалы адам болғысы келеді. Хадисте: «Алла Тағалаға құлшылық ет! Аллаға ешкімді тенестірме» делінсе, Ыбырай сол қағиданы ұстанып, Құдайға жалбарыншып, күш-куат беруін сұрайды.

Ол тұста еліне пайдалы адам болудың өзі қауіпті еді. «Отандастарына пайда келтірейін деп аға сұлтан болғысы келген» Шоқанның да, халық қамын жеп «мыңмен жағызы алысқан» Абайдың да тосқауылға тап болып, тауы шығылған. Ыбырай да солардың кебін киді.

1862 жылы 26 январьда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Бір хатыңызда Сіз менің хатымды басқаларға көрсетіп едім олардың бәрі де сені мақтады депсіз. Қайрымды Николай Иванович! Маган олардың мақтауынан не пайда бар ?»- деп қынжылады. Осы хатында «Менің бұл жағдайымда құдайым маган көмек етсе, және дәрменім жетсе, мен азды-көлті казак халқына ғана пайдалы бола аламын, ал басқа ұлттарға, халықтарға, арине, тук пайдам болмайды», - дейді. Яғни, Ыбырай бос мактанды жек көреді, бір ұлтқа ғана емес, бар халыққа жанашып, пайдалы адам болуды ансайды.

Педагог акынның бұл арман-тілетін «Өсиет өлеңдеріндегі»:

«Адамның адам біткен баласымыз,
Кайсын бөлек тудың деп айырайып», -
деген жолдардан да аңғару қын емес.

Н.И.Ильминскийге 1864 жылы 16 марта жолдаған хатында «Кейін паракор болып шыққаулады үшін оларға адамгершілік жағынан да әсер етуге бар күшімді салып отырмын,-деп жазады. - Күлесеңіз күле беріңіз-мен кейбір оқудан бос уакыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын».

Мұсылман дінінде пара беруші де, пара алушы да күнәшар. Хадисте: «Пара алған адамды, пара бергенді және ортадағы дедалды Алланың қарғысы атсын», «Пара берген де, алған да отқа күйеді» дегінеді.

Мұхаммед пайғамбар хадистерінде тазалықты – тән тазалығын да, жан тазалығын да ардак тұтып, оны үнемі насиҳатап отырады. Тән тазалығы жалпына белгілі жайт, жан тазалығы – рухани тазалық; тақуалық, ықылас, әдептілік, туралық, сенімділік, үнемшілдік, жылы жүзді болу, терең ой (тәфеккүр), кішіпейілділік, тәуекел, табандылық, жомарттық, даналық (хикмет), жақын адамдармен қарым-катаңас жасау.

Ислам дінінің таралуына казақ жерін толық жаулап алғанша Ресей империясы еркіндік беріп, қамқоршысы болғансыды. Ыбырай сол кезеңде өмір сүрді, діннен безген жоқ! Ыбырайды атеист етіп көрсетуге барынша тырысқан кешегі кенес дәүірі! Сол кезеңде жазылған мына бір пікірді оқып көрініші:

«Алтынсарин дүниетанымының мән-манзызын анықтауда оның ислам мен халық діншілдігіне қарсы құреске арналған қызметі мен творчествосының бір қыры ерекше назар аудартады. Алтынсариннің агартушылық және дінге қарсы қызметі өзара тығыз байланыста болды, соңдықтан оның біреуін занды нәтиже және екіншісінің жалғасы ретінде қарастыру керек. Ол діннің қазақ қоғамы өмірінде ерекше орын алатындығын байқады. Сонымен бірге казақ халқының ез бетімен діншіл еместігін, үстем таптың күштеуімен енгендігін мойындағы».

Ыбырайды атеист етіп көрсету комунистік қоғам салтанат күрган заманда жазылған басқа енбектерде де кездеседі. Бірақ дәл мына мақаладағыдай белден басып, бұра тарту байкалмайды.

Біз Ыбырайдың барлық шығармаларын; өлеңдерін, әңгімелерін, хаттарын, мақалаларын қайта-қайта оқып, ислам дініне қарсы айтылған бірде-бір пікір таба алмадық. Қайта оның «Казак хрестоматиясы» құранға, Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне негізделіп жазылғанына көз жеткіздік. Енді хаттарын қайта оқып, мұнда да қасиетті Құранға, Мұхаммед пайғамбар хадистеріне сәйкес келетін ой-тікірлер барына күз болып отырымыз. Әрине, Ыбырайдың мақсаты дін тарату емес еді. Алайда оның дін тарихымен таныстырып, ислам құндылықтарын жас ұрпақ санасына сіңруді ойлағаны айдан анық.

Ыбырай Ислам дініне емес, жүйесіз, мағынасыз кітаптарды оқып, бір бағытта –яғни, тек шаригат үкімдері туралы мәселелерді үйреніп сыңаржақ тәрбие алған шала сауатты татар, Бұқар медреселері шәкірттерінің ауыл балаларына молдалық жасауына қарсы болды. Осы жайды ескертіп: «...шариғат, мысалы әртүрлі ғылымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін ешбір жерде теріс демейді», -дейді-ол – түрлі «фэндерді», басқаша айтқанда әртүрлі ғылымдарды, есепті, медицинаны және астрономияны (ғылму-хисаб, ғылму-тып, ғылму-хаят, уә афлах) оқуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады». [И.Н.Ильминскийге жазған хатынан].

Ұстаздың бұл айтып отырганы Мұхаммед пайғамбар хадистеріндегі «Қытайдан болса да білім ал, себебі білімді болу әрбір мұсылман үшін міндетті» деген қағидаға дәлме-дәл келеді. Шындығында да ислам діні тарихында аттары бүкіл әлемге танылған, білім мен ғылымның дамуына бага жетпес үлес косқан даңыппандар жетерлік. Дәрігер әрі философ – Ибн Нәфіс (1210-1288 ж.ж.), дәрігерлердің ұлы ұстазы Ибн Сина (980-1037 ж.ж.), химия ғылымдарының ұстазы Жәбір Ибн Хайян (737-813 ж.ж.), әлеуметтану ғылымдарының негізін салушы Ибн Халдун (милләди 1332-1406 ж.ж.), оптика ғылымдарының негізін салушы Эл-Хасан ибн Әл-Һәйсәм (милләди 965-1039 ж.ж.), алгебра ғылымының негізін салушы Әл-Хорезми (милләди 775-835 ж.ж.), қазақ топырағынан шықкан ұлы ғұлама Әл-Фараби (милләди 775-835 ж.ж.), ұлы философ әрі данқты астроном Әл-Бируни (милләди 973-1048) т.б соның айғары. Олар әлем білім, ғылымның дамуына үлкен әсер етіп, мәнмазмұнын мәнгі жоғалтпас енбектер жазып калдырған.

Ислам діні ешқашанда білім мен ғылымының дамуына бөгет болған емес, қайта оны насиҳаттап отырған. Хадистерге жүгінейік:

«Білімді игеру – әрбір мұсылманның міндегі жаратылыстың барлығы білімді игерген адамның күнәсін кешіруді өтінеді... Бір сағат ішінде білімді игеру бір тұнді жалбарынумен үйкесіз еткізгенден артық. Бір күн бойы білім үйрену үш ай ораза тұтқаннан жаксырақ... Білім үйрену гибадаттан да артық және ол діннің де тірегі».

Ыбырай «Облыстық басқарманың мынадай нөмерлі бұйрығы бойынша» деген сияқты реєсми сөздерді жаттаудан не пайды болмак? [Ильминский хатынан], -деп, мектепті бітірген балалар жан-жақты білім алу керегін алға тартты. Шала сауаттылықты ұнатпады. Ал Ресей империясының қазак жерінен мектеп ашуудағы максаты облыстың әкімшілік кеңселерінде қызмет істейтін тілмаштар ұсак чиновниктер дайындау болатын. Олар қазақ балаларының терең білім алудынан ұлттық саналарын оятып, өзімізге карсы қойып аламыз деп сескенді. Ұлы ұстаз алған бетінен қайтипады, бірақ бұл ісі үкіметке ұнамады. Сондықтан да ол Ильминский: «менің өз ойым және істеп жүрген ісім үкіметтің ұстаған бағытына толық сәйкес келетін болғандықтан, бұрын мен қажетті жерінде бастықтардың өздері де қолдайды ғой деп сенуші едім; бірақ бұған да сені беруге болмайды екен». [1884, 14 сентябрь] –деп күйзеле жазды.

Ыбырай 1889 жылы 15 июняде В.В.Катаринскийтә жазған хатында ауырып жүргенін, дәрігерлер карап, дәрі-дәрмек беріп емдең жатқанын, алайда жағдайы элі жақсара коймаганын айтты: «Өзімді бір Құдайга тапсырдым, тағдырда жазылғаннан артық ештеңе болмайды ғой», -дейді. Бұл – нағыз мұсылманның сөзі. Өйткені: Құранда: «Алла сендерді де, сендердің іс-эрекеттерінді де жаратты» («Саффат сүресі, 96-аят»), - делінсе, пайғамбарымыз (с.а.у.): «Адамға ананың құрасында жатқанда Алла Тағала не жазса, сол болады», -деген. Қазак «пешенесіне жазылған» дегенді жиі айтады. Пешене парсы тілінде – мандай. «Әлімсақтан», «баяғыдан», «ертеден» деген сөздердің бір баламасы -(синоним) «бесененден». «Бесенеден белгілі» дегендегі бесене де осы «пешене» - Тағдырды мойындау мұсылман үшін-парыз.

1885 жылы 26 октябрьде А.А. Мозохинге жазған хатында «... бір араб философы бакыттылық пен байлық неде дегенде – «ынсантылықта» деп жауап берген екен: міне, осы ақылды алыныз», -дейді.

Алла елшісінің хадистерінде: «Алланың бергеніне қанагат қылу – бұл берекеттің ешқайда кетпейтінің кеппілі» деп көрсетілген.

Жоғарыдағы Ыбырайды атеист етіп көрсететін макалада «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабы да, «Өсиет өлеңдері» де Ислам дініне қарсы жазылған деген пікір айтылады.

Ұлы педагог хаттарындағы, өлеңдері мен әңгімелеріндегі айтылған ойларды өз пікіріне икемдеп, тілті Қ.Бисембиеvtің Ыбырайдың дінге көзқарасы жайындағы дұрыс пікірлерінің өзін теріске шығарады. Сейтіп Ыбырайдың дінге көзқарасын кешегі Кеңес дәүірінің солакай саясатына бұрып, діннің бітіспес жауы етіп көрсетеді. [«Ыбырай Алтынсарин көзқарасы» // Ыбырай Алтынсарин тағымы (тағылым гой. Кітапта осылай жазылған -С.О.) Әдеби-сын макалалар, зерттеулер. -Алматы: Жалын, 1991. -293-310 б.б.].

Кітап 1991 жылы жарық көрген. Жинақ сонында «зерттеу осы жинаққа арнағы жазылды» деп көрсетіліпті (382 б.). Осындаиды ұлы бабамыздың:

Аласы ағайынның аландатты,
Көре алмай көп ішінен жамандатты,
Шоқынды, кірес тақты, кәпір болды деп,
Келгенін аузына айттып бақты

Надандық қандай қызық карап тұрсан,
Көңілі соқыр көрмейді көзге ұрсан.
Бабын қалай табасын бұл қазактын,
Басқа тебеді, жанынды құрбан қылсан.

Бар айыбым баласын оқытқаным,
Орыстың біліміне тоқытқаным.
Орыссыз кеңімейді өрісің деп,
Айтқанымнан атандым «кәпір-залым»,-

деген өлең жолдары еске түседі. Тірісінде айтылған осындаиды өсек-аяңдан әлі күнге дейін арыла алмай жүрміз.

Біздің айтпағымыз –мұндай макалаларды жинақтарға косып, жастарымызды жолынан адастырмажанымыз аблаз.

М.Әуезов Ы.Алтынсариннің қалың елге адамшылықты ем қылғанын айттып: «Кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды. Зар заман акындарының ішінде дін сарының шығарып, дін мейманалығын ұстанатын акын-Алтынсарин» демеп пе еді?! «Өсиет өлеңдерінің» екі шумагын мысалға келтіріп: «Дін сарының келетін өсиеті тәқеппар болмау, сабырлы болу әділдікпен иесінен ұялу, иман байлығын жиюға тырысу осы үлгінің барлығын дін жаксыларының өміріндегі

мысалдармен «айтады»-деп Алтынсарин өлеңдерінің діндегі адамгершілікті үлгі етуімен құнды екендігін де айтқан М.Әуезов болатын [Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы Алматы: Ана тілі, 1991. - 218-219 6.6.].

Ібырайдың Н.И.Ильминскийге 1882 жылы 12 сентябрьде жазған хатын оқып көрініз.

«Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шармен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оку құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсінктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазактың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл – қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой), мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оку құралын құрастыруға кірістім».

Ұлы ұстаз өзінің алға қойған мақсат-міндетін тайға таңба басқандай етіп жазып көрсеткен емес пе?! Ыбырайдың бұл ойлары тіпті кешеғана айтылғандай, бүгінгі күн талабына да сай келеді. Әйткені кей жастарымыз жат ағымдарға ілесіп, ата-баба дәстүрін сыйламайтын болып барады.

Ыбырай бұл окулықты жазудағы мақсатын одан әрі де түсіндіре түсіп, құдай алдындағы парызын әрбір мұсылман білуге міндетті екенін, қазактардың орыс әрпін жатсынатынын, сондыктан да міндетті түрде араб әрпімен шығару керектігін ескертеді. Кітап неше бөлімнен тұратынын да айтып, олардың мән-мазмұнын таныстырады.

Бір Аллаға сыйынып бар ғұмырын халқының қамын ойлаумен еткізген Үбірай Алтынсарин парасат-пайымы жоғары ұлы тұлға. Ол діннен безді деу – жала! Ислам дінінен безу- Үбірай үшін ділінен, әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен, бар болмысынан, түп-тамырынан ажырау. Өйткені, Батыс, Шығыс, Еуропа мәдениетінен нәр алып, қай істе де шындыққа жүгінгенімен де оның дүниетанымы-қарапайым қазақы түркілік дүниетаным.

«Егемен Қазақстан», 11 наурыз. 2016. -11 б.



Первая казахская школа в Оренбурге.

22 августа 1850 года.

ЫБЫРАЙ ОҚЫГАН МЕКТЕП ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРИ

Патша өкіметі Орынбор шекара комиссиясы жаңынан отаршылдық аппараттың төмөнгі буындарына хатшылар мен аудармашылар даярлау максатында казак балаларына арналған жеті жылдық мектепті 1844 жылы ашуды үйгартыпты. Алайда кейір жағдайларға байланысты бұл іс кейін шегерілпіті. Сол себептердің бірі Шекара комиссиясының тәрағасы А.А.Григорьев кейін өзі мойындағандай, казактардың татарлардан этнографиялық жағынан ешқандай айырмашылығы жоқ, діні мен тілі бірдей деп санап келгендері екен. Осы жайтты баян етіп комиссия тәрағасы жүз жиырма жол бойы барлық санақ жұмыстарын татар тілінде көміл сеніммен жүргізіп келгендерін, бұлары испандықтарға итальян тілінде немесе итальяндықтарға испан тілінде, сербтерге поляк тілінде, поляктарға серб тілінде жазған сияқты болғанына өкініш білдіреді. «Тағы да бір біздің кателігіміз,-дейді В.В.Григорьев – Қырғыздарды (Қазактарды –С.О) Мұхаммед дінінде деп ойладық, ал еткен жүз жылдықтарда олар шаман дінін ұстанған» дейді. [Григорьев «Русская политика в отношении к средней Азии» Исторический очерк. –СПб. 1874. -5 с.]

1844 жылдың 14 маусымында дайындалған Орынбор шекаралық комиссиясы жаңындағы қазак балалары оқытын мектепке басшылық

жасау жөніндегі нұсқаудың бірінші-екінші параграфтарында окушылардың қазақ сұлтандары, би, старшындары мен карапайым отбасынан шыққандарының барлығы үкімет қарауына беріліп, мектепке тәрбиеленушілер қабылдау екі жыл сайын 22 тамызда жүргізілуі керектігі айтылған.

Ереженің осы параграфында патша өкіметінің мектеп ашудағы басты мақсаты қазактарға орыс тілін таратып, қабілетті адамдардан жергілікті шекара басқармасына қарайтын сұлтан правительдер мен Ордадағы дистанция бастықтары жаңындағы хат-қағаз жүргізушілерді дайындалап шығару екендігі көрсетілген.

Нұсқаудың үшінші параграфында ордалықтар балаларын мектепке орналастыру үшін билеуші сұлтан мен Орынбор шекаралық комиссиясына өтініш берулері тиіс екендігі көрсетілсе, төртінші параграфында мұсылмандық ғибадатты аткарушыны Орынбор рухани мұсылмандар жиналысы таңдап, шекаралық комиссия ұсынысымен Орынбор әскери губернаторы бекітуі тиістігі, бесінші параграфында сабак беретін мұғалімдерді орыс және татар тілдерін, көркем жазу мен арифметиканы жетік менгерген Орынбор Неплюев кадет корпусы оқытушылары мен осы оку орнында білім алғандар арасынан, немесе Қазан университетін бітірушілер қатарынан таңдап, оларды Орынбор әскери губернаторы рұқсатымен бекіту керектігі көрсетілген.

Тергеу ісі мен кеңсе қағаздарын жүргізу оқытушыларын Шекаралық комиссиясы шенеуніктері қатарынан, солардың ішінде хатшылар арасынан комиссия төрағасы тағайындалты. Сондай-ақ гимнастика сабагын өткізу де жоспарланып, оған мұғалім Неплюев кадет корпусынан шакыртылыпты [Орынбор шекаралық комиссиясының жаңындағы қазақ балаларына арналған мектеп туралы ереже көшірмесі // Орынбор орталық Мемлекеттік мұрағаты, 6-кор, 10-тізімдеме, 561/2-ic].

Орынбор шекаралық комиссиясының жаңындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп туралы ережеде (14 маусым, 1844) мынадай пәндер оқытылуы керектігі көрсетілген: ислам зандары, орыс тілі, оқу, таза жазу мен грамматика; Арифметика және есеп шотта санау тәсілі; татар тілі, іс жүргізу тәртібі және орыс тілі мен татар тілінде іс қағаздарын жазу.

Татар тілінен колледж хатшысы Бекчурин, орыс тілі мен арифметикадан титулярлық кеңесші Костромитинов, Мұхаммед занынан Орынбор мешітінің ахуны Гұсман Мұсаулы сабак берген.

Дүйсенбі, сейсенбі күндері сабак 9⁰⁰-де басталып, сағат төртте, сәрсенбі, бейсенбіде сабак сағат 9⁰⁰-де басталып, 11⁰⁰-де аяқталған. Сенбі, жексенбі күндері сабак 9⁰⁰-де басталып, сағат төртте аяқталған. [Орынбор шекаралық комиссиясының жаңындағы қазақ балаларына арналған мектептің сабак кестесінен // Орынбор орталық мемлекеттік мұрағаты 9-қор, 9-тізімде, 10-ic.].

Аптасына ететін 20 сабактың сегізі орыс тілінде, алтауы татар тіліндегі жүргізілген.

Қазақ тілі атымен жок. Бұдан XIX ғасырдың 50-80 жылдарында қазақ даласында татар тілінің іс-қағаздар тілі болғанын, қазақ тіліне мән берілмегенін анғару қын емес. Шәкіртерге араб, парсы татар тілдері оқытылатын. Бұл пәннен белгілі шығыстанушы Мірсалық Бекшораулы сабак беретін. Мектеп окушылары ислам дінінің барлық қағидаларын, заңдарын біліп, құран сүрелерін басқаларға түсіндіре алатындағы жағдайға жеткізілетін. Мектептің ашылу салтанаты жайында А.В. Васильев «Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы очеркінде»: «Шекара комиссиясы жаңындағы мектеп 1850 жылдың 22 августы күні салтанатты турде ашылды, оған қырғыздардың барлық игі жақсылары, окушылардың ата-аналары мен езге тұған-тысқандары қатысты, олардың бәріне мектепте қонақасы берілді, сол қонақасыға Орынбор қаласының барлық білікті адамдары қатысты,- деп жазды, - 23 күні қырғыздарға арналып, қаланың сыртында, халықтық мереке еткізілді, онда ат жарыс, қүрес, жаяу жарыс өткізілді, қонақасы берілді; түнге карай фейерверк жағылды, оған дала тұрғындары таң-тамаша болып қарады» [Орынбор, 1896. -37-38 б.б.].

Мектепті үйімдастыру, окуға бала алу кезінде тұған қынышылтықтарға орай Ережеге қосымша нұсқау шығарылды. Онда Ереженің кейбір параграфтары түсіндеріледі. Мәселен, Ереженің он екінші параграфында мектепке окушылар алу туралы «Ұлы мәртебелі патша ағзам бекіткен Ереженің он екінші параграфының негізгі нұсқасы бойынша Шекара комиссиясы жаңындағы мектепке негізінен қазақ балалары, онда да көбінесе ата-аналары патша өкіметіне қызмет еткен, немесе оған адап берілгендейдімен көзге түскендердің балалары алынуы керек» делінген тұсына: «Мұны қазақ балалары, сұлтан, би, старшын балалары деп, сол сияқты қарапайым қазақтардың балалары деп түсіну керек, тек үкіметке адап берілген адамдар болсын» деген түсінік берілді.

Мектепке окушылар жинау ісін сұltан правительдер жүргізді.

Бақылаушылар жалакысы – 400 сом; орыс тілі, көркем жазу, арифметика мұғалімінің жалақысы – 250 сом; татар тілі мұғалімінің жалақысы – 250 Мұхаммед заңдарынан оқытушы ахунның жалақысы – 100 сом; екі унгер – офицер әрқайсысы 80 сомдан 160 сом алып отырған. Барлық жалақы мөлшері жылына күміс 1110 сомды құрады.

Тәрбиеленушілерді қамтамасыз ету үшін: тамаққа әрқайсысына 36 сомдан бөлгендеге 1080 сом, кінірге әрқайсысына 25 сомдан 750 сомды құрады. Барлығы – 1830 рубль. Жылу мен жарыққа, қызметкерлер жалдауга және басқа да шығындарға – 1000 сом. Штатқа бөлінген жалақының жалпы қолемі: 3940 сом болды.

Оқу құралдары Халық ағарту министрлігі тарапынан қамтамасыз етіліп отырды. Бірақ сонымен бірге оқу орнының жарғысы бойынша мұғалімдер губерния туралы, оған коса егін шаруашылығы жайындағы мәліметтерді қосып, тарихи, метеорологиялық, топографиялық және статистикалық жазбалар жүргізуге міндеттеннеді.

Оқуға Орынбор өлкесінен 30 окушы қабылданды. Олардың аты-жөні, кеше жаста, кімдердің балалары екендігі Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп туралы ережеде таблица жасалынып берілген:

№	Аты -жөні	Жасы	Кімнің балалары
1	Ибрагим Алтынсарин	11	Әскери старшина Балғожа Ямтурчи немересі
2	Едіге Айтокин	12	Дистанциялық басшы Айтқының улы
3	Тлеумухамед Саматов	12	Самат Абулгазы сұлтанның
4	Юсуф Кулукәев	12	Кулукай Жанибеков (кайтыс болған) сұлтанның
5	Исмаил Хисамутдинов	13	Құрметті қазақ Хисамуддин Байгилевтің
6	Ихсан Хисамутдинов	12	Құрметті қазақ Хисамуддин Байгилевтің
7	Якуп Амангельдин	12	Би Амангелді Баураковтың
8	Нұрым Мұнсызбаев	12	Би Мұнсызбай Сагыровтың
9	Халилулла Құнанов	11	Жергілікті басшы Құнан Тілеубердиннің
10	Мумин Байдосов	12	Қарарайым қыргыздардың балалары
11	Сигизбай Аскартов	11	
12	Жолмұхамед Байжанов	12	
13	Қалджаң Карджасов	12	
14	Шаймұрат Кулубеков	13	

15	Исмагил Бигтазов	11	
16	Шаймурат Көшербаев	13	
17	Аманжол Ұзакбаев	11	
18	Құдабай Қелбергенов	14	
19	Жұмагул Жамбаев	12	
20	Бекболат Күнінурбаев	11	Тілеубай Жамантаев бидің туысы
21	Сұлеймен Мұхамедғалиев	11	Орданың батыс бөлігінің билеуші - сұлтаны әскери старшын Мұхамедғали Тяуқинин
22	Сагиттерей және	13	Хурунжаго Сұлтан Күсеп Галлия
23	Әділгерей Кусенғалиевтар		Урманова
24	Утебай Бердалин	14	Сұлтан Бердалы Сариевтің
25	Ханшуак Байтөков	11	Би Байтөқ Айбасовтың
26	Аймұхамбет Чулаков	12	Жергілікті басшы Чулак Айбасовтың

Орынбор орталық мемлекеттік мұрагаты 6 қ. 10-тізімдеме.

Бұл тізімдемеде 26 окушының аты-жөні бар. Ал қабылданғандар саны - 30, шамасы төрт бала сәл кейін қосылған тәрізді. Өйткени олардың үшеуінің аты-жөні мектеп бітіргендердің ішінде бар. Олар – Токтамыс Қосуақов, Айтмұхамед Дербісов және Мырзагали Баҳтияров, ал төртіншісін таба алмадык.

Орынбор өлкесінің отаршыл әкімшілігі мектеп окушыларының тұрмыс-салты мен дәстүрін мейлінше сактауға ұмтылыс жасап, оку жағдайын да қазақтардың көшпелі тұрмысына бейімдейді. Сейтіп мектеп ашылған жылдың жазында окушыларға арнап ішінде керек-жараптың бәрі бар, ұлттық киім-кешек, көйлек-дамбал, аяқ-кінім, кітапханасы, денешынықтырумен айналысатын құралдары, мал дәрігерлік құралдары бар 4 ак киізден жасалған, 1 коңыр үй (ас үй) және де бұларға арнап бір үйр сауын биелері мен керемет ертұрманы бар мініс аттарын сатып алды, бұл оларды салт атка мінүте үйрететін әрі қымызбен қамтамасыз ету үшін керек болды.

Екі ай бойы олар Орынбор маңындағы далалы жерлерде (көшпелі тұрмыс жағдайында) оқитын; ал мектепте оқыған кездерінде оларға қазақтың ұлттық тағамдарын беруге барынша назар аударылатын [Сұлейменов Б. «Ыбырай Алтынсариннің емір жолы және қызметі»]

Мектепте 1857 жылы 20 қазақ баласы оқып шықса, солардың бесеуі – Шахмұрат Құлыйбеков (Ақтөбенің Үргыз ауданынан), Токтамыс Қосуақов (Ақтөбенің Темір ауданынан), Нұрым Мұнсызбаев (Қостанайдан), Ибраһим Алтынсарин (Қостанайдан).

Шаһмұрат Қөшербаев (Қостанайдан) үздік бітірген. Бұл бес балаға да 1858 жылы 8 қазанда Орынбор жеке корпусы бұйрығымен Муафік – Хорунжий лауазымы берілген (Хорунжий – әскери шен. Оған зауряд косылса, әскери емес, билеуші).

Қалған он бес окушы: Аймұхаммед Дербісов (Қостанайдан), Халиолла Қожанов (Қостанайдан), Мерғали Баҳтияров (Оралдан), Момын Байдосов (Қостанайдан), Әділгереи Қусенғалиев (Оралдан), Хашшуақ Байтоказ (Оралдан), Сақыпкерей Қусенғалиев (Оралдан), Сегізбай Ақсартов (Қайдан екені жазылмаган), Қалжан Каржасов (Қостанайдан), Құлабай Қөпбергенов (Қостанайдан), Едіге Айтқин (Қостанайдан), Тілеумаганбет Саматов (Актөбеден), Өтебай Бердапин (Оралдан), Сулеймен Мұхамедғалиев (Оралдан), Жолмұхаммед Байжанов (Қостанайдан) [Орынбор архиві, 6 қор, 10 тізбе, 7325 «а» іс].

Мектепті бітіруге тиіс 20 бала болса, олардың 8-і келесі жылға қалдырылады.

Орынборға Ыбыраймен бірге Жанбайұлы Жұмагұл, Байдосұлы Момын, Амангелдіұлы Жақып, Айтокаұлы Едіге, Байжанұлы Жолмұқанбет, Мұңсызбайұлы Нұрым, Ақсартұлы Сегізбай, Қаржасұлы Құлжан, Қөпбергенұлы Құлабай, Қөшербайұлы Шахмұрат барады.

1859 жылы жана Ережеге сәйкес мектепте оқылатын пәндер көбейтіліп, орыс тарихы, математика, жалпы география, орыс географиясы енгізілді. Мектеп кітапханасы орыс классикалық әдебиет-шығармаларымен толықтырылды.

Сол жылы бұрынғы шекара комиссиясы Орынбор облыстық басқармасы делініп өзгертиледі. Осы басқарма жанындағы мектеп окушыларының саны қырыққа, 1863 жылы елуге жеткізіледі. Мектеп 1868 жылы 2 желтоқсанда жабылады.

1888 жылдан 1901 жылға дейін Омбыдан шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» қазактардың үлттық санасын оятатын дерек көздері басылуы себепті, бұл құбылтыстан сескенген проф. Ильминскийдің ұсынысы бойынша жабылып қалған еді» [М.Мырзахметұлы], сол сияқты бұл мектептің жабылу себебін де түсінуге болады.

1857 жылы мектепті алғаш 20 бала бітіріп, төртеуі Орынбор шекара комиссиясында қызметке қалдырылады да, көбісі дистанция бастықтарына хат-қағаз жүргізуші болып тағайындалады. 1857 жылы үздік оқыған – Ыбырай Алтынсарин, Нұрым Мұңсызбаев пен

Шахмұрат Құлыбеков жаңадан сахарада ашылған мектептерге сабак беруге жіберіледі. Ұбырай Орынбор бекінісіне (Торгайға), Шахмұрат Орал бекінісіне (Ыргызға), Нұрым Троицк қаласында 1861 жылы қазақ мектебі ашылып сонда жіберіледі. Ильминский Ұбырай жайындағы естелігінде үшеуінен басқа тары бір адамның мұғалімдікке жіберілгенін айтады, бір-ақ аты-жөнін атамайды.

Ә.Сыдықов Сырдариядағы №1 форту жаңында (Қазалыда) және Перовск бекінісінде ашылған мектептерге де осы Орынбор Шекара комиссиясы жаңындағы мектепті бітірген адамдар тағайындалғанын айтады, әзірге оларды білмейміз.

Ж.Байжанов окууды бітірген сон 1862 жылы кыркүйекте Орынбор – Самарск генерал-губернаторының шешімімен Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмәш етіп жіберіледі. Бұрынғы звериноголовск бекінісінің маңайындағы өртті сөндіріп, ерлік танытқаны үшін Орынбор және Самарск генерал-губернаторының колынан шұғадан тігіліп, алтын жалатылған кафтан алады.

Бибісара Мұстафина деген татар қызына үйленеді.[ЦГА РК Ф. И-4.Оп.1.Д.3100.Л.259-262].

Х.Байтоқов 1857 жылы 14 қазанды 8 қазақ дистанциясының екінші жартысының бастығына хат-қағаз жүргізуши қызметіне жіберіледі. 1862 жылы 12 сәуірде 8 қазақ дистанциясының бірінші жартысының бастығы болып тағайыналады. 1864 жылдың 2 шілдесінде Орынбор-Самарск губернаторының тілмашы, 1864 жылдың 20 шілдесінде Орынбор жеке корпусының №201 – бұйрығымен үздік қызметі үшін зауряд-корунжий шені беріледі.[История Казахстана а русских историках XVI-XX веков. VII том. Часть 2. Алматы «Дайк-Пресс» 2006. -278-279 б.б.].

Осы кітапта «Ә.Бердалин төре тұқымынан, жасы жиырмада. Ата-анасымен бірге тұрады. Шыңғыrlау өзені бойын жайлайды, қыста зотон корпусының карсы бетін қыстайды. Орыс және татар тілдерін біледі, 17 июль, 1857 жылы Орынбор Шекара комиссиясы жаңындағы қазақ балаларына арналған мектепті бітірген. 8928 номерлі күәлігі бар» [268 б.], -делінеді.

А.Шолақов жайында 269-270 беттерінде «Табын руынын Абыз бөлімінен, жазда Шанғыrlау өзені бойын жайлап, қыс Елек қаласы маңында болады, ата-анасының жаңында , жасы 22-де, орыс және татар тілдерін біледі. Орынбор шекарасы жаңындағы қазактарға арналғын мектепте тәрбиелентен, үйленген, бір қызы бар», - деп жазылса, кітаптың 267 бетінде Ұбыраймен бірге оқыған

А.Шолаковтың, Х. Байтоқовтың, Ө.Бердалиннің аттары аталады. Бұл ұсыныс-хаттан біз А.Шолаковтың кейін би болғанын аңғарамыз:

«Облыстық басқарманың 1859 жылғы № 12960 тапсырмасына сай әр үй басынан алынатын салықты (төлемді) жинау және де жасырылған мал- мұлікті ашу кезінде көмекшім Айбасовқа қолқабыс еткен ордалықтар- Ханшуақ Байтоқов, Ашықбай Ілепесов, Дәүлетияр Есенғұлов, Сүлеймен Сұлтан және Байболын Қарасұновтардың тізімін көрсетілген нұсқа бойынша жіберіп стырмын. Осылардың ішінде, тәжірибесі жетіспегеніне қарамай әсірсесе Ханшуақ Байтоқов көзге түсті. Сонызына байлансты ерекше құрметке, тіпті зауряд-хорунжий деген шен беруге болатынын хабарлаймын. Дәүлетияр Есенғұлов жөнінде ештене айта алмаймын. Ол өткен 1859 жылы көмекшім Нижнеуральск қорғаныс бекетіне барғанда бірге болып, жақсы қырларымен көзге түсken болатын. Оны да наградаға ұсыныш жатсаныздар мен қарсы емесіпін.

Менің жолдаган есебімде көрсетілгендей, 1859 жылты үй басынан алынатын салықты жинау ісіне кете мен серкеш ауылдарына сұltан Өтебай Бердалин мен би Аймұхамбет Шолақовтарды жіберген болатынын. Олардың адап еңбектерінің арқасында жиналатын салық көлемі біраз артып отыр. Бұл сапар олар үшін онша қын болмаганына қарамай, оларга да сый-сиянат көрсетіп, Қырғыз мектебін бітірген балаларына берілгендей зауряд-хорунжий шенік берсөніздер артық болмас еді. Бұл олардың алғағы уақытта да қызметке деген ынталарын арттыраш еді.

Мұмкіндік болса соңғы екеуін де жоғарыда көрсетілген тізімге қоссаныздар, алғыстан басқа айтарым жок».

Аймұхамед Шолақов – даланың Батыс жағы билеушісінің көмекшісі зауряд-хорунжий Шолақ Айбасовтың ұлы. 1873 жылы қазақ альфавитін жасау үшін комиссия құрылғанда оны жасауға Ы.Алтынсаринмен бірге ұсынылған Ержан Шолақовтың інісі.

С.Мұхамедғалиев туралы 347-348 беттерінде бар екен. Әкесі полковник Мұхамедғали Таукиннің Орынбор Неплюев әскери училищесін бітіргені айтылып, Сүлейменнің 26 жаста екені көрсетіледі.

Шахмұрат Құлышбеков – Қазірі Актөбе облысы аймағында бірінші рет 1864 жылдың 25 казанында Ырғызда бастауыш мектеп ашылып, сонда бірнеше жыл мұғалім болған. Мектепте 14 бала оқыған. Мектепте сабак беруге жағдайы келмегендіктен Шекара комиссиясына тілмаш болып орналасынты.

Т.Косуақовты окууды бітірген жылы 28 казанда Орынбор облыстың 57 казак дистанциясына хат-қағаз жүргізуші етіп жібереді. Сол 1857 жылы 12 желтоқсанда облыс баскармасында практикадан етіп келіп 1858 жылы 8 қазанда зауряд-харунжий шеніне жоғарлатылады. 1860 жылы 57-қазак дистанциясының бастығы болып, 1862 жылы 1-мамырда он бірінші дистанцияның бастығы қызметіне ауыстырылады [ЦГА РК.Ф.И-4.Оп.1.Д.3104.Л.1-4].

«...Токтамыс Қосуаковқа бір қақтығыста орыс әскерінің оғы ендіршегінен тиіп содан кaza болыпты, басқаларының қандай қызметте болғандары белгісіз» [Ахмедов Г. «Алапи «Алаш» болғанда», Алматы, «Жалын» 1996. -120 – 121 б.б.].

Торғай облысының ауылдары мен қалаларында мектеп ашуға Ыбырай Алтынсарин қаржы жинағанда 4 адамның бірі болып Құлыбековтің 100 сом ақша бергені айттылады.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұнғыш рет Актөбе облысының Ірғыз ауданының орталығында бір кластиқ әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қызы кабылданыпты. 1888 жылы училище жаңынан қазак қыздары үшін 18 орындық интернат ашылған. «Бұл училищеге Қостанай, Торғай, Актөбе уездері қазақтарының қыздары да келіп оқыған. Осы училищенің ашылуына Ы.Алтынсарин бастаған қазақ зиялышлары атсалысқан. Олардың арасында Әлмұхамед Сейдалин, Шахмұрат Құлабеков рухани қолдан, қаражаттай да демеушілік көрсетіп отырган» [«Актөбе енциклопедиясы», Актөбе, 2001. -732 б.].

1859 жылдың қысында Н. Ильминский казактың атақты жырауы Марабай Құлжабайұлынан «Ер Тарғын» жырын жазып алып, 1862 жылы Қазанда жеке кітап етіп шығарғаны белгілі. Марабайдың айтуымен жырды татар әрпімен қағазға түсірген осы Ш.Құлыбеков екен. Бұл жайында Н.И.Ильминский Ы.Алтынсарин жайындағы естелігінде былайша сыр шертеді: «1859 жылдың қысында батыс жактағы Марабай (сұрыпп салма, шешен) жайында естіп, В.В. Григорьевтен Орынборға шакыруын өтіндім. Бірақ жайлы пәтер, казынаның тегін күтіміне карамастан дала ақыны өзін бұл жерде тордағы құстай сезініп, қаладан кеткенде асықты. Марабайдың айтуымен Құлыбеков татар әрпімен «Ер Тарғын» жырын әрен дегенде жазып үлшірді.»

Бұл айтылғандардан біз Шахмұрат Құлыбековтің де ыбырай сияқты казақ балаларының оқып, білім алудың жағдай жасағанын, мүгалім болғанын, мектептерге үнемі жанашырлық жасап, өз

калтасынан каржы-қаражат беріп отырғанын, сауаттылығын байқаймыз.

Ібырай Торғайда мектеп ашуға 1860 жылдың кірісін, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруда емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұлса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы-жазы аралап, жалпылық жалпайып жүрттан тындан ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстінен қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауды жүргегіне инедей кадалады. Тұсінгендері қолдарынан келген кемектерін аямай, барын ұсынады, отын, кірпіш дайындаудың колушын береді. Ен соракысы-чиновниктердің шовенистік көзқарастары, казак даласында мектептер салуға қарсылығы, аяқтан шалып, кудалауы, етірік-өсек қаулатуы... Осының бәріне тәзіл, қолға алған ісін токтатпауды- Ібырайдың ерлігі, елін шексіз сүйгендігі!

Кашанды халыққа қызмет етіп, ел үшін еңбек еткен адамдардың гана тарихта аты қалған. Соның бір дәлелі – мектеп ашып, бала оқытқан, жаңқиярлық жұмыс жасаған Ібырай Алтынсарин мен Шахмұрат Құлыбековтің есімінің ел есіндегі қалуы. Орайы келгенде айта кетейік, І.Алтынсарин білім алған бұл мектепте 1856 жылы Абылхайыр ханның тікелей ұрпағы, Айшуақ ханның шөбересі «Қазақстан тарихының» бірінші авторы Санжар Асфандияровтың әкесі Сейітжаппар Асфанияров та (1889-1939) оқыған. Ерекше қабілетті Сейітжаппар терт жылдық курсы бітіргеннен кейін репетитор ретінде қалдырылады. Ресей империясы Оңтүстік Қазақстандың өзіне қараткан соң 1867 жылы Түркістан генерал губернаторының штатында қызмет атқарады.

С.Асфандияров парсы, түрік тілдерін жақсы менгеріп, жаза да білген. Соңдықтан да Түркістан генерал – губернаторының жанында шығыс тілдерінің аудармашысы да болып қызмет істеген. Түркістанның губерниялық ведомостваларындағы «Тұрғылықты халықтың өмірі мен тұрмыс – тіршілігі» атты еңбек жазып, бастырған. Соңдай-ақ орыс эскерінің генерал –майор шенін алған айттулы, танымал тұлға.

Осы жеті жылдық мектепті 1864 жылдың бітіріп Торғайда Ібырай Алтынсаринмен бірге мұғалімдік қызмет атқарған Ізтелеу Жақсыбаевтың есімі қазір ұмытыла бастаған.

Ізтелеу – Торғай облысының тумасы.

Ол 1869 жылдың бірінші тамызынан бастап Орынбор генерал-губернаторының бұйрығымен Орынбор (Торғай) бекінісіндегі қазак балаларына арналған мектептің мұғалімі болып тағайындалады. 1875 жылдың 10 тамызында уездік басқармаға аудармашы етіп ауыстырып, 1893 жылдың 1 қазанында Торғай облыстық әскери губернаторының № 66 бұйрығымен Торғай облыстық концепциясына қарасты Торғай уездік басқармасының жазбаша аудармашысы болады. 1899 жалдың 2 наурызында Торғай облыстық әскери губернаторының №8 бұйрығымен Торғай облыстық әскери губернаторының №5 бұйрығымен Торғай уездік басқармасына ауыстырылады. 1900 жылдың 26 мамырында денсаулығының нацпарлауына байланысты ез – етінші бойынша қызметтең босатылады. Денсаулығы жақсара бастағаннан кейін 1903 жылдың 1 жеотоқсанында Торғай уездік басқармасына сезбе-сөз аударма жасаушы болып орналасады. Бірінші әйелі қайтыс болғандыктан екінші рет Қарқұл Түркіннің қызы Жібекке, үшінші рет Бектеген Кауменовтің қызы Қымбатқа үйленген. Екінші Әйелінен 1875 жылы мусым айында туған Нұрахмет атты ұлы, 1888 жылдың он бірінші тамызында туған Марзия атты қызы болған. Ғабдолғали Балғынбаев Ыбырай туралы естелігінде:

Торғайдың Яковлев бастаган зиялды қауымы жыл сайын 1 қаңтарда жаңа жылды Ыбырайдың отбасында қарсы алатынын, бұл жиын-думанға мұғалімдер мен уездік басқарманың тітмаштары да қатысадын айта келип: «Соңың бірі Ізтелеу Жақсыбаев дейтін кісі еді, ол үй иесі мен қонақтар қашалықты зорлап, етініп жалынса да, аузына арак алмайтын І.Жақсыбаев та Орынбордағы казак мектебінің курсын Ы.Алтынсариннен екі жыл кейін бітірген», -дейді.

І.Жақсыбаевқа жақсы қызметі үшін Торғай облысының әскери губернаторы 1874 жылдың наурызында мақпалдан тігілген тақия сыйласа, 1875 жылдың 8 қыркүйегінде Орынбор генерал-губернаторы мінсіз қызметі үшін алтын жүзік тарту етеді. 1880 жылдың маусым айында алтын жалатқан сағат, 1882 жылдың 18 маусымында күміс табак, ал 1883 жылдан 10 наурызында жоғары мәртебенің жарлығымен станиславский лентасына тағылған күміс медальмен марапатталады. 1896 жылдың 26 ақпанында Александр үшінші патшалығының ескерткіші ретінде шығарылған александров лентасына тағылған күміс медальмен, 1897 жылы жалпы елдік санакқа қатысқаны үшін қоңыр түсті қола медальмен наградталған.

УГРАВЛЕНИЕ
КАПИТАЛНАЯ

УЧРЕДИТЕЛЬСТВО

Акционеру Челябинскому «Сибирь»
акции Сибирской Бумагопромышленной

УЧРЕДИТЕЛЬСТВО

1857
Сибирь

Сибирь

Письмо

Всё прошлые, флагманы
Василий Вадимовича Адмиралтейской
флотилии вице-адмирала штаб-офицера
без «Флагманский Адмиралтейский флот»
отличительные чиновъ начальнико-
въ, и саніи и машини бо-
сплатненіе, въ Оренбургскомъ
и Троицкомъ уѣздахъ, а
результатомъ Кирсановскаго боя
стали Поганіе, при команда-
рокъ иль въ эти по-оружи-
о въ флотъ изъ Верхней Кам-
и десницы Гиря-Паринского юнк-
и Кирсановскій, Задолженіе таш-
киршигаш?

Мак-касъ и саніи 5 15 то-
же положены, въ остатненіи кир-
жаскаго фрегата, чудомъ на-
при супримѣніи штаб-уѣздахъ,

ЫБЫРАЙ МЕН АБАЙ

Екі ұлға – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың өмірінде де, шығармашылығында да бір-біріне ұқсастық, үндестік көп.

Біріншіден, екеуінің де азан шақырып қойған шын аты – Ибраһим, екіншіден, Ыбырайдың атасы – шынжыр балақ, шұбар төс ірі шонжар Балғожа болса, «Абайдың өз экесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, аргы атасы – Үргызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар» (Әуезов М. А., «Жиырма томдық шығармалар жинағы». «Жазушы», 1985. 20. т. – 26 б.). Үшіншіден, Ыбырай да, Абай да озбыр, зорлықшыл ата жолын кумай, ағартушы-демократтық бағыт ұстаган. Екеуі де жастай зейінді болып өсіп, ана мейірімі мен әже зердесін көкіректеріне құйып жетіледі, орыстың озық ойлы Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов т.б. сияқты революционер-демократтарының еңбектерін оқып, олардан үлгі-онеге алады. Екеуі де Крылов мысалдарының негізінде өлеңдер шығарып, сол кездегі келенсіз жайларды сынап-мінейді. Қазақ халқының болашағын, тағдырын шешуде орасан қызмет атқарған Шокан, Ыбырай, Абай есімдері әрқашан бірге аталады.

Ыбырай халық қамын жеп «Менің үнемі ұмтылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу еді» (Алтынсарин ІІ. «Таза бұлак», А., «Жазушы», 1988. – 198 б.), – десе, Абай да «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деп (Әуезов М. «Жиырма томдық шығармалар жинағы». А., «Жазушы», 1985. 20. т. – 43 б.) «Сахараны басқан кара түн-тунекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден батады, күнің сонау жактан шығады» деп кеткен ақын еді» (Әуезов М. «Абай еңбектерінің биік нысанасы». «Абай тағылымы», А., «Жазушы», 1986. – 6 б.).

Неткен ұқсастық?! Бұл үндестік халқын, ұлтын ұлағаттаудан, ел намысын өз пайдасынан жоғары қойып, оның ілгері басуын мақсат тұтқан ізгі ниеттен «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген жан түкпіріндегі ізгі ойдан тұган үндестік. «Заманы бірдің амалы бір». Ыбырай қайтсем жеңілдетемін деп публицистикалық шығармаларына елінің басына түскен ауыртпалықты арқау етіп, газет беттеріне жарияласа, Абай қарасөздерінде халықты бірлікке, татулыққа шақырып, еңбексүйгіштікке үндеді.

Ыбырай «Өнер-білім бар жүрттардың» «Тастан сарай салғызып, ашылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызып» отырганын айттып, Абай «Ғылым таппай мақтанба» дег халықты өнер-білім үйренуге шакырды.

Белгілі ғалым, жазушы Т.Нұртазин Абайдың орыс классикалық әдебиетінің нәрлі қуатын бойына сініруі оның поэзиясына үлкен әсер еткенін, Абай өлең қылған жылдың торт мезгілі – казак поэзиясындағы соны жаңалық екеін айттып: «Рас, Алтынсарин Ыбырай да:

Сәуірде көтерілер нәубет туы,
Көрінер көл шетінде қаз бен күв.
Бір малы шаруаның екеу болыш,
Жайылар жер жүзіне қырдың суы, –

деп жазғытурым күнді өлең қылғаны бар. Алтынсаринің өлеңі жазғы күнді баяндайды, ырыздықтың молайып, малдың төлдейтінін айтады. Ал, Абайдың жазғытурғы күнді сипаттауы мүлде баска: ол баяндамайды, суреттейді, жаздың келбетін бейнелеп, көрсетіп береді» (Нұртазин Т. «Абай және орыстың классикалық әдебиеті». «Майдан» журналы, 1945. №2»), – дейді.

Абай – ұлы ақын, Ыбырай – ұлы ұстаз. Екеуде орыстың классикалық әдебиетінен нәр алып қанаттанған.

М.Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты монографиясында Ыбырайдың жогарыда мысалға алынған «Сәуірде көтерілер раҳмет туы» деген өлең жазып, казақ поэзиясында ең бірінші рет реалистік пейзаж жасағанын айттып: «Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының көктемдегі тірлігін, шаруа салтындағы керкем ерекшеліктерін аса жаксы бейнелеп берді, – дейді. – Бұнда Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезілі тұрасындағы өлендерден көп улғі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне дең қойып, соның дәстүрін менгерді. Ыбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен казактың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзиясын бастап кетті деуге болады.

Абайдың кейін жазылған осы алуандас «Жазғытуры», «Жаз», «Күз», «Қыс» дейтін өлендерінің берінен біз жаңагы айттынған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алындып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз» (Әуезов М. «Жиырма томдық шығармалар жинағы» А., «Жазушы», 1985. 20. т. 212-213 б.).

Ыбырайдың шешесі Аймен халық өртегілері мен жырларының ұлының құлағына жастайынан құйып тәрбиелесе, екі аданы тел емген Абай әжесі Зеренің өртегілерінен нәр альп, анасы Ұлжанның ұтымды сөздерін бойына сініріп оскен.

Ыбырай да, Абай да аудармашы. Ыбырай И.А.Крылов мысалдары мен Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің шығармаларын казақшаласа, Абай да И.А.Крыловты, соңдай-ак А.С.Пушкинді, Лермонтовты, немістің ұлы ақыны И.В.Гетеңі аударды.

Ыбырай да, Абай да Шығыс әдебиетін жақсы білген. Фердауси, Хафиз, Сағди, Науай, Физуллилер шығармаларынан сусындаған. Екеуде Фердаусидің «Шахнамасын» қазақша сөйлесткен. Абай «Ескендір» поэмасын жазып:

Осы жүрт Ескендірді біле ме екен,

Македония шаһары оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көнілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншаш адам екен,-

десе, Ыбырай да «Өснег өлеңдерінде» Ескендірді жағымсыз адам етіп көрсетіп, мәнгілік судан ішпек болғанда:

Аһ, деді Кадыр-Ілляс қайтып келді,

Сонда да кеседегі сүйн берді.

Ішейін деп Ескендір ұмтылғанда,

Су Ескендір аузына бармай қойды,-

дайді.

Абай:

«Түбінде баянды енбек етін салған...»

2 т. 63 б.

Ыбырай: «... егінді әдет еткен халық қабырга сұнының бойында әлі көп. Жарлы больш, бөтен кәсібі жок кісілер Торғай жағында дерсү етінмен айналысады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына косылады». **«Қыышшак Сейітқүй»**

Абай:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз ешуақытта жалған болмас.

Көп кітап келді алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас»,-

десе, Ыбырай Абай өлеңін әрі карай қара сөзбен жалғағандай: «Бұл кітаптар арасында белгілі зор кітаптар төртеу: Таурат, Забур, Инжил, Фурқан», -дейді. («Мұсылмандық тұтқасы. 4 б.»)

Абай:

«Өкінішті көп өмір кеткен етіп,
Откіздік бір нәрсеге болмай жетік.»
«Откініші көп өмір кеткен етіп...»)

Ыбырай:

«Біз надан бол есірдік
Иектегі сақалды».
(«Өнер, білім бар жұрттар»)

Абай:

«Балам закон білді деп,
Куанар ата-анасы.
Ойында жок олардың
Шаригатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы-
Білсем деген таласы.
Прощение жазуга
Тырысар келсе шамасы...»
(«Интернатта оқып жүр...»)

1870-1880 жылдары қазақтардан алынған альм-салыктың есебінен Павлодар, Семей, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Омбы, Қызылжар, Кекшетау қалаларында мектеп-интернаттар ашылған. Бұл оку орындары қазақ халқының сауатын ашу үшін емес, өзінін ояздық, облыстық әкімшілік кеңселеріне тілмаштар, ұсақ чиновниктер дайындау ниетінде ашылған еді. Сондықтан да Абай олардың бұл ісіне наразылық білдіріп осы өлеңді жазған.

Ыбырай да Абай да Ресей империясының бұл саясатына қарсы. Олар балалардың жан-жақты білім алып, елге пайдалы азамат болуын қалайды. Абайдың «қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге», «Гылым таптай мактанба» дейтінің себебі сол! Ыбырай да тайыз білім алысқа апармайтының мегзеп «мектепте оқудан жәнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансын, қазақ арасына барады да, өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе закуншік етіп көрсетеді. Алған азғантай білімдерін жауыздыққа жұмсайды», -дейді. [Ильминскийгэ хатынан. 1860, 18 ноябрь].

Абай: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...»

Ыбырай:

«Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріне қарасыныз».

Орыс тіліндегі шығармаларды да алғаш қазақшаға аударып, халық ітілгіне жаратқан Ы.Алтынсарин мен Абай. Бұл дәстүрді «Түркістан уалаяты» (1870-1878) мен «Дала уалаяты» (1888-1902) газеттері де қолдан, ері қарай дамыта түсті.

Ғасырдан ғасырга жалғасып, үрпактан үрпакқа баға жетпес таусылмас қазына болып келе жатқан ауыз әдебиетін жинауышылдардың да алдыңғы катарында Ы.Алтынсарин мен Абай Құнанбаев тұр. «Халық әдебиетін жоғары бағалаған Абай езінің шәкірттеріне, жолдастарына тапсырма беріп, ел арасынан асыл мұраны жинастып, оны халыққа таратуға мән берсе» [Габдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: «Мектеп», 1958. – 19-20 б.б.]. Ы.Алтынсарин ақын, жырау Марабай Құлжабайұлынан «Кобыланды батыр» жырын жазып алғып, оның үзіндісін «Тайбурылдың шабысы» деп 1879 жылы жарық көрген «Қазак хрестоматиясы» жинағына енгізді. Осы кітаптағы «Ізбасты», «Қара батыр», «Жиренше шешен» т.б. әңгіме, ертегі, аныздар, мақал-мәтелдер де ұстаздың халық ауыз әдебиетін сүйіп, одан сусындан өскендігін аңгартады.

Ыбырай мен Абай шығармаларының әсерімен қазақтың жазба әдеби тілі қалыптасып, дами түсті.

Ыбырай да, Абай да қазақтың, жалпы халықтың тілін ұлттық әдеби тіл етуге ерен енбек сінірген. «Абай Құнанбаев, сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларын белгілі бір диалектіге немесе бірнеше диалектіге сүйенбей-ак, қазақтың бұрыннан ауызша өмір сүріп келген байырғы әдеби тілінде жазған және грамматикалық нормаларын таяныш еткен. Сонымен қатар, қазак әдебиетінің бұл классиктері кітебі тілдік элементтерді де, ауыз екі тілдегі қарапайым сөздер мен диалектілік элементтерді де, өзге тілдерден енген шет сөздерді де жатсынбай, керегінше пайдаланған» (Ысқақов А. «Абай және қазақ әдеби тілі». А., Жазушы, 1986. –311 б.).

Ыбырай «Саны көп сапасы жок, сапырылсықан, Он үйге бір би болған келді кезге», – деп өзі өмір сүрген заманының кемшілігін айттып өтсө, Абай: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жок па елдің сиқын», – деп «надандықты мазак етеді» (М.Әузев).

Ыбырайдың ез атасы – Балғожа да, нағашы атасы – Шеген де, аталас тұйсы Наурызбай да би, шешен. Осы сияқты Абайдың да Карамәнде, Кенгіrbай аталары, қаз дауысты Қазыбек пен Бекболат нағашылары дана, ділмәр адамдар. Абайдың шешесі «Ұлжанда тұқымының тауып айтқыши қалжыншылдығы эбден болған. Анда-санда әлдекалай айттып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде

ұмытылмай сакталады. Кесек қалжың, әжуага да Ұлжан көнтөрлі, созымды, тапкыр болған» (Әуезов М. «Жиырма томдық шығармалар жинағы». А., «Жазушы», 1985. 20 т., -30 б.). Екеуіне де шешенендік ана сүтімен дарыған, көрген-білген, тәлім-тәрбие алған кісілері сөзді өнер деп таныған от ауызда, орақ тілді дарын иелері.

ІІбырай уездік басқарманың іс жүргізушісі әрі басқарма бастығының көмекшісі, ол жоқта тіпті уезд бастығы қызметін де аткарған. Яғни, билік айтуына тұра келген. Абайдың бірнеше рет «Тебе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланғаны белгілі.

ІІбырай бір хатында екі немере туысы болыстыққа таласып, он жыл бойы бір-бірімен араздасып жүргенің, сондыктan халық туысқандарың татуластыр деп үміттегіп өзіне қолқа салғанын, бірақ олардың мұнын татуластыр дегеніне көнбекенін баяндай келіп: «бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламандар, басқа бір адамды сайландар, дәуіме тұра келді» («Алтынсарин ІІ. «Таза бұлак». «Н.И.Ильминскиййге» – 270 б.»), – деп нали жазады.

Келісім бойынша, көпшілік басқа бір беделді аксақалды болыс салтайды. Ақыр сонында жанағы туысқандарының біреуі әр түрлі қас адамдардың тіліне еріп губернаторға, ішкі істер министріне «қызмет адамдарын сайлауға орынсыз кол сұқты... тіпті бұл үкіметке қарсы ойы бар бір социалист болар дейміз, өйткені, бұл іске келіп кол сұғуына басқа себеп болуға тиіс емес еді» деп өтірік қаралауға дейін барады» (Сонда. – 270 б.).

Абайдың да болыс болған себебі – елге пайдасын тигізуді ойлаған. «Бірақ оның игі ниетіне ел жуандары жол берген жоқ. Олар Абайдың өзіне өтірік пәле-жала жауып, жарға жылқпак болады. Солардың кесірінен Абай 1876 жылдан 1886 жылға дейін, яғни 10 жылдай сот төрgeуінде болып, ақыры өзінін адалдығы және халыққа инабаттылығы арқасында ақталып шылқаны белгілі» («Бекхожин X. «Абай және «Дала уалаяты», «Тіл және әдебиет» жинағы. А., 1950).

ІІбырайдан Абай төрт-ақ жас кіші. Екеуі бірін-бірі білді ме екен?

М.Әуезов 1870-1880 жылдар шамасында Орынбор, Тройцк, Омск сияқты қалаларда аздал бұратана елдердің балаларын орысша оқытатын Неплюев училищесі мен кейін ІІбырай Алтынсариннің талабымен ашылған орыс-казак училищесінің бәрі халық қаражатымен ашылғанын әңгімелей отырып ІІбырай ашкан орны Абай өлеңінде «Интернат» деп аталатынын айтады [Әуезов М. 20 т.

116.] Бұл бәріміз білетін «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы» деп басталатын өлең екені даусыз. Ұбырай ашқан мектеп жайында өлең жазған Абай Ұбырайды білуі де мүмкін ғой...

Екінші бір жай – Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» өлеңі 1889 жылдың акпанында (№7) «Дала уалаятының газетінде» жарық көрген. Бұл тұста Абайдың да, Ұбырайдың да көзі тірі (Ұбырай сол 1889 жылы 17 шілдеде қайтыс болған – С.О.) Ұбырайдың Абай өлеңін окуы ғажап емес.

1884 жылы «Оренбургский листок» газетінде (№15) Ұбырай шәкірттері мен ізбасарлары «Біздерге, көшпенділер үшін Ы.Алтынсарин қандай қымбат болса, оның шығармалары да сондай қымбат, мұны Россияда зиялғы әдебиеттің қандай зор роль атқарғанын білетін адамғана түсіне алады. Біз Алтынсариннен бүтіндегі бір халықтың оның бүкіл өмірінің ақыл-ойын, рухын, мінез-құлқының бейнесін көреміз», – деп жазды. Сондай-ақ Ұбырайдың 1880 жылдары «Оренбургский листок» газетінде мақалалары жиі жарияланып тұрған. Орысша-қазақша бірдей сауатты Абайдың бұл материалдарды оқымауы мүмкін емес сияқты. Оның үстіне Абайдың елі – Семей Торғаймен аралас-құралас. Торғай – Ұрғызыбай, Торғайбайлар тұған мекен. Мұны өмірден ертерек кеткен Ұбырай білмесе де, Абай білген болар?

Белгілі тарихшы, Казак ССР ғылым академиясының корреспондент -мүшесі Ұбырай Алтынсариннің үш томдық шығармалар жинағын шыгаруға атсалысқан Бегежан Сүлейменов те Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың таныстығы құдік тудырмайтынын, олардың творчествоның толысу кезеңдері хронологиялық жағынан тұспа-тұс келетінін, екі ағартушының қазақ жерінің түкпір-түкпірінде танымал болғанын айтып, «Ы.Алтынсарин болса Торғай облысы мектептерінін инспекторы сыңды аса жауапты қызметте болды, оның «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы құралы» тәрізді кітаптары бүкіл қазақ жеріндегі орыс-казақ мектептеріндегі оку құралына айналған, – дейді. – Бұл екі жайтын Абай назарынан ілікпеуі мүмкін емес. Сондай-ақ Қарқаралыға көршилес Торғай уезінде өмір сүріп, қызмет еткен Ұбырай да Абай сыңды атақты ақын әрі «төбебиді» білмеуі мүмкін емес. Оның үстіне олардың поэзиялық шығармалары сюжеттік әрі стильдік жағынан көп жағдайда ұқсас болып келеді» (Сүлейменов Б. «Ұбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі» «Ұбырай Алтынсарин тағылымы». А., «Жазушы», 1991. – 37-38 б.).

Журналистика тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х.Бекхожин де 1950 жылы «Тіл және әдебиет» жинағында жарық көрген «Абай және «Дала уалаятты» («Абай тағылымы», А., «Жазушы», 1986. – 355 б.) мақаласында газетте Ыбырайдың өмірі мен ісі туралы толық мәлімет басылғанын айттып, Абайдың оны оқымауы мүмкін еместігін айтады.

«Ыбырай мен Абай бір-бірін білген бе?» деген сұрағымызға жауапты М.Әуезовтің 1950 жылы 11 сәуірде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин – казак мәдениетінің зор қайраткері» мақаласынан талтық.

М.Әуезов «Абайдың Ыбырайдың білгенін, Абайдың езі қадрлелегендіктен Абай колжазбаларында Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармаларымен бірге Ыбырай өлеңдерінің де көшірілпін жазылып жүргенін айтты: «Абайдың әзінін тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегінен тегін емес, – дейді. – Бұқар, Дулат, Шортанбай Абайдың колжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, тараалып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман-бағыты және болашақ тағдыры бір акын екендіктерін танытушы еді... Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дауіріндегі зор мунарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып акқан кос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жаткан қос өзендей танылды» (Әуезов М. «Ыбырай Алтынсарин – казак мәдениетінің зор қайраткері». «Социалистік Қазақстан», 1950, 11 апрель).

Бұқіл қазақ халқына нұр-сәулесін шашып, олмес, өшпес із калдырыған Ыбырай мен Абай әлемі – парасаттылық пен пайымның, ұлылық пен ұлағаттылықтың ізгілік пен ізеттің, сұлулық пен інкәрліктың, достық пен туысқандықтың әлемі.

«Қостанай таңы», 21 қаңтар, 2005.

ЫБЫРАЙ МЕН АХМЕТ

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінін де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса,

Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары.

Халқымыздың кеменгөр ұлдарының бірі Әлихан Бекейханов 1925 жылы Ахметке хат жазып:

«Алтынсары баласы Үбірай хакында езің жазсан жақсы болар еді. Ол сенің ағаң емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хак» [Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, 1994 № 3-4. – 3 б.], – деп екеуінің бір-бірімен рухани жақындығын, мақсаттарының бір екенін айтты, үлкен сенім артады. Шындығында да, Үбірай мен Ахметте бір-біріне ұлттық мұддеден туған үксастық көп.

Ұлы ұстаз Үбірай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмтіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» [Таза бұлак. Алматы: Жазушы, 1988. – 204 б.], – деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім кандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» [Мектеп керектері //Қазақ, 17 май, 1914], – деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Қалың үйқыдағы қазақ халқын маса болып ызындал, санасына білім құю арқылы оятуды алдына мақсат етіп қойды. Агартушылық қызмет атқара жүріп оку-білім, мектеп, оқулық, оку жүйесі, мұғалім жайында көбірек сыр толғады. Үбірай Алтынсарин «Облыстардагы оку жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оку және тәрбие жұмыстаръ», «Оку құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те ага жолын жалғастырып, «Казақша оку жайынан», «Оку жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Орысша оқушылар» деген сияқты келелі мәселелерді қозғайтын мақалалар тудырды. Оларда халық ағарту ісінің мұн-мұқтаждары айтылып, оку ісін жаксартудың жолдары да көрсетілді.

Аханың «Казақша оку жайынан» [//Қазақ, 16 май, 1913] мақаласында редакцияға («Казақ» газетіне – С.О.) мұғалімдерден бала оқыту үшін бағдарлама (автор бағдарламаны әуелі орысша «программа» деп алғып, жақшаның ішінде «жосық» деп аудармасын көрсетілті – С.О.) сұраған етініш хаттар жіңі түсетінін, бірақ әліппеден басқа бастауыш мектептерге арналған оқулықтар әлі де шықпағандықтан, бағдарлама жасау мүмкін емес екенін түсіндіреді.

Баланы оқыту үшін әуелі оларға арналған кітаптарды дұрыстап мәнді-мағыналы, ұғыныңты етіп шығару керектігіне тоқталады.

Осы жерде біздің ойымызға сонау егемендік алған алғашқы жылдардағы кейір келенсіз істер оралады. Окулық жоқ, бастауыш мектептердің мұғалімдері жетіспейді, соған қарамастан, көптеген ауылдар мен аудандарда, облыстардың орталықтарында, қалаларда бастауыш мектептер ашылып, лезде жабылып қалды. Осының бәрі ойласпағандықтан, алды-артымызды шолып, бүтінімізге, ертеңімізге көз жүгіртпегендіктен, келте ойлаудың, асығыстықтың салдары. Ұлы ұстаз соны ғасыр басында-ақ «Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлан алып, соナン соң нeden бастан, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс», – деп, сокырга таяқ ұстаратқандай етіп айтты кеткен екен-ау...

Одан әрі автор әркім өзі маманданған, колынан келетін іспен айналысканы жөн екенін айта келіп, мұғалім баланың мінез-құлқын, жан-дуниесін жақсы білетін адам болуы керектігін ескерtedі. Болыстардың, билердің, соттардың, дәрігерлердің жіберген қателіктерін, халқымыздың надандығын сыйрап көрсеткеніміз сияқты бала оқытуда да қандай мін барын айтып, «елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та окумен түзеледі. Қазак ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгендеге окумен түзеледі. Бұл күндеңі үлкендердің көбі біздің жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар етіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, кайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Соңдықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», – дейді. Қазақша оқып, жаза білгеннен кейін ғана орысша окуға болатынын, яғни, сәбидің тілі алғаш өз ана тілінде шығуы керектігіне баса, мән бере жазады. Қазақ арасында білім нұрын сеуіп жүргендердің күнтей жағымен бірге қоленкелі тұстарына да көніл аударады. Бала оқытып жүргендердің көбісі ногайлар болғандықтан, олардың казақша дыбыстарды жақсы біле бермейтінін, қазақ тіліндегі дыбыстарды білмей тұрып казак балаларын жаңаша оқыту тәсілімен оқытуға болмайтынын ескерtedі.

«Екінші кемшілігі, – дейді автор ойын әрі карай дамыта түсіп, жинақтай айттып – казак мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ногай мұғалімдері де окуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың окуды, жазуды женілдетуге

пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру оку мен жазу үйретудін негізі, істің басы тұзу басталса, барысы да тұзу болмақшы».

Ғұлама ғалымның осы шілдесінде күнгө дейін жүзеге аспай келе жатқаны қынжылтады. Кешегі Кенес үкіметі тұсында да, қазір де балалардың тілі балабакшалардың қебісінде басқа тілде – орысша шығады да, мектепке барған соң казақша дыбыстарды білмей басы қатады. Тілі орысша шыққан бала «Қ»-мен «К»-ні, «Ғ»-мен «Г»-ні, «Ы»-мен «І»-ні, «Ұ»-мен «Ү»-ні, «Н»-мен «Ң»-ды айыра алмайтынын күнде көзіміз көріп жүр. Бұл тіпті мектепті орыс тілінде бітірген жогары оку орындарында оқытын студенттердің де басында бар кемшілік.

Көптеген ата-аналар істің мән-жайына терендең бармай, байыптағ қарамай, кінені балаларын орысша тәрбиелеген өздеріне емес, мектепке, соның ішінде казақ мектебіне, қазақша оқытатын мұғашимдерге артып, «казақ мектептері балаларды дұрыс оқыта алмайды, нашар», – деп, балаларын қайтадан орыс мектептеріне апарып оқытып жүргендері аз емес.

Ана тілімізді оқыту жайы қашан да маңызды тақырып болып, күн тәртібінен түспей келеді. Әуелі отбасында қанаттанып, мектепте әрі қарай ұшталмаған тіл балаға да, ұстазға да қызындық тудыратыны кімге де болса белгілі жайт.

«Осы замандағы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған», – дейді Ахмет. Бұл сөз бұрын да айтылған, қазір де айтылып келеді. Әттең, әлі қол қысқа... Ғылымға, өнер-білімге келгенде «Қысқа жіп күрмеуге келмейді», – деп кібіртікеп, кейін шегінуіміз – елімізді кейін шегіндіріл келе жатқан жоқ па?!

Ахмет Байтұрсынов – ұлтымыздың ұлы ұстазы. Оның әр айтқан пікірі, ойы – бізге жол нұскап, тығырықтан шығудың небір тәсілдерін үйретеді. Ыбырай Алтынсарин:

Бір Құдайға сыйыныш,
Кел, балалар, оқылық
Оқығанды көнілге
Іккласпен тоқылық!
Оқысаныз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдынан
Іздемей-ак табылар, –

десе, Ахмет Байтұрсынов:

Балалар, бұл жол басы дاناлыққа,
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұрыш қалалық па?!

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!, –
деп, бүкіл ғылым-білімнің басы – оқу екенін айтты, онын «ешпес жарық, кетпес байлық» екенін ұғындырады.

Ібырай:

Өнер-білім бар жүргіттар,
Тастан сарай салғызыды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзді ашып-жумғашла,

Жылдам хабар алғызды, – десе, Ахмет осы «Оку жайы» деп аталағын макаласында:

«Осы замандағы жан таңкаларлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған, суда бальцтай жүздірген ғылым. Дүнияның бір шеті мен бір шетінен шапшан хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, откемелерді жүргізген ғылым», – деп Ібырай сезін талдал, оны дамыта түседі. Сейтіп, Торғай облысы мен Қостанай уезінде қанша казақ тұратынын, олардагы мектен санын айттып, оның тым аз екеніне қынжылады. Қазақ мектептерінде де, оку ісі жақсы тәртілке койылмағанын, Қостанай уезіндегі 132 мектептің 109-ы ауылдық, жалпы қай жерде де казақ балалары үшін ашылған мектептердің көбі ауылдық екенін, онда оқыған балалар ілгері мектептерге келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алғып шыға алмайтынына өкініш білдіреді. «Қазақ балалары тәуірлек оқырлық школдарда қазыналық орын аз, өз күшімен оқытуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, одан 30-дан артық казақ баласын алмайды. Орта һәм жоғары школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың казактары үшін университет, институттарда 2-3-тен артық орын жок. Бұрынғы ашылған орындар эртүрлі сылтаумен көміген. Сейтіп, тәуірлек оқытын орындардың қазағы үшін есігі бекіп, жолы жабылған» [//«Қазақ», 21 апрель, 1913].

Сонау 1913 жылы жазылған осынау макалада бүтінгі күннің проблемасы да айтылып тұрғандай. Қазір де қазақша мектептердің дені ауылдарда, аудандарда. Калаларда қазақша мектептер мұлдас аз. Мысалы Қостанай қаласында әлі де қазақ мектептері жеткіліксіз.

Әрине, қазақ мектептерінің қазақтар көп жерлерде – ауылдарда көбірек болуы занды, алайда, облыс орталыктарында қазақ мектептері ашыла түссе, құптарлық та, қуанарлық та іс емес пе?

Осы секілді жоғары оқу орындарының акылы болуы да ауыл балаларының әсіресе, қазақ жастарының жоғары білім алуына көп кедергі тудырып отырганы да жасыратын жай емес. Ахмет ата тілімен айтсақ «Орта һәм жоғары школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында».

Автор макаласы «Қазак халқында бұл қундегі орысша һәм қазақша оқу жайы осы. Мұнан былай оқу һәм оқыту мәселесі «Қазақта» (автор «Қазақ» деп, «Қазақ» газетін айтып отыр – С.О.) түгел жазылып тұрмакшы», – деп түйінделеді.

Жанашырлықпен жазылған бул макаланың да оқырманға айтары мол, ойландыратын, толғандыратын, проблемалық мақала. Кезінде Ахмет көтерген сол түйінді мәселелердің әлі күнге шешуі табылмай келе жатыр.

Бұл жайында жазушы-ғалым Акселеу Сейдімбековтің: «Осы орайда, еліміздегі білім беру жүйесінің барлық сатысына катасты біздің әрқайсымыздың ең киел міндеттіміз – Ұлы Отанымыздың, ұлттымыздың тарихи-әлеуметтік тәл тұмасына үндес (аналог) бола алатын, сонымен бірге қоғамымызды шындауға ықпал ететін білім жүйесін орнықтыру болса керек, – деген сезі көкейге қонымды. – Енді мұндай білім жүйесі нактылы ұлттың, нактылы мемлекеттің тәл болмысымен санасу арқылы елікtesute болар, ал білім берудін мемлекеттік-ұлттық тұжырымдамасы дегендеге, тәл тағдырымыз негізгі тұғыр болуы керек» [Жас ұрпақ жеке телеарнапар жекеменшілігі емес //Қазақ елі, 1999. 18-24 желтоқсан].

Халықтың әл-ауқатына, шәкірттің білім дәрежесіне, талантты мен талабына орай оқу орындарында қазыналық орын көбірек болса, үздіктеріміз ертегі күннен умітсіз болмас еді.

Ыбырай Алтынсарин Торғайда, Үргызыда, Ақтөбеде, Троицке Костанайда мектептер ашса, Ахмет Байтұрсынов бүкіл қазаққа мектеп болды. Жана мектептер ашудың жолдарын көрсетті. «Кызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы он төртінші нөмірінде: «Школдар ашуга үкіметтің шамасының көлемейтіндігі анықталып отыр, үкімет 2116 кісінің ғана расходын көтермекші, ал балаларды тегіс оқытуға 20000-нан артық кісі керек. Соңдықтан бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салықты оқытушылардың һәм басқа

қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарагына (жұмсауға) міндетті болып, жергілікті оку белімдермен договор жасап, школ ашу керек. Ол школдардың жаңынан интернаттар ашу керею», – деп жазады ол.

Ыбырай қазак балаларына лайықтап тұнғыш «Қазақ хрестоматиясын» (1879 жыл) құрастыруши. («Қыргыз хрестоматиясы» деп аталған – С.О.) Бұл қазактың алғашқы оқулығының шығуы халқымыздың өміріндегі тарихи оқига еді. Бұдан кейін сол 1879 жылы онын «Қыргыздарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» деген кітабы жарық керді.

Ыбырай бастаған иті істі тағы да Ахмет жалғастырды. «Оку құраль» (1 кітап, 1912), «Қазақша оку жайынан», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Жалқылау, айырыңқы әдіс», «Қай әдіс жақсы», «Әліп-би» тағы да басқа оку-әдістемелік кітаптары соның айғагы. Бұл кітаптар әлі күнге дейін құнын жоймаган, мектептерде пайдалануға болатын бағалы қазыналар. Бұдан басқа да жазу емлесі, оку-ағарту, терминология мәселелері туралы мақалалары қаншама!

Ыбырай мен Ахмет іс жүзіндегі (практик) ағартушылар. Екеуі де ауызben айттып, жазып кана қоймай, мектепте өздері сабак берген. Сондықтан да олар мектеп қажетін жақсы біледі.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» жазған кіріспесінде «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған» бір де кітаптың жоктығынан оку орындарының мұғалімдері қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жур. Сондықтан, көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шекірттерге амалсыздан.. татар тілін үйренуге тұра келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де мәсінбегендікten, араб, парсы сөздеріне лық толған; ол сондықтан сауатсыз қазактарға түсініксіз», – деп жазса, Ахмет Байтұрсынов «Оқыту жайынан» [//Қазақ, 11, 21 сәуір, 1912] деген макаласында «Бұл күнде қазақша окуда кемшілік көп. Өүелі, оку құралы кітаптар жок. Ноғайша (Торгай қазактары бұрын татарды ноғай дейтін – С.О.) оку құралдары қазакка үйлеспейді», – дейді.

Ахмет «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты еңбекінде де шығарма талдағанда Ыбырай өлеңдері мен әнгімелерінен мысалдар келтірді:

Уміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаңына жәрдем берсін күдай тағалам.

Атан мұнда анаңмен есен-аман,
Сөйтіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсын,
Сабакқа көңіл болсөн, басыларсын.
Ата-анаңды өнер білсөң асырарсын,
Надан боп білмей қалсаң ах ұрасын.

Шырагым, мұнда жұрсөн не етер едін?
Колына құрық алып кетер едін.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едін?!

Бұл Үбірайдың «Балғожа бидін баласына жазған хаты» деген елеңі екенін қазір екінің-бірі білсе керек. Осы сиякты Үбірайдың «Жәнібек батыр» атты әңгімесін де мысалға келтіріп, «Мазмұн түрінің аралас келетін шыгарма мысалы жоғарылағы «Жәнібек батыр» деген сөз» деп анықтама береді.

Ахмет Үбірайдың «Қайырымды тұлқі», «Егіннің бастары» мысалдарын әрі қарай жалғастырушы.

Бұл – қалай да халыққа жетсін, оқысын, түсінсін, сийлансын, оянын дегениңен туындаған іс. Мәселен Ахмет Үбірайдың «Қайырымды тұлқісін» (12 шумак) сол қалпында ала отырып, оған өз жанынан:

Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан Тұлқі залым.
Карасан, ел ішінде аз ба адамдар
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?

Пана боп, өзің сакта, құдіретім,
Кімде-кім балапандай қалса жетім.
Жұмсақ тіл, көnlі қатты залымдардын

Ете көр жетімдерден аулақ бетін, – деген екі шумак косып, мысалдын неге жазылыш, нені мегзеп отырғанын халыққа түсіндіреді. Осы сиякты Үбірайдың казақшалаган «Егіннің бастары» /4 шумак/ мысалына да:

Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,
Ойлама кем екен деп бәрі соナン.

Және де экесі айтты баласына:

Сұктанба күр сорайған карасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл Бидай дәңсіз қапты арасында.

Бидайлар басы тольық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл Бидайдың дәні болмай,
Кекіреіш, кекке қарап бұлініп тұр.

Елде көп бұл билайдай адам, - дейді,
Тәкаштар, - оны халық жаман, - дейді.
Қалпы емес тәкаппарлық данышпаннның,
Тұтынба бұл мінезді, балам, - дейді, -

деп өз жаңынан төрт шумак косып, И.Крылов пен Ыбырайдың айтарын халық санасына құйып, анықтай, айқындаі түскен.

Жеті шумак «Қарға мен тулкі» мысалын Ыбырай И.Крыловтан жеті шумак етіп қазақшаласа, Ахмет он екі шумак етіп қазақтардың таным-түйсігіне лайықтап кайта жазып шыққан.

Екеуінің де илегендері бір терінің пүшпагы болғандықтан, әрі ой-мақсаттары тоғысын жатқаннан кейін сездері де қабысып, бірін-бірі толықтыра түседі.

Ыбырай казақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі болса, Ахмет бұл істі де абыройлы жалғастыра білді, дамытты.

Ыбырай Алтынсарин ұлттық газет шыгаруды ойлад 1879 жыны казақ жергілікті патша әкімшілік орындары алдына ұсыныс хат жазыпты. Ол болашақ газеттің макетін жасап, 45x35 формат көлемінде сегіз бет болып шығатынына дейін көрсетілті. Газеттің алғашқы төрт беті қазақ тілінде, кейінгі төрт беті алдыңғы төрт беттін аудармасы ретінде орыс тілінде жарық көрүі керектігін айткан. Газет «Қазақ газеті» деп аталуға тиіс екен. Алайда, патша әкімшілігі бұл басылымды шыгаруга рұқсат бермейді.

Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеру үшін баспасөздің атқарар қызметінін зор екенін түсінген Ахмет те ұлттық газет шыгаруды ойлад, Ыбырайдың мақсат-мұддесін іс жүзіне асырып 1913 жылы биресми ұлттық «Қазақ» газетін дүниеге әкелді. Әлихан Бекейханов саяси жетекшілік жасаса, өзі басшы, үзенгілес інісі Міржақып Дулатов қоспыш болды. Газеттің алғашқы кездері негізінен ағартушылық бағытты ұстануы да Ыбырай идеясын

жалғастырып, жаңдандыра түскендей. «Қазақ» газеті (1913-1918) катарадағы жай газет емес, қазақ зиялыштарының ояңған сана-сезімінің көрінісіндегі, ғұмырнамасындағы, еркіндік аңсаған елдің байрагындағы еді. Тенденција үшін алпауыттармен айқасқа түскен ерлердің намысын жаңыш, «окуртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап. халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын корғай, зарына қарсы турын, қарғаға көзін шұқытпасқа» (А.Байтұрсынұлы) бекем бел буган басылым болатын. Бұл газеттің 1918 жылғы 2 наурыза Кеңес үкіметі жапқанға дейін 265 саны жарық көрді. Бұл басылым туралы Ахметтанудың алғашқы бастаушысы – Мұхтар Әуезовтің «Қазак – елшілдік ұраны» деп үлкен баға беруі де тегіннен-тегін емес-ті.

Калай дегенде де Ахмет Ыбырайдың іске асыра алмай кеткеш идеаларын әрі қарай дамытушы, заңды жалғасы...

«Саясат», №2. 2003. -13-15 6.6.

ЫБЫРАЙ МЕН ТҮРМАҒАМБЕТ

Ы.Алтынсарин (1841-1889) мен Т.Ізтелеуұлы (1882-1939) өмірінде, шығарманылығында ұқсастық көп. Ыбырай 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясы жаңынан қазақ балаларына ариналыш ашылған жеті жылдық мектепте Орынбор мешітінің ахуны Ғұсман Мұсаұлынан дәріс алып, касиетті кітап Құранды еркін аудара алатын жағдайға жетсе, Т.Ізтелеуұлы алдымен ауылдағы Кожабай, Алдашбай, Ораз, Қалжан сиякты заманының озық ойлы ахундары мен ишандарынан білім алып, кейін сол тұстағы Таяу, Орта, Шығыс және Орта Азия елдерінің ұлық тұтатын, XVI ғасырдан білім ордасы саналыш келген Бұхардағы атакты оку орны - «Мир-Араб» медресесіне түсіп, уш жылдан кейін сондайы «Көкелтап» медресесіне ауысып, осы оку орнын бітіріп шығады. Сондыктан Ыбырай да, Тұрмагамбет те араб, парсы тілдерін жақсы білген. Шығыс поэзиясында кездесетін бейнелі сөздер мен ұғымдар, тенеулер, баламалар екеуінің өлеңдерінде де көрініс табатыны сондықтан.

Ыбырай, қазак даласында тұнғыш жаңа үлгідегі мектеп ашып, оның бағдарламасын жасаған, өзі сабак берген ұлы ұстаз әрі жазушы болса, Тұрмагамбет те ұстаздық пен ақындықты ұштастыра білген талант иесі.

Тұрмагамбет Ізтелеуовтің туғанына 80 жыл толуына орай Әбділдә Тәжібаев пен Мұхамеджан Каратаевтың бірлесіп жазған

«Өлкемізде өскен өрен акын» деп аталағын мақаласында Тұрмагамбеттің «Шәкіртерге», «Балаларым», «Ұлдарым», «Тәлім», «Адамдық іс», «Камын ойла халықтың», «Халыққа қайрама тісінді», «Мәнді сөз» өлеңдерінің Ыбырай Алтынсарин өлеңдерімен мақамдас (авторлар осылай мақамдас деп алған - С.О.) екені айтылады [// «Оңтүстік Қазақстан», 10 шілде, 1962 -3 б.]

Ақынның бұл балаларға үтіг-насихат ретінде жазған шығармалары Ыбырайдың «Кел, балалар, оқыльп», «Өнер-білім бар жүрттар», «Балғожа бидің баласына жазған хаты» өлеңдерімен үндес.

Ыбырай: «Өнер-білім бар жүрттар

Тастан сарай салғызды» [«Қазак хрестоматиясы». - Алматы: «Білім», 2003 -10 б.], десе, Тұрмагамбет: «Пайда көп өмір сүрсөн, өнерінде», -дейді. [Шығ. 1 т. Алматы «Жазушы», 2007.- 47 б.].

Ыбырай: Шырағым, мұнда жүрсөң не етер едің?

Колыңа күркін алып кетер едің.

Тұрмагамбет: Төр түгіл, төменин де тимейді орын

Жүрсөңдер жалқаулықпен жазы-қысы.

[«Балаларым», 1т. 30 б.].

Ыбырай: Бір құдайға сыйыншы

Кел, балалар, оқылык!

Тұрмагамбет: Білімге жастай жұмса әлінді. [«Ұлдарым», 1т. 32 б.]

Ыбырай : Ақылсыз жанды досым деп

Басыңды қосып сыр айтпа.

Тұрмагамбет: Артықша ықласың ауғанменен

Сыр айтпа, сынап бүрын көрмегенге. [«Қайтесен де өз халқына қызмет ет», 1т. 40 б.].

Екі ақынның жас үрлакты оку-білімге, адамгершілікке, әділдікке шақыратын өлеңдері гана емес, басқа тақырыптағы жырлары да мазмұндас, бір-бірімен үндесіп, бірін-бірі толықтыра түседі. Өйткені мақсат-мұдде бір, ол - халықты ізгілікке, қайырымдылыққа үндеу, нәр алған бастаулары ортақ- қасиетті Құран, Мұхаммед пайғамбардың есiet хадистері. Оның үстінē екеуі де, жоғарыда айтканымыздай, шығыс әдебиетін жақсы білген.

Тәжікстандық әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдусаттар Нуралиев «XIX және XX ғасырлардағы тәжік-казак мәдени-әдеби байланысы» атты монографиясында: «Атакты «Шахнаме» сюжеттері қазақ ауыз әдебиеті гана емес, жазба әдебиетінде де кең тараган. Әсіресе, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларында Шахнеменің ислізгі

кейіпкерлері - Жәмшид, Ескендір, Анушарван, Рұстем, Бихрам ж.б. есімдері ерекше бір құрметтеп аталады» [Душанбе, «Сурушан», 2001. -стр. 86-87], - деп, Ыбырайдың тәжік әдебиетімен байланысын атап етсе, осы кітабында Тұрмагамбеттің Бұхарада оқығанын, парсы тілін жақсы білгенін айта келіп «Шахнамені» аударғанына айырықша тоқталады: «Т.Ізтелеуов 1936 жылы «Шахнаменін» мың жолдан тұратын негізгі бөлігін аударып бітті. Аударма негізгі үш бөлімнен, бірінші бөлім «Жамшиднама» 14 мың жолдан тұрады, екіншісі - «Рустем-Дастан», 24 мың жол, ушіншісі - «Дарапнама», 4 мың жол өлең. Т.Жүргенов басқарған қабылдау комиссиясы бұл жұмысқа жоғары баға берді» [95 б.].

Ертеден келе жатқан әдеби дәтүрлердің бірі -нәзиралық. Нәзира дәстүрі-бір ақынның жазған шығармасын екінші ақын өзінше қайта жырлау. Жазба әдебиеті өкілдерінен бұл әдісті алғаш бастап берген Ыбырай мен Абай болса, оны әрі карай терендетіп жалғаушылардың бірі «Сыр сұлейі, жыр дүлейі» атанған Тұрмагамбет Ізтелеуұлы. Ол «Шахнамені» осы нәзиралық дәстүрмен қайта, өзінше жырлаған.

Мұхаммед пайғамбардың өсінет хадистерінде: «Егер адамда төмендегі үш қасиет болатын болса, Алла оған ризалық білдіріп, жұмакқа жібереді, олар: әлсіздер мен кедейлерге қайырымдылық; ата-анага мейірбандылық; өзінің кол астындағылармен жақсы қарым-қатынас және мейірім» [Шымкент, Азиат, 2005. - 31 б.]- делінеді.

Ыбырай: Fapіп-қасер, нашарларға камқор болсан,

Сол нашарлар қундерде көмек берер.

[«Өсінет» // Ана тілі, 13 акпан, 2003. -11 б.]

Тұрмагамбет: Бақ коныш бастарыңца бітсе дәulet,

Көзің сал көкірегі шерлегенге.

[«Қайтсең де ез халқына қызмет қыл», 1т. 40 б.]

Мұхаммед пайғамбардың өсінет хадистерінде «Алланың бергеніне қанағат қылу - бұл берекеттің ешкайда кетпейтінін кепілі» [88 б.], - деп жазлыған.

Ыбырай: Фали айтты: -Қанағат ретпенен ете білсен,

Асылына айтқан сөздің жете білсен,

Сол болар дәulet деген, ей, жұһит,

Қанағат бар нәрсеге ете білсен.

[«Өсінет», // Ана тілі, 13 акпан, 2003. - 11 б.]

Тұрмагамбет: Шайтанға шатын басынды беретүғын

Нәпсін-жау, көргенінмен жалғасындей.

[«Жаралған жалған дүние...», 1 т. 108 б.].

Кұранда, діни кітаптарда, Үбірай шығармаларында кездесетін Дәуіт, Сүлеймен, Наушеруан, Лұқпан хакім, Жусіп-Зылиха есімдері Тұрмагамбет жырларында да ұшырасады:

Үбірай: Жылаған Дәуіт патша тоба қылыш,

Өзінің пенде екенін сонда біліп.

Мұнан соң Так-Сүлеймен туды дейді,

Отыз ұлға бір өзін жора қылыш.

(«Өсиет өлеңдер» Қазақ хрестоматиясы. -Алматы: «Білім», 2003. - 89-90 б.б.).

Тұрмагамбет: Дүниядан Дәуіт мұрсал көшерінде,

Жұртының жисап ақсақ мешелін де:

-Өт,-деді-барлығың да -болса ақын,

Тәңрінің таныла қоймай есебінде.

...Атаның ауытқытпай, ұстап салтын,

Алжассыз атқарды эрбір андал, істі.

Жайылып жаһанға аты шаңы Сүлеймен,

Қырандай жаңа түлек самғап ұшты.

(Шығ. III том. Алматы: «Жазушы», 2007. -145 б.)

Екі ақын да Сүлеймен патшаны жыр етеді. Такырып ортақ, ойлары да қабысып, Үбірай өлеңін Ізтелеу жалғап әкеткендей әсер қалдырады.

Шығыста көп тараған жырлардың бірі - «Жусіп-Зылиха» құссасы. Жусіп пен Зылиха махаббаты талай ел ақындарының жырларына арқау болған. «Жусіп» әңгімесі Кұранда да бар.

Үбірай: Зылиқа, Жусіппенен сұлу өткен,

Тұрмаган ажар ара ажалына!

[«Өсиет өлеңдері», 92 б.]

Тұрмагамбет: Сиққын ел-Зылиха ертеде өткен,

Өздері - Жакыпұлы Жусіп болар.

[«Жақсы адам»... 1 т. 148 б.]

Үбірай: «Ескендір патша болып, дүниені алған

Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман,

Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,

Ізденіп, мәнгі сүйн соған барған» (89 б.)-

деп, Ескендірдің ішкен адам ғұмырын мәнгілік ететін су іздеуін, алайда ішпек болғанда су аузына бармай қойғанын айтса, Тұрмагамбет Ескендірдің аспанға жайған екі алақаны қабірінің

сыртына шығып жатқанын баян етіп, оның қызының аузына мынадай сөз салады:

Деп айткан: Даналарым, дағдармандар,

Атамның ішаратын түрмұн біліп.

-Көлымда, қара, халқым, не бар? – дейді –

Мұндайша өткеніммен дәурен сүріп?! (3 т. 91 б.)

Айтпақ ой бір. Ол-бай болсаң да, патша болсаң да асып-таспа. О дүниеге ешкім ештеңе алып кетпейді, дүниекоңыздық, қанағатсыздық орга жығады.

Ыбырай да, Ізтелеу де қазақтың өшпес мұрасы бай ауыз әдебиетінен нәр алып өскен акындар. Сондықтан екі акынның өлеңдері де халық ауыз әдебиеті нұсқаларына жақын.

Қазақтың қара өлеңі:

Жігіттер, күліп-ойнап көніл аула,

Жер көріп, ел танып ес деңін сауда.

Кетпейтін жаңға үксама бұл дүниеден,

Кез келсөң айла болмас ажал-жауга.

(«Қара өлең», Алматы: Жазушы, 1989.- 167 б.)

Ыбырай: Іске аспай бак-дәулетің қалтуы оңай,

Басынан бағың тайған шағындыза.

Тұрмагамбет: Мақтаңып: «Мен мұндаймын»,-дегенінмен,

Ей, ақымақ, ақырында сол ғой баһаң.

[«Бектерім...», 1 т. 86 б.].

Баһа-парсы тілі, баға, күн дегенді білдіреді.

Қазақтың қара өлеңі: Дүние қолда түрмас сынаптайсың,

Күлаған таудан төмен бұлактайсын.

Жатпайсың жақсыға да бұйырқалап,

Сүм жалған енді кімге тұрақтайсың?

[«Қара өлең», 181 б.]

Ыбырай: Қадамы әзиз ердің ұзамайды,

Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.

Тұрмагамбет: Габаның тағдыр бітіл тайса бір күн

Тұтқасын тірліктің тауып алшы.

[«Әй, нәпсім», II т. 10 б.].

Тигенмен төбен көккө, бітсе күнің

Көзінді коймайды өлім ақыры алмай.

[«Ер болсан...», 1 т. 85 б.].

Ақындар дүниенің өткінші екенін жарыса жырлағандай. Екеуі де аз күндік тіршілікте байлыққа мастанбай, сабырлы, қайырымды, ізгі

булуға шақырады. Бұл Орта Азия мен қазақ жазба әдебиетіндегі қалыптасқан ғибрат айту дәстүрі. Қазактың қара өлеңінен, Жусіп Баласағұның «Құтты білік» (Х ғасыр), Әмір Кейкустың «Кабуснама» (XI ғасыр) кітаптарынан бастау алған даналық ақыл, нақыл, еснет, үгіт-насихат сездер сабактастыры.

Мардан Байділдаев «Тұрмажамбет ақының әдеби мұрасы» деп аталатын мақаласында оның орыс тілін өз бетімен оқып, үйреніп, Крыловтың бір-екі мысалын казақша аударғанын айтса [«Социалистік Қазақстан, 18 маусым, 1959»], Галым Тоқболат Еңсегенов «Ақын мұрасы» мақаласында: «Әрине, реалистік бағыттагы орыс әдебиетінің оларға күшті әсер еткені сөзсіз», - деп жазады. — Бұл топқа орыстың әйгілі сыншыл ақыны И.А.Крыловтан үлті алып, азды- көпті мысал жазған Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевты, С.Торайғыров пен С.Дөнентаевтарды қосуға болады. Ал шығыс әдебиетінен сусындал, мысал жанрын дамытуға улес қосқандар - Майлыхожа Сұлтанқожаұлы, Тұрмажамбет Ізтелеуов, Молда Мұса және басқа ақын шайырлар» [«Ақын мұрасы», «Мәдениет және тұрмыс», 1982 №7]

Тұрмажамбет те И.А.Крылов мысалдарын қазақшага аударған, өзі де мысал өлеңдер жазған («Өгіз бен есек», «Көккүтан мен шымшық», «Төрт дос»). Яғни, Ыбырай да, Тұрмажамбет те аудармаши. Т.Ізтелеуұлының парсы поэзиясының ұлы ескерткіштері «Рұstem-Дастан», «Шаһнама» дастандарын қазақша сөйлетуі-қазақ халқы үшін де өшпес мұра болып қалды.

Ыбырай Торғай ақындық мектебінің екілдері - Сейдахмет Бейсенұлы, Ақмолда Орынбайұлы, Құдери Жолдыбайұлы, Нұржан Наушабайұлдарына, Тұрмажамбет Сыр бойы ақындары - Кете Жусіп, Қанды Жусіп, Қарасақал Ерімбет, Нақып, Денімұрын, Шораяқтың Омарына ұстаздық жасаған, шындыкты ту еткен ұстаз ақындар.

Ыбырай реалистік поэзияның бастаушысы, қазақтың жазба керкем әдебиетінің қарлығашы болса, Тұрмажамбет те елімізге Шығыс лебін әкеліп, қазақ жырына жаңа түр қосқан жаңапшыл ақын.

2. ШЫГАРМА КӨРКЕМДІГІ-ТІЛІНДЕ

Ыбырай сатирасының ерекшелігі

Озі де өлең шығарыш, сөздің майын тамызған Балғожа атасы Ыбырайды бала кезінен-ақ сез өнеріне баулып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жаттатып өсірген. Сыншылдыққа, шынышылдыққа тәрбиелеп, нені болса да жасырмай, бетке айту керектігін үйреткен. Оны мына жайтардан анғару кын емес.

Балғожаның жақын ағайындары Айтока, Байтоқа деген ағайынды екі кісі болыпты. Байтоқа ит жүгіртіп, құс салатын атакты аңшы екен. «Ұрыспайтын іні болмайды, керіслейтін көлін болмайды» дегендегі, бір күні осы ағайынды екеуі болмашы нәрсеге көріспін, Байтоқа ағасына өкпелеп, Қарабалық Наурызбай биге көшпек болады. Дәл сол кезде Балғожа би ел аралап журіп ағайындарына келсе, жанжалдаң устінен шығады.

Балжекенің қасында жасөспірім Ыбырай бар екен. Үйге түсіп жай-күйді білгенмен кейін Балжекен: «Ыбырайжан, мына Байтоқаға бірдене деши» – депті. Сонда Ыбырай:

«Уа, бай-еке, тыңдасаң,
Біздің сөзді ұгарсың.
Итің менен құсынды
Сонарда алыш шыгарсың.
Аңынды алған байласаң,
Наурызбай биге ұнарсың.
Жекіріп айтса бір сөзді
Күлагынды мықтап тыгарсың.
Бөденедей бұгарсың,
Ішінден судай тынарсың.
Нұралы ердің ұрпағы ең
Оған қалай шыдарсың?
Кой, аға-еке, көшуді,
Дүшпаның күйіп ішінен,
Достарын естіп куансын», –

депті. Сол жерде Байтоқа ашыун басып, Айтоказмен табысып, Ыбырайга бір жорға тай мінгіліті. [Ұылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар коры К-397, қор №2].

«Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» демекіші, атасының тәлім-тәрбиссінде өскен Ыбырай да ойы жүйрік,

тапқыр да айтқыш, өнерпаз кісі болып өскенін жоғарыдағы әңгіменде де аңғарамыз. Ол 1862 жылдары Торғайдан мектеп ашуға елден каражат жинап жүрген кезінде бір мақтаншактығымен аты шықкан байдың үйіне кірмей, қасынан жаймен өте беріпті. Мұны байқал қалған бай:

– Біздің үйге неге кірмедің, бір 15 тиын бере алмайды дедің бе?
– десе керек.

Сонда Ыбырай:

– Сіздің 15 тиын беріп, ертең елге 15 сом бердім деп жарсалатыныңызды біліп кірмей кетіп барамын, – депті.

«Азған елдің хандары» аталатын сатирапың шолуында ақын қожалардың үй жағалап, жабықтан сығалап тамак андитынын, балашағаны, үй-ішін састырып, баса-көктеп төрге ұмтылатынын, молдалардың Алла атын жамылып көрмей-білмей тұрып-ақ біреуге күәлік бере салатынын, билдердің малы барға бұрып, кедейлерге жаңы аши бермейтінін айтып, «Бұғін тоба қылмайын, ертең тоба қылайын, қашан тоба қылғанымша үзіп-жүлкүп алайын» деп Құдайдан қорықпай арсызыдыққа баратын арамзаларды сын садағына алады.

Ұлы ұстаз «Надандық» аталатын циклды әңгімелерінде де дүмшелер мен не болса соған сенетін ашық ауыз пенделердің іс-әрекеттерін, арамзалықты, паракорлықты сынайды, окушысын надандықтан жирендіреді.

1911 жылы «Айқап» журнальының бірінші нөмірінде «Өлең-жыры» деген айдармен берілген «Ы.Алтынсариннің (Өлең сонында марқұм Ыбырай Алтынсарин сөзі) деп жазылған» өлеңінде де ақын өмір сүрген бірліксіз-берекесіз заманынын, заманына сай «бір-бірімен андысып, бір-біріне иттей үрген» адамның мейірімсіздігі, қайырымсыздығы, арамдығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет жоқтығы сыналған:

Не болды бозбалаға мұнша болып,
Өлерсін қайғыменен бүйтіп жүріп.
Бес күндік дүние өтер аттай желіп,
Жүрсепші кез келгенде ойнап-куліп.
Арғымақ бозбалалар атты мініп,
Бар болса елде жақсы өзімсініп,
Жарындаи «қырық шілтеннің» бас қосқанда
Ибасыз сыр айтысып ойнап-куліп.
Арада он жыл өттей, аһ дарига,
Жоқ бол-ақ кеткениң бе қазақшылық.

Бұрынғы қайда кеттің ағаларым,
Үмітпен жүрт қараган даналарым.
Танымай ата ұлды, ана қызды,
Алады қандай гибрат балаларын.
Құрбылар, қайда қалдың бірге жүрген,
Сұранып хал-ахуалды бірге көрген.
Абырайда қанша олжасы қүнде,
Аңдысып бір-бірінді мұнша бұлғен.
Арада бір үшін қарайысып,
Өсектеп бір-бірінді иттей үрген.
Адам жоқ сыйласатын амандақта.
Досын жоқ ат салысадар жамандықта.
Агадан мейір, ініден қайыр кетті,
Айналып дүние жүзі арамдықта.
Бір адам күліп жүрген көре алмайсын,
Бір үйге иесінсіз ене алмайсың.
Тамызыса сөздің майын біреу келіп,
Айтты деп қай пейілмен сене алмайсын.
«Кұдайым» бұлай жазса не дүр шара,
Сыбырсыз әнгіме жоқ екеу ара.
Ойласаң қайым етіп мұның берін,
Болады ғаріп көніл пара-пара.
«Кұдая ала көрме қаһарыңа» деп
Кыламыз ертелі-кеш хакқа нала.

Бұл өлең туралы ғалым Әуеслек Қоңыратбаев «Ол жылдары журналдың әдеби бөлімін С. Торайғыров басқарып отырғандықтан өлеңге ыбырайдың катысы жоқ деуте болмайды. Оның синтаксистік құрылышында ыбырай поэзиясына тән ерекшеліктер де жоқ емес», – дей келіп: «Өлеңге капиталистік дараыштық, бәсекешілдіктен туган қайырсыздық, арамдық, өсек-өтірікке салынушылықтын суреті дұрыс жинақталған [Қоңыратбаев Ә. «Қазақ әдебиетінің тарихы», - Алматы: «Санат», 1994.-144 б.], – деген пікір білдіреді.

Ыбырай – алдымен ағартушы. Сондықтан да ол нені сез етсе де, қандай тақырыпты қозғаса да сол ағартушылық көзқарасынан таймайды. Балаларға тәлім-тәрбие беру жағына көбірек көніл бөліп, жаман қылыштардан жирендіреді. ыбырайдың шығарма жазудағы негізгі мақсатының өзі балаларға пайдалы ақыл-кенес беріп, ізгілікке, ізеттілікке, адамгершілікке баулу. Сол себепті де оның сатиравы өлеңдерінде мысқыл, әжуа, сай-сүйекті сырқыратар аңы сез, кекесін

кездесе бермейді. «Тілдемей, қатты айтпай, ұстаздық үнмен жөндем болға шақырады» [Қожакеев Т. «Сатира негіздері», - Алматы. «Санат», 1996.-262 б.].

Ыбырайдың сатиравың шығармаларының енді бір тобы аудармалары. Ақын аудармаларын қарастырганда аударма түпнұсқасына келе ме, келмей ме дегенмен горі неге аударды деп оны шығарманы аударудағы негізгі мақсатына назар аударған жөн. Өйткені ол замандығы аударма мен қазіргі аударманың айырмашылығы – жер мен кәктей. Ертеде аударылған шығармалардың көбі түпнұсқа негізінде жазылған төл, көркем туынды. Олар шығарманы басынан бастап аяғына дейін көркемдік қуатын, бейнелілік эсерін сактап, идеясын толық жеткізуі максұт тұтпаған, айтпак ойына қарай өз көзқарасын қосып еркін аударған. Ыбырайдың И.А.Крыловтан аударған мысалдары да сондай еркін. Ыбырай кімнен, қандай шығарма аударса да бірінші оның тәлімдік-тәрбиелік манызына назар аударып, ел қоңылған шығып, көзін ашатын, өзінің ағартушылық идеясына сәйкес туындыларды ғана таңдаған. Яғни аударманы өз халқының ұғымына лайықтап, тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Ұлы ағартушының осы дәстүрін оның ізбасарлары мен шәкірттері Асылқожа Құрманбаев, Ахмет Байтұрсынов, Сландияр Кебеев, Бекет Өттөтілеуовтер жалғастырып, бала тәрбиесі құральына айналдырды.

«Қарға мен тулкі» мысалында ашыққан тұлқі ағаш басында ірімшік тістеп отырған қарғаны көріп, оны «әр сезің күміс, алтын» деп сандуғаш, бұлбұлға тенеп мактай жөнеледі. Бұған масаттанған қарға сілкініп, ішін тартып, миықтан күліп, бар пәрменінше аузын ашып «қарқ!» етеді. «Қарқ еткенде ірімшік жерге түсіп», оны тулқі ала қашады.

И.А. Крылов мысалындағы.

«Уж сколько раз твердила миру,

Что лесть гнусна, вредна; но только все не впрок,

И в сердце льстец всегда отыщет уголок»-

деген кіріспе мораль да, одан кейінгі:

Вороне где-то бог послал кусочек сыру;

На ель Ворона взгромоздясь,

Позавтракать было совсем уж собралась,

Да позадумалась, а сыр во рту держала.

На ту беду, Лиса близехонько бежала;

Вдруг сырный дух Лису остановил:

Лисица видит сыр, Лисицу сыр пленил,
Плутовка к дереву на цыпочках подходит;
Вертиг хвостом, с Вороны глаз не сводит
И говорит так сладко, чуть дыша» –

деген шумактар да жоқ. Ыбырай бұл жолдарды:

«Ашығын тұлсі журді жапандарда,
Тамак іздең жол шекті сапарларга...
Еш нәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.
Жүгіріп тұлқі саған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді.
Тістегені аузына тәтті ірімшік,

Оны көріп тұлқі-екен сейлей берді», –

деп суреттейді. Крылов мысалында ірімшік тістеген қарға бейнесі бір шумакқа созылса, ыбырай оны ықшамдап «Тістегені аузына тәтті ірімшік», – деп, тәтті дегенді қосып, әсерін күштейтіп, окушысын қызықтыра түсіп бір жолмен жеткізеді. ыбырай:

«Басын салып, күйрігын бұлғандатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып,
«Қарға таксыр, көз жасын көріңіз» деп,

Жыламсырап сейлейді жылмандастып», – деп тұлкіге баса назар аудартып, айтар ойын, қарға мен тұлқінің іс-әрекетін жалаң баяндамай, көркем тілмен бейнелеп көрсетеді. Сейтіл тұлқінің екі жүзділігі мен құлық-сұмдығын әшкереңдейді. Автор бұл аударманы жасағанда да ұстаздық мақсатпен, негізінен тәрбиелік мәніне баса назар аударып, балаларды мактансақтықтан сақтандырады. Өтірік мактау, сол етірік мактауға сеніп марқайып, мардымсу етек алып тұрган қазіргі заманда тек балаларғағана емес, бұл мысалдың улкендерге де ғибраты мол.

ЫБЫРАЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Ыбырайдың поэзиясының да, прозасының да басты тақырыбы – надандықтан құтылу жолы – оку, білім, өнер болды. Осы жолда ұлы ағартушының езі өмір сүрген XIX ғасырдағы казак қоғамының әлеуметтік және саяси жағдайларына да араласуына тұра келді. Ыбырай қай жанрға қалам тартса да оның шығармалары үтін асихаттық бағытта публицистикалық үнмен өрбіді.

“Таза бұлак” әңгімесінде үш жолаушы бұлактың басында кездеседі. Бұлак болғанда қандай, сұзы мұздай, айналасын ағаш коршап, жалырактары су бетіне төніп, ыстық-сұқтандың түрғандай. Сусындарын қандырган үшеудің бұлақ басына қойылған үлкен тасқа ойылып жазылған “Әй, жолаушы болсан осы бұлактай бол” деген жазуға көздері түседі.

Саудагер жолаушы жазылған жазудың адамға ақыл беретінін, бұлактың күні-түні ағып, алыс киырларды аралайтынын, бір бұлак бір бұлакқа ұласып, ақырында өзенте айналатынын айтады. Мұнан шығатын қорытынды: “Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сейтсен, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесін дегені ме деп білемін”, - дейді.

Екінші жолаушы мұсәпір молда мұның сөзіне келіспей, бұл жазудың мәні әріде жатқанын, кім-кімге де қол ұшын беруге даяр, ыстықтағанды салқыннатады, жанын рахатқа бөлейді, шөлдегенің сусының қандырады, онысына ақы дәметпейді. Сондайқтан да бұл “жаксылығынды ешкімге міндет етпе дегені болса керек”, - дейді.

Үшінші жолаушы көркем жігіт екен, үндемей тұрады. Жолдастары оны “сен не ойлайсын?” деп әңгімеге тартады. Жігіт шөп-шалам, киқым түсіп, өзі лай, маңайы лас болса, бұл бұлакқа ешкім де құмартпайтынын, жұрт күні-түні тынбай ағып, тазалығын сактап тұрғаны үшін ынтығатынын айтып, жазудың мәнісін бышайша түсіндіреді: “Көнілінді, бойынды осы бұлактай таза сакта, нешік бұлакқа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көніліңіз сол рәуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін” [Ы.Алтынсарин. Таза бұлак. – Алматы:Жазушы, 1988. –229 б.].

Автор үш жолаушының да аузына тәлім-тәрбиелік мәні зор сөздерді салу арқылы балаларға жалқау болма, еңбек ет, еңбек етсөн күндердің бір күнінде мұратына жетесің, жаксылығынды елден аяма, бірақ оны міндет етпе, жанынды да, тәнінді де таза үста, сонда ішкі

жан-дүниен жүзінен күннің сәулесіндегі көрініп тұрады дегенді әнгіме арасында сыналай енгізіп, шебер жеткізген.

“Киіз үй мен ағаш үй” шығармасы: “1876 жылда, мен судиялық орында тұрғанымда екі епташ (Епташ – татар тілі, жолдас, дос деген мағынада – С.О.) адам бір-бірімен ұрысып арызга келді” деп басталады. Бұл – шығарманың өмірде болған, шындық окиға екенін байқатады. Жылына дейін көрсетілген Суреттеу, баяндауы, жазылу тәсілі, композициясы – бәрі-бәрі очеркке келеді.

Очерктің қысқаша мазмұны мынадай: мешер мен қазақ қысқа жайлы, жылы үй салмақ болады. Мешер ағаш үйді, қазақ киіз үйді мақтап, екеуі дауласып, тіпті бірін-бірі сөге бастайды. Ақыры сот шыдамай екеуінің қанша мал табатының сұрайды. Олар 40-50 теңге табатындарын, екеуіне бір кішкене кос, бір кішкене жер үй болса жететінін айтады. Сот енді “Бұрын кайда тұрып жүруші едіңіз” дейді. Олар үй жалдап жүргендерін, оған қанша пұл төлейтіндерін баяндай жөнеледі. Дау ұзакқа созылады. Шығарма сонында сот:

“Сен мешер, жаз болса мынау қазактың салған косында бірге тұрарсың, соның үшін үстің қостың жарты пұлын сен толе; сен, қазақ, қыс болса, мынау мешердің жылы земленкесінде бірге тұрарсың, соның үшін земленкені сен де бірге істе” [Ы.Алтынсарин. Таза бұлак. – Алматы: Жазушы, 1988. –229 б.], – деген төрелік айтады.

Екеуі де “менікі дұрыс екен” гой деп шығып кетеді.

Ағаш үйдің тиімділігін айтуда арқылы автор отырықшылықты уағыздайды. Шығарманың өн бойында “келісіп істеген іс келте болмас” деген макалдың мән-мазмұны да жатыр.

“Жәнібек батыр” әнгімесіндегі Жәнібек Кошқарұлы - 1693-1752 жылдар аралығында өмір сүрген қазактың атақты биі, батыры. Жәнібектің тұнғышы Дәуітбай, Дәуітбайдан Мұса, Мұсадан Шеген. Шегеннің кызы Айменнен Ұбырай Алтынсарин туады. Яғни, Жәнібек - Ұбырайдың нағашы атасы. Жәнібек Кошқарұлы, кейде Шакшакұлы деп те атайды, аты анызға айналған батыр туралы ел арасында поэма, дастан, аныз әнгімелер жетерлік. Соңдықтан да халыққа кең тараған бұл әнгіменің де негізінде шындық жатқаны күмәнсіз.

Шығарма Жәнібектің бала кезінде ақыл-білім үйрену үшін Қаракерей Соқыр абызды іздел барып, бата сұрағанынан басталады. Соқыр абыз әділ бол, жаксы жолдас таң, дархандық жаса, жаксы жар тап дегенді макамдал, такпактатып, өзінің жүз жиырма алты жасқа келіп отырғанын да жеткізіп:

“ - Ұлым, қару жинасаң мылтық жи, жаяу жүрсөң – таяғын, карның апса – тамагын”, - дейді.

Жәнібек енді Кіші жүзде токсанға келіп отырган Тайған биге келеді. Тайған би екеуінің арасында сәл түсініспестік болыш қалады да Жәнібек атының басын бұрып жүріп кетеді. Тайған би баланың атын атап айқайлады, Жәнібек соңына бұрылғанда: “Атыңың басын бұрма, солай түр, жүзім кішілігінен бір ауыз сөзбен көнілінді қалдырыдым: өтізді өрге салма – қанатың талар, жаманға жүзінді салма – сағың сынар” [Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. -229 б.], - дейді.

Ақыл, накыл, өнегеге толы шыгарма окушылардың түсінігіне жеңіл тілмен, қысқа жазылған.

“Кел балалар, оқылық” өлеңінде малдың бір-ақ жұттық екені, ал оқыған адамың байлығы ешқашан жоғалып-жұтамайтыны, ким де, тамак та, өнер-білім де окумен табылатыны, картайғанда да білім сүйеніш болатыны айттылады. Атының бұл өлеңді жазудағы негізгі басты мақсаты – балаларға өнер-білімнің пайдасын түсіндіріп жеткізу. Педагог-акын сол мақсатының үдесінен шыққан.

Ы.Алтынсарин “Балғожа бидің баласына жазған хаты” өлеңінде “Оқымасаң ата-ананды асырай алмай, надан болып, қолына құрық алып мал сонында жүресін” дегенді ескерtedі. “Әй, достарым” атты өлеңінде автор “қолынан келсе, кайыр қыл, жогарыға оқ атпа, өзіңің басына түсер, ақылсызға досым дең сырынды айтпа, күндердің күні айғақ боп алдыңнан шығар, ақылсыз достан – ақылды дүшіпан артық”, – десе, “Әй, жігіттерде” азған елден, зиянды кісіден үлгі алмай, жақсымен жанасуға шакырады, бақсы-балгерге сене бермеу керектігін айтады.

Осы сияқты “Өнер-білім бар жүрттар”, “Әділдік көрмеген ушін төреге айттыған сөз”, “Өсиет өлеңдерде” де ақыл-накыл, үгіт-насихат, тілек мол.

Қай жанрдың элементтері көбірек үшყарасса, шыгарма сол жанр болыш есептеледі: Бұлардың бәрі өлен өрнегін жаңартып, деңгейін көтеріп, көркемдік тәсілдерін жетілдіру, әсерлеу мақсатында емес, мектеп окушыларына арналған оқу күралдарынан материал ретінде жазылған публицистикалық өлеңдер.

Оқу-ағарту ісі қашанда кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе. Үбірай негізінен осы ағартушылық бағытты ұстанып, оған бар күшінде, ақыл-ойын жүмсады. Өлеңдерін де, әңгімелерін де,

очерктерін де балаларға өнеге, білім беру үшін солардың ұғымына лайықтап жазды.

Халықты отырықшылыққа, егін салуға насихаттайтын Үбірайдың “Қыпшақ Сейітқұлы” әңгіме емес, очерк екені талай айттылып та, жазылып та жур. Өйткені Қыпшақ Сейітқұл – Сейітқұл Маманұлы 1770 жылы туып, 1830 жылы Қыстаубай қолынан қаза талқан. Очеркте айттылғандай, руы – қыпшақ, қыпшақтың ішінде Торы, Торының ішінде Қитаба.

Қыстаубай да өмірде болған адам. Нұржан Наушабайұлының «Сегіз Сері» дег аталатын дастанында:

«Он жеті жаста қол жинап,
Манына сарбаз құрапты.
Қыстаубайдай залымды
Алысканда бұранты» [Наушабайұлы Н. «Алаш», 110

б.], -дейді.

Бұл Қыстаубай Хиуа ханының қолшокпарларының бірі. Оны Сегіз Серінің өз елециндегі:

«Арқадан келген Сегізбін,
Патшаның қолын тойтарған.
Қоқан Хиуа жасағын

Кейін күып қайтарған» [Тандамалы шығармалары. Екі томдық. Петровавл, 2003- 1т. 248 б.],-деген жолдардан аңғарамыз.

Сейітқұлды өлтірген Қоқан шапқыншылығы кезінде Жанқожа батырмен бірге Кенесарыға көмекке барған Қаратамыр (руы) Тоқым тыққан Қыстаубай емес, Хиуа ханының баскесері Қыстаубай.

Маманның он баласының ақылдысы да, енбеккоры да Сейітқұл болышты. Ол елді біріктіріп, отырықшылыққа үндеп, түким себу, егін егу кәсібіне үйреткен. Сейітқұлдың қырық үйлі тобырымен Түркістан жақтан коныс аударып келгенін, сөзге шебер, батыл, қарулы кісі болғанын көнекөз қарттар жіп айттып отыратын. Қостанай облысының, Жанкелдин ауданына қарасты Еңбек ауылдарында Қорған деген жер бар. Сейітқұл Маманұлы сонда жерленген. Қазақтың алғашқы кәсіпкерлерінің бірі, елді дикандыққа баулыған бабамыздың басына жазушы К.Сәрсекеев улжек белгі орнатып, аты-жөнін өшпестей етіп тасқа жаздырып койды.

Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде «Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда етілті-міс» дейді.

Жақындаған Тілеумұхамед Сейдалиннің «Торғай өзені бойында егіншіліктің даму жағдайы» атты еңбегі қолыма түсті. Автор бұл еңбекінде Қыпшак Сейітқұл туралы быттайша сыр шертеді:

«Көнекөз қариялардың айтуынша Торғай казактарының арасында егіншілікті енгізу осы ғасырдың басына (Еңбек 1870 жылы жазылған – С.О.) жатады және 1770-1830 жылдар аралығында өмір сүрген қыпшактың Китаба-Торайғыр бөлімінің Қара бөлімшесінен шыққан Сейітқұлдың есімімен байланыстырылады. Қыпшак және арғын қарияларының айтуы бойынша табиғатьынан сирек кездесетін ақыл иесі бұл қазак жас кезінен елінің жағдайына өз назарын аударды және оны Ресей қарамағынан сондай-ақ онымен салыстырғанда күштірек Орта Азия хандықтарымен қауіпті көршілестікте көріп, олардың ешқайсысына да достық сезімін танытпайды. Нағыз еркін елдің ұлы ретінде жас қазак халқының мұндай қауіпті көршілердің ортасында еркіндікті сақтауы мүмкін еместігін гүсініп, еліне олардан алғыс жерден азат ел тауыш, оған өзінің көшпенді халқын көшіруді және осылайша оны бөтен ұлттардың әсіресе, сол кезеңде қорқынышты қәпір ел ретінде аты шыққан Ресейдің езгісінен босатуды армандаі бастайды. Осы арманмен, яғни елін бөтен елдің билеушілігінен құтқару мақсатымен ол балаларымен туыстарын тағдыр тәлкегіне тастап, бос жатқан және көшпенді халыққа ынгайлы орындар іздеуге Азияның түкпіріне аттанады, онда бірнеше жыл саяхаттап және еш жерден өзінің мақсатына сәйкес келетін жер таппай, енді ешқайда кетпейтіндей болып накты шешіммен өз еліне - Торғайға оралады.

Әлемді қанша шарласа да, қаншама бөтен елде болса да казактар Торғай мен Өлкейек деп атаған, өз руластары рахатын көріп жүрген Торғай өзені мен кең жазық далалы, байтақ өлкеге жететін жерді ешқайдан таппайды. Болған жерлерінің бәрінде ол еркіндіктің орынна билік үстемдік еткен отырықшылық өмір мен халқы көп калаларды көріп, олардан қашады. Сапарында кездескен бұл жағдай оның бастапқы жоспарын бұзып, арманынан біржола бас тартқызып, оның ақылды басына өз елін бөтен елдердің айналысатын кәсіптерімен, әсіресе, жерді егін мен бақшага пайдалану әдістерімен таныстыру ойын туғызады.

Өз даласының топырағын болған елдерінің топырағымен салыстырып, ол жерлерден елінің топырағында өседі-ау деген тұқымдардың бәрін алып келеді. Осылайша бидай, тары, жүгері, қарбызы, қауын, пияз, сәбіз, аскабак, өрік пен жүзімнің тұқымдарын

алғаш рет 1800 жылдары Сейтқұл біздің өлкемізге жеткізеді және тұнғыш рет Торғай-Қабырға өзендерінің бойына егіншілік күні бүгінге дейін сәтті жүріп жатқан Орынбор корғанынан 50 шақырым жоғары орналасқан Каракоға манына егеді. Сейтқұлдың тұқым себу тәжірибелерінің тек жүзім мен өріктен басқасының барлығы өте жақсы жүзеге асырылады, бірақ тек күштеге суғару жағдайында ғана. Кәсібінің жетістіктері кәсіпкерді ынталандырғаны соншалықты ол сол кезде далада орын алған өзара тартыс, барынта мен канашылыққа карамай аздаған жолдастарымен бірге көшіп-конған руластарынан бөлініп егіншілікпен айнатысуға ерекше ықданатпен, ынта-жігермен кіріседі. Барлық жерді тіміскілеген айуандардың тоқтаусыз шабуылы, жұмысқа пайдаланатын майдарының күнделікі барынталануы, ештеге де оның сол уақытка дейін өз елі білмеген бейбіт сібекке деген күлшішінен токтата алмады.

Күннен күнге жиілеген айуандық жортудар оның ерлігі мен егіншілікке деген ынтастын тоқтатпақ түрмак керісінше оған күш-куат косып және олардан қорғанудың дұрыс жолдары туралы ой салады, осы мақсатпен ол топырак үйіндісінен, біршама терен оры бар шағын қорған тұрғызады. Кираган орнының ізі анық байкалатын Сейтқул корғаны бүгінге дейін сакталған.

Егіншілердің киіз үйі қорған ішіне тігіліп, адамдар олардан егістікте жұмыс істеу үшін тек күндіз және сақтықпен ғана шыққан. Бұл корғанының салынуымен каяіп мүлдем жойылмағанмен азайғаны сонша оған Торайғыр-Қыпшак руының көшпені тобының тонау, барынта, катал қыстан малы қырылғаннан көще алмайтын жағдайға жеткен қазактары келіп, Сейтқул корғаны мен оның кәсібінен корғаныш пен ары қарай күн көрудің амалын іздеді.

Сонымен, Сейтқул үлгісі тек оның өз руластарының, қыпшактардың және тек Каракогада ғана емес, сонымен қатар даланың эртүрлі жерлеріндегі арғындар мен кәсіптері егіншілікке емес сауда мен тұз шаруашылығына бағытталған бөліктерден басқа жерлердегі қазактардан да еліктеушілер тапты. Осылайша, егіншілік Каракогамен бір уақытта Теке өзенінің сағасындағы Сарықопа саласында, Наурызым-Карасу өзендері бойындағы Наурызым орман аланкайларында, Жақсыбай және Сәнкібай көлдері манайында пайда болды.

Өз кәсібіне тек руластарының ғана емес, басқа да қырғыздардың бұлайша еліктеуі Сейтқұлды ынталандырып, одан әрі жігерлендіріп, Каракогада отырықшылдықты біржола орнықтырып, сол жерде

қаланың негізін қалау және көшпелі руластары үшін астық базарын ұйымдастыру туралы ой туғызды. 1830 жылы мезгілсіз каза болу себепті ол бұл ойның жүзеге асыруға үлгірмеді.

Сейтқұл өмірден өткеннен кейін бұл істі жолдастары мен шәкірттері жалғастырды. Осылайша даладағы алауыздық пен зорлық-зомбылық еңбекшінің адаптациясын табиғи түрде жоютын келенсіз жағдайларға қарамастан Торғайға енгізген бұл агрономдық бастама жойылтмай ғана қалған жоқ, қайта керісінше өте орнықты дәғдига айналды. Сондықтан да жоғарыда келтірілген жағдайлар егіншіліктің жедел дамуына тек кедергі ғана болды.

Даладағы егіншіліктің қандай деңгейде және қаншалыкты құшті кешеуілдесін 1800 жылдан Сейтқұл өлтірілген 1830-шы жылға дейінгі отыз жылдық уақыт аралығында Қарақогадағы егіншілер мен диқаншылар саны 80 үтеге әреке жеткендігінен, одан кейінгі он жылдықта, яғни Шығыс бөліктегі көтерілісі құлттан Кенесары Қасымовтың гонаушылығы ерекше күштеген уақыт аралығында егіншілер көбеймей, тек сол он жыл бұрын қанша болса, сонша болыш қалғандығынан-ақ антаруга болады. Бірақ 1846 жылдан бастап Торғайда Орынбор бекінісінің салынымен орыс әсері күштегі және Кенесарының бүліншілік ісі біржола тоқтатылып, орыс отрядтарының тоқтаусыз күгіндаудынан біздің өлкемізден жабайы (Дикокаменный) қазактарға қарай кетіп, солармен соғыста барлық жақтаушыларымен бірге қаза болғаннан кейін егіншілер саны көбейіп, тез өскендігі сонша 1866 жылы Торғай бойында олар 500 үт болыш, ал барлық Торғай өзендері жүйесінде және бұл өзен алабында орналасқан жерлерде 900 үтеге дейін жетті.

1846 жылға дейін тек Қарақоға, Сарықопа және Наурызым маңайы, Жақсыбай мен Сәңкібай көлдері бойымен шектелген егіншілік бұл кездері, яғни облыстың Шығыс жағында біржола тыныштық орнатылғаннан кейін барлық жерге: Торғай, Жалдама, Өлкейекжәне Қабырғаөзендерінің жоғарғы және төменгі жерлеріне тарай бастады. Мал есіруде сәтсіздікке ұшыраған кез келген дала казагы диқаншылықта бағын сынап көрді. Осылайша Торғай бойындағы Құмкөшу, Догал мекендері, Жалдама бойынша – Батпаққара, Сұнтай, Сұліктікәнде басқалары, Өлкейек бойынша – Сарыөзек, Жұтпас және Құмкөл; Қабырға бойынша Жайылма аталатын мекен, Наурызымға жақын орналасқан Сұлықопа көлі, Сарықопа маңайында Олжакөл-Татімек, Коқсопа, Қайғы және Торғай

сыртында Орынбор бекінісіне қарсы Шөптікел-Көбейкелі Қарақоға сияқты егіншілікпен айналысадын орындарға айналды.

Сұлтан Сейдалин екінші».

«Торғай өзені бойында егіншіліктің даму жағдайы» «Записки Оренбургского отдела императорского Русского Географического Общества» Выпуск первый, Казань, 1870. стр.234.]

Бұл – тарихи шындық. Енбекте айтылған жағдайлар «Қылшак Сейітқұл» әңгімесінде де қайталанады. Тек Ыбырай болған жайды балаларға түсінкті де кызықты, үлгі-өнеге аларлық етіп жеткізген.

Ыбырай “Малды пайдаға жарату”, “Дүние қалай етсең табылады”, “Білгеннің пайдасы”, “Мұжық пен жасауыл”, “Петр патшаның тергелгені”, “Жомарт”, “Сарандық пен жинақылық” әңгімелерінде әр нәрсени қажеттіне карай үнемдеп жұмсау (экономика) мен кәсіпкерлік жайында ой толғайды.

“Қазақтың болыстық мектептері туралы запискасында” да мұндай халық мектептерінің артықшылығы – оларда оқыған балалар өз туган жерінде қалып, “халықтың экономикалық тұрмысына және олардың ой-лікіріне қалай да пайдалы ықпалын тигізіп отыратының”, дүмше молдалардың қанауынан қорғайтынын айтады.

Адамды тұрмыс билейтіні, тұрмысты түзеу үшін кәсіп қажет екені кімге де болса мәлім. Кәсілпен шұғылдану үшін оның қырсырын біту керек. Осыны ойлаған ұлы ұстаз оқушыларға кәсіптік білім беруді алдына үлкен мақсат етіп кояды. “Қазір оқушыларға кітапхана және мектептің колөнер бөлімін ашуға кірісп жатырымыз; ал жуырда жеміс ағаштарын және огород егуі де қолға алмақтыз. Оның үстінен, Торғайда ерекше колөнері мектебін ашпақшымыз”.

Ыбырайдың «Қылшак Сейітқұл» очеркін жазудагы негізгі мақсаты да халықты отырықшылыққа, кәсіпкерлікке – тұқым сеуіп, егін есіруге үндеу болатын. “Қазақ биыл 5 тенгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 тенгеге қайта сатып алалы. 10-11 сомға алыш отырған былғары – былтырғы 4-5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар – қазақтың бір пүтіна 3-4 сом алыш сатқан малынын жұні” [А.Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.]- деп А.Байтұрсынов айтқандай, малдың тері-терсек, жұнжүрқасын татар саудагерлері келіп болмашы дүниес беріп, кейде алдап-арбап тегін алыш кетіп жататын. Ыбырай осылардың бәрін халық итілігіне айналдыруды, әрі оқушыларға кәсіптік білім беруді көздейді. Сөйтіп қыздарға мектепте жіл ііріп, киім пішү, киім тігү

(машинамен) кілем, өрмек, шәлі тоқу, киіз басу сияқты жұмыстар үйретіледі.

Бау-бақша егушілер мен тері илеушілерді, тігіншілерді даярлау үшін сол кесіптің мамандары керек екені де даусыз. Соңдықтан да Ы.Алтынсарин Ильминскийге жазған бір хатында іскер оқытушылар жіберуін өтініп: “Қолөнерін, бау-бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кесібін үйретуге арналған практикалық женіл оку құралдары жоқ па?” – деп сұрайды.

Ы.Алтынсарин тері илеу, сабын қайнату, май шайқау, құмыра жасау мамандарын, ағаш шеберлерін дайындау істерін жүзеге асыру мақсатында кадрларды оқытуды көздең Красноуфимск училищесін бітірген Үәли Исмаиловты Актөбе, Асылқожа Құрманбаевты Николаевск, Бөлебай Сарыбатыровты Ырғыз училищесіне жібереді. Бұл мақсаттарының жүзеге асқанын Ыбырайдың “Торғай облысындағы халық мектептерінің 1883 жылғы жайы туралы есебінен” көруге болады. Онда жана ашылған қолөнері мектебінде 9 бала оқитыны, оларға екі оқытушы сабак беретіні, оның бірі – ағаш ұстасы-токарь, екіншісі – киім тігі өнерін үйрететін маман екендігі сез болады.

Сондай-ақ М.Дулатовтың 1915 жылы «Қазак» газетінде жарық көрген «Өнер мектебі» мақаласында да Ы.Алтынсариннің 1883 жылы Торғайда өнер мектебінің (ремесленный школ) ашқаны, онда казак балаларына арналған 25 қазыналық орын бар екендігі, бастауыш дәрежелі орысша оқытатын бұл мектепте тігіншілік, ағаш шебері және ұсталық өнері үйретілетіні айттылады [М.Дулатов. Өнер мектебі. //Қазак, 15 июль, 1915.]

1886 жылғы 9 қазандығы Ф.Д.Соколовқа жолдаған хатында тері boyя үшін Ыбырай “Кермек” деген шөп іздел тапқанын, бұл шөптің Түркістан өлкесінен экелініп жүргенін ескертіп: “Кермекті” алдыру туралы Алекең содыға жазыныз, оған бұл жөнінде мен өзім де айтқанмын”, - дейді.

Ұлы ағартушының Алекең деп отырғаны – Алмұхамет Сейдалин. Ыбырай хаттарында Тілеу Сейдалин, Алмұхамет Сейдалин деген кісі аттары жиі ұшырасады. Тілеу – Тілеумұхамет Сейдалин. Екеудің ағайынды адамдар. Элмұхамет Ырғызда қыздар мектебін ашуға көмектескен, әрі басқаларға үлгі-өнеге болсын деп өз қызы Гүлжаяндарды сол мектепке окута берген. 1990 жылдың 4 қазанында Торғай облысы әскери губернаторының ұсынысымен Т.Сейдалинге Торғай каласында орыс, қыргыз училищесін ашып, оған қазактардың

балаларын шақырып, үйымдастырганы үшін алғыс жарияланған [ЦГА РК. Ф.И-4. Оп.1. д.3100.л. 186-196.].

Ә.Сейдалин туралы І.Алтынсарин де Н.И.Ильминскийге жазған хатында (1889, акпан) “Ырғызда мировой судья және тергеуші болып Альмұхаммед Сейдалин істейді. Ол қазактарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Биыл ол қазак қыздары үшін Ырғызда Қазак сахараасындағы ең тұнғыш, 20 кіслік қыздар мектебін ашуыма көмектеспі”, – деп көрсетеді.

Ұбырай В.В.Катеринскийге жазған (1884, 4 акпан) хатында ақшаны “Қостанайда бір жәні берік негізге койылған техникалық және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға жұмысаган пайдалы болар еді деп ойлаймын”, – десе, Торғайдағы қолөнер мектебінің 1884 жылы ашылғанын да осы хаттардан білеміз.

В.В.Катеринскийге 1885 жылы 5 наурызда жолдаған хатында Торғайдың қолөнері мектебінде ерлер киімдерін орыс үлгісімен кесіл-пішуге ариналған окулық керек екенін, ал Азия халықтарының кийімін оқушылардың өздері де тігіп жүргенін айттып, әсіресе пішү үлгілерін қайdan алдыруды білмейтінін кынжыла баяндайды. Одан әрі екі сыныпты мектептердің бәріне де кітап түптеу станогі мен жабдықтарын алғысы келетінін, “Өйткені, қырдағы бекіністерде кітап түптеушілер жок болғандыктан, сіндай құралдардың өте қажет екенін” жеткізіп, қайdan, қалай алдыруға болатынын сұрайды.

Хаттан ұлы ағартушының жан-жақты білімді, енбеккор, ізденимпаз, тындырымды адам болғаның, халқы үшін жанын аямаганың, кәсіптік білім беру ісін жолға койып, оны сан-салалы етіп дамыта түскісі келгенін байқаймыз. Ұбырайдың бұл ой-мақсаттары казір де маңызын жойған жоқ, тіпті бүгінгі заманың қекейкесті мәселесіне айналып, елімізде бәсекеге қабілетті қадрлар даярлауда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін дамыту қажеттілігі артып отыр. Өйткені қай дамыған елдің өсу жолына көз жіберсөніз де жұмысшыларды жоғары кәсіби деңгейде дайындау – экономикалық ілгілері басудың, тұрақты дамудың алғышарттарының бірі.

І.Алтынсарин алғашкы қазак этнографтарының бірі екені де даусыз. Оған “Орынбор ведомствасы қазактарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі”, “Орынбор ведомствоны қазактарының өлген адамды жерлеу және той жасау дәстүрінің очеркі” этнографиялық енбектері толық дәлел бола алады. Ұлы ағартушы 1862 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында да “..Қазір енді қазактың әртурлі әдет-тұрылттары жөніндегі мәселелермен

шүгүлданып жүрмін. Егер реті келіп қалса, оларды да жазып, Сізге жібермекшімін”, – дейді.

Бұдан ұлы ағартушының этнографиялық очерктерін 1862 жылы жаза бастағанын байқайсыз.

Казакта әйелінен ажырасу, неке бұзы ұят мәселе екенін, жүрт ондай адамды құлқі ететінін Ыбырай “Орынбор ведомствосы казактарының құда тұсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркінде жан-жақты көрсеткен. Шындығында да бұл дәстүрді жалғастырып, бүтінгі жастардың ой-санасына сініре білсек, ұлттымыздың болашағына эсері аз болмас еді.

Педагог әрі қын Ыбырайда осындай жағдайларды ерекше сезініп, бейтарап қала алмай, тебірене айту басым. Ұлт салт-дәстүрінің жақсы жактарын дамытумен бірге қазақ халқының елдігін бұзып, болашағына балта шабатын жауыздыққа қарсы қаресе білу керектігін ескертеді. Ұлы ағартушының бұл ойларынан оның тек мектеп балаларына ғана емес, жалпы қазақ халқына ұлағатты тәлім-тәрбие берген ұстаз болғанын көреміз. Есінізге Ыбырайдың “Менің үнемі ұмтылған тілегім -- қалай да пайдалы адам болыш шығу еді” деген сөзі түседі. Еңбеккорлығы мен ізденімпаздығына тағы да қайран қаласыз. Ыбырайдың оку мен тәрбие жұмысын әрқашан ұштастыра жүргізгені де хаттарында меммұндалап сайрап тұр.

І.Алтынсарин хаттары тұнып тұрған тәлім-тәрбие. Маселен, Н.И.Ильминскийге 1864 жылдың 14 сәуірінде жазылған хатында карта ойнауга қарсы екендігі, әрбір минут, сағатты бос еткізбеуді ойлайтыны, өсек-аяңмен ісі жоқтығы, қызмет адамдарының момындарды басыныш, талап, тонап отырғандығы, мұны өзі өте жек көретіні айттыса, 1871 жылы 31 тамызда жазған хатында балаларды орыс альфавитімен жазылған кітаптармен емес, “қазактың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керектігін” баса көрсетуі кім-кімге де үлгі-өнеге боларлық жайт. Мұндай корегенділік, тәлімді мінез-кулық, үлгі-өнеге боларлық сөздер хаттарынан жиі кездеседі. “...қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде”, – деп жана мектептер ашылса, оған жақсы оқытушылар сабак берсе ме, қандай негізде ашылмақ, қаржы көбейтіле ме, “мектеп бітіргендердің және оқытушылардың кай жөнінен болса да бір артықшылығы бола ма?” – деп Ильминскийге хатында сұрақ жаудыруы да “тылыммен қаруланған, әр нәрсеге көзқарастары бар адамдар қазақ арасында көбейсе” деген жанашыр пікір болатын. Автор осы хатында мектептің шаруашылық жағдайы нацпар болса, ісі

де онға баспайтынын, казақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа бауып, отырықшылықтың артықшылығын айтып, үгіт-насихат жүргізіп жүргенін ұғындыра жеткізеді.

Мазохинге жазған хатында “балалар театры жайында әуреленбей-ак койыныз, Сізге орындалмайтын жұмысты міндеттемеймін той” дегеніне қарағанда ыбырай балалар театрын ұйымдастыруды да көздеген болуы ықтимал.

Професор Х.Сүйіншөлиев ыбырай мураларының ішінде кейінгі кезге дейін ескерусіз қалып, зерттелмей келе жатқан енбегі – хаттары мен бір топ макалалары екенін айтады [Х.Сүйіншөлиев. ыбырай Алтынсарин. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-том. –Алматы: Қазак университеті, 2001. –467.].

Шындығында да қайтсем халқымның көкірек көзін алғып, санаасына сәулө жүгіртіп, ілтері бастырамын деген ізгі ой ыбырай жадынан бір сәт те шыкпағанын оның 1860 жылдың 18 қарашасынан 1889 жылдың 15 маусымына дейінгі Н.И.Ильминскийге, А.А.Мазохинге, Ф.Д.Соколовка, А.А.Бобровниковке, Е.С.Ильминскаяға, В.В.Катеринскийге жазған хаттарынан ангару киын емес.

1884 жылы 14 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында екі немере туысы болыстыққа таласып, он жыл бойы бір-бірімен араздасып жүргенін, сондықтан халық туысқандарын татуластыр деп үміттеніп қолқа салғанын, бірак олардың мұнын татуласындар дегеніне көңбегенін баяндай келіп, 1884 жылы 14 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында: “бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламандар, басқа бір адамды сайланадар, деуіме тұра келді”, – деп нали жазады.

Келісім бойынша, көшпілік басқа бір беделді ақсақалды болыс сайлайды. Ақыр сонында жаңагы туысқандарының бірі ыбырайга жауығыш жүрген адамдардың тіліне еріп губернаторға, ішкі істер министріне “қызмет адамдарын сайлауга орынсыз қол сұқты...”. Тіпті, “бұл үкіметке қарсы ойы бар бір социалист болар дейіміз, ейткені, бұл іске келіп қол сұтуына басқа себеп болуға тиіс емес еді, – деп өтірік қаралауға дейін барды”, – дейді.

Ы.Алтынсарин 1884 жылы 30 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жазған хатында қазактың бастауыш мектептерінде қолөнері сабагын енгізу мәселеін қойғанда губернатордың қазақ мектептерінің басты мақсаты – орыс тілін, орысша жаза білуді үйренулеріне кедері болады деген пікіріне келіспегені айттылады. Бұдан біз ұлы

агартушының халық қамын ойлап, әлеуметтік мәселелерді шешу жолындағы іс-әрекеті мен отаршылдардың орыстандыру саясатына карсылығын да көреміз.

“Дала уалаятының газетінің” 1894 жылғы 46 нөмірінде Көшпелі Қазақбайұлы “Қазак билерінің жұмыстарды тексеретугыны турасынан” деген мақаласында қазак арасындағы билік айту ісінің жетімсіз жақтарын баяндай келіп: “Марқұм Алтынсарин деген қазак биікірек адад, биікірек әділ, ғұмыры бойынша өзінің малын да, жаңын да аяマイ халқына пайда келтірмек үшін ұмтылып, тиянак қылған еді. Мұның артынан да балшық лақтырып, быттауга тоқталмаған еді” (Бір-бірімен дауласып, жауласқандарды айтып отыр – С.О.). Себебі сол-дұр, бұл адам екі партия болып жауласқандарға тату болындар, соңдай белгілі адамды сыйландар деп ақыл қылын қамқоршылық айтқанынан басқа жазығы жок еді”, – деп Ұбырайта үлкен баға беріп, Ұбырайдың дүниеден өткенин, енді қазак ағайындарымыз “Әй, бәрекелді-ай, екі партия болып араздасқанда катуланып Алтынсариннің ақ жүзін бекерден-бекер қараламакқа жаһұт қылғанымыз жарамағандық екен” деп мойындал жүргенін айтады. Автор мақаласының соңында: “Егерде арандары ашылған, нәпсілеріне елігіп, казактар өздерінің Алтынсариндей қадірлі адамына қарсы кол көтергенде, өзге жай азаматтарға иешік. Тартынбаған іс қылатұғыны мұнан-ақ мәғлұм болса керек”, – деп ойын түйіндейді.

Ы.Алтынсариннің дінге көзқарасы жайында әртүрлі пікірлер айтылған. Әсіресе Қенес дауірінде оны атеист стіл көрсету белен алды. Хаттарын оқыған кісі Ұбырайдың дінге емсс, Ислам дінін бұрмалап жүрген шала сауатты, дүмші молдаларға қарсы болғанына көз жеткізер еді. Ол бір хатында: “..басқа халықтар сияқты қазактарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек екенін айтса, енді бір хатында дүмші молдалар барлық жақсылық тек Мұхамбеттің діни окуйнан шығады, одан өзгесі оқытуға тұрмайтын, кәпірлердің ойлап тапқаны, дінді әлсіретуге бағытталған әрекет деп есептейтінін айтып, молдалардың бұл ойы шаригатқа қайши келетінін дәлелдейді. “Өйткені, шаригат, мысалы, әртүрлі ғылымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін ешбір жерде теріс демейді, buquerque, мысалы, ғалым молда (Хатип) атағын алғысы келген адам түрлі “фэндерді”, басқаша айтқанда, әртүрлі ғылымдарды, есепті,

медицинаны және острономияны (ғылму-насихат, гилму-тып, ғылму-хаят, уә афлах) окуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады”, - дейді.

Хат иесінің араб тілін, Ислам дінін, шаригатын жаксы білетіні, қадыр тұтып, сыйлайтыны осыдан-ақ анық көрініп тұрған жоқ па?! Ұлы агартушының жогарыда айтылған пікірлерін Мұхамед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистеріндегі «Тіпті Қытай болса да білім алуға ұмтыл. Өйткені, білім алуға әрекеттену әрбір діндардың парызы» [Мұхамед Пайғамбардың хадистері. – Алматы: Жазушы, - 64 б.] деген сөздері растай түседі.

Ұбырай осы хатында Ильминскийге халықтың өз дінін білуге құштарлығын ескеріп, ері “казак жастарына, өзінің ана тіліде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оку құралын” құрастыруға кіріскеңін хабарлайды. Бұл оку құралын жазудағы мақсаты “казак жастарының дін жөніндегі түсініктепері теріс бағытка түсіп кетпеуі үшін, екіншіден, казактың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін” екенин тагы да үстемелей қадап айтады.

Ұлы агартушы осы ойын «Мұсылмандылықтың тұтқасы» («Шаригат-ул-ислам») кітабының кіріспесінде де қайталайды.

Ислам дініне қарсы болса, кітап жазуға кірісерде “Бисмилла-р-рахмани-р-рахим-Кайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын” [Ы.Алтынсарин. Мұсылмандылық тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, ТПО «Қаламгер», 1991. –80 б.] деп Аллаға сиынып бастамасы да белгілі, ері Ислам дініне қарсы адам оны уағыздап оку құралын жаза ма?!

Бессонов Александр Григорьевич деген мұғалімнің З және 1 сынып оқушыларына бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастағанын білген Ұбырайдың аза бойы қаза болып, шошынып, жан-жүргегі сыздап, күйзелуінен оның христиан дінін оқытуға түбірімен қарсы екені де көрінеді.

Ы.Алтынсарин басқа халық өкілдері жерімізге баса-кектеп кірмеуі үшін қазак отырықшылықта көшіп, кала салып, бір жерге шоғырланып отырудын қалады. Ондай жағдайда мектеп ашы да онайға согатынын білді. Әсіресе, оку жағдайын жан-жакты ойластырып, ұсак-түйегіне дейін қалдыrmай, халыққа да, оқушылар мен мұғалімдерге де тиімді болу жағын қарастырған. Мәселен, М.Дулатов 1915 жылы жазған «Торғайдағы орысша оку» мақаласында Торғайдың өзінде төрт сиынпты бір, екі сиынпты бір, қол өнер (ремесленій) бір, бір сиынпты қыздар мектебінің, сондай-ақ үш

болыстық, медресе қасында орысша бір сынып, барлығы 8 мектеп болғанын [М.Дулатов. Торғайдағы орысша оку. // Қазак, 15 шілдә, 1915.] көрсетсе, Д.Байқадамова орыс-қазақ балалары бірге оқитын алты жылдық қалалық жоғары училище, бірінші басқыш орыс балаларының мектебі, татар мектебі және қолөнер училищесі, барлығы бес мектеп жұмыс істегенін [Д.Байқадамова. Алтынсарин мектебі. // Жұлдыз. -№7, 1983. 203 б.] айтады.

Мұғалімдер жетісе бермейді. Сондыктан олардың бір мектептен екінші мектепке барып сабак берулеріне оңай болу үшін ұлы ұстаз бұл оку орындарын шоғырландырып, бір-біріне жақын салдырыпты.

Ұбырай бастаған осы тиімді де пайдалы істі қазір неге қалалар мен ауылдарда қолданбасқа?! Ондай жағдайда мектептерді бір орталықтан жылдытуға да, ортақ кітапхана, асхана, спорт кешендерін т.б. салуга да женіл болар еді.

Қорыта айтқанда, халкымыздың біртуар перзентінің шығармаларында халықтың тұрмыс-тіршілігіне, рухани жандүниесіне не қажеттің бәрі дерлік әңгіме болады. Бұл мақала, очерк, хаттар – тарих, жылнама, алғаш Торғайда жантан білім шырағының сәулесі іспетті. Ойымызды санамалап, таратып жеткізер болсақ, біріншіден, мектеп ашу, сол жолда көрген киыншылықтары, мектепке қажетті оку-құралдары, шаруашылығы, есеп-қисабы, окушыларға кәсіптік-техникалық білім беру мәселелері, қазақ қыздарына арналған Қазақстандағы тұғызып мектеп, мектеп-интернаттар ашуы, Ұбырайдың шын достары, кімдер еді, мектеп ашуына кімдер көмектесті, оку-тәрбие жұмыстары, ез оку-құралдарын қашаң, қалай, кімдердің еңбектеріне сүйеніп жазды, екіншіден, кәсіпкерлікке үйретуі, оку ісін түгелдей дерлік тәжірибеге негіздей жүргізу – тұқым себу, егін ору, бау-бақша салу, жеміс ағаштарын отырғызу, алғаш ұстасы-токарь дайындау, тері илеу, май шайқау, сабын қайнату, кітап түнтеу, күмыра жасау, киім пішіп, киім тігу, киіз басу, шәлі тоқып, кесте тігу, үшіншіден, отырышылықты насиҳаттау, тәртіпшіден, ел, жер тарихы, бесіншіден, тарихқа белгілі адамдардың аты-жөні қызметі, алтыншыдан, тіл тазалығы, жетіншіден, Торғай қазақтарының мінез-кулқы, салт-дәстүрі, сегізіншіден, ел басына түскен ауырпашилық; сүзек, қызылаша, ашаршылық мейдеуі, оларға қарсылық, тоғызыншыдан, Ұбырайдың езінің мінез-кулқы, өмір, өнер жолы, саяси-әлеуметтік көзқарасы, сол кездегі оқыған, тоқыған отбасыларымен, акындармен аралас-құраластығы, өмір-тіршілігі, Торғай табиғаты (қыста қамыс орып, отын дайындаудындарына

дайын), Торғай жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі, чиновниктердің пайданы ғана көздейтін жағымсыз іс-әрекеттері, өсек-аяң таратыш, елді бұлдіріп жүретін пеңдешілік қылыштары – бәрі-бәрі бар.

Ыбырай публицистикалық мұраларын төрт топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, «Оренбургский листок» газетіне шықкан мақала, очерктері, екіншісі – хаттары, үшіншісі – этнографиялық зерттеу мақалалары, төртіншісі – хрестоматиясына енген публицистикалық енбектері. Ыбырайдың “Оренбургский листок” газетінде шықкан материалдары мен осы газетте жарық көрген Ыбырай туралы мақалаларды жинастырып, бір кітап етіп бастирып шығару әл күнге дейін колға алынбай келеді. Ол – келешектің ісі.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ТӘЖІК-ПАРСЫ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы достық қарым-қатынас, әдеби-мәдени рухани байланыс сонау кене дәуірлерден бері жалғасып келеді. Оны екі елге ортақ өртегі, аныз әңгімелерден де, батырлық, ғашықтық эпостық жырларымыздан да, толғауларымыз берін елеңдерімізден де аңғару киын емес.

1069-1070 жылдары Жүсіп Баласагұны (XI ғ.) «Құтты білік» («Құдатұгу білік») дидактикалық поэмасын тудырса, оның бұл ісін жалғастырып Ахмет Иасауи (XI-XII ғ.ғ.) «Хикметтер», Ахмет Жүйнеки (XII ғ.) «Қиссас ұл әнбия» (Ақиқат сыйыр) кітабын жазған. Олардың дәстүрін жалғастырып Шәкәрім Құдайбердиев Физулидін «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын, Тұрмағамбет Ізтелеуов Фердаусидін «Шахнама» дастанының сюжетін пайдаланып «Рұstem-Дастан», Мұхамеджан Сералин «Рұstem – Зораб», Жүсінбек Шайхасламов «Хисса-и-хәэррат-е Юсуф әлейхи-ус-сәләм илан зұлайханның мәселесі», Қ.Байғұлұлы «Қиссас-ұл әнбия», Мәшһүр Жүсіп Көпееев «Гұлшат-Шеризат», Әріп Тәнірбергенов «Зияда-Шахмұрат», Әсет Найманбаев «Ер Шеризат» дастандарын өмірге әкелді.

Бұл дастандар нәзира дәстүрімен жазылған, кезінде елімізге кең тараған шығармалар болды. Назира дәстүрі - бір акынның жазған шығармасын екінші акын өзінше қайта жырлау. Жазба әдебиеті екілдері ішінен бұл дәстүрді алғаш бастап берген Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин болатын. Оны тәжік-казак әдебиеті арасындағы әдеби байланысты зерттең жүрген тәжіктің әдебиеттанушы ғалымы, профессор Атаян Сафуллаевтың мына шікірі де растайды: «Қазақтың ағартушысы, акыны және жазушысы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларында тәжік пен казак әдебиетінің байланысы мейлінше айқын байқалады. Алтынсариннің тәжік-парсы әдебиетінен қажетінше пайдаланғандығы оның шығармаларының өнбойынан көрініп жатады. Шығыстық сарын Ыбырай елеңдері мен хикаяларының үгіт-насихаттық әсерін күшайте түскен» [«Пәеми барадарі», («Достық жаршысы») – Душанбе, 1972. – 136 б.].

Ы.Алтынсарин өз шығармаларын негізінен балаларға білім-тәрбие беріп, ғылым-білімге, өнерге құлышындыру мақсатында жазғаны белгілі. Ұлы үстаздың «Өсиет елеңдері» де аты айттып түрғандай, сол мақсатта жазылған:

...Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт еткен,
Патша боп, бұл дүниеге даңқы кеткен.
Отыз ұлым бар гой деп, көптік ойлап,
Күдайым отызын да әлек еткен.

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінін пенде екенін сонда біліп.
Мұнан соң Так-Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып, -

десе, жастарды барға мастанып, асып-таспаудан сактандырып, бұл дүниеде қанша даңқты болсан да Алла алдында пенде екенінді ұмытпа деген ақыл-кеңес айтады. Өлең жолдарындағы Дәуіт - даңқты патша Библиядағы Давид, - мұсылман дініндегі Дәуіт пайғамбар, Сүлеймен-Саламон – Давидтің ұлы. Бұлар туралы аныз-әңгімелер құранда да бар. Олар «Талұт», «Талұт пен Дәуіт», «Дәуіттің адасуы» деген хикаяларда баяндалып, оның адамгершілігі, адалдығы, әділдігі, әр уақыт пайғамбырылық мәртебесін сактай білетіндігі сөз етіледі.

«Шығыс аныз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. Ол жайында «Рабғузи киссасында» да бірнеше әңгіме бар. Оларда Сүлеймениң жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, экесінің қате билігін түзеткені айтылады. [Қыраубаева А. «Ғасырлар мұрасы» - Алматы: Мектеп, 1988. – 35 б.]

Ы.Алтынсарин Құрандағы Шығыс аныз-әңгімелерінде адамгершілік идеясын балалар санасына сініруді көздейді. «Өсиет өлеңдерінде» енді Ескендір жайында әңгімелеп, оның патша болғанын, дүниені жаулағанын, өлмеуді арман етіп мәңгі судан ішкен адам мәңгі өлмейді екен дегенді естіп, мәңгі суды іздел барғанын баяндайды. Мәңгі судан су алып келуге уәзірі Қыдыр-Ілиясты жұмсайды. Қыдыр Ілияс суга барыш, өзі ішіп, патшага арнап тағы бір кесе су алады. Сонда бір адамға көзі түсіп, одан «Мұнда отырған неткен жансыз, карасақ келбетіңе мұсылмансыз?» деп жөн сұрайды. «Мен-дағы бір патша едім, еш күмәнсіз», - деп бейтаныс адам әңгімесін былайша жалғастырды:

Өлмеске мен де осындаі талап еттім,
Бір күні осы суга келіп жеттім.
Әрбір іс уақытында қызық екен,
Ақыры өз басыма азап еттім.

Бір заман әлек болды барша елім,
Қалмады қыдырмаян ешбір жерім.
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп,
Ах, енді өлім болса маған дедім.

Дүниені неше айналып, неше кездім,
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.
Маған өлім бермеді Кудай-тагала,
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

Қыдыр-Ілияс қайтып келіп суды Ескендірге ұсынады. Ол ішейін
деп ұмтылғанда су аузына бармай қояды. Оның себебін ақын мына
жолдармен жеткізеді:

Тағында Так-Сүлеймен не қылмады,
Өмірін соңындағы шағыннады.
Наушеруан – діні кәпір, әділ өтті,
Дозакқа соның үшін жағылмады.

Бұзғанбыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Әзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылғаны үшін?

Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Большты бөлек-бөлек соның тәні.
Мал-жанның өре туған бәрі безіл,
Далада жалғыз жатып, «Алла» деді.

Әділетсіз, тәкәппар адам қанша бай болса да жұмакқа бармайды,
діні кәпір болса да, әділетті адам дозакқа жағылмайды. Ескендірдің
аузына судын бармау себебі осында екен.

Өлеңде кездесетін Қыдыр-Ілияс - Илия Хызыр (Илья) пайғамбар. «Шығыс елдері ауыз әдебиетінде киелі адам бейнесінде көрініс табады. Наушеруан - ежелгі дәуірдегі Иран патшасы. Аюп - Айуб (Иов) пайғамбар, Қарынбай - қазақ ертегілері мен аныздарында кездесетін сараң, қайырымсыз, мейірімсіз бай адамның бейнесі. «Қарынбай мұсылман мифологиясындағы Құрандағы Карун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Құран мазмұнын жақсы білген Ы. Алтынсарин «...ұмытпа бай болдым деп бір құдайды, жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды» - деп қалыптасқан аңыздың алғашқы нұсқасының мазмұн-мәнін тәл сактаган. Құранның 28 сүресінде

(аятында) Корун кайырымсыздығы, саңаңдығы үшін Тәнірі қаһарына ұшырап, оны жер жүтады [Сәтбаева Ш. Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы». – Алматы: «Жазушы», 1991. – 279 б.]. Зылиқа – Жүсіп – кіршікіз адаптация махаббат, сұлулық символына айналған Фердаусидің «Иусиф вә Зулайха» дастанының кейіпкерлері. Бұл аныз Шығыста көп тараған, көп жыланған.

Әлең қазактың он бір буынды кара әлең үлгісімен жазылған терме. Терме – өнеге, өситет, ақыл-накыл, ойлы, талқыр сездерді теріп айтуды. Ыбырай да бұл әлеңінде балаларға үлгі-өнеге, сабак боларлық аныз әнгімелердің басын шалып, бірінен соң біріне көшіп, ададықты ізеттілікті, ізгілікті насиҳаттайды: «Корлама кем адамды болсан дана», «Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды», «Иманды ер Құдайынан ұялады», «Ренжітпе пенде болсаң, бейшараны», «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен. Кеге бар кессе басың шындықпенен! Корек тап, бейнеттен де Тәнірің жәрдем, Телірме бір адамға мұнлықпенен!», «Бір әділ, қазынасы кен патшаңды ізде!», «Мақтанба бақыттымын деп бағынызға», «Мақтанба сұлумын деп ажарыңа» Ажарсыз адамдарды ал назарыңа».

Бос мактанинан, асып-тасудан, қайырымсыздықтан, сабырсыздықтан сактандырады: «Жер жүтқан кайырысдан Қарынбайды», «Іске аспай бак-дәүлетің калуы онай, Басыннан бағын тайған шағындыза», «Зылиқа, Жүсіппенен сұлу өткен, Тұрмаган ажал ара ажалына», «Бақ тайса ерге дәүлет құралмаган», «Ағайын жат болады алыс болса, Болады жат та жақын таныс болса, Достарың, дүшпан түгіл, табалайды, Аяғын бір нәрседен шалыс болса!».

Бұл балалар үшін таптырмас дәріс!

Құранда Ескендір шапағатты, кайырымды, ізгі жан. Абай: «Ескендір» поэмасында:

Осы жүрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекең.

Филипп патша баласы, ер көнілді,

Мактап сүйгіш, қызғаншақ адам екен, -

деп оның апкөздігін айтса, Ыбырай да тәкаппарлығын, тойымсыздығын көрсеткен. Абай поэмасында да өн-бойында ағартушылық идея, публицистикаға тән үтіт-насиҳат, өситет, тәлім-тәрбие жатыр. Ол бірде:

Мықтымын деп мактана, ақыл білсен,

Мықты болсаң, өзіңін нәпсінді жең.

Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,
Ондақ кісі бұл жерге келмейді тең, -
десе, поэманиң соңғы шумактарында окушысына:
...Карның тойса, кайтырма мактан үшін,
Тоймас көзің тояр деп кайғы жеме.

Ку өмір жолдас болмас, әлі-ак өтер,
Өз күлкіне өзің қарық болма бекер!
Ұяттың мен арынды малға сатып,
Ұятсызда иман жок, түпке жетер.

Мактанаңың біруте мактасын деп,
Шауажайымнан еш адам қакпасын деп.
Сен кеткен соң артыннан күліп қалар,
Антұрганнан құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мактаң былжырайды,
Бойына өлшеп сөйлесен, не құрайды?
Жақсы болсан, жарықты кім кермейді,
Өз бағынды өзіннен кім сұрайды?! –

деген ақыл-кенес айтады. Фирдауси «Шахмасында» Ескендірдің біздін эрадан бұрын 110-335 жылдар аралығында Иранда шахтық курған Дараптың (Дарий үшінші Кодоманың) баласы десе, Низами «Ескендір намасында» Филикустың (Филипптің) баласы етіп көрсетеді. Ескендірдің экесі Абайдың Ескендір поэмасында да Филипп деп алынған. М.Әузов бұл поэманиң Низамидің «Ескендір» намасындағы аныз әнгімелердің сюжеттерінен алғынның жазылғанын, Абай анызды өмір шындығына жақындағы, реалистік стильге бұрып, Александр Македонский жайына карай бейімдегенін айта келіп: «Және де тарихтық дәл деректер бойынша, ертегілік Хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдары мен слар арасындағы мінез-катаинастарға Абай тарихи шындықты негізгі арқау етеді [Әузов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Қазак ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1967, - 180 б.], - дейді.

Ыбырай мен Абайдың шығарма сонында айтқан уағыздары да бір-бірімен мазмұндас, ұқсас. Екеуі бір-бірімен кездесіп, сөйлеспеген, ыбырай мен Абайдың Ескендір туралы жырларындағы ой-пікірлерінің бір жерден шығып, тоғызысу тан қалдырады.

Ыбырайдың «Өсиет өлеңдерінен» біріншіден, ақынның ізденпаздығын, білімпаздығын, екіншіден, араб, Шығыс классикалық әдебиетімен таныс болғанын, араб тілін білгенін, Құранды да оқып, зерттегенін, үшіншіден, ислам дінін ардақтал, оның шығыстың нәзира дәстүрін қазақ жазба әдебиетінде алғаш қолданған ақын екендігін байқаймыз.

Лұқман – шығыс әдебиетінде жиі кездесетін данышпан адам бейнесі. Яғни Лұқман – араб тілінде данышпан деген сөз. Бұл данышпан кісі жайында ислам діні шыққанша арабтарда да аныз әңгімелер көп болышты.

Құран Кәрімде: «Рас Лұқманға шүкіршілік етуі үшін даналық бердік,-делінеді. – Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал кім мұныз, мақтауға лайық. (Лұқман аса дана, табип болған кісі. Жалпы көзқарас бойынша, Лұқман пайғамбер емес, дәрігер б.ж.м.р.) (12). [Лұқман сүресі, 31.]

«Кисас-и Рабғузи» («Рабғузи киссалары») кітабында Лұқман туралы хикаялар Лұқман Хакім деген атпен беріледі. Бұл шығарма 1310 жылы жазылған, авторы - Бурханеддинұлы қазы Несреддин. Ы.Алтынсарин «Лұқпан әкім» әңгімесін өзінің агартушылық көзқарасына бейімдеп, дұмше молдалардың ғылым-білімге ұмтылған жастарға қарсылығын сынай баяндайды: Сонысымактың «Сіздің ауруға ем етуініз күнә» деген сезіне жауап берген Лұқпан оған. «Қашан да бір істі істегініз келсе, ол іске әуелі ақылынызды, онан соң көзінізді жұмсаныз, соナン соң ақылының дұрыстаса, көзініз көріп, жөнін танып, макұл көрсе, тілініз бен колынызға сонда ерік берініз» деген ақыл айтып, «Бір шөпті у етіп жаратты, екінші шөпті оған басытқы етіп жаратты; бұларды да танып, бүйіркты орына жұмсаасақ – күнәлі боласың, тиісті пайдалы орына жұмсаудан обал болмаса керек» дейді.

Бұл сөздер де балаларға улғі-өнеге, өсиет.

Ы.Алтынсариннің тәжік-парсы әдебиетімен байланысы жайында тәжікстандық әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдусаттар Нұралиев «XIX және XX ғасырлардағы тәжік-қазақ мәдени-әдеби байланысы» атты монографиясында: «Тәжік фольклорын зерттеушілер Көргұлы жайлы аныз түрік халықтарының творчествосынан дамыған шығарма деп санайды. Ал оның тәжікшіе варианты Орта Азия халықтарының достығы мен өзара шығармашылық байланыстарының нәтижесі болып саналады.

XIX ғасырдың орта шенінде пайда болған Көргұлы кіссасының қазақша варианты қазақ халқының төл туындысына жақын келеді. Олай дейтініміз Шоқан Уалиханов пен Үбірай Алтынсарин заманында Көргұлы қазактар арасында кең тараған болатын. Шоқан Уалиханов ол қіссаның кейбір үзінділерін өз колымен жазса, Үбірай Алтынсарин өз өлеңдеріне Көргұлының ұлы Өуезге жазған нақыл сөздерін пайдаланған еді» [34 б.], - десе, енді бірde: «Атақты «Шахнама» сюжеттері қазақ ауыз әдебиеті ғана емес, жазба әдебиетінде де кең тараған. Әсіресе, А.Құнанбаев, Ү.Алтынсарин шығармаларында Шахнаменің негізгі кейіпкерлері – Жәмшид, Ескендір, Анушерван, Рустем, Бахрам ж.б есімдері ерекше бір құрметпен аталады. Бұл текten тек емес XIX және XX ғасырлардағы қазақ ауыз әдебиетін зерттеудің інтижесі, аудармашылардың бұл кейіпкерлердің ерліктерін, қсамадық сійды қалыптастыруға пайдаланғандарын көрсетеді. Гумманизмнің ұлы идеялары, шынайы патриотизм, Отанды шакырусыз келген жаудан қорғау сол кездегі қазақ халқының рухына оте жақын болатын. Сондықтан да «Шахнаме» сюжеттері қазақ халқының «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер тарғын» сияқты батырлық жырларынан орын алған және оларды қай жағынан болса да жаксартып, жана біккे көтеруге әсерін тигізгені көрініп-ак түр. «Шахнаме» қазақ окуышылары үшін сонысымен де құнды» деген пікір айтады [«Таджикско-казахские культурно-литературные связи XIX и XX в.в.». Душанбе «Сурушан», 2001, стр. 86-87].

Тәжік совет энциклопедиясының 8-ші томында Қазақстанға ариалған макалада Алтынсариннің де есімі аталыпты. Макалада Алтынсариннің XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылық кызметі, қазақ мектептері үшін жазған оқульптары, шығармашылық өнері және оның тәжік-парсы классикалық әдебиетін жақсы билетіндігі туралы қысқаша мәлімет берілген. («Энциклопедиян советии тожик». – Душанбе, 1976. -268 бет).

Тәжікстанда жарық көрген «Тәжік әдебиеті мен өнерінің энциклопедиясында» да Алтынсариннің есімі құрметпен аталады. Осы кітаптағы тәжік-қазақ әдеби байланыстары туралы арнайы макалада: «Қазақтың ағартушы демократ ақыны, жазушысы әрі дарынды педагог Үбірай Алтынсариннің бүкіл әдеби және ғылыми мұрасында көркем аударма ерекше орын алатындығы әмбеге аян. Оның аудармалары арқылы қазақ халқы шығыстың, орыстың демократияшыл ой-пікірімен таныса бастаған. Алтынсарин өзінін

окулық ретінде арнайы жазылған хрестоматиясында қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардан үзінділер келтірумен қатар тәжіктің классикалық әдебиетінен өзі аударған өлең, хикаяларды да ендірген. Ескендір, Атымтай, Лұқпан сияқты образдарды өзінің адамгершілік, ағартушылық ой-пікірін уағызыдау үшін орынды пайдаланған». [Нұралғиев А. Ыбырай Алтынсарин. «Әнциклопедиян Адабиет» ва сангати тожик. – Душанбе, 2004, 24 бет],- деп жазылған.

«Қостанай таңы», 28 наурыз, 2014.

АЛТЫНСАРИННИҢ АҚЫНДЫҚ ОРТАСЫ

Кім-кімге де өскен ортасы - туған жерінің табиғаты, айналасындағы адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті әсер етіп, солардан үлгі-өнеге алатыны анық. Ы.Алтынсарин де өзін коршаган ортадан, туған топырағынан нәр алып, би-шешендер сезін жаттаң өскені, әсіресе, атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болып, шешендік енерге машықтанғаны белгілі жайт. Ыбырай халық ауыз әдебиетінен сузындал өсіп, оны әрі зерттеп, зерделей білген білгір ғалым, ауыз әдебиеті үлгісін ұтымды пайдалана отырып реалистік әңгіме, өлеңдер тудырған тұнғыш жазушы, ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін алғаш жинаушылардың бірі. Оган 1879 жылы жазған «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енген ауыз әдебиеті үлгілері мен «Горе киргиз» еңбегінде Түркістан казактарының Түркістан өлкесі ақындарының «зар заман» туралы шығармаларына көзкарасын білдіруі күэ. «Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт, қоян жылдары деп агалатын ашаршылық пен жаланаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы.Алтынсарин зар заман туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз текстінде келтіреді» [Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. Алматы: Білім, 2000. 38 б.].

Яғни, Ыбырай - Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармаларын оқыған, оларды талдап-таразылаған деп қорытынды жасауға болады.

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Ыбырайдың Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке билерді білмеуі мүмкін емес. Әсіресе Досбол Қорлыбайұлың, Мұғал Қазантайұлың жақсы білгені анық. Әйткені қартайған шағында Досбол Сыр бойынан Торғайға келіп,

Балғожа бідін ауылында болады. Балғожа ат шаптырып, Көлденен қыпшақтың от ауызды, орақ тілді би Мұғалды алдырады. Досболдың:

Жуандығы Балғожа, өзіндей болсын,
Жорғалығы менің өзімдей болсын.
Сұлулығы мына Қошанжанның көзіндей болсын.
Ақтығы Бұқардың ак безіндей болсын.
Жеріміз шалғай, жүрісіміз көп,
Аяғын тұсар асау, тарлан болмасын,
Өмілдірік, құйысқан бізде жок,
Ері алға кетер еңкек,
Артқа кетер шалқақ болмасын, –

деп Балғожаның бозжорғасын қалап алатыны сонда [Казактың би-шешендері. Алматы, 1993. - 255 б.].

Сондай-ак болашақ ұлы ұстаз, тәлімгер ақынның өскен ортасындағы өзінен бүрінгі белгілі би-шешендер Шәңкі Мендекеұлының (1811-1899), Асаубай Жәдігерұлының (Шәңкі мен Асаубай бірін-бірі білген, сөз қагыстырған), ауылы арапас, койы қоралас болған Шыңдәүлет Жиенқұлұлының (руы қыпшақ ішінде Жанқожа), Токсан Карабиұлының (Жабайұлы деп те жүр –С.О.), Майдай Байдәүлетұлының, Қойшыбай Жантелдіұлының, Құдайсүргір Косетұлының, ақындар Жаманқұл Сатыбалдыұлының (1780-1866), Тәтікараның (XVIII ғасыр), Өске Торқаұлының (1788-1857) т.б. шешендік сөздері мен өлеңдерін естіү де, кейбірімен таныс болуы да мүмкін. Өйткені атасы Балғожа жогарыда айтып өткеніміздей, ыбырай құлағына ақыл, нақыл, өнеге, тапқыр сөздер мен өлең-жырларды бала қүнінен құйып, ел арапатыш, жер таныттып, оның жан-жақты болып өсүін қадағалап отырған. ыбырай да оған ден қойып, шешендік өнерді жап-жақсы игерген, кейін сол шешендікті ақындыққа ұластырып, екеуін бір-бірімен әдемі жылдастыра білген.

Балғожа немересі ыбырайды ертіп ауыл арапап жүріп екі ағайын адамның дау-жанжалдарының үстінен түседі. Балғожа ыбырайга сынай қарап: «Мына Байтоқаға бірдене деші» дейді.

Сонда ыбырай:

Уа, бай-еке, тыңдасан,
Біздің сөзді ұғарсын.
Итің менен құсынды
Сонарда алым шығарсын.
Анынды алған байласан,
Наурызбай биге ұнарсын.

Жекіріп айтса бір сөзді
Кұлағыңды мықтап тығарсын.
Беденедей бұғарсын.
Ішінен судай тынарсын.
Нұралы ердің үрпағы ең
Оған қалай шыдарсын?
Кой, аға-еке, көшуді,
Дүшпаның күйіп ішінен,
Достарың естіп куансын, –

депті. Айтоқага өкпелеп елінен көшпек болған Байтоқа ашуын басып, қайта табысыпты [Фылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен колжазбалар қоры К-397. кор №2].

Бұл шумақтар шешендік сөзден ғері елеңге жақын, әрі ыбырайдың Наурызбай биді жақсы білгенін де аңғартып тұр.

Ақынның «Өсінет» елеңіндегі адам аттарына назар аударыптызы:

...Аргыннан ол күндері Шеген шыкты,
Халайық айбынынан қойдай ықты...

...Бірімжан, Қазыбек би – балалары,
Аргынның ат басындаған данарапы...

...Жазы би Төмен шекті Обағанда
Ақылмен жол көрсетті би мен ханға...

...Ол еді Танабұға Наурызбай би
Осындаған бір-біріне істеді сый...

...Ол күнде Найман болды көлдененде
Күс ұшып қонар еді сөйлегенде... [Ана тілі, 13 ақпан, 2003]

Шеген де, оның балалары Бірімжан мен Қазыбек те, Жазы да, Наурызбай, Найман да – би-шешендер. ыбырайдың би-шешендерді ерекше бағалап, оларға еліктеп ескенін, қадірлегенін осы жолдардан да аңғару кын емес.

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» Нұржан бидің сөзін кіргізуі де жайдан-жай емес сияқты.

«Келіп едік жігіттер, Танабұға еліне» («Қазақ хрестоматиясы», 1879. -75 б.) деуіне қараганда Қыпшақ елімен аралас-құралас болған. Досбол бимен сөз қағыстырыуында Нұржанның ауылы Шалқар

жагында екені айтылады [Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-
шешендері. Алматы, Жалын, 1993. - 248 б.]. Актөбе мен Қостанай бір-
бірімен шектесіп жатқан ел, Ыбырай Нұржанмен таныс та болуы
мүмкін.

Нұржанның қай жылы туып, кай жылы қайтыс болғаны белгісіз,
жасы Досболдан көп кіші.

«Жазушы» баспасынан 1988 жылы жарық көрген «Сөз тапқанға
колқа жою» кітабында «Нұржан шешен сөздері» деп мына шумактар
берілді.

Ер жігіт кен сілды деп ойлаймыз
Халқын жауга бермесе.
Әділ деп оны ойлаймыз
Адалынан тергесе.
Басшы ғой деп ойлаймыз
Халқын тұзу жәндесе.
Жомарт қой деп ойлаймыз
Керегің болса ал десе.
Қырағы деп ойлаймыз
Тұзу жолға сермесе.
Ақымак деп ойлаймыз
Кемшілікті көрмесе.
Батыр ғой деп ойлаймыз
Жауга қарсы шапқанда.
Білгіш қой деп ойлаймыз
Сасқанда айла тапқанда.
Тұлтар ғой деп ойлаймыз
Сүрінбей тұра шапқанда.
Ақын ғой деп ойлаймыз
Осыларды дұрыс тапқанда.
Ақсауыт деп ойлаймыз
Шапқанда қылыш өтпесе.
Сабырлы деп ойлаймыз
Аштуына жол бермесе.
Ер жігіт деп ойлаймыз
Жолдастын жауга бермесе [580 б.]

Ұлы агартушының қыпшак Ізбасты биді білгені «Қазақ
хрестоматиясындағы» (1879) «Ізбасты» әңгімесінде тайға таңба
басқандай көрініп тұр.

Ыбырайдың Орынбай ақын өлеңдерімен де таныс болғаны талас тудырмайды. Оған өзі күрастырган «Қазақ хрестоматиясындағы» Орынбайқының Ерден батырды мактаган сөзін енгізу күе.

Орынбай Бертағыұлы 1813 жылдың қазіргі Көкшетаудың Айыртау ауданында туып, 1891 жылы дүниеден откен. Қостанай, Қызылжар өніріне де көнінен танылған сұрып салма ақын. Орынбайдың өз әкесі Байқожа да, арғы атасы Бертағы да ақын, жыршы болған. «13-14 жасынан өлең шығарып, ақын атала бастаған Орынбай кезінде Арыстан, Сералы, Шортанбай, Сақау, Шөже, Балта, Даңа, Ақан Сері, Төғжан, Құлтума т.б. ақындармен айтысқа түскен.

Оның ақындық өнерін Ш.Уалиханов, В.Радлов, поляк зерттеушісі А.Янушкевич, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Е.Ысмайилов т.б. зерттеушілер жоғары бағалап, өлең, толғау айтыстарын жинап жариялаған [«Бес ғасыр жырлайды», Алматы, «Жазушы», 1989. - 259 б.].

1947 жылы 91 жастағы торғайлық Әбдірахман Жаңабаевтан М.Хакімжанова жазып алған бір деректе Ы.Алтынсариннің Торғайда тұрған кезінде Алтыбас руының Шыбынтай деген атасынан шықкан жоғарыда аты аталған Орынбаймен айтысқан Балта деген ақынды касына алып жүргені айтылады [Ана тіл, 29 мамыр, 2003].

Өскенің «Арғыннан Беген менен Шеген шықты» деген жолы ыбырайдың сәл өзгертіп колдануы оның Ө.Торқаулына еліктеп өскенін байқатады. ыбырай рулас, жерлес Өске Горқаулының өлеңдерімен таныс болған. «Ыбырай сөз тани бастағанда әбден кемеліне келген бұл ақын, ағартушы 16 жасқа толғанда дүние салған. ыбырайдың ой-ерісіне оның елеуіл ықпалы болды деуге осының өзі жеткілікті дәлел бола алады. Бұған қоса Өске ақын Балғожаның ықпалында болған адам» [Әлмагамбетов Б. «Ыбырай Алтынсариннің ақындық ортасы». «Торғай топжарғандары». Алматы, 2005. 218 б.].

Мұны Өскенің:

Арғыннан Беген менен Шеген шықты,
Найманнан Ерден, Дүзен деген шықты.
Кешегі Обаганның жиылдысында
Алтайдың Аққошқары мен Сейдалысы,
Әлкеде Тоқа мен Байдалысы,
Бәрі де Балжекемнен төмен шықты!

деген өлең жолдары да қуаттайты. Шеген – Ыбырайдың анасы Айменнің әкесі. Бұдан біз Шеген мен Балғожаның да бір-бірімен араласып тұрғанына көз жеткізе түсеміз.

Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастанындағы:

Ауылын Балғожаның шашпақ болды,
Жыршысы Өске соның дегенімен.
... Өскеге Балғожа дең соны айттырган,
Хан қанын бұрынғыдан карайттырган.
Ержан мен Байтабынның әскеріне
Ауылын Балғожаның тонаттырган

[Ахметбеков Н. «Жасауыл қырғыны», «Амангелді», «Алматы, «Жазушы», 1990 -402 б.] – деген жолдарынан да Өскенің Балғожа билін маңында жүргенін көреміз. Сондыктан да Балғожаның ақынын Ыбырайдың білмеуі мүмкін емес сияқты.

Ыбырайдың жерлес, замандастары Сералі Еруэлұлын (1835-1876), Қанапия Басықарабаласын (1840-1917), Жарбасты қыпшақ Мәтібай Сарбасұлын (1843-1928), Сейітжан Бекшентайұлын (1874-1938), Аксұлу Орысбайқызын (1873), Акмола Мұхамедиярұлын (1831-1895) білмеді деу де қын.

Мен кешегі Дәуренбектің ақыны,
Нұргалидай баланың
Тұмасына толмаса да тақымы, –

дең өзі айтқандай, Торғай ақындық мектебінің бастауында тұрган Жұмабай Шалаабайұлы (1838-1929) Ыбырай нағашыларының сезін сөйлеп, намысын жырткан ақын. Ұлы ағартушы жоғарыдағы өлең жолдарында аты аталған нағашысы Дәуренбекпен жақсы карым-катаста болған. Сондыктан да Ыбырай Жұмабай ақынды білген дең ойлаймыз. Әрі Ыбырай мен Жұмабайдың жастары да шамалас. Жұмабай Ыбырайдан уш-ақ жас үлкен.

АЛТЫНСАРИННИң АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ

Сейдахмет, Құдери, Ақмолда, Нұржан ақындардың кейбір шығармаларының әдебиеттік-идеялық жақтарының жақсаруына
Білбірайдың ықпалы тигені сөзсіз.

Кәжым Жұмалиев

Таңат Сейдахмет ақын

Сейдахмет Бейсенұлы әрі ақын, әрі тапқыр шешен, темірден түйін түйген ұста, құралайды көзге атқан мерген, аңшы, әрі сыйқакшы, қалжынқой адам болған. Оны кебіне-көп Торғай бойы қазактары «Таңат Сейдахмет» деп атаған. Таңат – ақын руының аты, Ұзын қыншактың Кедел атасына жатады. Сейдахмет – Тілеулі батырдың Карқара атты бәйбішесінен туады.

Окуга он жасымда талап еттім,
Баланы бұрын түскен қуып жеттім.
Жыр, кисса-өлең кітап оқымауды
Басыма зор уайым-кайғы тұттым.
Аз үйықтап, аз тағам жеп, ыңдағаттап,
Жаныымды іздениспен ренжіттім.
Ойнақтап, ортекедей ойын салған,
Алаңсыз, армансыз күн қайда кеттін?
Талпыныс, талаптылық қасиеті,
Өзіме айнымастай тірек еттім.

Сол ұмтылыштың, оқу-білімнің әрі табиғат берген дарынның арқасында оның аты бозбала шағында-ақ Торғай, Қостанай бойына тез тарап, өлең-жырларын ел жатқа айтатын дәрежеге жетеді. Оған ақынның:

Он үште топка түсіп айғайладым,
Жас күнде албырт киял байқай ма
алдын?

Шоқ болып жүргегіне барып түстім,
Жамылып шен-шекпенін шалқайғанның, -
деген жолдары да айғақ болғандай.

Назарбек Бектемісов «Ахмет ұшқан алтын ұя» деп аталатын кітабында Сейдахмет жайында айта келіп, ақынның 1851 жылы туып, 1914 жылы өзі туып-өсқен Аманкелді ауданының Қайынды кеншарының Қызылжұлдыз атты бөлімшесінде қайтыс болғанын

айтады. Ақынның туып-өскен жері дұрыс көрсетілгенмен, тұған жылы мениң қайтыс болған жылында жансақтық кеткен. Өйткені ақынның басына қойылған құлыптаста: «Ұзын қыпшак, Кедел руы, Тілеулі тайпасы, Сейдахмет Бейсенұлы, 69 жаста, Әлхамду ліллаһи раббіл ғаламин Асхади әжмағин 1912» деген жазу бар. Соңда 1843 жылы тұған болады гой.

Ахмет Байтурсынов Сейдахмет өлсендерін жаттап өскен. Ол езінің «Әдебиет танытқышы» (1926) атты еңбегінде Сейдахметтің «Мінажат» деп аталатын тәрт-бес шумақ елеңін мысалға келтіреді:

Күдай-ау, мен не жаздым бұл заманға?

Қадірің болмайды еken жүртқа әманда.

Ел-жүрттың қасиетті жолы қалып,

Болмады еш қадірім бір адамға.

Сейдахмет «Күдай-ау, мен не жаздым бұл заманға?» десе, Ахмет те «Маса» жинағында:

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазақقا,

Мұншама ғып салғандай бұл азапка?

Адамшылық есебіне кірісіп,

Колы жетсін дегенім бе азатқа?! –

деп, налиды.

Әдебиетте мұндай қайталаулар болады. Әсіреле, халық ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында жиі ұшырасады. Бұл – дәстүр, дәстүр сабактастыры.

Академик Қажым Жұмалиев «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде: «Көп ақындар Ыбырайды өздерінің рухани басшысы деп білген, - деп жазады. – Соңдықтан да олар Ыбырайдың іс-кимылындағы бұқаршылдықты, ел қамын сөз етіп, жүрт пайдасын ойлап, ел арасындағы дау-шар мәселелерінде турашыл әділдігін өздерінің өлең-жырларына арқау етіп алған. Мысалы, Сейтахмет (К.Жұмалиев ақынның атын осылай жазған. Оның себебі – Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы шыққан хрестоматиясында осылай, яғни Сейт Ахмет деп жазған – С.О.) «Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі» деген ұзак өлеңінде бай мен кедейдің арасындағы дауға төрепі болған оқымысты қазақтың әділдігін көрсетеді. Дауды тыңдал болып, оқымысты тере шындық кедей жағында, байдікі даукестік, әлсізге жасап отырган қиянат екеніне көзі жетеді де, билікті кедейдің пайдасына шығарады. Алтынсариннің өмірбаяны жонінде материалдар берген және оны жаксы билетін шәкірті Фабдолғали Балғынбаев: «Бір ақынның әділ төреге айтқаны» атты өлең

Ыбырайдың өмірінен алынған еді, - дейді. «Бұл өлең Алтынсариннің 1879 жылы шыққан хрестоматиясына енгізілген».

Қ.Жұмалиев айтқан бұл өлеңді Ы.Алтынсариннің 1879 жылы Орынборда басылған «Киргизская хрестоматия» енбекінен тауып оқылық:

Інініз – артына ерген біз бір ғаріп...
Әділ бол іс бітірдің топты жарып.
Кысасқа әкім жүргенде қаранды еді,
Ашылып, дүние жүзі болды жарық.

Мырзамыз, құтты болсын басқан ізін,
Сақтасын Қыдыр ата үйің-түзін.
Халықтың кіргіздің берекесін,
Нұр шашып көк шыққандай

дүние жүзін!

Агайын, араладың біраз елді,
Зорларға жарлы байғұс бір теңелді.
Басқа әркімнен әділдік мұнша көрмек,
Өнім түгіл түсіме кірер ме енді.

Жасардың жолдас болып жарым айда,
Кеп қуаныш көнілімізге болды пайда.
Дүние жүзі толғандай болып едік,
Әрдайым мұндай тәуір бізге қайда?

Мұнан да артық бақыт талабына,
Болыныз бас әкімнің қалауында:
«Шалға пайда, шалбарға залал» деген,
Агайын жетімсіреп қалар мұнда...

Жүргенде халық күрметтер биыл
жаздай...
Өзінде көрінесін бакытын аздай.
Баласы Аргын-Қыпшак соныңа ерттін,
Шұбатқан балапанын қоныр қаздай.

Көруші ең жасты жақын назар салып,
Әр жерде кетпек болдым көңіліме альп...

Сонда да қасыныздан қала алмадым:
Алдым ашық, арт жағым туманданып.

Шындығында да өлең Ыбырайға арналған. Оны ақынның «мырзамыз», «Халықтың кіргіздің берекесін, Нұр шашып кек шыққаңдай дүние жүзін», «Жасардың жолдас болып жарым айдай», «Баласын Арғын-Қыпшак сонына ерттің» деген желлары дәлелдей түскендей.

Осы хрестоматияда Сейдахметтің тағы бір өлеңі «Сейт-Ахмет деген жігіттің үйіне тусірмеген құрбысына айтканы» деп беріліпті:

Атақты Торы байдың баласы едін,
Жігіттің езің тенденс сарасы едін.
Бұрынғы атан салттан дабыл жолдан,
Есебін қайдан таптын адасудын?

Үйіне сөйлес кылдым кепи уақытта...
Мұндай кемдік көрмедім еш уақытта...
Әр кімдер-ак конак бол десіп еді,
Көңілім сырқатынды сұрамақ та.

Батылсып, түсे калдым езімсініп,
Біз қонсак, сізден шығар екі жілік.
«Аттансын, әйелім жок» деген сезің,
Құрбыңа сонын болды зор кемшілік.

Қалаға жақын жердің бәрі жиын,
Көп болса екі жілік – елу тыны.
Шай-кант, азар болса, болар бір сом,
Сонда да ер жігітке қанша киын?!

Дос болсан, дос сөге ме жайын жоқта,
Шамалап, ойлап езің лайықта.
Егер де дүшпан болып қондырмасан,
Кетпей ме дүшпан сөгіп сол уақытта?

Келдім бе осынша елге сыймаганинан,
Бір кешке нең кетеді сыйлағанинан?!
Бір бүтін туды деген жігіт едін,
Айтамын бұл мінезге қимаганинан!!!

(Өлеңдер татарша жазылғандыктан, кейбір сездері кате де болуы мүмкін. Ақынның екі өлеңін де қыскартпай, сол қалғында беріп отырмыз – С.О.)

Ақынның мұндай жеке адамдарға сатиравы арнаулары көп. Ал, жоғарыдағы өлең Бөгетбай аксакалдың айтуы бойынша Сейдахметтің Ізтелеу деген байға арнаған өлеңі екен. Қасындағы Күлік деген досы бар, жолаушылап келе жатып Сейдахмет Ізтелеу байдын үйіне тұсуге рұқсат сұрайды. Жаңышы жігіт байдан рұқсат болмағынан жеткізеді. Сонда Сейдахмет:

Торғайдан Сейдахмет, Күлік келді,
Ізтелеу мырза екенін біліп келді.
Қандай сараң болса да өркөкірек,
Алушы ем бір оралтып тіліккенді.

Сен болып, Ізтелеуім, қондырмасаң,
Қайтер ең карымта алып, ондырмасам?!
Мөлтәндеп, тілге келсең қондырасың,
Азырак кешіктіріп, тондырмасаң.

Жазармын, енді жазсам, мұнан бетер,
Қазакқа Сейдахмет мәлім етер.
Үстінде ұлы жолдың сөзге іліксен,
Өзіннің абыройың, күның кетер.

Дуанның айналасы күнде жиын,
Болғанда екі жілік елу тыын.
Самаурын тәрбиесі – ол да бір сом,
Өзі болған жітітке несі қыын?! –

дел өлең шығарады.

Ыбырай хрестоматиясындағы нұсқасындағы «Калага жақын жердің бәрі жиын» дел басталатын шумак Б.Әлмаганбетов нұсқасындағы соңғы жолдарда сәлғана өзгеріспен кайталанып тұр. Шамасы, Ы.Алтынсариннің өзі айтқандай, «ұзақ өлеңді» қыскартып бергенге ұксайды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде мысалға келтірілуі, Сейдахмет өлеңдерінің ыбырай Алтынсарин құрастырган хрестоматияға енуі, оның осал ақын болмағанын да, Торғай ақындық мектебі екілдерінің ішінде өлеңі алғаш баспа бетін көрген ақын екенін де аңғартады.

Таңат Сейдахмет Ыбыраймен жасы кіші болса да дос-жаран болған. Ыбырай ауылдарды аралап мектепке қаражат жинағаны белгілі. Сондай күндердің бірінде атакты болыс Баймұрат Түркебайұлының ауылына келіп, көп кешікпей көрші отырган Сейдахмет ақынның зузынына соғатынын айтады. Бұл хабарды естіген Сейдахмет көкорай шалғынды өрістердің біріне киіз үй тігіп, Ұлы агартушыны қарсы алу камынға кіріседі. Сөйтіл қонақты қошаметпен қарсы алып, құрмет көрсетеді. Сол кезде Сейдахмет 24 жаста екен. Осы таныстық кейін достыққа ұласып, екеуі жи араласып тұрады.

1887 жылы Қараторғай болысында мектеп салу ісі қолға алышып, оны ұйымдастырып, ашуга Сейдахмет үлкен үлес қосады. Торғай өніріндегі алғашқы мектептердің бірі саналатын осы мектеп кейін 1913 жылы Батпақараға көшіріледі. Осы мектеп жайында Сейдахмет ақын мұраларын зергтеуші белгілі журналист Бөгетбай Әлмағанбетов: «Бұл казіргі Амангелді орта мектебінің алғашқы бастауы,- деп жазады. – Біз бұл кезге дейін осы мектепті өмірге келтіруге, өзге ел жақсыларымен бірге Сейдахмет ақынның да үлес қосқанын білмей келдік әрі ескергеніміз жок. Бұл да ақынның елге еткен енбегінің бір саласы және елсулісі десек артық емес».

Автор одан әрі Ұлы агартушының Сейдахмет өлеңін өзінің «Қазақ хрестоматиясына» кіргізгенін, екеуінің арасындағы достық Ыбырай дүниеден өткеннен кейін де жалғасып, ұлы ұстаздың Жаппас руының жігітіне атастырган кіші қызы Шарипаны агартушының есінеті бойынша Сейдахмет өз колынан ұзатканын баян етеді. [Таңат Сейдахмет ақын. Сейдахмет Фибрат: Өлең- толғаулар, шешендік сездер, хикаялтар мен мақалалар. / Құраст. Б. Әлмағамбет.- Астана: Фолиант, 2010.- 13-15 б.6.]

Сейдахметтің «Қай жerde жақсы керсем, жанап өттім», «Халқымның жолдас болдым ағасына» дегенине қарап Ахмет, Ыбырайларды айтқан-ау деп шамалаймыз.

Ақын достық жайында қара өлең үлгісімен:

Иілмей тас болғаннан сынға жақсы,
Басыңа пәле келсе, тынған жақсы.
Мінгенше жамандармен алтын такқа,
Жақсымен бірге түскең зындан жақсы, - дейді.

Сонғы жол зілді, зілді де болса, тауып айтылған.

Жалпы Сейдахмет қара өлеңінің тілдік-стилдік қуралдарын жиі колданған:

Аяқты балта шауып аксақ болды,
Бұл себеп іс тәнірден жансак болды.
Алдыңа аяғынды көсіп салып,
Жазуга бір хіккайт жақсы-ақ болды.

Ақын өлеңдерінің жүрт көnlінен шығып, ел аузында тез жатталып қалуының басты себебі осы қарапайымдылығында, казақтың халықтық тілінде түсінікті жазылуында, жүрт көnlіндегісін тап басып айта білуінде жатыр.

Ыбырайдың Сейдахмет өлеңдерін ез хрестоматиясына енгізуінің де сыры осында. «Мұндағы мәні бар факт – Ыбырай ұсынған өлеңдердің «жалпак жүртқа», «қарапайым окушыға» түсінікті казақтың халықтық тілінде жазылуы, - деп жазады филологияғылымдарының докторы, профессор Р.Сыздыкова. – Бұл өлеңдердің бүрінгі казак поэзиясы ұлғілерінен алғаш кетпеуі – Ыбырай Алтынсаринің казак жазба әдеби тілінің негізін тандаудагы принципін көрсететін белгі.

Тіл саясатында Ы.Алтынсаринің ұстанған принципі прогрессивтік мәнде дұрыс болғандығын өткен ғасырдың соңғы кезінде баспасөз бетінде Ыбырайдың ағартушылық жүйесі туралы жүргізілген пікірсайыс (диспут) көрсетті. Ы.Алтынсаринің озат ойлы ізбасарлары осы айтыста «Оренбургский листоктың» 1884 жылғы 15 номерінде корытындылап, онда Ыбырайдың тіл халықтық, әрі айқын, әрі дұрыс, әрбір казакқа түсінікті деп туйді».

Сейдахмет қайырымдылық, мейірімділікті уағыздай отырып, күншілдік, көре алмаушылық жайлы ашы мыскылмен жазады:

Теретін жамандыкты мен бір тауық,
Екі адам араз болса, қылдым сауық.
Екі арыз татуласты деп естісем,
Қалады кешім тоқтап, жүгім ауып.
Бір адам жамандыкты таста десе,
Тұрамын шабаланып, иттей қауып.

Немесе:

Жоқ парыз, бұрын да жоқ бізге салсан,
Малым жоқ беретүғын сөзге нансан.
Ішкен - жеген тамағым сайда жатыр,
Кырық нәжістен бір нәжіс зекет алсан.

Ақын бірінші өлеңінде жамандық жасамаса, ауырып калатын, күншіл, міншіл, маңайындағысын иттей қауып, арсылдан

жуытпайтын жанның іс-эрекетін айту арқылы сынға алса, екіншісінде кедейлігіне нальп, ашынған адамның жай-күйі бар.

Конақжай үйден конак үзілген бе, үйіне келген қонактардың алдына бір табақ ет қойылып жатқанда:

Етіміз майлыш емес, кара кесек,
Тошалам ұнатпайды бара берсек.
Аспаннан жауған қар да таусылады,
Бір жерден қайта-қайта ала
берсек, -

депті.

«Тошалам ұнатпайды» деп жансызға жан бітіріп, мінезін де көрстейі қындық.

Б.Әлмағанбетов «Таңат Сейдахмет ақын» атты зерттеу мақаласында: «Қазір әр жерде әр түрлі айтылып, сонау онтүстікте біреу айтқан екен делинетін аныз әңгіме, бір шумак өлең бар. Күзгі салқын түскен кезде киіз үйдің алдында қамыстан ықтырма жасау дағдысы болған. Бір күн Сейдахмет үйінің алдындағы осындағы ықтырма өртеннеді. Ақын жаңып жатқан қамысты әрі сырлып былай депті:

Құдай-ау, байлар сенің танысың ба,
Кедей сенің соншама қалысың ба?
Қалдыбайда ак үйде бар,
қара үй де бар,

Көпсінгенің бір уыс қамысын ба?!

Әркез өлеңдіне қосып, әзіл ортақ қылатын Қалдыбай деген кісі күрдасы екею», - деп жазады.

Студент кезімде ел аузынан Жолдастың өлеңдері деген екі шумақ өлең жазып алған «Ара» журналына ұсындым. Ол осы басылымның 1967 жылғы 7 нөмірінде «Желдай сөздері» деген айдармен жарық көрді.

Жолдас («Жолдай» деп кәте жазылған) – қалжынқой, тапқыр, шешен адам. Торғайлықтар Жолдас әңгімелерін жиі айтады. Кезінде Faфу Қайырбеков те, Сейіт Кеңжеахметов те, Серік Тұргынбеков те, Конысбай Әбілов те Жолдас әңгімелерін жинап, газет-журналдарға бастырган.

Сол «Ара» журналының 7 нөмірінде «Сойқан-ай!» деген породиям да басылған еді. Сондықтан аты-жөнімді қайта-қайта жаза бермейік деген болуы керек (ол кезде бір автордың есімі бір журналда екі рет жазыла бермейтін), кім ұсынғанын жазбалты.

Авторы көрсетілмегендігін пайдаланып, біреу кейін «Жолдай сөздерін» тұл-тұра сол қалпында көшіріп алып, ел аузынан жинаған болып республикалық басылымдардың бірінде жариялады. Б.Әлмағанбетовтың айтыш отырганы сол болуы керек.

«Ара» журналында жарық көрген (мен ұсынған) нұсқасы мынадай:

«Жолдай сөздері Құдайға айтқаны

Ақындығымен жүртқа танылған Жолдай деген кісі сінірі шыққан кедей екен. Бір күні басындағы қамыс күркесіне жай түсіп, өртегіп кеткенде былай депті:

Бай үйі туысың ба, танысың ба,
Элде, осы кедей сенің алдысың ба?
Құдай-ау, қызғанбасты қызғанасың,
Көп көргенің бір құшак қамысың ба?

Байға айтқаны

Жол жүріп келе жатып Жолдай бір байдық үйіне келіп түсілті. Сараң бай мен бәйбіше Жолдайды кемсініп, айранмен аттандырмак болышты. Сонда ол мынданы айтыпты:

Алдында намаз оқыр бесін де тұр,
Осы үйдің екі көзім месінде тұр.
Жігітке айран шіркін ас бола ма,
Екі аяқ сары қымыз есімде тұр».

Бұл екі шумак та Сейдахмет ақынның өлеңдері екенин кейін Шешенқараның Ермажанбеті деген кісі айткан еді. Ал, Бекенін - Бөгетбай ақсақалдың макаласын оқығаннан кейін «Сейдахметтің өлеңі» деген ойым беки түсті.

Сейдахмет өлеңдері екенин сез саптастын да ангару киын емес.

Сейдахмет «Қырық хикаят», Нұржан Наушабаев «Қырық тілек» жазса, А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жазды.

Хикаятқа А.Байтұрсынұлы мынадай анықтама береді: «Діндөр дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана максатпен шығарған сөздер емес, діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады. Сондыктан хикаят тақырыбы түрлі-түрлі болады».

Сейдахмет хикаяттары Аханның осы анықтамасына толық жауап береді. Сондай-ақ тақырыптары да сан-алуан: «Пәнисраил заманында», «Әйел хикаяты», «Жігіт пен әйел», «Рұм шаһының қызы Шаһбану», «Әмір мен Мәлике», «Дарига мен Сәрбектің айтысы»,

«Мұжық». Алғашқы алты хикаятың «Мың бір түннен» алынғанын, сонғысын орыс халқының ертегі-аңыздарының ізімен жазылғанын ангару қын емес.

Шығыс хикаяларының сюжетін пайдаланып, жыр, дастан, поэма, роман жазу бұрыннан бар дәстүр. Шеді тере Жәнгірұлы да (1855-1933) «Мың бір түн», «Тостынама», «Шаһнама» сияқты шығыс ертегілері мен дастандарындағы сқигалардың желісімен «Беташар», «Шар дәруіш», «Харон Рәшид», «Ескендер Зұлқарнайын», «Қамар заман», «Орқа күлше», «Әмір Хамзе – Сакын қыран», «Назым – Хайбар», «Назым – Хатымтай» т.б. қырықтан астам дастан, роман тудырған. Сейдахметтөн кейін Торғай ақындық мектебінің белді өкілдерінің бірі Нұрхан Ахметбеков те шығыс ертегілері ізімен «Қамарлызаман», «Албан, Жұлpar ханым» атты дастандар жазған.

Сейдахметтің «Пәнисраил заманында» атты хикаятында әулие, ізгі ниеттің әйел ел аяты баспаған бақтағы таза бұлакқа барып таһарат алып, мешітте құдайға құлышылық етіп жүреді. Мұны көрген арам ойлы екі бағбан шал әйелге «бізге ғашық болған соң баққа келіп жүрсін» дейді. Әйел «Құдайға құнәлі болмандар» деп жөнін айтады. Бірак екі шал байбалам салып, айқай-шу шығарып, жишилған елге, падишаға «Мына қатын зинакорлық жасады» деп жала жабады. Екі пәлекордың сезіне сеніп падиша әйелдің мойнына арқан байлатып, үш күн бойы қала арапатып жазалайды. Төртінші күні белуардан жерте баткан әйелді көріп, так Сүлеймен жиналған халықтан болған жайға қанығады да екі шалды шақыртып, жауап алады. Бірі бақтың батысындағы ағаштың түбінде, бірі шығысындағы ағаштың түбінде бір жігітпен жатты деп, жауаптарынан ұсталады да, әйелге азаттық беріліп, оған құрылған дарга нақақ жала жалқан екі зәлім асылады. Хикаят: «Куадан жалғыз-жалғыз жауап алу, мирас боп кейінгіге содан қалған» деп түйінделеді. Көріп отырыздар, бұл хикаятқа ізгілік пен жауыздықтың қактығысы бар. Қашан да жақсылықтың, шындықтың жеңетіні айттылады. Жырдың өнбойында «Біреуге ор қазба, ор қазсан, терен қазба» деген идея жатыр.

«Пәнисраил» деген сөзді әуелде Сейдахметтің өзі осылай жазды ма, әлде кейінгі ақын өлеңдерін жаттап, бізге жеткізушілер өзгерпті ме, қате жазылған. Құрандағы естелік тәрізді оқиғалы керкем әңгімелерден іріктелініп алғынған «Құран хикаялары» атты жинакта Сүлеймен жөнінде әңгіме көп. Ол он бір жасқа толғаннан-ақ езінің ақыл-парасатын таңытып, қылыш-қылыш қын мәселелерді шешуге араласып, әділ төрепші болады. «Сүлейменнің парасаты» деген хикая

«Дәуіт Бәни Исраилдың патшалық тағына отырған соң, ел-жүрттың дау-жанжалын шешіп, дұрыс билік жүргізеді», - деге басталады. Сүлеймен-Дәуіт лайғамбардың ұлы. Сейдахмет айтып отырған әңгіме Бәни Исраил заманында болған. Сондыктан да «Бәни Исраил заманында» болып жазылуы керек.

Окуға он жасынан талаап еттім,

Баланы бұрын түскен қызып жеттім,-

деп Сейдахметтің өзі айтқанындей, жасынан білім-ғылымға құмар болған ол жастардың да қоқығанын қалаған. 1887 жылы Қараторғай болыстық екі кластиқ орыс-қазақ мектеп үйін салуга кемектесуі сонын бір айғағы. Ыбырайға жанасып, онымен дос-жаран болуы да осы енер-білімге, өлеңге құштарлығынан деп білеміз.

Ыбырайдың манайында болып, одан тәлім-тәрбие алған Сейдахмет те мысалдар жазған. Солардың бірі «Тұлқі мен сауысқан» деп аталады. 88 жол бұл мысал өлең үш оқиғадан тұрады. Аузында тістеген сүйегі бар тұлқі суга төңгенде сүйекті балық тістеп тұрғандай болып көрінеді де, кемігін тастай салып, балыққа ұмтылады. Бірақ құр аузын суга малып, алданып қалады:

Ақын:

Қанағат етпей тұлқі сүйегіне,

Тимеді құр сүйек иегіне.

Жоққа сабыр, барына қанағат қызы,

Тәуекел ету керек бір иеге, -

деп ғибрат айтады.

Екінші көріністе тұлқі сауысқанға кездесіп: «Ей, достым, аузындағы піскен ет пе, болмаса, көшкен елден түскен ет пе? Бармаймын бар десен де арық болса, тұлқілер менен бұрын барып болса», - дейді. Сауысқан «арық» деген кезде еті аузынан түсіп кетіп, тұлқі қағып алады. Ұшіншісінде сауысқан тұлқіден өш алуды ойлан, оны алдап қасқырдың апанына алып барады. Тұлқіні қасқыр талаап, тырнағынан әрең құтылады. Мысал соны:

Біреудің қанағатсыз ақын жесен,

Әрқашан ұрындарсың осындаға.

Болса да, Сейдахмет, амалың жұз,

Амалдың пайдасынан қудерінді үз.

Біреуден анқау, момын пайда қылса,

Басыңа жастанарсың бір күні мұз, -

деп аяқталады.

Ақын Крылов мысалын оқушыларына түсінікті етіп жеткізу үшін өз жаңынан қосып, казак ұғымына лайыктап жазғаны аңғарылады. Сейдахмет ақынның өлеңдері де бейнелі, бедерлі, сөзге бай, ұқсастары төрт буыннан тұратын шымыр дүниелер. Торғай ақын, жыршылары мектебінің өкілі екендігі байқаулық тұрады:

Пұл болса ешкім бұқпас жолдасына,
Алданар арам дуние олжасына.
Біреудің ұры, залым маңын ұрлап,
Сұраса пәле салар өз басыңа.
Карсы дау біреу айтса соны тыңдал,
Бақса да адам, көзім жетті онбасына,
Парық жоқ бұл заманың адамында,
Бірінің бірі сенбес «алласына...»

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің көп қолданатын шұбыртпалы үйқасы бол. «Жолдасына – олжасына – өз басыңа – онбасыңа» деген үйқастар бір-біріне қабысып, жымдасып, өлең керкін арттырып тұр.

Ақын үйқас күшті, түр іздең, айтайдын деген ойынан ауытқып, лагып кетпейді. Ақын жыры – өз заманың айнасы десек, Сейдахмет жырларынан да өзі ғұмыр кешкен кезеңнің болмыс-бітімі қыланған береді. Ақынның шындықты бетке айтатын батылдығы да, «Тура биде туған жок» дегендей, турашылдығы да әр өлеңнен байқаулық тұрады. Сол дәстүр жалгаса бергей!

Ұлы атам Сейдахмет – жыр тарланы,
Жырына қану еді жүрт арманы.
Таусылмас Сейдахмет мухит болса,
Мен онын құйып жаткан бір тармағы, -
деп өзі жырлагандай, ақын Эбжан Эбілтай Сейдахметтің шөбересі. Қазір Астанада тұрады. Бірнеше жыр жинақтарының авторы.

КУЛБІЛТЕЛЕУДІ БІЛМЕГЕН КУДЕРІ

1916 жылғы қазактың ұлт-азаттық көтерілісі жазылған өлеңдер мен поэмалар халық бостандығы жолында намыс туын көтеріен елдің елдігін, ердің ерлігін көрсетумен құнды. Бұл азаттық жырларын тудырунылар арасында жазба әдебиет өкілдері де, сұрып салма халық ақындары да, көтеріліске катысқан жауынгер ақындар да болған. Солардың бірі Торғай бойындағы ұлт-азаттық көтерілісіне белсene қатысқан сарбаз, әрі сұрып салма әрі жазба әдебиет өкілі, жырау, отты жырларымен халықтың рухын көтеріп, күреске үндеген ақын Күдері Жолдыбайұлы.

Ақынның есімін кім қойса да біліп қойғандай. Күдері – мыйкты, төзімді, берік деген мағына білдіреді. Әбден иін қандырып илеген тері.

Кара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?

Доспамбет

Күдеріден бау тағып
Сауыт киер күн қайда?

Махамбет

Күдері Жолдыбайұлы 1861 жылды Қостанай облысының Жангелдин ауданында бұрынғы Майқарau болысының үшінші ауылында (Жиде, Алакөл қыстауы) Сарықопа ауылында туған. Алғаш ауылдағы молдадан сауатын ашқан ол Торғайдагы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқыған. Оның оқып, білім алуына Ыбырай Алтынсариннің зор көмегі тиғен.

Ақынның «Амангелдінің Торғайды алғаны» атты көлемді толғауы мен «Күйік көлдің басында», «Ер туды», «Көздің жасы болды көл» деген ұзак өлеңдері әдебиет сүйер қауымға кеңінен таныс. Әсіреле, кезінде Торғай халқы жынын-тойларда бұл өлең-жырларды домбыраға қосып айттып жүретін. Күдері отты тілді шешен де болған. Өкініштісі – оның уытты сатираға толы сездері мен жырларының көбісі сақталмаған.

Кай заманда да шындықты бетке айттып, әділ сойлекендер ел басшыларына ұнай бермеген ғой. Күдері ақынның да айткан әңгімелері мен өлеңдерінің бізге жетпеу себебінің бірі осы әділдікті жактап, шындықты ту етіп ұстауында. Кешегі Кенес дәүрінің қолдан

жасалған қанды қырғыны – 1931-1933 жылдарғы аштықтың зардабын ашық, ашына жырына қосуында жатыр. Бір Күдері ғана емес, ел тағдыры толғандырып, болған жұтты, нәубетті, аумалы-төкпелі аласапыран кезеңдегі халық мұны мен қайғы қасиretтін айтқан ақындардың барлығының елең-жырлары қаласқа камалды. Сондай ақындардың бірі – Әбікай Нұртазаұлы. Оның көркем кестелі «Гас мешін», «Мешін» поэмалары да «кугынға» ұшырады. Бұл ақынның басқа шығармаларының да жарықта шығуынша, насиҳаттауынша үлкен кедергі болып келді. Эйтпесе, Күдерінің де Әбікай өлендерінің де әдебиетіміздің төрінен орын алатын жөні бар еді.

Күдері Ыбырай Алтынсариннің маңайында болып, көп үйреніп, одан ақыл-кеңес алғып отырған. Бұл жайында академик Қажым Жұмалиев «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» [Алматы, 1967. – 225 б.] атты кітабында Сейдахмет, Күдері, Ақмолда, Нұржан ақындардың кейбір шығармаларының әдебиеттік-идеялық жактарының жақсаруына Ыбырайдың ықпалы тигені сөзсіз екенін айта келіп: «1879-1880 жылдары болған «Жалпақ коян» атты жұттың суреттейтін ұзақ өлеңін Күдері ақын Ыбырайдың кеңесімен жазады. Оның бұрынғы өлең-жырларына қарағанда бұл негұрлым бағалы шығарма» деп жазады.

Ыбырай Алтынсарин осы «Жалпақ коян» деп аталған жұт туралы «Оренбургский листок» газетінде «Жұт туралы», «Қазақ арасындағы аштық туралы» деп бірнеше мақала жазып, жұттың туу себебін, салдарын, не істеу керектігін айткан.

«Торғай қазақтарының бұл бакытсыздығына қазақ даласында халық тұрмысының тұрақсыз әдісі – мал шаруашылығын негұрлым мықты егіншілікпен ауыстыру кезеңі туғандығын дәлелдейтін айқын материал деп есептеуге де болар еді. Осыған орай бұл халықтың көшпелі тұрмысын, ең болмаганда күштеу шараларымен тезірек отырықшылыққа айналдыру мүмкін. Бұл ой (караңыз: «Оренбургский листок», 1880 ж.) Батыс Сібірге арналған тұтас жобага айналдырылды...[«Қазақ даласындағы аштық туралы», Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы «Ғылым», 1994. -166 б.].

Бұл жолдар К.Жұмалиев айтқан пікірді дәлелдеп, айқындан түседі. К.Жұмалиев те, Ыбырай да 1880 жыл деп көрсеткен.

Ыбырай «Жұт туралы» мақаласында 28 акпанға дейін бір байдың 1300 жылқысынан 60 жылқы ғана қалғанын, өзінің асыл тұқымды 250 жылқысының түгелдей дерлік қырылып қалғанын айтады.

Күдерінің «Жалшак қоян» атты туындысы мен Ұбырай макалаларының салыстырылғанда, тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасын анықтауға Күдері өлеңін таба алмадық.

Алайда, Ұбырайдың шәкірті, кейін ұстаздық жолын жалғастырган Ғабдолғали Балғынбаевтың «Ы. Алтынсарин туралы естелік» деп аталатын жазбасындағы мына жолдардан Күдері өлеңінің Ұбырай макалаларымен мазмұндас екенін байқады.

«Күдерінің 1879-80 жылдардағы көк тақыр жүттә (қоян жылғы) Торғайлық қазактардың малдан түтелге жуық айырылып, таяқ ұстапқалғанын баяндайтын «Қазактардың зары» атты жыры бар еді. Мұнда үйр-үйр жылқысы мен кора-кора қойдан, ірі кара малдан жүрдай болған елдің аянышты халп, жаптай аштыққа ұшыраган халыққа әкім-басшылардың жасаған әділетсіздіктері шебер сипатталады» [«Ұбырай Алтынсарин тағылымы» Алматы: - «Жазушы», 1991. – 366 б.].

F. Балғынбаев осы естелігінде Торғай облысының Ұбырай дүниеден өткеннен кейін халық училищелерінің инспекторы болған А. В. Васильевпен бірігіп Күдері өлеңдерін 1902-1907 жылдары орыс тіліне аударғанын да айтады [307 б.].

Торғайда болған 1920-1921 жылғы ашаршылықта қырылған адамдар қаншама?! Ол жайында Әбіқай Нұртазаулы (1871-1932) «Тас мешиң», «Мешін туралы» деген толғаулар жаса, 1931-1932 жылғы ашаршылық жайында Нұрхан Ахметбеков «Күләндам» поэмасын тудырады.

Күдерінің осы 1931-1932 жылғы ашаршылық жылдары інісі Тұрмаганбет Дәркенұлына жазған сәлемдемесінде де «Торғайдагы топалан» (С. Мәуленов) көрініс береді екен:

..Қолымыз жетпей, босқа өлдік

Бір тамшы сүт ағына.

Койдан бетер қырылдық,

Тигендей індет табына...

Ер тұрімнен айрылдым,

Канатымнан қайырылдым.

Келген шакта, құдай-ау,

Өлетүгін шағыма...

Карға адым жер мұн болды,

Казыққа – ажал байланьым.

Күр терім тұр қаудырап,
Сүйегім қалды саудырап.
Аштықтан басқа дертім жоқ
Талықсып тұрмын маужырап...
Бұл өлеңді оқығанда Сырбай Мәуленовтің:

Еске аламын қаралы сол жылдарды,
Кеуделерді карсы айырган мұң зарды.

Боран болып аныраған күйлерді,
Мола болып қаңыраған үйлерді.

Жап-жалаңаш құп-құ болған аспанды,
Кан аралас көзден аккан жастарды, -
деген өлең жолдары еске түседі.

Халықтың мұң-мұқтажын бірінші болып жоктайтын қашанда ақындар Жоғарыдағы аты аталған ақындар өлеңдері соның айғагы. Күдерінің күніренісі мүлде бөлек. Ол өйткені ажалдын алдында тұрып өз басындағы жайды сол қалыпта өлең жолдарына түсірген.

Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығы, қызметі жайында алғашқылардың бірі болып 1949 жылы «Ы.Алтынсаринің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» деген еңбек жазған ғалымдардың бірі Әміржан Сыдықов та «Ыбырай сөзге өте шебер, казак мұзыкасын, әнін өте сүйген. Күдері, Сейдахмет, Ақмолда, Нұржан сықылды белгілі ақын, әншілер Ыбырайдың үйіне келіп қонақ болып жатып кететін [Сыдықов Ә. «Ыбырай Алтынсарин. «Әдебиет және искусство» журналы, №8, 1949].- дейді.

Күдерінің ұлы ұстазбен жақсы қарым-қатынаста болғанын Ыбырай зерттеушілерінің бірі ғалым Әміржан Сыдықовтың мына жазбаларынан да анық көрінеді:

«От замечательных стихотворений Алтынсарина «Лицемерному судье», «Друзьям из молодёжи» веет идейной направленностью известной поэмы Некрасова «Кому на Руси жить хорошо». Не называя прямо носителей зла, произвола, общественной неправды – крепостническую Россию, Алтынсарин иносказательно вскрывает беззакония и подлости, которые творились эксплоататорским слоями – теми, кому вольготно и весело жилось в наивной, отсталой казахской среде.

Приводим здесь отдельные выдержки из стихотворения «Лицемерному судье»:

Ты польщён, почётом и низкопоклонством;
Ноги отекают от челобитья тебе;
Душу выматаешь из-за пустяков,
Жадно высасываешь последнее у бедняка.
Как пост день за днем приходит к концу,
Так и ты разоряешь постепенно аул дотла
Хан, не зная правды, чинит насилие.
Знай, сударь, придет час возмездия,
И тот, кого ты обирал, доберется до тебя».

Өлең соына Алтынсарин, Киргизская хрестоматия ч. 1. Оренбург, 1879 г., стр. 77. (Это стихотворение Алтынсарин поместил в хрестоматию со слов своего друга акына Кудери), - деп сілтеме жасалты. [«Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина» Учпедгиз Алма-Ата 1949. – стр. 61]. Өлеңнің қазакшасы төмендегідей:

Таксыр-таксыр дегізіп тамсандырдың,
Сейтіп жүріп аяққа кан салғыздың.
Жан журмейтін ісіме жан алғыздың,
Ақырында малымнан құр қалғыздың!

Оразаның түбіне мақсым жетер,
Азган елдің түбіне таксыр жетер.
Әділдікten хан тайса, наңым кетер,
Жылай-жылай жарлының малы кетер.

Ай, таксыр, бұл дүние өтер-кетер,
Мал иесі де артынан қуып жетер.
Жарлылар да бір табар әділқазы,
Таразылы күн болса арыз етер! [«Қазақ хрестоматиясы», Алматы, «Білім», 2003. – 77 б.]

Ыбырайдан үлгі-өнеге алып, академик Қ.Жұмалиевтің, Ә.Сидыковтың назарына ілінуі, Кудері шыгармаларының кезінде елге кеңінен таныс болғанын дәлелдей түседі.

Кудері шыгармашылығы жайында қазақ әдебиетінін тарихын зерттеуіш ғұлама ғалым Әуелбек Коңыратбаев: «1916 жыл оқиғасын сол дәуірдің көрнекті ақындарының бәрі дерлік жырлайды. Соның бастылары – Жамбыл, Иса Дәүкебаев, Біржан Берденов, Омар

Шипин, Құдері, Сартай, Сәт Еспенбетов сияқты ақындар», - деп Құдерінің көрнекті ақындар катарына қосады. Құдері ақын маусым жарлығына елдің қалай қарайтынын, әкімдердің қысымын байлайша суреттейді», - деп өлеңнен үзінді келтіреді.

Ә.Қоныратбаев енді бірде Құдері, Сәт, Омар Шипин сияқты ақындардың көбінесе Аманкелді бейнесін мүсінде, ел басына күн туган қыын-қыстау шакта оның халық жагына шығып, кетерілген елге басшы болғанын суреттейтінін айта келіп, 1916 жылдың 6 қарашасында Аманкелдінің Торғайды басып алғанын Құдері қалай жырлағанын да өлеңнен мысал келтіре отырыш баян етеді. [Қоныратбаев Ә. «Қазақ әдебиетінің тарихы», Алматы. «Санат», 1994. – 301 – 305 б.б.].

Республикалық «Рауан» баспасынан «Арқас» тарихи-танымдық басылымдар» сериясымен шыққан «1916 жыл» кітабына Құдерінің үш-төрт өлеңі еніпті. Жинаққа алғы сез жазған сыншы, ғалым, Зейнолла Серіккалиев: «Осы жиңіктің ең соңғы назалы қүйін кайыратын – Құдері ақынның бір күнті көніл жыры бар», - дей келіп оның шыгармашылығына улкен баға береді. – «Кездің жасы болды көл». Енесін жоқтаған жетім қозыдай, домбырасын құнірентіп, кайғы-қасірет кемесімен замана таршылышын-тістілердің тырнағында, сүйк қолға тұлымдастын туратып, жемқорларға жем болып, қан жұтып, зар жылаган, көз жасы көл қазак халқының ғасыр бастаудағы аянышты тағдырын тебірене толғайтын сыршыл жүрек «жүддиз ауып, ай мен күндер тұтылған» құрдымға батыш, қарманар талы қалмаған, шығар жолды шырақ алып іздеуге де қайраны жоқ, «аждагамен арпалысқандай» дергіті жылдар шындығын – бәрін-бәрін мейлінше дәл бейнелепті...» [Серіккалиев З. Жонда жарылған жанартай /1916 жыл. Алматы: «Рауан», 1996. -149-153 б.б.].

Ақынның осы жоғарыда аталған жинаққа енген «Аманкелдінің Торғайды алғаны» атты өлеңі де құнірениспен басталды:

Бұл не заман улаған,
Піте кулап дулаган?
Қазаққа қысым күн туып,
Қатын-бала шулаган.
Старшын, болыс жағынып,
Мойнына знак тағынып,
Ар-иманың ұрлаган.
Еріксіз басқа қол салып,
Мұншама жүртты қорлаган...

Ақын 1916 жылғы «Үйен жарлығы», оның қазақ халқына әкелтөн зорлық-зәмбылдығын, сұрапыл қүндердің соракы істерін «жай жағадан алғанда, ит етектен шырмаған» заманның кескін-келбетін әдемі суреттеген. Намысқа шапқан ел ерлерінің «қарағай салты наиза алып, ат-айғырын жаратып, айбалтасын қолға алып» патша үкіметінің әділестіз ісіне қарсы тұрғанын да сол калыпта көрсете білген. Өйткені ол сол көтерілістің бел ортасында жүрген жауынгер. Ұзақ жыр 1916 жылдың Торғай даласындағы көрінісін мейлінше шынайы суреттей келе, Аманкелді батырдың Торғайды алғаны жайындағы серпілістен аяқталады.

Жыр Торғай ақындық мектебінің ұлгісі шубыртпалы үйқаспен жазылған. Үйқастары да әлсіз емес – үш буын, «жарамды, жарау ұйқас» (Әбіқай).

Құдерінің «Ер туды» аталатын ұзак өлеңінде майданың қара жұмысына әскерге адам алу жөнінде патша жарлығы шықаннан кейін губернатордың Торғайга келіп, елді тығырықта тіреп, халықтың сол тығырықтан жол таба алмай сенделуі, щакырудан (призывтан) аман алып каламын деп халықты алдаушылардың көбейуі, Арғын-Қышишактың бірігіл пашаға қарсы көтерілуі жырланады:

Көтерілді жұрт ашуы дәүірлеп,
Қолдан бала ұстап беру ауыр деп.
Хан сайлады адасқан жұрт ақылдан,
Бас қамына болар ма еken тәуір деп.

Арғын ханы Жаугашардан болды Оспан,
Неше бекзат тілегінде жол тосқан.
Қышишак ханы Әбдіғапар сайланған,
Талапты ерге болса еken деп жол бастан.

Мал мен жанын пидалады қазаға,
Риза болып бармаймыз деп жазага.
Біржолата өлеміз деп қырылып,
Мойынсұнды жас пен кәрі қазаға...

Автор тарихи шындықты бүрмаламай, саясатка бүрмай сол болған қалыпта жеткізеді: «Талай қорқақ ер бол кетті табанды, Талқандайтын бүл киямет заманды», «Арғын, Қышишак екі айырылды

сол жерден» (Арғындар әскердің қара жұмысына адам береміз деп, Қыпшақтар бермейміз деп – С.О.).

* * *

Кеткені бар Қыпшақ пенен Арғынның,
Өз пайдасы не қылса да әркімнің.
Бірі болса корықпас ед соғыста
Ертеде өткен Қамбар, Шора, Тарғынның.

* * *

«Жұртқа басшы болмақ түгіл әркімнің
Тілегені бір басының аманы.
«Жақсылары» жамандарын алдаң жеп,
Токтамады бір тойған соң тамағы.

Елдің елдігі, ердің ерлігі жан алыш, жан беріскең қан майданда сыйналады. Автор соны мегзей отырып, азаттық құресі Торгайдай елді, Аманкелдідей ерді тудырғанын:

Сол күресте шын қажырлы ел туды
Сол күресте Аманкелді ер туды, -
деп кезекті қайталау арқылы әр сөзге екпін беріп, қажырлы жеткізеді.

Қайратында Аманкелді батырдың
Лаулап жанды елдің сөнген шырагы.

Асыра айту, алайда сенімді. Поэзияға, тарихи жырларға тән стиль, көркем, бейнелі тіл.

Шешеуші шайқас – Догал соғысы. Догал Қараторғай мен Жолдама өзендерінің Үрпек пен Батлаққара арасындағы ашық, кең су жайылатын жері. Айнала қалың тал, қоғалы, жынысты тұсы. Бұл шайқас тарихта 1917 жылы 24 ақпанда болған. Күдері де көтеріліс жылнамасындағы жырында Догал-Үрпек шайқасының қаһарлы қыста басталғанын «Солдат шықты февральда дуаннан» деп нақты көрсеткен. Шайқастың басталуын, қүшіне тұсуін он бір буынды қара өлеңмен эсерлей суреттеп, Аманкелдінің ел алдына шығып, халыққа отты сөзімен күш-жігер беріп құреске үндеген тұсында сегіз буынға көшеді.

Арғын-Қыпшақ баласымыз,
Шыбындай жан таласымыз.
Жауға таймай баарсыныз
Қанға қылыш маларсыныз,
Намыс-кекті аларсыныз...
Ақ жарылқап Ай-Күн туса,
Дұшиан қашып, ерлер қуса,
Бір қызметке жаарсыныз,
Көніл тынып таарсыныз.
Кеткендерінің құны үшін!
Ертегінің құні үшін!

Ертедегі батырлар жырында да дәл осылай он бір буынды өлеңмен келе жатып, «Әлқиса» деп алым, қарасөзге, қарасөзден 7-8 буынды жырға ауысып бір сарынмен кетпей окушысын екінші бір екінмен еліктіріл отыратыны белгілі.

Мысалы «Қарабек батыр» жыры 6 буынмен басталып 15-20 шумактан кейін 11 буынга кешеді. 8 шумактан кейін қайтадан 6 буынға ауысады. Осы әдіс жырдың аятына дейін қайталанып отырады.

... Қарабектей батырды
Құлаша солай оятты,
Қарабек сонда оянды
Аш бүйірін таянды,
Кер маралдай керілді.

Бұл шумактар Қарабек батыр жырынан. Бұдан басқа батырлар жырларында да, тіпті Күдерінің ез жырларында да кездесетін осы екін, уш буын үйқас, сарын. Ал Күдерінің жоғарыдағы шумактары оларға мүлде үқсамайды. 8 буынды өлеңнің үйқасы 4 буын, ырганы, екіні де ерекше. Күдері жазба әдебиетінің де өкілі дейтініміз осы сияқты жанашылдығы мен өлен құрылтысында, сөз саптауларында жатыр. Сондықтан да ғалым Есмағанбет Ысмайылов: «Күдері ақынның поэмасы осындай ерекшелігімен маңызды болып келеді» деп оған үлкен баға берген. [Ақындар, - Алматы: Казмемкөркемәдеббас, 1956. -340 б.]

Сарбаз жұр дамыл алмай үш-терт айдан,
Бар болса, енді шығар акыл-айлан.
Батырға Аманкелді хабар келді:
Шықты, - деп, - бір мың солдат Костанайдан

Күдерінің «Күйік көлдің басында» деген өлеңі осылай басталады. Бұл жырдан да Торғай ақындық мектебінің лебі ескендей. Өлең домбырага косып айтуда сұранып тұр: бунақ, буын сандары түгел орнында.

Автор «Батырға Аманкелді хабар келді» дейді. «Аман келді батырға хабар келді демейді. Олай жазса бунақтар буыны ала-құла болып езгеріп, өлең әнге, әуезге қосуға келмейтінің ақын жақсы білген. Әрі «Аманкелді – хабар келді» деген ішкі үйқастары қандай!

«Күдері ақынның көніл айтуды» деп аталатын ұзақ өлең:

Қош енді, Сұтгібайдан Төке туды,

Артық бол қатарынан жеке туды, - деп басталып, Төкенің қандай азамат болғанын, кісілік келбетін, кайрат-кушін, мырзалығы мен ерлігін, әділ билігі мен намысқойлығын мактаңышпен айтады.

Шындығында да Торғай, Қостанай, Ақтөбе өніріне Төкенің аты кесінен жайылған. Төкенің мырзалығы жөнінде ел арасына кен тараган мынадай әнгіме бар:

Төке бірде ел аралап журіп әбден тозған жыртық-жыртық күпісінің битін сығып отырған бір қойшыға кездесседі. Қойшыны аяп, жаны ашығаны сондай, үстіңдегі іш киімдерін шешіп беріп кетіпті.

«Орыны Эйдеркенің Төке-Құлжан», - дейді Күдері. Текемен аталас Құлжан да атакты би, айтуды бай, сөзге шешен, адұынды кісі болған. Екеуін де ардақтап, сыйлаған Торғай халқы екеуінің атын бір қосып «Құлжан-Төке» деп төрлерінен орын берген. Бұл – тарихи шындық. Сол тарихи шындықты Күдері:

Орта жүз баласында аргын, қылшақ,

Қарасан ұл жоқ тұган бұларға ұқсанп, - деп көркем шындыққа айналдырып, бағасын асыра жеткізеді.

Құлжан мен Төке өз елдерінде жүргендеге бір-біріне қарсы келсе де, дауласса да, кісі еліне шыққанда бір адамдай болып, бірігіп, небір дауда женіп шығатын болған. Бұл жайында ел аузында аңыз әнгімелер жетерлік.

Осы жерде окушыларға бір айта кететін жайт – атакты Нұргали Құлжанов осы Құлжанның ұлы, Қазақтың тұнғыш журналисті қызы Нәзипа Құлжанова келіні.

Төке мен зайдыбы Загипадан Нұрмажанбет, Смағұл, Хакімбек, Қамбар атты терт ұл туады. Төртеуі де ел намысын ту еткен, халыққа камқор атпал азаматтар болып өседі.

Нұрмәғанбеттің аты-жөні Ыбырай мектебінде алғаш оқыған балалардың тізімінде бар.

Смағұл шешенендігімен танышады. Шамалап оқығаны бар ол Шұбалан болысының болысы болады.

Хакімбек 1916 жылғы азаттық соғысына катысып, партизан сайында атылған 17 боздақтын бірі. Қамбар да колективтіндіру кезінде өзінің әділдігімен, іскерлігімен елге танылған ел ардақтысы.

Күдері Қамбарға барып өмірден өткен экесіне, жоғарыда аттары аталған ағаларына көңіл айтады. Ақынның бұл өлеңі бұрын еш жерде жарық көрмеген. Көркемдігі жағынан арнау өлеңдерінің ішінде шоктығы биік дүние. Ақын Төке балаларының әр қайсысына тоқталып, баға береді.

Өлең тапқырлықтан да, образдаулықтан да, дыбыс үндестіктерінен де құралакан емес:

«Арғынның босағасы ед ел тоқтаган».

«Шілдерлеп қайғы-шерді кеттім дейін»

«Еңсесін қайғылы елдің кетерем деп».

«Канарын ән мен жырдың сектім дейін»

«Белі де, белбеуі де өзін едін».

«Жараны жан сыздактан құлыптағын».

«Аруақты, алтын дінгек босағасы»

· Файыл Иран, Ер Мадуар, Қамбар, Шора, Тарғың, Беген, Шеген, Лұқпан. Хакім есімдерін атауы, сондай-ақ араб, парсы сөздерін колдануы. Күдері ақынның ертегі-анзыздарды, діни кітаптарды оқығанын, сондай-ақ батырлық, ғашықтық жырлардан нәр альш

өскені, сол замандағы ел тірегі болған азаматтармен аралас-қуралас болғанын айғақтайды.

Оны:

Қалаулы қариялардан бата алыш ем,

Білімді жақсылардан хат алыш ем,-
деп езі де өлеңінде жазып кеткен.

Адамын көрдім Омбы, Орынбордың,

Мәнісін білдім талай биік, зордың, - деген жолдарынан ақынның біраз жерді аралап, ақындығымен елге таныс болғанын да шамалаймыз.

Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Өсиет өлендерінде» кездесетін Так Сүлеймен, Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр-Ілияс, Атымтай жомарт есімдерінің Күдері өлендерінде де ұшырасуы оның Алтынсариннен үлгі-өнеге алыш, үйректенін, оған еліктегенін айқындай түседі:

Ыбырай:

Мұнан соң Так- Сүлеймен туды де,

Отыз үлға бір өзін жора қылын.

Күдері:

Дүниеден уақыт жетсе кім қалады,

Жігіттер, көзінді сал Сүлейменте.

Бұл жолдар Ыбырайдың «Жігіттер, бір-біріне қарасыңыз!» деген жолдарымен де үндесіп тұр.

Ыбырай:

Ескендір патша болыш дүниені алған,

Қалмаған бұл жағанда ешбір арман.

Күдері:

Ескендір патша болған Зұлқарнайын,

Дүние жыған, ел кезген, білген жайын.

Ыбырай:

Мекенін білемісіз, қайда қалды;

Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.

Күдері:

Ол уақытта Атымтай жомарт еткен,

Адам жок есігінен құры кеткен.

Екі ақынның айтпақ ойлары, идеялары да бір- бірімен қабысып, бірін-бірі толықтырып тұр.

Ыбырай:

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер, бір-біріне қарасының!
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз!
Күдері:

Жігіттер, уақыт болмай өле алмайсың,
Дуниеге өлсөң қайта келе алмайсың.
Ата-ана, ұстазыңды ренжітсең,
Дидарын хақ тағала көре алмайсың.

Қызылдардың қылышынан қан тамып тұрған заманда Күдерінің:
Ел іші алай-түлей салырылысан,

Бәлшебек әлде жұт па, әлде күт па?- деуі дар алдында тұрса да
оның шыңдықты айтатышын растанай түседі. «Кергартпа ақын» атанып,
акынның көп өлөндерінің басылмай, архивтерде жатып қалуының
себебі де осындағы батыл ойларына байланысты екенін енді біліп
отырмыз.

Бұзау деген кісінің Фалымжан Байгабылов жазып алған мына бір
естелігінен Күдерінің сұрыпсалма ақындығын аңғарамыз.

Мениң жиырма беске келген кезім еді. Бәйімшеге үйленгеніме екі
жыл болған. Келіншегім өте пысық, келбетті, қонағасыға сондай
мырза, халыққа жағымды. Үлкен кіслер де жасы кіші демей бізben
араласып тұратын. Ел қыстап аман шығып Қаренқұдыққа барып егін
салып жаткан уақыт болатын. Мен ауылнайлық қызметпен ел аралап
жүріп үйге таң ата келгенмін. Бәйімше үн-түнсіз сиыр саууга кетті де,
мен үйқұтап калдым. Содан түске таман бір-ақ ояндым. Дастаркан
жайылып, шай алдыға келгенде эйелім «Бір қызбен жүресін» деп, таң
ата келгенімді айттып, кінәлап, түсі өзгеріп қырын қарап отырған. Сол
уақытта біреудің аттан түсіп, белдеуге шылбырын байладап жатқаны
естілді. «Қонақ келді, дұрыс отыр» дедім эйеліме. Сөйткеніле
«қассалаумагалайкүм» деп бір кісі кіріп келді. Қарасам, Күдері ақын.
Орнымнан ұшып тұрып сәлем беріп, колын алып, көрпе салып,
колонына су құйдым. Шайдан бірер кісі ішті де үнделмей тым-тырыс
отырып қалды. Козі біресе менде, біресе келінінде. Ақын адам
сезімтал келеді ғой, келінің іс-қимылшынан, түсінен екеуміздің
aramызда бір кикілжінің барын біліп, маган қарап «ай, тентек
шіркін, келінді ренжіткенсін ғой» деді. «Бір жинальыста болып, үйге
кеш келіп едім, келініңіз соған сенбей отыр» дедім. Эйелім: «Жоқ,
олай емес, ата, күнде жоқ болады, алам деп жүрген адамы бар, күнде
соған барады» деді бұртиып. «Жалған айтады», - деп мен де акталып

әскені, сол замандағы ел тірегі болған азаматтармен аралас-құралас болғанын айғақтайды.

Оны:

Қалаулы қариялардан бата алыш ем,

Білімді жақсылардан хат алыш ем,-
деп езі де өлеңінде жазып кеткен.

Адамын көрдім Омбы, Орынбордың,

Мәнісін білдім талай биік, зордың,- деген жолдарынан ақынның біраз жерді арапап, ақындығымен елге таныс болғанын да шамалаймыз.

Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Өсиет өлеңдерінде» кездесетін Так Сүлеймен, Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр-Ілияс, Атымтай жомарт есімдерінің Күдері өлеңдерінде де ұшырасуы оның Алтынсариннен үлгі-өнеге алыш, үйректегін, оған еліктегенін айқындаі түседі:

Ыбырай:

Мұнан соң Так-Сүлеймен туды де,

Отыз үлға бір өзін жора қылны.

Күдері:

Дүниеден уакыт жетсе кім қалады,

Жігіттер, көзінді сал Сүлейменге.

Бұл жолдар Ыбырайдың «Жігіттер, бір-біріне қарасыңыз!» деген жолдарымен де үндесіп тұр.

Ыбырай:

Ескендір патша болыш дүниені алған,

Қалмаган бұл жалғанда ешбір арман.

Күдері:

Ескендір патша болған Зұлқарнайын,

Дүние жиган, ел кезген, білген жайын.

Ыбырай:

Мекенін білемісіз, қайда қалды;

Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.

Күдері:

Ол уакытта Атымтай жомарт еткен,

Адам жок есігінен құры кеткен.

Екі ақынның айтпақ ойлары, идеялары да бір- бірімен қабысып, бірін-бірі толықтырып тұр.

Ыбырай:

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер, бір-біріне қарасыңыз!
Өмір деген бес құндік кетер етіп,
Атаң барған орынға баrasыңыз!

Күдері:

Жігіттер, уакыт болмай өле алмайсын,
Дүниеге өлсек қайта келе алмайсың.

Ата-ана, ұстазыңды ренжітсен,
Дидарын ҳақ тағала көре алмайсын.

Қызылдардың қылышынан кан тамып тұрган заманда Күдерінің:
Ел іші алай-тулей сапырылышкан,

Бәлшебек әлде жұт па, әлде құт па?- деуі дар алдында тұрса да
оның шындықты айтатынын растай түседі. «Кергартпа ақын» атанып,
акының көп өлендерінің басылмай, архивтерде жатып қалуышың
 себебі де осындаи батыл ойларына байланысты екенін енді біліп
отырмыз.

Бұзау деген кісінің Ғальмажан Байғабылов жазып алған мына бір
естелігінен Күдерінің сұрыпсалма акындығын аңғарамыз.

Менің жиырма беске келген кезім еді. Бәйімшеге үйленгеніме екі
жыл болған. Келіншегім өте пысық, келбетті, қонағасыға сондай
мырза, халыққа жағымды. Үлкен кісілер де жасы кіші демей бізben
араласып тұратын. Ел қыстап аман шығып Каренқұдыққа барып егін
салып жатқан уакыт болатын Мен ауылнайлық қызметтеп ел аралап
жүріп үйге таң ата келгенмін. Бәйімше үн-тұңсіз сиыр саууга кетті де,
мен ұйықтап қалдым. Содан түске таман бір-ақ ояндым. Дастарқан
жайылып, шай алдыға келгенде әйелім «Бір қызбен жүресін» деп, таң
ата келгенімді айттып, кінәлап, түсі өзгеріп қырын қарап отырған. Сол
уакытта біреудін аттан түсіп, белдеуге шылбырын байлап жатқаны
естілді. «Қонак келді, дұрыс отыр» дедім әйсліме. Сөйткенине
«ассалаумагалайкум» деп бір кісі кіріп келді. Қарасам, Күдері ақын.
Орнымнан ұшып тұрып сәлем беріл, қолын алыш, көрпе салып,
қолына су құйдым. Шайдан бірер кісі ішті де үндемей тым-тырыс
отырып қалды. Көзі бірсесе менде, бірсесе келінінде. Ақын адам
сезімтал келеді ғой, келінінің іс-кимылынан, түсінен екеуміздің
арамызда бір кикілжінің барын біліп, маған қарап «ай, тентек
шіркін, келінді ренжіткенсін ғой» деді. «Бір жинальста болып, үйге
кеш келіп едім, келінініз соган сенбей отыр» дедім. Әйелім: «Жок,
олай емес, ата, күнде жоқ болады, алам деп жүрген адамы бар, күнде
соган барады» деді бұртиып. «Жалған айтады», - деп мен де ақталып

жатырмын. Сонда ақынның домбыраны қолына алып, айқайладап жіберіп айтқаны:

О, Келінжан, күдірме нақақ ерді,
Жұлдызды қолға түспес тәнір берді.
Дайын бол ертелі-кеш қызметіне,
Қайтарар Қыдъыр-Мәулен еңбегінді.
Косылған тенін тауып бар ма өзіндей,
Қарашы көзін салып әркімдерді?
Тату болсаң бұл өмір балдан тәтті,
Кешірімді, ұстамды бол, ашу-қатты,
Шайтан, малғұн арада есуасалаң,
Бір-бірінен айырмак адамзатты.
«Ашу – дүшпан, ақыл – дос» деген сөз бар,
Ашуға ерсен, тұл етер махаббатты.

Зауал жоқ кінә артсан мойынына,
Ақ-адал етіе тарлық ойынына.
Екі ұшты кінә арту құнә болар,
Кірмесе қызыл тұлқі қойынына.

Бұзаужан, ете берме әлімжетік,
Көбейсін татулығың сый-құрметтік.
Келіннің жорамалы рас болса,
Ол ұят, кешірілмес ақыреттік
«Аз сөз де – көп мағына» дегек бар ғой,
Ғибрат аңдағанға айтып өттік.

Сөзімді қабыл алсаң, шырақтарым,
Ойға алған орындалсын мұраттарың.
Алға ассын күн-күн сайын абырайың,
Гүлденсін мал, перзентпен тұрақтарың.
Абайлат, мағынасына көніл қойып,
Ынтамен салып тыңда құлактарың.

Ал енді осыменен айтып болдым,
Мәнісін баяндайын келген жолдың.
Шұғадан шекпен, Жалбай кимекші бол,
Тігуге әдейі келген жұмысы осы,
Қақ жарып ортасынан қалың елдің.

Шайдан соң, макұл десен, қолыңа ал,
Жемеймін тікпесеніз жая мен жал.
Орындағ ағанызың бір тілегін,
Еңбегіне алғысым мен батамды ал.

Бәйімші шекпені мен жалбайын тігіп берді. Ақын алғысын айтып, батасын беріп, келінің қолына ақысы деп ақша да ұстасып кетті.

1991 жылы І.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына және А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың Торғайдағы құндеріне орай Арқалық қаласынан «Торғай жазушылары» деген анықтамалық шыққан болатын. Осы еңбекті құрастырып, алғы сөзін жазған белгілі сатирик ақын Сейіт Кенжеахметов: «Күдері қазақ халқына есімі кең таралған ақын. Оның әсіресе, ұлт-азаттық көтерлісіне арналған дастандары мен жырлары аса құнды шығармалар, - деп жазады. Өлендерін белгілі ақын П.Кузнецов орыс тіліне аударған. Ақын есімі «Қазақ әдебиетінің тарихына» енген. Шығармалары мектеп окушыларына, көптеген жинактарда, мерзімді баспасөздерде жарияланды. Өлендерін орталық кітапхананың қол жазба корына 1947 жылы Е.Есенжолов тапсырған».

Ақынының Ахмет Бірімжановтың депутат болып сайланғанда жазған өлеңінде облыстың барлық адамдары Ақтөбеге жиналдып, Ресей мемлекеттік Думасына депутаттыққа Ахметті лайық деп тапқанын айта келіп:

Бас косқан Дерібісәлі, Би Самырат,
Мырзагұл – шекті жігіт, мықты қуат.
Қышишқтан Қара, Сымайыл, би Байеке,

Сәруар, Тілеу Сұлтан қанық суат, - деп кімдердің колдағанын айтуы – тарихи шындық. Қазір Ахмет Бірімжанұлы депутаттыққа сайланғанда қасында кімдер болғанын ешкім біле коймайды. Сондықтан да бұл біз үшін жаңалық, құнды құжат.

Дербісәлі – Дербісәлі Беркімбаев (1837-1913) бала жасынан орыстармен араласып, патша қызметінде болып, қазактар арасында «жарты патша» атанған беделді адам. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметін қолдан, мектеп алушына әкшалай көмек көрсеткен, өзі де ауылдарда мектеп ашқан. Кіші жүздің Жагалбайлысы.

Торғай облысының қазактан шыққан алғашқы сот төрағасы. Би Самырат (Шын аты Шахмұрат) Алматұлы 1845 жылы казіргі актөбе

облысының Әйтеке би ауданында Жабасақ елді мекенінің Ақкүм ауылында туған. Бала кезіміден «Алмат-Самырат» дегенді жі естітінбіз. Әйткені Жабасақ менің туған жерім Балдайдан жиырма бес-ақ шақырым жер, бұл ауыл адамдарымен араласып-құраласып естік.

Самырат билікке ерте араласып әділқазылығымен, шешендердігімен елге танылған майталман би – Шемекей руының біні болған. 1906 жылы Ресейдің бірінші мемлекеттік Думасына сайлаушы ретінде катысушы. Күдері де А.Бірімжанов осы бірінші мемлекеттік Думага депутат болып сайланғанын жыр етеді. Бірінші, Дума 1906 жылы 27 сәуірде басталғаны белгілі. Күдері де өлеңінде:

Дұғада қолын жайды барлық адам,

Аспандап бакыт берді хак тағалам.

Мың төғіз жүз алтыншы жыл Ақтөбеде

Бас қосып бір облыс көрді тамам, - деп болған жылын дәл көрсеткен.

Әкесі бай болған, елге танымал тұлғалар. Сондықтан да халық әкесі мен баласының атын «Алмат-Самұрат» деп қосып атаған. Самұрат Алматұлы 1864-1889 жылдары 54 дистанция бастығы, Шемекей руының биі, Кенжескара болыстығының тұнғыш болысы, Торғай облысы әскери губернаторының 1889 жылғы 25 күркүйегіндегі №29 бұйрығымен Ыргыз уезі болыстығының кіші көмекшісі болып тағайындалған. 1899-1901 жылдары Ыргыз уезінің құрметті бітімші судьясы қызметін аткарған. 1922 жылы қайтыс болған. 1912 жылы «Ресейдің әулеті текті азаматы» атагын алған.

Мырзагұл -- Мырзагұл Шыманов, Ыргыз уезі Шенгел болыстығының басқарушысы, шекті, тәрткара, тілеу руларының атакты билеушісі, аты анызга айналған адамдардың бірі. Дербісілі Беркімбаев патшаға бар ынтастырымен қызмет етсе, Мырзагұл Шыманов қарсы құрессен адам. Сондықтан да екеуі бір-бірімен келісе бермеген. Мырзагұл 1869 жылы 22 жасында Шенгел болыстығының бастығы болып тағайындалады. Сонда М.Шиманов 1847 жылы туған болып шығады. Әкесі Жаулыбаев Шыман да елге белгілі, сыйлы адам екен. 1869 жылы Д.Беркімбаев Ыргыз уездік басқармасының бастығы капитан Богакка: «...болашак болыстық басқарманың бастығы Жаулыбаев Шыманның баласы Мырзагұл жас болуына қарамастан, ересектік танылты. Болыстықтың жерін, қыргыз-қайсақтарын жақсы біледі екен. Оның беделі әкесінің беделінен кем емес», - деп жазыпты

[Байдосұлы З. «Алды кен, арты майса Дербісәлі», Ақтөбе, 2007. – 48 б.].

1908 жылы, қыркүйек айында Мырзагұл дүниеден өтеді. Мұны естіген Дербісәлі касына жағалбайлы руының иті жаксыларын ертіп, бата оқыр сауынына бір үйір жылқыны алдына салып, Мырзагұлдың елне барын дұға оқытады. Бұл жайтты Сарышолақ атты ақын Мырзагұлға арнаған жоқтауында:

Жағалбайлы Жетіру
Көкемінің еді бастасы,
Дербісәлі ағасы
Дұға да етіп қоштасы,
Асылдың ісін қарашы,
Орасан көзге көрінді
Жетірудың баласы.
Мырзагұл өлді дегенде
Екі елдің бітісіп,
Қосылып кетті арасы, - деп әдемі жеткізген.

«Дербісәлі сатқын болған жоқ. Ал Мырзагұл патшалық өкіметтің жергілікті орындарының құлы болған жоқ. Дербісәлі Елінің сыйлысы, ауызға алып айттар күрметтісі – халық атап кеткендей «Жарты патшасы», Мырзагұл халқының өр мінезді курескери, еклінді перзенті. Бұл екеуді де халықтың ардактылары...» [Байдосұлы З. «Алды кен, арты майса Дербісәлі». Ақтөбе, 2007. – 55 б.].

Кара – шын аты Бірмұхамед Алдияров, 30 жыл Қостанайдың Шұбар болысын басқарған. Әкесі Қаумен Алдияров та болыс болған. Сәбит Мұқанов «Қаумен Ыбырай Алтынсаринің туған құdasы» деп жағады. Бірмұхамбедтің баласы Эбубекір Алдияров атакты дәрігер, екі жоғары оку орнын бітірген қазақ. 1913 жылдары «Қазақ» газетінде денсаулық сақтау жөніндегі макалалары жиі жарияланып тұрған. Үлт мұддесін көздең, халық қамын ойлаған азамат.

Сымайыл – Смайыл Жаманшалов Қостанайлық, болыс болған. Аты анызға айналған адамдардың бірі. Бұл өлеңде тарихи шындық айтылған. Біздің тарихымыз – жыр, дастандарымыздың екендігінің бір күесі іспеттес.

Күдері Жолдыбайұлы 1931 ашаршылық жылты қайтыс болған.
Күніренбе, күдер үзбе, Күдері,
Дүниенің түрлөді түнегі!
Өлі-ақ бір күн ұмытыстың кетер-ая,

Ғайып болып зымыстанның шідері!-деп өзі жырлагандай, ол аңсаған азаттық таңы атты. Соңында ұрпағы, өлмес өлеңдері қалды. Сол үрпактарының бірі Күдерінің жеті баласының ең кеңжесі Нәбиден туған Мереке. Өз атасының бұрын жарық көрмеген шығармаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының, сондай-ақ М.Әуезов атындағы адебиет және өнер институтының сирек кездесетін қол жазбалар корынан, кітап палатасынан, кітапханалардан іздең тауып, құрастырып, баспаға тапсырды.

АЛТЫБАС АҚМОЛДА

Алдына руының атын қосып ақынды осылай атаған.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Өрнекті сәйлемдер деп құрмалас сейлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сейлемдер нақ текеметке, яки кілемге салған тур сиякты болмаганмен, өрнек-өнерімен айтылады. Өрнекті сейлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып қайрылып отырады. Сондықтан өрнекті сейлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады...» дей келіп Алтыбас Ақмолданың өлең жолдарын мысалға келтіреді:

Кисапсыз бай болсан да Қарынбайдай,
Саки боп мал шашсан да Атымтайдай,
Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,
Болсан да әйдік батыр арыстандай,
Болсан да Жиренишедей тілге шешен
Ақырда жағар орның тарлақат жай.

Халық ақыны Омар Шипин «Ұстазым Орынбайдың Ақмолдасы» деп жырга қосса, өзі болысқа: «Хат жазған Орынбайдың Ақмолдасы Колыңнан келсе мені Сібірге айда» деп зілді үн қататын Ақмолда (Алтыбас Ақмолда) бұрынғы Торғай уезінің Аққұм болысына қарасты Молтыркик деген жерде туыш-әскен. Үбірай Алтынсаринмен рулас.

«Хат жазған» дегенине сүйенсек, Ақмолда сауатты адам болған. Қарынбай, Әмір-Темір, Арыстан батыр, Жиренишіні білгеніне қараганда да оның көп нәрседен хабардар екені аңғарылады. Мұны Бөгетбай Әлмаганбетовтің «Оның Сейдахметке жазған бір ауыз өлеңі де бар. Бұған қараганда, Ақмолда арабша сауатты, жазыл шыгаратын

акын болған» [Әлмағанбет Б. Таңат Сейдахмет ақын. // Торғай таңы. 4, 6, 11, 13 наурыз, 1993.] деген сөзі де нақтылай түседі.

«Билерге» [Ақмолда. Билерге. // 1916 жыл. Ұжымдық жинақ. – Алматы: Рауан, 1996, Б. 75-76.] деген өлеңінде ақын:

Сыр шықпас шыныжыр затты істеріннен,
Табармыз ердің мінін істеріннен.
Төтеше бір жиналған билер едің,
Сөз жаздым ұш-төрт ауыз үстеріннен, -

дей келіп, Бисен, Қабак, Ағытай, Жұбан, Баршын, Баккожа, Тобай, Біржан, Сарықожа атты тоғыз бидің елден пара алып, Арнамыстарын малға сатқанын айттып, аяусыз сынайды. Сөйтіл өлең сонын: «Билердің ісі кәдімгі Алдар көсөнің ісіне ұқсайды, дозакты бұлар көрмесе, кітаптың айтқан сөзі бекер шығар?!» деп түйіндейді.

Ақын өлеңдерінен оның сол кездегі қоғамдық құрылышқа, етірікке, әділетсіздікке, бұра тартып, кедейлерге тізе батыратын бай, билерге қарсы болғандығын байқаймыз.

«Алтыбас Ақмолда ақын 1916 жылғы кетерлістің басшылары Аманкелді, Әліби, Кейкі батырлармен жақсы таңыс, дос, жолдас, сыйлас болған адам, - деп жазады Б.Әлмағанбетов. — Аманкелді жау қолынан қаза тапқанда, оның жұбайы Балымға ұзак жоктау жыр шығарып берген. Ол «1916 жыл» деген жинақта жарияланған. Ал сол жоқтауды орындалп, жұртқа жария еткен Ақмолданы керген-білген адамның өз аузынан жазытып алынған нұсқа бізде сактаулы. Сонымен бірге Ақмолда ақын «Кейкі батыр айтты» деп шығарылған жоқтау жырдың иегері деген де дерек бар» [Әлмағанбет Б. Таңат Сейдахмет ақын. // Торғай таңы. 4, 6, 11, 13 наурыз, 1993.]

Бұл «Жоктау» (Балымның жоқтауы) Алматының «Рауан» баспасынан 1996 жылы жарық көрген «1916 жыл» деген кітапта «ел аузынан» [Жоктау. «ел аузынан» //1916 жыл. – Алматы: Рауан, 1996, Б. 179-181.] деген берілпіт.

Мірәшіріктен шыққан күн
Мағырып бармай батар ма?
Бауыры шұбар арыстан
Жолда жалғыз жатар ма?
Көр болғыр, дүшпан көздері,
Ем болмағыр сөздері,
Қиды екен неғып атарға.
Ауызға жастан ілінген,
Атагы сыртқа білінген,

Қазак, орыс, татарға.
Сұлтанмен басы тәң болған,
Етек-жені кең болған.
Орыс пenen қазакқа
Бір ауыз сөзі ем болған...
Сол асылдың тұсында
Күльгін едім тел болған.
Сұлтанымнан айырылып,
Көзімін жасы көл болған.
Солқылдағым, сүйрігім,
Қанатым, жалым, құйрығым.
Кеменгерім, келбеттім,
Кермиғым, мұлғілім.
Ұсынғанда қол жетпес,
Үстімдегі тұнлігім.
Қарадан туып хан болған
Тұлпардан туған дұлдулім.
Орта жұзден орасан
Ойқастан озған жүйрігім.
Қарадан шығып хан болған,
Айырдан туып нар болған
Көлеңкелеп отырган
Көп кедейдің басында,
Бір көруге зар болған.
Топ ішінен қақ жарып,
Сейледің сөзді жасынан.
Ер жетіп атқа мінген соң,
Кетпеді жұртың қасынан.
Айналды тегіс кәрі, жас
Пәрмен болған басынан.
Ақыл басқа тольғып;
Дариядай толқып тасыған,
Сүрінгендер сүйсініл,
Нашарлар қолға ап ұсынған.
Түрлі тентек бұзықтар
Дәуірі ушін жасанған
Жабынып есік базары,
Жастардың сыйып назары,
Тасығаным басылған.

Кедейлер бүгін жылады,
Үй иесіз қалған сон.
Көл күсындай шуладық,
Қайты жүтін салған сон.
Күндіз-туні кедеймен
Думан қылыш бас қосқан
Сол күндер енді қайдасың?!

.....
Негыш киып атты екен?
Сол секілді ерімді
Әділдікті көздеген,
Тура жолды іздеген.

«Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді». Осы бір өлеңнің өзінен-ақ ақын жырларының қандай болғанын анғарту киын емес.

Сейдахмет, Күдері, Нұржан өмірі мен шығармашылығы жайында зерттеу мақалалар бар да Ақмолда туралы жазылған дүниелер жоқтың қасы. Кезінде «халық жауы» атанып, құғын-сүргінге үшыраған ақындардың өлеңін «Ел аузына» деп, аты-жөнін жасырып берген. Сондай тағдыр талқысына түсіп, аты аталмай калғандардың бірі – Торгайлық Ақын Аймаганбетов. Ақыштың «Қамал бұзған қаһарман» деп аталатын поэмасынан үзінді де осы «1916 жыл» кітабында «Ел аузынан» деп беріліпті. Соған қарата, Орынбайдың Ақмолдасы да Сталиндік қанды қырғынға үшырамады ма екен деген ой келеді.

Ақмолда жоқтауы көркемдік кестелерге бай: «Орта жүзден орасан ойқастап озған жүйрігім» (ассонанс), «Кеменгерім, келбеттім, кермиыгым мұлғілім», «Сүрінгендер сүйеніп», «Жолда жалғыз жатар ма» (аплитерация), «Бауыры шұбар арыстан». (Ауыстыру, яки метафора) - Сөз мәнін өндөндіре өзгертіп айту, суретtelіп отырған затты не құбылысты айқындаі, ажарландаира түсүн оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылыстың мағынасын үстеп, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күштейту [Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982, 365 б.].

Сондай-ақ бұл жоқтау да түйдектеулер де жиі үшырасады.

...Қанатым, жалым, құйрығым,
Кеменгерім, келбеттім,
Кермиыгым, мұлғілім
Ұсынғанда қол жетпес,

Үстімдегі түнлігім.
Карадан туып хан болған
Тұлпардан туған дұлдулім.
Орта жүзден орасан
Ойқастап озған жүйрігім.
Карадан шығып хан болған
Айырдан туып нар болған.

Жоқтауда заттық ұғымға, зат есім сөзге тенеу топталым берілген.
Ақынның бұл тенеулері жалан емес, метафоралы. Өлең динамикасы серпінді, бір демде айта салынғандай, кедір-бұдырысыз құйылып тұр.

Бұл жолдарды оқығанда, Махамбеттің «Тарланым» толғауы еске түседі:

Кермиғым, кербезім!
Керіскідей шандозым!
Құландаі ашы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиудай базарлым!
Теніздей терең ақылдым!

Тебіренбес ауыр мінездім! [Махамбет. Жыр – семсер. – Алматы: Жазушы, 1979, 136 б.]

Екі ақында да «Кермиғү» деген сөз кездеседі. Махамбет жинағында «Кермиңқа» (сырбаз, сыпайы, кербез) деген мағынада деп анықтама беріліпті.

Тарихта біз білетін Ақмолда екеу. Бірі Мұхамедияров (Шын аты – Мифтахатдин) 1839 жылы қазіргі Башқұрт автономиялық республикалы жерінде туған. Кейбір деректерде туған жылы 1831 деп те көрсетіледі. Алайда 1839 жылы туғанын ғалым У.Қалижанұлы көптеген дерек

көздері арқылы егжей-тегжейлі дәлелдеген болатын [Қалижанов У. «Қазақ әдебиетіндегі діни-агартушылық ағым. Алматы «Білім», 1998. -32-66 б.б.]. Экесі қазақ, шешесі башқұрт әкесі Мұхамедияр Ақмешіттік. Екіншісі – Орынбайдың Ақмоласы (Алтыбас Ақмолда). Аттары ұқсас болғаннан кейін шығар, Буркіт Ысқақов «Жұлдыз» журналының 1981 жылдың сегізінші нөмерінде жарық көрген «Ақмолда ақын» деген мақаласында: «Академик Қ.Жұмалиевтің жазуына қарағанда, казактың көрнекті агартушы-демократы Ы.Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазактың Құлдері, Сейдахмет, Нұржан сияқты ақындарымен бірге,

Ақмолланың өзімен де және оның творчествосымен де жақсы таныс болған. Оған езінің ақыл-кенесін беріп, оның кейбір кертарапта көзқарастан арылуына септігін тигізген» [220 б.], - деп жазылты.

Біріншіден, Орынбайұлының аты Ақмолда, Байтұрсынов та, Омар Шипин де, Б.Әлмағанбетов те Ақмолда деп көрсеткен, екіншіден, А.Мұхамедияров 1831 жылы туған, Ыбырайдан 10 жас үлкен, казақ, башқұрт әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі, 1892 жылы «Мәрсия», «Жоқтау», 1904 жылы «Ақмолла», 1907 жылы «Мәшһүр шағир Ақмолланың өлеңдері» атты жыр жинақтары жарық көрген, үшіншіден, туып өскен жері, ортасы да басқа төртіншіден, Ыбырай 20 жасынан бастап 1980 жылға дейін Торғайда қызмет істеді. Оның саналы ғұмыр кешкен уақытында 1867-1871 жылдары Ақмолла түрмеде отырады. Қостанайдың Қарабалық болысына Қарақызы еліне барып, Қарасорда бала оқытқан Ақмолланы Ыбырайдың білуі, шығармасымен таныс болуы мүмкін, бірақ, көзі ашық, көкіреті ояу, оқыған-тоқығаны көп, әрі жасы үлкен, ақындығы да, өмірге көзқарасы да өзінен кем емес атақты ақынға Ыбырайдың ақыл айтуын, кенес беруі сенімсіздеу. Соңдықтан да бұл Ыбыраймен рулас, Торғай уезінің Ақкүм болысына қарасты Молтыркик деген жерде туып-өскен Алтыбас Ақмолда екені даусыз.

Ақмолда да акпа-төкпе, шебер, шешен, тапқыр ақын болған.

Нұржанның жырлары мен қырлары

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Коныратбаев «Қазак әдебиетінің тарихы» атты жоғары оку орындарының филология факультетінің студенттеріне арналған оку құралында «Н.Наушабаев жасында діни білім алғып, кейін такуа ақын болған. Өзі Ы.Алтынсариннің ауылдасы. Нұржанның «Манзумат қазақия» (1903), «Нұржан мәрсиясы» (1910) деген өлеңдер жинағы жарық көрген.

Ойын романтизм үрдісінде кестелейтін ақын» [А. «Санат», 1994. – 202 б.] - дейді.

Нұржан Наушабайұлы (Шын аты Нұрмагамбет) 1859 жылы Қостанай облысының Аракарайғай болысының Құттық ауылында туған. Қазір ақынның туған жері Нұржановка деп аталады. Бірақ ол жерде қоныс жоқ. 1909 жылы патша үкіметі Құттық ауылын ығыстыра-ығыстыра ағаш арасынан алшақтатып жіберген. Нұржан сол жерде 1919 жылы дүние салады. Бұл күнде бейіті сонда.

Нұржан жасынан зерек, сезімтал, бір айтқанды қағып алатын күйімакұлак болып өседі. Әуелі ауылдағы молдадан хат таныған ол кейін Тройцк каласына барып медреседе оқиды.

Нұржанның экесі - Наушабай кедей, байлардың малын баққан момын кісі болған. Шешесі - Кадиша да кедейдің қызы, оқымаган адам.

Нұржан бір жасынан нағашыларының қолында өседі. Нағашысы Шал ақын - түпсіз жыраулардың бірі еді. «Тартпай қоймас негізге» дегендей, ақындық Нұржанга нағашыларынан келген. Ол бала кезінен-ақ өз жаңынан сұрыпты сальп өлең шығаруға, ән айтуға зуес болады. Сейтіп «Ақын бала» атанады. Кейін ақындығымен, балуандығымен, серілігімен, әншілігімен ел-жұртына кеңінен танылып, сый-күрметтің бөлөнеді.

Ақынның ел-жұртына қадірменді кісі болғанын мына бір әңгімeden де айқын байқаймыз:

Бірде Ыбырай Алтынсарин Қаумен деген құдасына Нұржанды ертіп барады. Сонда Қаумен:

- Құла келгесін, қасында біраз адам болар деп, кісі күтүге дайындалып ек, қасынзыда бір-ақ адам бар екен гой, - депті.

Ыбырай іркілместен:

- Бұл Нұржан - ақын, балуан, сері, әнші, шешен, термеші, жырау. Сондыктан да бір өзі жеті адамға татымай ма?! - депті.

Ақынның өмір жолы - өнер жолы мына бір термесінен де қылаң бергендей:

...Тәуір көрдік сөздерді
«Пәленше мырза ер» деген
Кызыкты бастан атқардық
Ғажайып әрбір көрмеген.
Неше мақал, тақпақтан
Қалмады сөзім білмеген.
Әуесімен жастықтың
Күндер болды желдеген.
Не жақсының алдында
Неше буын эн шырқап,
Сайрады ғой тіл деген.
Заманында, жігіт пе
Сұлуды сүйіп, құшактап,
Жүйрікті тандап мінбеген?!

«Нұржанның қатты ауырып жатқанда жазған өлеңі» де өмірбаяндық сипатта - ана құрсағынан босанып, емшек еміп бесікте жатқанынан басталады:

Бір жасымда өлді анам,
Жетімдік дерті бек жаман.
Талпынтып мені сүйс алмай,
Он сегізінде қаза бол,
Анамда кетті көп арман.

Әкем, марқұм, қуанды
«Тәнірі берген ермек» деп,
Үй ішінде шарқ ұрдым,
Екі қол мен аякты
Кару қылышп, енбектен.
Онан соң тұра талпынтып,
Апыл-тапыл қаз бастым,
Одан да арман қалмады.

Бұдан соң келдім бесіне.
Ойыннан басқа не нәрсе
Келсін мениң есімे?
Мойнынан құшақтап.
Секірдім әке төсіне.
Еркелеп арман қалмады...

Ақын бұл термесінде халық ауыз әдебиеті үлгісін әдемі пайдалана отырып, өзінше жол тауыш кеткен. «Одан да арман қалмады» деген сөзді әр шумақтан соң қайталау арқылы термеге қуат-күш бітіріп, әрілендіре түскен. Сол кездегі ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиеті өкілдерінің өлеңдерінде де «он жаста пәлен боларсың, жиyrма жаста пәлен боларсың» деген сияқты өлең-жырлар көп кездесетін. Бірақ, Нұржанның бұл термесі жалпылама емес, өз өмірінің айнасындағы болы көрінеді бізге.

Осы термені оқығанда Нұржан өмірі еріксіз еске түсіп, көз алдыннан өткендей болады... Сонау сексенінші жылдары осындағы «Сексенде селкілдеген шал боларсың тастаған шала мұжіп омыртқадай» деген жолдарды оқығанда жоғарыда отыргандардың зәресі ұшып кететін. Өйткені сол кездегі басшылардың көбісі (Брежневтен бастап) шал-шауқан еді ғой. Сондықтан да мұндай

өлеңдерді кітапқа енгізбей, жоғарыдағылар қатты бақылап отыратын...

Торғайлық Ахметхан Әбіқаев деген атамыз «Бір сездің артын бір сез түртеді» дейтін. Сол сиякты осы бір әңгімені айтқанда Нұржан атамыздың да жазғандары күткін-сүргінге үшіншілік есімізге түседі. Нұржан Наушабаевтың Алашорда партиясының съезіне қатысқанын желеу етіп, көптеген жылдар бойы Кенес екіметі оның шығармаларына қарсылық білдіріп келді. Атын атаған адам абақтыдан бір-ак шығатын заман да болды. Сол себепті де Нұржанды билетін, оның шығармаларымен таныс кіслер ұзақ жылдар бойы сыйырлап қана сөйлеп, ән-термелерін орындай алмай булықты. Еліміз егемендік алыш, өшкеніміз жаңын, өлгеніміз қайта тірілгендей болған замандаға Нұржан есімі қайтадан нұрланып, ән-жыры қайтадан жарқырай көріне бастады.

Нұржан өміріне қайта үнілейік:

... Жиырма деген келді жас.
Кызығына жігіттік
Ауаланып, болдым мас.
Дүниені сапырдым,
Астын-үстін аралас.
Неше түрлі қызықтың
Бәрі менен табылып,
Құрбыма катар болдым бас.
Көнілім сокқан кезінде
Істемеген ісім жоқ,
Өтірік емес, бәрі рас.
Одан да арман қалмады...

Бұл шумактан байқайтынымыз акын өз басынан өткенді ғана емес, жалпы жиырма жастағы жігіттердің бойындағы іс-әрекетті қамтый, жинақтай айтып отыр. Бұл бір кісінің ғана емес, жалпыға бірдей жастық желік – алыш үшін даудылы, жауыны, сұлығынан ыстығы көп мезгілдің көрінісі. Бірақ одан да белгі қалмады дегенде саяды автор. Бұдан әрі өлең осылайша еріліп, сол заманың бет-бейнесі, жастық жігер, карттық-шідер көрініс береді.

Жиырма бесте қайнатты
Жігіттік дархан жүректі.
Сол кездерде істедім
Көнілге алған керекті.
Тағдыр қостап тілекті,

Тұған ұям түлетті.
Лайықты мен талтыйм
Әр жерден іздел көмекті.
Жолдастан арман қалмады.

Отызда ойран салдыым-ай,
Айтқан сөзде түрдым-ай.
Ойга алғанды қылдыым-ай.
Төрде отырып жайнадым,
Бұлбұлдай топта сайдадым.
Жастық - маstryқ ауасы
Жасыққа болат қайрадым.
Одан да арман қалмады.

Кырықта қайттым райдан,
Тіледім тілек құдайдан,
Бас тарттым олай-бұлайдан.
Тазардым саз-лайдан,
Жақсылардан үлті алып,
Гибрат алдым талайдан.
Одан да арман қалмады.

Терме жалғаса түседі. Елу деген жастың еңсе басып, ойландырып келетіні, біраз құрбы-қурдастарынан амалсыз айрылатыны, ағаларының қатары сиреп, үлкендік өзіне де иек арта бастайтыны кім-кімге де аян. Ақын осыларды айта келіп «өзімді сүйреп жеткіздім» дейді. Бұдан біз ақынның қамқоршысы аз болғанын, өзіне өзі ақыл айтып, өзіне өзі ғана демеп өскенін анық аңғарамыз. Елу бесте бойдан қуат-куш кете бастаса, алпыс та алжытпағанмен қолға таяқ ұстатьп, қызыл жүзден нұр кетіп, көзден жас аға бастайтыны айтылады:

Шөңкеріліп, тұра алмай,
Қарангыда отырмын
Сөндіріп жаққан шырактай.
Екі түсті екі тал
Ұстап түрмyn қолыма,
Қызығын соның көрсет деп,
Ашқай алла қабакты...
... Ержеткен бала менде жоқ,
Күніреніп жатырмын...

Қазак ССР-інің халық жазушысы Мариям Хакімжанова «Өткен күндер елесі» естелігінде, Нұржан ақынның Сұлтанғазы атты жалғыз ұлы болғанын, оның бармағынан бал тамған күйіш екенін, сондай өнер иесі, дарынды азамат аз уақыт ауырып, дүние салғаның айта келіп: «Сұлтанғазының қайғы-қасіретіне төзе алмаган жас ару Мариям (Сұлтанғазының жары - С.О.) келесі жылды қайтыс болады да, Қерім, Құләш деген екі сәбі атасы мен әжесінің баурында қалады» [«Бар қазаққа ана едін...» А., РГЖИ. «Дәуір», 1995. Хакімжанова М. «Өткен күндер елесі» 12-13 б.]. «Екі түсті екі тал» деп ақын сол екі немересін бейнелей айтқан.

«Құләш екеуміз жастас едік, - деп жазады М.Хакімжанова - Нұржекен ауыр науқастан сар төсек болып жатқан кезінде екі немересі:

- Ата, өлең айтпай қойдың гой. Біз өлеңді сағындық. Айтыш берші, ата-еке, - деп жалынып қоймапты. Сол кезде Нұржекен тамағынан су да жүрмейтін жағдайда екен. Қасында отырған Жүніске:

- Қағазға жаза берші, тілімнің ұшында бірер тамшы тұрған сияқты, - дейді. Сондагы ақынның ең соңғы өлеңі мынау екен:

Жүргегім, бауырымның арасындей,
Көзімнің ағы менен карасындей
Екі тал, екі түсті қаректарым,
Артымда жасың жетпей қаласың ба-ай?
Жүргегім, бауырымның хошы, балам,
Келгені қуатымның осы, балам.
Ішімде от-қасіретім кайнағанда,
Мауқымды сүйіп-сүйіп басып алам.
Жүргегім, бауырымның бітті күші,
Өрт болып өртенуде атаң іші...
Жақсы бол, жалқау болма, құлыштарым,
Ажалға жеткен емес адам күші.

Осындай зарлы, мұнды өлеңдерді жаныммен жақсы көруші едім, жалықпай жаттаушы едім» [Сонда. 13 б.].

Ақынның өлеңі - өміrbаяны. Өлең - жан тебіренісі. Өлең - халықтың тұрмыс- тіршілігі, рухани байлығы, жаратылсы. Өлеңнен бүкіл халықтың салт-санасы, әдет- ғұрпы, тарихы байқалады. Сондықтан да қазақ халкы «Өнер алды - қызыл тіл» деп аса бағалап, ердің күнін екі-ак ауыз сөзбен шешіп берген емес пе?! Міне, мұны біз Нұржан өлеңдерін оқып отырғанда да аңғарамыз. Ақынның

өмірбаяның өзінің өлеңінен үзінді келтіре баяндауымыздың өзі де сондықтан.

Нұржан өлеңін оқығанымызда оның кімге ғашық болғанын, сол кездегі елдің тыныс-тіршілігін, қатар-құрбыларының кім екендігін сезіну қынға сокпайды. Нұржан өлеңдері, назымдары ұлттық қадыр-қасиетін сақтай отырып, азаматтық мәні бар жайларды қамтиды. Ағайынға мейірімді, адал, шындықты айтатын азамат бол, елдін камын жейтін Ер бол дейді. Ақын өлеңдерінің көбісі сол кездегі қатарластарының өлеңдері сияқты көбіне-көп ақыл, нақыл, кеңес беруге бейім.

Нұржан артына елеулі мұра қалдырған белгілі ақын әрі сазгер. Ол өзінің жазған шығармаларын көзінің тірісінде өз каржысымен бастырып, оқушысына ұсынған ақындардың бірі.

Нұржаның келемді шығармаларының бірі «Сегіз сері» атты дастаны. Бұл дастан атакты Сегізсері (Мұхаммед-Қанафия) жайында сыр шертеді. «Өлеңі ақынның – өмірбаяны» деп жоғарыда айтқанымызды тағы бір кайталап, Сегіз сері өлеңін мысалта келтіре кетейік:

Мұхаммед-Қанағия болса да атым,
Сегіз деп атап кеткен мені халқым.
Өнердің бойға біткен арқасында
Үш жүздің сал-сері еттім азаматын.

Қылышпын қынабынан алынбаган,
Алтынмын таразыға салынбаган.
Ашамайлы Керейдің ер ұлымын,
Бейне бір жанған өрттей жалындаған.

Арасы орта жүздің Керей затым,
Үш жүзге болды әйтілі Сегіз атым.
Ұлықтан құғын көріп кетсемдагы
Есімнен ұмытылмас туған халқым.

Ер Сегіз, жыр жырлайтын келді шағын,
Ән-күймен атырағайсың жаздың таңын.
Өлеңге ел арманын өзек етіп,
Ойтай біл қазағындың болашағын.

Расында елдің жауы - менің жауым,
Даулайтын көптің дауы - менің дауым.
Бағасы маған берген болса да артық,
Ғадыл деп мені үгады казак қауым, -

дейді ол «Қашкын келбеті» деп аталағын ұзак өлеңінде. Осы бір бес шумақ өлеңін өзінен Сегіз серінін кім болғанын, арман-мақсатын, ұстаған жолын керіп-білу қын емес. Міне, Нұржан да Сегіз серінің сол азаматтығын, серілігін, аскан мергендігін, жаурыны жерге тимеген балуандығын, табанда суырып салатын ақындығын, әнші, күйші, сазгерлігін, шешеніндігін бағалаپ, оған дастан араған.

Нұржанның «Сегіз сері» дастанын 1973 жылы Казахстан Фылым Академиясы жамындағы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына әдеби мұра жинаушылардың бірі, жезқазғандық Мәди Болатов тапсырылты. Бұл 364 жолдан тұратын дастан бұрын-сонды еш жерде жарық қөрмеген.

Әміржан Сыдықов «Ыбырай Алтынсарин» [//Әдебиет және искусство, 1949, № 8, Б.67.] атты макаласында, Ыбырайдың шәкірті, ұстаз Габдолғали Балғынбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» [«Ы.Алтынсарин тағылымы», А.,Жазушы, 1991. 378 б.] Ыбырай дүниеден өткен соң басына құлпытас қойыльш, оған Нұржан Наушабаевтың арнайы жазған үш шумақ өлеңі жазылғанын, соның бір шумағы ғана есінде қалғанын айтады. Ол төмендегідей:

«Сайран еттім дүниеде,
Табылды көніл хошларым.
Әнли әулят, жиган дәүлет,
Калды кымбат достарым».

Ыбырай мен Нұржан аға, іні болып жақсы араласып тұрғаны белгілі. Ал, бұл өлең Ыбырай актық сапарға аттанарда да інісі әрі досы Нұржан касында болғанын аңғартады.

Есіме Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына орай 1991 жылы жарық қөрген «Ғұлама, ағартушы, ғалым» атты кітапқа енген «Ибраһим Балғожа ұғылын жоктау» [Ғұлама, ағартушы, ғалым]. А., 1991. 42 б.] атты авторы белгісіз өлең түсті. Жоғарыдағы бір шумақ өлең де, Ыбырайға арналған жоктау да Нұржан тіл-стиліне дәл келеді. Енді Нұржан жинағын [«Алаш», Костанай ЖШС «Баспа үйі». 1997.] алып басқа өлең жырларымен салыстырып оки бастадым. Ақын достықты аса кадір тұтқандықтан болуы керек, «дос» деген сөзді жің қолданыпты. («Досына кас сағынға», «Құдайды алдап, дос сатқан» [Сонда. 56 б.], «Бықсыма досы көп болар» [Сонда. 57 б.], «Аңдып

жүрген дос жамаң» [Сонда. 58 б.], «Қандай қымбат достардың» [Сонда. 60 б.], «Досқа достың сенімінің жок болып» [Сонда. 61 б.], «Құныңды білген дос артық» [Сонда. 64 б.], «Доска болмас сый артық», «Дос көнілін жарапал» [Сонда. 65 б.]. «Ешеп жұмсал, дос таппас» [Сонда. 68 б.], «Ер бергендей досың болсын» [Сонда. 73 б.]...

Белгісіз ақынның ыбырайды жоқтауында да, құлпытастағы жазуда да «дос» деген сөз бар. Бұрынғы жазылып жүрген жоқтауларда бұл сөз ұшыраса бермейді. Эрі қарай салыстырайық:

Жоқтау:

Ақ сұнқар ілген лашын...
Ақ сұнқар құстан айрылдың...

Нұржан:

Алтын такта ақ сұнқар [Сонда. 56 б.]
Ақ сұнқарды жапалақ [Сонда. 60 б.]

Жоқтау:

Жәрменкенің базары;
Өтіп те кеткен дүние-ай,
Дүбірлесіп жиылып,
Аспанға шығып тозаңы...

Нұржан:

Сейле де, тілім, базарым,
Бір күнде жетер ажалың.
Шыңдан қашкан қояндай
Шығарайын тозаңын [Сонда. 121 б.]

Жоқтау:

Ақ сұнқар ілген лашын...

Нұржан:

Лашынды, сұнқарды... [Сонда. 57 б.]

Жоқтау:

Ақ сұнқар құстан айрылдық...

Нұржан:

Ақсұнқар құс жем тіліп... [Сонда. 59 б.]

Жоқтау:

Шығарайын тозаңын...

Нұржан:

Шығарып жүрдім тозаңын [Сонда. 55 б.]

Осы сияқты, біріншіден, өлең ыргагы, шұбыртпалы ұйқаспен жазылуы, араб, парсы, шағатай тілдерін қолдануы жоқтаудың авторы

кітаби ақын екендігін байқатады. Екіншіден, «Өзімнің атам – Балғожа» дегеніне қарағанда Ыбырайға туыс, руы қыпшақ болуы керек (Нұржан да қыпшақ), үшіншіден, «Айналайын женеше» деуі онын (жоқтау авторының) Ыбырайдан кішілігін аңғартады. Төртіншіден, «дос» сезін колдануы («Артықша сүйер достарың», «Сынамаққа досың-ай») бұл жоқтауды шығарған Нұржан Наушабаев болуы керек деген тұжырымға жетелей береді. Мұны филологияғылымдарының докторы Б.Әбілқасымов та байқап: «Бұл жоқтаудың авторы белгісіз, бірақ мазмұнына қарағанда Ыбыраймен туыстас жақын жұрағаттарының бірі шығарған болуы керек деп топшылаймыз [Әбілқасымов Б. «Ыбырай Алтынсарыұлын жоқтау» «Костанай таны», 17 қазан, 1991 ж. Б. 3], – дейді. «Басқа туыстарының бірі шығар» дейін десең, ол кезде мұндай сауатты өлең жазатын, кітаби ақындар жоқтың қасы еді ғой. Бар болса, Ыбырай жазбалары мен Ыбырай жайындағы естеліктерде аты неге аталмайды? Ыбырай маңында болған, біз білетін ақындар Сейдахмет, Құдері, Ақмолда... Бұл жайында F.Балғынбаев жоғарыда аталған естелігінде «...бұрынғы Кайдауыл болысындағы Ақмолдамен, атакты зергер Сейдахметпен қадірлес, сыйлас еді... Сондай-ақ сол тәнірекке аты шыққан Нұржан Наушабаев деген қадірлі ақын да Ы.Алтынсариннің үйіне жіңі келіп тұратын, өзінің тәрбие-насихаттық жырларын төгілте орындаітын. Ыбырай Нұржанға женес беріп, ірі әлеуметтік мәні бар мәселелерді жырлауға бағыт бергені есімде» [«Ы.Алтынсарин тағылымы», А., Жазушы, 1991. 366 б.], – дейді.

Нұржан Ыбырайға тірісінде өлең арнағаны да белгілі:

Құр жерге, су үстіне от жақтырған,
Қаранды адасқанға жол таптырған,
Талып, шаршап жүргеннің нешеулерін
Ойдан алып бикке лақтырған.

Үлгі айтып бір облыстың қазағына,
Ықыласпен достарына сыр ақтарған.
Бақайын сазға тигізбей шығышты алып,
Өткел қып қия жардан құлап тұрган.

Жұртының екі жая Тінай, Қармыс,
Әр ерлер өз тұсында алған алғыс.
Бүркіттей үя салған Римстанда,
Талпынтыш балапаның үшты бір құс.

Зәһәрді балдан тәтті кылатұғын,
Халыққа камкор ондай ер болмайды түс.

Жаунары бір қылыш еді бір ыспатты,
Керегінде әркім қолға ұстағаны,
Болмады уақыттыңда ешбір жазым,
Қол сілтеп күндік жерден нұскаганы.

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы жарық көрген сауатсыз үлкендеге арнап жазған «Сауат ашқыш» еңбегінде Мәңке бидің бала кезіндегі әділ төрелігін айтты: «Жұрт бала билігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мәңке би атанып, аты аспанға шығады» [Байтұрсынұлы А. 4 т. Алматы «Алаш, 2006. -92-93 б.б.】- дейді.

Біз осы «Мәңке би» аталатын Ахаң жазбасын оқып, Мәңке би туралы алғаш жазған Ахмет болар деп жүргенбіз. Жоқ, олай емес екен. Мәңке би жөнінде Нұржан Наушабаевтың «Шекті Мәңке би сөзі» атты толғауы бар екен:

Құбыладан шыққан күн
Жаңып шығар деп еді.
Жалғаны жоқ бұл сөзім
Анық шығар деп еді.
Балғын-балғын көлдерден
Балық шығар деп еді.
Қазақ, сенің сорыңа
Қырда - қокан, ойда – орыс
Жарып шығар деп еді...
...Толғауы жоқ, күйі жоқ,
Жыр шығады деп еді.
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар деп еді.
Жүгініс жоқ, молдас жоқ,
Көлбеу шығар деп еді.
...Тайынша мен танаға
Жүк артылар деп еді,
Қарап тұрган жігітке
Қызы артылар деп еді.
Садака – қайыр байлардан
Қол тартылар деп еді.
Дүниенің жүзіне
Өре менен темірден

Жол тартылар деп еді.
Осы айтқанның бәрін де,
Мөңке би айтқан деп еді.

Мөңке би:

Қайықпен аулайтын
Балық шығар деп еді.
Қарап тұрған жігітке
Қызы артылар деп еді.
Ошақтай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар деп еді
Жүтініс жоқ, молдас жоқ.

Көлбекеу шығар деп еді [«Ақырзаман болғанда»,
Қазақстан Ғылым Академиясының кітапханасы 239 бума].

Толғау еркін, тасбұлақтың сұындағы құйылып, мінсіз өрілген. Ақын Мөңке бидің сездерін өз «қазанында» қайнатып, наэиралық дәстүрмен қайта жырлап шыққан. Ақын толғауының басқа елеңдерінен ерекшелігі де осында.

Назира – бір ақынның жазған елеңін (поэмасын, дастанын) екінші ақын қайта жырлау. Бұл Шығыс поэзиясында көп тараған дәстүр.

«Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды занды жол еткен. Тек алдыңғының елеңін алмай және көбінеше алдыңғы айтқан оқигаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгергіп отырып, тындан жырлап шығатыны болады. Бұлайша, эр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, немесе тындан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынастып, жырмен жарысу есепті бір салт еді», - дейді М.Әуезов [Әуезов М. «Әр жылдар ойлары», Алматы, 1959. –150 б.]

Нұржан айтыс өнеріне де біршама атсалысқан ақын. Оған Сырға кызбен, Бибісарамен, Жұмабаймен, Сапарғалимен, Сапарғали Нұрымұлымен айтыстары күш.

Нұржан мен Жұмабай (Уақ Жұмабай, Жұмабай Шалабайұлы) 1908 жылы Қостанай облысының Жасыбай ауылында кездесіп, Нұржан Жұмабайды сөйлестпек болып, танымаған кейіп танытып, өзін мактап, халықка сыйлы екенін, би болғанын, палуандығын, ақындығын айшықтап айта келіп:

Мен тұрғанда сейлейтін
Бар ма қазақ, жоқ тенім!
Домбырасын қолтықтап

Кутындаған шалың кім
Тұрінбей киген шекпенін?! –

дейді.

Сонда Жұмабай айшықтаудың бір түрі – кезекті қайталауды қолдана отырып, сөз эсерін қүшептіп:

Саған тиген жан бар ма
Отырын неге бұлданып?!
Ақын болсаң, қайтейін,
Айтысып ақын женген жоқ,
Батыр болсаң, қайтейін,
Көмек сұрай келгем жоқ.
Тұлен болсаң қайтейін,
Жалғыз Жансыз жапанда
Иман таптай өлгем жоқ.
Бай болсаң, Нұржан, қайтейін,
Қайырынды көргем жоқ.
Би болсаң Нұржан, қайтейін,
Құны кетіп атамын,
Еңбегі кетіп баламын,
Балалы болып немесе,
Билігіне көнгем жоқ.
Кедей болсаң қайтейін,
Құба шекпен үстімде,
Қарашолақ астында,
Жан қалтамда бір сом жоқ
Өзім де жарып жүргем жоқ! –

дейді.

Сөзден ұтылған Нұржан басын көтеріп, домбыраны ала сала көпке былай депті:

Еңкейіп еңбек етіп еккенімді,
Пысырып, өзім ордым сепкенімді.
Әлеумет, айып етіп, аңыз қылма,
Кішілік ұлken шалға еткенімді.
Дарияның тасқынында кете бардым –
Нұржаның канжығаға бәктерілді.
Аталы сөзге тұрмай ақымақтарша,
Ағаменен болмайын жеккөрінді.
Торқалы кегаланы көлденең тартып,

Үстінега жауып мынау шекпенімді.
Құдайым сөз байлығын берген екен,
Жүкеннің қасиеті көп көрінді.
Көріл ем көп ақынды мұнан бұрын,
Бәрі де койып еді бет бәруді.
Камалыш, қашқанменен құтылмастай
Бөгеді бөгет салып еткелімді.
Жұмеке, сырттан сізге қанық едім,
Келгеннен кескінінен танып едім.
Шамырқанбай шабысын көрсетпес деп,
Азырак шаужайынан қағып едім.
Сыртыңдан екінінді білуші едім
Құдай-ау, бір кез қыл деп тілеуші едім.
Болғандай сіз – дария, біз шұқанак,
Құмар бол ғазеліңе жүруші едім.
Жұмеке, айыбымды ұрдың бетке
Фибрат мұнныңды інің қабыл етті.
Әурелеп босқа мені сөйттеттің деп,
Жұмеке, етінемін айып етпе!

Енде Жұмабай балағатқа толған сон Нұржанның кісілікті ойлай
бастағанын, жиырмада келгенде, тауға біткен теректей, созылып
кекке бойлағанын, жиырма беске келгенде, жігіттік құрып,
“қанқылдатып қаз іліп, көлден үрек коймаганын”, отыз беске
келгенде, қырандай канат комданып, адамдықты ойлаганын,
қырықтан жасы асқан сон тіл безеп, билік құрганын, әділдікті
қорғағанын, ел үйқысын ашуды, өнер-білім шашуды мақсұт
тұтқанын, ақындыққа мықтап бой ұрганын термелей жеткізіп,
“Нұржанның берген сыйы деп шекпенінді шен тұтып жүрәйін”, - деп,
шекпенін алып, “Кегаланды мін өзід, Атынды сыйлап Нұржаным,
Аруагына байладьм” деп берген сәйгүлігінен бас тартады.

Н.Наушабаев, әсіресе, жұмбак айтысқа келгенде шешендік,
тапқырлық танытып, ашыла түседі:

“Жұмбак деген аты жұмудан шыққан,- дейді Ахмет Байтұрсынов-
яғни колдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап
дегеннен шыққын. Жұмбакта иәрсені колта жұмып тұрып
таптырмайды. Ойда бүтіп айтпай койып, сол нәрсеге үқсас нәрселерді
сипаттап айтпап, ұқастығы бойынша талтырады. Жұмбак –зейінді
ұстартуга пайдасы бар нәрсе. Жұмбактың негізі тәріздеу, яғни

нэрсенің сипатын тәрізделеп айту.” (Байтұрсынов А. “Әдебиет танытқыш” А. “Атамура”, 2003. 112 б.)

Сапаргали Нұрмұлтымен айтысқанда қазандағы татар қыздарының Нұржан былайша жұмбактайды:

Қазанда мен бір нар көрдім,
Жалпақ емес өкшесі.
Құнан қойдай бәксесі.
Піскен алма секілді
Жануардың екі өркеші.
Алма мойын, аршын төс
Әркімдердің еркесі.

(Наушабаев Н. “Алаш”. Қостанай ЖШС “Баспа үйі”, 1997. 153 б.)

Қызды нар тәріздендіріп, бірақ өкшесінің жалпак еместігін, бәксесінің құнан қойдай ірі екендігін суреттеп, екі емшегін өркешке тенеуі, оның үстіне «әркімдердің еркесі» деп кім көрінгенмен құліп-ойнайтын женіл жүрістілігін де жеті жол өлеңге сыйдырып жіберуі үлкен шеберлік.

Нұржан кебісті шанаға ұқсатып:

Аты бар, адамы жок шанасында,
Жетегі жоқ дегенге нанасын ба?
Анқиып ол ит шанаң жатыр, эне,
Шеше алмайтын осыны баласын ба?-

дейді. “Жетегі жоқ” дегені қандай қысынды, қазакы, көкейге қонымды сипаттаған?! Жұмбактың сыртында “Шеше алмайтын осыны баласың ба?”, - деген әзілін де төрт жолға сыйдырған. Кебісті аяғынан шешіп тастағанда анқиып жататыны да шындық. Осындай тапқырлығына, ұшқырлығына, ойлылығына орай Сабит Мұқанов үлкен баға беріп, олардың жұмбак айтысты дамытуға айрықша енбек сініргендерін, жұмбактарындағы ерекшелік – айтыс жұмбакпен басталып, жұмбакпен аяқталатынын, өзге айтыстардай, мұнда жұмбактан басқа айтыстың саласы араласпайтынын, жұмбактың стилі түгел сақталатынын айтады.

“Екінші- Нұржан мен Сапаргалидың жұмбактары шын мағынасындағы риализм негізінде құрылған”, - дейді Сабит Мұқанов. - adol жұмбакта діншілдік мотив жоқ. Мұндағы жұмбактар ауыл тұрмысының шындығынан алынған. Және де, жалпы ауыл емес, белгілі бір заманда жасалынған, яғни Россияға қосылғанинан кейін қалаға, базарға араласқан, фабрика, завод заттарын менишкtenген,

оқуға араласқан ауылдың түрмис шындығы, кәсібі, күн көрісі айтылған.

Әрбір әдебиет жанрының я сол жанрдың әрбір салаларының өз биігі шедеврі болады. Жұмбак айтыстарының ішіндегі биігі ең тамашасы осы “Нұржан мен Сапарғалидың айтысы” (Мұқанов С. “Айтыстар туралы”. “Айтыс”. 1- том. А “Жазушы”. 1988, 12 б.).

Нұржан жұмбак шешуге де шебер. Жоғарыда сөз болған жұмбак айтыста Сапарғали түс көргенін, түсінде өзі жансыз, өзі бір аяқтының тенізде жолы саірап жатқаның жұмбактайды. Сонда Нұржан тосылмай: “Сапеке, айтқаныңды қазір табам, жансыз құс бір аяқты мұнын - қалам. Теніз мысал қағаз гой, жолың- жазу, жұмбағың осыменен болсын тәмәм”, - деп үйқасын көлтіріп, ойын толық бір шумаққа сыйдырып жеткізуі, әрине, шеберлік.

Немесе:

Бір үй бар әйнегі жоқ әм есіргі,
Ішінде құдай берген бар несібі.
Болады бірде жанды, бірде жансыз,
Білмесе хақ тағала жоқ кәсібі –

деп Сапарғали жұмбак жасырғанда, Нұржан:

Жұмыртқа әйнегі жоқ әм есіргі,
Әуелі жансыз, ақырда құс болады, –
деп жұмбак шешуін төрт жолмен дәл бере білген.

Мұхамедрахым Жармұхамедұлы “Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры: тегі мен дамуы” атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефератында айтыстың көркемдік жүйесіндегі жұмбактың алатын орнының елеулі екенін, есіреле, қыз бен жігіт айтыстарында әуел бастан айтыс түйіні жұмбакпен шешіліп келгенін, мұнда көбіне көп айтқан жұмбакты жігіт шешіліп, қыздың жол беру (кездік, сақина, орамал) дәстүрімен аяқталатының айта келіп, “Бұл ара- тұра ақындық қағысулардан да бой көрсетіп отырады. (Шөже мен Кемпірбай)”, - дейді. - Бұлардан тыс бізде бастан-аяқ бірынғай жұмбакқа құрылатын айтыстар да мол (“Эсет пен Үрысжан”, “Әубәкір мен Құлымбет”, “Сапарғали мен Нұржан”, “Шөкей сал мен алты ақын”, “Үрысты мен он алты ақын”, т.б.). Сондықтан бұл күрделі мәселе айтыстарғы көркемдік құрал, бейнелеу тәсілі ретінде арнағы токталуды қажет етеді (КР. Алматы 2001. – 41 б.).

Жұмбак құрастыру онай емес, айтар ойынды өлең жолдарына сыйдырып, үйкасың, ыргағын келтіріп, дәл, нақышты беру, тың тенеу, салыстырулар табу қынның – қыны. Өлеңмен жұмбак құрастыруға да, шешүге де шебер Нұржан ақын бұл өнердегі майталмандардың бірі.

1916 жылы Нұржан халықтың патшадан көрген жәбір-жапасын, қайғы-мұнын, ұлт-азаттық көтерілісінің басталғанын, сондай-ақ өзінің басына түскен қыншылыктар мен қауіп-каторді жұмбақтап Торғай ақындарына жібереді:

Күрметті Торғайдагы томайларға,
Жасы үлкен қадірменді ағайларға:
Елегізіп егізімен кәрі марал
Жай таптай жапан шекті тоғайларға.
Есіркеп егіз тұған құралайды,
Жасырып, панарайтын тогай бар ма?
Тобылдың кек жарынан жалын шыкты,
Егіз бол Ор бойынан зар үн шыкты.
Ақтерек, ку қарағай жанбай қалып,
Жас балғын жаңып жатыр қалың шырпы.
Тобылдың басы тарау мың бұтакты,
Кемесі балықшының суга батты.
Алдынан аскар таудай бөгет тұрып,
Кек ірім күншығысқа теріс акты.
Қар қалың, түні сұық, тұмандатты,
Бұл тұман адастырып ыландатты.
Өзімнің кек тәбетім көз алдымда,
Өзімді танымады, жаман қапты.
Сыртымнан жаңған өртке тәнім күйді,
Тым сұық өтіп, өрттен жаным күйді.
Тымаяз, жазы – жалын, жері – күйік,
Зар қакқан жаниның кім бір қамын жейді?!

Іздеусіз жүгіменен түйе қалды,
Желіде матауменен бие қалды.
Опат бол өртке кеткен бейшараңың,
Жұртына өрт салғандар ие болды.
Бар еді кәрі марал егіздеген,
Екеу ед құралайы жер іздеген,
Жер іздел өрт шарпыған жарасына,

Май дәрі жағатұғын ем іздең.
Шығарып кәрі марал құралайын,
Алдына салып алыш күн мен айын,
Жол іздең жапан түзде келе жатып,
Сіздерге шағынганы болды жайын.
Қара орамал жылы, жайлы, емге дарық,
Жер болса мекендеремек, бұған дайын.

Жұмабай егіз лақ Нұржанның екі ұлы, Кер марал - өзі, қара орман – халық, Тобылдың биік жары – Қостанай қағынды деген сөз, сол жарынан жалын шығып, өртеніп жатқандығын ку қарагай – ақсақал, ақ терегі – ақ патша, жаңып жатқан жалпақ өрт – сорлы қазақ елі, “Тобылдың басы – мың тарау” – мың жалмауыз торы, кемесі батқан балықшы – ел қамын жеген ел, “Теріс аққан көк иірім” – сол елдің ырыс-қоры, “Әзін қапқан кек тәбет” - өзінен шықкан зор, “қысы – сұық, жері - отты” болуының себебі патшаның зәрлі заны екенін, “Іздеусіз қалған түйесі” – картайған зарлы шыл, “Опат соғып өртengен” – қыруга арналған жан, “өртengен елді менгерген” – залым патша жау, “Иабамұж” – теріс қарай жазылған Жұмабай, “Загресі” – Ергазы, өзінің тұңғыш ұлы, “Загрезім” – Мырзагазы екенін өлеңмен шешкен.

Жұмбак та, шешуі де өте үздік, тапқыр, “киыннан қыстырылып” жазылған таңдай қақтырап керемет туынды.

Сазгер ақынның “Дүние-ай”, “Бәтимаға”, “Асылым-ай”, “Жан сәулем”, “Сағынышым Сарқопа”, “Көкен-ай”, “Мұқидаш-ай”, “Алты арман”, т.б. әндері болған. Нұржанның біраз әнін бұл күнде Е.Өмірзаков атындағы Қостанай облыстық филармониясының әншісі, К.Әзірбаев атындағы республикалық конкурстың лауреаты Манатбек Қадыров орынданап жур.

Ы.АЛТЫНСАРИН – СЫНЫШЫ – ҒАЛЫМ

Ыбырай Алтынсарин бойындағы бар күш-куатын; алған білім, дарын-қабілетін ағартушылық жолына жұмысады. Оның ақындығы да, жазушылығы да, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы мақсаты мен әдебиетшілігі де қайтсем балаларға тәлім-тәрбие, терең білім берем, шының, адаптацияның ойдан туындағы отырды. Ұлы ағартушының әдеби сыйнишылығы да осы педагогтік бағытта көрінді, есіреле, «Қазак хрестоматиясын» құрастырган кезде айқындала түсті. Бұл кітапка енетін шығармаларды оқушыларға тәрбие құралы болатындей, мәнді, мазмұнды, әсерлі ері эстетикалық талғамдарына, дүниестанымдарына көзғау салатындей етіп таңдал, таразылаған құрастыру, топтастыру киынның киындығы еді. Өйткені, «Осы уақытқа дейін қазак халқының таза қазак тілінде басылған бірде-бір кітабы болған жоқ. Сондыктан, оку орындарының мұғалімдері қазак балаларын оқытқанда, амалсыздан, қазак тілінің орына татар тілін пайдаланып жүр; сол себепті шәкірттерге ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тұра келеді» - деп, ұлы ағартушының «Қазак хрестоматиясының» алғы сөзінде («Сөз басы») өзі атап көрсеткеніндей, ол кезде казактың әдеби тілі әлі қалыптаспаған, мифтер, аныздар, әңгімелер болмаса, балаларға ариналған өлеңдер мен әңгімелер жоқтың қасы. Сондыктан да Ыбырайдың татардың «араб, парсы сөздеріне лық толған: казактарға түсініксіз» шұбарланған кітаби тілінен қашып, жан-жактың ізденуіне тұра келді. «Жалпы бастауыш оку қуралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, курделі оку қуралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай, жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенин еске алып» («Сөз басы») Ы.Алтынсарин оку қуралына балаларға ариналған орыс әңгімелерін, көбінесе Паульсонның хрестоматиясындағы әңгімелерді, сондай-ақ мысалдар мен халық ауыз әдебиеті үлгілерін, балалардың тұгандарына жазған хаттарын, әр түрлі жастарадағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелерді, сонымен қатар сол кездегі ең таңдаулы деген қазак ақындарының өлең-жырларынан үзінділер мен қазактың мақал-мәтеддерін енгізді. Батыс, Шығыс әдебиеттеріне барлау жасап, алғаш Шығыс әдебиетінде көрініс тауыл, кейін халықаралық кейіпкерлерге айналған Ескендір, Дауіт, Қызыр Илияс, Лұқпантан Экім, Сұлеймен, Наушаруан, Атымтай Жомарт жайындағы аңыз әңгімелер

маржанын терді, өнеге-өситетін алды, Батыс Еуропа әдебиетінен «Дүние қалай етсе табылады», «Білгеннің пайдасы», «Тәкаппарлық», «Зеректік» әңгімелерін қости.

Ауыз әдебиеті ултілерін жинағанда реалистік сипаты басым тұрмыс-салт ертегілеріне жүтінді, мақал-мәтеддердің де балалар үшімдіктерінде, сондай-ақ реалистік бағытта жазылған ез шығармаларын, батырлар жырларынан үзінділер алды. Соның бір көрінісі Н.Ильминскийдің 1862 жылы Табын Марабай (Күлжабайұлы) (1841-1898) жыраудан жазып алған «Қобыланды батыр» жырының үзіндісін «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деген тақырыппен хрестоматиясына енгізуі. Бұл жұмыстар «талғампаздықты, жүйелі білімдарлықты, ненің артық ненін кем екенін аңгара алатын сыни көзқарасты талап етеді, яғни әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы керек. Осы қасиет Ыбырайдың творчестволық тұлғасынан түтел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екендігін танытты, әдебиеттануғылымының алғашқы анызына құнарлы дән екті» [Кәкішев Т. «Қазак әдебиеті сыннының тарихы», Алматы: «Санат», 1994. -43 б.].

Ыбырайдың талғампаздығы езі жазған «Қыпшак Сейітқұл» очеркі мен «Жәнібек батыр», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығап», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала» т.б. әңгімелерінен де, «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінен де айқын аңғарылады. Бұл шығармаларының көркемдігі де, танымдық, тағылымдық қасиеті де, тәрбиелік мән-мағынасы да зор. Ол балаларды инабаттылыққа, ибалылыққа, имандылыққа шакырыл, кайырымдылыққа, әдептілікке, жаткылыштан аулақ болуға, адамгершілікке, адалдыққа үндейді.

Шындығын айту керек, ұлы ұстаздың «Кел, балалар, оқылық» казак әдебиетіндегі балаларды оқу-білімге шакыратын дидактикалық өлеңдер ішіндегі ең шоқтығы биік туынды.

Ыбырайдың «Қазактар қасіреті» («Горе киргиз») мақаласындағы әдебиеттегі «Зар-заман» ағымына көзкарасы мен сол жырлардың тууына себепши болған тарихи-элеуметтік оқиғаларға талдау жасауды оның сыншылық қырын, қарым-қасиетін танытады. Осы еңбек жайында ғалым Бауыржан Омаров «Зар заман» атты монографиясында: «1868 жылғы Уакытша ереженің талаптарына наразылық Ыбырай Алтынсарин 1882 жылы Тергай эскери губернаторының атына жолдаған халық өлеңдерінде айқын көрініс тапқан деп жатады. – Ағартушы-педагог замана хақындағы жырларға

коса жіберген түсініктемесінде («Қазақтың қайғысы») жана тәртіп үстемдік құрганнан кейінгі қазактың басына түскен үш қасіретті атап көрсетеді. Біріншісі – отаршылдар шұрайлы жерін тартып алған соң Қоянның жұтына ұрынуы, екіншісі – сайлау жүйесіндегі парықсыздық пен парапорлық, үшіншісі – Торғай облысының шепке жапсарлас екі уезін қазактар мекендейтін Орынбор губерниясына қосады екен деген қауесеттің өршүі. Ы.Алтынсарин ұсынған, авторы көрсетілмеген өлеңдерде Ұақытша ереженің он үш жыл ішінде қазактарға жасаган тәжірибесіне көзкарас айтылады [«Зар заман әдебиеті» - Астана: Елорда, 2005. -211 б.].

Ыбырай өзінің акын шәкіртері Сейдахмет Бейсенұлы, Құдері Жолдыбайұлы, Ақмолда Орынбайұлы, Нұржан Наушабайұлына үнемі қыл-кенес беріп, шығармаларына сын пікірлер айтып отырған.

Қажым Жұмалиев «XVIII-XIX ғасырлардағы казақ әдебиеті» [Алматы, 1967. – 225 б.] атты кітабында Сейдахмет, Құдері, Ақмолда, Нұржан ақындардың кейбір шығармаларының әдебиеттік-идеялық жақтарының жақсаруына Ыбырайдың ықпалы тигені сөзсіз екенін айта келтіп: «1879-1880 жылдары болған «Жалпақ қоян» атты жұтты суреттейтін ұзақ өлеңін Құдері акын Ыбырайдың кенесімен жазады. Оның бұрынғы өлең-жырларына қарағанда бұл неғұрлым бағалы шығарма» деп көрсетеді.

Құдерінің «Жалпақ қоян» («Қазақтың зары») өлеңін Ыбырайдың осы өлеңге жазған алғы сезімен «Қазак қасіреті» («Горе киргиз»), сондай-ақ «Оренбургский листок» газетінде жарық көрген «Жұт туралы», «Қазак арасындағы аштық туралы», т.б. макалаларымен салыстырып оқығанымызда бұл ұзақ өлеңді Құдері Ыбырайдың кенесімен жазғанына көзіміз жете түсті Ыбырай мен Құдері ғана емес, өзінің басқа да акын шәкірттеріне қыл-кенесін айттып, оларға да әлеуметтік мәселелерді қозғайтын өлең-жырлар жаздырғанын Сейдахмет, Ақмолда, Нұржан өлеңдерін оқыған кісіге анғару киын емес.

«Бармақ басты, көз қысты» би-болыстардың әділетсіздігін, әлеуметтік тенсіздікті Ыбырай тағылымын алған Сейдахмет акын былайша суреттейді:

Би, больс, ауылнай мен ұры қолдан,
Кедейді арзандатты, байды бұлдан.
Керінбей мың қарасы ұрлық қылып,
Байлар да боянын езді-ау екі қолдан!
Ұрылар екі қара ұрлан сомдан.

Егер де малың шықты деп естісе,
Келеді мал иесі хакімге аңдал.
Ұрыдан малымды әпер деп отырса,
Ұрыны қашырады өздері ымдал.
Бір кісі қашты ұры деп хабар берсе:
«Мықтармын, бәлем, сені, - дейді екен, - қап!»
Бәрі де хакім жишил бұзық болып,
Байдан қайыр, бақырдан кетті-ау нисап!
Бетін басып «тап» деген балаларша,
Біреуді біреу отыр кезбен алдан.
[«Би, болыс, ауылнай мен ұры қолдал» // Торғай
ақындарының анталогиясы. Арқалық қаласы, 2014. -1 т. 58 б.]

Өлең бүгінгі күннің қашып жүрген жемқорларын еске түсіріп, әртүрлі ойға жетелейді.

Ақмолда Орынбайұлы:

«Сыр шықпас шыңжыр затты іштеріңнен,
Табармыз ердің мінін істеріңнен.
Төтенші бір жиналған билер едін,
Сөз жаздым үш-төрт ауыз үстеріннен», -

деп Бейсен, Қабак, Ағытай, Жұбан, Баршын, Бакқожа, Тобай, Біржан, Сарықожа атты тоғыз бидің әділетсіздігін, елден пара алыш, арнамыстарын малға сатқандарын беттеріне басып, аяусыз сынайды. Сейтіп өлең сонын: «Билердің ісі кәдімгі Алдаркесенің ісіне ұқсайды, дозақты бұлар көрмесе, кітаптын айтқан сөзі бекер шығар», - деп түйіндейді [«Билерге» // 1916 жыл. Ұжымдық жинақ. – Алматы: Рауан, 1996. 75-76 б.б.].

Ақмолданың «Кисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Саки бол маң шашсаң да Атымтайдай» деген жолдары да Ыбырайдың «Өсиет» өлеңдерімен үндесіп жатыр.

«Зар заман ағымына өлеңінің кейбір сарынымен қосылатын ақын Ыбырай Алтынсарин» [«Әдебиет тарихы». Ана тілі, 1991. -218 б.], - деп М.Әуезов айтқандай, Ыбырай шәкірттері өлеңдерінен де заманды жоқтау сарыны байқалады:

Нұржан: Арзан менен кымбаттың
 Багасының бір болып,
 Қатар жүрген заман-ай!
 Қыран құстар қыр аспай,
 Қарға кіріп қатарға,
 Куды ілген заман-ай!

Тұлпар кірмей дүбірге,
Мәстек шауып байтеге алып,
Озын жүрген заман-ай!

[«Алаш», Қостанай ЖШС «Баспа үйі», 1997. -59 6.]

Сейдахмет:

Бұл заман кайсы заман, көзінді сал,
Байтеге аттан ерең жүйрік байтал озған.
Егер де махаббаттың түссе күнге,
Біреудің қарқаралы артық қыздан.
Карасан бұл дүниенің пендесіне
Мал тәтті, туысқаның аңы тұздан.
Бәрі де жақсылардың ұры қолдаң,
Караға көп ант берді ақылсыздан.
Караға ат бермеген жан қалған жоқ.
Азғындық алдық тілеп қолымыздан.

[«Замана ағымы» Ғибрат, Астана: Фолиант, 2010. -75

6.].

Сейдахмет өлеңдерінде кезінде Ұбырай қарсылық білдіріп, сырын ашқан 1868 жылғы әкімшілік реформа тудырган келенсіздіктер де айтылады:

Деп ойла жауга ұмтылсан, өлім жақын,
Аз той деп дау қомысынсан кетер хақын.
Байлардан бір-бір семіз міне шапты,
Штатта мен секілді әр ку тақым.
Егескен партия бол полтерелке,
Қазаққа бермесе екен мәслихатын.

[«Деп ойла жауга ұмтылсан...» 『Ғибрат』, Астана: Фолиант, 2010. -76 6.].

Ұбырайдан, Ұбырай өлең-жырларынан үлгі-өнеге алған Сейдахмет Бейсенұлы, Кудері Жлдыбайұлы, Нұржан Наушабаев, Ақмолда Орынбайұлы қара өлеңнің тілдік-стильдік құралдарын жоқ қолданған.

Ұбырайдың Сейдахмет өлеңдерін өз хрестоматиясына енгізуінің де сыры осында. «Мұндағы мәні бар факт – Ұбырай ұсынған өлеңдердің «жалпақ жүртқа», «қарапайым окушыға» түсінікті қазақтың халықтық тілінде жазылуы, - деп жазады филология гылымдарының докторы, профессор Р.Сыздықова. – Бұл өлеңдердің бұрынғы қазақ поэзиясы үлгілерінен алшақ кетпеуі – Ұбырай

Алтынсариннің қазак жазба әдеби тілінің негізін тандаудағы принципін көрсететін белгі.

Ұстазды Ыбырай Алтынсариннің «Өсиет өлеңдерінде» кездесетін Так Сүлеймен, Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр-Ілияс, Атымтай жомарт есімдерінің Күдері өлеңдерінде де ұшырасуы оның Алтынсариннен улғі-өнеге алып, үйренгенін, оған елкітегенін айқындай түседі:

Ыбырай:

Мұнан соң Так-Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылыш.

Күдері:

Дүниеден уақыт жетсе кім қалады,
Жігіттер, көзінді сал Сүлейменге.

Бұл жолдар Ыбырайдың «Жігіттер, бір-біріңе қарасаңыз!» деген жолдарымен де үндесіп тұр.

Ыбырай:

Ескендір патша болыш дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.

Күдері:

Ескендір патша болған Зұлқарнайын,
Дүние жиған, ел кезген, білгелі жайын.

Ыбырай:

Мекенін білемісіз, қайда қалды,
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.

Күдері:

Ол уақытта Атымтай жомарт өткен,
Адам жоқ есігінен құры кеткен.

Екі ақынның айтлақ ойлары, идеялары да бір-бірімен қабысып, бірін-бірі толықтырып тұр.

Ыбырай:

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға баrasыңыз!

Күдері:

Жігіттер, уақыт болмай өле алмайсың,
Дүниеге өлсен қайта келе алмайсың.
Ата-ана, ұстазыңды ренжітсен,
Дидарын хак тағала көре алмайсың.

Осы сияқты Сейдахметтің «Тұлкі мен сауысқан», Нұржанның «Тұлкі мен этеп хикаясы» мысалын жазуы, Крыловтан «Қасқыр мен қозы» мысалын аударуы да Үбыйрай жолы, Үбыйрай таңдауы, тәлім-тәғілдемесінде.

Ертегілерде халықтың қарапайым ауызекі сөйлеу тілі колданыска түсіп, алғап Үбыйрай әңгімелерінде, ақындар өлең-жырларында осылайша сейлеу тілінің аясынан шығып, әдеби, көркем тілге айнала бастады. Қазактың әдеби көркем тіл Үбыйрай шығармалары арқылы дамып, жетілді дейтініміз де сондыктан.

Корыта айтқанда, Ы.Алтынсарин арнайы әдеби сын макала жазбаса да оның әдебиетке деген көзқарасы мен талап-талғамы – жақсы мен жаманды дұрыс безбендей білуі қазактың жаңа бас көтере бастаған сынни сыйның бір тұнық бастауына айналды.

«Білім», №4, 2015. -87-90 б.б.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖИНАҚТАРЫНА ЕҢБЕГЕН ЖАҢА ТАБЫЛҒАН ӨЛЕНДЕРІ

Өсиет

Кұдай-ау, сыйынамын, ия раҳман,
Сыйынған құдыретіңе ісі хайуан.
Қасіретсіз бұл дуние пәнде болмас,
Керек бай, керек жарлы, би менен хан.

Кұдай-ау, раҳым айла бұл пәндеңе,
Шырмалған пітнақмен шермендеге.
Хан болсын, хакім болсын бұлай болса
Бір адым мен біреуден кеммін деме.

Жарлы ойлар бір бес қара болмады деп,
Тартсам да қанша меҳнат онбадым деп.
Қарызға патшаларға миллион берген
Өлшінет (нарун Рашид) жаһит айтқан толмады деп.

Дүниеге патша болған Зұлқарнайын,
Не алса көніліне болған дайын.
Хакімі бұл дүниенің болса дағы
Мәңгіге қалмадым дең қылған уайым.

Бір адам дәүлетке бай, бақ тілейді,
Бір адам бөтені сай, бас тілейді.
Жан жоқ деп менен сорлы болар айтса,
Не дейміз миллиондаған көп кедейді.

Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар көп,
Бір қасық бере көр деп ас тілейді.
Сыргыма, сумандаган адамдар көп,
Өтірік айттып, ар сатып адам жейді.

Жаратқан осылайша ғазауажчал,
Адамзат осыларға ілтипат сал.
Әрқашан көнілінді басса қайғы,
Осындей еткендерден ғибрат ал.

Тұтқасы байшылықтың бір ауыз сез,
Жамағат, ынсалсыздан қашыңыз тез.
Шатасқан киялменен бір жұһит
Ғалидың құзырына келіпті кез.

Сенде көп Ғали, қайрат, айла, - деді
Не нәрсе киялыңа пайда, - деді.
Дүниеде һешбір көнілім тына алмады
Көрсетші дәүлет деген қайда? - деді.
Ғали айтты: - Қанағат ретпенен ете білсен,
Асылына айтқан сөздің жете білсен.
Сол болар дәүлет деген, ей, жұһит,
Қанағат бар нәрсеге ете білсен.

һешбір бай қанағатсыз баймын демес,
Мұрадым хасыл болды, жаймын демес.
Семірген бұл нәспінің табысымен
Жисаң да күніне мыңдан пайда бермес.

Азбаган тамиғи іске бұрынғы ерлер,
Таныған күдай жолын кеменгерлер.
Адамзат Хакім болса өнері сол,
Біріне бірін соғып қақысын жер.

Солардағы күдайды танылым дер,
Бар болса күдай оған қалай сенер.
Ғаріп-касер, нашарға қамқор болсан,
Сол нашарлар кундерде көмек берер.

Қайырлы болар ақыры енші Алла,
Бес күнгі рахатты есепке алма.
Ақыры кемдікті көрмей қалмас,
Осылай ете келген хақ тағала.

Үміт бар тәубе еткен мұсылманға,
Рахматты жалғыз тәңірім исі жанға.
Туралық, риясиз жолға түссен,
Қалдырмас ілтиплатсыз сені Алла.

Күдай-ау, ете алмадым кызметінді,
Білмедік бізге берген құрметінді.
Жазығым адамзатқа көп жок еді,
Етпедім өзіме хас міндетінді.

Жүрмекке ылайық емес ер азықсыз,
Күдай-ау, рахмет айла жол жазыптыз.
Тәнірге жазсан жазғыр деген сөз бар,
Жүре ме иесіне құл жазықсыз?!

Гафу етсе ғажап емес құдіретке,
Жаратқан шарапатпен жер мен көкті.
Пәниден неше катар ерлер өтті,
Соның қайсысы мұратқа тәмам жетті?

Данышпан кешегі өткен Ахмет сұлтан –
Хан еді екі жүзде қадыр сұбхан.
Жан таппас, ақыл жетпес әрбір ісі,
Танданды орыс, казак қалды қайран.

Халиқсан сол сұлтанның заманында
Қайғы деген бар ма еді хабарында.
Билері, ханы ғаділ, түзік болса,
Ол халықтың кемдік көрмес жаманы да.

Арғыннан ол күндерде Шеген шықты,
Халайық айбынынан қойдай ықты.
Азуы алты карыс сан Арғынның
Қойдырыды тентектігін, бұзықтықты.

Өткізді қыльшынан таляйларды,
Дегендер неше менмен сығайларды.
Мың үйн ақүйлеткен тоздырыпты
Атанған хан Жәке дей Жанайдарды.

Бірімжан, Казыбек би балалары,-
Арғынның атбасындей даналары.
Жігіттер, болған ерге тасыр етпе,
Жақсының жер менен көк аралары.

Жазы би Төмен шекті Обағанда,
Ақылмен жол көрсетті би мен ханға.
Орынбор, Сібірменен жерін бөлді,
Ісіне орыс, қазақ қалды танға.

Ол кезде біздің Қыпшақ заманы еді,
Ханымыз Ахмет сұлтан аман еді.
Ту алым, тұлпар мінген сол ерлердің
Бұл қазақ басқан ізін табар ма енді?!

Қыпшаққа би Балқожа аға болды,
Ағасы Ханқожа би дана болды.
Айбыны аш арыстан секілді еді,
Көрсетті сан қазаққа сара жолды.

Үш жүзге Құсмұрында билік айтты,
Әр сезін хатқа жазып, бетіне айтты.

Тоқтатып жалызы ауыз сөзбен жүртты,
Қалайық риза болып, елге қайтты.

Деуші еді Ахмет сұлтан қылман үайым,
Би бергелі Балқожадай бір құдайым.
Мен түгіл үш алашты сүйреп өтер
ТАР ЖОЛДА, ТАЙГАҚ КЕШУ БОЛҒАН САЙЫН.

Жеткен соң билгінің кемеліне,
Халық та тоқтап болған шакта өтерінде:
Қыпшакқа Наурызбайым аға болсын, -
Деп еді ғазиз атам өлерінде.

Ол еді Танбұға Наурызбай би,
Осындаі бір-біріне істеді сый.
Кеменгер Наурызбай би дүлділ еді,
Ақылын шамалауга жетпеді мый.

Ол күнде Найман болды Көлдененде,
Құс ұшып конар еді сәйлегенде.
Көп тентек Көлдененде басын қосып,
Жеткізді сол кеменгер қатар елге.

Көршіміз қашаннан-ақ Керей руы,
Көп болды заманында сүм мен күы.
Бекентай, Шотай болып бір күндерде,
Себепшен азғана күн алды туды.

Тұышты Бекентайдан Жусіп мырза,
Жігіттер, туысына халқы риза.
Адамдық, мырзалығы қатар болды,
Көркейті Керей елін неше жылға.

Жігітten бақыт үшса халыққа жақпас,
Береке кетер шакта ақыл таппас.
Бір індей Арғын, Қыпшақ болып еді,
Ежелден мынау жатқан Алтын, Жаппас.

Жаппастан әуел шықты Алтынбайы,
Мықтыбай, дәuletі асқан Жарасбайы.
Баласы Төлегенің Жанқабыл ер
Жар болған тар жерлерде бір құдайы.

Құданың Кенеханта берген бағы,
Қан тамып қыльышан тұрган шағы.
Жанқабыл жүз кісісін бірден қырып,
Жалғыз-ақ сол кісіден сыйды сағы.

Мұнан соң шықты Алаша Бермұхамет,
Салтанат Султан ерді, етті құрмет.
Мырзалақ, жомарттығы қатар болды,
Көрсетті Жаппасына артық қызмет.

Осындай ерлер өтті, жігіттерім,
Сендерге үлгі етіп реттедім.
Өздерін өз жүргіңца дүшпан болып,
Бозбала, жараспайды жүрістерін.

Жігіттер, дүние кен, тарылмаңыз,
Даулы болып көрінгенге жалынбаңыз.
Ғұмырдың бас-аяғы қаншама жер
Өзініз есепте де, шағынданыз.

Гаріпке мейірбан бол, зор болмаңыз,
Алысып бір-бірінмен қор болмаңыз.
«Дүшпанға қоспа құдай» деген сөз бар,
Аз күнгі петнага еріп ер болмаңыз.

Бір жүрсөң қор болмайық неш болмаса,
Ар, намыс, ақыл, ойың кем болмаса.
Береке халықта болса сізде болар,
Талығын тәнірім беріп, өзі ондаса.

Осындай ерлер өтті, ойлап қара,
Пітналық ойламандар екеу ара.
Ерлердің ғұмыры өтті, бізден де өтер,
Таупиық қыл, ынсал етіп, ей, бишара.

Сахара Арғын, Қыпшақ жайлар еді,
Сан малды Сарыарқага айдар еді.
Ақ орда аккүмбездей катар тігіп,
Биені шалкар көлге байлар еді.

Айнала мал жайылып қыбырлаған,
Көлінде қаз бен үйрек жынырлаған.
Қымызға қызып алып, қызық іздел,
Бозбала атқа мініп қырындаған.

Шаруалар Сарыөлеңге малды салып,
Ұмтылған талапты ерлер наиза қағып.
Шығушы едқыз, бозбала серуенге
Кеш болса тамашалап әнге салып.

Бозбала үлкен айтса ұғар еді,
Қорықкансып, әдеп сактап бұғар еді.
Ишарат аксақалдар еткен жерде,
Жақұттай жарқырасып шықар еді.

Ол күндер қайтіп келмес біздің жүзге,
Үш-төрт-ақ би бар еді Орта жүзде.
Саны көп, сапасы жоқ, сапырылысқан
Он үйге бір би болған келді кезге.
Ұмтылат оқу, білім, өнер іздел,
Халыққа қарап тұрсам бізден өзге.
Заман бұл бірде тұлқі, бір де қасқыр,
hэр нәрсе болды ылайық пігільмызыга...

Ғазауачал - ғазау-чал- араб сөзі; құрмет иесі, Алла. (М.Хакімжанова да осылай деп көрсетілті) Фітналық - пітна - фитне - араб сөзі, бұлік, бұлнішлік.

Жұһит - Жұнұд - араб тілі, жөйт, еврей, Яхуди, Мұса пайғамбардың үмбеті. Хасыл - араб тілі, іске асыру, орындалу, жүзеге асу, тілегіне жету.

Хакім-даналық, керемет, кеменгерлік. Сұхбан - араб тілі, жасаған, күшті, құдіретті, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі. Халиқсан - Халиық - араб тілі - жаратушы, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі. Тағала - араб

тілі, бәрінен жоғары, ұлық, Алла тағаланың 99 есімінің бірі. Жаппар - араб тілі, құдіретті Алла тағаланың 99 есімінің бірі.

Діни кітаптарда, Құранда, Ұбырай кітаптарындағы «Өсиет өлеңдерінде» кездесетін пайғамбарлар мен адам аттарының (нарун Рашид, Зұлқарныйын, Ғали т.б) аталуынан, өз атасы Балғожа Жаңбыршыұлы, нағашы атасы Шеген Мұсаулының, сол кездегі аралас-құралас, көрші отырған Арғын, Қыпшақ, Керей руларынан шыққан елге танымал, құрметті азаматтарға бага беруінен өлеңді Ұбырай шығарған деген қорытынды жасауга болады.

Бұл оймызды «Біздің Қыпшак» (яғни, өлең авторының руы Қыпшак), «Өсиет» өлеңдерінде ұшырасатын «Гафу етсе ғажап емес құдіретке», «Жаратқан шарапатпен жер мен көкті» сияқты жолдардың қайталануы мен араб тілінен кірген сөздерді жиі қолдануы растай түседі. Ұбырай араб, парсы тілдерін жақсы білген. Өлең Ұбырай өлеңдерінің стиліне дәлме-дәл келеді. Ең бастысы - Ескендір Зұлқарнайын есімін қазақ зәдебиетіне тұнғыш енгізген Ұ.Алтынсарин екенін еске түсірсек, өлең авторы Ұбырай екені даусыз.

Өлеңді М.Хакімжанова Қазақстан Фылым Академиясының мұра жинаушылары құрамында 1947 жылы Қостанай, Торғай өнірлеріне барған сапарында Сейітқали Төлегенұлынан жазып алып, Академияның сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екен.

Сейітқали текті тұқымынан шыққан, көргені мен түйгені мол, құйма құлақ карттардың бірі болған.

Сейітқалидың ұлы атасы Көтібар, - дейді Мәриям Хакімжанова, - Балқожамен бірге туады. Екеуінің экесі Жаңбыршы деген кісі. Төлегеннің айтуына қарағанда, Ұбырайдың көпшілікке ұсынылып отырған бұл өлеңін Қостанай, Торғай өніріндегі елдер «Өсиет өлең» деп атайды екен. Менің бар білетінім осы. Бұл өлең ұзақ еді. Өлеңнің мұнан кейінгі аяқ жағында Арғын мен Қыпшактың бас адамдарының жауыздығын, жемқорлығын қатты сынап, сөккен жерлері бар еді. Аяқ жағын ұмыттып қалыптын» депті айтушы [Қазақ Республикасы ҒА кітапханасы К- 397, қор №2. Ұбырайдың баспаға шыққаган өлеңдері. 3-12 б.]

Ұзақ өлеңдегі адам мен жер-су атаулары еліміздің, кешегі өткен ата-бабаларымыздың тарихына жетелейді.

...Аласы ағайынның аландатты,
Кере алмай көп ішінен жамандатты.
«Шоқынды», «крест такты», «әйкәпір» деп,
Аузына келгенді айтып бақты...

Надандық қандай «қызық» қараң тұрсан,
Кеңілі соқыр көрмейді көзге ұрсан.
Бабын қалай табарсың бұл қазақтың,
Басқа тебет жаныңды құрбан қылсан...

Бір айыбым баласын оқытқаным,
Орыстың біліміне тоқытқаным.
«Білімсіз кеңімейді кереген» деп.
Айқанымнан атандым «қәпір - залым»...

Бұл ыбырайтанушы ғалым Әміржан Сыдықовтың 1949 жылы жарық көрген «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» кітабында бар. Сонында Ә.Сыдықов өлеңді былайша жолма жол аударған:

«Среди сородичей моих нашлись враги.
Их зависть заедает, и вот они меня порочат;
Клевещут - будто я крещен и крест ношу;
Болтают всякий к ужасным заблужденьям.
Бей хоть в глаза - слепой невежда не заметит.
...Моя вина лишь в том, что их детей учу;
Купаю их я в знаниях русских.
Без русских знаний нам разветия не будет.
Меня за это называют «кеpr залым»)

Кітапқа шыққанын көрмеген Қасым Жұмагұлов бұл өлеңді «әзірше еш жерде жарияланбаған» деп «Көрнекті қайраткер» деген мақаласына косса [«Алтынсарин тағылымы» -Алматы, Жазушы, 1991-73 б.], З.Ижанов та 2002 жылы осы өлеңді «Жас Алаш» газетіне «еш жерде жарияланбаған» деп ұсыныпты. Өлең газетте сол жылы 15 казанда жарық көрді. М.Хакімжанова өлеңді Мендіқара ауданы Қарәкожа ауылдық кенесіне карасты «Күзек шоқ» колхозында тұратын Ахмет Жансақалұлының айтуынан жазып алған. Ахмет Жансақалұлы мұны көзінде Жақып ақынның (руы балта керей)

айтуынан жаттаған екен. Жақып ақын 1941 жылы соғыска аттанған да, қайтып оралмаған.

Осы сияқты Зияда Ижанов «Маңайың қарақшыға бөлды қоныс» деген өлеңі де Ғылым академиясының кітапханасынан алып «Ана тілі» газетіне жолдапты. Өлең «Ана тіліндегі» 2003 жылы, 29 мамырда жарық көрді. Өлең де Э.Сыдыковтың жоғарыда аталған кітабында бар.

Біз Қасым Жұмагұловты да, басқаларды да кінәлағалы отырғанымыз жоқ. Егер Ыбырай Алтынсариннің шыққан кітаптары мен енбектері, хаттары, сол енбектері жайында жазылған материалдар, жалпы ұлы ағартушыға қатысты басқа да деректер көзі түзілген библиографиялық көрсеткіш болса, қайда, қашан, қай басылымда, қай кітапта не шыққанын скучышылар біліп отырап еді. Өкініштісі сол - Ыбырай мұраларының библиографиялық көрсеткіші осы күнге дейін бір-ақ рет жарық көріпті. Қазақ ССР-і А.С.Пушкин атындағы чемлекеттік кітапхана 1979 жылы баспадан шығарды (көлемі 9,01 баспатаңақ). Таралымы өте аз болғандықтан бұл кітапша, әрине, көшілік колына жетпей, кітапханалардаған қалды. Сондыктан да Ыбырай мұраларының библиографиялық көрсеткішін шығаруға ғалымдарға да, әдебиеттанушыларға да, Ыбырай мұраларын зерттешілерге де, оқытушылар мен оқушыларға, студенттерге де, жалпы оқырман қауымға өте қажет дүние!

Фітінәлік күннен күнгө барады асып,
Бәрін де бозбаланың қайғы басып.
Әрқайсың алғыр құстай, құрбыларым,
Қалыпсың бәріндағы енді жасып.
Не болды бозбалага мұнша болып,
Әлерсің қайғыменен бүйтіп жүріп.
Бес күндік дүние өтер аттай желіп,
Жүрсенді кез келгенде ойнап-күліп.
Арғымак бозбалалар атты мініп,
Бар болса елде жақсы өзімсініп,
Жарындан «қырық шілтеннің» бас қосқанда
Ибасыз сыр айтсып ойнап-күліп.
Арада он жыл өтпей, аһ дарига,
Жоқ бол-ақ кеткениң бе қазақшылық?!
Бұрынғы қайда кеттің ағаларым,
Үмітпен жұрт караган даналарым?

Танымай ата ұлды, ана қызды,
Алады қандай гибрат балаларың?
Құрбылар, қайда қалдың бірге жүрген,
Сұранып хал-ахуалды бірге көрген?!

Абырайда қаша олжа осы күнде.
Андысып бір-бірінді мұнша білген.
Арада бір пұл үшін қарайысып,
Өсектеп бір-бірінді иттей үрген.

Адам жоқ сыйласатын амандыкта.
Досын жоқ ат салысар жаманұқта.
Агадан мейір, ініден қайыр кетті,
Айналып дүние жүзі арамдыкқа.

Бір адам құліп жүрген көре алмайсың,
Бір үйге иссінсіз ене алмайсың.
Тамызса сөздің майын біреу келіп,
Айтты деп кай пейілмен сене алмайсың.

«Кұдайым» бұлай жазса не дүр шара,
Сыбырыз әңгіме жоқ екеу ара.
Ойласан қайым етіп мұның берін,
Болады ғаріп көніл пара-пара.

«Кұдая, ала көрме қаһарына» деп
Кыламыз ертелі-кеш хаққа нала.

Марқұм Алтынсары сөзі.
(«Айқап», 1911 жыл, №1, 13-14 б.)

Бұл өлең жайында ғалым Әуелбек Коныратбаев: «Ол жылдары журналдың әдеби бөлімін С. Торайғыров басқарып отыргандыктан өлеңге ыбырайдың қатысы жоқ деуге болмайды. Оның синтаксистік құрылышында ыбырай поэзиясына тән ерекшеліктер де жоқ емес», - дей келіп: «Өлеңге капиталистік дарашылық, бәскепшілдіктен тұган қайырсыздық, арамдық, есек- етірікке салынушылықтың суреті дұрыс жинақталған», - дейлі [«Қазак әдебиетінің тарихы» -Алматы: «Санат», 1994. 144 б.].

Өлең «фітінәлік» деп басталып тұр. Бұл ыбырай жиі қолданатын сөз, айтпақ ойы «Қазак касіреті» жазбасымен үндес.

ТАРИХИ ӨЛЕҢ ТАҒДЫРЫ

«Жергілікті мәтелмен айтсақ, біздің Торғай көкжиегін қара бұлт торлап алды, оның жойқын зарданғатары ссындағы халықтың түрмис-тіршілігінде кепке дейін сезілестін болады», - деп Үбірай Алтынсариннің езі айтқандай [Жұт туралы. / Таңдамалы шығармалары. –Алматы: «Ғылым» 1994. -162 б.], 1868 жылғы әкімшілік басқару реформа қазақ елкесінің отарлық жағдайын занда түрде бекітіп, халық қыспакта қалды.

Уақытша ереже бойынша жана басқару жүйесінің енгізілуі нәтижесінде штат көбейтіліп, барлық отарлық әкімшілік құрамы ұлттайтылды. Облыстық, уездік басшылық орындарын шенді орыс офицерлері мен шенеуніктері ғана иеленетін болды. Жергілікті халыққа уезд бағытының кіші қемекшісі мен қазактарға тек «өзін-еzi» басқару орындарының билігі ғана тиді.

Ресей әкімшілігі реформа арқылы қазақ жерін қазына менишігі деп жариялады. Қазақстанды отарлау ісін ашық жүргізе бастады. Үкімет қазактар мен Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударған орыс шаруаларын қазактың қара топырақты шұрайлы жерлеріне орналастырып, жергілікті халықты шел, шелейт аймактарға қарай ығыстыруды.

Соның салдарынан елде аштық, жалаңаштық белең алды. 1879-1880 жылдары Торғайда жұт болып, халық ашаршылықка ұрынды. Үбірай халықтың ауыр жағдайын көріп қол қусырып қарап отыра алмай, «Оренбургский листок» газетіне ел басына түскен қасіретті айтып бірнеше мақала жазды. Алайда ешкім қол ұшын созбады. Амалы таусылған ол жергілікті ақындардың әкімшілік басқару реформаларына карсылығы көрініс тапқан, сондай-ақ ашаршылықты суреттейтін өлеңдерін жинап, оны «Халықтың поэзиялық шығармасы» деп атап «Қазақ қасіреті» деген өзінің алғы сөзімен 1882 жылы Әскери губернатордың атына жолдайды.

Ұлы ұстаз ұсынған өлеңдердің бірі – «Қазақтардың зары» деп аталады, авторы көрсетілмеген. Бұл өлең жайында Үбірайдың шәкірті әрі жолын құған әріптесі Ғабдоллағали Балғынбаев естелігінде: «Күдерінің 1879-1880 жылдардағы көк такыр жұтта (коян жылғы) Торғайлық қазақтардың малдан түгелге жуық айрылып, таяқ ұстал қалғанын баяндайтын «Қазақтардың зары» атты жыры бар еді», - дейді. – Мұнда үйір-үйір жылқысы мен қора-қора қойдан, ірі қара малдан жүрдай болған елдің аянышты халі, жашпай аштыққа

ұшыраған халыққа экім-басшылардың жасаған әділетсіздіктері шебер сипатталады».

Одан ері автор Сейдахмет ақынның Ұбырай хрестоматиясына енген ұлы ұстаздың әділдігі мен адалдығы сөз болатын «Бір нашардың әділ төреге айтқан сөзі» жайында да әнгіме қозғап, өлеңде Ұбырайдың небір ауыр, даулы істерді әділ шешетінің, әсіресе бай мен кедей арасындағы істі көбінесе жарлы пайдасына өкім ететінін айтады. Жергілікті ақындарға кенес беріп, әлеуметтік мәні бар мәселелерді жырлауга бағыт-бағдар беріп отыратынын еске алады [Ұбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы, Жазушы, 1991.-366 б.]

Академик Қажым Жұмалиев те 1967 жылы жарық көрген «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» кітабында Сейдахмет, Құдері, Ақмолда, Нұржан ақындардың ұлы ұстаз Ұбырай Алтынсаринмен жаксы қарым-қатынаста болып, одан көп үйрентендерін, соның арқасында олардың шығармаларының идеялық-көркемдік деңгейі жоғарылай түскенін айтады.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі абайтанушы-ғалым М.С.Сильченко 1957 жылы жарық көрген «Абайдың творчествоъық өмірбаяны» кітабында Торғай уезі Бестал (дұрысы – Бестау – С.О.) болысында айтылып жүрген ән (өлең – С.О.) «заман» стилінде жазылғанын, ақынның жеке кабілет-қарымын трафаретті бейнелеу басым екенін айтты: «Ұлағатқа үндейтін жырлардың түп негізі осы жанрда жазатын ақындардың халықтың патриархальдық-рулық қарым-қатынастарын мұлдем қарама-қайшылықта көрсетуіне себел болды. Бұған мысал «Қазақтың қайғысы» («Горе казахов») әні бола алады, оны жазған торғайлыш ақын Құдері Жолдыбаев деп айтып жүр дейді. [Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. – Алматы -1957. 20 б.].

Автор Құдері ақынның айтпақ ойын, мақсат-мұратын заман тынысымен астастыра баяндал, өлеңін қазақ тілінде және орыс тіліне жолма-жол аударып беріп отырган.

Кітаптың 24 бетінде Құдерінің «Коян жыл» деп аталатын тағы бір өлеңінен үзінді келтіреді:

«Би менен болыс аулнайға кінә жок,
Айтқанынды елулікті қылмайды.
Бір тас түссе елуліктің колына,
Қарамайды істін нашар, зорына.
Жалғыз тастың қызыуна мас болып,
Көзіне салмас оны менен солына».

(Елулік деп автор пятидесятникті – елубасын айтып отыр – С.О.).

Осы монографияның 48 бетінде «Мысалы, Құдері Жолдыбаевтың («Қазактың қайғысы») («Горе казаха») эні (өлеңі – С.О) халықтың бай мен патша чиновниктеріне деген ашу-ызасына тұнып түр», -деп автор өлеңінің неден, калай туғанына тағы да бір токталып етеді.

«Зар заман» деген XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай өлеңінің атауы екенін, ақын өлеңі «ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арага тоғыстырығандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деп ат койғанын айтты, «Зар заман» ағымына өлеңін кейбір сарынмен косылатын ақын Ыбырай Алтынсарин» екенін тұнғыш көрсеткен М.Әуезов болатын [Зар заман ақындары. Әдебиет тарихи. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 192, 215 б.б.].

Кейін М.Әуезов пікірін қостап Халел Досмұхамедұлы зар заман әдебиеті жайында «Халық поэзиясының тағы бір сокталы түрі – зар заман (Скорбная поэзия) мен толғаулар, - деп жазды. – Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады. Халық өмірінің көне әдет-түрлі мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен экімдердің паракорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шурайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, елдің азы, аштық, жұт, т.т. сөз болады; бұрынғы өткен өмір мен ескілікті салт-дәстүрлер мадақталып, кейінгі взгерістерге зар айтылады».

Автор зар заман ағымына осылайша анықтама беріп, мұндай жырлар мен толғаулар халық арасында көл екенін және мазмұны жағынан алуан түрлі болып келетінін, патша үкіметі мен Қоқан билеушілеріне, олардың шенеуніктерінің бассыздығына қарсы жырлармен сабактасып, қызыдырушы сөз аталағын үтішіл әдебиетке ұласып жататыннын баян етеді. Мұндай туындылар, әсіресе, он тоғызынышы ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі қырда ресейлік тәртіп орнатып, Қазактардың жерін қоныс аударушыларға тартып алғып бере бастаған кезде өрши түскеніне токталып: «Мәселен, 1869 жылғы «Далалық Ережені» енгізген кездегі қазактардың жай-күйі халық әдебиетінде былайша сипатталады», -деп Құдерінің төрт шумақ өлеңін келтіріп, сонына «Елеусіз ақынның сөзі» депті. [Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. -23-24 б.б.].

Х.Досмұхамедұлының зар заман әдебиеті жайындағы анықтамасы Күдері өлеңінің мән-мазмұнына дәлме-дәл келеді. Тіпті, салыстырып қарасаңыз, осы өлеңнің анықтамасындей.

Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы жоктау жырларының мән-мағынасы, оның қандай жағдайда айтылатыны, шыгарушысы, орындаушысы, жоктаудың елімнен басқа себептерге де байланысты шығарылатыны туралы айта келіп: «Ал, мына бір түрінде бұрынғы еркін өмір жоқталады», - деп «Зар заман» («Қазақтың зары»-С.О.) өлеңінің екі шумағын, «Төменгі жолдар 1879 жылғы қоян жұтының қысын суреттейді» деп бір шумағын мысалға алады. [20 б.]

Ғалым Бегежан Сұлейменов 1959 жылы казақ әдебиетінің түйінді мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференцияда жасаган баяндамасында Ыбырай Алтынсариннің «Қазак касіреті» жазбасы оның «зар заман» ағымына көзқарасын айқын антарташтының айтып: «Бұғы оның Түркістан казактарының, Түркістан өлкесі ақындарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді, - деп атап көрсетті. – Ы.Алтынсариннің бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт, қоян жылдары деп аталағын ашаршылық пен жалаңаштық кезең тұғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «Зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы.Алтынсарин «Зар заман туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз текстісінде келіпреді» [Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Қазақ ССРГА баспасы, 1961. -376 б.].

Бұл әдеби ағымның табигатын танып, оның неден, қалай шыққанын тұғызып антарған ыбырай еді. Алайда, ол бұл әдеби ағымға ат қойып, оны ғылыми негізделген жок.

«Зар заман» термині кейін әдебиеттану ғылымынан берік орын алғып, оның қыр-сыры талданып таразылана түсті. Соның бір айғасы – ғалым Бауыржан Омарұлы 2005 жылы «Зар заман әдебиеті» деп аталағын көлемді монографиясын жарыққа шығарды. Онда сез болып отырған әдеби ағымның бастау-бұлақтары, қалыптасу кезендері, даму ариалары, өзге халықтар әдебиетіндегі зар заман поэзиясынан белгілері (салыстырмалы зерттеу), зар заман поэзиясындағы идеялық-танымдық және көркемдік-эстетикалық көзкарастар бірлігі (типология), зар заман поэзиясының көркемдігі (поэтика), жалпы ақындар өлеңдерінің бір-бірімен үндессіп, сабактастық тауып жататыны дәүір тынысымен, ұлттың максат-мұдделеріне негізделе зерттеліп-зерделенеді [Астана: Елорда, 2005.].

Б.Омарұлы осы еңбегінде: «Біздіңше «Қазақ қасіреті» немесе «Қазақтың қайғысы» өлеңінің аты емес, бұл шыгармаларға түсініктеме ретінде жазылған Ү.Алтынсарин қолжазбасының аты. Архив деректері солай дейді. Х.Досмұхамедұлы Елеусіз ақынға, М.Сильченко Күдері ақынға теліген бұл жырларды ағартушы-педагог халықтық реформаға ашық қарсылығын білдірген «зар заман» өлеңдері деп таныған», - дейді. [Зар заман әдебиеті. – Астана: Елорда, 2005, -213 б.].

Шынығында да архив деректерінде де, Ұбырай түсіндірмесінде де авторы көрсетілмеген.

Б.Омарұлы да «Ү.Алтынсарин ұсынған, авторы көрсетілмеген» өлеңнен ұзінділер келтіріп, Ұбырай алғы сөзі мен Күдері өлеңінің мән-мазмұнын ашады [212 б.].

1879-80 жылдарғы жұт туралы да, 1930-32 жылдардағы аштық жайында да халықта жанашырылышпен табиғен жыр толғап, ел басына төнген нәубеттің шынайы болмысын суреттеген Күдері Жолдыбайұлы. Ол сол ушін Кенес дәуірінде қудаланып, түрмеге де камалдды. 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін бейнелейтін «Амангелдінің Торғайды алғаны», «Құйік көлдін басында», «Ер туды», «Көзімнің жасы болды кел» [1916 жыл. Алматы «Рауан», 1996. -149-157, 185-193 б.б.] сияқты өлеңдері ғана баспа беттерінен орын алып, ашаршылық жайындағы жырларының жарық көруіне тыым салынды.

Біз – шебересі М.Нәбіұлы екеуміз бала кезімізден ақын атамыздың өлеңдерін естіл, жаттап әскендейдіктен әрі іздеушісі, жинаушысы, зерттеушісі болғандықтан, бұл «Қазақтың зары» деген өлеңнің барын, мазмұнын, кейбір жолдарын білетінбіз. Алайда ақын өлеңдерін жинап, күрастырып Астанадан «Фолиант» баспасынан «Торғайдың Күдері ақыны» деп ат койып, жарыққа шығарар кезде бұл өлеңді таба алмай, кітабына кірмей қалып еді.

Талай айтулы ғалымдардың зерттеулеріне өзек болған тарихи туынды Ұбырайдың «Қазақ қасіреті» жазбасымен К.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің аға оқытушысы Бибігүл Әбенова мен КазМҰУ-дің докторантты Бауыржан Омарұлы алғы сөзімен «Қазақ әдебиеті» газетінде (№44, 29 казан, 2011) Б.Әбенованың алғы сөзімен «Қазақстан мұрағаттары» журналында жарық көріпті.

Б.Әбенова 2006 жылды Ақтөбеде шыққан «1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі» (1868-1891) атты монографиясында да өлеңнің туу себебін, мән-мағынасын жан-жақты терең ашып, КР

Мемлекеттік Орталық архивінен алғынған «Орынбор қазақтары арасындағы қайғылы өлең» деп аталатын нұсқасын Ыбырай алғы сөзімен (орыс тіліндегі) түтел берілті [367-372 б.б.]. Сондықтан да Б.Омарұлы мен Б.Әбенноваға айттар алғысымыз шексіз.

К.Жолдыбайұлы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсene қатысқан жауынгер ақын. Оның жалынды жырлары көтеріліспілер рухын кетеріп, женіске бастаған.

Ыбырайдың жоғарыда аталған «Қазақ қасіреті» алғы сөзі мен 1879-1880 жылдары жазған «Жұт туралы» және басқа да шығармаларын салыстыра оқыған кісі Күдері өлеңді Ыбырайдың кеңесімен жазғанын ангаруы киын емес.

Күдері ақынның «Қазактын зары» («Жалшак қоян») атты бұл ұзак өлеңі:

«Кудая, саган мәлім менің халтім,
Колында құдіреттің, барша мәлім.
Бұл қазақ әлін білмей кеткені үшін
Кетірдің жалғыз қыста барлық сәнін.

Кудая, аз бізге әлі бұл көрген қыс,
Ұмыттық біз құдайды шамадаң тыс.
Тұтынған әрбір заттар алтын-күміс,
Ошағы-алмас темір, қазаны-мыс» -

деп басталады. Бұл шумактарды оқығанда Ыбырай Алтынсариннің «Өсиет өлеңдеріндегі» Қарынбайдың сараптығы мен қайырымсыздығы үшін Алла Тағаланың қаһарына ұшырап, қақ айырылған жер астына түсіп кететіні еске түседі. Эрі Ыбырайдың:

«Мақтанба бақыттымын деп бағынызға,
Картаймақ қын сауда тағынызда.
Іске аспай бак-дәулетің қалуы оңай,
Басынан бағың тайған шағынызда», -

деген өлең жолдарымен үндесіп жатыр.

Ыбырай «Қазақ қасіреті» жазбасын қазақ даласына енгізілген сайлау тәртібіне және елдің 1879-1880 жылдары болған аштықтан кейінгі экономикалық ахуалына жергілікті халық көзқарасы білдірілген өлеңдердің түпнұсқасы мен аудармасын оқушылар назарына шағын алғы сөзбен бірге ұсынып отырғанын айтудан бастап, онсыз қазақ өлеңдеріндегі жаңа кезең мен жана тәртіп жөніндегі қайғы-мұнға толы ой-тұжырымдар түсініксіз болып қалатынын баян етеді. Одан эрі Ыбырай қазақ арасында мұндай

өлөндердің жиі ұшырасатынын, солардың ішінен жаңа жағдайға көзқарастарын мейінше қысқа әрі айқын, ашық білдіретін өлөндерді ірікте, таңда алғанын нактылай көрсетіп, 1869 жылы қазак даласына Орынбор қазактарын басқарудың бүрынғы тәртібін түбегейлі өзгертуен Далалық облыстар жөніндегі жаңа Уакытша ереже енгізілгенін еске салады: «Сөйтіп,-дейді автор,- бүрынғы Орынбор өлкесі қазактарына ортақ бір облыстық басқарманың орнына, енді үш – Орал, Торғай және Сырдария облыстық басқармалары құрылды. Орданын Шығыс, Орта және Батыс бөліктеріндегі қазақ хандарының ұрпақтарынан сайланған үш аға сұлтанның орнына жаңадан түзілген облыстардың әркайсысында кемінде 4-6-дая уезд басшылықтары ұйымдастырылды».

Күдері «Қазақтың зары» («Жалпақ коян») өлеңінде қазақтың мыңғыртып мал өсіріп, көл-кәсір өнімін алғанын, «белге қылыш, қолына наиза іліп» жаугершілік заманда батырлық көрсеткенін жыр ете келіп «Ерлерім енді сол бір күнді жоктап, ағады көзден жасы тамшыдайын», -дейді.

Хандық кезінде хан халық тұрмысын біліп отыратынын, киын-кыстау заман туса халықтың жайын айтып олар ақ патшага барып, патшадан рұксат, сый-сияпта алыш қайтатынын баяндай келіп заманың мүлде өзгеріп кеткеніне тоқталады:

«Мұнан соң штат деген үкім шыкты,
Бай мен хан тіл тарттырмай бәрін жыкты.
Кәне, сен бұл бүйрыкка көнбеймін деп,
Айтып көр, дегенінше болсаң мықты?!

Жаратқан тәнірі лайық билер қалды,
Он үйге бір би қой деп үкім салды.
Елу үйге жәнеде бір би койып,
Жұз үйге бір ауылнай шыға қалды.
Мың үйге өнан барып болыс қойды,
Касына болыс сайын орыс қойды.
Таласып, қырылысып лауазымға,
Ат беріп елеулікке қойын сойды».

Ыбырай: «Біз мұнда Уакытша Ереженің барлық баптарын тізбелеп бере алмаймыз, сондықтан тек қазактардың өз өлөндері мен ауызекі әңгімелерінде айрықша шағым білдіргендерін ғана көрсетумен шектелеміз. Ең алдымен, әрине, жұт әкелген 1879-1880 жылдар қазактардың есінде қалды, бұл жұт олардың барлық дерлік

малынан айырды, оның іздері элі күнге дейін Торғай уезінін, әсіресе, Орал облысының Елек және Николаев уездерінің аралығында жер-жерде қаңғып жұрген қазақтардың еңсесін езеді; сондықтан, бұл ауыртпалықтар туралы есіне алмайтын бірде-бір замандас қазак ақынның кездестіре алмаймызы».

Күдері: Аштықтан ақырында тарттық азап,

Болмай ма ақша жисаң сорлы қазак?
Шөп жұлып, жуа теріп, соны жедік,
Сахарага бейне малша кеттік тарап.
Ұи берді бір аяқтан уезднай,
Қол жетсе оғандағы құдай калап.
Неше күнгे жетеді бір аяқ ұн,
Ақырында ақша алар құрттай санап.
Қыдырып, жұн-жабағы алатуғын,
Бізді сарт пен ногай да қылды мазақ.
Мұсылман бол елге қайыр қылу тұғіл,
Аштығынан нан сұрасаң, безірейіп,
Ақша бер деп қол жаяр саған қарап.

Халайық, көріп пе едің мұндай бір жыл,
Жаратқан пенденіз біз рақым қыл.
Жылаймыз кем тарлықтан, я құдайым,
Айрылған қосағынан бейне бұлбұл.

Көрмедік еш нәрсенің рақатын,
Жаманың өзің кешір кәсәфатын.
Мұхаммед пайғамбарым, я расул,
Үмбетке қайда кетті шанағатың?!

Байларым неше күндей жалға жүрді,
Тамақ деп жылап тұр ғой бала, қатын.
Бір кесек жыршылардың наны да жоқ,
Қазақтың алушы едік нар мен атың».

Ыбырай: «Қазақтың екінші наразылығы – халықтың арасында жүрген ондық және елуліктер арқылы шенді-шекпенделерді сайлау. Олардың өз сөзімен айтқанда, ашықтан-ашық паракорлық пен болыстағы басты орынга және сый-құрметке ие болуга үмтүлған қазак билеушілерін ақырғы тұяғы қалғанша сайлаушыларға беруге жұмсауға итермелейді, лауазымға ие болғаннан кейін ссы

шығындарының есесін парамен толтыруға тырысады. Одан бөлек, әр сайлаудың інтижесі әдетте лауазымдарға үміткерлердің және болысты бірнеше партияға бөліп алған жақтастары арасында бітіспес дұшпандық болады; бишикештер тарапынан қысымдар, істі әділесіз шешу, жәбір көргендердің бітпейтін арыздары және т.б. Ондықтар мен елуліктер жер дауларын шешкенде де қазактар олардан дәл сондай сұмдықты көреді, олардың алалаушылық шешімі қазақ шаруашылықтарын өмір мен өлім мәселесіне дейін апарады; мұнда да жауласушы тараптардың ықпалы араласады, жасырын саудаласу жүргізіледі, әрине, кедейлердің бұған шамасы жетпейді».

Күдегі: «Жақсылар выборныйға болды жақын,
Сасқанда таба алмаймыз оның атын.

Бұрынғы би мен жақсы жатып алды,
Өз басын малыменен сатып алды.
Жұрт үшін жанын қиған ескі билер,
Дарига-ай, осы күнде қайда қалды?!

Еркінсіп барушы едік баласындей,
Бәйбішे балалардың анасындей.
Тентекке атасындей акыл беріп,
Жібермей тұрушы еді таластырмай.

Ондыкка тізе бүгіп, арыз айтып,
Ісінді жер дау болса саласыз ба-ай?!
Анау даугер ақшасын беріп жатыр,
Дауындан сенде бермей қаласың ба-ай?!
«Жұдырық жығылғанға» дегендейін,
Бәрі де жөн болады шарасызға-ай.

Бір орыс, бір қазақ қойды «помощник» деп,
Олар да іс ете алмайды баса-көктеп.
Жалғыз-ақ баар жерің уезднай,
Алдынан қуалайды «пошел», кет -деп.
Сен болмасаң анаған барамын деп,
Күн қайда кететүгүн сөзін кектеп.
Баар жер, басар тауың болмаған соң,
Қақпадан шыға алмайсың төніректеп.

Бір ауыз тым болмаса тіл білмейсін,
Өлдің ғой безіп казақ тентіркеп.

Тіл білген конуші ме ең қазагына,
Калдың ғой енді тұзак азабына.
Арыз айтсан тыңдамай қалжың кылған,
- Көнгейсің енді орыстың мазаңына.

Ібырай: «Бұл едде менің екі немере туысқаным болыстыққа таласып, он жылдан бері араздасып жүр еді; бүкіл болысты екі партияға бөліп жіберген бұл талас өте қатты шиеленісіп, ұрысқа жетіп, бұл бақытсыз болысты қатты күйзелткен болатын. Мен келісімен жай бұқара халық мемлекеттік тұысқандарын татуластырап деп үміттеніп мұны менен қатты сұрай бастады. Менің татуласындар дегеніме әлгі ақымактар көнбеді. Соңдықтан халыққа: бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламандар, басқа бір адамды сайландар деуіме тұра келді. Осы кенесім бойынша, көпшілік бір беделді ақсақалды болыс сайлады. Сонымен жанағы туысқандарымның біреуі әр түрлі қас адамдардың тіліне еріп попечительге де, губернаторға да, тіпті ішкі істер министріне де қызмет адамдарын сайлауга орынсыз қол сұқты деп менің устімнен арыз жаудыра бастады...» (Н.И.Ильминскийге 14 сентябрь 1884 жылы жазған хатынан).

Күлдері: Штат келді, параны кірістірді,

Карындастан күдерді үзістірді.

Атадан үл, енеден қызды айырып,

Бір-бірін таластырып, сүзістірді.

Неше байлар таласпен кедей болды,
Бар малын шашып беріп онды-солды.

Параға бергендерін кейін олар

Халықтан өндіруте салды колды.

Бұрынғы казақшылық заманында,

Билерде көріп пе едің мұндай жолды?!

Қылмысынан табылған іс болған сон,

Көнеді не де болса қазақ сорлы».

Ібырай «Жұт туралы» деген мақаласын өзен тасымай, жаз күргакшылық болса, шабындық шөп шықпай, жайылым тарылып, малмен күн көріп отырган елге үлкен киындық туатынын айтудан бастайды.

«Бұл жердің қазақтары мұндай катал қысты жиырма жылдай көрген емес,- деп жазады автор. – Олардың малы да ойдағыдан төлдеп көбейе түсетін 300-400-ден жылқысы, 400-500-ден қойы, 20-40-тан түйесі, 50-60 бастан ірі қара малы барлар бай адам деп есептеле мейтін, ал 10-15 бастан аспайтын мүйізді ірі қарасы, 4-6 жылқысы және 20-30 қойы бар кедейлер (Жатактар, яғни көшпелейтіндер) қатарына жататын».

Күдери:

«Нар еді неше жүздел айдағаның,
Мың-мыңдан жылқы еді байлағаның.
Кора-кора қой өріп, әр ауылдан,
Жал-жая, бағлан-қозы шайнағаның.
Сыр мен ешкіні мал ма екен деп,
Алдыңа келді, міне, ойлағаның.

Мың-мыңдан ел көшкенде малынды айдал,
Кең сахара даланы шыға жайлап,
Көл тандап, су жаратпай журуші едің,
Жібектей шалғынына бие байлап...»

ІІбырай: «Бізге жақын қазақтардың кейбір бақташылары барлық малдан айырылып немесе аман қалғандарын тағдыр тәлкегіне тастан табынан жаяу оралды. Бір қазақтың 28 акпанға 1300 жылқысынан небәрі 60 бас жылқысы ғана қалды. Менің 250 жылқыдан тұратын тұқымын асылдандыруға көп шығынданған тандаулы асыл тұқымды үйрлерім түгелдей дерлік қырылды».

Күдери: «...Мұнан соң қаһарланып қоян кірді,
Бейшара қазақ баласын ояңдырды.
Серіз айдай тынбастан боран соғып,
Қазактың қарал қоймай малын қырды».

ІІбырай: «Бізде қыс 24 казанда басталды да, желтоқсаннан бастап, сәл үзілістермен, акпанның соңына дейін қатты қарлы боран түтеп тұрды».

Күдери: «Осындај жан көрмеген заман қылып,
Әуені бұлт басты қарангылық.
Бакырып аштық көрген арыстандай,
Күні-түні жеті ай тұрды боран ұлып».

ІІбырай: «...Мал шөп жоқтықтан азықты өзінің табиги каруы-тұқтарымен мұз болған терен қар астынан ғана таба алады, ал айналаны аязды да қарлы дауыл құрсаған. Аузын арандай ашқан бұл

сүмдүк дауылдың даладағы барлық жанды мен жансызды да жаншып, сындырып, жайпап жатқанын елестетіп көрініз».

Күдері «Мал жерден бір шөп үзіп жей алмайды,

Тау-тау қар корадан мал шығармайды.

Мал түгіл даладағы, үйдегі адам

Үйнен он адым жер шыға алмайды».

ІІбырай: «Жан-жактан сокқан өкпек жел, үйтқыған от, үлкендер бүрісіп қана отырыскан, балалар бақырып, шырылдан жылайды, жабағы жамылғының астында жатқан кемпір аянышты күйде...»

Күдері: «Отынсыз ас іше алмай бала-шаға,

Бере алмай нәрсе тауып ата-ана.

Кәрі шал, кемпір сорлы зар жылады,

Жіберіп мұндай күндер Күдай Тағала».

ІІбырай қазактардың үшінші қасіреті – олардың арасында күн сайын өршіп тұрган, Торғай облысының екі уезін қазактар мекендейтін Орынбор губерниясына қосады екен деген қауесеттен туындаған қауіп екенін ескеrtіп олардың материалдық мұдделеріне орай үнемі өзара қақтығыста болуына байланысты, қазактардың бойында қазактарға карсы бітпес наразылық қалыптасқанын айтады. Орынбор қазактарының жерінің ен шұрайлы жерлеріне қазактарды жабайы номадтар деп танитын сонау кездін өзінде, Орынбор және Орал қазактарының қоныстандырылғаны тарихи шындық, тіпті қазірдің өзінде қазактар егін шаруашылығына қолайлы деген қалған жердің азантай бөлігіне күмартуын қоймай отыр,-дейді.

Күдері: «Тағы да есітеміз бір хабарды,

Күдая, рас етие бұл хабарды.

«Жұртыймызды қылады казак- орыс-,

Деген бір есітеміз шын хабарды.

Туттанин айрылмаған арғын-қыпшак,

Не болар көрген күніміз бөлек шықсак.

Жарты орыс, жартымыз қазақ болып,

Калайша күн көреміз күдірет-хақ?!

Не қылса еркінде бар экімдердің,

Бола гөр жалғыз ием, бір өзің жак.

Осылай әркім сорға душар болар,

Біреудің дәүірі үшін қисайса бак».

Екі туынды үндесіп, бірін-бірі толықтырып, дамытып тұр. Бірі кара сөзбен, бірі өлеңмен жазылған болмаса, айтар ой, мақсат, халыққа жанашырлық, камқор көңіл ортақ.

Кудері үлттының қамын жеп, сезін сейлеген сыкшыл, заманның шемен бол қатқан шерін қозғаган шыншыл ақын. Оған акынның «Кездін жасы болды көл» өлеңін оқысанызың көзінің жете түседі:

«Жұлдыз ауып, ай мен күндер тұтылды,
Момын сорлап, залым сау қап құтылды.
Дүние жүзін тұнек басып тұнжырап,
Нұр ғаламат жанған шырақ ұтылды.
Елге ауыр қасірет дерті жайылды,
Жұт жұттынып, тартты бекем айылды.
Карындастан кайыр кетіп қарылған.
Кімге айтам мұндан ауыр жайымды?
Қамалдық қой өрт жайлады, жалынға,
Баттық суға, қармауга жоқ талым да,
Қол ұсынар бізге бар ма көмекші,
Аждаһамен арпалысқан шағымда?»

[1916 жыл. Алматы: «Рауан», 1996. -194 б.]

Мұнда да казактың мұн мұқтажы, көрген қорлығы мен зорлығы айтылып тұрган жок па?!

«Қазақ қасіреті» жазбасының сонында «Біз жақында Лютищтің «Қырғыз хрестоматиясынан» осы өлеңдерге ұқсас бол келетін Түркістан өнірі қазактарының «Зар заман» өлеңін кездестірдік», - деп ескерту беріпті.

«Я.Лютші жинағын Түркістан өлкесі қазактарының әдебиет нұсқалары 1883 жылы Ташкент қаласында басылған. Сол кітапта «Зар заман» деп аталатын өлеңдер топтамасы жарық көрген». [Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. – Астана: Елорда, 2005 -15 б.].

Сонау Ташкенде шыққан кітапты Ыбырай бабамыздың тауыш окуы, таң қаларлық жай! Бұл оның ізденімпаздығы мен білімдарлығының бір айғағы.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ы.Алтынсарин бұл алғы сөз («Қазақ қасіреті») бен Кудері Жолдыбайұлының «Қазақтың зары» («Жалпақ коян») өлеңін 1882 жылы Торғай облыстық әскери губернаторының атына жібереді. Әскери губернатордың міндетін атқарушы вице-губернатор В.Ильин Ы.Алтынсариннің «Қазақ қасіреті» жазбасы мен өлеңдердің сөзбе-сөз аудармасын алғаннан кейін, 1883 жылы 31 казанды ішкі істер министріне: «1868 жылғы Уақытша ереже негізінде

күрүлған жергілікті қоғамдық мекемелердің жұмысындағы кемшіліктеге жаһықтың көзқарасының нак осы өлеңдерде көрініс табуы назар аудартады. Мен бұл өлеңдерді аудармасына қоса, сіздің мәртебелі құзырыныңға ұсынуды міндеттім деп санаймын» деп мәлімдей отырып, «Уақытша ереже бойынша қырғыздардың қоғамдық басқару құрылымы туралы» ұсыныстарын жолдайды. (25-к., 1-т., 2022-іс, 185, 198, 207 лл.)

Сондай-ақ, Ыбырай 1883 жылы 31 қазанда осы өлеңді алғы сезімен қосып «Оренбургский листок» газетіне де жібереді [Орталық Ғылыми кітапхана қолжазбалар қоры, 1165 бума]. Қалай екені белгісіз, аударма Орынбордагы П.Распоповтың қолына тиеді.


Бұл – 1880 жылы 7 июньде Мәскеуде А.С.Пушкинге арналған ескерткіштің ашылу салтанатына қазақ елінен өкіл болып қатысып, Мәскеудің дворяндар жиналышы залында «Қазақ хрестоматиясы» жарық көргенін, онда Ы.Алтынсарин Пушкинді қазақ тілінде сейлеткенін, енді ұлы ақын шығармаларын қазақ балалары да оки бастағанын айтқан Распопов еді.

П.Распопов Ыбырай өлеңін жолма-жол орысшага аударып, өзі дайындал жаткан 1885 жылы жарық көрүте тиіс «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания» деген кітапқа енгізбек болып 1883 жылдың 12 наябрінде ішкі істер министрлігі жанындағы баспасөз баскармасына хат жолдан, рұқсат сұрайды.

Министрліктің баспасөз басқармасы П.Распоповқа кайырған сол жылдың 8 желтоқсандағы жауабында министрдің бұл шығарманы кітапқа кіргізуге қарсы екенін хабарлайды. Баскарманың мұндағы дәлелі өлеңде «патшалық билеуге, оның жергілікті билеу орындарына карсылық бар екен», - дейді. Сейтіп, Ыбырайдың қолынан өткен шығарма ішкі істер министріне дейін барып, ақырында еш жерде жарияланбай қалады» [Дербісалин Ә «Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы». Алматы, 1965. -80 б.].

Ыбырай зерттеушісі, ғалым Ә.Дербісалин кітабынан алынған бұл сөздерді Ресей Мемлекеттік архивіндегі «Дело о запрещении к печати равных рукописей, в том числе перевода на русский яз. Казахской песни «Горе киргиза» / для «Сборника образцов киргизской народной поэзии составленного П.Н.Распоповым/ [ЦГИАЛ, ф. 776, оп. 20 д № 595 1883-1884 Л.Л, -18-20.] деген жолдар растай түсті. Бұл күжатта 1883 жылдың 26 сәуірі мен 1884 жылдың 31 акпанында дейін түскен 33 бет материал сақтаулы екен.

Н.П.Распоповтың министрге жаған хаты мен оған министрліктің
баспасөз басқармасының жауабы төмендегідей: (Бұл қолжазба бұрын
еш жерде жар
иляланбаған, тұңғыш рет берілп отыр – С.О.).



Ко земству и генералу.

Ваше Присловлено. №

Академик Г.А.Сифарб.
Георгий Акимович Федуринов

Мою просьбу по ознакомлению с

Прошу
предоставить
мне в сию же употребляемую Сборник
известий Морского Ученого
Института, в том
числе о составе флота и т.д. Видимо

предоставленная Г.А.Сифарб.

Приложив к тому подтверждение

пересыпь киргизской почтой

Пое Киргиза "По земли сюда".

С.И.Федуринов

Г.А.Сифарб

жена в симметричном
перевернутом виде
насона в русской ани-
мации, приводит к неиз-
вестно какому недоволен-
ию. Далее я бы предложил
это представить именем
и фамилией Василия Га-
нчука, поскольку это имена
много раз применялись
Брэдфордом для нигромо-

19

Бюллетень этого же герана
"Сорокинъ образуетъ супр
иженскій паритетъ подъ

Онъ подъноситъ убийств
свои въ сокровищницу свое
даже създадъ супружеское
блаженство

Францъ Бирнштейнъ

Меморандумъ супружескому

Оренбургъ.

Баронъ

1893

—

— Г. ф. Бирнштейнъ,
старинъ ученый и писатель
изъ Имп. Оренбургской губерніи

БАСМАННОЕ
ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

10
СИБИРЬ

Министерский Государств

столичн. Губернатор,

Возвращаю при сем рукою
перехода Киргизской погранич. линии, за
Киргиз, соединяющую при том
же селе сел. 12^м. южнее Киргиз,
которое лежит упомянутые выше
Указом означимое, что Сюе сие
место въ земельномъ Вин
окрестныхъ Сибирь со сличие съ
сокращающими упомянутыми Вин
заключениемъ о разрешенииъ вы
нести гражданской пересѣдѣ съ
имѣниемъ Винъ не можетъ

Бо Поморъ Н.Н.
Генералъ

Сборник образцово Курисской
народной газеты, титул засл.
всех первых и многих других
из краинской ~~и~~ ^и образованной
Курисской народной газеты
по русской линии и открытие
такой организаций членов народу, при
сознательном, ~~и~~ ^и добровольном
желании, а также, в сознание и
привлекательности форм

Членство, членские
сборы, упразднение
и сокращение
лишних норманий и приведение

Надлежит Сознаниемъ

№ 4640.

5. Января 1883г.

Ыбырай жазбалары оның халқын шексіз сүйіп, елінің қамын өз өмірінен де артық санағандығың күесі.

Күдері де Ресей империясының отаршылдық саясатын табиғат апаптарымен астастыра көрсетіп, қазақ қайғысының еселене тускенін жаны күйзеле толғайды. Бұл – азаттық жырышы; қубілтелеуді білмейтін Жолдыбайұлының алымдылығы, елге жанашырлығы, оған бағыт-бағдар сілтеген Ыбырайдай ұлы ұстаздың ұлағаттылығы! Ақын өлеңінің отын өшірмей бүтінге жеткізген халық сүйіспеншілігі! Халық өз жанашырын ешқашан ұмытпайды!

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ «ОРЕНБУРГСКИЙ ЛИСТОК» ГАЗЕТИ

Ы.Алтынсариннің шәкірті, кейін оның ағартушылық қызметін алға жалғастырган Н.Г.Иванов «Тургайская газета» басылымының мерейтойына арналған мақаласында Орынбор өлкесіндегі алғашқы мемлекеттік баспахана 1903 жылы Уфа қаласында ашылғанын, оған дейін 1830 жылдары ресми түрде «Оренбургский губернские ведомости» газеті жарық көргенін, сол жылдары тұнғыш номері 1832 жылы шыққан «Оренбургские периодические издания» газеті жабылып, тек қырық жылдан кейін ғана И.И.Евфимовский-Мировицкийдің басшылығымен баспасөз ісі жандана бастағанын көрсетеді.

70-80 жылдары Орынбор қаласында орыс тілінде жарық көрген бұл басылым қазақ өміріне де көніл беліп, хабар-ошар, мақалалар беріп тұрған. Газеттің редакторы Петербург университетінің орыс тілі мен әдебиеті факультетін 1869 жылы бітіріп, күкік негіздерінің кандидаты ғылыми дәрежесін алғып шыққан Евфимовский-Мировицкий туралы қазанамада оның қазақ даласын, сонын ішінде Торғай өлкесін зерттеуге арналған мақалаларға көбірек көніл белгені, ондай материалдар, эсіресе, «Тургайская газета» басылымында жіңі жарық көріп тұрғаны айттылады.

«Оренбургский листок» газеті шығып тұрған уақытта басылымға хабар-ошар, мақала, корреспонденция жазатын оқыған азаматтар аз еді. Эсіресе, қазақ ұлтынан шыққан білімді, газет-журнал жайық біліп, түсінетін кісілер жоқтың касы болатын. Осыған орай газет 1887 жылы 24 маусымда қазақтың тыныс-тіршілігін, көшпелі өмір-салтын, дәстүрін жақсы білетін адамдар болса, газетке жазып, атсалысып түруларын өтініп материал жариялайды. Бұған

алғаш үн қосып, газетке мақалалар жазып тұрғандардың бірі – Әбырай Алтынсарин.

И.И.Евфимовский-Мировицкий кейін бұл жайында газеттің 1879 жылғы 2 желтоқсандағы номерінде «өз халқын білетін, оны барынша сүйетін, әрі орыс тілін жетік мәнгерген адамдар керек-ақ. Тек Сұлтан Жантуриннің інісі мен тағы да бір-екі казак қана қазак ән өнері жөнінде материалдар жинауга таілшыныс білдіргендегі белгілі. Осылардың арасында далалықтардан ағартушылық ісін жүргізуге бар зейнімен, ынта-жігерімен кірісің, орыс әріптерімсін қазактың алғашқы кітабын шығарған Ы.Алтынсарин болды. Ел арасында – Торғайда өмір суріп (Алтынсарин – қазак, қыпшак), өзінің әр іс-сапарын тиімді пайдалана отырып, халқымен барынша тығызы байланысып, ол жайында, оның өнері мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде казак тілінде алғашқы кітаппен (үлгі-окулық) катар, орыс-казак грамматикасын, яғни «Руководство к начальному обучению киргизов русскому языку при помощи языка киргизского» жазып шығудың қажеттілігін терең түсінді» деп жазды.

И.И.Евфимовский-Мировицкийдің Сұлтан Жантурин деп отырғаны сол кездегі Орынбор елкесі Шығыс бөлігінің билеушісі, полковник Ахмет – Ахмет Жантөрин екені анық. Ал, «інісі» дегені үлкен ұлы Сейітхан Жантөрин болуы мүмкін. Өйткені Сейітханның Ресейде шығып тұран «Коннезаводство» журналының 1883 жылғы 7-8 номерлерінде «Очерки киргизского коннезаводство» атты ғылыми еңбегі жарық көрген. Сонымен бірге ол қазақ фольклорлық шығармаларын жинаумен де айналысқан. 1885 жылы Орынбор баспасынан «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи» деген кітабы шыққан. Бұл еңбегінде ол, аты айтып тұрғандай, казак ауыз әдебиетінің эпикалық және лирикалық шығармаларының озық үлгілерін жолма-жол аударып, кейін оны Располановқа өндөтіп, өлең шумақтарына айналдырған.

Ағайынды: Ахмет, Мұхамбет, Махмұт Жантөриндер Бөкей ордасының ханы Жәнгір ханның апасынан туады. Махмұт, немере інісі Омар, үлкен ұлы Сейітхан Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқыған. Махмұт пен Омардың әдебиетпен айналысқан-айналыспағаны бізге белгісіз. Сондықтан да бұл Сейітхан деп ойлаймыз.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін және халқына деген шексіз сүйіспеншілігін, өмірге көзқарасын жақсы бағалап,

И.И.Евфимовский-Мировицкий оның мақалаларына газет бетінен жиі орын беріл тұрған. Бұл мақалалардың деңі орыс переселендерінің казақ жеріне келіп қоныстانا бастауы, жайылымдық жерлердің тарытуы жайында болса, есіресе, 1879-1880 жылдардағы жұт экелген наубет туралы көбірек қалам тербеген. «Казақ даласындағы жұт туралы» корреспонденциялары мен мақалалары соның айғағы.

1880 жылдың көктемінде жарық көрген алғашқы корреспонденциясында автор қыстың аса қатал болып, мал қырылып, елдің ашаршылыққа ұрынғанын, көктемді бір айыр шөпсіз қарсы алғандарын жазады. Мұнын себебін публистиқ қазактардың қыска арнап жылы үй салып, отырыштылыққа ойыса бастаудан көреді. Өйткені мал жағдайына байланысты көшіп-қонып жүрген ел бір жерде отырып қалғаннан кейін өріс тарылып, табиғат дүлейіне төтеп беру мүмкін емес еді.

Ы.Алтынсарин екінші мақаласында жол жүріп келе жатқанда боран басталып, далада бір киіз үйге токтағандарын жазады. Қалай болса солай тігілген киіз үй, іргесі ашық, жел гулеп соғып тұр. Устеріне қабат-қабат киім киіп, күр сүлдерлерін сүйретіп жүрген арып-ашқан кемлір-шал. «Жел қуалаған тұтін, үйдің ішіне шудалана шалқиды. Оттың айналасында тұтін ашытып жасаураған көздерін сығырайтып, қолдарын жайып, аяктарын талтайтып қактанип» (қызырынып – С.О.) отырган үйелмелі-сүйелмелі төрт бала кез алдыңызға келеді. Сыртта ішін тартып қатулана соккан долы боран...

Мақала сонында автор бір байдың 1300 жылкысынан қыстың басынан 28 актанға дейін 60 жылкысы ғана қалғанын, сонымен бірге 35 адамның үсіп өлгенін жазады.

Үшінші материалында да автор бұл жұттың болу себебін ашып: «Қазактардың басына түскен ауыртпалықтың бәрі оларды бұрынғы отырган қоныстарынан көшіріп, мал бағып жүрген халықты отырыштылыққа үретугеден» – дейлі. Макала сонын «Қазақ халкының басына түскен ауыртпалықтардың күесі бола отырып, далада ескен және өз халқымның басына түскен бар ауыртпалыкты ез көзіммен көріп, бұл мәселедегі Вороницкий мырзаның жасаған жобасына қарсылығымызды білдіреміз әрі далада ескен адамның дауысын қажетті жердегі басшылардың құлағына жеткізер және де біздің бұл ойымыз ешкімге зиян келтірмес дең ойлаймын» [//Оренбургский листок, 11 май, 1880], – деп түйіндейді.

Мұны Ыбырайдың 1880 жылғы 4 сәуірдегі В.В.Катаринскийге жазған хаты да растай түседі. Онда ұлы ұстаз Торғай мектебінің жай-

күйі, оқыту, шаруашылық жағдайы жөнінде сөз қозғай отырып: «Жұырда мен «Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы макала жазып жібердім, – дейді. – Осы макаламда қазақ еліне орыс селендерінің экеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді билдірдім. Бұл пікір, менімші, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттам да койдым, қазақтар келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай тузете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігендे салың суға кетеді. Сондыктан, қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсаң да, оған өзімнің қарсы екенімді білдіруге бел байладым» [Таза бұлақ, 229 б.].

Аштық, жалаңаштық жайында жазбайын десе, ел ішінде мендең барады, азаматтық борышы, ары жібермейді, жазса кінәлі, дегенмен өлтіре, жерге, халыққа деген парыз іштегі шеменді айтқызбай қоймаганын түсінесіз. Хаттан ұлы ұстаздың мінез-құлқы да қылаң беріп, мәдениеттілігі, биізилігі, арының тазалығы, биіктігі байқалады.

Алғашқы екі материалды автор «И.А.» деп бүркеншек атпен берсе, кейінгісіне қол қоймалты. Алайда, жазу мәнері мен сез салтасына, қай жерден, не жайында жазылғанын бұл мақаланың Ұбырай материалдарының жалғасы екендігін аңғару қынға сокпайды. Ұбырайдың бүркеншек атпен жазу себебі де түсінікті. Бұл ашы шындыққа толы материалдар патша чиновниктері мен губернаторға ұнамасы анық.

Ұбырай публицисткасын алғаш зергітеуші М.И.Фетисов те осы жағдайды айтып, оның себептерін В.В.Катаринскийге жазған хатынан айқын коруте болатынын, ейткені, Орынбордагылар ол кезде жер аударылып келген петрашевші А.Н.Плещевті, оның шындықты жазған еткір шығармаларын әлі де ұмыта қоймаган кезенде, мәнжайды білетін қазақтың патша үкіметінің жасап отырған ішшараларының терістігін сынауы, шындықты ашына айтуы оларға мұлдем ұнамаганы анық екенін айтады. 1879-1880 жылдардың кысында Торғайды жайлаған жұтқа байланысты жайларды корытындытай келіп, Ұбырай қазақ халқының тарихи даму барысында оның алдында тұрған негізгі проблемалардың бетін анып бергенін көрсеттіп: «Ұбырайдың терең ойлы, күн тәртібінде тұрған толып жатқан проблемалардың бетін аштын «Қазақ даласындағы жұт туралы» деген материалы демократиялық қазақ

публицистикасының шынайы үлгісі болып табылады» [Зарождение казахской публицистики. А., КГИХЛ, 1961], – деп бағалайды.

Алғаш бұқіл ресейлік география қогамының Орынбор белімшесіне қазақ этнографиясы жайында жазған ерекше құнды енбектерімен орыс зиялты қауым өкілдеріне таныла бастаған Ыбырай Алтынсарин «Оренбургский листок» газеті әркылы қаламын ұшташ, газет қоушыларына публицистикалық шығармаларымен белгілі бола түсті.

1873 жылы қазақ алфавитін жасау үшін комиссия құрылыш, орыс тілін білетін белімді екі қазақ ұсынылады. Олардың бірі Орал облысынан Ержан Шолаков та, екіншісі Торғай облысынан Ыбырай Алтынсарин болады. Ыбырайдың жазуға шебер, жазған енбектері құнды екендігін, әрі қызметте тындырымдылығын ескерген И.И.Ильминский бұл іске Ы.Алтынсаринде таңдайды [Ильминский И.И. Ы.Алтынсарин жайындағы естеліктерінен. Ыбырай тағызымы, 353 б.].

Ыбырай мақалаларының ерекшелігі – көкейкестілігінде, еткірлігінде, иені сөз етсе де егжей-тегжейлі түбірін қазып жазып, түсінікті тілмен ойын ашық, бүкпесіз жеткізуінде. Мұны Ы.Алтынсарин публицистикасын алғаш зерттеуші ғалым М.И.Фетисов те баса көрсетіп «Ыбырай публицистикасы терен белімімен, әдеби көркемділігімен, оқығаларды барынша эсерлең, казақ өмірінің шағын детальдарының өзін казакы колоритке толтырыш, айшықтан беруімен ерекшеленеді», – деп жазады.

Ұлы ағартушының «Қазақ хрестоматиясы» оку құралы да осы «Оренбургский листок» газетінін баспаханасында терілді. Кітап шыққаннан кейін газет бетінде оны насиҳаттауға арналған материалдар басылып, кітаптың жарық көруі қоғамдық және үлкен мәдени манызы бар оқига деп бағаланды.

«Библиографическая новость» айдарымен берілген бұл алғашқы хабардың авторы И.И.Евфимовский-Мировицкий екендігі шубә келтірмейді. Өйткені автор аты-жөнін көрсетпесе де қазақ тіліндегі бұл алғашқы оқулық кітаптың өзінін баспаханасынан шыққандығын мақтанашибен айта келіп: «Қазақ әдебиетінің берік негізі қаланды, өлең-жырга бұрыннан да кенде емес, қашан да көкіректері жаңа, соны ойга толы қазақ халқы ендігі жерде кітаптың көмегімен адамзаттың бар рухани байлығымен таныса алатын болды» [//Оренбургский листок, 2 декабря, 1879], – деп жазды.

1880 жылдың 7 маусымында Орынбор қаласында А.С.Пушкиннің ескерткіші аныту салтанаттыңда сойлеғен сезінде П.Распопов «Қазақ хрестоматиясы» жарық көргенін. Бұл кітапқа орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің өлеңдері сиғенін, оны қазақшаға аударған Ыбырай Алтынсарин екенін айттып: «Орынбор өлкесінде бүрратана халықтарға арналған мектеп оқулығы енді біздің ұлы ақынымыздың өлеңімен ашылатын болды. Қазақтар мен башқұрттар енді орыс тілін менгеріп, сонымен бірге біздің ұлы ақынымыздың шығармаларымен де танысадын болды» [Оренбургский депутат на торжестве открытия памятника Пушкину //Оренбургский листок, 15 июня, 1880], – дегенді мактандың сезімімен жеткізеді.

Газеттің 1879 жылғы 16 желтоқсандағы нөмерінде Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» кітабының алғы сезін орыс тіліне аударып бастыруды. Бұл басқа ұлт өкілдерінің кітаптың мән мазмұннымен жете танысуына көңіл ашып, болашақ ұлы ағартушының беделін жоғарылата түсті.

«Оренбургский листок» газеті мен оның редакторы И.И.Еофимовский-Мировицкийдің Ы.Алтынсариннің публицист болып қалыптасуына, халыққа танылуына үлкен әсер етіп, көмектескені сезсіз. Ұлы ағартушының оқулығы да осы басылым баспаханасынан жарық көрүнің өзі неге тұрады?!

ШЕТЕЛДІКТЕР ҮБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТУРАЛЫ

Үбұрай Алтынсарин есімі, оның педагогикалық идеялары, шығармалары тек қана қазақ еліне ғана емес, шет елдерге де көңіл тараган. Өсіреле тұтысан тілдес елдер мектептерінің бастауыш кластарының көбісі ұлы ұстаздың педагогикалық идеяларын басшылыққа алғаны байқалады.

А.Әбдікәрім (Монгол Халық Республикасы) «Алтынсариннің педагогикалық ілімдерін МХР қазақ мектептерінде насиҳаттау барысы» деген макаласында монголияда алғаш қазақтың ұлттық аймағы орнап, ұлттық қазақ мектептер қалыптасса бастаған 1940 жылдары қазақ жастарын білімге, өнерге құштар етіп тәрбиелеу мақсатын айқындауда Ы.Алтынсариннің педагогикалық кезқарастары илі әсерін тигізгенін, оқу жоспарын, жеке пәндердің бағдарламаларын жасап, соған сәйкес оқулықтар дайындауда да Ы.Алтынсарин ілімдеріне сүйенгендерін айтады. Ұлы ұстаз мұраларының МХР қазақ мектептерінің қалыптасуына үлкен әсер еткенін жан-жақты ашып

керсетіп, қазақ мектебінде оқитын, сондай-ақ мектепті бітіргендердің бәрі Ыбырайды жаксы билетінің, онын «Кел, балалар, оқылык!» елеңін жатқа айтатынын, Ыбырайдың тәлімдік-тәрбиелік мәні зор әңгімелері мен өлеңдерін мектептердегі тәрбие үйрмелерінде және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда талқылайтындарын мақтандыспен жеткізеді.

«Ы.Алтынсарин мектепте тәрбие жұмыстарын ана тілінде, ұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне сүйене жүргізіп келгені сол халықтың ұлттық салт-сана, дәстүр, әдет-ғұрыптарын, тілін сақтап, халқына деген сүйіспеншілігі артатынын көре білуі қазір Манғолиядагы қазақ мектептерінің практикасында өз нәтижесін беруде»- дейді автор [«Ы.Алтынсарин тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның бағындаламалары мен хабарламаларының тезистері]. Алматы: «Рауан», «Демеу», 1991. -17-18 б.б.].

Мақала иесінің ой-лікірінен Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарын, сонымен бірге шығармаларын да жаксы билетіні, ұлы ұстазға бүйрек бұрып, ардақ тұтатыны мен мұнданалап тұр.

Л.Гумилев атындағы ҚҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Д.Хамзабеков 1924 жылы Ташкенттегі қазақ-қырғыз мәдениет көркейтушілерінің «Талап» үйімінде Ы.Алтынсарин жениндегі дәрісті Мырзағазы Есболұлы қызығанын айтады [«Ыбырай Алтынсариннің кешегі һәм бүгінгі тағдыр-талаіы». «Ы.Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық енегелі әлеуеті және қазіргі заман» (Баяндамалар жинағы) Қостанай, 2011. -38 б.].

Өзбекстанда, эсіресс оның қазақтар тұратын елді мекендеріндегі мектептер де Ыбырайдың педагогикалық идеяларын басшылыққа алғып келгені сезіз. Ыбырай есімі, оның шығармашылығы, педагогикалық көзқарастары бұз елге ертеден мәлім.

Мұны Ташкенттік К.А.Ташмұрадовының, М.У.Сагдиеваның, К.Ю.Киличеваның макалаларынан да ангару кылғын емес.

М.У.Сагдиеваның «Ы.Алтынсарин идеяларының Өзбекстанда жүзеге асуы» макаласында ұлы ұстаздың қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындау ісіне аса жоғары мән беріп, оған жауапкершілікпен карағаның, Орск қаласында қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындастын мектеп ашып, оны 1886 жылы 12 мұғалім бітіріп шыққанын, Ыбырайдың өзі ашқан жаңа типтегі мектептегі ску ісіндегі жетістіктерді мысалдар көltіре отырып дәлелді жеткізеді.

Ташкент қаласындағы Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық институтта бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, математика, филология факультеттерінде қазак мектептеріне мұғалімдер даярлау ісі жолға қойылғанын, сабактарда студенттерге Ы.Алтынсаринің педагогикалық идеялары насиҳаттальып жүргенін аңғаме етеді.

Ы.Алтынсарин де өзінің замандастары сияқты грузин, армян, езбек, татар және чуваш мектептерінде бірінші ез ана тілдерінде оқып, содан кейін барып өзге тілді үйрену керектігін баса көрсеткенін, бұл ойы Ушинскийдің көзқарасымен де қабысатының айтып, бірінші Ана тіліне құрмет көрсетілуі керектігіне назар аударады. Мақала соны «Ы.Алтынсариннің казак балаларына орыс тілін үйрету әдістемесі Өзбек мектептерінде де жақсы колданылып жүр» деп түйінделеді [«Ы.Алтынсарин тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалары мен хабарламаларының тезистері». Алматы: «Рауан», «Демеу», 1991. –126-127 б.б.].

М.У.Сағдиеваның бұл ойы елдесі К.А.Ташмұрадованаң «Ы.Алтынсарин мен Хамза Хакімзада Ниязидің педагогикалық идеялары» мақаласымен үндесіп жатыр. К.А.Ташмұрадова да XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген аса көрнекті демократ-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қоғамды жаңа жолға салуда ұлы күрескер ретінде өз халқына адапты жасаудың үлгісін көрсеткенін, қоғамдық ойдың даму тарихында, Қазақстан ғана емес, Өзбекстанда да оның алар орны ерекше екендігін көрсетеді.

Өзбекстанның ұлы ұстазы, жазушы, драматургы әрі композиторы Хамза мен Үбірай Алтынсарин бір ғасырда өмір сурді. Сондыктан да болар екеуінің ой-шікірлері мен еткен істерінде бір-біріне ұқсастық көп. Автор осы жайда түсіндіре келіп, екеуінің де демократиялық-ағартушылық ойларының түп негізі ез халықтарының тарихы мен мәдениетіне, қоршаған ортаға деген дүрыс көзқарас калыптастыруында жатқаның, сондай-ақ екеуі де орыс мектебінің озық тәжірибесін жақсы менгергенін баян етіп, «Алтынсарин мен Хамзаның педагогикалық идеяларының негіздері – жалпы педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік тәсілдерге, кластарғы және кластан тыс жұмыстарға, сабак берудегі көрнекілікке, тәжірибе мен қадағалауға, мақсаттылыққа негізделген болатын» деген ой түйеді.

Балаларға арналған оқулықтарында Ұбырай казак ауыз әдебиетінің бай мұраларын көнінен пайдаланғанын, фольклор үлгілерінің ішінде әсіресе тәрбиелік мәні зор шыгармаларға көбірек көніл белгенине тоқталып, жастарды солардың негізінде оқытудың жетістікке бастайтынын айтады [Сонда. 88-89 6.].

К.Ю.Киітчеваның «Ы.Алтынсарин – өнірдегі алғашқы халықтық орыс-қазак мектептерінің негізін қалаушы» мақаласы Ұбырайдың казак балаларына арналған мектебіндегі білім беру жүйесі, уездік училище бағдарламалары мен оку жоспары бойынша жұмыс жасайтын екі сыныптық орталық училище, сондай-ақ екі сыныптық училищені ұйымдастыру идеясы Өзбекстан мұғалімдері арасында қызығушылық тудырганын айтудан басталыпты. Автор алғашқы жылдардың өзінде Алтынсариннің тікелей араласуы арқылы Торғай облысының төрт уезінде бір-бір училище ашыла бастағанын, олардың 30 балага арналған интернаттары болғанын, орыс балалары тек келіп-кетуіші ретінде қабылданғанын, Торғай және Ырғыз мекептері екі сыныптық орыс-қыргыз мектебі деп аталғанын, Троицкің екі сыныптық Ақтөбенің бір сыныптық мектептерінде тек казак балалары ғана оқығанын айтЫп, «Алтынсарин ашқан осы 4 мектеп қазак арасындағы мәдениеттің нағыз ордасы» дейді. Мақала иесі одан әрі Ы.Алтынсариннің бұл мектептердің ашудағы кездескен қындықтарына токташыл, оның ағартушылық ісі кейінгіге үлті-өнеге болғанын, ұлы үстаздың 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына хат жазып, үш жуз мың халық бар Торғай облысы үшін 4 училище аздық ететінін ескерткенін баян етеді.

М.А.Станчиц (Белоруссия) «Ы.Алтынсариннің Белоруссия жана мектептеріндегі білімді ізгілендіру (гуманизация) туралы идеясының жүзеге асырылуы» деген мақаласында қай елдің болмасын болашақта аткарап қыруар жоспарларының барлығы адамға, оның білімі мен тәжірибесіне негізделгенін, сондықтан да соңғы жылдары Белоруссияда жастарды тәрбиелеу ісіне ерекше көніл белгініп отырганын айта келіп: «Осыған орай біздің республикамызда «Қыргыз хрестоматиясы» мен «Қазактарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» деген еңбектердің авторы ретінде таныс болған Ұбырай Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесіне ерекше көніл белгінде», - дейді.

Мақала авторы Ұбырайдың педагогикалық тәжірибесінде балалы имандылыққа, отан сүйгіштікке, адалдыққа, әсіресе, сибекпен тәрбиесуге ерекше көніл белгінін айтып, оқушыны ізгілікке

тәрбиелеудегі тәжірибелері қатты ұнағанын, сол тәжірибелер негізінде Белоруссия мектептерінде жастарға әртүрлі ғылым-білімнен хабар беріп, оларды рухани жағынан байыта алатын, адамгершілікке жетелейтін арнайы курстар ашып жатқандарын әңгіме етеді.

Мақала сонын автор ұлы ұстаздың «Еңбек – адам өмірінің мәні мен мағынасы, еңбек қана адамды имандылық жағынан жаңа биікке кетереді, адал еңбек еткен адам ғана өмірдің шынайы рахатын сезіне алады», - деген сөзімен түйіндейді [Сонда. 101-102 б.б.].

Н.К.Катовичтің (Минск) «Қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибенің дамуында Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясының өзектілігі» деген макаласы «Бүтінгі біздің қогамымызда қазақ халқының ұлы ағартушысы, қогам қайраткері Үбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары ерекше мәнге ие болуда. Халыққа білім берудің сара жолын салған ол «...Халықтың болашағы мектепте, мектеп қана қазақ халқының көзін ашып, жарқын өмірге бастайды» деген еді. Қазақ даласында діннен тыс халық мектептерін ашуы Ы.Алтынсариннің зор енбегі болып табылады», - деп басталышты.

Автор одан әрі Ы.Алтынсариннің балаларды оқытумен қатар оларды еңбекке тәрбиелеу ісіне де үлкен үлес қосқанын, өнеркәсіптік, ауылшаруашылық және қыздар училищелерін ашып, оларда жастарды кәсіпкерлікке, кол өнеріне баулуы казақ даласында бұрын-сонды болмаған жаңалық екенін сез етеді. Сондай-ақ ұлы ұстаздың бастамасымен қазақ даласында тұнғыш рет мұғалімдер дайындастырын мектеп ашылғанын, сонын арқасында балалардың жаптай білім алуды басталғанын баян ете келіп автор «Ол мектептің негізі мұғалім деп білді. Мұғалімдер өздерінің оқушыларын барынша жақсы көріп, олардың құрметтеріне бөленулері керектігін баса назарда ұсталды, - дейді. – Мұғалім мен оқушының және олардың ата-аналарының арасында түсіністік болған жағдайда ғана білім беру мен тәлім-тәрбие үштасып, өз нәтижесін бермек».

Н.К.Катович Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясының қазіргі педагогика ғылымы мен тәжірибесінің дамуына ықпалын айта келіп, макала сонында В.Сухомлинский, А.Макаренко, Я.Корчак тағы да басқа ағартушылар идеясымен Үбырай пікірінің астасып, бір арнада тоғысып жатқанына тоқталып, ұлы ұстаздың педагогикалық идеялары әлі де жалғаса түсетініне сенім артады [Сонда. 134-135 б.б.].

Кезінде ұлы ұстаздың «Оренбургский листок» газетіне мақалалар жазып тұрганы, Н.И.Ильминскиймен, А.А.Боровниковпен, В.В.Катеринскиймен, А.А.Мозохинмен, Ф.Д.Соколовпен хат жазысқаны, олардың кейбірінің Ыбырай қайтыс болғаннан кейін жазған естеліктері, ұлы ұстаздың этнографиялық әңгімелерінің орыс тілінде басылуы, 1900 жылы Мәскеудегі «Лазаревтік институттың «Еңбектері» журналының екінші нөмерінде Ы.Алтынсариннің «Жаз» елеңінің орыс тіліне аударылып шыгуы т.б. еңбектер Ыбырай есімінің Ресей халқына да ертеден танымал болғанын айтқарайды. Бұл көңшілік оқырманға белгілі жайт.

Ы.Алтынсарин «Советский энциклопедический словарь» жинағына енген. Онда «Алтынсарин Ибраї» (1841-89), казах, педагог-просветитель, писатель, фольклорист, этнограф. Первый учитель-казах, школы с обучением народному яз. Автор учебников родного и рус.яз. для казах.детей [Издательство и Советская энциклопедия] 1979. -стр. 43] деп жазылған.

Ал, орыс ағайындар Ыбырайдың педагогикалық идеяларына қалай қарайды?

Ресейлік Е.Р.Артамонова (Владимир каласы) «Кенестік жас ерекшелік және педагогикалық психологиядағы Ы.Алтынсариннің психологиялық-педагогикалық мұрасының сабактастығы» мақаласында Ы.Алтынсариннің туған, қайтыс болған жылдарын көрсетіп, оның Қазакстанның педагогикалық психологиясының негізін қалаған ұлы ұстаз екенін, ескелен үрлакқа білім, тәлім-тәрбие берудегі оның баға жетілес еңбектері Қазақстан педагогикасын дамытуға қосқан өлшеусіз үлес болып табылатынын, ұлы ұстаздың жаңашыл идеялары XX ғасыр галымдарының еңбектерінде жалғасын тауып отырғанын айтады.

«К.Д.Ушинскийдің ізбасары П.П.Блонский Ыбырай Алтынсариннің «Балага білім мен тәрбие беруді оның жасына қарай, қалыптасқан психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген дұрыс» деген идеясын толығымен қуаттайтын. Бұл ғылым (Ы.Алтынсарин – С.О.) педагогикалық психологияны зерттеуді баланың жасына қарай жүргізіп, сараптаған болатын», - дей келіп автор П.П.Блонский баланың өсу-өркендеуі мен ақылының толығуы оның танымдық психологиясына байланысты болатынын жан-жакты көрсеткенін баян етеді. Ы.Алтынсариннің де, П.П.Блонскийдің де еңбектерінде жеке тұлғаның қалыптасуына, оның психологиясының дамуына баланың өскен алеуметтік ортасының рөлі зор екендігі

дәлелденетінін тәптіштеп түсіндіре жеткізеді. Сейтіп екеуінің де айтқан пікірлері бір-бірімен сабактастып, үндесіп жатқанын нақтылай көрсетіп, болашакта балаға білім мен тәрбие беру ісінде окушылардың әлеуметтік ортасына тәуелділігін барынша бәсендету керектігін ескертеді.

Автор ұлы ұстаздар Ы.Алтынсарин де, П.П.Блонский де өз зерттеулерінде балаға білім мен тәрбие беруде ұстаз рөліне ерекше мән бергендерін, ұстаз бен оқушы арасындағы өзара түсіністікке, ұстаз өз шәкіртін түсіну үшін тұракты түрде білімін арттырып, аянбай еңбек етуі керектігіне көніл бөлген жағдайдағанда екеу ара сыйластық катынас орнайтынын айтқандарын окушыларына пысыктай жеткізеді. Ы.Алтынсарин сияқты П.П.Блонский де бала тәрбиесінде діннің рөліне ерекше мән бергенін, дін-діни фанатизм халықтың көзін ашып, көкірегін оятуға басты кедергі екенин айқын жазғанын да қалтарыс қалдымраймыды. Мақала сонында Ы.Алтынсариннің «Халықта жақсы білім беру үшін олардың дінге деген көзқарастарын материалистік жолға салу керек», - деген сезі келтіріліп, «осы өйді П.П.Блонский де толық қуаттайды» дейді [Сонда. 127-129 б.б.].

2010 жылдың 5 қарашасында «Қазак» газетінде «Алтынсарин окуары» ғылыми конференциясы» деген қысқа хабар жарияланды. Онда III Халықаралық «Алтынсарин оқулары» ғылыми конференциясында қаралған мәселелер жайында сез козғалып, қызу талқыланғаны, конференцияға Беларусь, Украина, Ресей және Тәжікстан елдерінің мамандары да қатысқаны айтылады.

Бұл шақырылған қонақтар оку ісінің мамандары болғандыктан, қазактың ұлы ағартушысы жайында білмеулері мүмкін емес. Білмегендегі Алтынсарин жайында біраз мағұлмат алыш қайтқандары анық.

Тәжікстан әдебиеттанушы ғалымы, профессор Атахан Сайфуллаев өзінің Тәжік және қазақ әдеби байланыстарының тарихына арналған макаласында былай деп жазыпты: «Қазақтың ағартушысы, ақыны және жазушысы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларында тәжік пен қазақ әдебиетінің байланысы мейлінше байқалып жатады. Алтынсариннің тәжік-парсы әдебиетінен керегінше пайдаланғандығы оның шығармаларының өнбойынан көрініп жатады. Шығыстық сарын Ыбырай өлөндері мен хикаяларының үтіт-насихаттық сарының күштейте түскен» [«Паёми барадары» (Достық хабаршысы), - Душанбе, 1972. -136 б.].

Тәжік совет энциклопедиясының 8-ші томында Қазакстанға арналған мақалада Алтынсариннің де есімі атальылты. Мақалада Алтынсариннің XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылық қызметі, казақ мектептері үшін жазған оқулықтары, шыгармашылық өнері және оның тәжік-парсы классикалық әдебиетін жақсы білестіндігі туралы қысқаша мәлімет берілген. [«Энциклопедияяң советии тоғижү». – Душанбе, 1976. -268 бет].

Тәжікстанда жарық көрген «Тәжік әдебиеті мен өнерінің энциклопедиясында» да Алтынсариннің есімі құрметпен аталауды. Осы кітаптағы тәжік-казақ әдеби байланыстары туралы арнайы мақалада: «Казактың ағартушы демократ акыны, жазушысы әрі дарынды педагогі Ұбырай Алтынсариннің бүкіл әдеби және ғылыми мұрасында көркем аударма ерекше орын алатындығы әмбеге аян. Оның аудармалары арқылы қазақ халқы шығыстың, орыстың демократияшыл ой-пікірімен таныса бастаған. Алтынсарин өзінің оқулық ретінде арнайы жазылған хрестоматиясында қазақ әдебиетіндегі көркем шыгармалардан үзінділер келтірумен қатар тәжіктің классикалық әдебиетінен өзі аударған өлең, хикаяларды да ендиғен. Ескендір, Атымтай, Лұқпан сияқты образдарды өзінің адамгершілік, ағартушылық ой-пікірін уағызыдау үшін орынды пайдаланған» [Нұралиев А. Ұбырай Алтынсарин. «Энциклопедияян Адабиет» ва сангати тоғижик. – Душанбе, 2004, 24 бет]- дедінеді.

Ұбырай Алтынсариннің есімі біраз шыгармаларда аталғанымен, қазақ-тәжік әдеби байланыстарын зерттеушілердің көпшілігі Алтынсариннің ағартушылық енбегі мен жазушылық қызметін, оның казақ балаларының сауатын ашу үшін жасаған іс-әрекетін тоқтағанымен бүтінге дейін Тәжікстанда арнайы еңбек, мақала жазылмаған. Ал Ұбырайдың Тәжік әдебиетінен жасаған кейір аудармалары мен оның казақ көгамы үшін жасаған қызметі филология ғылымдарының докторы, профессор Абдусаттар Нуралиевтің «Казақ және тәжік әдеби байланыстары» кітабында айтылған. [Нұралиев Абдусаттар. «Казахско-таджикские литературные связи». – Душанбе, 2011, 228 б.]

Ұбырайдың араб графикасымен қазақша жазған хатын Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханадан алғаш тауып, жариялаған татар ғалымы М.А.Османов болатын. Сондай-ақ Ұбырай белгілі татар ағартушылары Шихабуддин Маржани, Қ.Насыри, С.Кукляшев, Хусани Фанахановтармен достық қарым-қатынаста болады. «Олармен хат алысыш, хат жазысып тұрады. Оку-ағарту ісінде

бұлардың кайсысының болса да Ы.Алтынсаринге кеп көмегі тиғен» [Ысқақова Б. «Ұбырай. Алтынсарин» «Ұмытылmas есімдер». Алматы: «Қазақстан», 1994. –186. б.]. Соңдықтан да достары, казактың ұлы ұстазы туралы олардың еңбектерінде сөз болмауы мүмкін емес сияқты.

Қазір шетелдіктер Ы.Алтынсарин жайында қандай пікірде, оның педагогикалық идеялары қай мектептерде әлі күнге дейін колданылып келеді, оны іздестіріл табу келешектің ісі.

3.ЫБЫРАЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ

Ыбырайтану негіздері (1879- 1914)

Казан төңкерісіне дейін Ы. Алғынсариннің өмірі мен қызметі жайында алғаш қалам тербекен Асылқожа Құрманбаев еді.

А. Құрманбаев 1858 жылы бүрынғы Қостанай уезінде Торғай бойында туып ескен. Алғаш ауыл молдасынан саутап ашқан ол кейін мұғалімдер семинариясын бітіреді. Ы. Алтынсариннің жолдамасымен Красноуфинскідегі реалдық училищеннің шаруа бөлімін тәмандаган Асылқожаны Николаевск (Қазіргі Қостанай) училищесіне оқытушы етіп жібереді. Алайда ол Омбы губернаторының тілмашы болып орналасады. Кейін бұл жұмысты да тастап «Дала уалаятының» газетінә қызметкес тұрып, оның қазақша жағын басқарады.

Ол Ы.Алтынсарин жайында «Дала уалаятының» газетінде: «Қазақтың тілі соншалық мол, ләкін қазактың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады, «қазақша тілдің қазірден жетекші екенін Алтынсарин бір-ақ ауыз сөзбен айтып койған жоқ еді» деп; одан ері Ы. Алтынсариннің «Тұлқі мен қарға», «Жаз» және тағы басқа өзге өлеңдерінің басқа тіл арапастырылмай, таза қазақша жазылғанын көрсетеді. Автор өкінішін де жасырмай, таза қазақ тілінде басқа ұлт тілдерін арапастырмай таза жазуды ешкім талап етіп отырмажанын айтады. Мақаласын «Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп үмтүлған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды» деп түйіндейді.

А.Құрманбаев осы «Қазақтың тілі тұрасына» деп аталатын мақаласында: «Қазак арасында таралып жүрген «Зарқұм», «Сал-сал» деген қиссалардың сөздері қазақ тіліне мулдем жанаспайды, мұнда тек Мұхаммет заманындағы болмаған батырлардың болмаған әрекеттері киялдан шығарылып жазылған, ал бұл қиссалар Алтынсарин шығармаларымен салыстырғанда, түкке де тұрмайды», - деп Ыбырай шығармаларының идеялық мазмұнына да, тіліне де дұрыс баға береді. [{«Дала уалаятының» газеті} 1894, №27, 10 шілде].

«Оренбургский листок» газетінің 1884 жылы 26 апельдегі санында жарық көрген «Әдеби тұрғыдан қараганда Алтынсариннің қазақтар үшін маңызы» деген мақалада: «Сонғы кезде әдебиетте Алтынсариннің шығармалары және оның қысқа мерзімде аса мұқияттылықпен жинаған халық әдебиетінін нұсқалары пайда бола

бастады» деп жазып, ақынның «Өсиет», «Жаз», тағы баска өлеңдерінің халықтың авторға деген сүйіспеншілігі мен тілекестігін тудырғанын, мұндай ағартушылық сипаттағы еңбектер ұмытылмайтының айтады: «Біз тәрізді көшпелі ел үшін Алтынсариннің өзі қандай қажет болса, еңбектері де сондай қажет. Россияда орыс білімінің қандай маңызы болғанын білестін адам мұны да түсіне алады. Алтынсариннің ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда оның барлық емірін көреміз», – дейді.

Дінмухаммед Сұлтангазин «Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы алтыншы санында «Біздің қазақ туралы бес-алты сез» мақаласында Ы.Алтынсариннің қазақ тілінде кітап шығарыш, ана тілімізді ардактағанын куана жазады.

Ұлы ұстаздың қызметі мен өмірі, үлгілі істері, шығармашылығы, ұстаздық жолы, өмірдегі ұстанымы Н.И.Ильминскийдің «Ы. Алтынсарин жайындағы естеліктерінде» жақсы көрініс тапты. Автор естелігінде Ыбыраймен қалай танысқанын, оның оқып білім алуына атасы атақты Балғожа бидің тікелей себепкер болғанын, Ыбырай Балгожаның немересі болғандықтан ғана емес, езінің жеке басының қасиеттерімен, сондай-ақ дарындылығымен көзге түсіп, маңайына жақканын айтады.

Бір сезбен қысқаша айтқанда, естелікте Ыбырайдың саналы өмірі, қызметі, шығармашылығы, тұрмыс-тіршілігі, отбасы түгел керініс береді.

Шығарма:»Мен оның тек басты қасиеттерін ғана атап еттім, бірақ осылардың өзінен-ақ, оның бүкіл жан- дүниесі, көзқарасы, әсіресе, өз халқын ағарту ісіне деген қызу талпынысы, оның мұғалімдерге деген ықылас-ілтиплаты көрінеді». [Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын- макалалар мен зерттеулер; Құраст. М. Жармұхамедов.- Алматы: Жазушы, 1991-357 б.]- деп аяқталады. Осы бірер сездін өзінен-ақ Ыбырай Алтынсариннің қандай адам болғанын аңғару киын емес.

1889 жылдың 28 сентябрінде жазылған Ф.Д. Соколовтың, дәл осы уақытта жазылған А. Мазохиннің Ыбырай Алтынсарин туралы естеліктерінде де ұлы ұстаздың тыңдырыымды ісі мен шығармашылығы, өмірде қандай адам болғандығы егжей- тегжейлі баян етіледі.

Отынши Әлжанов «Дала уалаятының газетінде»: «Алтынсарин Ильминскийдің шәкірті еді. Бұл казақ бек зерек, жұмыскер адам еді

һәм әр гылымды өзі оқып біліп еді. Алтынсарин марқұм казақтарға гылым, өнер үйретуді жиһат етіп жүруші еді», - деп, одан әрі Ұбырайдың әр түрлі өлең нұсқалары мен әңгімелерді жинап кітап етіп бастырганын, қазақтарға орыс тілін үйрету мақсатында тағы бір кітап шыгарғанын жазады [«Дала уалаятының газеті», 1899. кітап большш шакқан нұсқасынан 619 б.].

Отынши Әлжановтың «Казақтарға пайдалы кітаптар» атты макала-рецензиясында да Алтынсприннің аты аталып, «Қазақ хрестоматиясы» жайында әңгіме болады [«Дала уалаятының газеті» 1894, №39].

О.Әлжанов – 1873 жылы 12 тамызда Семей облысынын Зайсан уезінде Нарын болысына қарасты №6 ауылда (Қазіргі Ақсуат ауданында) дүниеге келген. Зайсан қаласындағы ер балаларға ариналған бастауыш орыс-казак училищесін, 1890 жылы Омбы қалалық мұғалімдер семинариясын бітірген. Ірі қалам қайраткері, когамдағы аса маңызды мәселелерге қалам тербекен көрнекті публицист.

Рахымжан Дүйсенбев «Қазактың наңғыштары» деп атапатын мақаласында қазактың ырымшылдығын, не болса соған сенеттін мысалдар келтіре отырып дәлелдеп, қазақтарды одан сақтаңдырады.

1875 жылы Ұбырай Алтынсарин күэ болған бір оқиғаны айтады. Онда бір әйелді өлді деп тірідей көміп тастаса, ол тірі екен. Ұбырайдың өзі өлді деген әйелді кайтадан қазып алса, әйел тірі большш шығады [«Дала уалаятының газеті» 1896, №2.].

Р.Дүйсенбаев Карқаралы уезінің казагы. Аудармашы, араб, парсы, орыс тілін жақсы білген. «Дала уалаятының газетінде» қызмет істеп ол талантты журналист, публицист большш калыптаскан. Қазақ баспасөзінің тарихында өзіндік үні, колтанбасы бар. Ол газет бетінде халқымыздың әдебиеті мен мәдениеті жайында әңгіме қозғап, әсіресе ана тіліміздің еркендеуіне ат салыскан тұлғалардың бірі.

1879 жылы Ұ.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» кітабы жарық қөргені белгілі. Осыған орай «Оренбургский листок» газеті «Ұбырай Алтынсарин дарындылық қасиеттерімен көзге түсіп, бүкіл адамдық өмір майданында акындық кабілеттілік, таза және қуатты ойлардың таусылмас асыл қазынасымен көрінген халықтың әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тілінде бірінші кітап шығарды»[12 желтоқсан, 1879 ж.], - деп жазды.

«Дала уалаятының газеті» 1889 жылғы 31 санында «Оренбургский листок» газетінен аударылып басылған «Минакиб Ибраһим

Алтынсарин» деген қазанама да Ыбырайтанудың негізі деуге болады. Өйткені мұнда да ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығы, өмірде қандай адам болғандығы баяндалады.

Кешпелі Қазақбайұлының «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретүшіні турасынаң» атты мақаласында қазақ жүртү арасындағы билік айту ісінің жетімсіз жактиры сез етіледі. Билікті Алтынсариннің адаптациясында, әділ жүргізгені, халқына жан аямай қызмет етіп, үнемі пайда келтіруді ойлағаны, алайда Ыбырайты да күндел, атына кір келтіруді ойлаған жандардың болғаны әңгімеленеді. Автор Ыбырайты жоғары бағалады, Ыбырай о дүниелік болған соң сол қазақ ағайындарының «Алтынсариннің ак жүзін бекерден-бекер қараламакқа жақт қылғауымыз жарамағандық екен», - деп екінші жүргенін айтады. [«Дала уалаятының газеті», 1894, №46].

К.Қазақбайұлы – Асылқожа Құрманбаевтың бүркеншек аты екінші екеуінің жазған шығармаларын салыстыру арқылы дәлелдеген болатынбыз [«Ұлы ұстаз ұлағаты»-Қостанай «Центрум» ЖШС, -2014. -263-264 б.6].

Әдебиеттанушы ғалым Шемшиябану Сәтбаева сол кездегі орыс тілінде шығып тұрған басылымдарда да Ы.Алтынсариннің еңбектері жылы қабылданғанын, Мәскеудегі шығыс тілдерінің Лазаревтік институтының «Шығыстану бойынша еңбектер» журналының 1900-жылғы екінші санында ұлы ағартушының «Жаз» өлеңі қазақ тілінде И.Лаптевтің орысша түсіндірмелік аудармасымен бірге жарық көріп, жоғары бағаланғаны жайында әңгіме қозғайды. «А.Н.Самойлович түркі халықтарының әдебиеттеріне шолу жасаган еңбегінде қазақ әдебиеті туралы да жазып, Ы.Алтынсарин атын да күрметпен атап өткені белгілі», - деп жазады Ш.Сәтбаева – Өткен ғасырдың 90-шы жылдары негізі қалана бастаған Ыбырайтану советтік дәуірде тиянақты жалғасқаны, кептеген мақалалар мен зерттеулер жарияланғаны аян. Ұлы адам тұлғасы уақыт өткен сайын біктей бермек «[«Ыбырай Алтынсарин тағызымы», 284 б.].

1906 жылы 17 желтоқсандағы санындағы «Тургайская газета» хрестоматия жайында: «Оқытушылар мен окушылар арқылы ол тіпті мектепке ғана емес, жалпы көпшілікке кен тарады, сондықтан да көзір Алтынсариннің хрестоматиясымен таныс емес сауатты қазақты өте сирек кездестіресіз... ұсақ халықтар арасында оқу-тәрбие жұмысының койылуымен айналысушы адамдардың барлығына да осы пайдалы кітапты ұсынамыз. Алтынсариннің аты журғышылыққа

соншылықты мәлім, сондықтан оның еңбегі, айырықша таныстыруды қажет етпейді».

М.Сералин: «Өткен 1914 жылы 14 июльде Алтыбас Ыбырай Алтынсариннің дүниеден қайтқанына 25 жыл толып өтті, – деп жазды. – Қазак жұрты үшін Алтынсариннің сінірген қызметті көп еді. Оны есіне алған қазак болды ма? Жоқ... көресіз, біз культурный жүрт катарына кіруден әлі алыс жатырмызы-ау» [//Айқап, №2, 1915.-18 б.].

Сондай-ақ «Айқап» журналы Галия шәкірттерінің «Әліппе яки тете жазу» деп аталатын кітабын шығарып, онда Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары дәйекті сақталғанын куана жазады [«Айқап», №4, 17 б. Кәкішев Т. «Әдеби сыйнның бастауы» «Жанр жайлауы» 1-кітап. Оқу құралы. Алматы «Қазак университеті», 2007. – 114 б.]

Жоғарыда сез болған мақалалар Ыбырайтану негізі 1879-1914 жылдары қалана бастағанын айғартайды.

«Оренбургский листок» газетінің редакторы Н.И.Евфимовский-Мировицкий газетке хабар-шпар, мақалалар жазып тұратын қазақ оқығындарының аты-жөнін аттай келіп: «Осылардың арасында далалықтардан агартушылық ісін жүргізуге бар зейінімен, ынта-жігерімен кіріспіп, орыс әрітерімен қазактың алғашқы кітабын шығарған Ы.Алтынсарин болады - деп жазды. -Ел арасында - Торғайда өмір сүріп (Алтынсарин -қазақ, қыпшак), езінің бар іс-сапарын тиімді пайдалана отырып, халқымен барынша тығыз байланысып, ол жайында, оның өнері мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде қазак тілінде алғашқы кітаппен (үлгі-окулық) қатар, орыс-қазақ грамматикасын, яғни («Руководство к начальному обучению киргизов русскому языку при помощи языка киргизского») жызып шығудың қажеттігін терең түсінді» деп жазды. [«Оренбургский листок», 1979, 2 желтоқсан].

«Қостанай таны», 3 акпан, 2016. -12 б.

М.ӘУЕЗОВ

Ә.Дербісалиннің «Ыбырай Алтынсарин» деген зерттеу енбегінде: «1923 жылы «Шолпан» журнальында (№ 6, 7, 8) жарияланған «М» дегеннің (М-М.Әузевтің бүркеншек есімі – С.О.) «Ыбырай Алтынсарыұлы» атты мақаласында ағартушылық өмір жолына байланысты бірсыныра қажет деректер келтірілгенімен оның творчествоюни негізінен теріс талдау жасалды», – дедінеді. Шындығында бұл Әузев мақаласындағы коммунистік идеологияга «жат» ойлардан туындаған бұрмаланған теріс пікір еді. Мысалы, ұлы жазушының «...1868 жылдан кейін Хұқимет қазақ даласын шын бағындыру жұмысына батыл кірісті. Көздеген максатқа жету қазактың елін бастайтын басшыларының балаларын оқыту керек деп тағты. Басшылардың балаларын орысша оқытып, тере қылып, шен беріп, шеклен қызіп, Хұқимет адамы қылып, ел арасына жіберіп, солар арқылы ел мен Хұқиметті жақындастырып елді кіндігінен арқандамақшы болды», – деуі Ресей үкіметінің отарлау саясатын әшкерлейтін «соракы» пікір болатын.

Сондықтан да М.Әузевтің бұл мақаласы сыйышлар мен зерттеушілердің назарынан тыс калып келді. Ақиқатында Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына, ұстаздық жолына талдау жасалып, жан-жакты баға берілген, әдебиет, мәдениет тарихынан алатын орнын көрсеткен кенес дәуірінде жазылған тұнғыш еңбектердің бірі осы еді.

Кезінде ұлы ұстаз туралы «крест таққан», «шокынған», «орысқа берілген», «саңдығы толған крест екен» деген сияқты есек-аян да көп болған.

М.Әузев осы мақаласында ұлы ағартушының енбегін «қазақтан шыққан ішін қазақ ақыны», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген сияқты баға беріп «шокынды» аталуының себебіне тоқталады.

Біріншіден, Ыбырайдың Еуропа мәдениетіне жол салуы, екіншіден, «қазак өз алдына ел, қазак еш уақыт ноғай болмайды», – деп Ноғай ағайындардың «мұсылмандар ноғай болуы керею» дегеніне карсы шығуы, үшіншіден, Ыбырай кітаптарының орыс әрпімен (кирилицамен) басылуы, төртіншіден, Ыбырайдың абыроїының асуы. Әузевтің өз сөзімен айтсак: «Ол заманда орысша оқып, қаижығаласып ел билеу ісіне қатынасқандар тере түкымдарынан болған. Бұлардың ішінде бақ күндестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамиштық», – дегендей. Ыбырайдың түрған

облысына дабысы күшті, ел оны әулие кызып ұстай бастады. Бұл бұрыннан қазак елін билеп, меншіктеп калған төрелерге ұнамады». Бесіншіден, шеттең келген наған молдаларға қарсы болуы. М.Әуезов: «... Ыбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазақтан шықкан дүшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекті таратқан. Ол өсек орынсыз», – дей келіп, Ильминскийдің Ыбырай қонымен от кесең, қазақ балаларын шоқындыру ниетінен түк шықпағанын, Ильминскиймен қазаққа пайды келтіру үшін ғана жакындағанын, Ильминскийге Ыбырайдың жазған хаттарында, істеген істерінде «орыстың исі шығып тұр» деуінің мұлде орынсыз екенін айтты, «хаттарында, істерінде патша хұқметіне жылы сез, қолайлы іс болса Ыбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдаң, адастырган әдісі деп караудан басқа орын жоқ», – дейді.

Ыбырай өлгеннен кейін сандығын Васильев дегеннің алып кеткенін, бір сандық крест дегендері бір сандық қағаз екені, айтуға женил болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қоюы «шоқындыға» жатпайтыны айттылады.

Мақала соңында автор Ыбырайдың еңбегін жоғары бағалап, атын ескерусіз қалдырмау үшін не істеу керектігін тағы да санамалап көрсетеді:

1. «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Ыбырай қазақтан шыққан адап азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздық маданият тарихында тиісті орын алуы керек.

2. Ыбырайдың өмірін, ісін толық қызып жазып, жазған кітаптарын қазақша бастырып шығару керек».

М.Әуезовтің бұдан кейін ұлы ағартушының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алар орнының жоғары екенін көрсететін мақаласы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927 ж.) кітабында, 1937-38 жылдары жарық көрген Әдебиет хрестоматияларында, «Социалистік Казақстан» газетінде, «Уақыт және әдебиет» кітабында, бірлі-жарым түзетулермен жазушының он екі томдық шығармалар жинағында басылды.

1944 жылты СССР Ғылым Академиясының қазақ филиалының Хабаршысында жарық көрген «Орыс классиктері мен Абай» мақаласында XIX ғасырда орыс әдебиетінен үлгі алған екі ақын барын, олар Абай мен Ыбырай екендігін, олардың прогресс жолында болғанын, еліне пайдалы еңбек еткенін, екеуі де оку-білімге дең қойып, елді сол жолға бастауды максат тұтқанын әңгімелей келіп: «Бұлардың әрі өздері қалірлеп, әрі жүртшылығына да нұсқаған

қыбласы, Европа мәдениеті – Орыс халқының мәдениеті болады», - деп, әдебиет майданында екеуінің де орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиет мектебінен үлті алғанын айтады [1-кітап, 3-15 беттер].

Ұлы жазушы Ұлы ағартушы жайында көптеген шығармаларында өзіндік пікір білдіріп, жоғары бағасын беріп отырған:

1949 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» (17 т. 206 б.), 1950 жылы академик К.Сәтбаев туралы жазған «Қазақ халқының зор гылымы» [Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабаршысы №4, (49) -18 б.], 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарық көрген «Қазақ әдеби тілі туралы» [№4, 62 б.], 1957 жылы шықкан «Қазақ әдебиетінің тарихынан» (Евгения Васильевна Лизуновамен бірлесіп жазған. Орыс тілінде) [Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабаршысы №11] мақалаларында, 1959 жылы Алматыда өткен «Әдеби мұраға арналған конференцияда жасаған қорытынды баяндамасында да [20 том. 386 б.] Ұбырай, Абай есімдерін қатар атап, екеуінің қазақ халқы үшін өткен енбектерін, жеткен жетістіктерін, тыннан жол салып, ел бастаушысы, ақылшысы, ұстазы болғанын баян етеді. Солардың ішінде «Ұбырай Алтынсарин – казақ мәдениетінің зор қайраткері» (1950) мақаласы мен «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» монографиясының орны ерекше.

«Ұбырай Алтынсарин – казақ мәдениетінің зор қайраткері» мақаласында автор Шоқан, Ұбырай, Абай үшеуінін үш түрлі салада енбек еткендерімен ұқсастықтары жоқ еместігін, ол ұқсастық – елге деген жанаңышырлықта жатканын, оларды туыстыратын осы аңсаган армандарының бірлігі екендігін айта келіп, Ұбырайға жеке тоқталады. ІІ.Алтынсариннің Шоқанға да, Абайға да ұқсамайтынын, ол екеуінің де ісін өз енбегінде бір арнаға тоғыстырып, екеуі де іstemеген келешегі зор істің үлгісін өз қолымен жасағанын, оның әрі жаңа үлгідегі ақын, әрі батыл жаңалық енгізіп, жаңа үлгідегі мектеп ашушы екендігін дәлелді айтады. Ол ашқан мектептің ерекшеліктеріне тоқталып, оку құралдарын да өзі жазғанын, жазушылық пен мұғалімдікті шебер ұштастыра білгенін оқушысына түсіндіре баяндайды. «Сонымен қатар ол орыстың білімпаз қайраткерлерінің алдына, орыстың оқымысты жұртшылығының ілтишательна жеткізіп, қазақ халқының толыл жаткан мұндарын, шаруашылық, ағартушылық, саяси-қоғамдық хәлдерін ірі мәселе етіп,

жазып танытқан публицист те болады» деп, Алтынсариннің тағы бір кырын ашады. Сейтіп, Ыбырайдың мектеп ашу жолында қандай қындықтарға тап болғанын, оны қалай жеңе білгенін, Абайдың Ыбырайды жақсы білгенін, екеуінің өлеңдері бір кездері бір кісінің өлеңдеріндегі болып бірге көшіріліп жүргенін, окушысына ұғындыра жеткізеді.

Кейінгі ұрпакқа Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да сондай қадірлі екендігін, өз орны, өз ариасы, мұрасымен бағалы болғанын тағы да бір қайталай айтып: «Олар (Абай мен Ыбырай – С.О.) кейде баяттыдан бері өткен шөл ғасырдың сонғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі бірлікпен айқасып аксан қос өрімдей, шөл өлкені суарыш, дән бітіріп айқасып ағыш келе жатқан қос өзендей танылды» деп, казақтың екі алыбын бір-бірімен салыстыра отырып, бір арнаға косылған армандарының срындалғанын шөл даланы сусындарып акқан өзенге тенейді.

1951 жылы «Абайдың аудармалары» («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» монографиясының бір тарауы – С.О.) туралы жазғанда да Крыловты жалғыз Абай емес, «орыс керкем әдебиетінің өлең сөз, қара сөздегі әралуан үлгісін өзі жасаған оку кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин» екенін айтып, Абайдың Алтынсарин еңбегін біліп, жақсы бағалағанын, Ыбырай салған соқпақты қенітіп, орыс классиктерін аударуда Ыбырай салған стильдік тың өзгешеліктерді көп өзгертуей алғанын, екеуінің де қолданған өлшеу түрлері, тақырыптары бір-біріне сай келетінін, сондыктан да Крылов мысалдарын екі ақынның қайсысы аударғанын айыру қын екенін айтады. Сейтіп, әрі қарай Ыбырай мен Абай аудармасын бір-бірімен салыстыра қарастырады.

Монографияда Ыбырай аты-жөні бірнеше жерде қайталанып, оның үлгілі ісі, өнегесі, рефарматор ағартушы, аудармашы, когам қайраткері, жаңашыл ақын, фольклорист екендігі жақсы көрініс тапқан.

«Ғылым» баспасынан жарық көрген «Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары» жинағын құрастырушылар: «...Ы.Алтынсарин шығармаларының бағаланып жариялануы эр алудан оқулықтардан басталады. Бұл орайда Д.Әбілов (дүрысы Әбілев кой – С.О.), А.Токмағамбетов, F.Балғынбаев, М.Сармурзина, Ш.Ахметов, М.Дулатовтардың кітаптарын ең алдымен атаган жөн...». «40-шы жылдардан бастап Ыбырай мұрасының прогрестік сипаттың ганың, оны ірі қогам қайраткері деп дүрыс бағалау орын тебе бастады. Бұған

Қазақ ССР тарихы мен С.Мұқанов, К.Жұмалиев, Е.Ысмайлов оқулықтарындағы материалдар мұрындық болды, – деген сөйлемдер Ә.Дербісалиннің 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан шықкан «Ібырай Алтынсарин» деген кітабындағы: «40-жылдардың бастапқы кезінен бастап, Ібырайды шын мәніндегі когам қайраткери ретінде тану, бағалау орта мектептерге арналған Х.Жұмалиев пен С.Мұқановтың, Е.Ысмайловтың әдебиет оқулыктарында, Қазақстан тарихы бойынша жазылған материалдарда берік орын алды. Ағартушының әдеби шығармалары кеңінен талданып, олардың құндылық қасиеттері ашыла бастады» деген шілдесінде жаңғырығы сияқты. Бұл Кенес дәүіріндегі амалсыздан бүрмаланған көзқарас...

Ібырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайында кеңес дәүірінде тұнғыш рет зерттеу енбек жазып, қоғамдағы, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын белгілеп берген М.Әуезов. Ұлы жазушының ұлы ұстаз жайындағы ой-толғамдары көрініс тапқан енбектері төмендегідей:

1. Ібырай Алтынсарин – 1922 жылы жазылып, 1923 жылы жарық көрген.
2. Әдебиет тарихы (1927, 1991)
3. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы казақ әдебиетінің оку кітабы (7-сыныпқа арналған Жолдыбаев, Қоңыратбаевтармен бірігіп жазған) (1933.)
4. Орыс классиктері мей Абай (1944)
5. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері (1947)
6. Қазақ халқының зор ғалымы (1947)
7. Ібырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері (1949)
8. Тіл және әдебиет мәселелері (1951)
9. Қазактың әдеби тілі туралы (1951)
10. Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1951)
11. Абайдың аудармалары (1951)
12. Қазақ әдебиетінің тарихынан (1951)
13. Әдеби мұрага арналған конференцияда жасаган баяндамасы (1959).

Б.СУЛЕЙМЕНОВ

Ы.Алтынсариннің ағартушылығы, жазушылығы, педагогтігі, публицистігі, әдіскерлігі, қайраткерлігі сияқты барлық қыры ашылып, 1891 жылы орыс тілінде жарияланған хаттарын тұныш рет қазақ тілінде сөйлесткен кітап – 1955 жылы Бегежан Сүлейменов құрастырған «Таңдамалы шығармалары» болатын. Кейін 1957 жылы бұл бір томдық орыс тіліне аударылып басылды (аударғандар Н.Питова мен Н.Калменова).

Қазақ ССР Фылым Академиясы Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институты шығарған Ы.Алтынсариннің үш томдық шығармалар жинағы қазір баға жетпес құнды дүниеге айналды. Бұрын да, кейін де ұлы ағартушы өмірі мен қызметі, шығармашылығы жайында мұндай көлемді академиялық жинақ жарық көрген емес. Бұл үш томдықты (1975-1978) құрастырушы және алғы сөзін жазып, редакциясын басқарған да Б.Сүлейменов.

Ғалым осы үш томдыққа жазған алғы сөзін Ыбырайдың тарихтың күрделі кезеңінде, казак қоғамның құрылымында да, әлеуметтік-экономикалық өмірінде де аса бір қын кез туган шакта дүниеге келгенін, бұл қазақтардың Орта және Кіші жүздерінің Ресейге қосылуы аяқталып, олардың Ресей империясының отарына айналған тұсы екенін айтудан бастайды. Ыбырай заманының қескін-келбетін ашып, өмірі мен сан салалы қызметін, әсіресе өмірі жайында өзі жазып қалдырған деректерге сүйене отырып әңгіме қозғайды. Орынбор шекара комиссиясы жаңынан қазақ балаларына арналып ашылған мектептің жай-жапсарына токталып, ұстаздың дүниетанымының қалыптасуына эсер еткен уақылардың мән-мағынасын ашады.

Ресейдің алдыңғы катарлы қоғамдық ой-пікірі Белинский, Герцен, Чернышевский идеяларының ықпалымен дамығанын, олардың идеялары XIX ғасырдың көрнекті қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбеттарға да ықпалың тиғізгенін айтып, Шокан, Абай, Ыбырай бірін-бірі білді, яғни жарияланған еңбектері арқылы тануы шұбасіз нәрсе», - деп, дәлелдер келтіреді.

Алғы сөздің соңғы бөлімінде автор Ыбырайдың тек ағартушы ұстаз, қоғам қайраткері ғана емес, сондай-ақ жазупы, этнограф-

ғалым, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинал бастырган фолклорист болғанын да атап етеді.

Б.Сүлейменовтің көлемді еңбегін «Алтынсарин тұлғасының біз қазақ халқының мәдени, экономикалық жағынан дамуы жолында күресуші көш басшыны көреміз», - деп түйіндейді.

Тарихшы ғалыми 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылым-теориялық конференцияда жасаған баяндамасында ұлы ұстаздың әдеби ағымға кезкарасын «Қазақ қасіреті» деген қолжазбасы толық таныта алатынын дәлелдеп: «Бұл оның Түркістан қазатарының Түркістан өлкесі ақындарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорынтындысы еді – дейді. – Ы.Алтынсариннің бұл берген бағасын ете орынды деп білемін. Мұнда ол «Зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт, коян жалдары деп аталағын ашаршылдық пен жалаңаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «Зар заман ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды деуі дұрыс. Ы.Алтынсарин «Зар заман» туралы жазбаган адам жоқ деп, оларды өз текстісінде көлтіреді». [Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Казак ССР РА баспасы, 1961. -376 б.]

Б.Сүлейменов 1912 жылы Ақтөбе облысының Шалқар ауданына карасты құысқұдық деген жерде дүниеге келген.

1938 жылы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, Алматының жоғары оқу орындарында аға оқытушы, доцент, кафедра менгерушісі кызыметтерін атқарды. 1943-1945 жылдары Қазак ССР Ғылым Академиясы қазақ филалының тіл-әдебиет және тарих институты директорының орынбасары, 1946-1984 жылдары ҰҒА-ның Ш.Уалиханов атындағы тарих, археология және этнология институтында Қазақстан тарихы бөлімінің менгерушісі, қоғамдық ғылымдар бөлімінің хатшысы болды.

Тарих ғылымдарының докторы (1965), профессор (1968), ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі.

Ғалымға 1950 жылы «Буржуазияшыл, ұлттылық» деген айып тағылып, 25 жылға бас еркінен айырды. Алайда 1954 жылы ақтальп, ғылыми атактары, азаматтық құқыктары кайтадан қалпына келтірілді. Академиядагы бұрынғы қызыметін жалғастырды.

Бір айда кететін ерекше жайт – Б.Сүлейменов Сібірде жер аударылып жүргендеге жары Лидия Александровна Ваганова ізден барады. Этаппен Новосибирскідең өтіп бара жатқан күйеуімен

тілдесуге құзетшілердің рұқсат бермегеніне налып, поездың астына түсіп қаза болады.

Тарихшы ғалымның Ұбырай Алтынсарин жайында жинаған архивтік аса құнды құжаттары дүние -мұлқін, кітапханасын, колжазбаларын тәркілеген кезде бірге кетіп, қуні бүгінге дейін табылмай келеді.

Б.Сүлейменов 1984 жылы қайтыс болды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, КР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ҰҒА-ның Ш.Уалиханов атындағы сыйлығының лауреаты Б.Сүлейменовтің Ы.Алтынсарин жайында жазған енбектері:

1. Ұлы педагог Ибраһим Алтынсарин // Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы, 1949. № 7. -38-44 б.б.

2. Алтынсарин –выдающийся просветитель казахского народа // Большевик Казахстана, 1950. №5., с 22-26.

3. Великий просветитель казахского народа // Казахстанская правда, 1950, 12 апрель.

4. Жизнь и деятельность Ибрагима Алтынсарина (1841-1889) – в кн. Алтынсарина И., Сбор. соч., т-1. Алма-Ата, 1975. с. 7-48.

5. Проблема изучения научно-педагогического и литературного наследия Ибрая Алтынсарина. –Вестник АН Каз ССР, 1975. №1.

6. Жизнь и творчество Ибрагима Алтынсарина (1841-1889) – В кн. Алтынсарина И. Избранные произведения. Алмат-Ата, 1957. С. 5-40..

7. Ардагер ағартушы // Социалистік Қазақстан, 1966, 1 ноябрь.

8. Гуманист // Казахстанская правда, 1966. 1 ноября.

9. Народный поэт. Новые материалы об Ибрае Алтынсарине. // Казахстанская правда, 1964. -8 январь.

10. Выдающийся педагог-просветитель // Русский язык в казахской школе, 1966. №11. с. 12-22.

11. Общность взглядов И.Я.Яковлева и И.Алтынсарина как глашатаев прогрессивных идей русской культуры. – Усеные записки Чувашского института им. И.Я.Яковлева, 1971, вып. 33. с. 106-117.

12. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. Алма-Ата, 1972

13. Ұбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі // Ұбырай Алтынсарин тағылымы, Алматы, Жазушы. 1991. -30-51 б.б.

Ә.СЫДЫҚОВ

Ыбырай педагогикалық мұрасы жайындағы алғашкы монографияның авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты (1948), доцент (1949) Әміржан Сыдықовты біреу білсе, біреу біле бермейді.

Әміржан Сыдықов - 1898 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Бескарагай ауданында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған ол балалар үйінде тәрбисленеді.

Талапты, талантты балаларға үнемі жанашырлық жасап, көмек қолып созып жүретін ұстаз Рахметолла Еркебаевтың тікелей көмегімен Семей қаласындағы бес сыныптық училищеде, кейін 1913-1914 жылдары сондағы мұғалімдер семинариясында заманымыздың занғар жазушысы Мухтар Әуезовпен бірге оқиды. Сол 1914 жылы училищеде оқып жүргендеге М.Әуезовтің Семейдегі «Жарыс» («Ярыш») футбол командасына катысып, бірге суретке түскені белгілі. Осы фотосуретте болашақ ұлы жазушы үшінші қатарда, он жактан екінші, Әміржан Сыдықов екінші қатарда сол жактан екінші тұр. [Абай елі. Алматы: «Өнер» баспасы, 1994.]. Ұстаздық жолын Семейдегі бастауыш мектеп мұғалімі эрі мектеп менгерушісі болып бастаған ол 1924 жылы Мәскеудің халық ағарту ісін үйімдастырушылардың Орталық институтын бітірді. Ол тұста Мәскеуде ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариатында қызмет істеген Шығыс елдерінің оқығандары татар, түрік тілдерінде «Қызыл шырақ», қазақ тілінде «Темір қазық» журналын шығарып тұрган. Болашақ ғалымның алғашкы ғылыми педагогикалық макалалары осы «Темір қазықта», Семей қаласында шыққан «Тан» әдеби журналында жарық көрді.

«Өнегенің өрісі кең». Әміржанның ғалымдық жолға түсіп, жазумен айналысына өзімен бірге оқыған М.Әуезовтің эсері болғанға ұқсайды. Өйткені «Тан» журналын шығарушылардың бірі М.Әуезов болатын. Ұлы жазушының «Қайғылы жетім», «Қазақ қызы», «Қорғансыздың күні», «Бүркітші» әңгімелерінің үзінділері осы «Тан» журналында жарияланды.

Институттан кейін Ә.Сыдықов мектеп-коммунада, жалпы білім беретін мектептерде, Семей губерниялық оку бөлімінде басшы қызметтер атқарды.

1928-1943 жылдары Қазақ ССР Халық ағарту Комиссариатында методист-инспектör, 1943 жылдан Қазақ ССР-нің Оқу министрлігі

жанындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, сектор менгерушісі директордың орынбасары, директор (1943-1971) болыш қызмет істеді.

Институтта Н.К.Крупскаядан сабак алған ол 1959 жылы оның өмірі мен қызметі және педагогикалық көзқарасы жайында кітап жазды.

Педагог-ғалымның оқыту методикасы саласындағы еңбегі де айтуға тұрарлық. Соның бір айтагы - бастауыш мектептерде ана тілінде сауат ашуға баулу жөніндегі «Жаңа түргі мектептерде оку процесі мен оқыту әдістері» атты әдістемелік күралы (1960). Әсіресе автордың 1949 жылы орыс тілінде шыққан «Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» атты еңбегі Қазақстан педагогика ғылымының дамуына, сондай-ақ ыбырайтануга қосылған зор үлес болды. Кітаптың редакциясын басқарып, алғы сөзін жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов сол тұстағы әдебиеттанушы ғалымдардың қазақ халқының ағартушы біртуар тұлғалары - Абай Құнанбаев, Шокан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайында еңбектер жазғанын айта келіп: «М.Әуезов, Ә. Жиренишин, Х.Айдаров зерттеулерінде жоғарыда біз айтқан тұлғалардың қоғамдық-ағартушылық қызметі туралы жан-жақты баяндады. Осы ғылыми еңбектердің ішінде Ә.Сыдықовтың «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» ғылыми жұмысын ерекше айтуға болады,-дейді.

Тарихшы ғалым жоғары бағалаған бул еңбектің алғашқы тарауында автор Ы.Алтынсаринге дейінгі өлкедегі халық ағарту ісінің жайына шолу жасап, Орынбор мен Омбы қалаларында ашылған кадет корпусына, Жәнгір Бекеев ашқан Орда қаласындағы, Орынбор Шекара комиссиясы мен бекіністер жанындағы интернаты бар мектептерге, Орынборда, Оралда, Астраханда, Омбыда бой көтерген мектеп-интернаторға, Ақмола, Семей облыстарындағы бастауыш және орта білім беретін оку орындарына токталады.

«XX ғасырдың 60- жылдарындағы педагогикалық қозғалыс және оның Ыбырай Алтынсаринге әсері» атты екінші тарауында казақ халқының қоғамдық-тарихи өмірі мен мәдениеті, халық ағарту жүйесінің қалай құрылғаны, даму барысы, оның болашақ ұлы ұстаздарын пәннен ойнаған әсер-куші, Торғайда мектеп ашу тарихы, көрген қызындықтары, мектептің максат-міндеттері егжей-

тегжейлі сараланады. Автор ұлы ұстаздың мектеп жайындағы және педагогикалық мәселелер төннегіндегі көзқарастарын сол замандағы орыстың озық педагогикалық ой-пікірлерімен салыстыра қарастырады.

Үшінші тарау «Ы.Алтынсарин - қазақ елкесінде орыс-қазак мектептерінің, тұңғыш халық мектептерінің негізін салушы» деп аталады. Оnda ұстаздың мектепте білім жүйесін жасап, оны қалай жүзеге асырғаны, ерекшеліктері, орыс-қазақ мектептеріне окуга ұсынған кітаптары, оку жоспары, мектеп бағдарламасы, оку-тәрбие жұмысы, кітапхана, болыстық, ауылдық қазақ қыздарына арналған мектеп-интернаттар ашуы баян етіледі.

Кітаптың «Алтынсариннің педагогикалық идеялары» аталатын төртінші бөлімін автор «Қазақ хрестоматиясына» («Мактубат») баға беруден бастап оны құрастырудагы педагогикалық шеберлігіне тоқталады. Сондай-ақ бұл тарауда «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралын» қалай жазғаны, оның мән-мазмұны, Алтынсариннің ағартушылық идеяларының қазақ халқының экономикасы мен мәдениетіне тиғізгер әсер-күші, білім мен тәрбие берудегі алға койған мақсат-міндеттері, енбекті сүюге тәрбиелеуі, ауыз әдебиеті шығармаларын тәрбие мақсатына қалай пайдаланғаны зерделенеді.

Алтынши тарауда Алтынсариннің мұғалимнің рөлі туралы ой-пікірлеріне, методикалық көзқарасына талдау жасалса, жетінші тарау орыс- қазақ мектептерінің кейінгі тағдыры және елкедегі халық ағарту ісі мен мәдениеті тарихын қалыптастырудагы Ы.Алтынсарин рөлінің маңызы зор болғандығын айтумен түйінделеді.

Зерттеу енбектің «Косымшасында» Ы.Алтынсариннің мектептерінде жұмыс барысын баяндау хаттары мен есептерінен үзінділер беріліп, училищелердегі оку және тәрбие жұмысы, оку құралдарының жайы, шаруашылық жұмыстары әңгіме болады.

«Ы.Алтынсариннің өмірбаяны қосымша материалдар» аталатын бөлімін Ыбырайдан кейін Торғай облысы мектептерінің инспекторы болған Алтынсариннің шәкірті әрі ізбасары Габдолғали Балғынбаевтың жазбаларынан үзінді, Алтынсариннің өзінің қызметі жайындағы жазбасы енген. Сонымен бірге бұл бөлімінде Қазан округының қатынас қағаздарынан, Орынбордағы оку округы қамкоршысының жазба баяндамасынан үзінділер бар.

Кітаптың соңғы бөлімі Ы.Алтынсариннің жазған хаттарынан тұрады.

Ыбырайдың әдеби шығармашылығы мен мұрасы, ағартушылығы кейінен қарастырылып, жаңа пікірлер айтылған бұл зерттеу еңбек жайында ыбырайтанушы ғалымдардың бірі Энуар Дербісөлиң монографияның қазақ мәдениеті тарихында ыбырай туралы ғылымды алғам негізденген, оның қалыптасып, дами түсүнде себепкер болған бастапқы үлкен зерттеу, батыл қадам, сәтті беташар екендігін айтады. «Қазақтың көшшілік оқушы қауымы алғаш рет осы кітап арқылы ыбырайды аса көрнекті қоғам қайраткері ретінде тануға мүмкіндік алды,-дейді Э.Дербісөлиң одан әрі сөзін сабактай түсіп. - ыбырайдың тамаша педагог, талантты ақын, шебер жазушы, еңбекші бұқара мен өнер-білімнің айнымас досы бол негізінен дұрыс бағалануы Э.Сыдықовтың сол еңбегінен басталады десек, асыра айтқандық болмайды» [«Ыбырай Алтынсарин», Өмірі мен қызметі туралы, Алматы, 1965. -39 б.].

Шындығында да бұл монографиясында автор сол кездегі солақай саясаттың сойылын сокпай, ыбырайдың педагогикалық пікірлері мен ағартушылық қызметін шынайы көрсетіп, бағалай білген.

Ә.Сыдықов В.М.Тепловтың профессор К.Н.Корниловтың педагогика және психология оқулықтарын қызық тіліне аударып, бұл салада да табысты еңбек етті.

Ұлт мектептерінің тарихы мен оқу-тәрбие ісінің түйінді мәселелерін зерттеу ісімен айналысқан ол Қазақстандағы педагогика ғылымының іргетасын қалаған алғашқы педагогтардың бірі болды.

Педагог - грек сөзі, педа-бала, логос-оқыту, «бала туралы ғылым» деген ұғымды білдіреді.

1930-1970 жылдары Қазақстанда ұлттық педагогиканы кеңестік саясатқа сәйкестендіріп жазған бірнеше монографиялық еңбек жарық көрді. Солардың бірі - Ә.Сыдықовтың қазақ педагогика ғылымының тұнғыш профессоры Ш.Әлжановпен бірігіп құрастырған «Маркстік педагогика жөніндегі хрестоматияның» екінші томы. Сондай-ақ ол 1934 жылы Бейімбет Майлин. Габит Мұсіреповтермен бірігіп, «Сауаттандырығыш: сауатсыздар әліппесін (Алматы: «Қазақстан» баспасы), 1936 жылы F.Мұсіреповпен екеуі «Әліппе үлкендер мектептеріне арналған» (Алматы: «Қазақстан» баспасы) атты оқулық шығарды.

Ғалым 1984 жылы қайтыс болды.

Ә.Сыдықовтың Ы.Алтынсарин туралы жазған мақалалары:

1. ыбырай Алтынсарин - педагог. // Халық мұғалімі, № 9. 1938 - 12-20 б.6.

2. Ы.Алтынсариннің педагогикалық және ағартушылық қызметі // Халық мұғалімі. № 7, 1949. -32-37 б.б.
3. Ұбырай Алтынсарин (1841-1889) // Әдебиет және искусство. - 1949. №8. -67-71 б.б.
4. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. Под редакцией доктора исторических наук Е.Бекмаханова. // Алма-Ата, Учпедгиз Каз. ССР, 1949. -195 стр.
5. Халқымыздың ұлы ағартушысы // «Пионер», №7, -12 6.
6. Қернекті педагог, ғалым, акын // «Лениншіл жас», 31 август, 1949.
7. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі . Алматы. ҚазМемокүқаралбас, 1950. -188 б.
8. Қазақтың қөрнекті педагогы // «Социалистік Қазақстан», 7 июнь. 1949.
9. Ұбырай Алтынсарин қазақ халқының аса қөрнекті ағартушысы // «Үгітші блокноты», №2, 1950. -36-46 б.б.
10. Қазақтың тұғыш педагогы және ағартушысы // «Лениншіл жас», 19 априль, 1950.
11. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі // Алматы, «Мектеп», 1969. -156 б.

Ә.ДЕРБІСӘЛИН

Әдебиеттанушы ғалым Әниәр Жақсығалиұлы Дербісәлин 1929 жылы 18 ақпанды Актебе облысының Ойыл ауданында Саралжын ауылында туған. 1946 жылы Н.Байтанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтын, 1950 жылы Алматының Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын бітірген. 1950-1951 жылдары Ойыл орта мектебінде мұғалім, 1951-1954 жылдары Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының аспиранты, 1955-1958 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылыми-зерттеу институтында аға - ғылыми қызметкер, 1958-1977 жылдары ұлттық Ғылым Академиясының М.Әузев атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, қазақ әдебиеті тарихы бөлімінін менгерушісі болды.

Алғашқы қадамын сын мақалалар жазудан бастаған. [«Үстірт жазылған очерктер», //Әдебиет және искусство, №10, 1951. 78 б., «Қызықты әнгімелер» // Әдебиет және искусство, №7., 1952. -123 б.] ол Ұбырай Алтынсарин мұраларын зерттеп 1955 жылы «Ы.

Алтынсариннің жазушылық қызметі» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады.

1956 жылы «Ібырай Алтынсариннің өмірі мен жазушылық қызметі», 1957 жылы «Ібырай Алтынсариннің әдеби мұрасы» (Орыс және қазақ тілінде, көлемі -56 бет), сол жылы «Тогызының класта І.Алтынсарин творчествосын оқып үйрену» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік құралы баспадан шықты.

1965 жылы «Ібырай Алтынсарин өмірі мен қызметі туралы» келемді зерттеу еңбегі жарық көрді. [Алматы, көлемі 226 б.].

Автордың бұл кітабының «І. Алтынсарин өмірі», «Ағартушы мұрасын зерттеу тарихынан», «І.Алтынсарин ағартушы», «І. Алтынсарин - жазушы», «І. Алтынсарин - аудармашы», «І.Алтынсарин - публицист» деген тарауларынан-ақ оның ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылық қызметін жан-жақты, түбекейлі зерттегендің аңғару кылы смес.

Ә.Дербісәлин Ибырай жайында жазылған бұрынғы зерттеу енбектерді жана деректермен толықтыра отырып, тың пікірлер калыптастырып, ұлы ұстаз қырларын жан-жақты аша білді.

«Ә.Дербісәлин Алтынсарин әлемін кешенді түрде зерттеуімен және өзіне тән ой-тұжымдарының айқындығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді,- дейді ғалым, филология ғылымдарының докторы Нұрдәulet Ақышев. - Ол алтынсаринтануды мұмкіндігінше жүйелеп, тиянактаған, түрлі дәлелді ойларымен, қызығылшықты деректермен тұжырымдай отырып, бір айқын ариға түсіріп кеткен ғалым» [«Ібырайтанушы», // Ана тілі, 19 қаңпан, 2009. -9 б.].

Бар саналы ғұмырын әдебиеттануга ариған ғалымның енбектері ғасырдан ғасырларға жалғасып, халқына қазмет ете бермек.

Ә.Дербісәлин 1969 жылы «Қазактың Октябрь алдындағы әдебиеті» тақырыбына диссертация қорғады. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі (1983),1986 жылы кайтыс болды.

«Ә.Дербісәлин қазақ әдебиетінің ерте дәүірінен XX ғасырдың басына дейінгі көрнекіті өкілдері - Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Жиембет, Бұқар, Шал, Көтеш, Абай, Ибырай, т.б. көптеген сез зергерлерінің мұраларын зерттеуге айырықша үлес қосты. Ғалым - б томдық «Қазақ әдебиеті тарихы» академиялық басылымның негізгі авторларының бірі. 300-ден астам ғылыми енбектері жарық көрген.» [«Ақтөбе» инциклопедиясы. Ақтөбе. //Отанбастантар – Полиграфия ЖМС баспаханасы, 2001 – 373 б.].

Көрнекті галымның Ы.Алтынсарин туралы жазған еңбектері:

5. Ұбырай Алтынсарик творчествосының сипшыл реализм элементтері // Социалистік жол, 1954. 30 июль.
6. Ұбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. - Алматы, 1957. -116 б.
7. О литературном наследии Ибрая Алтынсарина (пер. с каз. Е. Лизуновский) Алма-Ата, Казгосиздат, 1957. -119 с.
8. Казақтың көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсариннің бір томдығы / Ә.Дербесалин, Ә.Садықев // Қазақстан мұғалімі, 1958, 23 январь.
9. Қазақ халқының көрнекті ағартушысы // Семей правдасы, 1959, 29 июля.
10. Выдающийся деятель казахской культуры. // Казахстанская правда, 1959, 29 июля.
11. Мәдениет жаршысы Ы.Алтынсариннің қайтыс болғанына 70 жыл. // Пионер, №7, 1959. -21-22 б.б.
12. Азамат ағартушы // Қазақстан мұғалімі, 1959, 30 июль.
13. Ұлы ағартушы // Жүлдөз, №7, 1959. -119-122 б.б.
14. Выдающийся проветитель казахского народа Ибраим Алтынсарин (1841-1889) // Актюбинская правда, 1959, 29 июня; Знамя коммунизма, 1959, 29 июля.
11. Қазақ халқының көрнекті ағартушысы // Коммунизм туы, 1959, 31 июнь, Енбек туы, 1969. -29 июль.
12. О литературном наследии И.Алтынсарина. В кн. Сборник статей о казахской литературе. Алмат-Ата, 1957. с. 31-42.
12. Ұлы ағартушы // Қазақстан мұғалімі, 1966. -27 октябрь.
13. Выдающийся поэт и просветитель // Простор, №1, 1967. с. 81-84.

ӘСЕТ ЛАМАШЕВ ЖӘНЕ АРҚАЛЫҚТАҒЫ ЫБЫРАЙ МУЗЕЙІ

Ыбырайтанушы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әсет Ламашев 1976 жылы ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің 135 жылдығы қарсанында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жаңынан ғалымдар мен оқытушылардың, студенттердің көмегімен Москва, Ленинград (Санкт-Петербург), Волгоград, Архангельск, Казан, Саров, Орынбор, Душанбе, Алматы, Өскемен т.б. барлығы жиырма қала да болып, кітапханалар мен архивтерден ұлы агартушы жайында материалдар жинап, қоғамдық негізде музей ашқан болатын.

Жоғары оку орнының табалдырығынан аттағаннан-ак Ыбырай бейнесі, ол жайындағы мағұлматтар сыр шертіп, музейге жетелейтін. Музей экспонаттары рет-ретімен екі залға орналастырылып, безендірілді.

Музейдің бірінші залына негізінен ұлы агартушының өмірі мен шығармашылығынан, еңбек жолынан хабар беретін Қазақстанның революцияға дейінгі, әсіресе Торғай облысының халыққа білім беру тарихы жайындағы, екіншісіне Қазақстанда оку-білімнің қаз түрүп, қалыптасуына, сонын ішінде Торғай өлкесіндегі білім ошактарының дамуын көрсететін материалдар койылды.

Сондай-ақ музейде ұлы ұстаздың өскен оргасы, тұған-туыстары, ізбасарлары Ғ.Балғынбаев, Н.Г. Иванов, І.Бәйменов, Е.Бабина, Қ.Топаев және тағы басқаларға катысты фотосуреттер, құжаттар жинақталды.

Музей дайын, енді оны үкімет шешімімен занды етіп, құжагтандырып, қаржы бөлдіріп, штаттар ашып, қызметкерлер алу керек. Үкімет карауына алынбай қалған жағдайда-ондағы материалдарды бір жүйеге келтіру, күту, сақтау, қалпына келтіру (реставрация) жұмыстары дер кезінде жүргізілмей, талай адамның (ғалымдар, оқытушылар, студенттер, оку ісінің ардагерлері) тірнектеп жинаған еңбектері еш болып, оку-білім тарихына, Ы.Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық жұмысина арналған талай құнды құжаттар мен материалдар бірнеше жылдан кейін жарамсыз болып, мәдени құндылықтарымыз келер үрлакқа жетпей қалуы мүмкін. Ә.Ламашев кезінде жоғары қызметтерде болған ел ардақ тұтатын ақсақалдарды жинап, ақыл-кенес алды, альстаташтарына хатпен хабарласты. Сейтіп Ыбырайдың мемориалдық-педагогикалық музейін қоғамдық негізде ұйымдастырушылар КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының

мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың атына хат жолдады. Хатта музей туралы толық мағұлмат беріліп, тағы да музей жайында шағын анықтама, күжаттардың түпнұсқалары, фотокүжаттар коса жіберілді. Хат соңында Үюмет тараپынан колдау болмаса, музейді сактап қалу киын екені, сондай-ақ бұл ұсыныстар жайында 1976 жылдың 20 – казапында музейдің бірінші залын ашуға арналған салтанататқа катысады жергілікті партия-совет органдарының басшылары мен Қазақ ССР Білім министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты хабардар екені айтылып, музейдің ашылу салтанатына қатынасқан Р.Д.Есенжоловтың аты-жөні көрсетілді.

Бұдан кейін де Әсset Ламашев зиялы азаматтарды толастырып, ізденісін жалғастыра түсті. Тағы да ақсақалдарға хат жазды. Торғайлық Жәлел Қарабалинге жолданған, қазір тарихқа айналып бара жатқан Ә.Ламашевтің мына хатын толық бергендең жөн көріп отырмыз. Өйткені, хатта ыбырайтанушы ғалымның елте деген сүйіспеншілігі, жаңашырлық сезімі, болашаққа деген сеңімі бар: «Жәке!

Сәләмат боларсыз! Үй-іші тегіс аман ба? Июнь айында музейге жәрдемдескендерді киноға түсіруге барамын. Жақындағанда хабарлаймын, ақсақалдарды жинап қоярсын.

Мына бір қағазды Ж.Әуелбековтің атына жассаныз. Әйтеүір жәрдем-көмек бола береді той. Біз ешкімнің үстінен арыз жазып жатқанымыз жоқ, әйтеүір Торғай өніріне нұр жауа берсін деген баска, солай емес пе?! Ұсыныс-тілек шешілетін нарселер деп ойлаймын. Ж.Конаевтың атына жазған хаттың да көшірмесін осы тілек қағазға коса жіберсөніз. О да біліп отырсын. Одак бойынша мәні бар, былайша айтқанда, перспективалық мәселелер емес пе? Несі бар, ойымызда бар нәрселер. Алматыдан хат-хабар ресми жоқ, бірақ күптал жатырганға ұксайды. Осыны көп кешіктірменіз. 6-7 кісі қол қойса болар.

Сәлеммен, інініз - Әсset. 22.05.79.ж.

Хат соңына «Қарабалин Ж., Байкемелов Х., Анапин Х., Искаков И., Әбілхайыров Г., Конарбаева Ф., Тұрмағамбетова Б.» деп, кімдердің кол қойуы керек екенін де көрсетілті. Бұл кіслердің бәрі Торғайдың бетке ұстар азаматтары еді.

Қарабалин Жәлел – Алматының Коммунистік журналистика институтын бітірген, «Большевиктік жол» газетінде белім

менгерушісі, «Социалистік жол» газетінде редактор қызметтерін атқарған. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге зор үлес коскан азамат.

Байкемелов Хамидолла – 1916 жылғы Торғай көтерілісіне катысып, кейін А.Имановтың күзет отрядында жауынгер, Ә.Жангелдиннің дербес сақшысы болған. Наурызым, Жангелдин аудандарында жауапты қызметтер атқарған.

Анапин Ҳакім – карт ұстаз, соғыс ардагері.

Ысқақов Ибрахим – журналист, қоғам қайраткері. «Ауыл» газетінде, КСРО Дайындау министрлігінің Қостанай облысындағы өкілі, аудандық кенестер атқару комитеттері мен қеншарларын басқарған.

Әбілқайыров Гакаша – Еңбек Кызыл Ту орденді карт мұғалім.

Конарбаева Фариза – Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі, КСРО Жыгарғы кенесінің депутаты.

Тұрмағанбетова Балдай – ұзак жылдар бойы Торғайдары ы.Алтынсарин атындағы мектепте ұстаз болған. «Еңбек кызыл ту», «Октябрь революциясы» ордендерінің иегері. КССР, СССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері.

Ыбырайдың мемориялдық-педагогикалық музейін қоғамдық негізде ұйымдастырушылар да осы кіслер болатын.

Тек жыгарыдағы тізімде Токин Қамбардың (Далалық Қазақ өлкесі революциялық комитетінің мүшесі болған, халық шаруашылығын қалпына келтіруде, елді колективтендіруге елеулі үлес коскан еңбек ардагері), Шаяндин Бисапактың (ауыл шаруашылығын ұйымдастыруши, Социалистік Еңбек Ері), Төлебаев Зиятдиннің (Торғай оку бөлімін баскарған, еңбек ардагері), Үсқақов Сәбитбектің (Жітікара ауданының атқару Комитетінің председателі болған, еңбек ардагері, Торғайдың Иванов мектебінің түлегі) есімдері ғана жок.

Ж.Қарабалин осы еңбек ардагерлерімен бірлесе отырып, Арқалық педагогикалық институтының жаңынан ашылған музейді заңдастыру керектігін айттып енді оку министрінің атына өтініш хат жолдан, жауабын алады:

Құрметті Қарабалин Жәлел жоллас!

Оқу министрлігі еңбек ардагерлерінің Арқалық педагогикалық институтының Ыбырай Алтынсарин музейіне мемлекеттік педагогикалық-мемориялдық музей дәрежесін беру ісін қолдайды.

Біз республиканың құзіретті органдарының алдына осы мәселені шешу жөнінде ұсыныс жасал жатырмыз.

Кабылданған шешім жөнінде кезінде хабар береміз.

Министр

Қ.Балахметов

29.01.79 ж.

Кеп ұзамай Ы.Алтынсарин музейіне мемлекеттік педагогикалық-мемориалдық музей дәрежесі берілді.

Музей қызметкерлері, ғалымдар, оқытушылар Ә.Ламашевтің басшылығымен Ұлы ұстаз мұраларын халықта тереңірек таныстыру мақсатын қөздел республикалық, облыстық, жергілікті қалалық газеттерге макалалар жазуды жүйелі түрде жүргізіп отырды. Сөйтіп Алтынсарин тақырыбына Торғай өнірінің ғалымдары мен оқытушылыры бұқаралық акпарат құралдары беттерінде жоғары оқу оқырындары мен Ыбырай зерттеушілері үшін танымдық, тағылымдық мәні зор жүзден астам ғалымни макалалар жариялады. Солардың ішінде Мәскеуден шығатын «Советская педагогика» журналында, «Известная» газетінде, СССР педагогика ғылымдары Академиясының жинақтарында жарық көрғен макалалар Ыбырай мұрасымен басқа халықтардың да таныс болуына жол аша түсті деп ойлаймыз. Бұл материалдар кейін «Болашақ мұғалімдерді тәрбиелеудегі педагогикалық елкеганудың орны» («Мектеп», «Рауан», 1968) деп атаптатын кітапқа топтастырылды.

Музей «Қазакфильм» студиясымен коян-қолтық аралысын 1987 жылы «Ыбырай Алтынсарин ізімен» атты диафильм, 1988 жылы «Ыбырай Алтынсариннің орыс достары мен ізбасарлары» тарихи очерктерін жарықта шыгарды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларын аудандардағы, сондай-ақ басқа облыстардағы мектеп ұстаздары мен оқушыларына насиҳаттауды қөздел «Жылжымалы музей». Яғни, екі залдағы негізгі материалдардың кішірейтілген макеттерін колсандастыққа сиязып алып жүру іске асырылды. Бұл « Жылжымалы музей» мүшелері Костанай облысының Аманкелді, Женкелді, Целинонград (Қазіргі Ақмола) облысының Жанақадала, Есіл аудандарында болыш Ы.Алтынсарин жайында лекциялар оқып, баяндамалар жасады. Ы.Алтынсарин және оның әріптестері туралы «Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчество», «Алтынсарин және халықтар достығы», «Ұлы педагог мұралары-халыққа», «Олар

Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерде оқыған», «Ыбырай Алтынсариннің Арқалықтағы мемориялды-педагогикалық музейі» сияқты лекциялар дайындалып, «Білім» қоғамы арқылы көбейтіліп таратылды. Бұл лекциялар облыс аудандары мен кеңшарларындағы мектептерге, партия және комсомол үйімдарына жеткізілп, оларды жергілікті лекторлар, мұғалімдер пайдаланды.

ССРО, Қазақстан, басқа да өдактас республикалардың педагогика музейлері арқылы жұмыс істей, оларға ұлы ұстаз мұралары көшірмесін табыс ету қолға алынды. Бұл жайында Э.Ламашев «Ыбырай Алтынсарин мұраларын насиҳаттау жолдары» атты мақаласында: «...Бұл да Ыбырай Алтынсарин жөніндегі біліміміз аринасын көсейтудің тиімді жолы-деп жазады.- Біз И.Н.Уляновтың Уляновск қаласындағы музей заповеднігімен, Л.Н.Толстойдың «Ясная Полянадағы», чуваш халқының белгілі ғылым-педагогы И.Я. Яковлевтің Чебоксардағы, Тбилиси, Баку, Бишкек, Душанбе қалаларындағы республикалық халықда білім беру музейлерімен арақатынасты жолға койдық» [«Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасы және казіргі мектеп мәселелері» атты республикалық конференцияның бағындағасы мен хабарламаларының тезистері - Алма-Ата:Рауан, 1991.-20 б.].

Музей қызметкерлері Орал, Шымкент, Шығыс Қазақстан, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облыстарында Ыбырай музейін ашуға көмек колдарын созды. Қостанай облысының бес оқу орнында ұлы ұстаздың ресми музей ашылса, оларға колдарындағы барлық құжаттар мен фотосуреттердің көшірмесін берген осы Арқалық педагогикалық институты жаңындағы музей болатын.

1976 жылдан бастап институтта ұлы ұстаздың туған күніне орай жыл сайын қазан айында «Алтынсарин оқулары» үзбей өткізіліп тұрды. Бұл іс-шара 1988 жылы Қостанай қаласында, 1989 жылы Жанкелдин аудынының орталығы Торғай селосында, 1990 жылы Арқалық педагогикалық институтының қазір әнгімелізге арқау болып отырған Ыбырай Алтынсарин музейі базасында өткізілді.

Музейдегі Ыбырай пайдаланған ағаш тостаған мен киіз үйнің кейбір жабдықтары баға жетпес дүниелер. Бұл заттарды Ыбырайдың Жамбыл ойлысында тұратын немере қарындағы Нагима Абдоллақызы тапсырыпты. Сондай-ақ ұлы ұстаздың ұлы шебер кікіші болған Абдулхамит колданған құрал-жабдықтар да көненің көзіндей күнды жәдігерлер.

Музейде «Қазақ хрестоматиясының 1879, 1899, 1906, 1912 жылғы» төрт басылымы да бар

Ұлы ұстаздың мүсінін жасау да назардан тыс қалмады. Музейде колөнер шеберлері сомдаған оннан астам мүсін мен портреттер бар. Солардың арасында Ялта қаласының шеберлері құйған мыс мүсін мен Ленинград шеберлері әртүрлі ағаштардан ойып жасаған портрет ерекше құнды.

«Біздің есебіміз бойынша республикамызда жүз елуден астам Алтынсариннің аты берілген колхоз-совхоздар, елді мекендер, мектептер, жогары және арнаулы орта білім беретін оку орындары, көшөлдер бар екен, -деп жазады Ә.Ламашев жоғарыда аты аталған макаласында. – Біздің мақсатымыз олар туралы мағлumatтарды ұлы педагог музейне жинап, көрмермендерге таныстыру, барша материалдарды педагогикалық насиҳат жұмысына кеңірек пайдаланау.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Торғай казак орта мектебіне, сол сияқты ұлы педагог атындағы Қостанай мектеп-интернаты, Түркістан педагогика училищесі, т.б оку орындары өміріне араналған ондаған витриналар мен стенділер жұмыс істеуде» (20-21 б.)

Бұл атқарылған істерден Ы.Алтынсарин халқын жаңындай сүйіп, елі, жері үшін қалай жанашырлық танытса, Әсет Ламашев те Ыбырай мұраларын зерттеп, оның ұлы идеяларын насиҳаттауда сондай жанашырлық танытқаны аңғарылады.

«Құрмет белгісі» орденді ұстаз, СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» [-Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1988.-184 б.] тарихи очерктер кітабының авторы Әсет Ламашевтің Ұлы ұстазға деген жанашырлығы кейінгіге үлгі-өнеге. Алда Ы.Алтынсариннің 175 жылдығы. Сондықтан да бұл атқарылған игі шаралар жалғасын табуы тиіс.

Ә.Ламашевтің жоғарыда айтылмаган Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы, зерттеушілері, жанашырлары т.б. жайында жазған мақалалары:


1. Ағартушы-әріптестері. [Ы.Алтынсариннің өмір жолын, педагогикалық қызметін терең зерттеп, оның «қазақ хрестоматиясы» шетел тілдерінде қайта бастыруға күш салған Н.Ф.Катонов туралы // Қазақстан мектебі. -1984.-№5, 77-79 б.б.

2. Ұлы ағартушы мұрасының қамқоршысы // Қазақстан мектебі, - 1986. -№5, 31-32 6.б.
 3. Ыбырай Алтынсарин және халықтар достығы // Торғай таны. - 1987. -6 январь.
 4. Алтынсарин оқулары // Торғай таны. -1991, 19 маусым.
 5. Ыбырай және орыс педагогтары.
- Арқалық педагогикалық институты жаңындағы Ы.Алтынсарин музейі турашы. // Ленинишіл жас. 1982. -9 апрель.
6. Ыбырай мектептерінің тарихынан // Торғай таны, 1991. - 23,24,27 тамыз.
 7. Ыбырай мұралары. // Торғай таны. -1991. -25 қыркүйек.
 8. Ыбырай мұраларын зерттеу тарихынан // Қазақстан мұғалімі, - 1991, -30 тамыз.

«Костанай таны», 27 наңтар, 2016. -8 б.

4. АЛТЫНСАРИН АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АДАМДАР

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЕЖИРЕСІ



Отбасы мен тұған-туыстары

Ы.Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда бұрынғы Торғай облысы, Арақарагай бولысында (Казіргі Костанай облысы, Алтынсарин ауданында) туған. Алайда, Алматының «Білім» баспасынан 2003 жылы жарық көрген Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы»

кітабындағы ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша анықтамада туган айы 2 ақпан, туган болысы «Аманқарағай» дегі жансақ көрсетілген.

Ыбырайдың экесі ауыл молдасынан оқып сауатын ашқан момын шаруа. Хан Кене Балғожаның ауылын қайта-қайта талан-таражға ұшыратып, шабуыл жасаганы тарихтан белгілі. Алтынсары сол шабуылдардың бірінде қазаға ұшырап, Ыбырайды Балғожа өз қамқорлығына алады.

Бұл жерде жүргітты, әсіресе, кейінгі жастарды шатастырмау мақсатында тағы бір айта кететін жайт – Ә.Дербісалин «Ыбырай Алтынсарин» ғылыми-зерттеу кітабында «Алтынсары ауырып қайтыс болады» дейді. Шындығында олай емес. Оған дәлел көп. Солардың бірі тарих ғылымының докторы, профессоры Б.Сулейменов «Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі» мақаласында Ыбырайдың экесінің 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза тапқанын атап көрсетеді.

Файзolla Сатыбалдыұлының «Ер Толыбай» дастанында бұл оқиға былайша суреттеледі:

«Балғожа тұра қашты Байшұбармен,
-Куайын,-деді Жәуке, -берші пәрмен.
-Жоқ, -деді ер Толыбай, -Балғожа бай
Аман-саяу бас сауғалап кетсін әрмен.

-Оны ұста деген емес Кенесары,
Қайтесін кетсін аулақ, пәлесі әрі.
Мал беру онай емес, көп алысты
Баласы Балғожаның Алтынсары.

Басылып көзіне оттай жиған малы,
Қаншама алысса да осы жолы,
Түсірді оны атынан Жәуке батыр,
Алтынның көп әскерге келмеді әлі»

[Шерлі жылдар, шерулі жырлар: Өлеңдер мен поэмалар –
Қостанай: Баспа үйі. 2004, -395-396 б.б.].

Алтынсары дүниеден өткеннен кейін Ыбырайдың шешесі Айменге әменгерлік салтпен Балғожаның ұлы Кошан үйленеді. Кошаннан Оспан, Оспаннан Ахметбек туады.

1889 жылы Ыбырай дүниеден өткенде бұл жайында Н.И.Ильминскийге хабарлаған осы Ахметбек Балғожин болатын: «Сізге Торғай облысы қазак мектептерінің инспекторы Алтынсарин мұғрзаның қазасы туралы хабарлаймын. Ол 1889 жылдың 17 июлінде қайтыс болды. Ол бүкіл жаз бойына ауырды, дерте жүрек ауруы болатын. Соңғы үш күн бойына ол ештеңені естімей әрі тілсіз жатты.

Отбасында екі ұл, екі қызы бала калды. Үлкен ұлы 9 жаста, кішісі 2 жаста. Қызының үлкені он екі жаста болса, кішісінің жасы бірде. Мен оның немересімін, Троицк гимназиясының үшінші класында оқып жүрмін. Мені гимназияға оқуға Алтынсарин ағам орналастырган болатын...

Алтынсариннің үлкен ұлы қазір Костанай мектебінде оқып жүр, келер жылы оны гимназияға орналастырса деймін...»

1874 жылы туган Ахметбек Балғожин Қазакстаниан шықкан алғашқы заңгерлердің бірі. Ол алғаш Троицк қаласындағы балалар гимназиясын, кейін Қазан университетінің заң факультетін бітіріп, тергеушілік қызмет атқарған. 1911 жылы Орынборда ауырып қайтыс болған. Ахметбектің 1911 жылы туган баласы Жұсіпбек, Жұсіпбектен – Әнуәрбек, Қасымбек, Зұбайра, Макпуза, Мәриям Костанай облысындағы Қостанай ауданында Қастек кеңешарында туып, сонда қызмет істеген. Әнуәрбек пен Қасымбек Ұлы Отан соғысына қатысып, Әнуәрбек хабарсыз кетсе, Қасымбек елге аман-сau оралып, Рудныйдағы Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігінде жұмыс істеді. 1983 жылы 57 жасында дүниеден озды.

Ы.Алтынсарин 1868 жылы 1 маусымда Сыр бойындағы Жаппас руының биі Шолак Әбілевтің қызы Айғаныспен некеге отырады. [ҚМОА, 25 кор, I-тізбе, 2557-іс, 26 парап]. Ыбырай мен Айғаның өздерінен көпке дейін бала болмаган сон Ыбырайдың інсі Оспанның Хамитбек детен баласын бауырларына салады. Бірақ ол алты жасында қайтыс болады. 1880 жылы Абдолла, 1887 жылы Әбдірахман туады.

«Айқап» журналының 1915 жылғы 5 санында жарияланған «Қазакша бастапқы ойын» деген мақалада Семейдің приказчик клубында қазақ тілінде әдебиет кеші болып, сонынан өнерпаздар көріністер көрсеткені, Жанақ пен баланың айтысында Жанақтың ролін Алмағанбет, баланың ролін Ыбырай Алтынсариннің баласы Ғабділхамит орындағаны айттылады. Ғабділхамит жоғарыда аты аталған Хамитбек дейін десек, жасы келіңкіремейді, Абдолланың Ы.Алтынсарин еңбектерінде «Ұзақ уақыт оқи алмай,

шаруашылықпен айналысканы» айттылады. Солай делінгенмен Фабдолгалиды Әбдіғали деген сиякты Абдолланың да шын аты үлкен ұлдарының есіміне ұқсатып қойған Фабділхамит емес пе екен» десек, Фабділхамитке Абдолланың жасы да келмейді, 1915 жылы ол тура 35 жаста гой. Кейінгі балалары Әбдірахман мен Шәрипа жас кездерінде ауырып қайтыс болады.

Абдолладан Нагима туады. Ыбырайдың бұл жалғыз немересі Айғаныстың тәрбиесін көріп өседі. Нагима бір естелігінде атасын көрмегенін, әжесінің 1924 жылы дүниеден өткенін жазса, М.Әуезов «Шолпан» журналына басылған «Ыбырай Алтынсарин» мақаласында 1921 жылы ашаршылықта қайтыс болғанын көрсетеді. Сондықтан да бұл мәселе де әлі зерттей түсуді қажет етеді.

Нагима 1916 жылы Қостанайдан жиырма шақырымдай жердегі Талапкер ауылында туған. Ыбырай ашқан мектепте оқып, үш сыныбын бітірген. Он бір жасында анасынан айрылды. 1920-1930 жылдардың зобалаңында Ыбырай ұрпақтары да тағдыр тауқыметіне тап болып, әкесі Абдолла қәмпескеленіп, Қырғызстаның Токмақ қаласынан бір-ақ шыкты. Құғын-сүргін, аштық, жалаңаштық онай ма, Абдолланың өкпесіне сүйк тиіп, дүниеден өтті. Қошанның немересі Нұрахмет касында болып, арулап жерлепті. Зираты Жамбыл облысындағы Қордай ауылы корымында.

Нагима Қырғызстанда тұрмысқа шығып, күйеуі соғыста қайтыс болғаннан кейін екінші рет Байдабек Аманкелдиев деген кісімен көніл қосады, Жұмакул, Дулат атты бір қыз, бір ұл дүниеге келеді.

1959 жылы Нагима Қырғыз жерінен Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Жамбыл Жабаев атындағы кеңшарға көшіп, кейін Тараз қаласында тұрып, сонда 1998 жылдың 30 наурызында 82 жасында өмірден озды.

Алтынсары қайтыс болған соң қазақтың әменгерлік жолымен Айменді Алтынсарының інісі Қошанға қосады. Қошаннан – Ахметбек, Зылиха, Ержан. Оспанның қызы Зылиха да, Ержанның қызы Мағия да Ыбырай үйінде тәрбиеленіп өсті. Зылиханың қызы Бәтіма өмір бойы Қостанай қаласында тұрып, сонда 1994 жылы көз жұмды.

Құдай қосқан жары о дүниелік болып кеткен соң Айғаныс балаларының атына мал-муліктерін жаздырғанда Ыбырайдың II верст жері (Бір верст 1067 метр – С.О.), 157 жылқысы, 17 ірі қара малы, 38 түйесі, 250 қойы бар екен. Жері Арақарғай болысының екінші ауылында. Жиенбай көлі де Ыбырай меншігінде болған. Бұл

мекенжайлар Тобыл өзенінің екі жағында ұзыннан ұзақ созылып келімсектердің жерінен 2 верст, Ұлжан Қошановтың (Ұлжан емес, Әлжан шығар? Құжатта бірақ осылай көрсетілген – С.О.) жеріне дейін 2 верст өзен бойын қуалай созылып Торғай жаққа баратын жолға ұласып, Мырзатай Байсариннің жеріне дейін 9 верст аймақты альш жатыр [ҚМОА, 25-қор, I-тізбе, 2557-іс, 26-27 парапттар].

1991 жылдың шілде айында Ұлы ұстаздың туғанына 150 жыл толуына орай Тобыл өзенінің жағалауына, Ыбырайдың жерленген жеріне кесене тұрғызылған болатын. Сол кесененің бұл күнде караусыз, күтімсіз, айдалада жалғыз жетімсіреп тұрған жағдайы бар. Жаңа үйленгендер, қыдырма қонақтар – олай-былай өткен жүрттың көбісі сол жерде ішіп-жеп, ыдыстарын, тағы да басқа қалған қалдық қоқыстарын жинамай кетуді әдетке айналдырып барады. Басында шырақшы-кузетшісі болса бұлай істеуге жол бермес еді. Тіпті бос жатқан осынау қорымды Ыбырайдың қорық-музейіне айналдыраса аяқасты болmas еді-а...

Ыбырайдың тағы бір жақын туыстарының бірі Қошаның баласы Омардың шөбересі Шабден Балғожин. Ол 1928 жылы, 28 мамырда Алматы қаласында туған. Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым Академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымының докторы.



Мәриям Хакімжанова



Нагима Абдоллақызы



Жаңбыршыдан тарайтын Көтібар әuletінен қазір көзі тірі қарттардың бірі – Әділбек Жүсіпұлы. Әкесі бес ағайынды екен. Гали да, Сейітқали да, Құрман да, әкесі Жүсіп те, Молдаш та оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болыпты.

Сейітқали туралы М.Хакімжанова: «1917-1918 жылдары Сейітқали Төлегенов деген кісіден оқыдық... Ол да бізben аталас. Балғожа тұқымынан болатын» деп жазады. [Шығармалары. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2006. Ш-том. 22 б.].

Әділбек Жүсіпұлы

Әділбек ақсақалдың әкесі Жүсіп те мұғалімдік қызмет аткарған. Әдекен Қостанай ауыл шаруашылық техникумын (1953) бітіріп, Әулекөл ауданында мал шаруашылығы маманы болып қызмет істеген. Жеті бала тәрбиелеп-өсіріп, бұл күнде 16 немере, 22 шөбере сүйіп отыр. Нұғман Қошанұлының немересі Қазақстанның Халық Жазушысы Мәриям Хакімжанованы білмейтін қазақ жоқ шығар??!

«Біздің ауылымыз Мезгіл деген қайынды бактың бауырында еді. Бұл қыс қыстайтын қыстауымыз» [Хакімжанова М. «Өткен күндер елесі» «Бар қазаққа ана едің...» А. РГЖИ «Дәуір», 1995. – 6 б.] өзі жазғандай, М.Хакімжанова 1906 жылы 16 қарашада Қостанай облысының қазіргі Алтынсарин ауданындағы «Мезгіл» деген жерде дүниеге келген. Алғаш Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған орысша, қазакша ауыл мектебінде оқып сауат ашқан Мәриям 1929 жылы Алматыға келіп Бейімбет Майданнің көмегімен ҚазПИ ашылған жұмысшылар факультетіне қабылданады. Сол жұмыста ол Нагима Арықова, Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Сара Есова сияқты қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу қыздарымен танысып, олармен достық қарым-қатынаста болады. Оның «Көп өнегені Нәзипа Құлжанова мен Нагима Арықовадан үйрендім» [Сонда. 16 б.] дейтіні сондықтан. Нагима қазақ әйелдері арасынан шыққан бірінші нарком болса, Нәзипа қазақ қыздарынан шыққан тұнғыш журналист.

«Женотделге» деген тұнғыш өлеңі 1929 жылы жарық көреді. 1939-1944 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар Одағының

бөлім менгерушісі, 1938 жылы Қазак ССР Ғылым Академиясында әрі «Жаңа өмір» журналының жауптты хатшысы болады. Сол жылы алғашқы өлеңдер жинағы «Женешем» шығады. 1945-1959 жылдары Қазак Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор, ага редактор болып қызмет атқарады.

«Ақынның «Мәншүк» поэмасы – поэзияның кең айдынына қанат қақкан сапарындағы сәтті туындысы, шырайлы шығармасы. Поэма ерліктің гимні секілді. Поэмада әрбір сез, әрбір дыбыс эн болып шалқып, күй болып күмбірлейді» [Сонда. 63 б.] – деп Сырбай Мәуленов жазғандай, М.Хакімжанованың шоқтығы биік шығармаларының бірі Совет Одағының батыры Мәншүк Мәметова жайында жазылған «Мәншүк» атты дастаны 1945 жылы жеке кітап болып басылды. Бұл дастан жайында Қазақстанның халық жазушысы Дихан Эбілев «Кешегі қанды қыргын Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан қазақ қызы – жайнаған көктем гүліндей жас Мәншүк Мәметова туралы Мәкеңнің «Мәншүгі» – қалың оқырманды біресе қүйіндіріп, біресе сүйіндіріп отыратын тебіреністі дастан» [Сонда. 44 б.] десе, Фариза Онгарсынова «Қазақ поэзиясының тарихында халқымыздың ерлік рухын көрсеткен Мәншүк Мәметова бейнесін, яғни заман шындығы тәрбиелеген казак халқының ержүрек бейнесін поэзияда тұнғыш мұсіндеген де Мәриям Хакімжанова» [Сонда. 69 б.] дейді.

Әдебиеттегі жемісті еңбегі үшін М.Хакімжанова «Еңбек Қызыл Ту» екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды. 1986 жылы Қазақ ССР-інің Халық жазушысы атанды.

Мәдени мұраларымызды – рухани казынамызды жинау бабалар рухына тәгзым ғана емес, болашаққа қызмет, жастардың бойына отансұйғіштік қасиетті сініру. Ол халықтың игілігіне, рухының көтеріліп, биіктей түсуіне қызмет етуі тиіс. Діні, ділі, заны, дәстүр-салты басқа елдердің мән-мағынасыз мәдениетін малдану – мәңгүрттікке апарар жол екені ақырат.

М.Хакімжанова халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысқан. Ақынның Ғылым Академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған жазбалары қаншама?! [К – 397 қор, № 2 дәптер] Солардың ішінде Балқожага, Үбырайға байланысты материалдар да жеткілікті.

Ақын 1942 жылы Ұлы Отан соғысының түтеп тұрған кезінде атақты Мұрын жырау Сенгірбекұлының аузынан «Көкше батыр», оның баласы «Қосай батыр», «Шыңтасұлы Төрехан батыр»,

«Асанқайтының аңызы», онын баласы «Абат батыр», «Асанқайтының інісі», «Тоган батыр», «Манаш батыр», онын баласы «Тұяқбай батыр», «Қарға бойлы қазутган» жыры, «Айсаұлы Ахмет батыр» жырларын жазып алған. Мұрын жырау бұл жырларды Қашаган Күржүманұлынан естіп, жаттап альпты. Сондай-ак М.Хакімжанова Мұрын жыраудан «Ала тайлы Аңызбай батыр оның үрнектары», «Баба түкі Шашты Эзиз», оның баласы «Пар-пария батыр», «Құттықия батыр», «Едіге батыр», «Нұрадын батыр», «Мұсахан батыр», «Орак-Мамай батыр», «Карасай-Кази батыр» жырларын да тыңдал кагағта түсіріпте [Хакімжанова М. Мұрын жыраудың мұрасы //Жұлдыз. № 7. 1987, - 167 б.].

Олардың біразы кейін 1961, 1964 жылдары шықкан «Батырлар жыры» кітабында, 1977 жылы басылған «Ақсауыт» батырлық дастандар жинағында жарық көрсе, 2008 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шықкан «Бабалар сезі» кітаптар сериясының (100 томдық) 50, 51 томдарына еншіті. Екі томда да жинаушы М.Хакімжанованың аты аталып, өмір жолы мен енбек жолы, атқарған қызметтері, шықкан кітаптары жайында қыскаша мәлімет берілген.

Ыбырай казак қыздарын оқытуды ойлап тұнғыш мектеп ашса, Мариям сол бабасының, барлық казак қыздарының арманының жалғасындей еді. Оның Сара, Майра, Ұлбике, Аксұлу, Шолпандар салған жыр сокнағын жалғастыруы, Шолпан Иманбекова мен Зияппа Қалауованың жастағынан шығарылған жинал кітап етіп бастыруы, казак қыздарына жиі жыр аринауы, өзінен кейінгі шықкан акын сінілілеріне үнемі камкор болып журуі соның айғағындей. Сондыктан да болса керек, Канипа Бұғыбаева:

Кіндік кескен Торғайын – тұган елің,

Торғайының журегін тыңдал едің.

Ағыш түскен аспаннан Шолпан қыздың

Орынына жұлдыз бол тұган едің, –
дел тебірене жырлайды.

Фариза Онғарсынова:

Оп-оңай женіс бар ма, жарыс бар ма,

Согады кейде жарға ағысты арина.

Анамдай куанасың, қолым жетсе
аз ғана табыстарға, –

дел ағынан жарылады.

Ақұштап Бақтыгереева:
Білмеймін, жекемісің, дарамысың,
Білмеймін, ақынбысың, данамысың,
Әйтеуір, көз ашқалы шында тұрган
Казақтың қыздарының жалауысың, –

деп жоғары баға береді. «Біз мына тірлікте осындай адаммен қатар
әмір сүріп, оны коргенімізге бақыттымыз. Ақын анадан адалдықты
үйренендік, шынышылдықты үйренендік, жаманға жағынбайтын, бастыққа
кішірейіп жалпылдамайтын, ез тұғырында, ез билігінде өзін орнымен
ұстайтын, кішіні бастан сипап, кедейді паналаткан үлкен журектің
мейірбандығын, апалық құлақ жылуын, ақын алақанының аясын
кердік. Осылыша өнеге үйреткеніне бас иеміз. Жоқтаймыз. Айтамыз.
Ұмытпаймыз» (Сонда. 107 б.), – дейді.

Халайқ қашан да қалаулысын ұмытпайды!

БАЛГОЖА ЖАҢБЫРШЫҰЛЫ

Балғожа би туралы Сегіз Сері (Мұхамед-Қанафия) Баһрамұлы:
«Шоқай, Жазы, Балжеке,-ұшсусіз
Бұл күнде бетті дұрыс түзедініз.
Көз салып ілгеріге, айқын болжап,
Үрпақтың болашагын көздедініз...

Біріндей осы ұлың күн мен айдың,
Сырына қанық болар әрбір жайдың.
Тіл-көз бен сұқ көздерден есен болсын,
Асады қатарынан ыбырайып...»

[Тандамалы шығармалары. Солтүстік Қазақстан заң академиясы -
2003 -179 б.]- деп Балғожаны мактап, немересі ыбырайға бата берсе,
Жаңбыршы үрпактарының бірі Сейітқали Төлегенұлы ел аузынан
жазып алған бір өлеңде:

«Қыпшаққа би Балғожа аға болды,
Агасы Қанқожа би дана болды.
Айбыны аш арыстан секілді еді,
Көрсетті сан қазакка тұра жолды.
Үш жүзге Құсмұрында билік айтты,
Әр сезін хатқа жазып, бетіне айтты.
Тоқтатып жалғыз ауыз сөзben жүртты,
Халайқ риза болыш, елге қайтты»,-

деп Ахмет сұлтан, Танабұға Наурызбай билерді де атап етеді.

Ыбырайдың атасы -- Балғожа Жаңбыршин атақты би, ел құрмет түтқан азамат болғаны ісі қазакқа белгілі жайт.

1850 жылдың 12 наурызында толтырылған бір құжатта Жаңбыршин Балғожаның ұзын қыпшақ билеушісі, 48 жаста жұзбасы екендігі, орта бойлы, толық келген дәңгелек жұзді, қараторы, шағын, кара сақалды, шүңірек көзінің үстінде қалың қас-қабагы бары айтылып, ұзын қыпшақтың алтыбас тармагының биінің баласы екендігі, жайлауы Тобылдың бас жағы мен Қазанбасының манайында, қыстауы Аракарагай орманында болғаны көрсетіледі.

«Ол қазак ордасы, Шығыс бөлігіндегі ең бір ақылды, ел сыйлаган билердің бірі болды, - деп жазады құжатта. - Оның орыс үкіметіне берілгендігін Орынбор мен Сібір арасындағы жер мәселесінен туындаған дау кезінде өз қарауындағылардың Сібірліктерге койған жиырма түрлі айыптауларынан бас тартып, келісімге келуін тездедті» [ЦГА РК ф.И-4. Оп.1 Д.2512. л.112-121.]

Балғожа Ыбырайды жастай орысша оқытып, аландаамай білім алсын деп оған біраз уақыт тутан-туыстарын хабарластырмай да қояды. Бұл жайында Қошанның немересі Жағылар шығарды деген мына өлең жолдарында айттылады:

Кошекем, Алтынсары болған ұлы,
Алтекем ерте өліп солған күні.
Кішкентай үш-төрт жастың шамасында
Артында калды Ибраһим қызыл гүлі.
Колында жүрген үлгі атасының,
Халық білер бұл сөзімнің хатасызын.
Үммәткер фәрзентім деп дуга айлаған,
Тиеді ахри шарафат батасының.
Оқытты Орынбордың қаласына,
Аямай жастай айрып анасынан.
Алан бол көзіл қойып оқымас деп,

Еш хабар жүргізбейді арасынан. [Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата, Учпедгиз, 1949. -147.]

Атасы Ыбырайды жасынан-ақ адалдыққа, тапқырлыққа, тұрашылдыққа, шешендейкке баулыған. Өзімен бірге жиын-тойларға алып барып, билік айтқызып, қанатын катайтқан. Ыбырай да жасынан зерек болып, атасын жерге қаратпай алғырлық танытып, көпшілік

күрметіне бөлөнеді. Онын бұл турашылдық, шешендік қасиеттері Торгайда сот істерін жүргізген кездерінде айқындала туседі.

Торгай ақындық мектебінің белді өкілдерінін бірі Сейдахмет Бейсенұлының Ыбырайға арналған өлеңіндегі мына шумактарда да оның әділдігі әдемі айтылған:

Інің – артына ерген біз бір гаріп...
Әділ бол іс бітірдің тосты жарып.
Қысасқа экім жүргенде каранты еді,
Ашылыш, дүние жүзі болды жарық.
Мырзамыз, күттү болсын басқан ізің,
Сақтасын Қыдыр ата үйін-түзің.
Халыктың кіргіздің берекесін,
Нұр шапып көк шыққандай дүние жүзін!
Ағайын, арападын біраз елді,
Зорларға жарлы байнұс бір тенелді.
Басқа экімнен әділдік мұнша көрмек

Өнім түтіл тусіме кірер ме енді» [Киргизская хрестоматия. Книга первая. — Оренбург: типография И.И.Ефимовского-Мировицкого, 1879.]

Белгілі ақын, Ыбырайдың үрпағы Мәриям Хакімжанованың Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжабалаар корынна тапсырған жазбалары да Ыбырайдың табан астында ұтымды, ұтқыр тауыш сөйлейтіндігіне айтак болғандай.

Ыбырайдың атасы Балғожамен бірге туган Ханкожаның [Ханқожа – Кенесары көтерілісі кезінде орыс тыңшысы болған – КРОММ, 4-кор, I-тізбе, 2559-іс, 2-парап] Ақдәulet, Қылышбай деген екі баласы болады. Қылышбай болыс больш тұрғанда Ақдәulet інісіне өкпелеп Бағаналы-Байырға көшпек большты. Елдің бас адамдары жиналыш көшпе десе, Ақдәulet көнбейді. Сол кезде Ыбырай окуды жана бітіріп келген кезі. Ақдәuletтің хабарын естіл Ыбырай келеді. Келе Ақдәuletке сәлем беріп жай-күйін сұрап отырғанда айткан елені екен дейді:

«Мұнан барсаң баарсың
Бағаналы-Байырға.
Нарынды берген тамырға.
Жая менен жал салып
Бересің токал қабырға.
Төсекті калын төсерсін
Өтпестей қытып сауырға.

Ағаннан өзің барған сон
Жая менен жал түгіл
Зар боларсың карынға.
Малына азық жинауға,
Жарымассың шабынға.
Тұбек тимей өзектен,
Малынды қыс күн бағуга.
Қона алмассың қалынға
Жазғытұры болғанда
Жая алмайсың малынды,
Жайсаны бар ауылға.
Асығарсың сонда, аға,
Көшемін деп кайтадан
Ағайын-туған бауырға.
«Өз тұғыры тұлпардың,
Өзіне дәрі» деген бар
Қайтыңыз, аға, ауынға!»

Ыбырайдың сөзіне тоқтаң, Ақдәulet кешін түсіріп, қайта конады. Мал сойып қонақасы өзірлеп жатқанында Үбекен Қылышбайға сәлем бере барып:

«Уа, Қылыш-еке, Қылыш-еке!
Бақыт қонды басыца.
Көтере алмай бақытты
Аккан судай тасыма.
Қастасқаның Акан ба,
Білгендігің осы ма?
Аған қонды қасынға
Ерулікке тай сойыш,
Шақырыңыз асына.
Қоса шақыр Жұзбайды.
Жұзекем келсін жиынға
Іштің сырны қозгайды.
Жұзбайдың айтқан билгін
Ңешкім сынаң, бұзбайды.
Әр ауылдан бір кісі ал,
Сөз тындарлық саналы,
Сонда халқың азбайды.
Ыскыра берсең сұрланып,
Өсек-аян қоздайды.

Жаннан жанның артығы жоқ,
Сендері артық тек бақыт

Бағына ешкім қолын созбайды», – депті. Қылышбай сөзден жеңіліп, тайын сойып, Жұзбайды, Ақдәулетті шакырып татуласқан екен. [Ғылым академиясының сирек кездесетін хітаптар мен қолжазбалар коры К-397, кор № 2].

«Балғожа би көзі ашық, көнілі жарқын, заманының алдыңғы қатарлы адамы еді: ол ез заманының жайын ерте, тез байқады. Ендігі үміт артта, ескіде емес, алда, жаңада екенін, «заманың тұлқі болса, тазы бол шаң» дегендег Р陕ия патшалығының саясатына ынғайланды, орыс мәдениетінен азық алуудың қажет екенін ангарды.

«Іздегенге сұраған» дегендег XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі қазак даласын бағындырудың билеп-төстеудін тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады: казак балаларына арнау мектептер ашуға кірісті. Патша үкіметінің бұл мектептерді ашкандағы мақсаты мектеп туралы ережеде ашық айтылған: «Мектеп құрудагы басты міндет – шекарадағы басқару ісін атқара алатын адамдарды құлтан-правительдердін, ордаға аралық бастықтардың ісін жүргізе білетін және айрықша қызметтерді атқара алатын адамдарды дайындау» деп жазылған. Сонымен бұл мектеп 1850 жылы 22 август күні Орынбор қаласында ашылды, оған қазақтың 30 баласы алынды солардың бірі тогыз жасар ыбырай болды» [Кенжебаев Б. Ы.Алтынсарин – азамат. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Алматы: Жазушы, 1991. – 25-26 б.б.].

Балғожаның немересіне:

Атаңды сағындым деп асыгарсын,
Сабаққа көніл берсең басыларсын;
Ата-анаңды өнер білсен асырарсын,
Надан бол, білмей қалсаң аһ ұрарсын.
Шырагым, мұнда жүрсөң нетер едін?
Колына құрық алып кетер едін.
Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргенмен не мұратқа жетер едін» [Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988. – 9 б.], – деп жазатыны осы кез.

Мұсатай Ақынжанов «Ұлы педагог, қоғам қайраткері» мақаласында «Ыбырайдың атасы Балғожа өлең жазған адам. Жас ыбырайдың мектепке дейін өлең мен жырга әуестеніп өсуіне анық әсері тимеді деп айтуда болмайды, – деп жазады. – Балғожа семьясының төңрегінде көптеген ақындар жиналатын болған.

Сөйтіп, Ыбырай бала кезінен-ақ туған халқының рухани мәдениеті мен әдебиетін естіп өскен» [Ақынжанов М. Ұлы педагог, когам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 57 б.].

«Егемен Қазақстан» газетінің 2001 жылғы 22 наурызда жарық көрген «Қазақтың Жантөріндері» зерттеу макаласында Тілеуқабыл Боранғалиұлы Ыбырайдың білім алтуына Кіші жүздің Шығыс бөлігінің (Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Ресейдің Селебі облыстары) сұлтан-правителі Ахмет Жантөриннің көмегі болғанын айтады: «Ауылдың шапқан Кенесары сарбаздарының қолынан қаза тапқан Алтынсары бидің жас баласын Орынбор училищесіне окуга аттандырды. Конілі жетім немересін жұбатып: «Шырағым, оқымасаң не етер едің, қолыңа құрық альп кетер едің» деп атасы Балғожа бидің сағына хат жолдайғыны кейіннен гой. Болашақта сол жас инспекторы, қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин атанарын Жантөрин білмей етті, кейінгі үрпак біз білеміз».

Ыбырай сқуын аяқтаған соң 1857-1859 жылдары атасы Балғожа бидің қағаз көшіретін көмекшісі болып істейді.

Әнуар Дербісалын «Ыбырай Алтынсарин – ұлы педагог, ағартушы, жазушы» макаласында «Дала өмірінде кеп билікті өз колында ұстаган Балғожа Орынбор шекара комиссиясының алдында да айрықша беделді адам болды, – деп жазады. – Қазақстанның Россияға қосылу процесі біржолата аяқталып келе жатқанын орынды аңғарған Балғожа қоғамдық маңызы өте үлкен бұл құбылысты батыш жактады. Мұнда ол, эріне, қазак халқының өнерлі, мәдениетті елдердің қатарына қосылуын тілеген жоқ, Қазақстанның Россияға қосылуын шешілу кезеңіне жеткен, енді мулде болмай коймайтын құбылыс ретінде таныды. Сондықтан да ол бұл оқиғага қарсы шығудың ешқандай пайда бермейтіндігін ескеріп, алдағы уақытта оны өз мүддесі үшін пайдаланудың жолын іздеді. Балғожаның бұл мақсатта тапканы – немересі – Ыбырайды Орынбор шекара комиссиясының жаңынан ашылмақшы мектепке беру болды. Мұнда Балғожа ел билеу ісі бұдан былай орысша сауатты адамдардың колына көшеді деп танып, немересі арқылы кейін де сол ел билеу ісін колынан шығармау ниетін көзделген еді» [Ы.Алтынсарин тағылымы. 80 б.].

Бұл жолдардан Балғожаның немересін орысша оқытудағы түпкі мақсаты анық байқалады. Ол – халыққа пайдасын тиғізетін адам емес, патша өкіметінің занын жақсы біліп, халықты қанауга шебер

чиновник эзірлеуді көздеген. Кенесарының Балғожаны шабуының да мәні осындай ой-мақсаттарына байланысты екені даусыз. Алайда, ыбырай таңдаған жол мүлде басқа болып шықты.

Кенесары Балғожага:

«Сәлем жазып жібердік

Арғын-Қыпшак ағасы,

Жыртылмасын, жарқыным,

Еліміздің жағасы», – деп кетеріліске қатысуын сұрап хат жазады. Балғожа:

«Қаланың түбі ор болар,

Ордың түбі сор болар.

Қапияда, кенеттөн

Орга түсер болсаныз,

Қайтып шықпак зор болар,

Сенің, сұлтан, дүшпаның

Жалғыз патша емес-ті,

Қайда барсаң алдында

Қарулы түрған тор болар», – деп Кенесарыға «дүшпаның жалғыз патша емес-ті» деп ертең өзіне де ауыз салатының тұспалдан, карсылық білдіреді.

Екінші:

Кенесары хан бірде Балғожага елші жіберіп, жасақ беруін сұрайды. Ол «Ақ патшага айт бердім, оны аттай алмаймын, – деп жауабын қысқа қайырады. Хан екінші рет жаушы жіберіп: «Балғожа бидің Кертаңдақ аты хан мінуге лайық, жорық аты, сол дүлдүлін берсін» дейді. Балғожа би «Астымдағы атымды Хан Кененің атасы Абылай тіріліп келсе де бере алмаймын», – деп тепсінеді.

Кенесары жайлауда отырган Балғожа ауылын шауып: «Шаңырағын ортасына түсіріндер. Бір сабак жібін калдырмай түйслерге артындар. Бәрін шешіндіріл жерошак басына жинандар!» – деп бұйырады. Осы сәт ханның жұзбасыларының бірі «Хан ием! Ана тәбе басында бір салт атты тұр. Біздің әрекетімізге қарал кіжініп түрғандай. Ұстап, алдыңызға алып келсек қайтеді?» дейді. Сонда Хан Кене:

« – Ол Балғожа астындағы атына сенің тұр. Ондай дүлдүл казір жоқ, аландамай, істерінді бітіріндер!» – дейді. Сол кезде жерошак басындағы толтган шығып, қою қара шашты, сұнгак бойлы, сұлу келіншек ханға қарай беттейді. Сарбаздар жолын кесіп, балағаттан:

– Абыройыңды ашып қайда барасын, кейін қайт! – деп оның төбесіне қамшы үйреді. Сонда келіншек:

– Абыройымды аштырган Хан, өзі жапсын! – деп алған бетінен қайтпайды. Хан Кене сарбазына «тиме, жібер» деген ишарат білдіреді. Сонда Хан алдында тайсалмай хас сұлу былай депті:

« – Ұлы мәртебелі хан ием. Мен туган күні тағдырдың әмірімен сіз менің әкемің үйіне ат басын тіреп, құтты конагы болған екенсіз. Сонда сіз: «Мына балам дүниеге келді. Балама қандай көрімдік берсем лайық болар екен?» деп толғанышсыз. Әкем тұрыш: «Хан ием! Балам ер жеткенде Сізден өзіне керегін қаласа қалай болар екен?» депті. Хан Кене бұл шешімге тоқтады», – деп еке-шешем жыр қылыш айтушы еді. Сол күн бүгін туган сиякты. Егер рұқсат етсеңіз, мен етінішімді айттар едім.

– Сұра шырағым! – депті хан Кене.

– Ендеше, орда қайта тігілсін, дүние-мұлік қаз-қалпында орнында болсын. Бір сабак жібім жоғалмасын! – депті хас сұлу.

Хан жұздік басшысынан келіншек етінішін орындауға бүйріқ етіпті. Орда тігіліп, дүние-мұлік жиналған сәтте жас келіншекті шақырып, хан: «Шырағым, дүниен түгел ме?» деп сұрапты. Сонда келіншек тұрыш: «Хан ием, екі бұлғынның елтірісі жоқ» депті. Екі кадам жердің екі жағына екі наиза қадал, от жағып, ұландарды шешіндіріп, ортасынан еткізіп. Бірақ бұлғын елтірісі табылмады. Хан ләм демей, ат басын Ұлытауға бұрып, аттанып кетіп. Тунде хан жансыздар жіберіп, бітеп елтіріні екі аяғына киіп алған алаяқ ұланды елтіріп. Сол кезде бозала таңда артынан қуып, Балғожа би де жетіпти.

– Хан ием! Сіздің ұлан сұрағанының орынды, мен ант еткеннен кейін бұл бүйрікты қабыл алмадым. Сіздің менің ордамды шабуының да әділдік. Қас-қағымда қайта орда тігіліп, қайырымдылық көрсеткенініз де мені таңдандырады. Мәмілеге келейік. Кешірім сұраймын, хан ием! Үйіме жүріп, құт конагым болыңыз! – депті. Хан Кене мен Балғожа би осылай табысыпты – деген аңыздың негізі осылай өрбігенге үқсайды» [Қозыбаев М. Сырым батыр және Хан Кене.// Халық Қеңесі, 9 шілде, 1992.]

Балқожаның келіні – сол келіншектің аты кім, кімнің жары екен деп іздестіріп кергенімізде бар құжат Шеген Мусинге қарай жетелей берді. Өйткені Тобыл-Торғай бойында Кенесарыға жақын болған Шеген биден басқа ешкім жок.

1847 жылғы 1 қараша, сол жылғы 13 акпандагы Шеген бідің Кенесары ханмен байланысы жайындағы айыптау істе Шегеннің Кенесары Қасымовқа іші бұратыны, оған жер беріп, паналатып отырғаны айтылып: «Арғын руының би Шеген Мусиннің қол астындағы тек бір бөлігі гана 1845 жылға дейін көтеріліске қосылмады», -делінеді. -Бірак арғын руының атамекенінің ортасынан ойып патша бекіністерін салуына байланысты арғындарлын бұл тобы да Кенесарының көтерілісіне қосылды [КРТА, 4-кор, 1 тізбе, 2457-іc, 243-249- параптар].

Шеген би Кенесары Торғайдан көшерінде оған өзінің баласы Шолакты ертіп жібереді. Оның Кенесарымен жақсы қарым-қатынаста болғанын осыдан-ақ аңғару қызы емес. Шеген би – Алтынсарының жары, Ыбырайдың шешесі –Айменнің экесі. Жоғарыдағы әңгімелегі келіншек –осы Аймен.

Оның үстіне Койшыгара Салғаринмен Жанкелдин ауданының Арапбай ауылына барғанымызда көнекөз, құймакұлақ қарттардың бірі Сапар Бигожин «келіншек» деген сөздің срнына «Шегеннің қызы Аймен» деп дәл осы әңгімені ел алдында айтып отырғанына күэ болдык.

1839 жылы Аманқарағай округіне қарасты жеті болыс ел Орынборға немесе Батыс-Сібір округіне қарауга тиісті болады. Осыған байланысты орыс әкімшілігі алдында абырай-беделі бар Балғожа 1839 жылы 17 акпанды Аманқарағай округтік приказына түсіндірме хат жазады.

Бұл хатта Орынбор шекара комиссиясы жер межесі бөлініп койды деген соң Лебедев дегенге барғанын, оның «Жер бөлінді, біздің жер енді Орынбор ведомствосының құрамына қарай кірлі, сіздер қайда қарайтын болдыңыздар» деп өзіне қарсы сұрақ қойғанын айта келип: «Сондыктан да округтік приказдан бір жолын тауып, оларға жауап жазып жіберсеніздер еken. Өйтпесеніздер бізге қысым керсетіп, жеріміден қыш, ақша беруімізді талап етіп, жауап беруге күштеп, біздің жеріміз шекарада тұр деп қудалайды. Ал мен олардың талабын орындаі алмаймын. Өйткені біз округтің құрамында мыз және өзіме қарасты халықтың наразылығынан да сактанамын. Ақшалай оброкты екі рет екі жерге төлеуге жағдайымыз жоқ. Оныз да бұдан бұрын жылқыдан 180 сомнан, бір шаңырақтан 5 сом 40 тиыннан алып үлкен зиян шектірді. Сол үшін біздің жер қай жаққа бағынышты болса, сонда төлейміз деп жауап бердік. Оның үстінен мен Лебедевтан былай деп сұрадым: «Ол жөніндегі мәліметті алдыңыз.

Ондай нұсқау біздің дуанда жоқ. Сол жарлықтың көшірмесін маган және оны маган жібергенде қағазға жазылған түсіндірмесімен жіберініз. Жай ауызша жауап жауап болмайды. Жаңбыршын деген мөрімді ауызша бастым» [«О различии земель Оренбургских и Сибирских киргиз». Кор-3. 16 – 1. ic-368].

Хаттан Балғожаның іскерлігі, өңдәраттылығы, сол кездегі заң-законды жақсы білгені, орыс әкімшілігі алдында ықпаңды адам болғаны аңғарылады.

«Әділ биге жүгінсен,
Шегеннің Қазыбегіне жүгін!
Жүйрік биге жүгінсен,
Қазбайдың Наурызбайына жүгін.
Балқожа да би екен

Бірақ, түйесі түнде боталаған би екен» – деп Ақкошқар би айтпакшы, үкіметке жаққанымен кара халыққа жақпады ма, оның билік айтқан сөздері ел жадында сакталмажан.

Алайда, Балғожаның мырзалығы мен тапқырлығы, терең ойлышы, ұстамды сейлей билеттің мына бір әнгімен көрініс береді:

Жасы үлгайған шағында Досбол Сыр бойынан Торғайға кайта келіп, туған-туистарын аралайды.

Балқожа Досболды құшак жая қарсы алып, қонақ етеді. Кетерінде бір үйір жылқы тарту етеді. Бірақ Досбол оны алмай қасындағы Мұғал ақсақалға байлайды. Балғожа бұған риза болып, ұлы Қошанга «Досекемнің біздің ауылдан құр аттануы ұят болар, қосарына бір ат әкей байла» дейді. Қошан көзі соқыр, өзі кәрі бір кек атты ұстап әкеледі.

Сонда Досбол:

« – Уай, Балқожа, сен алдымен өзіне кара, екінші мына маган кара. Сосын ана соқыр аттың көзіне кара, Қошан мырзаның жүзіне кара, – дейді.

Көкірек сарайы данғыл Балқожа би оның емеурінің дәл таниды. Бірақ терендіктен дыз етпе ашуды басып тастай біледі. Жұрт көзінше баласына әлдекімдер сиякты ашы шақырып, кіжініп жатпай, кендік танытады.

– Досеке, – дейді Балқожа жұрт назарын өзіне қаратып:

«Хандарда да бір мін бар,
Қарашасын бірдей көрмейді.
Байларда да бір мін бар,

Есігіне келген кемтарға,
Өзі түрып орнына
Қолынан қайыр бермейді.
Жүйріктे де бір мін бар,
Жоргамен табандасып жемлейді,
Жоргада да бір мін бар,
Жал-құйрығын сүзіп салсан да,
Бәйгеден озып келмейді.
Әйелде де бір мін бар,
Ажары сұлу болса да,
Ақылы сай келмейді», –

деп өзіңіз айтыпсыз ғой, әркімде де мін болатынын ескертіп. Баланыздың бір шалалығы шығар бұл. Не дегенмен болар іс болып қалыпты. Енді осының айбын да, билігін де өзіңіз айтыңыз, – деп салмақты Досболдың өзіне салады.

– Билік айтардай мен дауға келіппін бе, айтып алардай мен жауға келіппін бе, бұған мен не дейін, Балқожа-ау. Ал әйтеуір күр қол жібермеймін десен, берер атың дос сүйсінер, дүшпан күйінер бірегей болсын.

«Жуандығы, Балқожа өзіндей болсын,
Жорғалығы менің өзімдей болсын.
Сұлулығы мына Қошанжанның қөзіндей болсын.
Актығы Бұхардың ақ бөзіндей болсын.
Жеріміз шалғай, жүрісіміз көп,
Аяғын тұсар асау, тарпаң болмасын,
Өмілдірік, құйысқан бізде жок,
Ері алға кетер еңек,
Артқа кетер шалқақ болмасын», – дейді.

– Е-е, Досекемнің кезі Бозжорғаға түскен еken ғой, Әй, Қошан, алыш кел менің Бозжорғамды, – деп Балқожа баласын қайта жұмсайды. Сейтіп, жұз тұсак беріп сатып алған Бозжорғаны би өз қолымен Досболға жетектеткен еken» [Төрекұлов Н., Қазбеков М. Казактың би-шешендері. – Алматы: Жалын, Кітап, 1993. – 255 б.].

Ұбырайды Қаумен деген құдасы қонаққа шақырып, қасыңызға балуан, әнші-қүйіші, жыршы дос-жарандарынызды ерте келиніз десек керек. Алайда Ұбырай Нұржан Наушабаевты тана ертіп барыпты.

Қаумен біраз отырганнан кейін Ұбырайға:

– Кеп кісімен келе ме деп ойладап едік, қасыңыздаты мына баладан өзге спікім жоқ қой, – дегі.

Сонда Ыбырай:

– Эңшілік те, күйшілік те, жыршылық та, балуандық та осы бір жігіттің басында. Бір өзінің өнері төрт кісіге татиды, – деген екен.

Ел аузында Ыбырай айтты деген тапқыр сөздер жиі ұшырысады.

«Балғожа – ел ішіндегі атақты бай ері атынулы би, шыныжыр балақ, шұбар тәс феодал, ері патшалық Россияның шекаралық өкімет орындарымен ауыз жаласып, тіл табысқан, патша әкімдеріне өзінің адал қызметімен әбден жаққан, соның аркасында олардан шекпен киіп, шен алған ірі шонжар» [«Ыбырай тағылымы», 113 б.] .

Калай дегендеге де Ыбырайдай ұл өсіріп, тәрбиелеген Балғожа есімі ұмытылмақ емес. Бірақ, оның аты-жөні Қазак Совет энциклопедиясына енбеген.

ҚАЙЫНЖҰРТЫ

Ыбырайдың сүйіп қосылған жары Айғаныс туралы қызметтес болған шәкірті, кейін ізін жалғастырушылардың бірі Габдолғали Балғынбаев «Айғаныс ұзын бойлы, қызыл шырайлы, сәл сопак бетті, татар тектес, кой көзді, акқұба, көп сөйлемейтін, мейілінше қарапайым, сауаты жоқ кісі еді. Үйдің бар шаруасын бір өзі басқаратын» («Алтынсарин туралы естелік». «Ыбырай тағылымы», Алматы, «Жазушы» 1991. 365 б.) деп балажандығына, қонақжайлышығына да тоқталса, Мәриям Хакімжанованың 1947 жылы Хасан Сабитов деген 91 жастағы ақсақалдан жазып алған «Алтынсарин өмірінің кейір бәттері» естелігінің «Алтынсаринді ояз Крейсмердің қонақ етуі белімі»: «Ыбырайдың әйелі кәдімгідей сол кездегі орыс халқының күімін киген. Басында жерге сүйретіліш жатқан ақ шәлсі бар екен, – деп басталады. – Әйелімен екеуінің қатар отырғандағы кияптын қандай шешендердің тілі суреттеп жеткізе алмас мен түгел. Бізге олардың үстіне кіру қайда онда, кешкі дейін қонақ болды... Ыбырайдың әйелінің екі көзі тостагандай, екі беті алмадай, екі ишінә екі кісі мінгендей зор адам екен» [Ана тілі, 2002, 21 қараша, Б.10.] .

Осы Айғаныс кімнің қызы?

Габдолғали Балғынбаев та [«Алтынсарин туралы туралы естелік», «Ыбырай тағылымы», Алматы, Жазушы, 1991. 365 б.], Ұлы агартушының өмірі мен шығармашылығын зерттеуші галымдар Бегежан Сүлейменов те, [Сонда 50 б.] Әнүар Дербісалин де

{«Ыбырай Алтынсарин. Алматы. «Казакстан. 1965. – 18-20 б.] Ыбырайдың кіші жүз Жаппас руынын Айғаныс атты қызына үйленгенін айтады. Бірак Шолактың экесінін атын атамайды.

Енді бір күжатта «Женат на дочери ордынца Перовского уезда Сыр-Даринской области Чулакова – Айганыс» [ЦГА РК Ф.И-25 Оп.1. Д. 22557. Л. 20-25]. – деп жазылған.

Қазак ССР ғылым академиясы Ш.Ш.Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институты шыгарған «Ы.Алтынсарин» үш томдық шығармалар жинағында: «Ибрагим Алтынсарин был женат на Айганым – дочери знатного казаха Перовского уезда Сырдаринской области» – [Алматы. I-том. 1975-47 б], – дедінген. Жоғарыдагы ғалымдардың айтқанынан айырмашылығы Айганысты Айғаным деп көрсеткен. Мұнда қыздың экесінін аты-жөні мүлде айтылмайды.

2000 жылы Костанай облыстық мәдениет баскармасы МКҚК Костанай облыстық Алтынсарин мемориалдық мұражайы бірінші шыгарған «Ыбырай Алтынсариннің отбасы және туыскандары» атты әдістемелік-кеңілдемелікте де «Ыбырай 1864 жылы Сырдария облысы (казіргі Кызылорда облысы) Перовский уезіне карасты Жаппас руындағы Шолак леген кісінін Айғаныс атты қызына үйленеді» (2 б.). – деп жазылған. «Жана Сарыарқа» журналының 2006 жылғы екінші нөмірінде Алтынсариннің анасының аты Айман екені айтыла келіп: «Ыбекеннің жастық дәуренінде ғашық болған қызының аты да – Айман. Балғожа бидін манайында оны паналаган қонысылары көп болған. Сол күдайы көршілердің бірінін қызы Айман сұлулығына коса ақылды да болған екен. Жазда окудан босап демалыска келгендे ғашығына кездесіп, косылмакқа уәделеседі. Бірак Ыбырай окуын бітіріп, елте келе жатканда Айман Тобыл өзеніне суға кетеді. Сейтіл жас жігіт ғашығына косыла алмай катты кайғырады.

Дегенмен бидің немересін манайындағы жігіттер жұбатып, «Ыбеке, соңша беріліп кайғырманыз, бір өкініш болып өтті. Сіз Айманнның сінілісі Айғаныска назар аударып көрініші. сол қыз Айманнан кем емес», – дейді.

Шындығында жігіт ес жиган соң байқап караса аласынан түрі де айнымайтын, ақылта да зерек қыз екен. Сол қызға үйленеді» дедінеді.

«Қазак әдебиеті» газетінде 1991 жылы 22 караашада жарық көрген «Алтынсарин айналасындағы адамдар немесе замандасы мен қайын атасы» деген макағада Шолак Айбасов Ыбырайдың қайын атасы екені айтылып, суреті берілген.

Ал Ы.Алтынсариннің 1888 жылғы қызмет формулярында оның Перовск уезіндегі Сырдария облысының тұрғыны Шолақова Айғанысқа үйленгені жайында мәлімет бар. (мем.архив, 25 кор, 1-тізім, 2185 -іс).

Тарихи-тәнімдық мақалаларымен танылған жүрген, талантты журналистеріміздің бірі Тілекқабыл Боранғалиұлы Астананың «Елорда» баспасынан 2004 жылы жарық көрген «Ғасырдан тәбәрік» кітабында жоғарыда аталған мәліметті келтіре отырып, Айғаныстың фамилиясы Шолақова екенін, әрі Ұбырай бұл отбасымен араласып тұрғанын, Ш.Айбасов пен оның балалары Ержан, Нұржанның елге елеулі азаматтар болғанын, дәлелді жеткізеді. Тілекқабыл «Ұбырай Айғанысқа 1868 жылдың 1 мамырында үйленді, ал Шолактың отызы екі жылдан соң әлі де «Перовск уезінің қазағы» болып жүруі түсініксіз», – деп казіргі Қызылорда облысы мен Шолак қызмет еткен Жайық-Шыңғырау саласының аралығының ете қашық екенін еске салып, Шолак Айбасовтың Ұбырайдың қайын атасы екенине күмәндانا қарайлды.

Н.И.Ильминскийдің естелігінде Ұбырайдың Шолак Айбасовтың ауылына барып қымыз ішіп қайтсам деп сұранғаны сөз болады. Ильминский осы естелігінде Айбасовтың ауылы Орынбордан 150 шақырым жер екенін, Ұбырайдың Шолак Айбасовтың ұлы Ержан Шолақовпен жақсы таныс болғанын, 1873 жылы қазақ алфавитін жасау үшін комиссия құрылғанып, орыс тілін билетін білімді екі қазақ ұсынылғанын, олардың бірі Орал облысынан Ержан Шолаков та, екіншісі Торғай облысынан орыстың жазба және ауызекі тілін жақсы билетін, қызметте тындырымды әрі ИРГО-ның Орынбор бөлім жазбаларына жарияланған қазақтың этнографиясы жайында жазған ерекше еңбектерімен де өзіне назар аудартып жүрген Торғай уездік басқармасының іс-қағаздарын жүргізуі Алтынсарин екенін, алайда өзі бұл іске Ұбырайды таңдағанын айтады. [«Ұбырай Алтынсарин тағылымы» Алматы, Жазушы, 1991. 353 б.]

Ш.Айбасов ауылы Торғайдан өтө жырақ, әрі Ф.Балғынбаев, Б.Сүлейменов т.б. айтқан Шолактан бұл Шолактың мекен-жайы да қызметі де басқа. Сондыктан біз де Ш.Айбасовтың Ұбырайдың қайын атасы екенине күмәнмен қарап, іздестіре бастаған едік. Сол ізденісіміз зая кетпеді. Колымызға XIX ғасыр және XX ғасырдың басында патша өкіметінің отаршылдық әкімшілігінде қызмет атқарған казак даласы элитасының өкілдеріне арналған, әліпбілік, есімдік, формуляларлық, сондай-ақ қызмет бабындағы анықтамалық

тізімдер, т.б. мұрагаттық құжаттар енгізілген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» деген кітап түсті. Кітаптың VIII томының (Екінші бөлімі) 299 бетінде Шолақ Әбілев дегендің биі екендігі, руы Жаппас, Каракәз бөлімі, қыстауы Сыр бойы, жайлауы Әйет өзені, жағдайы жақсы, жасы елуде, білімі жоқ, мінезі біртога, үкіметке берілген және оған қашан да қызмет етуге дайын адам болғаны айттылады. Одан әрі «1853-1854 жылдары мемлекет мұлкін тасымалдау кезінде көлік беріп көмектескені үшін 1855 жылдың 17 сәуіріндегі № 625 куәлігімен шұға шекпен сыйға тартылды. 1859 жылғы 18 тамыздағы бұйрық-куәлігіне сай Сырдария шебіне қажетті 650 бөренені жеткізу үшін ол Орынбор бекетіне 140 жетекші баставан 560 түйе жеткізіп берді.

1860 жылдың 11 сәуіріндегі № 353-ші куәлігімен Наурызым орманынан Орынбор бекетіне ағаш тасуға түйе бергені үшін сыйға қылыш тартылды.

Экспедицияларда болған жок. Әйелі – Қалампир 37 жаста, қызы Айғаныс 15 жаста. Сотталмаған. Қарауында 337 тұтін, 2400 түйе, 650 жылқы, 155 сиыр, 15 мын 250 кой, 340 ешкі бар. Қол қойған қазактардың басқарушысы ясаул Бірмұхамед Құланбайұлы» деп баяндалады. Бұл мәлімет 1867 жылы жазылған.

Мұнда Шолақ Әбілевтің Сыр бойының казагы екені, қызының есімі Айғаныс екені анық көрсетілген ғой. Сонда да анықтай түсу мақсатымен Шолақ Айбасов туралы жазылған мәліметті іздестіріп кітаптың 263 бетінен «Зауряд – Хоруижи Шолақ Айбасов 1856 жылдан бері даланың Батыс жағының билеушісінің көмекшісі. 1850 жылдан патша үкіметіне қызмет етеді. 1855 жылы күміс медалмен маралпатталады. Үкіметке берілген және оған адал қызмет етуімен ерекшеленеді», – деген жолдарды таптық. Сондай-ақ 138 бетінде Шолақ Айбасовтың шағын мұрты мен сақалы барлығы, жайлауы – Шыңғырлау мен Сары-Салды, қыстауы Елек қалашығының қарсы бетінде екендігі, уш ұлы бары жазылыты.

Біз осы мәліметтерден кейін Ұбырайдың кайын атасы Шолақ Айбасов емес, Шолақ Әбілев деген шешімге келдік.

Ғ.Балғынбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» Ұбырайдың жасы жиырма бестер шамасында үйленгендін айтса, Қостанайдагы Ы.Алтынсарин мұражайы шығарған әдістемеліктे Ұбырай 1864 жылы үйленді делінеді, Қазақстан Мемлекеттік орталық архивіндегі бір құжатта «1968 жылдың 1 маусымы» десе [ҚМОА, 25 кор, 1-тізбе, 2557-іс, 26-27 параптар], Т.Боранғалиұлы да 1868 жылдың 1

маусымында деп айы, күніне дейін көрсетіп жазады. Жоғарыда айтылған «История казахстана в русских источниках XVI-XX веков» кітабына сенетін болсақ Т.Боранғалиұлы көрсеткен 1868 жыл дұрыс. Өйткені 1864 жылы Айғаныс небәрі он екі жаста ғана болып шыгады.

Айғаныс 1921 жылдың сұрағыл ашаршылықта қайтыс болған [Әуезов М. Ұбырай Алтынсарин. Алаш кесемсөзі. 10 томдық, 2-кітап. Шолттан. – Алматы: Өнер, 2010. – 244 б.].

СЕЙДАЛИНДЕР

Ы.Алтынсариннің 1888 жылғы 31 желтоқсандағы В.В.Катеринскийге жазған хатында: «Үргыздагы қыздар интернатында казак қыздарының санын 20-ға дейін көбейту туралы губернаторға ұсыныс енгізген едім... Ал мен, әсіресе, Сейдалиннің және, құрметті қамқоршы болып тағайындалып отырған, уезд начальникінің әйелінің көмегімен бұл жұмыстың Үргызда жақсы жүретініне көзім жетіп отыр...» /Ы.Алтынсарин. «Таза бұлақ». – Алматы. Жазушы, 1988. 304 б./, – деген жолдар кездеседі.

Ильминскийге 1889 жылы 6 наурызда: «...Үргызда мировой судья және тергеуші болып Альмухаммед Сейдалин істейді. Ол қазактарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Был ол казак қыздары үшін Үргызда казак сахарасындағы ең тұнғыш, 20 кісілік қыздар мектебін ашуыма көмектесті» /Ы.Алтынсарин. «Таза бұлақ». – Алматы. Жазушы, 1988. 310 б./, – деп Әлмұхаммед Сейдалин ісіне баға береді.

Осы сияқты Ұбырай Алтынсариннің «Қышақ Сейітқұл» очеркінен Тілеу Сейдалиннің атын кездестіреміз /Ы.Алтынсарин. «Таза бұлақ». – Алматы. Жазушы, 1988. 54 б./.

А.Сейдалин – Әлмұхамет Күнтөреұлы Сейдалин де, Т.Сейдалин – Тілеумұхамет Айтөреұлы Сейдалин ағайынды екі кісі – Күнтөре мен Айтөре Сейдалы сұлтаннан туады. Ал олардың әкесі – бәріміз билетін атакты Әбілхайyr ханының үлкен ұлы Нұралы хан. Ә.Сейдалин – Үргызда қыздар мектебін ашуга көмектескен, әрі басқаларға үлгі-өнеге болсын деп өз қызы Гүлжаяндарды сол мектепкес окуга берген.

Гүлжаяндар кейін Ресейдің бірінші және екінші мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған Ахмет Корғанбекұлы Бірімжановқа тұрмысқа шыгады. Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Фылым Академиясының корреспондент-мүшесі, химия

ғылымдарының докторы, профессор Батырбек (Баташ) Ахметұлы Бірімжановтың анасы.

Корғанбектің екінші әйелі Гүлмайдан – Сейдалы төренің қызы. Ягни, Сейдалы төренің тұқымдары Бірімжановтар әuletімен құда жеюкат болып жақсы арадасып тұрған. Ахмет пен Эбдікәрім және бір қыз Корғанбектің бәйбішесінен, Газымбек, Қазима, Батырхан, Шәкен, Мұхтар, Нұркен, Эбдікәрім, Нұрхан, Жұмахан, екінші әйелі – Гүлмайданнан туады.

Тілеумұхаметтің де Ұбырайға көмегі көп тиген. 1890 жылдың 4 казанында Торғай облысы әскери губернаторының ұсынысымен Т.Сейдалинге Торғай қаласында орыс, қазак училищесін ашып, оларға қазақтардың балаларын шақырып, ұйымдастырганы үшін алғыс жарияланады. Бұл уақытта, ягни, дәлрек айтсақ, ол 1890 жылдың 8 желтоқсанынан 1891 жылдың 5 сәуіріне дейін, алдымен Торғай уезі бастығының ауруына, одан кейін қайтыс болуына байланысты Торғай уезі бастығының қызметін атқарған.

Әлмұхамет 1866 жылғы 13 наурызынан 1869 жылға дейін Орынбор облысы қазақтарының Батыс бөлігінің басқарушы сұлтаны, 1895 жылы Киев губерниясының радомысль бөлімшесінде бітімші сот болып, кейін Қостанай, Үргыз, Торғай уездерінде қызмет істеген, полковник.

Әлмұхамет те, Тілеумұхамет те 1848-1855 жылдары Орынбордың Неплюев кадет корпусында оқыған.

Ы.Алтынсариннің, Әлмұхамет, Тілеумұхамет Сейдалиндердің де, Х. Көлжасаровтың да кадет корпусына окуға түсүіне жағдай жасап, көмектескендердің бірі полковник, Орынбор өлкесі Шығыс бөлігінің әкімі Ахмет Жантөрин еді.

Әлмұхамет Статский кенесшісі шенін, әулие Владимир орденін алған. III. Уәлихановтың жан досы, оның аты Шоқанның таңдамалы шығармаларында да кездеседі /Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. т.5. Алма-Ата. 1985. 137 стр./.

Қазақ Мемлекеттік Орталық мұрағатының жанындағы мұрағаттану орталығының менгерушісі Марат Эбдешевтің жазуына қарағанда, халық композиторы, әнші, домбырашы Мұхит Мерәліұлының атакты «Зәуреш» әні осы Әлекеннің бірінші әйелі қайтыс болғанда пыққан /»Қазақ әдебиеті». 22 қараша, 1991. Б. 3./.

Гүлнэр Дулатованың «Жұлдыз» журналының 2003 жылғы үшінші нөмірінде жарық көрген «Асылдың сыйығы» аталағын

естелігінде «Зәуреш» әнінің қалай шыккандығы бұлтарғына дәлелдермен некты айтылыпты.

«Мына естелікті жазарда. Энелдің (Батырбек Бірімжановтың жолдасы – С.О.) берген баға жетлең екі қағазы мен ескі суреті колымда.

Біріншісі: Медет төрөнің (Ә.Сейдалиннің кайын атасы) қызы Зәурешке арнаған он бір шумактан тұратын жоктау зарын (қадімгі жүрттың аузынан тастамай салатын Мұхиттің «Зәуреші»), кириллицаға түсіріп 1909 жылы 21 августа «Под диктовку Жакен» деп жазған Зұлкарнайын Сейдалиннің колтанбасының көшірмесі. Екіншісі: Баташ ғамызыздың шешесінен естігендерін бір парап қағазға сыйдырган колжазбасы еді. Енді осы деректі жазбаларды қалпында өзгерпестен көлтірейін.

1. Шырағым, сенің үшін елден келдім.

Баяғы өзін өскен жерден келдім.

Сен неге мен келгенде козғалмайсын?

Құшактап бір сүйейін, деген едім.

2. Алдымнан үміт еттім шығар-ау деп,

Атанның хал-ахуалын сұрап-ау, деп.

Козғалмай өзгелерге де жатсан дағы,

Орныңнан менің үшін тұrap-ау, деп.

3. Сен едің аккан менің бұлагым-ай,

Құдайдан ғұмырыңды сұралым-ай!

Қалғаны отызымнан, ғазизым-ай,

Сенің де кеткениң бе, шырағым-ай.

4. Құлпытас басындағы айы биік,

Шырағым құлаш жерге жатыр сыйып.

Шамшырактай екі көзін жарқыратып,

Койды екен кара жерге неғып киып.

5. Рұхың білген шығар келгенімді.

Оқыдым мінажаттан білгенімді.

Каншама зарласам да жауабын жоқ,

Мен, сенің жана білдім өлгенінді.

6.Сақталмас болат пышақ қын болмаса,
Өтірікті еш жан сүймес, шын болмаса.
Айрылып өз баламнан қалғанымда,
Немерем қалсын тағы, тым болмаса.

7.Қайғының жапа қалдым қиынына,
Сел болды көзім жасы қойыныма.
Құшақтан қабырынды біраз жаттым,
Еркелеп асылар деп мойыныма.

8.Күдайым, енді мені алсын дағы,
Күрғығын Хазрайыл салсын тағы.
Айрылып өз баламнан қалғанымда,
Немерем тым болмаса қалсын дағы.

9.Досқа – дос сенгенінен сыр айтады,
Баласы атасына пын айтады.
Бәрі де отзыымның қалды өліп,
Ата, деп енді мені кім айтады?

10.Дүнияны фани дерміз жалған үшін,
Жақсының қысқа ғұмыры, арман үшін.
Баламнаң Әлмұхамед үмітім зор,
Жараны кетірер деп, аруақ үшін!

11.Шыңғырлау су болса да, Жайық емес,
Біздерге айту есiet лайық емес.
Сонда да ішім толып жанса дағы,
Азырақ леп шығарған ғайып емес!

Под диктовку Жакен. Зұлқаш. Бузулук».

Одан әрі де Гүлнэр апай Батырбек Бірімжанов жазып қалдырган
құжатты сол қалпында берген:

«Бұл, Зәуреш деген елеңнің айтылып, жазылып жүргендерінен
толынғырақ түрі, біздің семьямыздың архивіндегі менің шешемнің
қағаздарының арасында жатыр.

Шешемнен естуім бойыниша, Зәуреш Батыс қазакстандық Медет
төрөнің кызы екен, Әлмұхамед Күнтөреевич Сейдалининің бірінші

жамағаты болған. А.К.Сейдалин Орынбордагы Кадетский корпусы бітірген офицер, ол кезде Адай елінің правителі. Зәуреш шешектен қайтыс боларының алдында күйеуінен тілепті: «Мени Орынборға қой, Орынбор орталық қой, езің, не келешек балаларың басыма келіп тұрарсындар». Элкеннің кейін алған, екінші жамағатынан тұган ұлдары – Жиһанша, Яхия, Зұлқаш. Зұлқарнайын Орынборда оқып жүргенде әкесінің тапсыруы бойынша ұлken шешесінің басына барып тұрыпты. Медет тәре қызына бата оқып келгенде шығарған зарында, күйеу баласына да арнап айтқаны бар (10-шы шумак).

Өлеңнің аятында кол қойған Зұлқаш Орынбор гимназиясында оқып жүріп патшага қарсы ұйымға қатысаны үшін «Волчий билеттін» оқудан шығарылып Бұзулықта тұратын (Самарская губерния) қарындасты Жәкеннің үйіне келіп тұрған. «Под диктовку Жакен» деп отырғаны сол кеште (21 август 1909 ж.) ағасы мен қарындасты қосылып «Зәуреш» әнін салып, ауындағы бір кездерді, есіне алған болуы керек.

Жекен – Гүлжаунар Альмухамедовна Сейдалина ол кезде Ахмет Кургамбекович Бірімжановтың жамағаты болған кезі, менің тұган шешем.

Батыrbек Бірімжанов

21 август 1979 ж.».

Нұралы хан, Нұралыдан Қаратай. Қаратай сұлтан 1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылып, Жайық пен Сыр, Орынбор мен Үстірт аралығындағы ұлан-байтақ аймақ үшке бөлініп, әрқайсысын жеке-жеке әкім билеген заманда батыс бөлікті басқарады. Осы Қаратай сұлтанның ұлken ұлы Еркіннен (Еркінгалидан) Мералы туады. Мералыдан Мұхит.

Мұхит, шын аты Мұхаметкерей (1841-1918) атақты композитор. Медет тәре қызы Зәуре қайтыс болғанда бірге келеді.

«Мұхит есейіп қалғанда ел арасында Медет деген кісі жөнінде аныз тарайды. Ол анызда Медеттің үш әйелінен отыз ұл, бір қыз болады. Елге келген ауру-апаттан Медеттің отыз ұлы бірдей өліп, жалғыз Зәуре деген қызы қалады. Медет Орынборға жолаушылап кетіп, қайтып келгенінде Зәуре де өліп, тек шошайып моласы ғана қалады. Медет моланы құшқастап қүніренеді. Міне, осы трагедия Мұхитты кобалжытады. Ол домбырасын альп, Медет айтыпты деген сөздерге ән шығарады. Әниң аты халық арасында «Зәуреш» болып

тарайды...» /Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, Жазушы, 1975. 103-104.

С.Есжанов та «Қазак әдебиеті» (11 маусым, 1991) газетінде жарық көрген «Ән оздырган Оралдан» атты мақаласында «Зәурештің» осы аңызға байланысты туғанын айтады. Аңыз түбі шындық болып шықты.

Ә.Сейдалиннің үлкен ұлы Жансұлтан Сейдалин (1856-1919) Казан университетінің, кіші ұлы Жиһанша Сейдалин (1877-1923) Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Жиһанша 1916 жылы 25 маусымдағы патша жарлығына орай «Қазактар туралы естелік жазбалар» атты құжатқа Бақытжан Қаратасев екеуі қол койып Мемлекеттік Думага, Мемлекеттік Кенеске, ішкі істер мен әскери соғыс министрліктеріне тапсырығаны үшін саяси күғынға ұшыраған.

Шоқан Уәлиханов «Токтамыс хан» жырын 1841 жыны Аманқарағай округінің тұргыны Жұмабұл ақыннан жазып алғып, тағы да басқалардың айтуымен экесі Шыңғыс екеуі толықтырып баспаға дайындаған. Кейін П.М.Мелиоранский 1903-1904 жылдары Петербург университетінің заң факультетінің IV курсында оқып жүрген Ж.Сейдалиннің осы жырда кездесетін көне сөздерді түсіндіруге көп көмек жасағанын айтады [Мелиоранский П.М. Сказание об Токтамыше и Едиге, киргизский текст по рукописи принадлежащий Ч.Ч.Валиханову. СПБ, 1905, стр. 1-2].

Жұмабұл емес, дұрысы Жаманқұл екенін Сәбит Мұқанов пен Балтабай Адамбаев та («Қазак әдебиеті», 12 қараша, 1965), Ақылбек Шаяхметов те бұлтартпас дәлелдермен айтқан. «Жаманқұл ақынның зираты Сарықөл ауданына қарасты бұрынғы Чехов атындағы кеңшардың Қарасу ауыльшың жаңында... Құлпытаста «Руы бұлтың қышишак құрлеуіт Байқожа Сатыпалды баласы Жаманқұл» деп жазылған (Шаяхметов А. «Құрлеуіт Жаманқұл ақын». «Жас өркен-Қостанай», № 3. 2003. -12 б.).

Бұркіт Ысқақов «Мәмбетәлі Сердалин» деген мақаласында Мәмбетәлінің 1886 жылы Петербург университетіне окуға түсіп, онда Лениннің ағасы – Александр Ильиг Ульяновпен бірге жаратылыстану факультетінде оқығанын айта келіп «ол сонымен бірге осы университетте оқып жүрген оралдық Бақытжан Қаратасев, қалалдық Барлыбек Сырттанов, қостанайлық Жансұлтан Сейдалин, актөбелік Абдолла Теміровтермен танысып, дос болып, байланыс жасаи

тұрады» [«Ұмытылмас есімдер» – Алматы, Қазақстан, 1994. 209 б]. – деген жазады.

Жансұлтан да, Жиһанша да халық қамын ойлаң, оқу-ағарту істерімен айналысқан. Екеуі де «Айқап» журналына мақалалар жазып тұрған. Мәселен, Жансұлтан «Народный сот» деген мақаласында халықты сот жұмысымен таныстырса, «Ұрлық түбі – қорлық» мақаласында жаман әдептен жирену керектігін айтЫП, сактандырады. Осы сияқты журналда оның әдеттегі ғұрып, салт-дәстүр, әкімшілік, жер пайдалану жайлары туралы жазылған тағы да басқа дүниелері жарияланған.

Жиһаншаның да жазғандары оқу-ағарту, жер мәселесі жайында: «Бас қосу», «Азып-тозып кетиске не амал бар?», «Балмұхамет Тәшеновке жауаг», «Үлгі аларлық іс», «Съезд туралы», «Жер жайынан бір-екі ауыз сез», «Шаһар Тройцк 1 декабрь, 1913 жыл», «Әке мен бала», тағы басқа мақалалары сонын айғағындаидай.

Яхия, Зұлқарнай Сейдалиндер (Әлмұхаметтің балалары) Орынбор гимназиясын бітірген. Смағұл Әлмұхаметұлы Сейдалин 1927 жылдары Қызылордада Бірімжановтармен бірге тұрған, қаралайым кісі болған.

Гүлжінан (Гүлжікей) Әлмұхаметқызы Сейдалина – Шайкемелова да Үргыздагы алғашқы 4 жылдық қыздарға арналған мектепті, кейін Алматы педагогикалық техникумын бітірген. Ұзақ жылдар ұстаздық еткен. Гүлжінанның жолдасы Мақсұт Шәйкемелұлы да Бірімжановтар әзлетінен. Нақтылай айтсак, Бірімжаннан – Шәйкемел, Шайкемелден – Максұт (Масғұт). Рабига (Ракыш) Әлмұхаметқызы – Тунгачина. Варшава университетінің малдәрігерлік факультетін бітірген Ахмет Тунгачиннің зайыбы.

Мәриям Жансұлтанқызы Сейдалина – қазактың ақын қыздарының бірі.

«Айқап» журналының кітап болып шыққан нұсқасында (Қазақ энциклопедиясы, 1995. 301 б.) Сейдалина Мәриям – Жиһанша Сейдалин мен Жансұлтан Сейдалиниң карындасы деген жазылған. Филология ғылымдарының докторы Сапарғали Омарбеков «Ақиқат» журналында жарық көрген «Алаш» шанырагын бірге көтеріске» [2001. №4, 57 б.] деген мақаласын оқығанымызда дұрысында Мәриям Жансұлтанның қызы екенине көз жеткіздік.

М.Сейдалина «Айқап» журналында жарық көрген «Зарлау» деген өлеңінде

... Өшер ме ұзын қара түн,
Түсер ме бізге ашық күн.
Надандықтан күтіліп,
Табар ма қазақ тура жөн.

Бауырым, қазақ елім-ай,
Сыздайды жүрек халыңда.
Төгемін көзден жасымды,
Шыдамай ауыр зарыма.

Қарандыдан бір дауыс
Шүркірайды «жүртім» деп.
Зарлап айттар екі сөз
Жылама, – дейді – үміт ет.

[«Айқап. № 1, 1914»], – дей келіп, халықты «соз қолынды, өнер ал, заманыңа қарай амал ет» деп өнер-білімге үмтүлуге шакырады.

«Тұр, қазақ» өлеңінде де
Болма жалқау, қазағым,
Жалқаулық ерге пайдасыз.
Түсерсің бір күн тозаққа,
Надан болсаң айласыз.

Өкініште қалып жүрме,
Алты алаш, қазақ баласы.
Қаптаң қала, жерінді
Айрылды елдің арасы.

Өткен заман қайтар деп,
Көз жасынды құр тәкпе.
Атқан оғын жанаң деп,
Көз талдырма, құр күтпе! – деп қандастарын бос қарап жатпаута үндейді.

«Көздер» атты бір шумак өлеңіндегі «Көздерін түннен қара, құнисен ашық, түн ұйқым бұзылады, түсім қашып» (Бұлар да сонда) деген жолдардагы тенеулер қандай әдемі?!

Мәриям Жансұлтанкызы Сейдалина 1913 жылы Ақмола облысынын Атбасар уезінің қазағы Сейілбек Жанайдаровқа түрмиска шығады. Оқиға былай болады: Сейілбек пен Мұстафа (Шоқаев) Санкт-Петербургте оқып жургенде Тройцк қаласында тұратын

Жансұлтан Сейдалиннің көркем де ақылды оқыған қызы бар деп естіп, әдейі іздел барады. Қыз екеуіне де ұнайды. Алайда Сейдалин қызын Сейілбекке береді. Сейілбектің әкесі Мейрам Жанайдарұлы (1844-1921) «Дала уалаятының газетінде» [1885, № 41-49] «Мың бір тұн» оқигаларын тұнғыш рет қазақшага өлеңмен аударған ел-жүртүш мәдениетке, өнер-білімге шақырган адам. Ол «Айқап» журналының берінде [1912, № 1] Қазақ туралы мәселе көтерді. Дәүлетті болған кісі. Қолындағы мал-дәүлеттің ауыльында орысша оқытатын мұғалім жаңдауга, балаларына европаша тәрбие беруге жұмысған. Талапты балаларын Атбасардағы, Омбындағы орыс окуына берген. Бір баласы Петербург университетінде зан факультеттің бітірген» [«Дала уалаятының газеті», Алматы. Ғылым. 1994. 10 б.].

Мейрамның осы Петербург университетін бітірген ұлы Сейілбек Жанайдаров.

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетін ашқанда Петерборда оқып жүрген алты қазақ студенті құттықтан хат жазады. Бұл жөнінде Мейрам Жанайдарұлының немересі, филологияғының докторы Сапарғали Омарбеков «Сонда хатқа бірінші болып қол қойған – Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров еді. Бұл – Сейілбектің Петербор университетін бітіретін 1913 жыл екен. Газет, баспасөз мекемесі жөнінде салиқалы пікір түйген осы мазмұнды хаттағы алтаудын біреуі – Мұстафа Шокай болатын. [Омарбекұлы С. «Алаш» шаңырағын бір көтерісін». «Айқап», № 4. 2001], – деп жазады.

Тағы бір айта кететін жайт Сейілбектің әкесі «Мейрам Жанайдаровтың киіз үйі 1876 жылы Петербургте өткен ариенталистердің үшінші конгресінде тігіліпті» (Сейдімбеков А. «Күнгір-күнгір күмбездер». – Алматы: Жазушы, 1981, 189 б.].

Мейрам Жанайдарұлы жайында «Дала уалаятының газетінің» 1892 жылғы 1-7 сандарындағы «Орыс патша наследнігі Цесаревич Николай Александрович Хазіретінің Омбы шаһарына келіп қазактардың көшкенін һәм ат шабыстарын көргені» деген мақалада біраз мағлұмат берілген. Онда ол тіккен киіз үй суреттеліп, ат жарысында бірінші бәйгені жеңіп алғаны айтылады.

Сейілбек Витебск губерниясында қызмет істел жүрген кезінде Мәриям сол жерде баладан қайтыс болған.

Ыбырайдың 1873 жылы 7 маусымда Н.И.Ильминскийге жазған хатындағы «Мұнда жаза койсаныз ол хатынызды июльдің аяғына дейін Тройцкідегі Николаевск уезд начальнигінің аға көмекшісі Тілеу Сейдалиннің атына, ал одан кейін жазсаныз Торғайға жіберуге

болады» Ы.Алтынсарин. «Газа бұлак». – Алматы. Жазушы, 1988. 206-208 б./, – деген жолдарында Тілеумұхаметтің қандай қызмет атқарғаны тайта таңба басқандай анық жазылған.

Т.Сейдалин Ресей география қогамының толық мүшесі, фольклор мен құқық негіздерінен еңбектер жазған қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі. Ол сондай-ақ Сейітхан Жантөринмен бірлесіп 1875 жылы «Образцы киргизской поэзии, собранные и переведенные членом-сотрудником Т.А.Сейдалиным» действительным членом Русского Географического общества С.А.Джантуриным» деген кітап та шыгарған.

Әубәкір, Қырымгерей, Мәдина, София да осы Сейдалиндермен бірге туысқан.

Ы.Алтынсариннің 1860 жылы 18 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хаты: «Осы айдан 15 күні кешке таман, үйім толы қонақ, Сейдалин Сұлтан екеуміз әңгімелесіп, бір жас қазақтың айткан әнін тыңдал отыр еді» деп басталып, «Мен енді Тілеумен бірге Тройцкіге барғалы жатырмын, шығыс жақтың барлық жастары менің сонымда. Зерігер емеспін, олар мені ете жақсы көреді. Сейдалиннің ісі кеше аяқталды» [Алтынсарин Ы. «Таза бұлак», 185-186 б.б.] деп аяқталады.

«Сейдалиннің ісі» деп Ыбырай оның қызмет барысымен біреудің ісін қарап бітіргенің айтып отыр.

Осы хаттағы сұлтан деген сөз кітапта бас әріппен жазылып кеткен. Сонда Сейдалиннің аты Сұлтан болып тұр. Бұл окушыны шатастырады...

Ағайынды Сейдалиндер оқыған, тоқыған, елінің қамын сийлат, халқына қызмет еткен адад жандар, Ыбырай, әсіресе, Тілеумұхамет, Әлмұхамет Сейдалиндермен ете жақын болған.

АЛДИЯРОВТАР

Ы.Алтынсариннің 1882 жылы 12 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жазған хатында Алдияров деген студенттің аты аталады [Алтынсарин Ы. Таза бұлак. А., Жазушы, 1988. 246 б.]. Бұл Алдияров – Бірмұхамед Алдияров.

С.Мұқанов: «Ыбырай Нұржанды жоғары бағалайды. Ол өзінін құдасы Қауменең үйіне Нұржанды ертін барғанда: «Кұда, көп кісімен неге келмедің?» десе керек, сонда Ыбырай Нұржанның өнерлерін атай келіп, «осыдан артық көп бола ма?» деп жауап берген екен [Мұқанов С. Халық мұрасы. А., Қазақстан, 1974. 24 б.], – деп

Қауменнің Ы.Алтынсаринмен жақындығын айтса, С.Әбілгазин «Арқада Наушабайдың Нұржаны еткен» кітабында Қауменнің көлденең қыпшақтан тарайтын Арық руынан екенін, әкесі де, өзі де болыс болғанын көрсетеді [Әбілгазин С. Арқада Наушабайдың Нұржаны еткен. Қостанай, 1998. 117-118 б.б.].

Қаумен би – осы Қаумен болыс, яғни, Бірмұхамед Алдияровтың әкесі, көлденең қыпшақ ішінде Арықтан тарайды.

XIX ғасырда және XX ғасырдың басында патша өкіметінің отаршылдық әкімшілігінде қызмет атқарған қазақ даласы элитасының өкілдері жайында жазылған әліпбілік, есімдік, формулярлық және қызмет бабындағы анықтамалық тізімдер сияқты және тағы басқа мұрагаттық құжаттар енгізілген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» деген кітапта Қауменнің 1818 жылы туғаны, қызметін 1840 жылы 25 қарашада 27 дистанцияның бастығы болып бастағаны, 1853 жылдың 13 қарашасында Хорунжий атағы берілгені, 1856 жылдың қарашасында 20 дистанцияның бастығы болып тағайындалғаны, 1864 жылдың 15 мамырында жұзбасы дәрежесі берілгені, 1869 жылдың 4 қантарында З жылға Сарой болысының басқарушысы болып сайланғаны, төрт ұлы бары жасына дейін көрсетіліп айтылады [Т. VIII, часть 2. стр. 350-351].

Алдияров Қаумен 1858 жылы 1853-56 жылдар соғысының белгісі, 1860 жылы Станислав ленталы Алтын 1866 жылы Анна ленталы Алтын медалімен наградталған. 1864 жылдан сотник. [Исадай Қ. Патшадан шен-шекпен алған қазактар. Алматы, «Өлкө» 2007. 114 б.]

Бірмұхамед революцияға дейін отыз жыл Шұбар болысын басқарады. Кеңес үкіметі органдардан кейін оның орнына қазактың алғашқы кәсіби журналисі Мұхамеджан Сералин сайланады.

Казан университетінің мал дәрігерлігі факультетін бітірген жоғары білімді, саясатты жақсы білетін Е.Алдияров 1913 жылы жазда Романовтар әүлетінің патша тағына отыруының уш жұз жылдық тойына қатысып, орынша сөз сөйлем, Николай II-нің қолынан алтын медаль алып, арқасына зерлі шапан жамылған.

М.Хакімжановың 1947 жылы Ұбырай Алтынсаринді өз көзімен көріп, араласкан 91 жастагы Хасен Сәбитов карттан жазып алған «Алтынсарин өмірінің кей сәттері» [//Ана тілі, 21 қараша, 2002.] естелігі негізінен Ұбырайдың ояз Крейсмерді, оядың Ұбырайды қонақ етуі жайында болғанымен, сол тұстағы ауыл тұрмысы, қазактың салт-дәстүрі, елге белгілі сыйлы адамдардың

аттары аталаш, олардың арасындағы қарым-катаңас та көрініс тапқан. Естеліктің «Нұржан ақын» белімінде әңгімелі қарт Нұржанды (Наушабаевты – С.О.) Алдияров Кара (Бірмұхамед – С.О.) үйінде көргенін, қаладан ояз келгесін басқа үйде отырған Нұржанды Кара болыс шакырып алғып, ән салдырығанын айтады. Бұдан біз Кара болыстың Ыбыраймен жаксы таңыс, аралас-құралас болғанын байқаймыз.

Белгілі журналист Мағзұм Сағымбаев Бірмұхамедтің (Караның) бір ерлігін бұлайша баяндайды:

«Кара болыс жөнінде әкемнің айтқан бір әңгімесі есімде калыпты. Азамат соғысы жылдарында Қостанай мен Троицк аралығындағы біздің ауыл үстінен әскерлер жіп өтетін. Ақтар мен қызылдар әскерлерінің бірі қашып, екіншісі қуып жүретін көрінеді. Кімнің қашып, кімнің қуып жүргенінде ауыл адамдарының шаруасы жок. Мылтық асынған ашқарап әскерлердің келіп, кеткендерінен бұларға пайды шамалы. Ақтар да, қызылдар да әр үйді тіміскелеп тінтіп, тамақ іздейді. Нан, ет, май тапса ешкімнен рұқсат сұрамай, ішіп, жеп жүре береді. Аулада, корада жылқы тұрса, оны жетектеп ала кетеді.

Бір күні көрші Шолан ауылынан әкемнің құрдасы Мұса Менделлякулы келіп, түстеніп отырады.

– Эскерлер келе жатыр! – деген дауыс естілісімен бұлар үйден жүгіріп шығады. Мұсекен ерттеуі тұрган атын жетектеп апарып, Теренсайдың жар қабагына жасырып, қайтып келеді. Бұлар иықтарында погондары жалтыраган ақтар екен. Мұрты едірейген орыс офицері ауыл тұрғындары ішінен Мұсаны көріп:

– Бері кел! – деп ақырады.

Мұсекең оның қасына келген кезде ат үстінде отырған офицер қолындағы дойыр қамшымен құлаштап сокқанда Мұсекенің басынан қан бүрк етеді.

Иттің баласы, атыңды неге жасырасың?! – деп ақырады. Ол бір солдатқа: – Атын алыш кел! – деп бүйірады. Офицер Мұсекені тепкілеп сабай бастайды.

– Тарт қолыңды! – деген өктем дауыс естіледі топ ішінен Орыс тілінде өктем естілген дауысқа офицер жалт қарайды, омырауында жалтыраган медаль бар Караны көреді. Ол селтиіп калыпты. Қарекең офицерге:

– Бұл негылған озбырлық? Жазыксыз адамды неге сабайсын? – Жөніңе кет! – дейді. Офицер өз кікесін мойындағап, болыстан кешірім сұрап, тез аттанылты.

Бірмұхамед (Кара) атақты бай Жаманашалдың Смайылның жездесі екен. Игі жаксылар бас қоскан үлкен бір жынга шакырылған Бірмұхамед біраз кешігеді. Смайыл аузына ак ит кіріп, көк ит шығатын ұрдажық бір жігітін шакырып алғы, «Қазір, Кара келгенде аяマイ бокта, жауабын өзім беремін», – дейді.

Жігіт Караны ойдағыдай етіп сыйап береді. Кара үндемей, жайғасып отырған сон: «Апыр-ай, «құлак естігенді көз көреді» деген рас екен гой, ел Смайылдың көрінгенге шабаланып үретін қабаган кара ауыз тебеті бар дейтін еді, оны да көрдік», – дедті.

Бұдан Бірмұхамедтің аптуын ақылъына жәндіре білетін сабырлылығын да, талқыр сейлейтін алғырлылығын да байқауга болады.

Бірмұхамед Алдияровтың баласы – Әбубәкір Алдияров өз заманында бүкіл алты алаш мұддесін ойлаған, халқының озық ойлы, сыйлы адамы болған. Ол 1879 жылы казіргі Костанай облысының Карабалық ауданында Есбол ауылында дүниеге келген. Ұлы ұстаз Үбіраіт Алтынсариннің алғашкы шәкірттерінің бірі. Окушылардың Үбіраіцы ортага алып түскен бір суреттінде Әбубәкір ұстазының сол жағында, касынла тұр. Бұл суреттің көшірмесі Костанайдағы Ы.Алтынсарин мұражайында бар.

Торғай қаласында окуын ойдағыдай тәмәмдаган Әбубәкір 1891 жылы Орынбор ерлер гимназиясына түсіп, онда латын, неміс, француз тілдерін игеріп, 1899 жылы сәтті бітіріп шығады. Оған окуды тәмәмдарда берген мінездемеде: «Бұрынғы окушы Алдияров Торғай облысы Сарай болысындағы би, құрметті азаматтар тұқымының баласы, күдайға құлпылық етуш мұсылман қырғыздардан. Жасы 20-да. Гимназияда 8 жыл оқыды... Гимназияда оқып жүргенде ол пансионда тұрды. Торғай облысы қырғыздарына арналған стипендияны пайдаланды...» деп жазылған.

Жасынан зерек, оқу-білімге ынталы Әбубәкір 1899 жылы Қазан императорлық университетінің медицина факультетіне түсіп, генерал-адъютант Крыжановский атындағы стипендияға оқыды. Ол университетті 1904 жылы бітіреді. Бұл мәселеге екінші қырынан келетін болсақ, Әбубәкір Алдияров Қазан университетінің медицина факультетін ойдағыдай бітіріп, жоғары білімді дәрігер деген атак

алған, Мұқамеджан Қарабаевтан кейінгі, екінші қазак та, сол заманда екі жоғары білім алған бірінші қазак болып шығады.

Сол кездегі медицинаның негізі болып саналатын -- фармакология, емдеу диагностикасы, хирургиялық патология мен терапия сабактарынан жоғары баға алып оқыған Әбубәкір, окуды бітіргеннен кейін елге оралып, сол кездегі Торғай облысына қарасты Ақтөбе қалалық дәрігері болып тағайындалады. Онда бір жыл өндек еткен Әбубәкір, 1905 жылы Қостанай қаласына дәрігер болып аудысады. Әбубәкірдің дәрігерлік қабілетінің шынайы шарықтап, ел адамдарының денсаулығы жолында аянбай өндек еткен жылдары оның Троицк шаһарында дәрігерлік еткен кезеңіне келеді. Троицк қаласы ол кезде Қостанай қазактарының мәдени орталығы болғаны белгілі. Мұнда Әбубәкір білдікті дәрігер, талантты хирург ретінде танылады. Белгілі жазушы, ақын Дихан Әбілов өзінің атақты ақыннымыз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен творчествосына арналған романында былай деп жазады: (Ол жылдары Сұлтанмахмұттың «Айқапта» қызмет істегені бізге жақсы белгілі):

«Қаладағы айтулы хирург Бәкір (Әбубәкір) Алдияров пен терапевт Николай Иванович Пономарев Сұлтанмахмұт Торайғыровтың науқасын мұқият қарал шықты. Одан кейін Бәкір Алдияров Сұлтанмахмұттың көзіне операция жасады... Құдай жарылқап, операция сәтті шықты!

Бәкір Алдиярович бұл жолы өз қабілетінен де асып түсті, – дейді Николай Иванович... Оның дәл алдында ақ халатты жас дәрігер Бәкір қуаныштан күліп тұрды.

Сұлтанмахмұт оны қайта-қайта құшақтап: – Құдайға сенбеуші едім, сөйтсем ол бар екен. Ол – Сізсіз, Бәкір! Сіздің жаныңыз әрқашанда да шуакқа толсын, біздің өмірімізді мәнгі жылдытып өтсін!» – дейді...

«Айқап» журналының 1913 жылғы сегізінші санында F.Шокасев деген кісі Алдияровқа дәрігер емінің пайдалы екендігін жазғаны үшін алғыс айткан хаты жарияланған [//Айқап, № 8, 1913. Б. 185.].

Осы сияқты «Айқап» журнальында дәрігер Әбубәкір Алдияров жайында талай жылы лебізді материалдар кездеседі. Бұл сөз жоқ, тұған халқы алдында Әбубәкір ағамыздың абыройын арғырмаса, еш төмендетпейді.

1916 жылғы көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін майдандағы қара жұмысқа қазак жастарының алынғаны белгілі. Олар орыс тілін білмейтін, сондыктан талап-тілектерін, мұн-мұқтажын айтып жеткізе

алмай, арып-ашып, ауруға шалдығып қырыла бастайды. Бұл ұтт мұддесін ойлаган зиялы қауым әқілдерін аландатпай қойған жок. Әлихан Бекейханов бастаған бір топ казақ оқығандары өз еріктерімен майдан шебіне аттанады. «Петрографтағы билік орындарымен жүргізілген келіссөздерден соң, Минскі барып Батыс Майдан штабы жаңындағы земскі және қалалық одактық бүратана бәлімін ұйымдастырып, оны басқаруды Ә.Бекейханов өз мойнына алады. Бәлімнің міндегі майдандағы жігіттерге қажет түрмистық жағдай жасау және басқа түрлі кемектер көрсету еді. Бүратана бәлімі Қазақстанинан дәрігерлер, фельдшерлер шакырады, казақ мұғалімдерін тартып, жігіттердін сауатын ашу үшін кружоктар ұйымдастырыды. Олардың арасында осы мезгілде «Еркін дал» ұйымы құрылды. «Қазақ» газеті майдандағы жігіттер мен казак даласын жалғастыруши көпірге айналды. Жігіттерге қуат берді. Саяси танымын өсірді. Осы тұстагы казақ интелигенттерінің майдандағы жұмысшыларға көрсеткен ағартушылық (дәрігерлік және басқа азаматтық) қызметі ұлттық интеллигенция тарихының жарқын беттеріне жатады» [Қойгелдиев М. Алаштың Әлиханы //Бекейханов Ә. Шығармалар. А., Қазақстан, 1994. 30 б.].

Майданың қара жұмысына алғынған жастарға көмек беру ниетімен Міржақып Дулатұлы Торғай губернаторына өтініш айтып, сол казақ жігіттерінің арасына жіберуді сұрағанда Ә.Алдияров та Міржақыпты қолдан, бірге баруга тілек білдірген. «Губернатор М.Дулатұлы мен Ә.Алдиярұлына 1917 жылы 25 ақпанда қол қойған кепіл қағаз берген» [КРОМА., 25-к. 1т., 490-іс, 149-п.].

Ә.Алдияров сол бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Белоруссияның Пин деген батпакты аймағында ауыр жағдайда әскери қызметін өтеп жүрген қазақ жауынгерлеріне дәрігерлік көмегін аямайды.

Әбубәкір XX ғасырдың алғашкы ширегіндегі казақ ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, Алаш партиясының негізін қалаушы, Алашорда үкіметінің тәрағасы Әлихан Бекейхановты, сондай-ақ, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мырзағазы Есболотовты т.б. елдін азаттық жолында жүрген азаматтарымен аралас-құралас, ниеттес болған.

Мұны А.Байтұрсыновтың «Досмайыл қажыға ашық хатындағы». [Байтұрсынов А. «Досмайыл қажыға ашық хат». Ақ жол. А., Жалын, 1991. 271 б. кіт.к. 464 б.] Досмайыл қажының хатынан үзіндідегі «Байтұрсынов, Алдияров... жазбасын, олардың сездері біздерге керек

емес» деген сөзінен аңғару қыны емес. Қазақша газет, журнал, кітаптар шыгаруға көмек көрсетіп тұру үшін 1914 жылы «Азамат» серіктігі күрылышты, оған мүшелері жарна төлеп тұрган. «Қазак» газетіне қолдау жасалған осы серіктестікке мүнше болғандардың ішінде де Бірмұхамед пен Әбубәкір Алдияровтардың аты-жөні кездеседі [«Қазак», № 56, 30 март, 1914].

Әрі Ә.Алдияров «Қазак» газетіне дәрігерлік, денсаулық мәселелері жайында жазып тұрган. Солардың бірі «Тіршілік жайынан» деп аталады.

Әбубәкір бұл танымдық-тағылымдық мақаласында адамның дүниеге келіп, адам болып калыптасуы, өмірге бейімделу, балалық, жастық, кәрілік шаңы, жалпыхалықтың өсіп-әркендеуі жайында сөз козғайды. Жастық шакты бос күлкімен өткізген кісінің надан болып калатының айтып, оку-білімге, басқа халықтардың өмірін, тарихты білуге үндейді. Не істесе де халықка, озине пайдалы іспен айналысуга шакырады. Адамзаттың алғаш немен коректенгенді, кейін мал бағып, егін өсіре бастағанын тәптіштей түсіндіріп: «оку-онердің күштейген шағындағы ғалымдардың айтуынша, жерден жұз қырық мың түрлі нәрсе өсіп шығып, солардың ішінде адамның пайдасына иәки азықтануына жарайтындары 300 түрлі ғана екен, миллион түрлі жануар затынан адамның пайдасына жұмысалатыны екі-ак жұз екен» дейді.

Одан әрі автор адамның үйленіп, үй болып бір атадан тараган үрлак рулы елге айналғанын, ата-ана мен баланың, ага, іні, карындағас арасында қарым-қатынас реткек келе бастағанын, келес-келе зан шыкканын рет-ретімен баян етеді. Өсіп-онген халықтың жер тарылған соң басқа жакка көшкендері кедейшілікке ұрынып, жермен айналысудың тиімді жолдарын тапқандары пайдага шыкканың айтыш автор егін салу кәсібі сол тұстасы қәсілтің ен жоғары түрі болғанын, сондыктан да қазір де сол іспен айналысан дұрыс деген қорытынды жасайды. «Жер тарылды ма?» деп сұрап койып, оның тарылу себебі казак салының ескенішін емес, басқа үлт өкілдерінің жерімізгө көтеп қоныс аударуынан екенідігін дәлелді жеткізді. Кала салу мәселесін көтеріп, «жала салғанда мәңгілік орын болатын болған соң қаланы негұрлым биік, жарық, газа жерге, батпақ, мыны шалшық су жиналып тұратын жерлерден алыс орындардан салу керек – дейді. – Көл болса құдық суы тұшы, іштеге жарайтын жерден таңдау керек. Кала болған соң боран секілді нәрселерден сақтану онай нәрсе.

Жаңа қаланы салғанда һәр үйдің орын болімі жетік адамға плаңдатып, үйлердің негұрлым терезелерін күн жакқа қаратып салу

керек. Күннің тұра тұскен сәулесі адам баласын биссеп аурулардан сақтайды».

Әр сөзі шындық, халыққа деген жанашырлықпен айтылған. Кешегі тың көтеру науқаны кезінде талай кеншарлар сусыз, батпақты, балқашты жерлерге салынып, сонын зардабын әлі күнге дейін көріп отырған жоқ па?! Сөз саптауы, кешегі мен бүгінгіні салыстыра баяндауы, бір ойдан бір ой туыннатуы логикасының мықтылығын ангартады. Көп окитыны, білімділігі, сол білгенін халық кәдесіне жаратуды максат тұтып жазып отырғаны авторға деген ризашылығынызды тудырады.

Қала салғанда мешіт, медресе, мектеп, ауруханалардың орнын күні бұрын дайындал қою керектігін де ескертіп, қаланың негұрлым үлкен болғаны жақсы екенін, әйтпесе, мешіт-медресе салуға орыс заны рұқсат бермейтінін, ол 1909 жылғы 19 іюньде шықкан Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстарында патшалық жер қоры жасалу турасындағы занның 20-21 тармақтарында көрсетілгенін нактылай заннан үзінді келтіріп жеткізеді. Қазақ үлкен қала салып, «Жаксы жерден орын алып қалмаса, дәмді ұны, тұнық сұзы бәрі де ішкі жақтан келген переселен хохолдарға кететінін», елдің құнарлы жерлерден айрылып жатқаны сол қала салмағандарынан екенін түсіндіре баяндайды. Өсіп-өніп отырган Франция, Голландия халықтарының қалай байығанын айтып, қазак халқы да жалқаулығын қойып, ілгері ұмытылса, талай жетістіктерге жететініне шубә келтірмейді.

Автор нені сөз етсе де жалаң сөйлемей, ғалымдар пікіріне сүйене отырып, дәлелді жеткізуге ұмытылады. Мәселен, қазактың жармойындығы жайында сөз козғағанның өзінде «Катанов» деген орыстың ғылым иесі, профессоры казақ жайынан оқыған дәрістерінде айтуши еді: «Бұл қазақ халқында ақыл-зейін... сөзге шебер. Ұсталық сондай зеректіктердің бәрін жойып тұрған бір табигат бар. Жалқаулық деп, Катановтан басқа орыстың ғалым емес адамдары Потанин, Ильминский секілді һәм басқа Заграница ғалым емес адамдары бәрі де қашан «Қазақ халқы окуга зерек халық болса керек!» деп айта келген» деген ғалымдар мен елге танымал кісілердің сөзін тіліне тиек етуі Ә.Алдияровтың бұл еңбетінің ғылыми-тәнымдық мақала екендігін дәлелдей түседі.

Автор еңжарлықты қойып, оқып-білім алындар, қазақ ешбір халықтан кем емес, қабілетті, зейінді халық дегенді жоғарыда келтірілген басқа ұлт өкілдері айткан пікірлермен жеткізіп, мақаласын түйіндейді [//Қазақ, № 14, 15, 18, 20, 22, 27, 28, 1913.].

1918 жылдың қазан айының 14-17 күндері Қостанай уезі казақтарының төтенше жиыны өткен кезінде Алашорданың жергілікті белімінің төрағасы Әбубәкір Алдияров осы съезді ашып, Алаш автономиясы және казак соты туралы баяндама жасайды. Мына мақаланы оқып көрейікші:

«Минскі – Фалихан һәм жолдастарынан басқармаға мынадай телеграмма келді. Россия халқы есکі үкіметті айдал, орнына депутаттардан жаңа үкімет сайлады. Россиядағы барша жұрттар еркіндік, тендік, туыскандық жолына кірді. Жақын арада «Учредительное собрание» ашылып, Россия мемлекетін бағуға кіріседі. Тозған үкімет тартысуға жарамады, құлады. Бірақ ілгеріде де күрес болар, соның үшін жаңа үкіметке бірлік керек. Жаңа үкімет сыртқы дүшпанмен де, жығылған ішкі дүшпанменен де алысып жатыр. Соғыс желкесінде біздің бауырларымыз әскерге болысып жатыр. Алаш азаматынан біздің тілейтініміз: жаңа үкіметті жақтаушыларға бар күштерінмен болысу; бұрынғы тыныш күйді бұзбау; азық-түлік істеріндегі уполномоченныларды демеу; майданда һәм майдан сыртындағы жұмысшыларға керек май, ет, тары секілді азықтарды жиыстыру, запас жасауға ұйымдасу.

Баскармадан өтінеміз: халыққа еркіншілік бостандық алыш беру жолында алысып, абақтыға түскен, айдалған, қазір босатылған сарбаздардың һәм жұмысшылардың үйде қалған жарлы бала-шағаларының пайдасына акша жинауды. Өзіміз азат етілген азаматтар пайдасына 10 сом һәм жұмысшылардың бала-шағаларының пайдасына 100 сом жібердік. Жұрт жұрттығын қылмай қалмас деген дәмеміз зор. Фалихан, Әбубәкір, Ажар, Хасен, Мирякуб, Мырзағазы». [//Қазак, № 222, 1917].

Ә.Алдияров 1917 жылы Алашорда үкіметтің құруга белсene атсалысып, жоғарыда айтылғандай, оның Қостанай уезіндегі бөлімшесінің төрағасы болып сайланады [Алаш Орда: Сборник документов/Составитель Н.Мартыненко. – Алма-Ата, 1992. – с.72.].

Ә.Бекейхановтың «Біздің бюроның лайықталған депутаттары мыналар» деп Әбубәкірді 43 адамның бірі етіп Ресей Думасына депутаттықка ұсынуы да оның осал адам болмағанын көрсетеді [Бекейханов Ә. Қазак депутаттары //»Қазак», № 235, 1917.].

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Әбубәкір Троицкіге кайтып келіп, осы жерде табаны күректей он жыл дәрігер болып қызмет істейді. Қандай себеп болғаны белгісіз, әлде байдың ұрпағы деп кудаланды ма, әлде өнеркәсіпке енді бет алған Өскеменге білікті

маман – дәрігер қажет болды ма, әйтеуір ол 1928 жылдан 1936 жылға дейін осы қалада – терапевт, балалар аурұханасының меншерушісі, жүқпалы аурулар емханасының дәрігері болып қызмет атқарады. Қайда қызмет істемесін, қазактан шықкан тұңғыш жоғары білімді дәрігерлердің бірі, біздін жерлесіміз, тіпті мактандышымыз десек те болады Әбубәкір Алдияров елге адаптация мен танылып, Қазақстан деңсаулық сақтау ісінің қалыптасуына зор енбегімен сініре білді. Оның аялы алақаны мындаған жандарға шипа болғаны анық.

Әбубәкір Алдияров 1936 жылы Қыргызстандағы Қарақол (Пржевальск) қаласында дәрігерлік қызметке ауысады, оның одан кейінгі тағдыры 1938 жылға дейін еңбек еткен Жамбыл қаласымен тығыз байланысты. Ол осы қалада 59 жасында дүниеден өтеді.

ТҰҢҒЫШ ДӘРІГЕР, ТҰҢҒЫШ ДЕРБЕС ЗЕЙНЕТКЕР

Ы. Алтынсарин 1882 жылы 12 күркүйекте Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «...Алдияров пен Карабаев деген студент тысықандарымның бұл кітапқа («Мұсылмандық тұтқасы» кітабын айттып отыр – С.О.) корректор болуладын сұраймын» [Н.И.Ильминскийге. «Таза бұлак», Алматы «Жазушы», 988-246 б.] деген жолдар бар. Үбірай хаттарында Қарабаевтың аты бірнеше жерде кездеседі. Ильминскийге 1883 жылдың 13 қантарында жазған хатында Қарабаевтан хат алғандығы жөнінде де айттылады .

Қарабаев Мұхамеджан – костанайлық. Тобыл өзенінің жағасында Қарабай жарында Кенәрап болысының 4 ауылында (қазіргі Введенко селосы) 1858 жылдың желтоқсанында дүниеге келген. 1888 жылы қазан император университетінің тольк курсын аяқтап «емдеуші және уездік дәрігер» мамандығын алып шықкан. Торғай облысы әскери губернаторының № 17 бүйрекшімен, өз өтініші бойынша, Костанай елді мекеніне қалалық дәрігер болып тағайындалады. 1892 жылдың 25 қарашасында билік журғізуши Сенаттың № 147 жарлығымен «титулярный советник» деген шен беріледі. 1894 жылдың 29 күркүйегінде өз өтінішімен қызметтеп босатылады.

Ұзақ жылдар әр жерлерде дәрігерлік қызметтер атқарады. Ол жайында талай басылымдарда жарияланып жүр. Алайда осынау казактың алғашкы жоғарғы білімді дәрігерінің сот қызметінде де істегенін екінің бірі біле бермейді.

1902 жылдың 14 мамырында ол әділет министрлігінің №57 бұйрығымен 3 жылға Торғай облысының құрметті бітімгер соты болып тағайындалады. (Оған дейін 1899 жылы Орынбор өлкелік сотының Ыргызыдағы құрметті бітімгер соты болған)

1906 жылдың 20 акпанында Ұлы мәртебелінің №10 бұйрығымен Торғай облысының құрметті бітімгер соты, кейін Ыргызыда дәрігер, 1908 жылы қайтадан Торғай облысының құрметті бітімгер соты [ЦГА РК.Ф.И-25.0п. 2. Д. 373Л. 163-166]

Ол Қостанай қаласында дәрігер болып келгенде қалада небәрі төрт орындық емхана бар екен.

М.Қарабаев Николаев (Қостанай) уезінің ғана емес, Ақтөбе, Ыргыз, Шалқар, Арас, Қарабұтак, Түркістанға дейін барып адам емдеген.

Қостанайдың А.Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университеттің профессоры Калкаман Жақыпов М.Қарабаевтың өз қолымен жазылған рапорты табылғаны, онда «1904 жылдың қантарында Қостанай оязындағы Александровкаға келіп, дәрігерлік бөлімнің менгерушісі есебінде орналастым» деген сөздер барын, сондай-ақ Қостанай оязы атқару комитетінің жалпы бөлімінде 1924 жылдың 28 шілдесінде 2410 номермен тіркелген М.Қарабаевтың Семиозер (Әулиекөл) дәрігерлік бөліміне менгеруші болып тағайындалғаны туралы құжаттар бар екенін айтады [Жақып Қ. «М.Қарабаевқа қатысты құжаттар». «Жас өркен Қостанай», 2004 Б.15.].

1911 жылдары алапес ауруына қарсы құрес жүргізу үшін үкімет Мұхамеджанды Якутия, Орта – Колыма жаққа жібереді, ол жақтан 1918 жылы елге қайтып оралады. Сондай-ақ ол Қостанай облысының Әулиекөл, Сарықөл, Мендіқара аудандарында жұмыс істеген. Ол кезде ел ішінде сүзек, іш, шешек аурулары, мерез, безгек, қырқұлақ, түйнеме көп тараған. Үкімет Мұхамеджанды қай жерде жұқпалы ауру шықса, сол жерге жіберіп отырған.

Мұхамеджанның шөбересі Қосылбай Мұхамеджанов атасы Қостанай қаласы ғана емес, бүкіл Николаев уезіндегі ауру адамдарды қарап, күні-түні жұмыс істеп жүргендеге, керек десеніз жергілікті уезд бастықтары астына мінетін көлік те бермей, оның жұмыс жағдайына немқұрайлы қараганын жазады [Мұхамеджанов Қ. «Есімі ел есінде ». «Жас өркен Қостанай» № 6, 2004 Б.6.].

Осыдан-ақ оның қандай жағдайда, қалай жұмыс істегенін аңғару қыын емес.

1922 жылы Боровской поселкасында жұмысқа қайта оралады. Казір ондағы емдеу-сауықтыру орны Мұхамеджан Карабаев есімімен аталады.

Тағдыр деген қызық кой. Мұхамеджан алғаш Орынборда статский канесшісі Бекчуриннің Хадиша деген қызына үйленіп, екеуі ұлды болады. Бірақ ұлдары Мұхамеджәрім екі-үш жасында шетінеп кетеді. Ауылға келгесін Хадиша ауыл тұрмысына шыдай алмай еліне қайтқысы келеді. Мұхамеджан өз елін, халқын қимайды. Екеуі қимастықпен қоштасып, «басымызға киямет күні туганда бір-бірімізді іздел табамыз» десініті. Сол Хадиша 1928 жылы Мұхамеджан ауырып хал үстінде жатқанда хабар жетісімен келеді. Ол келгесін бір айдан кейін Мұхамеджан дүниеден озады. Хадиша 1862 жылы туган. Мұхамеджан 1904 жылғы 27 ақпандағы Орынбор округтік сотының шешімімен Дәүлетжан мен Құнсұлу Қарабаевтың 1898 жылы 10 тамызда туган Хұсніжамал деген қызын асырып алады [«История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» VIII т. Часть 2. Алматы «Дайк-Пресс», 2006. стр.48.]

Осы секілді 1889 жылы өзінің оқып, білім алудына, канатының қатаюна көмектескен Ыбырай Алтынсарин қатты ауырып, тәсек тартып жатып қалғанда М. Карабаев қырық күн қасында болады. Бұл жөнінде Ғабдолғали Балғымбаев «...Қарабаев оның ауруының нeden болғанын аныктап аша алмады, сол себепті емдең жазуга шамалары келмеді. Тек олардың айтқаны: Қостанай тонірегіндегі жайлауга барып, қымыз ішіп, еркін тұрса жазылады деп көнс береді» [Балғымбаев F. «Ыбырай Алтынсарин туралы естелік». Ыбырай Алтынсарин тағылымы – Алматы «Жазушы» 1991 378 б] десе, Бегежан Сүлейменов «...сәуірдің 24 жүлдезында Қостанай қаласына өзінің қыстауына келісімен жергілікті дәрігер Қарабаевтың қадағалауымен тәсек тартып жатып қалады» (сонда 48 бет), – деп жазады. Ыбырай сол 1889 жылы 17 шілдеде қайтыс болады.

Корытга айтарымыз, Мұхамеджан Карабаев қазақтан шықкан жоғары білімді тұнғыш маман дәрігер, тұнғыш дербес зейнеткер.

НАГАШЫЛАРЫ

УКАЗ

Всепрекраснейшей Дерзайнейшей
ВЕЛИКОЙ ГОСУДАРЫНИ
ИМПЕРАТРИЦЫ
ЕЛИСАВЕТЫ ПЕТРОВНЫ
САМОДЕРЖИЦЫ
ВСЕРОССИЙСКОЙ

состоившемся в 1743 году в 2 числа къ Санктпетербургъ
блаженныи и величодостойныи императоръ

великой государыни
ИМПЕРАТРИЦЫ
ЕКАТЕРИНЫ АЛЕКСЕЕВНЫ
и
государя
ИМПЕРАТОРА
ПЕТРА ВТОРАГО
и приложенного Прав. Сыната
покъльваем

I. Пожаловать Джаніевъ - Батырю
Сръдигы Каісанеи Орд званій
ТАРХАН

II. Тарханство есть стрельни княжества
иъюнлагачи податіми
Императорскии Дом

1 68.

Шен қумаған Шеген би

Жігіттің үш жұрты – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты болатыны белгілі. Ыбырайдың өз аталары да, нағашылары да елге сыйлы, аузы дуалы, халық қамын ойлаған атпал азаматтар болған. Алайда Кеңес дәуірінде тұкым қуалаушылық – жақсыдан көбіне жақсы туатыны айттылмай, айттыла қалса, рушылдық, ескілік саналып келді.

Ыбырай нағашылары – елін, жерін жат жерлік басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан, әскери лауазым «Тархан» атағын қазакта тұнғыш алған асқан батыр, мәмлекер Жәнібек Қошқарұлының үрпактары еді. Ыбырайдың Жәнібек батыр туралы ел аузындағы әңгімені жазуының бір ұшы осында жатса керек.

Шежіреге сүйеніп таратып айтсақ, батыр Шақшақтан - Көшей, Көшайден - Қошқар, Қошқардан - Жәнібек, Жәнібектен - Дәуітбай, Дәуітбайдан - Мұса, Мұсадан - Шеген.

Кеңес дәуірінде «Шынжыр балақ, шұбар тес», «Үстем тап екілдері» жайында мадақтап жазу мүмкін болмағаны белгілі. Тіпті, «Шеген тұқымымын» дегендер «халық жауы» атанып, «ит жеккеннен» бір-ақ шығатын. Оған күэ - Хасен деген бір атамыз ауданнан келген уәкілдер, ауыл адамдары бар, Шеген жайында әңгіме-дүкен күрыш тұргандарын естіп ат үстінде үзеңгіге аяғын тірец: «Сол Шегеннің тұқымы біз боламыз» деп шіренсе керек. Ертеңіне-ақ «байшыл», «рушыл» атанып кудаланып, қамауга алыныпты. Мұсадан тарайтын ұрпақтардың ішіндегі ең атақты, есімдері ел аузына кең тараған осы Шеген әuletі.

Шегеннен жеті ұл: Шолақ, Қазыбек, Бірімжан, Бектеміс, Өттілеу, Ділдәбек, Алтынсары, екі қыз - Аймен, Айшық. Ыбырай Алтынсарин осы Айманнан туады.

Ұлы ағартушы 1864 жылды Торғайдан мектеп ашқанда ауқатты да беделді осы нағашы жүрттына арқа сүйеген. Эйтпесе ол кезде қалың қазак арасынан діни мектеп болмаса, орыс дәстүрімен оқытатын жаңа үлгідегі мектеп ашу, оған оқушы, қаражат табу қын іс еді. Шеген балалары қаражатпен қамтамасыз етіп кана коймай, Бірімжан деген ұлынан тұған Қорғанбек атты немересін Ыбырай мектебіне береді. Қорғанбек Бірімжанов - Ыбырай оқытқан алғашқы 14 баланың үздігі еді. Бұл жөнінде F.Балтынбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» «Ы.Алтынсарин аргынның белгілі адамы Бірімжанның балалары Дәуренбек, Қорғанбек, Әбдібектермен жіңі араласып, өзі Торғайға келісімен оларды әуелі үйінде оқытып, кейін мектеп ашылған соң, мектепке алып оқытты, - деп жазады. - Сол Бірімжанның екі баласы Қорғанбек пен Әбдібектің есімі жоғары жаққа берілген емтихан тізімінде аталатының білеміз, олардың Ыбырайға шеше жағынан туыстық қатысы да болатын. Оның экесі Алтынсары Бірімжанның экесі Шешеннің (кітапта қате жазылған, дұрысы: Шеген - С.О.) қызына үйленген еді, жиен деп атайды» [Балтынбаев F. «Ы.Алтынсарин туралы естелік», «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» - Алматы: «Жазушы», 1991. 365-366 б.]

Респубикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Әуезхан Жүсіпов Жанкелдин аудандық (Қостанай облысы) кезіндегі «Қазак тілі» қоғамының «Аманат» (№ 2 (9) сөүір, 1991) газетіндегі «Қазақ арасындағы тұнғыш мектеп, ол неге Торғайдан ашилды?»

мақаласында Ыбырайдың Торгайдагы негізгі тірері нағашылары Шеген (1785-1848), Шегенің балалары Қазыбек (1813-1869), Бірімжан (1817-1873) болғанын айтады.

Торғай бойы Шегенді «Шеген би», Шеген батыр деп қадір тұтқан. Ол жайында ел аузында өлең-жырлар да баршылық.

Басықарабаласы Қанапия:

Құдай артық жаратқан

Орта жүзде Шегенді.

Ешкімге тен көрмеймін

Бірімжанның бес жанын –

Өтетілеу, Бектеміс, Алтынсары,

Бәрі бүтін, тәп-тегіс, –

десе,

Әлмәгамбет Оспанулы:

Батырлан Мұса, Шеген би,

Патшадан шекпен, келген сый,

Алдауыш деп алмаган,

Олжак деп көзін салмаған.

Көнбеді деп алдауга,

Жүрмеді деп айдауга,

Қараңғы үйге қаматын,

Сылтаумен патша алған кек, –

деп жырлайды.

Шеген биге патша үкіметінің сый-сыяпат көрсетуі де, абақтыға жабуы да лақап емес, өмірде болған жайт. Оны Орынбор әскери губернаторы мен жеке Орынбор корпусы командирі басқармасының 1845 жылғы 24 желтоқсанында Орынбор Шекара Комиссиясының тәрагасына жазған хаты да (№ 2044) растай түседі [ООММ, 4-кор, I-ic. 2312.].

Генерал Шеген бидің хат жазғанын айтып оның мазмұнымен таныстырады. Хат мазмұнында Шеген Торғай мен Үргыз өзені бойындағы қамал құрылыштарын салуды тоқтатуды сұраған. Сондыктан құрылыштар салудың себебі Шеген биге айтылды ма, құрылыш салу жөнінде алдың-ала ескертілді ме сол туралы құжаттар болса, соның көшірмесін беріп жіберуін өтінеді.

1845 жылы 4 сәуірде Орынбор генерал-губернаторы Обручев поручик Гернге Кенесарыға қарасты казактардың санын, қанша үй, қандай рулардан тұратындығын, сұлтанның халық арасындағы абырай-беделін, кімдермен қандай қарым-қатынаста екендігін,

жасағында басқа ұлт өкілдері бар-жоғын анықтауды тапсырады. Ең бағтысы – Орск мен Ұлытау арасынан бекіністер салуга қолайлы орын іздестіру жүктеледі. [ООММ, 366-кор, 170-ic.].

Герн қолайлы деп тағқан мекендерді губернатордың жарлығымен инженер-полковник Блармберг тексеріп, Үргез бен Торғай өзендері бойынан екі бекініс салынды. 1845 жылдың 3 маусымында Ресей әскери министрі Князь Чернышевтің № 5721-бұйрығымен Үргез бойындағысын «Орал», Торғай бойындағысын «Орынбор» бекінісі деп атау ұйғарылды. Бұл қамалдардың салыну себебін Орынбор шекара комиссиясының тәрағасы генерал-майор М.В.Ладыженский «Бұл бекіністер кай кезеңде де болмасын Кенесары немесе сол сияқты бүлікшілер үкіметке қарсы шыққандай болса, спарға тегеурінді соккы біреуте сенімді тірек болады» [КРОММ, 4-кор. I-тізбе, 2559-ic, 2-парап.], – деп атап көрсеткен.

Шеген бидің ашу-ызысын келтіріп, толғандырып жүрген осы бекіністер еді.

Ол өзінің келісімінсіз жерінс бекіністер салғаны үшін сұлтан Ахмет Жантепинге 1845 жылы мынадай кекесін хат жазады: «Сіз маган алтын алқа бердіңіз. Мойныма таққан соң мен қызға, эйелге айналдым, ал барқыт шапан киіл жас жігітке айналдым... Алтын, күміс акша алдым. Мениң жерімде дала сұлтаны Ахмет бекініс салып маган орыстан әскер берді. Не істеуім керек? Мен Ахметке ризамын. Тек қана басымызға шаш киіл аузымызды мұрттан жабу ғана қалды. Оны да істеймін әл! Біздің дініміз бір және тіліміз де бір. Сіз осындай іс жасауға жөл бердіңіз. Мен дәрменсібін. Сіздің патшадан ракым сұраймын деген уәденізге сеніп қалған едік, бірақ мынадай күтпеген оқиға болды және неден болғанын білмеймін. Мениң ойынша, сен тақтық сұлтандықтан, ал мен би лауазымынан бас тартуымыз керек. Мынадай мақал бар: «Күс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады». Біз кеңесіп іс қыла алмадық, сондықтан мен өзімді лауазымды би, сені тақтық сұлтан деп ойламаймын. Мен: «Ахмет ақылдастын болар, ойымызды ортаға салармыз – деп ойлаганмын, бірақ бұлай болмады. Сондықтан мен өзіммен-өзім ақылдастым. Неліктен бұлай, білмеймін» [Бекмаханов Е. «Қазакстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында». А., Санат, 1994. 179-180 б.].

Хат мазмұнынан елін, жерін, халқын сүйген жаннның жаншырылын сезінү киын емес. Бабалардан аталарға, аталардан кейінгілерге мирас болып келе жатқан ата мекеніне жат жерліктер баса-көктеп бекіністер салып жатса, жаны қалай күймесін?! Шегениң

хатын оқып ашуға бұлықкан Ахмет Жантөрин оның Кенесары Қасымовқа іші бұратынын, өз елінен оған жер беріп, паналатып отырғанын, ұсынған сыйлықты алмай, қайтарып бергенін губернаторға жеткізеді. Генерал-губернаторға да керегі осы, Ахметтің қарамағына қырық солдат беріп, Торғайға аттандырады.

«Сонымен, губернатор отряды ел басы Шеген Мұсаудың, оның хатшысы Тәкі кожаны түрғызылған бекініске айдайды, сөйтіп Торғайдың бекінісіндегі патша түрмесіне бірінші жатқан Шеген бидің өзі болғаны шындық» [Қосабаев Ж. Атамекен ақыраты: Торғай туралы толғау. А., Айқап, 1995. 48-49 б.]

Болатбек Нәсеновтің «Абыралы Сарыарқаның кіндігі» [Нәсенов Б. «Абыралы-Сарыарқаның кіндігі». Новосибирск. 2002. 2 т. 125, 126, 127, 242, б.] кітабында Шеген бабамыздың иғі істері жайында біраз мағлұматтар беріліпті. Автор Кенесары Қасымовтың көтерілісі жөнінде күжаттармен танысқанын, солардың ішіне Шеген биге байланысты жайлар кездескенін айта келіп «Мениң түсінгенімде бұл атамыз өте акылды, кең пейілді, мырзашылығы мол жан, – деп жазады. – Эрі өте бай болған. Сол себепті кімде-кім не нәрсеге кемтар болса, соларға шын пейілмен көмектескен. Шеген ата барлаушы да, жау да емес. Бейтарал саясат ұстаган «Кенесары саясатының бағыты дұрыс», – деп санап, оған көмегін де аямаған. Бірақ толығымен оның саясатына беріліп те кетпеген. Бұл атамыз қазақ халқының ак жарқын, қонақжай арам піғылы жоқ, таза өкілі».

Ал, Шеген бидің К. Қасымовпен байланысы хақындағы айыштау істе (1847 жылғы 1 қараша, 1847 жылғы 13 ақпан) тамыз айының басында Кенесары сұлтанның жақтастары жоғарғы шекті Аргындары қонысынан етіп бара жатқанда олардың жылдыларын айдан кеткендігі, бірақ бұл туралы Шеген бидің карсы әрекет жасамағаны, егер Шеген би Кенесары ісін Шекара комиссиясына жеткізгенде 200 сом күміс акша мен барқыт шапан алатын еді дей келіп, «Шеген би қашан да жақсы қырларымен асқан батылдығымен, шыншылдығымен белгілі адам» деп оған бага беріп етеді. Алайда Шегенді барынташылардың көшіп-қонып жүрген жерлеріне жақын орналасқандықтан олардың бұл істерін білмеуі мүмкін еместігін, оны біле тұра үнсіз қалғандығын кінә етіп тағуға болатынын ескертеді. Ахмет Жантөрин сұлтанның хабарлауынша кейінгі кездері Шеген бидің көңіл-күйінің онша болмай жүргенін, бұрынғы ойларынан бастартып, үкіметке деген сенімі әлсіреп екіжүзділікке салынып, Кенесары сұлтанмен қарым-қатынасын салқыннатқысы келемейтіні

айтылады. Осының салдарынан ол басқарған қыртсыздар (казактар – С.О.) правитель сұлтаниң ақыл-кенесіне қарамастан бұрынғыдай Кенесарының іс-эрекетіне ашық қарсылық білдірмей, қайта оның ауылымен аралас-құралас болуға «кет эрі» емес екендігі баяндалады. Казан айның 18 күні Қасымов жақтастарының төртеуі Шеген бидін туысы Жаманқара Токтағуловтың қыстауына баратыны хабарланады.

Хат сонында «Комиссияға бұл хабарды жеткізе отырып, – деп жазады. Сыртқы істер министрлігі Орынбор шекаралық Комиссиясының төрағасы генерал-майор М.В.Ладыженский, – Шеген бицен мұндай ауытқушылықты күтпегенімді айтқым келеді. Бұл туралы Орданың Шығыс белгінің Правителіне, хурупжий Красноярцевке және Орынбор қорғанының бастығына мәлімделуі тиіс».

Хаттан патша үкіметінін Кенесарыға қарсы шыққандарды колдап, оларға сый-сияптау көрсетуде аянағаны, сондай-ақ, оны колдағандарды жазғыру, жазалау да болғандығы анғарылады. Сонымен бірге хат мазмұнынан Шегеннің мінез-құлқын пайымдау да киын емес.

«Арғын руының тек би Шеген Мусиннің қол асытындағы бір белігі ғана 1845 жылға дейін көтеріліске косылмады. Бірақ арғын руының атамекенінің ортасынан ойып патша бекіністерін салуына байланысты арғындардың бұл тобы да Кенесарының көтерілісіне косылды» [КРТА, 4-кор, I-тізбе, 2757-іс, 243-249-парапттар, 184 б.]

Халық: «Ойда Шеген, қырда Беген тұрғанда қазақты жау ала ма?!» десе атақты Өске Торқаұлы: «Арғыннан Беген менен Шеген шыкты» [«Бес ғасыр жырлайды» А., Жазушы, 1989. 1 т. 226 б.], – деп жырға қосуы да, әрине тегіннен-тегін емес еді.

Беген – тарихта Карабалуан атасып кеткен Алдиярұлы Жанұзактың немересі, атақты Жазыбылдік баласы Тобыл бойында өмір сүрген би, батыр. Төменгі шекті арғындардың басшысы. 1848 жылы Хорунжи шенін алған. Жаугершілік заманда Шеген мен Беген бірі Торғайдан, бірі Тобылдан атой сап, атқа қонып, Арқа атырабына калқа, қорған болған.

Шеген бидің кайырымды, әділ, ешкімнен корықпайтын адам екенин Орынбор шекара комиссиясының төрағасы да, яғни жауы да мойындаған.

Көзі каракты, ойы занғар ұлы жазушы М. Эузев те Шегенді жоғары бағалап, «Хан Кене» пьесасында Кенесарыны хан сайлау кезінде оның аузына мынаңай сөздер салады:

«Шеген (жайланып, айналасына қарап). Олай болса, алты арыстың баласы, мына сөзге құлақ сал! Қазак-қазақ болғалы басынан киңілі-қиңілі заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдерден асамын деп аса алмай, кос қанаты қайырылып, ошарылған, күнірекен күндері де болған. Басыпдан ми, қарашадан күй кетіп, бет-бетімен тозып, қайың сауып, қанғып кеткен күні де болған. Бірақ, соның бәрі болса да, бұрынғы ата-баба біз көргенді көрген жоқ еді. Көрініп келген апарттан жаман болып, іштен кернеп келе жатқан дертер бар. Соны бәрің де көріп, сезіп тұрсың. Көзі жасты, көңілі қалу көрің бар, жалын жұтып, іштен тыныш шерменде болған жасың бар. Темір нокта кигізіп, шектіргелі тұрган қолы қатты қасың бар. Ақ патшаның құлысың...» (Хан Кеңе, Алматы. Жалың, 1993. 152 б.)

Бұл – жазушының көрегендігі, кімнін кім екенін дөп басып, тани білуі.

«Үйдің жақсы болмағы – ағашынан, баланың жақсы болмагы – нағашыдан» демекші, Ыбырай нағашылары осындаидай.

Шеген би тұрмеден шыққаннан кейін ауыл адамдары оған көңіл білдіруге барады. Сонда торы Қыпшақтың Қара руынан пысқан Тәйпен би амандық-саулық сұрасып болғанин кейін:

Бағланда қымбат болды ұнның пұты,
«Бозайғырдай» болар ма қыстың жұты.

Байлаулы қап түбіндеге кеттіп едің
Келдің бе аман-есен елдің күты?! – депті.

Көп ұзамай Шеген би дүниеден өтеді. Бұл жөнінде халық аузында аныз қалған: «Патша солдаттары үзенгісіне у жағып жіберіпті. Өлтірде денесін жуғанда кіндігінің түбіндеге бармақтай қара дақ бар екен» деседі... Бұл шамамен 1848 жыл.

Ел жақсылары Шегеннің сүйегін Түркістанға, Жәнібек бабасының қасына апаруды үйғарады. Алайда жаугершілік заманда бұл мүмкін болмайды, амал жоқ жолда бір көлдің жағасына жерлейді.

Карт журналист Ж.Қарабаланың айтуынша, 1958-1960 жылдары Қызылордада тұратын батыр ұрпақтарының бірі ағартушы-ғалым Кәрім Есжанов Шегеннің зиратын көріп, құран бағыштап қайтысты.

Жақында Қызылорда облысының Тасбөгет ауылында тұратын Несібелді Ералина деген кісіден хат келді. Онда Шегеннің бейті Теренөзек ауданының Актаған деген жерінде екендігі айтылады. «Барамын деген кіслер болса 14 разъезден 14 шақырым, орнын көрсетуге болады» дейді апай.

Қалжан Қекмұрын қарт бала кезінде Шеген көліне суга түсіп жүріп сол мандағы төрт құлақты тамның басына шыққандарын, сонда үлкен кісілер «ауыздарың қисайып, аяқтарың сынады», – деп ұрысқанын есіне алыш Несібелді апайға бейіттің орнын көрсетіпті. Қалжан қарттың сезін сексен бес жастағы Найман Құрмаш деген ақсақал да қостап, тамның қасында кел болғанын, оны жергілікті халық «Шеген көл» деп атайдынын расталты.

ШЕГЕН БИДІН АҚЫЛ-НАҚЫЛ, ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ

Хан азғаны сол болар,
Әділеті жоқ болса,
Бай азғаны сол болар,
Сақау аты жоқ болса.
Би мен ел азғаны сол болар,
Ынтымақ, бірлік жоқ болса.
Жер азғаны сол болар,
Шыққан шебі жоқ болса.
Кел азғаны сол болар,
Ұшқан құсы жоқ болса.
Асып тұған жаксыны
Алаш кой деп ойлама.
Ақылсыз тұған жаманды,
Жақыным деп ойлама.
Атам бар деп мақтанба,
Топта айттар сезі болмаса.
Балам бар деп мақтанба,
Ақылсыз тұған бок болса.
Ағайынным бар деп мақтанба,
Дос пен дүшишан келгенде
Қарасары жоқ болса.
Ер жігіттің белгісі –
Қара бура нармен тен.
Талапсыз ердің тірлігі
Қара топырақ жермен тен.
Саясы жоқ бәйтерек
Сазға біткен талмен тен.
Пайдасы жоқ кең байлар

Арам өлген мәлмен тен.
Жетесі жаман бозбала
Токсандарғы шалмен тен.
Талапты жігіт нармен тен,
Білімді жігіт нұрмен тен.
Жаманды көп деп санама,
Мын болса да бірмен тен.
Талапты туған ер жігіт
Жарлы да болса баймен тен.
Басыннаң тайса бак-дәулет,
Жандай досың жатпен тен.

[Жүсіпұлы Ә. Қара қылды қақ жарған. – Алматы: Қайнар, 1995.
– 241-242 бб].

Ел болған сон қоныс керек,
Қоныс үшін согыс керек.
Хан болсан ҳалық керек,
Халық үшін салт керек.
Би болсан даналық керек,
Даналық үшін саналылық керек.
Батыр болсан, білек керек.
Білек үшін жүрек керек.
Кедей болсан, кәсіп керек.
Кәсіп үшін, машық керек.
Молда болсан, азан керек,
Азан үшін, асыған қазан керек.
Сері болсан, сән серек
Сән үшін, ән керек.

[«Қазақ тілі мен әдебиеті», 1994, № 2.]

Бірімжан Шегенұлы

Бірімжан шешен өз заманында еліне сыйлы, ақылман, бір сөзді адам болған. Оны ел аузындағы мына бір әңгімeden де ангаруга болады.

Есімі елге мәшінүр, біргуар діндәр, Ислам дүниесінің ғұламасы, көріпкел данышпан, зарықкандар мен тарыққандардың қалтқысыз

камкоршысы, Кенесары бастиган ұлт-азаттық көтерілісінің ақылман біi, «ғазауат» соғысына дем беруші, аса көрнекті қоғам қайраткері Құрманұлы Марал ишан бұл дүниеден өткенде тұңғышы Қалқай қатты қайғырып, бас көтермей төсек тартып жатып қалыпты.

Сонда Бірімжан:

Көтер, Қалқай, басынды,
Айырып дос пен қасыңды.
Ақылмен ойлаپ жұмыс қыл,
Насихат тыңдар жасың-ды.
Жапанға біткен көк орман
Ішіндегі біреуін
Бәйттерек етсе – тәнірден.
Ұядагы балапан
Ішіндегі біреуін
Сұнқар етсе – тәнірден.
Кешегі өткен ер Марал –
Халықтан озған тұлпарым.
Ұшыруға кім кияр
Колындағы алтын сұнқарын?
Бүйте берсөң, Қалқайжан,
Жасымай ма ұрпағын?! – депті.

Кезінде Жәнібек Қошқарулынан бата алған Сүгір әулиенің ұрпағы Жаманкөз әулие ел аралап журіп Шеген ауылына да соғады. Аруакты кісінің келгенін естіл, Шеген би арнайы шақырып, қонақ етеді. Ас ішілі болғаш соң Шеген би Жаманкөз әулиеден балаларына бата тілейді. Сонда үлкен ұлы Қазыбек батаны селкостау тыңдайды да, Бірімжан қос кольын, оның үстіне шапанының екі өнірін жайып батаны аса ықыласпен беріле қабылдайды.

– Қазыбекжан-ай, үлкен кателестін-ау, әулиенің батасын ықылассыз тыңдағаның жарамады. Бар билік, білімділік пен дарындылық Бірімжан ұрпағына қонатын болды ғой, – депті.

Шындығында да Қазыбек бидің ұрпағынан атақты адамдар шыға қоймапты. Ал, Бірімжан балалары шетінен талантты, халыққа камал, еліне танымал, ұлт мұддесі жолында қызмет жасаған дарын иелері. Әлмаганбет Осланұлының:

Шеген биден бес ауыл,
Жеке емес еш ауыл.
Алтынсары, Бірімжан,
Атағын білген тірі жан, –

деп жырлауы сондықтан болса керек.

Бірімжан 1817 жылы туып, 1873 жылы қайтыс болған.

Қалаулысы халқының

Бірінші Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланғанда Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың жасы отыз бесте екен. Ал 1-ші Дума өз жұмысын 1906 жылы 27 сәуірде бастағаны белгілі.

Ә.Озғанбай «1-ші Мемлекеттік Думада қазак халқының танымал жетекшісі Ә.Бекейхан мен зангер А.Бірімжан белсенділік көрсеткенін» айтады. [Озғанбай Ә. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. – Алматы, 1997. – 234 б.].

А.Бірімжанов 1871 жылы Торғай уезінің Тосын болысында дүниеге келген. Алғаш Торғайдары Ыбырай Алтынсарин ашкан мектепте оқып, кейін 1891 жылы Орынбор гимназиясын, 1894 жылы Қазан университетінің зан факультетін алтын медальмен бітіреді. Гимназия оқытушылары педагогикалық кенесте оның табиғи дарын иссі екенін мойындайды [НАРТ. Ф.92. Оп.1. Д. 32110. л.12]. Зан факультетінде оқығандагы мақсаты – терен білім алғып, бодандықтағы халқының құқығын қорғау еді.

Ол университеттен кейін біраз жыл Орынбор округі мен Ақтобе уезінде сот қызметкері болып істеп, біраз іс-тәжірибе жинақтайды. Талай адамның тенденцияларынан үшін күресіп, қолдан келген көмегін аямайды. 1905 жылдан бастап Ахмет Қорғанбекұлы Орал, Семей, Орынбор қалаларында өткен қазақ съездеріне катысып, алты Алаптың арын арлап, жоғын жоктағандардың бірі. Әсіреле, ол білімі мен тәжірибесін Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып жүрген кезінде іске асыра білді. Ол думада сөйлеген сезінде Қазақстан жерін жаппай тартып алуға, қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуына қарсылық білдіреді. Бұл жайында философия ғылымдарының докторы Әмірзак Озғанбай: «Осы мәселеге байланысты өз пікірін ашық білдірген депутат А.Бірімжановтың сезі де назар аударапты болды, – деп жазады. – Думадағы орындарды бөлу кезінде кейбір өлкелер мен сбұйстардың үлестері бос қалғанын сез ете келіп, ол былай деді: «...Бұл бос қалдырылған орындарды Мемлекеттік Дума Сібірге, Орта Азия мен Кавказға ұсынып отыр: «қырғыздар» мекендейтін далалық облыстар туралы ештеңе айтымаған; мүмкін олар Сібірге немесе Орта Азияга жатқызылған

шығар, бірақ Дума қаулысында бұл туралы нақты ештеңе айтылмаған».

Бұдан кейін ол сезін «қырғыз өлкесінің өкілі ретінде мен осы артық бес орынның үшеуін немесе, ері кеткенде екеуін – Жетісу, Семей, Торғай, Орал және Бекей сіздасы кіретін қырғыз облыстарына беруді сұраймын» [Озғанбай Ә. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан, Алматы, 1997. -- 190 б.] деп түйіпти.

Аханың казақ халқының мұддесін қорғайтын бұл пікірін бірінші шақырылған Мемлекеттік Думага депутат болып сайланған шағын ғана қазактар тобынан басқа ешкім де қолдамады. Алайда, оның айқын да батыл айтылған сезі Ресей империясына азаттық аңсаған халықтың ояна бастағанын аңғартып откендей еді.

Казактар Мемлекеттік Думага сайлауга қатынасу құқына 1906 жылдың ақпан айының соңғы күндері, яғни, I-ші Дума ашытуына санаулы күн қалғанда ғана ие болыпты. Осының салдарынан бірінші Мемлекеттік Думага сайланған қазак депутаттары кешігіп, Дума жұмысына белсene араласуына мүмкіндіктері болмаған. «Соның өзінде 2 шілде күні Дума отырысында Ахмет Бірімжан сөз сәйлеп, казақ елінің жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айттып, аграрлық мәселе бойынша құрылған комиссияның құрамына казақ депутаттарының өкілін енгізуі ұсынады» [Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции]. Оксфорд, 1987. с.60.]

Думага сайланатын адамдарға орыс тілін білуі міндетті саналады. Ахмет орыс тілін жетік білетін еді.

I-Мемлекеттік Дума таратылғаннан кейін Ахмет Орынбор қаласына кайта оралып, Орынбор округтік сотының тергеушісі қызыметін аткарады. Көп ұзамай II-Мемлекеттік Думага сайлау басталады. Облыстық сайлау 1907 жылы 12 ақпанды Ақтөбе қаласында өтеді. Торғай облысынан 106 выборщик сайланады, солардың ішінен сайлауды одан ері жалғастыруға Актөбеге барған 100 адамның жүзі де бір гүйздан А.Бірімжановқа дауыс береді. Сейтіп А.Бірімжанов Ресейдің II-ші Мемлекеттік Думасына да депутат болып сайланады. Қазақ елінен барған басқа да депутаттармен бірге қазактар да Мемлекеттік Думада құрылған комиссиялар құрамына кірді. Солардың ішінде А.Бірімжанов «Әскери дала соттарын жою туралы» заң жобасын жасау комиссиясының құрамына енлі.

1907 жылың 3 маусымында II-Мемлекеттік Дума да таратылып, одан кейінгі Думаларга қазақ даласынан депутаттар сайланбайтын болды.

Ахмет «Алаш» партиясының басқарушыларымен, әсіресе Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен жақсы таныс, шілдес, идеялас дос-жаран болған.

Орынборда 1917 жылдың 12 желтоқсанында сағат 15-00-де Қазақ автономиясы құрылғаны жария етіледі. Яғни, шығу тегі, тілі бір Бекей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан мен Каспий сырты облыстарының Амудария беліміндегі қазак уездері, Алтай губерниясының іргелес қазак болыстары әкімшілік тұрғыда біріктіріліп, Қазақ автономиясы құрылады. Оған «Алаш» деген атау беріліп, «Алашорда» Уақытша Халық Кенесінің Төрағалығына Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов сайланады.

Сол 1917 жылы Ахмет Бірімжанов Қостанай уездік Алашорда халықтық үкіметінің әділет министрі болып тағайындалады.

Белгілі қоғам қайраткері, зангер, саясаткер, «Алаш» партиясының және «Алашорда» Халық Кенесінің мүшесі Ахмет Бірімжанов жайында казір аз жазылып жүрген жок. 2002 жылы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тарих факультеті «Отан тарихы» кафедрасының оқытушысы Сұлтанғазы Гүлмира Жолмагамбетқызы «Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қоргады.

Жиенғали Тілепбергенов Қостанай қаласынан 1917 жылдың 12 желтоқсанында «Садақ» журналына жазған хатында:

«А.Бірімжанов жылы жұзді, қазақ бетті, кең мәндайлы, жылы сөзді, кара торы жігіт екен. Біздер сейлесіп отырганда іс басындағы орыстар келіп, іс қағазын әкеліп ұсынғанда керіліп отырып қол қойып бергенде төбеміз кекке жетті. Жұмысы бар орыстар есіктен кіріп, қол кусырып тұрып, шаруасын тындырып кетіп жатыр» [Кәкішев Т. «Сандалтқан Садақ» – Астана. Фолиант, 2002. – 324 б.], – дейді.

1918 жылдың мамыр айында Оралда қазақ съезі болып, онда Жанша мен Халил Досмұхаммедовтер басшылық жасаған «Ойыл уәляятінің» Уақытша үкіметі (Батыс Алашорда) жарияланды. Атты казактардан қауіптенген үкімет сол жылы 26 шілдеде Жымпіты қаласына барып орналасты. Осы Жымпіты қаласында өткен съезге

Уақытша Ұлт Кенесіне сайланған 15 адамның бірі де зангер Ахмет Бірімжанов болатын.

1927 жылы қатты ауырып, Ленинградка емделуге барған Ахан қайтыс болады. Сол уақытта «Еңбекші Қазак» (9 январь, 1927 жыл) газетінде жарық көрген Міржакып Дулатовтың қазанамасын қысқартпай, сол күйінде беруді жөн көріп отырмыз. Әйткені, бұл құжатта Міржакыптың жүрек луппілі, Ахандың өмірі туралы қысқаша мағлұмат бар.

«Финуардың 5-і күні Ахмет қайтыс болды деген хабар алдык. Ахан соңғы кезде қылтамак (рак) болып ауырган еді. Биыл жаз Кавказ, Мәскеуге барып, одан докторлардың кенесімен Ленинградтан радиј нұрымен емдейтін университетке кеткен еді. Жасы биыл 56-да, марқұм Орынбор гимназиясын оқып шығып, одан кейін 1896 жылы Қазақ университетінің заң факультетін бітірген. Әзінің алған біліміне карай содан бері сот қызметінде болды. 1905 жылы төңкерістен кейін патшалы Ресейдің катан тәртібі босаңсып, Государственный Дума ашылатын болып, әр жүрт езінің өкілін жіберуге тура келгенде, Аханды, Торғай облысының казагы бірінші, екінші Думага депутат қылыш сайлаған еді. 3-ші Думага қазақ сыйылды бұратаналардан өкіл алынбайтын болып заң шыққан соң, Ахан бұрынғы сот қызметіне кайта кірісті. Фебрал төңкерісінен кейін, Ахан ел билеу жұмысына араласты. Жалпы Ресей құрылтайына Торғай облысынан өкіл болып сайланды. Кейін Алашордаға мүше болды. Октябрь төңкерісінен кейін, Ахан бұрынғы алашордашыларға Совет өкіметінің кешірімі жарияланды. Ахан заң маманы есебінде содан бері сот жұмысы жолында жауапты қызметтерге үздіксіз сайланыш отырды. Қазақстан заң кемесерінін неше жылдай алқа мүшесі болды. Соңғы кезде, Ахан Қазақстанның Жоғарғы Сотында мүше еді. Ахан қаяусыз таза, адамгершілігі артық азamat еді. Әлеумет, мемлекет қызметіне тыңғыштықты, өз ісіне аса шебер еді. Қазақстан сыйылды білімді адамға кедей, мәдениет сатысына енді-енді өрмелеп келе жатқан жас республикамыз көрнекті бір қызметкерінен айрылды. Жолдас-жоралары, туған-туыскандары қымбат жақынан айрылды. Бірақ, Ахан артына мұра қалдырмай кеткен жоқ. Осы куні үш баласы Қызылорда мектептерінде оқып жүр. Жасынан тәрбиесінде болған інісі Фазылбек Герман астанасы Берлин қаласында бес жылдан бері оқып жүр, енді үш-төрт айдан кейін оқымысты шаруа-агроном болып келгелі отыр.

Міне, бұлар Аханның орын жоғалтпайтынына Октябрь төңкерісі арқылы қатарға қосылған еліне енбегін сіңіріп, пайдалы қызмет ететініне сенеміз, осымен көніл жұбатамыз.

Кош, аяулы ағамыз, жан-жолдасымыз, Аха! Міржақып».

Аханды жерлеуге Әлихан Бәкейханов, Мұхтар Әуезов, Әубекір Сейдалин, Әлкей Марғұлан, Ұлы Батыrbек, сондағы татар зияллыларымен Санкт-Петербургте оқып жүрген қазақ жастары қатысады. Сүйегі сонда мұсылмандар зиратында.

Ахмет Бірімжанов Думада сөз сөйлеген тұнғыш қазақ.

Біртуар Бірімжанев

Батыrbек (Баташ) Ахметұлы Бірімжанов жайында ол кісіні билетіндер тек кана мақтай сөйлейді:

— Батекен дәріс оқығанда аудитория тына қалатын. «Анорганикалық химия курсы негіздерінен», «Табиғи тұздар химиясы», «Сулардың, ертінділердің және тұздардың физикалық-химиялық анализі» курстарынан арнайы дәріс оқыды. Химияны қазақша сөйлету ол заманда киын ғой, соның өзінде қазақша да, орысша да еркін кесіліп, шешен сөйлейтін, руға, жерге бөлмейтін, туыс-тұғаным емес, маған қамкорлығы әке қамкорлығынан кем болған жок, — дейді Қостанай педагогикалық институтының жантану және химия факультетінің профессоры Қартай Ғапбасұлы Қанафин. Жұбайы профессор Зәуреш Сманқызы да:

— Агадай ұстаз аз ғой, — деп адамгершілгін де, ұстаздығын да, ғалымдығын да аскактата айтады.

Кісі кабылдайтын бөлмелерінің төріне қойылған Батыrbек Ахметұлының үлкейтілген суреті Қакан мен Зәуреш апайдың сөзін растай түседі. Жандарына жақын тұтпаса төрлеріне қоймас еді ғой.

Химия ғылымдарының докторы, академик Еділ Ерғожаұлы да [Ерғожаұлы Е. Асылдың сынығы // Егемен Қазақстан, 7 қантар, 1997. Б.5.], Міржақып Дулатұлының кызы, медицина ғылымдарының докторы Гүлнар Дулатова да [Дулатова Г. Асылдың сынығы // Жұлдыз, № 3, 2003. 122 б.] Батыrbек Бірімжанов туралы жазған мақалаларын «Асылдың сынығы» деп атапты.

Шындығында да Баташ (Ол кісіні елдің бәрі жақсы көргені соншалық, Батыrbек демей, Баташ деп кеткен) ағайымыз асылдың гана емес, асылдардың сынығы. Жақсы болмауға хақысы жоқ скен ғой.

Бабасы – Батыр Шақшак, Шақшактан – Кошкар, Кошкардан – атакты Тархан Жәнібек. Жәнібектен – Мұса, Мұсадан – казак даласына Ресей отаршылдары бекініс сала бастағанда алғаш қарсы түрган би Шеген (Қазакта «Тіріде Шегеннің бағы мықты, өліде Сандыбайдың тамы мықты» деген сез бар). Шегеннен – би, шешен Бірімжан. Бірімжаннан – Торғай уездік шаруалар бастығының көмекшісі, Орынбор генерал-губернаторының номенклатурасына енген Корғанбек, Корғанбектен – Қазан университетінің зан факультетін үздік бітірген (1896) 1905-1906 жылдары Ресей мемлекеттік I-II Думасына депутат болып сайланып, ел қамын жеп сез сойлекен Ахмет. Батырбек Бірімжанов осы Ахметтің ұлы. Шешесі – Гүлжауһар Әлмұхаметкызы Сейдалинаның экесі Әлмұхамет Құнтөреұлы Сейдалин актөбелік, Орынбордағы Неплюев кадет корпусын, кейін Санкт-Петербург университетінің зан факультетін бітірген. Адай елнің сұлтандырылған правителі (1866-1889), Торғай уезінің судьясы (1869-1889) болған адам, Ңұралы ханының ұргағы.

Ыбырай Алтынсарин 1889 жылты 6 наурызда Н.И.Ильминскийге: «...Ыңғыза мировой судья және тергеуші болып Альмухаммед Сейдалин істейлі. Ол қазактарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Биыл ол қазақ қыздары үшін Ыңғыза қазақ сахарасында ен тұнғыш, 20 кіслік қыздар мектебін ашуыма көмектесті» [Алтынсарин Ы. «Газа бұлақ». А., Жазушы, 1988. 310 б.], – деп жазады. Әлмұхамет мектеп ашуға гана көмектесіп қоймай, қыздары Гүлжауһар мен Гүлжиһанды окуға береді. Екеуде мектепті үздік бітіреді.

Гүлжауһарды өз көзімен көріп, тәлім-тәрбиесін алған Гүлнар Дулатова: «Шалқасынан қайырып, желкесіне түйіп қойған шашы, дәңгелек келген қоңырқай жүзін ашып, біртүрлі сүйкімді де, жарасымды көрсететін, – деп жазады. – Толық денесін тік ұстап жүретін, сабырлы, ұстамды бәйбіше болатын. Үйде жүргенде басына орамал тартпайтын. Үстіне қымбат матадан тігілген, жыл мезгіліне қолайлы киім кигенді ұнататын.

Күзге таман қоңыр пішопштен қынамалы жеңіл бешпентің үстінен тастамайтын. Аяғына ыңғайлы тігілген былғары етік киетін. Қыстығұн тиін терілі көк ішігін киіп, басына қалып түбіт шалысын салатын. Сонау Орынбордан келе жатқан үйреншікті әдеттің бұзбайтын» [Дулатова Г. Асылдың сынығы //Жұлдыз, № 3, 2003. 122 б.].

Осындай ортада, асыл азаматтар мен ақылман аданың құшағында есken Батыrbек негізіне тартып тұган біртуар азаматтардың бірі болатын.

Қазак ССР Гылым Академиясының корреспондент-мүшесі, көрнекті химик-анорганик, химия гылымдарының докторы (1966), профессор (1965), Қазак ССР-інің еңбек сінірген гылым қайраткері Бірімжанов Батыrbек Ахметұлы 1911 жылы 10 желтоқсанда Күйбышев облысына қарасты Бузулук қаласында туған (Ол кезде әкесі Ахмет қызмет бабымен сонда тұрған).

1920 жылы Қазақстандағы мектептер тете жазу әдісіне көшіп, жаңа әріп, жана әліппе, окулықтар пайда бола бастаған кезде Тосын болысы Жакып Дәуренбекұлының ауылында молда смес, мугалім сабақ беретін мектеп ашылып, Батыrbек алғаш сонда сауатын ашады. Сол Тосын болысына қарасты Шиліде Әлмағанбет молдадан оқып келген Сүйіншөлі Оспанов сабақ береді. Мектептің ерекшелігі – Ыбырай Алтынсарин дәстүрімен орысша да, мұсылманды да сабак етілетін болады.

Әлмағанбет Оспанұлы ашқан бұл мектеп 20-30 жылдары елге кеңінен танылған оку орын еді. Мектептің ашылғаны жайында «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымындағы нөмерінде «Бостандық мектебі» (Мектеп солай аталған – С.О.) деген хабар да жарық көрген. Онда мектептің жайы, тағы да сондай мектептер ашу керектігі баян етіледі.

Әлмағанбет 1889 жылы Торғай қаласындағы Ыбырай ашқан колөнер мектебін бітірген, Батыrbек Ахметұлы 30-шы жылдары Әлмағанбетпен кездесіп, әңгімелескенін, оның шәкірттерінің бір де біреуінің молда болмағанын, марқстік философияны терең менгергенін, сондай-ақ заманауи саясатты да жақсы билетін зерделілігіне таң қалғанын айтады [«Эпоха Беремжанова», 2001, стр. 21.]

Ә.Оспанұлы – әрі ақын. «XX ғасыр басындағы қазақтың рухы мен дінін асыл сез арқылы бейнелеп кеткен Алаш ақыны» [Ісмакова А. //] «Қостанай таңы», 20 сәуір, 2011].

1921-22 жылдары елдегі ашаршылыққа байланысты Батыrbектің анасы Гүлжаунар орталыққа – Торғай қаласына көшіп барып, жұмысқа орналасады, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, съездерде, конференцияларда әйел тенденді жайында баяндамалар жасайды.

Батырбек Торғайда оқып жүргенде мектеп директоры Иванов болыпты, Тілеуқабыл Қарпыков, Мұжан Өмірзаков, Ғалымжан Бектемісов деген мұғалімдер сабак беріпти.

1923 жылы үй-іші Орынборға көшіп барады. Батырбек сондагы үлгі-тәжірибе коммуна мектебінің ушінші класына қабылданып, интернатта жатып окуын одан әрі жалғастырады. Мұнда қазақтардан Ерғали Алдонғаров пен Қожахмет Баймахамбетов сабак беріп, әрі тәрбиешілері де болыпты.

Ерғали Алдонғаров – Қостанайлық, Қостанай реалды училищесінің тулагі. Қазақстан комсомол жастар үйімін үйімдастырушылардың бірі, журналист, баспагер. 1923-24 жылдары елкелік тәжірибелік коммуна мектебінің менгерушісі болған.

1928 жылы Батырбек Орынбордағы халық ағарту институтына окуга түседі. Екі жылдан соң бұл оку орнын Алматыда ашылған Қазақ университетімен біркітіріп, ол 1932 жылы Қазақ педагогикалық институты болып аталады (Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті). Батырбек институтта жүргендеге-ак қызмет істей бастайды. 1930 жылы Қазақ КСР халық комиссарлар Кенесінің Ақмола округі Нұра ауданы бойынша сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше өкілі болса, 1931 жылы Ағарту ісі халық комиссариатының өкілі ретінде Шалқар ауданында жалпылай бастауыш білім беруді үйімдастырады. Сол кездеңі оқытушылардың жетіспеушілігіне байланысты техникум, жоғары оку орны дайындық бөлімдерінде химиядан сабак беріп, 1936 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі. 1932 жылы жоғары оку орнын бітіріп, соңда оқытушы болып қалады. 1946 жылы «Қазақстан шикізаттарынан термофосфаттарды алушың колайлар жағдайлары» атты тақырыпта кандидаттық диссертация корғайды. Кафедра менгерушісі, 1954 жылдан бастап 26 жыл химия факультетінің деканы болды.

Алғашқы ғылыми жұмысынан-ак оның ғылыми ізденісінің көкжиегінің кеңдігі айқын аңғарылады. Ғалымның негізі ғылыми бағыты – табиғи тұздар мен тыңайтқыштардың физикалық-химиясы мен технологиясы еді. Табиғи тұздарды пайдалану сияқты колданбалы зерттеулерден де басқа континенттік тұздардың таратуын зерттеу жөнінде үлкен теориялық еңбек бастайды. «Атап айтқанда, Балқаш, Алакөлмен қатар жұз тұзды көлдің, 15 өзеннің және 39 өзен саласының суларын зерттеген орасан еңбектің нәтижесінде континенталдық тұз тұзілу теориясын ұсынды. Еңбектің қорытынды

нәтижелері ғалымның «Балқаш маны тұздарының түзілуі процесінің физика-химиясы және оларды пайдалану» тақырыбындағы докторлық диссертацияда жинақталды» [Ерғожаұлы Е. Асылдың сыйығы // Егемен Қазақстан, 7 қантар, 1997. Б.5.].

Ғалым мұнымен шектелмей, Сырдария, Іле, Шу, Тобыл, Есіл, Талас тағы басқа өзендер мен сол өзендер бойындағы Бұқтырма, Қапшагай, Шардара және Сергеев су қоймаларының сularын зерттейді.

Б.Бірімжановтың ғылыми жетекшілік етуімен 36 адам кандидаттық, 4 адам докторлық диссертация қорғапты. Жеті жузден астам ғылыми еңбегі бар, бірнеше монографиялық еңбек жазған. Жоғары оку орнына арналған қазақ тіліндегі тұнғыш оқулық «Жалпы химияның» авторы. 1962 жылы жарық көрген бұл оқулық кітап 1970 жылы өндөліп, толықтырылып қайта басылып шықты. Мұғалімдерге арналған «Химия серігі» (1968), «Орысша-қазақша технологиялық сездік» (1969), «Химиялық элементтердің тарихынан» (1970) кітаптары, сондай-ақ ғалым-ұстаздың редакциялауымен «Биорганикалық химия практикумының» екі бөлімі, көлшілікке арналған басқа да енбектері окушы қолына тиді.

Көрнекті ғалым жетілсінші жылдары Қазак КСР Жоғары білім беру министрлігіның ғылыми әдістемелік кеңесінің төрағасы, кейін Жоғары білім беру министрлігінің химия саласы бойынша ғылыми әдістемелік кеңесінін және Кеңес үкіметі химиктері ұлттық комитетінің жоғары білім беру туралы жұмыс тобының, И.Менделеев атындағы Бұқілодактық химия қоғамының мүшесі болды.

Баташ ағамыздың талантты шэйкерттерінің бірі отыз жасында профессор атанған Қырғыз Ғылым Академиясының академигі Хаким Сулайманқұловтың кызы балалары болғанымен, ұлы жоқ екен. Ұлы дүниеге келгенде жалиғыз ұлының атын Батырбек Ахметұлының құрметіне Батырбек қойыпты. Сол Хаким: «Батырбек жоқ жерде елдің бәрін аузыма қаратамын, ол кісі отырған жерде мысы басып сөзімнен жаңыла беремін», – дейді екен.

Улкенге инабатты, кішіге қайырымды, салмақты, ұстамды, ұлагатты ұстаздың әр ісі кейінгіге үлгі-өнеге.

Аталары Шеген, Бірімжан билерге тартып туган Батекен де ұтымды, талқыр сөйлейтін.

Отыз жетінің күғын-сүргіні Батырбек Бірімжановты да айналып өтпеген.

Гүлнар Дулатова «Алтынның сыйнығы» [Дулатова Г. Асылдың сыйнығы // Жұлдыз, № 3, 2003. 122 б.] аталағын еске алуында «арам ниетті бір паракор зұлымның» Батырбекке жала жауып, НКВД-та көрсетіп, түрмеге қаматқанын, тексере келе кінә-қылмысы жоқтығынан акталып шыққанын айтады.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбу Тәкенов «Ату жазасына кесілген ару» [Тәкенов Ә. Ату жазасына кесілген ару // Егемен Қазақстан, 8 қантар, 1997.] атты макаласында бұл оқиғаны еткей-тегжейлі түсіндіріп жазыпты.

1938 жылы Телжан Шонановтың зайыбы, Бақытжан Қаратаевтың інісі – Арон Қаратаевтың қызы Шахзада Шонанована «Контрреволюцияның, буржуазияның, ұлтистың, ҚазМУ-дің анатомия кабинетінде болған өртті ұйымдастырылған, халық жауының әйелі» (алғашқы жамағаты мемлекет кайраткері Үйдірыс Мұстамбаевты да, кейінгі қосылған жолдасы Телжан Шонанұлын да (1937, 21 шілдеде) «халық жауы» деп айыптаап тұтқынга алғанда Батырбек Бірімжановты да қамаған. Құдай сақтағанда, Б.Бірімжановтың өрт шыққан кезде Ленинградта окуда болғаны анықталып, НКВД амалсыз босатыпты.

Батырбек Бірімжанов 1941 жылы соғысқа аттанғалы тұрғанда Қаныш Сәтбаев ерекше бронмен алғып қалыпты.

Ірі бай-шоңжарлардың үрлагы, сұлтан-төрелердің жиені оған мұндай талай қауіп-қатер тәнгеш болар. Біздін білетініміз осы екі қауіп кана.

Қазір Батырбек ағаның ошағын ұлы Рустем жалғастыруда. Одан Дәурен...

«Ібырай Алтынсарин, Шекәрім Құдайбердіұлы». -Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы. 2007. -364-367 б.

Ғазымбек Бірімжанов

«Ахмет ағай, Ғазымбек
Елден шетке кетіп жур,
Отанға қызмет етіп жур...»

Шеген ұрпақтары туралы жыр осылайша жалғасады. Шегеннен Бірімжан, одан Корғанбек, одан Ғазымбек. Бірінші және екінші Думаның депутаты болған Ахмет Бірімжановпен (жоғарыдағы жырда аты аталған) Ғазымбек бірге туады.

Ғазымбек 1896 жылы Торғайдың Тосын болысында дүниеге келген.

Ахмет Байтұрсынов Ғазымбекті інісіндегі көріп, қолынан келтеше көмегін аямаған. Ғазымбек те Аханды ардақтаған, жолын құыш, одан үлгі-өнеге алған. «Алаш» партиясына енген. 1914 жылы Орынбордағы реальді училищені бітіріп, кейін Ташкент университетінің дәрігерлік факультетіндегі оқыған. 1916 жылдары майданның қара жұмысына казактар алынған кезде Ғазымбек өзі сұранып Киевке барып, орысша білмейтін қандастарына көмек көрсеткен. Каламының жүйріктігін байқаған Міржақыш Дулатов оны 1920 жылы «Ақ жол» газетіне қызметке шақырады. Бұл жөнінде профессор Темірбек Кожакеев «Сара сөздің сардарлары» кітабында: «Ақ жол» газетінде жарияланған материалдарын зерттегендеге, F.Бірімжановтың үлкен ағартушы екені, бұл жағынан А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың шәкірті болғандығы аңғарылады, – деп жазады. – Ол Ахметтен 23 жас, Міржакыптан 11 жас кіші болса да, солардың тәрбиеесінде, жетегінде жүріп, ұстаздарының ісін алға апаруға, ілгері жалғастыруға тырысқан. Ағарту саласында бірсыныра енбек жазып, келелі ойлар қалдырган. Бұл орайда Ғазымбек, әсіресе, Ахметтің тұтыш, көп ретте ол кісіге жүгініп, сонын пікіріне сілтеме жасап отырады [Кожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы. «Санат», 1995. – 11-12 бб.]. Ахмет Байтұрсынов 1922 жылы тамыз айының басында Түркістан республикасының астанасы Ташкентке барады. Ахметтің бұл сапары жөнінде сол тұста «Ақ жол» газетінде қызметте жүрген Ғазымбек «Лайықты қошамет» деген мақала жазады.

Талантты жас ғалым Дихан Қамзабекұлы «А.Байтұрсыновтың Ташкент сапары» мақаласында осы іс сапар жайында айта келіп: «Ақ жол» газетінің бір авторы: «Келген жұмысы – Түркістандағы екі облыс қазакты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру» деп көрсетілті.

Қаламгер «Ш-н» (кім екенін біле алмадық) Ташкенттің мәдени-рухани һәм саяси өміріне елеулі жаңаңық болып енетін А.Байтұрсынулы сапарын «бұл Ахмет ағайдың Түркістанға бірінші келіп қайтқаны» дей отырып, тәптіштеп жазыпты» [Хамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы. «Білім», 1997, – 102 б.], – дейді.

Ғазымбек 1921-1922 жылдары «Ақ жол» газетінде жүргенде жазған материалдарының сонына «Ғазымбек», «F.Бірімжанов», «Шеген» осы Шеген дегенді қыскартып «Ш-н», «F» деп қол қойған. Диханың айтып отырған «Ш-н» дегені – Ғазымбек Бірімжанов.

Мұны Темірбек Қожаев те Фазымбек жайындағы зергтеу мақаласында айтып кеткен.

Ғ.Бірімжанов осы «Ақ жол» газетінде жарық көрген мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың болмыс, бітімін суреттей келіп: «Тұсына келе бергенде балалар дауыспен: «Ассалаумагалейкум!» – деп сәлем берді. Элгідей болмай тағы да балалар: «Жасасын қазақ! Жасасын қазақтың қаһармандары! Жасасын казақтың көсемі Ахмет ағай Байтұрсынұлы!» – деп бар дауыспен шулап қоя берді. «Жер жанғырып, кан шымырлап, көніл бұзылып, кісі өзінің қайда екенін білмейтіндегі халге келді», – дейді.

«Қазақ халқының қаламға жүйрік, алты алашқа аты жайылған атакты азаматы Ахмет Байтұрсынов» деген жолдарынан да «Фазымбектің Ахметке іші бұратыны» сны ардақ тұтын, аса қадірлійтіні аңғарылады.

Фазымбек Ахмет ағасының идеяларын насиҳаттаушылардың бірі болған. Оның «Шетке окуышылар жіберу, окуга жұмышу керек» [//Ақ жол, 1921, 10 мамыр.], «Қазіргі әдіс», [//Ақ жол, 1921, 7 шілде], тағы басқа мақалаларында да жастарды оқыту, оларға ғылым, білім, кесіп, өнер үйрету керектігі жөнінде толғанады.

«Осы күні түрлі кәсіпшілік һәм қара жұмыстардың өнерін үйрететін мектептер бар, – деп жазады ол «Біздің жұмыстардың бірі» [//Ақ жол, 1922, 21 ақпан] деген мақаласында, – темір жол, почта, телеграф өнерін үйрететін, қаріп тізушилер һәм басқа сол сияқты мектептер. Қара жұмысты да менгеріп альш кетерлік кәсіпқор, өнерлі, іске ұста адамдарымыз болмаса, тіпті максатқа жету қыны».

Автор осылай дей келіп жұмышшылар даярлайтын, түрлі мамандықтар беретін мектептерді көп ашу керектігін, оларды сөйтіп тезірек жұмыска орналастыру қажеттігін айтады. Халықтың эл аухатын көтеру үшін ұлттық кадрларды көбірек дайындау керектігін баса көрсетеді.

Фазымбек мақалаларының мән-мазмұны Абай, Ұбырай өлеңдеріндегі ойлармен тоғысып, үндесіп жатады. Абай өлеңдерінің жолдарын мақаласына тақырып етіп алған Ғ.Бірімжанов ұлы ақын идеясын елге насиҳаттаң, көптеген мақалаларында халықты окуга үндейді. «Ақжол» газетінде 1922 жылы жарық көрген «Сағаттың шықылдағы ермек емес» деген мақаласы осының бір айғарғы. Мақала соны:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һамиша өмір өтпек – ол білдірмек.

Бір минут, бір кісінің өміріне ұксас,
Өтті, өлді, тағдыр жок қайта келмек, -
деген ақын Абайдың терең шікірін еске ал, азамат!» - деп түйінделеді.
Абай өлеңдерінің жолдарын мақала тақырыбы етіп алу осы
Ғ.Бірімжановтан бастау алды ма деген ой келеді.

Ал, «Осы кезде дүниенің бір шеті мен бір шеті сымды, сымсыз телеграммалар арқылы хабарласып, жансыз нәрсені жүйрік аттай шаптырып (темір жол, автомобиль) үлкендігі сондай судан пыққан күн суға бататын, үшінші-күйіры жок далада теңіздердің суының астымен де, устімен де жол шегіп (кеме, сұнгуір қайықтар) күс болыш кекке үшқан (айырлған) адам басы «ені бізге басқа еш нәрсе керек емес» деп айта ма?!» («Оқудың қымбаттығы», «Шолпан», №4,5, 1923 жыл), - деген жолдар І.Алтынсариннің:

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызыды,
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызыды.
Мың шақырым жерлерге,
Аты жок құр арбаны
Күн жарымда барғызыды,
Адамды құстай үшірдь... -

деген өлеңімен үндесіп жатқан жоқ па?!

Ібырай жолын қуған Газымбек те «Шетке окушылар жіберу, окуға жұмылу керек» [«Ақжол», 10 мамыр, 1921], «Ел шаруасының камы» [«Ақжол», 27 мамыр, 1921], «Біздің жұмыстардың бірі» [«Ақжол», 27 ақпан, 1922], «Қазір әдіс» « [«Ақжол», 30 шілде, 1921], «Індет» « [«Ақжол», 3 наурыз, 1922], тағы да басқа мақалаларында оқу-ағарту ісі, ғылым артылышыны, өнер жайында ой толғап, халықты білімге шақырады.

«Елден шетке кетіп жүр» деп жоғарыдағы жырда айттығандай, Газымбек Бірімжанов Германияда оқыған (1922-1928 жылдары – С.О.). Ауылда өсken, шетел тілін менгерменген жастың Германияда оқып, білім алуды оның аса зеректігін, ендеккорлығын байқатады. 1930 жылы атуға бүйірүлгіп, ол жаза келесі жылы Сібірге айдауға ауыстырылады.

Газымбек айдауға жүргенде де Ахмет ағасынан хат алғып тұрған: «КАССР п/о Остров I-ое Соловецкое Отделение, СЛАГ I, лагпункт, Дулатову Мир-Якубу Дулатовичу,

Архангельск, Соломбала, I-я деревня, I-я линия, д.9 32 жыл, декабрьдін 31-і.

Мыржақып, Мырзагазы, Газымбек, қараптарым, мен Архангельге 30 ноябрьде келдім...

Ахмет».

Ахметтің бұл хатынан біз Газымбектің айдауда қай жерде болғандығын білеміз.

Ахаң 1934 жылы 8 наурызда жазған хатында да «Қараңтарым Мыржақып, Мырзагазы! Сондасыңдар ма? Дендерің сау ма? Газымбек қайда?» деп жазады...

Газымбек сол 1934 жылдан кейін (дәл қай жылы екені белгісіз) айдауда жүріп Беломор-каналы құрылышын салуга қатысқан...

1937 жылы 9 қазанда қайтадан тұтқынға алынып, 1938 жылы 19 наурызда атылған. Сүйегі Мәскеу облысы, Ленин ауданы, Бутоло поселкісіндегі корымға койылған. 1989 жылы акталған.

Газымбектің, Міржақыптың, Мырзагали Есполовтың, Айдархан Тұрлыбаевтың Солвкide болғанын [Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, № 3-4, 1994. – 3 б.] деген естелігінде Гүлнэр Дулатова да айтқан.

Ишан, ақын Файзолла Сатыбалдыұлы айдауда жүріп Ахметсана Юсуповқа жазған хатында Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа қолын алып сәлем айт дей келіп:

«Және де Аймауытов Жусіпбекке,

Жас өркен Бірімжанов Газымбекке.

Бәрін де аман-есен сактай көр деп,

Тапсырдым мінәжат қып құдіретке», –

дейді. Бұдан біз Газымбектің елге танымал атпал азамат болғанын ангарамыз.

Бірімжанов ұлт мұддесін ойлап, сол жолда аянбай курсес жүргізген Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Есенгали Тұрмұхамедов, Габдолхамид Жұндыбаевтармен бірлесіп «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасаушылардың бірі. Бұл жоба 1917 жылы 21 қарашада «Қазак» газетінде жарияланды. Сондай-ақ F.Бірімжанов «Алаш» үкіметінің Башқұрт үкіметі жаңындағы Баймақта елшісі болған» [Ахмедов F. Таңдамалы, Алматы. «Жібек жолы», 2005. 2 т. – 11 б.].

Газымбек көрнекті қоғам кайраткері, халықтық мұсылмандариясының жергілікті ұжымының екілі, Ресей мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған Сәлімгерей Сейтханұлы

Жантөріннің Мәскеудің мемлекеттік университетінің шет тілдер факультетін бітірген кызына үйленген. Арапарында бала жок.

Әзиз Мурзиннің эйелі Алиса Власованың 1931 жылғы 5 күркүйек күні ГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Бірімжанов Жантөринага үйленген болатын. Москвага келген соң Бірімжанов тұтқынға алынды. Бекейханов пен Мурзиннің кеңесі бойынша Жантөрина онымен ресми әжырассты. Ал шындығында, ол өзінін күйеүіне үнемі қаржылай көмектесіп отырды. Бірімжановтан ажырасуының себебі - өзіне тергеушілердің назарын аудармаудан туған. Өйткені Жантөрина помещиктің отбасынан шықкан» [КР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, 2370 – іс, 1 т., 638 б.-делінеді.

Ғазымбекпен бірге туған Қазима, Қазиманың қызы Гүлбану... Гүлбанудың балалары қазір Алматыда тұрады.

Алтынсары, Шолак, Қасымхан...

Алтынсары – Шегениннің кеңже ұлы. Ыбырайдың экесімен аттас болғанымен бұл оның нағашы агасы. Яғни Шегеннен жеті ұл – Шолак, Қазыбек, Бірімжан, Бектеміс, Өтетілеу, Ділдәбек және Алтынсары туады.

Алтынсары – казак тарихында ерекше өзіндік орны бар би, батыр, дархандығымен де аты шықкан тұлға. Атакты Уақ Жұмабай Шалабайұлы «Алтекен бейте бермес ол бір жүйрік» деп жырга қосып, Алтынсарының 15 адамға Мәкке-Мәдинаға қажылыққа барып келуіне жағдай жасағанын мактандышип жеткізеді.

Шолак – батыр. Шеген Кенесары қозғалысын қолдап, Кене Хан Торғайта келгенде оған жер беріп, жасақ құруына көмектескен. Екеуі жақсы қарым-қатынаста болғаны Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» кітабында жан-жақты айтылады. Кенесары Торғай бойынан көшерде Шолакты өзіне өкіл бала етіп алыш кеткенін көнекөз қарттар жиі айтып отыратын. Алтынсарының немересінің есімін Қасымхан қоюының себебі де осында жатқан сияқты. Шолак сол кеткеннен елге оралмаған. Қыргызстан жақта болғаны да еміс-еміс айтылып қалатын.

Алтынсарыдан – Әлі, Арыстан, Арыстаннан екі ұл – Қасымхан, Жұніс. Жұністен – Сұлтан, Дәуірхан. Қасымханнан сегіз ұл.

Қасымхан 1887 жылы туған. Жастайынан атка мініп, кісілігімен, әділдігімен ел аузына іліккен ірі денелі, өр, өжет, дархан жігіт болыш

өсіпті. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісінде Мыңбасы болған ол ерлік ісімен ел есінде қалып, халқымыздың тәуелсіздігі жолында құрбан болған. Жазушы Іздей Мұхамеджанов «Торғай комиссарлары» кітабында «...Әуелі Амангелді бастаған мергендер қалачың қүншығыс жағынан шабуыл жасайды. Оспак Шолақов пен Қасымхан Алтынсарин бастаған топ күнбатыс жақтан кіреді», – деп Алтынсарының осал адам болмағанын байқатады.

Сол азаттық үшін алышқан Қасымхан «Кенес өкіметіне қарсы құреске әзірленуде» деген жаламен құтын-сүргінге үшырап, 1920 жылдары Семейге, кейін Сібірге жер аударылды, інісі Жұніс те сол жаланың құрбаны болды. Қасымхан ұрпактары Жамбыл, Шығыс Қазақстан, көршілес Қыргыз Республикасына қоныс аударып, бойтасалаумен жүрді. Қасымханың екі ұлы – Жұмахан мен Файыпхан елуінші жылдары ғана елге оралып, Костанай, Әулиекөл аудандарында тұрды. Жұмаханың Кенес атты баласы аталарына тартып өр міnez болып өсіп, ұзақ жылдар бойы Ішкі істер министрлігі саласында қызмет етті. Қазір зейнеткер, полковник. Файыпханнан тараған ұрпақ Аманкелді ауданында.

Кейкі Кекембаевтың қанды кейлек досы, ел қамкоры Қасымхан Алтынсарыұлының есімі Тәуелсіздігіміздің арқасында ғана қайта жаңғырып атала бастады. Торғайдың орталық көшелерінің бірі қазір Қасымхан Алтынсарыұлы атында.

Мұхтар Қорғанбекұлы

Мұхтар 1908 жылы туған. 9 жылдық мектепті Орынборда, кейін Ташикенттегі Орта Азия университетінің тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Орал педагогикалық институтында сабак берген. 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналы жарық көргендеге Мұхтар:

Жаңа қос, жас қарлығаш, аманбысыз,
Уыз сүт, тәрбиеші анамбысыз?!
Жас тілек панаңдағы баланыз біз.
Еңбекші елдің жырын жырлайтұғын,
Тен жорға, қызыл тұмсық қаламбысы?
Маңыңа жыл-жыл сайын жас қаламмен
Жиылсын шын тілекші талай мың-жұз!

– деп тілек білдіріпті.

«Тау құлатқан дауылда» деген ұзак өлеңінен оның Магжан Жұмабаевқа еліктейтіні аңгарылады. Бұл шығармасының алдында

автор: Ұлы толқын майданда қаралы қайғы қан жұтқан, қанаты талған, шалдықкан төңкөріс ерлеріне ескерткіш» деп жазылты.

Сусыз шөл, елсіз, көлсіз құба қырда
Құс та жок, жүрген жалғыз шөлшіл тырна.
«Тыр-тыр» деп тырылдайды анда-санда,
Білмеймін, әлде жыр ма, әлде сыр ма?

Табиғат бірден тіке кетті үдеп,
Аспанға шоғырланды бұғып пен түнек.
Таулар да қаһарынан қатғы қорқыш,
Сасқаннан бірде жылап, бірде күлет.

Табиғат сәуле берді, міне, құлді,
Шығыстан шашыраған көріп күнді.
Кешегі мешел, сакау табиғат та
Тірілді, тілі шықты, болды үнді.

Мұхтардың жары Хадиша Қасымова – дәрігер. Медицинағылымдарының кандидаты, Ұлы Отан соғысына катысқан. Ұлдары Мұхит, нағашылары бауырына салып өздерінің атына Қасымов деп жаздырған.

Мұхтар Корғанбекұлы 1934 жылы қайтыс болған.

ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ ҚАЗАСЫ КІМНЕҢ БОЛДЫ?

Халықты отырықшылықка, егін салуга насиҳаттайтын Ұбырайдың “Қыпшақ Сейітқұлы” әңгіме емес, очерк екені талай айтылып та, жазылып та жүр. Сейітқұл Маманұлы өмірде болған адам. Ол 1770 жылы туып, 1830 жылы кісі колынан қаза тапқан. Очеркте айтылғандай, руы – қыпшақ, қыпшақтың ішінде Торы, Торының ішінде Қитаба.

Маманың он баласының ақылдысы да, еңбеккөры да Сейітқұл болышты. Ол елді біріктіріп, отырықшылықка үндеп, тұқым себу, егін егу кәсібіне үйреткен. Сейітқұлдың қырық үйлі тобырымен Туркістан жақтан коныс аударып келгенін, сезге шебер, батыл, карулы кісі болғанын көнекоз қарттар жиі айтып отыратын. Қостанай облысының, Жанкелдин ауданына қарасты Еңбек ауылының касында Корған деген жер бар. Сейітқұл Маманұлы сонда жерленген. Қазақтың алғашқы кәсіпкерлерінің бірі, елді дікандыққа баулыған

бабамыздың басына жазушы Қоғабай Сәрсекеев үлкен белгі орнатып, аты-жөнін өшпестей етіп тасқа жаздырып қойды.

Ы.Алтынсарин «Қыпшак Сейітқұл» әңгімесінде «Сейітқұл, күрметті Тілеу Сейдалин сұлтанының айтуы бойынша, 1830 жылдарда етіпті-міс» дейді.

Жақында ғана сол Тілеудің- Тілеумұхамед Сейдалиннің «Торғай өзені бойында егіншіліктің даму жағдайы» атты еңбегі колымызга тусты. Автор бұл еңбегінде Сейітқұлдың үлгі-өнеге ісін көрген Теке өзені мен Сарықопа саласындағы, Наурызым-Қарасу өзендері бойындағы, Наурызым-орман көлдері маңайындағы ел де егіншілікке бет бурғанын айта келіп: «Өз кәсібіне тек руластарының ғана емес, басқа да қырғыздардың бұлайша еліктеуі Сейітқұлды ынталандырып, одан әрі жігерлендіріп, Қарақогада отырықшылдықты біржола орнықтырып, сол жерде қаланың негізін қалау және көшпелі руластары үшін астық базарын үйлемдастыру туралы ой туғызыды. 1830 жылы мезгілсіз қаза болу себепті ол бұл ойын жүзеге асыруға үлгірмеді», - дейді [«Торғай өзені бойында егіншіліктің даму жағдайы» «Записки Оренбургского отдела императорского Русского Географического Общества» Выпуск первый, Казань, 1870. стр.234.].

Осы Сейітқұл Маманұлың өлтірген Токым тыққан Қыстаубай деп жүрміз, шындығында да солай ма?

«Қыстаубай – Кіші жүздің толымдысы

Дүниенің төрт түлігін көрген көбін», -

деп Шораяқтың Омары жырлағандай, Токым тыққан Қыстаубайдың ата- тегі Кіші жүз – Алай – Алшын – Құдуар тентек. Құдуардан – Қаракесек, одан Байсары (Кете), Әлім, Шөмен. Шөменнен – Шөмекей туады. Шөмекейден – Тока, Қенек, Аспан, Бозғыл, Бозғылдан – Қаратамырдың бір баласы Қожас, одан – Қонъир. (Кей жырда Қонырдың ұлы Қыстаубай делінеді – С.О.). Қонырдан – Қоныс, одан – Қыстаубай батыр. Одан – Алдамжар, Алдамжардан – Наурызбай, одан – Рисламбет туады.

Ақын-жыраулар, әсіреле, Сыр бойы сүлейлерінің жырларында Токым тыққан Қыстаубай есімі жиі ұшырасады.

Базар жырау:

Жанқожа, Есет, Қыстаубай,
Қасым, Сейіл, Бұкарбай,
Малайсары, Жантайлақ,
Самат батыр, Тоганас –
Солардан өткен сүм дүние.

Тұрмაғанбет Ізгілеуұлы:

Тоқым тыққан Қыстаубай
Қайрат пен күшке кең еді.
Орасан ойлы, ете әділ,
Мұнды мен мұктаж мұсқінге
Етек-жөнді кең еді.
Сықақ қылыш, сын тағып
Андасып жүрген жауы да
Дей алмайды «Кем еді».
Атынан түспей әрқашан
Қарына ішіп ақ алмас,
Азды қөпкө тенеді.

Оразымбет Есентайлакұлы:

Конырдың ұлы Қыстаубай,
Дәүітбай, Қасым, Сәлтеке,-
Бұрынғы откен Тарғындей.

Төремұрат жырау:

..Шығырай, Сәдір, Ергабыл,
Тоқым тыққан Қыстаубай
Іс көрсетер күн бүгін,
Күр атына мәз болмай.

Куаныш Баймағанбетов:

...Қыстаубай батыр откен Шөмекейде,
Елі үшін қанды көйлек күнде киген.

Кыпшақтан тонау төлеп, өліп акыр,
«Бокты өлең» деген жерден орын тиғен

Базар жырау жырындағы батырлар есіміне назар аударсаныз Тоқым тыққан Қыстаубайдың кімдермен тізе қосып соғысканын аңғару қыны емес.

«Жанқожа Нұрмұхамедұлы туралы» деген мақаласында Фалым Ахмедов «Созак камалын бұзған он екі батырдың бірі Қыстаубай» дег көрсетсе [«Жұлдыз» №11, 1991.], кезінде Қызылорда облысынын Теренөзек аудандық «Еңбек туы» газетінде (бөлім менгерушісі, редактор), аудандық атқару комитеті тәрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған, ауыз әдебиетін зерттеуші галым, этнограф, «Тоганас батыр», «Дүр Онғар», «Қанлы Жүсіл», «Корқыт ата», «Кете Шөмекей шежіресі», «Теренөзек тарихы», «Сыр

перзенттері», «Жеті тараудағы – жеті анық» т.б. кітаптардың авторы Тынышбек Дайрабай: «Қыстаубай – Жанқожа, Есет, Тоганастармен замандас, Сыр бойының белгілі батыры», -деп, кокандықтармен болған соғыста көрсеткен ерліктерін суреттейді. [Қыстаубай хақында // Қазак батырлары, №6. -2001. -8 б.]

Еңбек ардагері Несібелді Ералина: «Аруак қонған арқалы ер» деп аталатын мақаласында Қоқан шапқыншылығы кезінде бас кәтерген батырлар жайында әңгіме козғағанда: «Тоқым тыққан Қыстаубай, Дағыл, Сатыбалды, Мұхтарам, Көпжасар, Көкі, Абырақ, Жолдыбай, Жарқынбай, Дақай, Пышак, Боранбай бір тудың астынан табылды» [Сыр ардагері, 2 қыркүйек, 2009 ж.], - деп Қыстаубай атын алдымен аузына алды.

Базар жырау Онласынұлының жырында да, ел аузындағы аныз әңгімелерде де, зерттеушілер еңбегінде де Тоқым тыққан Қыстаубай кокандықтарға карсы күресіп, қалың жауға жалғыз шапқан наизагер батыр ері өнерпаз.

«Сыр топырағынан жарапты, осы жерден нәр алған, ел қорғаған батырлардың бірі – Жиенәліұлы Қыстаубай» [Сырдың сырлы сыры, Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.-96 б.],-деп Т.Дайрабай ел тәуелсіздігі үшін күрсекен тағы бір Қыстаубайдың болғанын айтады.

Нұржан Наушабайұлының «Сегіз сері» дастанында:

«Сегізбен шыққан жекпе-жек
Қоқанинан шыққан Қыстаубай.
Сол сұмырайдан сескенген
Алшындағы ағайын...

Он жеті жаста қол жинал,
Маңына сарбаз құрапты.
Қыстаубайдай залымды
Алықанда бұрапты» [Наушабайұлы Н. «Алаш», 110 б, Серіз сері Таңдамалы шығармалары. Солтүстік Қазақстан зан академиясы, 2003. -194 б.],-десе, Асанбек Нұргожаұлы: «Сегіз сері» дастанында:

Жекпе-жек шыбып дүшпәнмен
Бақытынды ылғи сынадын.
Қыстаубай, Жабы сұмдардың
Қиналмай мойнын бұрадын [Сегіз Сері Таңдамалы шығармалары. Солтүстік Қазақстан Зан академиясы, 2003. -217 б.],-

деп, Сегіз серінің Қоқандық Қыстаубаймен жекпе-жекке шығып, женіске жеткенін жыр етіп толгайды.

Біз бұдан тағы бір Қоқан ханының қолшоқпary Қыстаубайдың болғанын байқаймыз. Оны Нұржан Наушабайұлының «Сегіз сері» дастанындағы мына жолдар растай түседі:

«...Ер шошынған жуыздан
Жүргі ердің таймалты.
Еркіне жықпай қоймалты,
Ер намысын жоймалты.
Алсын деп кегін бұл сұмнан
Беруді жұртқа ойланты.
Аяқ-колоң тас қылып
Дүлейді байлап тастаған.
«Кегінді бұдан алшы!»-деп,
Лақтырып алға тастаған» [10 б.]

Хиуа ханының баскесер шабарманы Қыстаубай Серіден женіліс тауыш, халық қолынан қаза табады.

Токым тыққан Қыстаубайдың қазасы мұлде болек. Бұл жайында Совет Жаманқараев «Қыстаубай батыр» деген мақаласында: «Батырдың өлімі де даудан болған. Қазалыдағы Хиуа бегі оған қастандық жасайды. Хиуа бегінің ақылымен сырдагы орта жүз қыпшактардан эскер жиналды. Бір жыл бойы дайындық көріп, атматымен түсіп кететін үлкен-үлкен ор казздырды. Сөйтіп аңғал батыр жауға айқайлай үмтүлғанда атымен орга құлайды. 300 найза жанжагынан тіреп тұра қалады. Ол сол жерде Қызылорда облысының Сырдария ауданының Кәктөбе деген жерінде жерленеді», -дей келіп «Жұлдыз» журналында жарық көрген Т.Сүлейменовтің «Серінің бір ерлігі» материалында аты аталатын Қыстаубай хиуалық Қарақалпак Қыстаубай сияқты деген пікір айтады. [«Жұлдыз» №12, 1989. -200 б.].

Т.Дайрабай да Токым тыққан Қыстаубайдың орта жүз Қыпшактарының қолынан мерт болғанын, қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданының «Боктыөлең», «Кәктөбе» деген жерге жерленгенін көрсетіл, Куаныш Баймаганбетовтің жоғарыда мысалға келтірғен өлеңін сонын дәлелі ретінде алға тартады.

Төлеш Сүлейменовтің «Серінің бір ерлігі» мақаласын тауыш, оқып шықтық. Мұнда аты аталатын Қыстаубай хиуалық Қарақалпак Қыстаубай. Мақалада Серіз серімен екеуінің жекпе-жекке шығып, Қыстаубайдың жениліп, халық қолынан қаза тапқаны баян етіледі.

Окушылардың батырдың есіміне неге «Токым тыққан» деген сез косылып айтылатынын белгісі келетіні анық. Бул жайында рулас, әрі жерлес, қарақалпақтың да (Қарақалпастанда тұрган, балаларға сабак берген), қазактың да батырларын жақсы білген Т.Ізтелеуұлының «Көңіл гүжім дараптай» атты толғауында Қыстаубайға сілтентен жау наизасынын ұшы денесінде қалып кояды. Оны батыр шылбырына байлаپ тісімен тартып жұлдып алады. Қан тоқтамай қойтан соң тоқымының шетін кесіп алғып, жарақатып бітейді. Халық атаған лақап ат осыған орай койылған [Ізтелеуұлы Т. Шығ. 1 том. –Алматы «Жазушы», 2007, -74 б.].

Қ.Әмірхамзинің «Қыпшақ Сейітқұл туралы: не білеміз?» мақаласында Хиуа ханының баскесер шабармандарының бірі Қыстаубай мен Сейітқұл арасында қақтығыс болып, ұрыста Қыстаубайдың Сейдахмет деген ұлы Сейітқұлдың садағының оғынан қазақ табады [«Қостанай таңы», 30 қыркүйек, 1997. -5 б.].

Жоғарыда ата-тегін келтірдік, тоқым тыққан Қыстаубайдың Сейдахмет деген баласы жоқ. Н.Наушабайұлының «Серіз Сері» дастанында да «Тоқым тыққан Қыстаубай» емес, «Қыстаубай» делінеді. Тынышбек Дайрабай «Жұлдыздың» оқырмандары: ойлар, пікірлер, көзқарастар, ұсыныстар» деген айдармен «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Қыстаубай каракшы емес» [№11, 1991, - 2005-2006 6.6.] мақаласында жазушы Н.Әбуталиевтің осы басылымның 1990 жылғы он екінші нөмерінде жарық көрген «Серіз сері» мақаласында Тоқым тыққан Қыстаубайды Хиуаның қаныштер жендеті етіп көрсетуіне қарсы пікір айтады. Н.Әбутәлиевтің бұл мақаласы Т.Сулейменовтің жоғарыда аталған мақаласымен сарындалас. Екеуінің алған оқиғасы да бір – Серіз серінін Қыстаубаймен жекпе-жеекке шығу.

«Сейітқұлды Қыстаубай өлтірді» дегенді естіген Хиуа ханының шабарманы Қыстаубайды білмейтін ел аты халық арасында кең жайылған атақты батыр Тоқым тыққан Қыстаубай деп ойлаپ, қауесет содан тараган болуы керек. Ел аузындағы азыз әнгімелерге сүйенген жазушылар мен зерттеушілер де сол ізге түсіп кеткен тәрізді.

Бәрін зерттең, зерделеп, салыстыра келе Қыпшақ Сейітқұлды өлтірген Тоқым тыққан Қыстаубай емес, Хиуа ханының баскесері қарақалпақ Қыстаубай деген шешімге келдік.

«Казак газеті», №13-15 (791), 01-15.04.2016.Б.7.

ТОРГАЙ, ТОСЫН МЕКТЕПТЕРИНІЦ СЫРЫ

Торгай уезінде Қазан төңкерісіне дейін Ы.Алтынсарин мектептерінен басқа 1905 жылы Тосын болысында, Тосын құмында төрт жылдық орыс мектебі, Торгайдың өзінде 1909 жылы Н.Г. Ивановтың үйымдастыруымен ашылған казак-орыс ер балалар училищесі болған. Бұл училище 1922 жылдан бастап орыс жеті жылдық мектебі аталған.

1870 жылы Ағарту министрлігінің «Ресейді мекен еткен бұратана халықтарды ағарту шаралары жөніндегі заны» [«Заман Қазақстан», 1997 ж.14 наурыз] жарық көреді. Бұл занға, негізінен, Н.И.Ильминскийдің бұратана халықтарды орыстандыруды көздеңген миссионерлік педагогикалық жүйесі енгізіледі. Яғни осы занда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленеді. Атап айтқанда, біріншісінде сабак ұлттың өз тілінде жүргізіледі, алайда міндетті түрде орыс әліппесімен оқыту керектігі талап етіледі. Алтынсарин ашқан мектептер осы категорияға кірді.

Екіншісінде барлық сабак таза орыс тілінде жүргізіліп, тек түсінбеген жағдайда ғана кейбір жайттарды ана тілінде баян етуге болатын еді.

Үшіншісінде сабак тек орыс тілінде ғана жүргізіліп, ана тілінде сейлеуге мүлде рұқсат етілмеді. 1905 жылы Тосында ашылған интернат тиپтес төрт жылдық мектеп, міне, осы категорияға жатады. Бұл мектепке жынырмаға тарта бала қабылданады. Әбдібек Бірімжановтың (Ыбырай Алтынсариннің нағашысы әрі шәкірті) бірнеше бөлмелі үйін мектеп етіп, балалар сонда жатып оқып, тамақтанады. Оку тек ғана орыс тілінде жүргізіледі. Иван Илларионович Прохоров деген орыс сабак береді. Мұғалім қазақ тілін мүлде білмейтін болғандыктан, алғашқы кезде болыстың хатшысы қазақша жақсы сөйлейтін Николай Токарев деген кісі аудармашилық жасап жүреді де, кейін балалар мұғалімдерімен еркін сейлесетін болады. «Мектеп бойынша бір бала күніне кезекшілік міндеттін атқарып отыратын, -деп жазады. И.Бәйменов өзінің бір естелігінде. – Сабак басталғанына екі-үш ай еткен соң бір күн мұғалім «Говорим по руский» деген жазуы бар тақтайшаны кезекшіге беріпті. Кезекші ол тақтайшаны ұстап балалардың арасында жүреді. Кім қазақша сөйлеп койса, тақтаны соның колына ұстата кояды. Тамақ ішудін алдында әлгі тақтайша кай баланың колында болса, ол тамақтан кагылуға тиіс болатын. Әрине, ешкімнің аш қалығысы келмейді. Сол

себепті балалар, әсіресе, тамақ ішетін уақыт тақалғанда аузының бағып, үнемі орысша сөйлеуге тырысатын» [Бейменов І. Ұшқан ұя. Торғай түлектері, Арқалық, 1991. -55 б.].

Батыrbек Бірімжанов Ыбырай Алтынсаринге Костанайдың Қыпшақ билері балаларымызды «шоқындырып жібересін» деп мектеп ашуына рұқсат берметенмен кейін Торғайға нағашылары белгілі беделді Бірімжан мен Қазыбек билерге келіп 1864 жылы мектеп ашқанын айта келіп: «Бірімжан бұл мектепке басқаларға үлгі-өнеге болсын деп екі баласын- Қорғанбек (менің атам) пен Әбдібекті берді. Оның бұл бастамасын Торғай уезінің басқа қазақтары да қолдай бастады. (Т.Т.Тәжібаевтың монографиясынан алғынған Ы.Алтынсариннің сынды-журналын караңыз). Ауылдарда да осындай мектептер ашыла бастады. Жоғарыда аты аталған Әбдібек Тосын болысындағы мектепті кеп жыл бойы қаржыландырып тұрды. Осы мектептің оқушыларының бірі менің жерлесім, мұғалім, Қазақстанның мәдени-агарту саласына үлкен еңбек сінірген қайраткер Илияс Бейменов», - деп, Илияс Бейменовтің 1908 жылдары осы мектепте оқығанын, кейін соны жиі есіне альш отыратынын баян етеді. Мұғалім казақша бір сез білмегендіктен ақырында көрші ауылдағы болыстық басқарманың іс журтізушісі Н. Токарев бір ай бойы аудармашы болғанын айтады [Эпоха Беремжанова/под.ред. Б.Т. Жумагулова. -Алматы: «Казак университеті», 2011. -20 б.].

Костанай билерінің «балаларымызды шоқындырып жібересін» деуі негіzsіз емес еді. Өйткені Ресей империясы елге зорлық-зомбылық көрсеге бастады. Қазақтың күнарлы жерлері орыс шаруаларына беріліп, басқа ұлттар мектебінен, өз тілінен айрылды. «Себебі олар біртұтас мемлекет тіліне енлі. Бұдан кейін осы жерлердегі ұлттарды толығымен орыстандыру саясаты жүргізіліп жатты.

Ол жұмыстар ұлт мектептерінде түгелімен орыс тіліне көшіру, ұлтты тек орыс тілінде сөйлету, өз тілдерін ұмытуға итермеледі» [Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап. (XVII ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін).- Алматы: «Білім», 2005. -349 б.].

Ы.Алтынсарин Ресей империясының бұл саясатын алғашында білмеді. Сондыктан да ол Ильминскийге 1884 жылы 14 сентябрьде жазған хатында: «Облыстық басқарманың мынадай нәмірлі бүйрігі бойынша» деген сияқты ресми сөздерді жаттатудан не пайда болмак?» деп мектеп оқушыларының жан-жақты білім алуды

керектігін айтты. Ал, шындығында Ильминскийге қазақ балаларының сауатты болғаны керек емес еді. Ол үшін қазақ балалары «облыстық басқарманың мынадай нөмірлі бұйрығымен» дегенді жаза білсе болғаны еді! Ресей империясының қазак жерінен мектеп ашудағы мақсаты да облыстық әкімшілік кенселерінде қызмет істейтін тілмаштар, ұсақ чиновниктер дайындау болатын.

Ыбырай инспектор болып тұрған кезде Актөбеде, Торғайда, Үргыз, Тройцкий уездерінде, Орск қаласында мұғалімдер училищелері ашылып, оқытушальыр катары толықта түсті. Берте, Қарағұтас, Обаган, Жітікара, Қараторғай болысында болыстық мектептер, Актөбеде қазақ тарихында тұнғыш рет қыздарға арналған мектеп ашылды. Бұл, әрине, үкіметке ұнамай, Ыбырай қудалана бастады. Үкіметтің ісін түсіне қоймаган Ыбырай Ильминскийге қімнің өз ойым және істеп жүрген ісім үкіметтің бастаған бағытына толық сәйкес келетін болғандықтан, бұрын мен қажетті жерінде бастықтардың өздері де қолдайды ғой деп сенуші едім, бірақ бұған да сене беруге болмайды екен» (1884, 14 сентябрь), - деп жаңы құйзеле жазды.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын алғашқы зерттеушілердің бірі тарихшы галым Б. Сүлейменов Ыбырайдың небір кедергілерге карамастан жалынды агартушылық жұмысын тоқтатпауы Торғай соғыс губернатеріның наразылығын тудырғанын айтты: «Алтынсариннің жеке бастамасымен барлық жерлерде халық мектептерін ашып, артық қаржы жұмысағаны үшін облыс генералы Проценко оны тіпті сот алдында жауапқа тартпак болады». [Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі. Ыбырай Алтынсарин тағылымы, Алматы: «Жазушы», 1991. -40 б.]-дейді.

Алайда Проценконың қызметінен түсіп қалуына байланысты Алтынсарин сottын қудалауынан күтүлады.

Мектеп ашып, окупыларға сапалы білім, үлгілі тәрбие беруді ғана ойлаған Ыбырай бұл ісінің Ресей империясының заңына мулде қайшы келетінін білмегені соншалық, (Жоғарыда аталған заң Ильминскийдің педагогикасының негізінде шықкан -С.О.) экесіндей көріп, сеніп, айнымас досы санап Ильминскийтеге: «... сәл нәрседен жақпай қалған адал адамның басын жойып жіберуден тайынбайтын өкімет бастықтарымен істесу одан да бетер киын және қауіпті екен...» [1884, 30 сентябрь], -деп жазды.

Ресей империясының мәдениетімізді жойып, халықты қаранғылышта ұстағысы келген арам ниетінің өзін жақсылықта жорыған ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсаринің ерен енбегінің арқасында Қазан төңкерісіне дейін Торғайда ашылған мектептер баға жетпес қызмет көрсетті. Бұл талай айтылған да, жазылған да баршага мәлім жайт.

Н.И. Ильминскийге 1889 жылы 6 марта: «...Ыргызда мировой судья және тергеуші болып Әлмұхаммед Сейдалин істейді. Ол қазактарды оқыту ісіне өте ықпалды адам. Был ол қазақ қыздары үшін Ыргызда қазақ сахарасындағы ең тұңғылы 20 кісілік қыздар мектебін ашуыма көмектесті» (Алтынсарин Ы «Таза Бұлак». – Алматы: Жазушы, 1988. -310 б.)- деп жазды.

А.Сейдалин қыздар мектебінің ашылуына көмектесіп қана коймайды, басқаларға үлгі-өнеге болсын деп екі қызын сол мектепке оқуға береді. Солардың бірі – Гулжауһар Әлмұхаммедқызы Сейдалина жоғарыда аты аталған Батыrbек Бірімжановтың анасы. Батыrbек Бірімжановтың Ыбырай Алтынсарин ашқан мектепте атасы Қоғанбек (1865 ж) әкесі Ахмет 1880, өзі де (1921-1922) оқыған.

Тосын болысында ашылған төрт жылдық орыс мектебінде оқыған І.Бәйменов 1920-1923 жылдары Торғай уездік оку бөлімінің менгерушісі, уездік атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде болады.

Жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде өлкелік Кенес партия мектебінде, Қазақ халық ағарту комиссариатында, ал отызынши жылдары Қазақ мемлекеттік жоспарлау комитетінде қызмет істейді. Ол 1923, 1924, 1925 жылдардағы Қазақ Кенесінің III, IV, V съезінің делегаты.

1925 жылы Торғай өнірінде алғашқы партия ұясы Тосын болысының №2 ауылына қарасты Араптөбе (казіргі Шеген ауылына қарасты жер – С.О.) қыстауында үйымдастырылады да оның алғашқы хатшысы болып Гапбас Саламатов сайланады. Орынбор қаласындағы өлкелік кенес партия мектебінде қызмет атқарып жүрген Илияс Бәйменов уездік атқару комитетінің тапсырмасымен осы партия ұясын үйымдастыруға белсене араласады.

І.Бәйменов француз жазушысы Г.Малоның «Тірі жетім» повесін, Б.Оноприенконың «Судағы ойындар» кітабын, «Қазақ ССР қылмыстық кодексін» қазақшаға, З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Габдол Слановтың «Ден асқан» романдары мен С.Сейфуллиннің

көптеген өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне аударған майталман аудармашы.

1909 жылы ашылып, 1987 жылы Костанай облыстық кеңесі шешімімен «Н.Г. Иванов мектебі» атанған оку орны жоғарыда айтылған заң категорияларына мүлде сәйкес келмеді. Өйткені оның негізін қалап, кейін мenterушісі болған Н.Г.Иванов. Ыбырай Алтынсариннің шәкірті еді. Соңықтан ол ұлы ұстаз үлгі-өнегесін әрі қарай жылғастырып, сара жолынан таймады.

Н.Г.Иванов та, мектепте саба берген басқа мұғалімдер де орыстандыруды емес, балаларға орыс тілін үйретіп, үлгілі тәлім-тәрбие беруді мақсат еткен. Мұны Данабике Қаралдинаның «Орыс тілін, жеке сөзін де білмейтік қазак балаларына сабак беруден киналған мұғалім алдымен қазак балаларымен түсінісе жүріп қазак тіліне қалай үйреніп алғанын ангармай да калған. Ақыры орыс тілін қазакша беретін болған» [«Алтынсарин мектебі» // Жұлдыз, №7, 1983.-203-204 б.6.]-деген сөзінен де анғару киын емес. Оның үстінен сабак бергендердің көбісі Ғабдолғали Балғынбаев, Ғалымжан Бектемісов, Қаражан Топаев, Шабден Сомтеміров, Илияс Байменов, Жақсылық Нұргалиев, Масғұт Жоламанов, Мұқан Әмірзақов, Қайырбек Үсқаков снякты қазак мұғалімдері болған.

Н.Г.Иванов 1887 жылы 27 тамызда Ырғыз қаласында туып, Ы.Алтынсарин негізін қалаған Ырғыз қолөнер училещесін, 1907 жылы Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіреді. 1933 жылы 20 ақпранда қайтыс болады.

Н.Г.Иванов атындағы орта мектеп қазір де өз қызметін тоқтаткан жоқ.

«Иванов мектебін» бітірген Қанапия Кайдосов ұлт-азаттық көтерілісіне катысып, ешпес ерлік көрсеткендер катарында болды. Торғайдағы «Сужарған» мектебі қазір Қанапия Кайдосов атында, Ұлы Отан соғысына катысушы полковник Мырзагали Жангелов, Жастар жетекшісі болған Оймауыт Дабылбаев, ұстаз Рахым Көркембаев, ұзақ жыл Ұзынкөл ауданының әкімі болған Рақымбек Жұмағұлов, Санжар Аспандияров атындағы Алматы медицина институтының профессоры, жазушы Жауғашар Төлебаев «Иванов мектебінің» түлектері.

Бұл мектептерді бітіріп, ауыл шаруашылығы салаларында еңбек еткен, еңбек етіп жүрген біз білмейтін азамат аға-аталарымыз қаншама?!

АГАРТУШЫ, ЖУРНАЛИСТ АСЫЛҚОЖА

Асылқожа Құрманбаев «Дала уалаяты газетінің» (ДУГ) 1894 жылғы 10 шілдедегі 27 санында: «Қазақ тілі тұрасынан» деген мақаласында «Ы.Алтынсарин казақ тілі тұрасынан бұлайша айтуды еді, – деп жазады. – Қазақтың тілі соншалық мол, ләкін казақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады, «қазақша тілдің қазірден жетекші екенін Алтынсарин бір-ак ауыз сөзбенен айттып қойған жоқ еді. Тагы да өзінің қылған ісімен анықтап көрсеткен еді. Мәселен, «Тұлқи мен қарға», «Жаз» және өзге өлеңдерінің ішінде өзге халықтың сөздері араласпаған... Енді бірақ өкінеміз, бұл тұрасында Алтынсариннен басқа ешкім талап қылыш үмтүлған емес... Казақтың халқын һәм тілін жақсы көріп үмтүлған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды. Мұның казақтың тілін жөндеп көбейтпек үшін бастаған жұмысын қостап, ілгері бастырса жарайды».

А.Ф.Эфиров Ыбырайдың өмірі мен қызметі жайындағы зерттеу енбегінде: «Барша жүртіштыққа ұғынықты әдеби тілдің, қазақ жазуының қалыптасуы үшін бүкіл таланттың, қажыр-қайраттың сарқа жұмсан, талмай еткен мұндан адамды (Ыбырайдай – С.О.) табудың қын екендігін де атап айтқан жөн», – деп көрсетті.

– Қазақ тілінің биік мәртебесін Алтынсарин жалаң сөзбен ғана айттып қойған жоқ, – деп жазды Ыбырай қайтыс болғаннан кейін А.Курманбаев, – ісін де дәлелдеді. Таза казақ тілінде «Қазақ хрестоматиясы» (орыс алфавитімен) кітабын жазды. Бұл кітаптан қазақ тіліне жат бірде-бір сөз кездестірмейсіз» [1].

Асылқожа Құрманбаев кім?

Асылқожа 1858 жылы бұрынғы Қостанай уезінде Торғай бойында туған. Алғаш ауыл молдасынан саут ашып, кейін мұғалімдер семинариясын бітіреді. «Осы тұста Асылқожа Ыбырай Алтынсаринмен танысқан. Агартушы ақыл-кенесімен Пермьдегі реалдық мектептің шаруа бөліміне кіріп, оны да сәтті бітірген» [2].

Ел арасына келіп мектеп ашып, бала оқыту жайын ойлады. Бірақ «орысша оқыса балаларымыз кәпір болып кетеді», – деп жүрг балаларын оқыгудан қашады.

Окушыларға техникалық білім беру мақсатымен Ыбырай Алтынсарин Торғай облысының әскери губернаторына 1888 жылдың 28 желтоқсанында тәжірибе ретінде Ыргыз және басқа да училищелер жаңынан тері илеу, сабын жасау заводтарын ашу жөнінде ұсыныс

жасап, болыстық мектептер жанынан мұндай заводтар ашу пайдалы екендігін, өйткені шығарған енімді өткізу ыңғайлы болатынын айтады. Сейтіп ол Красноуфинскідегі реальдық училищені бітірген Уәли Измайловты Ақтебе училищесіне, Пермьдегі реалдық мектептің шаруа бәлімін тәмәмдаған Асылқожа Күрманбаевты Николаевск (қазіргі Костанай – С.О.) училищесіне жібереді.

Күрманбаев Николаевск училищесінде қызмет істеді ме, істемеді ме, ол жағы бізге белгісіз.

1893-1894 жылдары Омбы губернаторының тілмәші қызметін атқарады. Бірақ оған бұл жұмыс та ұнамай «Дала уалаяты» газетіне орналасып, оның қазақша жағын басқаратын болады.

Асылқожа Ыбырайға еліктеп Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын он шумак етіп аударған:

Шегіртке жаздың бойы ойын салған,
Қайғы жоқ, уайым жоқ ойына алған.
Ақымақ боп есерлікпен жүремін деп,
Болғанын күздің күні білмей қалған.

Шегіртке үй салмаған, азығы жоқ,
Болмайды ешнәрсеге көнілі ток.
Ішер тамақ, кірер үй болмаған сон,
Құмырсқаға келеді шерменде боп.

– Құмырсқам, айналайын, кетті халім,
Аштықтан киналып түр шыбын жаным,
Кірер үй, жатар жерім менің жоқ-ты,
Сабазым, мені аясан тапшы амалын.

Үйіне кіргізсөнші мен байғұсты,
Амалдан еткізейін биыл қысты.
Баар жер, басар тауым болмаған сон,
Басыма қыннылық енді түсті.

Мен жазған жаздықуні не қылмадым,
Боларын халім бұлай біле алмадым.
Ойын-кулкі, өлеңмен күн кешіріл,
Дәуренсіз сауық құрмай журе алмадым [3].

Асылқожаның «Дала уалаяты газетінде» «Қазактың қай қара жұмысқа қашшалық көңіл қойып, жиһат қылғаны турасында» [4], «Қазақтардың қамсыз еріншектік турасынан айтылған бірнеше сөз» [5], «Қазақтар қандай адамды жақсы кісі деп атайды» [6], «Бір жана кітап турасынан» [7], тағы басқа оннан аса мақаласы жарық көрген.

А. Құрманбайұлының ағартушылық, демократиялық идеялары патша өкіметіне жақпайды, оны 1896 жылы Жетісу өлкесіне жер аударады. Ол сонда жүріп капалдағы ауыл шаруашылығы мектебінің директоры, Лепсіде мұғалім, Верныйда округтік сот тілмәші болып қызмет атқарады, мұғалімдер курсын басқарады. Кейін мұғалімдер курсы халық ағарту институты болып қайта құрылғанда сонда оқытушы, 1921 жылы «Кедей еркі» газетіне орналасады.

«Дала уалаятының газетінің» 1895 жылғы 49 санында Крыловтың «Аю мен жапан тұзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» атты мысалы жарық көрген. Бірақ кім аударғаны жазылмаған.

1894-1895 жылдарғы «Дала уалаятының газетінде» Крыловтың осы екі мысалы ғана аударылып басылған. Арапары бір-ақ жыл. Екіншіден, мұндағы Асылқожаның барлық мақаласы 1894 жылы шыққан. 1895 жылды да, одан кейін де газет бетінен А. Құрманбасев есімі көрінбейді. Бұдан шығатын қорытынды – патша өкіметі оны 1895 жылдан сенімсіз адам ретінде кудалай бастаған да, 1896 жылы жер аударған. Өкіметке карсы, жазықты Асылқожаның материалдарын газетке басуға тыым салынған болуы да ықтимал. Немесе, редакциядағылардың өздері патша әкімшілігі алдында қылымсты кісінің жазған-сызғаның жариялаудан сессеніп, аты-жөнін көрсетпей беруі де ғажап емес. Үшіншіден, Крылов мысалдарын Алтынсарин 1892, Абай 1886 («И с самого того памятного лета 1886 года, то есть с начала своей осознанной поэтической деятельности, Абай переводит на казахский язык произведения Крылова...» [8]), А. Байтұрсынов 1909 [9], С. Кебеев 1910 (1912 жылы Қазан қаласынан шыққан «Үлгілі бала» атты окулығына Крыловтан аударған мысалдары да енген), Б. Әтетілеуов (1914 жылы Орынборда жарық көрген «Жиган-терген» деген кітабына Крыловтан тәржімалаган 15 мысалы кірген) 1914 жылы аударған.

Абай Крылов мысалдарын 7-8 буынды жыр үлгісімен, Спандияр (1878-1956) мен Бекет (1883-1949) ол кезде жас, Ыбырай мен Абай, не басқа біреулер аударса, соңына аты-жөнін неге жазбасқа?! Тұті жазылмаған күнде де бұл аударма жинақтарына енер еді.

Асылқожаның кітабы жок. Төртіншіден, Ыбырай мен Абай аудармалары түбірлі ұйқаспен жасалған, мін табу киын. Құрманбайұлының 1894 жылғы аудармасы мен сөз болып отырган мысалдың кейбір жолдары әлсіз, кейбір ұйқастары мұлде қысқрай кетеді:

Кұмырска жұмыс қылған жаңын кинап,
Жатпаған ала жаздай түбін ойлап.

(«Кұмырска мен шегіртке» 1894)

Әр қайда достас адам жаңға пайда,
Жолдассызы мәнің болмас ешбір жайда.
Аюға қорыққаннан бас ұрады,
Қылуга бір шыбындан жаңға жайлы.

(«Аю мен жапан тұзді...» 1895)

Сөз саптауы мен үйқас жасауы да бірдей. Сондықтан да біз И.А.Крыловтың «Аю мен жапан тұзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» атты бұл мысалын А.Құрманбаев аударған деп білеміз.

«Дала уалаятының газетінде» жарияланған «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретүгіны турасынан» [//Дала уалаятының газеті, № 46, 1894] атты макала сөннина «Көшпелі Қазақбайұлы» деп қол қойылғанымен, бұл А.Құрманбайұлының бүркеншек аты деп ойлаймыз.

Оған дәлел – біріншіден, бұл макаланы А.Құрманбаевтың «Қазақтардың қамсыз еріншектігі турасынан айтылған бірнеше сөз» [//Дала уалаятының газеті, № 7, 1894], «Қазақтардың ант ішіп, жан берген хұсасында» [//Дала уалаятының газеті, № 11, 1894], «Қазақтың жай қара жұмысқа қаншалық конціл қойып, жаһұт қылғаны турасында» [//Дала уалаятының газеті, № 8, 1894] деген макалаларымен салыстырып оқығанда сөз қолданыстары дәлме-дәл келеді. А.Құрманбаев жоғарыда аттары аталған екі макаласында да «Бұл себептен», «бұлардың», «бұлар», «Бұл қыс», «Бұл» деп басталатын сөздерді жиі қайталайды.

К.Қазакбайұлы макаласында да «Бұл турадан», «Бұл себептен», «Бұл» деп басталатын сөйлемдер өте көп.

Екіншіден, макала такырыптарының «еріншектігі турасына», «тексеретүгіны турасынан» («Қазақ тілі турасынан» деген макаласы да бар), – деп аяқталуы, үшіншіден, «Қазактың жай қара жұмысқа

қашалық көніл қойып жаһұт қылғаны» макаласы: «...оқытса жарап еді» деп аяқталса,, К.Қазакбайұлының макаласы да дәл осылай «...низам шығарса жарап еді» деп түйнделеді.

Тергіншіден, «Қазақтардың қамсыз еріншектігінде», «Соткар» [//Дала уалаятының газеті, А., Ғылым, 1994. 287 б. кіт.к. 816 б.] деген сөз де К.Қазакбайұлында үш рет қайталанады.

Бесіншіден, «Жаһұт қылғаны» бірінің тақырыбында, бірінің макала ішінде («Жаһұт қылғанымыз») [//Дала уалаятының газеті, А., Ғылым, 1994. 394 б. кіт.к. 816 б.] болып жүр. Алтыншыдан, А.Құрманбаев Ыбырай Алтынсаринің жерлесі, шекірті бір-бірін жақсы білген. «Қазақтар қандай адамды жақсы кісі деп атайды» [//Дала уалаятының газеті, № 26, 1894], «Қазақ тілі турасынан» [//Дала уалаятының газеті, № 27, 1894] атты макалаларында да ыбырайдың әділдіті, казақ тілінің тазалығы үшін курескендігі айтылады.

Жетіншіден, А.Құрманбаевтың да, К.Қазакбайұлының да макаласы 1894 жылы, яғни бір жылда жарық көрген. Бұдан кейін екеуінің де есімдері газет бетінде кездеспейді. Өйткені, Асылқожа 1896 жылы саяси көзқарасы үшін Лепсіге жер аударып жібергенін жогарыда айттық.

А.Құрманбаев «Кедей еркі» газетінде «Бір карт» деген бүркеншек атпен жазған «Қандай адам бай болады» деген макаласында езіне-өзі осы сұрақты қойып: «Көнілі тастан қатты, мейірімсіз, харіп-касір, жесірдің жылағанын ескермейтін, аш-жалаңашты көрмейтін, бір тыныш шықса, жаңы шыққандай, бір малынан айырылса, иманынан айырылғандай болатын, обал, сауап дегенді білмейтін адам бай болады. Көнілшек, жетім-жесірге, харіп-касірге мейірімді, таза адам мал жиып, бай болмайды» [10], – деп жауап қайтара отырып, «Байлыкты құдай береді» деген ел ішіндегі теріс түсінікті сынайды.

Бұдан Асылқожаның қарын қамын емес, елдін қамын ойлаган ер-азамат екендігін ангару қылған емес. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сейлесін» дегендей, байлығына карай сыйлап, төрден орын беріп, алдында байлан қағу қазір әдетке айналып келе жатыр. Міне, Асылқожаның «Қазақтар қандай адамды жақсы кісі деп атайды?» деген макаласы сол заманда да өріс алған осы бір кеселге қарсы жазылған. Ол Тезек батыр, Төле, Сармантай, Шон, Қазбек, Бағай-әке, Хусейін, Балқожа билердің ақылдылығымен, қарапайымдылығымен,

әділдігімен құрметті болғанын мысал етіп халыкты ізгілікке, әділдікке шақырады.

«Қазактардың қамсыз еріншектігі турасынан айтылған бірнеше сөз» [5] деген мақаласында қазақ халқының басқа халықтармен терезесі тәң, шаруасын ілгері бастырып, кенейте түсуге ақылы мен зеректігі жететіні, бірақ ілгері бастырмайтын қамсыз еріншектігі екенин тәлтіштеп түсіндіреді. Жаз бойы қысқа дайындалмай, қыс келгенде бұрсаң қағып, тамак іздейтінін айтады.

Мақала Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысалының ізімен жазылғаны бірден ангарылады. Бұлай деп сеніммен айтуымыздың тағы бір себебі, А. Құрманбаев бұл мысалды қазақшаға аударғанын жоғарыда айткан болатынбыз. Мақала сонында автор қазактардың асықпайтынын, малын да қалаларға бір уақытта айдан барып, толтырып жіберетінін, сондықтан олары өтпей, ақыры аразанга беруге мәжбүр болатыннын, сөйтіп акшаны татарлардан (Файзolla, Ғайнұллалардан) қарызға өсіммен альп, пайдакунемдерге жем болатыннын қынжыла жазады.

А. Құрманбайұлы окупшыларын жалғандықтан жирендіріп, шындықты жақтауға, әрқашан әділ болуға шақырган.

«Қазактардың ант ішіп, жан берген құсасында» атты мақаласында «Арам іске ант ішпе, айрандай жұғар» деген казак мақалын келтіре отырып, қазактардың бұрын ант берсе сөзде тұрганын, сезінде тұрмагандарды «ант ұрған» деп, яғни «ант сокқан» деп сөккенін, бұрынғы қазактардың көздері жетпей тұрып, жалған ант бермегенін айта келіп, кейінгі кезде сол «ант ішіп, жан бермектің касиеті бұрынғыдай емес, жыл өткен сайын қадірі болмай бара жатқанын» сөз етеді. Оның себебі олар мұсылманды қорғап сөйлесе, жалған ант беруге болады деп ойлайтынын, бірақ бұл жансақ пікір екенин қысынды дәлелдейді. Жалған ант беріп, күэ болудың неге соктыратынын 1891 жылы Верныйда округтік сот тілмәши болып жүрген кезінде өзі араласқан (аудармашы болған) бір істі мысалға келтіріп, «басты айыпкерді куәларға жалған куәлік бер деп үйреткен адамды төрт жылға бұйырған еді. Қалған үш куәларға үш жылдан бұйырған еді. Бұл қазактар жазасын тартып шықпакқа қазір де Капалдың абақтысында жатыр», – дейді.

Мақала сонында Саблуков (Саблуков Горди Семенович (1804-1880), орыстың шығыс зерттеушісі, қуранды араб тілінен орыс тіліне түнғыш аударған ғалым - С.О.) аударған қуранды бастан аяқ мұқият оқып шыққанын айта келіп, мақаласын «өтірік болса да мұсылман

үшін жан берсін деп айтылған сөз жок. Дұниеде растық, ақ жолменен жүргеннен қымбат нәрсе жок» [11], – деп түйіндейді.

1888-1902 жылдар аралығында Омбы қаласында қазақ және орыс тілінде шығып тұрған «Дала уалаятының газетінде» жарияланған материалдарды құрастырып, оның кітап болып басылып шығуына үлкен үлес қосқан филология гылымдарының кандидаты Ү.Субханбердина Осы кітаптың «Дала уалаяты газетіндегі» қазақ елінің қоғамдық-саяси мәселелері» деген алғысөзінде «Газеттің қазақ тіліндегі шыгарушылары Дінмұхаммед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рахымжан Дүйсенбаевтың жазғандарына редакциялық мақалалар деп қарауға болады. Үшеуі де қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі орын алатын, ғалым, аудармаши болумен қатар, газет бетінде халқымыздың мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, шаруашылық мәселелері жөнінде деректі мақалалар жариялаган білімдар жандар. Бұл мақалалар қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихын зерттеушілер үшін «құнды материалдар екені сөзсіз» [12], – деп жазады.

Казір қазақтың тұнғыш журналистері деп Омбыда шығып тұрған «Дала уалаятының газетінің» қазақ тіліндегі нұсқасын дайындаушылар Ешмұхамед Абылайханов, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Рахымжан Дүйсенбаевтарды айтып жүрміз. Олай болса, қазақ публицистикасының қалыптасуына осы аты аталған кісілермен қызметтес болып, бірдей ат салысқан Асылқожа Құрманбайұлы да алғашқы қарлығаштарымыздың бірі. Ол ері ҰІбырай Алтынсариннің идеяларын жалғастырган айтулы ағартушы.

А.Құрманбайұлы 1923 жылы 31 желтоқсанда қайтыс болған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Эфиров А.Ф «Өмірі мен педагогикалық қызметі». «ҰІбырай Алтынсарин тағылымы», А., Жазушы, 1991. -153 б.

2.Қожакеев Т. «Асылқожа Құрманбайұлы кім?» «Қым-куыт іздер». А., Санат, 1999. -273 б.

3.Құрманбаев А. Шегіртке мен құмырска //Дала уалаятының газеті, № 32, 1894.

4.Құрманбаев А. Қазақтың қай қара жұмысқа қаншалық көніл қойып, жиһат қылғаны турасында //Дала уалаятының газеті, 20 акпан, № 8, 1894.

5. Құрманбаев А. Қазактардың қамсыз еріншектік турасынан айтылған бірнеше сез //Дала уалаятының газеті, 13 ақпан, № 7, 1894.

6. Құрманбаев А. Қазактар қандай адамды жақсы кісі деп атайды //Дала уалаятының газеті, 3 шілде, № 26, 1894.

7. Құрманбаев А. Бір жаңа кітап турасынан //Дала уалаятының газеті,

9 казан, № 40, 1894.

8. Әуезов М. «Абай (Ибрагим) Құнанбаев». Кунанбаев А. «Лирика и поэмы». Москва. Гос.лит.издат., 1940. С. 16.

9. Байтұрсынов А. «Қырық мысал». Петербург, 1909

10. Құрманбаев А. Қандай адам бай болады //Кедей еркі, 17 сәуір, 1921.

11. Құрманбаев А. Қазактардың ант ішіп, жан берген құсасында //Дала уалаятының газеті, № 11, 1894.

12. Субханбердина Ү. «Дала уалаятының газетіндегі» қазақ елінің коғамдық-саиси мәселелері». «Дала уалаятының газеті». Алматы, Фалым, 1994. -14 б.

БІР АУДАРМА ЖАЙЫНДА

«Дала уалаятының газетінің» 1895 жылғы 49 санында И.А.Крыловтың «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» атты мысалы жарық көрген. Бірақ сонына кім аударғаны жазылмаған.

1894-1895 жылдарғы «Дала уалаятының газетінде» Крыловтың осы екі мысалы ғана аударылып басылған. Арапары бір-ак жыл. Екіншіден, мұндағы Асылқожаның барлық мақаласы 1894 жылы шыққан. 1895 жылы да, одан кейін де газет бетінен А.Құрманбаев есімі көрінбейді. Бұдан шығатын қорытынды – патша өкіметі оны 1895 жылдан сенімсіз адам ретінде кудалай бастаған да, 1896 жылы жер аударған. Өкіметке қарсы, жазықты Асылқожаның материалдарын газетке басуға тыым салынған болуы да ықтимал. Немесе, редакциядағылардың өздері патша әкімшілігі алдында қылмыстық кісінің жазған-сызғанын жариялаудан сескеніп, аты-жөнін көрсетпей беруі де тақап емес. Үшіншіден, Крылов мысалдарын Алтынсарин 1892, Абай 1886 (И с самого того памятного лета 1886 года, то есть с начала своей осознанной поэтической деятельности, Абай переводит на казахский язык произведения Крылова... «Әуезов М. «Абай (Ибрагим) Құнанбаев». Кунанбаев А. «Лирика и поэмы».

Москва. Гослитиздат. 1940. С. 16.), А.Байтұрсынов 1909 («Қырық мысал». Петербург, 1909), С.Кебеев 1910 (1912 жылы Қазан қаласынан шыққан «Ұлғілі бала» атты окулығына Крыловтан аударған мысалдары да енген), Б.Өтетілеуов (1914 жылы Орынборда жарық көрген «Жиган-терген» деген кітабына Крыловтан тәржімалаган 15 мысалы көрген) 1914 жылы аударған.

Абай Крылов мысалдарын 7-8 буынды жыр үлгісімен, Спандияр (1878-1956) мен Бекет (1883-1949) ол кезде жас, Ыбырай мен Абай, не басқа біреулер аударса, соңына аты-жөнін неге жазбасқа?! Тіпті жазылмаған күнде де бұл аударма жинақтарына енер еді. Асылқожаның кітабы жок. Төртіншіден, Ыбырай мен Абай аудармалары түбірлі үйқаспен жасалған, мін табу киын. Құрманбайұлының 1894 жылғы аудармасы мен сөз болып отырған мысалдың кейбір жолдары әлсіз, кейбір үйқастары мулде киыспай кетеді:

Құмырса жұмыс қылған жанын қинап,
Жатпаған ала жаздай түбін ойлад.

(«Құмырса мен шегіртке» 1894)

Әр қайда достас адам жанға пайда,
Жолдассыз мәнін болмас ешбір жайда.
Аюға корыққаннан бас ұрады,
Қылута бір шыбындан жанға жайлы.

(«Аю мен жапан түзді...» 1895)

Сөз саптауы мен үйқас жасауы да бірдей. Сондыктан да біз И.А.Крыловтың «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» атты бұл мысалын А.Курманбаев аударған деп білеміз.

Болыпты жапан түзде жалғыз адам
Жан жоқ бол маңайында басар қадам.
Құлазып бір тоғайда келе жатса,
Алдынан жолығышты аю надан.

Әр қайда достас адам жанға пайда,
Жолдассыз мәнің болмас ешбір жайда.
Аюға корыққаннан бас ұрады
Қылута бір шыбындан жанға жайлы.

Аю да серігі жоқ жалғыз екен.
Тогайда жүреді екен қылыш мекен.
Шығыпты жолдас іздең бүгінгі күн,
Жалғызыңтың бұған да зары еткен.

Сәлемін аю мұның хош алады
Залалсызын білген соң қуанаңды.
Пиғылың, бір-бірінің оймен біліп
Екеуі сол арада дос болады.

Бір-бірінен екеуі айрылмайды
Серік іздең жан-жакқа қайрылмайды.
Бір күні еріккен соң бұл екеуі
Сейілге тауга қарай аяндайды.

Жүреді аю сонда ойдан-қырға
Төрг аяғы тайпалған өзі жорға.
Жолдасы қасындағы ілесе алмай,
Екі аяғын басады шаршап зорға.

Көрді аю жолдасының шаршағанын,
Көп ойлап табалмайды мұның мәнін.
Шонқайш бір жерге кеп отырады,
Досымның тосайын деп дем алғанын.

Аққан тер бүршак-бүршак жолдасынан
Анға еріп үйренбеген ол басынан,
Жығылды кеп аюдың қақ қасынан,
Көрген жоқ мұндай шаршап бір жасынан.

Қасында аю мұның отырады
Ерігіп өз-өзінен құтырады.
Талыққан анау байғұс ұйықтан кетті,
Күзетіп аю оны тек тұрады.

Ызылдал сона келді жолдасына
Қарашы үшырса да болмасына.
Жасқады неше қабат табанымен
Болмады, енді жетер ызасына.

Сонда аю ашуланды жаман қатты,
Шыбыннан тисе өлөтін бейнет тартты.
Бұл масадан кегімді алайын деп,
Қолына зор балуан бір тас алды.

Аю алды қолына қазандай тас,
Шағады шыбын неге болмаса кас.
Шоқайып тышыр етпей басында отыр,
Бәлемнің қойсам таспен өзі де онбас.

Кім көрген мазасызды тіпті мұнданай,
Шыбын кеп қайта қонды тағы болмай.
Өүп! – деп келіп таспен қойып еді,
Досынын бас сүйегі болды құлдей.

Өуелден бейшараны ажал қысқан,
Жақсылық қаза тапты қылған істен.
Жігіттер, жаманменен жолдас болма!
Ақымақ достан ақылды артық дүлгіпан.

ЫБЫРАЙ, СПАНДИЯР, БЕКЕТ...

Ыбырай Алтынсарин есімін Спандияр бала кезінен естіп өседі. Бұл жайында ол өзінің «Орындалған арман» аталатын өмірбаяндық романында әдемі айткан.

Спандиярды ауыл болысы кедейдің баласы деп мектепке алдырмайды. Экесі екеуді тағы бірде барғандарында Ыбырай Алтынсаринмен ұшырасып қалады. Ыбырай болысқа мектеп жалғыз байлардың балалары үшін ғана емес, жалпы қазак балаларына ариналып ашылып отырғаның, тіпті бұл мектепте ен алдымен кедей шаруалардың балалары алынуы керектігін ұғындырып айтады. Сейтіп Спандияр Ыбырай Алтынсариннің көмегімен мектепке қабылданады [Кебеев С. «Орындалған арман» -Алматы: «Жазушы», 1988-84].

Спандияр Кебеев Ыбырай мектебінде (1887-1892), кейін Карагайлықөл төрт жылдық мектебінде (1892-1895), Қостанай қаласындағы орыс-қазак мектебінде (1895-1897) оқиды. 1898-1901 жылдары Қостанайдағы екі жылдық педагогикалық окута түсіп, оны үздік бітіріп, бастауыш мектептің мұғалімі дипломын альшы шығады.

Ыбырай жолын қып мұғалім болады. Ертең оқушылар алдына шығамын деген ой кім-кімді де қобалжыгаттыны сөзсіз. Спандияр да осы күнді аңсап күткенімен, қатты толқып мазаланады. Ұстазы Ыбырайды қайта-қайта есіне алып, оның оқу-тәрбие жөніндегі жазғандарын сыйна оралтады. Сөйтіп ол алғашқы сабакын Ыбырай Алтынсарин өмірі мен қызметін айтудан бастап, Ұлы ұстаздың «Кел, балалар, оқылық» елеңін оқиды.

Бұл жайында да С.Кебеев «Орындалған арман» романында: «Өлеңін оқып шығып, балалардан:

– Түсіндідер ме? – деп сұрадым, – деп жазады. – Балалар үндемеді, бәрінің де қымсынып, жүрексініп отырғанын анғардым.

– Қайта оқып шығайын, – деп асықпай баппен, жақсылап тағы оқып шықтым...» (126 б.).

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге –
Ықыласпен тоқылық.
Сиса кейлек үстінде,
Токуменен табылған.
Сауысканның тамағы
Шоқуменен табылған.
Әнер-білім бәрі де –
Оқуменен табылған...

Спандияр өте ақылдылық, тапқырлық танытқан. Қазір де еліміздің барлық мектептерінде білім күні алғашқы коңырау соғылғанда бүкіл қазақ даласына білім шырағын жаккан Ыбырай Алтынсаринді еске алуымыз керек! Мектепке жаңа келген бөбектерге оку Ыбырайдың осы «Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен басталса, қандай ғанибет?! Олар мектепке білім алуға келді ғой. Білімнің адам баласына не беретіні өлеңде нақтылы айтылып тұрған жоқ па?! Біз мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаларға мектептің, оку-білімнің не екенін түсіндіруді ұмытып кетіп жүрген сияқтымыз.

Спандияр Кебеев өзі сиякты ұстаздық пен жазушылықты бір арнаға тоғыстыра білген Бекет Өттетілеуовпен бір сыйынта оқып, екеуі жүптары жазылmas достарға айналады.

F.Мұсірепов «Автобиографиялық әңгімесінде» паракор мұғалімнің күшін, орнына Бекет Өттетілеуовтің келгенін, оның өте жақсы оқытушы болғанын, кейде сабактан соң балаларға окуға, білімге шақыратын әңгіме айтатының баяндай келіп: «Көбінесе өзі

аударған Крылов мысалдарын оқып береді, – дел есіне алады. – бай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды. Бірақ балалар ұғындырғанды да ұмыта береді. Бекеттің өз айтқандарынан есте қалған бір ауыз сөз:

– «Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс! – дегенді көбірек айтушы еді. Тактаға барып есеп шығарғанин кейін, болмаса жазуга отырарда біз ылғи қолымызды жуып әдеттендік. Оның айтатыны бұлғана еместігін мен кейін аңғардым. Қолың таза болуы шынында да көп нәрсені аңғартпай ма?

Бекет мениң қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін мени әдебиетке тарта бастады...» (Мұсірепов Г. Таңдамалы-Алматы: Жазушы, 1980, 1-том -305 б).

Ыбырай өнегесін алған Спандияр да, Бекет те елге танымал жазушы, ағартушы болды. Спандияр «Үлгілі тәржіма» (1910), «Үлгілі бала» (1912) оку-құралдарын, «Қалың мал», «Орындалған арман» романдарын өмірге екелсе, Бекет «Дүние ісі ахаретке кептес» (1910), «Жиған-тергең» (1914), «Адам тұқымы турасында», «Учебник казахского языка для русских» атты кітаптар жазды. Екеуі де Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, оқушыларды жамандық атауыдан жирендіріп, адалдыққа, адамгершілікке баулыды. Өнегенің өрісі кең екені осыдан-ақ көрініп тұрган жоқ па?!

Қазак «Бұлак көрсөн, көзін аш» дейді. Ыбырайдың жолын қуыш, тәлімін алған екі ұстаз қаншама таланттардың көкірек көзін ашып, санасын оятты?! Солардың ішінен Спандиярдың шәкірттері академик Темір Дарханбаевты, оку министрі болған Әмір Қанапинді, генерал Арыстанбековті, Бекет тәлім берген мәлдір де таза бұлактар – сөз зергері Ғабит Мұсірепов пен аса дарынды мемлекет қайраткері Ілияс Омаровты, Әмірзак Сұлтанғазин атасақ та жеткілікті сияқты.

Жазушы Жайсанбек Молдагалиев Ілияс Омаров жайында жазған «Жомарт жүрек» атты ғұмырнамалық повесінде Бекет Өтегілеуовтің ыбырайдың практикалық қызметін көпке үлті ететінің, сабак алдында кол жуу ыбырайдан қалған дәстүр екенін айтады [426.]

Осы дәстүр жалғасын таба түссе артық болмас еді.

ЯКОВ ПЕТРОВИЧ ЯКОВЛЕВ

1845 жылы 4 сәуірде Орынбор генерал-губернаторы Обручев поручик Гернгे Кенесарыға қарасты қазактардың санын, қанша үй, қандай рулаардан тұратындығын, сұлтанның халық арасындағы

абырой-беделін, кімдермен қандай қарым-қатынаста екендігін, жасағында басқа үлт өкілдері бар-жоғын анықтауды тапсырады. Ең бастысы – Орск мен Ұлытау арасынан бекіністер салуга колайлы орындар іздестіру жүктеледі. Бұл құпия құжатта бекіністің не үшін қажет болғаны тайға танба басқандай анық жазылған: «... По окончании поручения Вашего к султану Кенесары, Вы немедленно должны сделать для обзора местности во всей подробности, вверх по Тургаю до верхнего брода Тайпака, откуда до гор Улутауских и обратно по направлению к Орской крепости, определив какие именно урочища были бы удобны для возведения укреплений одного по Тургаю и двух или трех по направлению от Улутауских гор до Орска... Избранные же согласно сему места для укрепления поручаю Вам означать на карте и снять с возможною подробностью, сделав им описание с должною точностю. Таковому же Вашему обзору подлежат местности от чит-Иргиза по р.Иргизу до впадения В Тургай, с определением одного или двух пунктов для укрепления» [ООММ. 366 кор, 170 -ic].

Герн тапсырылған бұл істі ойдағыдай орындан шыкканнан кейін ол колайлы ден тапқан жерлерді губернатордың жарлығымен инженер-полковник Бларамберг кайта бір тексеріп қарал шыгады. Сейтіп Ыргыз бен Торғай өзендері бойынан екі мықты әскери бекініс салынады. Оның Ыргыз бойындағысын Орал, Торғай өзені бойындағысын Орынбор бекінісі деп атап ұйтарылады. Оған Орынбор казактарының отбасылары көшіріліп экелінеді. «Сонымен қатар мұнда екі рота солдат пен жуздеген казактар қоныстандырылды. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы «Орынбор» бекінісі Торғай қаласы атанды» [К.С.Э. II т. 109 б.].

Орынбор шекара комиссиясының тәрагасы генерал-майор М.В.Ладыженский бекініс салу басталған кезде «Бұл бекіністер қай кезенде болмасын, Кенесары немесе сол сиякты бұлікшілер үкіметке қарсы шыққандай болса, оларға тегеурінді сокқы беруге сенімді тірек болады» [ҚРОММ. 4 кор. 2559 -ic], – деп нығыздай атап көрсетіпти.

Міне, осы Орынбор бекінісіне 1860 жылдары Менгден, одан кейін Я.П.Яковлев уезд бастығы болды.

Ы.Алтынсарин 1861 жылы 6 маусымда А.А.Бобровниковке жазған хатында «Кешегі күні көптен күткен жаңа басшымыз – Яковлев келді. Бекініс у-шу болып, бір серпіліп қалды да, қайтадан өзінің дағдылы үйкесінде басқойды», – деп куана жазса, сол жылдың 30 тамызында Н.И.Ильминскийге «Біздің бастығымыз Менгденнің

орнына Яковлев болды – топографтар корпусының капитаны», – дейді. Яғни, Я.П.Яковлев 1861 жылдың жазынан бастап Торғай уезінің бастығы болған.

Яков Петрович Яковлев – Ахметтің әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас 1885 жылы 12 қазанда басын жаратып берімізге аты таныс ояз начальнигі. Бұл оқиға жөнінде Ахметтің туысы Қарлық Шолакұлының мына бір шумак өлеці ел есінде қалыпты:

«Бізде жоқ атқылауга мылтық-аспал,
Шара жоқ, кез келтірді тәнірім бастап.
Былдырлант оязной жығылғанда,
Жүтірді екі солдат атын тастап».

Ағайын арасында дау-дамай болмай тұра ма? Жынғылдыңдағы бұл оқиғаның тууына Дәуітбайлар мен Үмбетейлердің арасындағы киқілжің, талас-тартыс, жер дауы себеп болған сияқты. Екі ру айтысқанда Яковлев шынжыр балақ, шұбар тәс Дәуітбайларға бұрыш, солардың сезін сейлейді. Оны Акмола (Мұфтахетдин) Мұхамедияровтың (1831-1895) «Корғанбекке» деген мына өлеңнен де антаруға болады:

Кетіпті асыл ерді әкім айдал,
Қойыпты тілмәштікке сені сайлан.
Бір тартпай намысынды қалдың қарал,
Колынан кос ағанды бердің байлан.

Айыпсыз Ақташ па еді сенін қасын,
Төрдегі төмен түсті алтын басын.
Кетті деп Ақташты айдал естігенде,
Өтпелі тамағымнан ішкен асым.

Корғанбек, жоқ екен бір ақыл-айлан,
Айдаттың Ақташты ұстап, халық қайран.
Колынан кос ағанды ұстап бердің,
Тиеді енді кімге сенің пайдан?!

Яковлевтің сол бір бұра тартуына ыза болып жүрген олар ойда жокта жолдары түйіскенде оған тұра ұмтылады... Аргы жағы белгілі жайт. Екеуі жазыкты болып іс қаралғанда Корғанбек ағайындары Байтұрсын мен Ақтасқа болыса қоймайды.

Ы.Алтынсарин туралы жазылған естеліктерде уездің бұрынғы бастығы (бекініс комендантты) неміс барон Менденнің мінезсіз, секемшіл, өсекші, арызқой болғаны, ал керісінше Я.П.Яковлевтің ете

ұстамды, ақылды, елге жанашыр адам екендігі айтылады. Мәселен, Н.И.Ильминский: «Бақытына қарай (Ыбырай туралы айтып отыр – С.О.) әйтегеүр, бекіністен барон көп ұзамай кетіп, орына Орынбор топограф курсынан Яков Петрович Яковлев сайланады, – деп жазады. – Ол өзі нағыз орыс адамы еді, даңада өскең, жұмыскер, ақылды, тиянакты, тәжірибелі, казак халқының мінезд-құлқын жақсы билетін, ең бастысы адал шыншыл, өркөкірек, меммендігі жоқ. Я.П.Яковлев келген соң тыныштық заман орнайды. Алтынсаринге ол экесіндегі камкор болады: оның кейбір шыдамсыз, оғаш қылыштарын кешіріп, құдігін сейілтіп, үнемі тиянакты әрі тиімді кенес беріп отыратын... Алтынсарин Яков Петровичті аса қадірлейтін, демеушісі әрі тәрбиешісі ретінде іштей күрмет тұтатын» [Балғынбаев F.Ы.Алтынсарин туралы естелік. Ы.Алтынсарим тағызымы, 365 б.].

Ыбырай қайтыс болғанда «Дала узаластьының газетінде» шыққан қазанамада да «... Яковлев аққөніл, анық орыс мінезді жақсы кісі Алтынсаринге көп-көп пайда келтірді, жақсы экенін баласына қылғанындей» деген жолдар бар. [ДУГ. 1889. № 4].

Яковлевтің аты-жөні Ыбырай хаттарында жиі ұшырасады: «Яков Петрович болса, колынан келген көмегін беремін деп уәде еткенмен, бұл жұмыска өз басы катыспайды; расын айтқанда казак халқының басына түсken күйзелістен байланысты, оның бұған қолы тиетін емес» (В.В.Катаринскийге жазған хатынан).

1880 жылдың 7 сәуірінде Торғайда ашаршылық өршіп тұрған кезде жазылған бұл хаттан Яковлевтің халықта жанашыр жан екендігі байқалады.

Ыбырай полковник Я.П.Яковлевпен шындығында жақсы достық карым-қатынаста болған, оның іс-әрекетіне, ақылдылығына, жанашырлығына қарай бағалап, күрмет тұтқан. Торғайда қоленері училищесін ашып, оны «Яковлев мектебі» атаған. Бұл жайында 1884 жылы 14 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге «...Торғайда, қымбатты және адал ниетті Яков Петровичтің күрметіне «Яковлев мектебі» деп аталысын деп берген өтінішім бойынша соның атымен аталған коленері мектебі ашылды», – деп куана хабарлайды.

Яков Петровичтің салмакты, ұстамды екенін жоғарыда айтылған Жынғылды оқиғасынан да анғарамыз. Ол егер ұстамсыз, ұшкалақ, карау адам болса, карусыз кіслерді қасындағы мылтықты солдаттарға аттырып тастар еді ғой.

Ыбырай Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында (1881 жыл, 4 қазан) «... кадірлі ақсақалымыздың құрметіне, «Яковлев мектебі» деп атамақшымыз», – деп жазады.

Ыбырай Яков Петровичті «Құрметті ақсақалымыз» деп аса жогары бағаласа, Яковлев те Ыбырай туралы жақсы ойда болғанын, оған үлкен сеніммен қараганын мына бір хаттан байқаймыз: «Мектеп камқоршысы зауряд-хорунжий Алтынсариннің адал еңбегі мен шын ықыласы арқасында мектен аса бір таза, ұқыптылықпен сакталуда. Қазак балаларының оқу-білімге бірден ден қоюына қараганда Торғайдағы осы бірден-бір оқу орны жетістіктері мен табыстарға үнемі жете беретініне әбден сенуте боладъ» [Орынбор мемлекеттік мұрағаты. 6-бума, 784 -іс. – 208 б.].

Я.П.Яковлевтің денесі Торғайда жерленген. Басына қойылған құлпытаста: «Мұнда Орынбор бекінісінің бастығы полковник Яковлевтің денесі жатыр. 1890 жылы 76 жасында қайтты» деп жазылған. Қасындағы екінші құлпытаста «Бұл жерде Орынбор бекінісінің бастығы подполковник Яковлевтің анасы Надежданың денесі жатыр. 1868 жылы 113 жасында қайтыс болған» дедінген.

Н.И.ИЛЬМИНСКИЙ

Н.И.Ильминский 1822 жылы Пенза қаласында туған. Экесі священник болғандықтан жасынан діни бағытта тәлім-тәрбие алып, 1846 жылы Қазан қаласындағы арнайы Духовный академияны бітіріп, кейін сонда «Противомусульманский о дление» кафедрасының менгерушісі болса, 1847 жылы 2 маусымда Қазан қаласында ашылған «Аудармашылар комитетін» басқарады. Бұл комитет бұратана халықтарды шоқындыру мақсатында Православия дінінің қасиетті кітаптарын солардың тіліне аударумен шұтылданатын. Комитет құрамында небір сыннан өткен бір топ миссионер ғалымдар болатын. Солардың ішінде В.В.Катаринский де бар еді.

1848 жылдан 1852 жылға дейін Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет еткен Ильминский енді өз ісін қазактар арасында жүргізуге кіріседі. «Өйткені қазактарға ислам діні әлі сіңбеген өздерінің салт-дастырларі мен әдет-ғұрыптарын берік ұстайды, татарлардағы сияқты фанатизм жок, мұнда миссионерлік жұмыс жүргізу аса қолайлы, жаңа дінге тез енгізіп, жіберуге болады деп ойлайды.

Сол тұстагы патша діни басқармасы бодандығындағы барлық бағынышты халықтарды бір дінге көшіруді мақсат тұтты. Алайда оларды бағындырып, шоқындыру жасырын турде жүргізілуі керектігі жөнінде жарлық беріп отырды. Миссионерлік рухани соғыс. Осыны мықтап түсінген И.И.Ильминский синодтың обер-прокуроры К.П.Победоносцевке «Бұратана халықтар арасындағы миссионерлік мектептердің жағдайын жақсарту керек, жақсартканда оның багдарламасын жана педагогиканың талабы бойынша ұлттайтып, оқыту әдістерін жетілдірудің қажеті жоқ, керісінше, бұратаналық-миссионерлік бағытты күшейту керек» деген ақыл береді.

Осыдан-ақ Н.Ильминскийдің кім екені мақсат-мұддесі айқын көрінеді.

Ильминский орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауды, оны Ыбырай Алтынсариннің қолымен іске асыруды көздеңген.

Біз мұны Ыбырай мен Ильминскийдің бір-бірімен жазысқан хаттарынан да байқаймыз.

Мәселен, Ыбырай Н.И.Ильминскийге 1871 жылы, 31 тамызда жазған хатында оның қазақ арасында орыс алфавитін енгізу жөнінде пікір білдіргенін, бірақ бұл киын мәселе екенін, қазак балалары үшін анылған орыс мектептерінде орыс алфавитін қолдану сіңе коймайтынын ескертеді. Олардың орыс жазуына көзі үйренбендерін – таныс еместігін балалар оку бітірісімен, орыс әрпімен шықкан кітаптарды мектепке қалдырып кететінін сұлтау етіп араб әрпімен жазылған кітаптар оқушыларға пайдалы, мазмұны қызықты болса білім таратуға жарайтынын айтады. «Шынына келгенде, қазақ сөздері орыс әрпімен негұрлым дұрыс жазылатын болса, татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретін болса да, көп уақытқа дейін татар жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін біз іске алуымыз керек», – деп қарсылығын білдіреді.

Ильминский Ыбырайдың «Мұсылмандық тұтқасы» (Казан, 1884) кітабын араб әрпімен шыгаруға да карсы болады. Бірақ Ыбырай оның миссионерлік идеяларын бойына дарытпай, өз ойын дипломатиялық жолмен іске асырады.

Міржақыл Дулатов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 67 номірінде: «... Қазақ басқа жүртпен үзенгі кағысын, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтығынан, Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеден өмір сүруі, ұлттығын сактап ілгері басуы киын.

Әдебиеті, тарихы жок халықтар басқаларға сінісіп, жұтылып жок болады» дег жазылты.

Ильминскийдің негізгі максаты осы – қазаққа еткен тарихын білдірмеу болатын. Оны әйгілі миссионердің касиетті Синодтың оберпрокурорына «Акмолинские областные ведомости» басылымының ресми емес белгін шығаруды тоқтату керек. Біраздан бері осы бір казак газетінде түркі текстестердің немістер жазған тарихы орыс, қазак тіліне аударылып басыла бастады... Гимназияда және кадет корпустарында, тіпті университеттерде оқыған қазақтар үшін бұл тарихи ой-пікірдің бастауына айналуы мүмкін, – деп жазған хатынан аңғару қызын емес.

Алайда, Н.И.Ильминскийдің Ұбырай еңбегін ерекше ескеріп, оның өмірі мен шығармашылығы жайында жазуы кейінгі ұрпақ – біздерге, бізден кейінгілерге көп мәлімет береді. Әйтпесе, жоғалып кетуі де мүмкін еді. Сондықтан да Н.И.Ильминскийді Ұбырай сибектерін, әсіресе хаттарын сактап халыққа жеткізуі, Алтынсарин туралы алғашкы естелік жазушы тұнғыш биографы ретінде ғана бағалауымыз керек.

A.E.КРЫМСКИЙ

Белгілі шығыс зерттеушісі, тарихшы, филолог, жазушы УССР Ғылым Академиясының академигі (1918) Агафангел Ефимович Крымский (1871-1942) 1930 жылдары «Қазақстан түріктерінің әдебиеті» макаласында нағыз қазақ әдебиеті Алтынсарин мен Құнанбаевтан бастау алатынын, Ұбырайдың Торғай облысындағы орыс-қазақ мектептерінің тұнғыш инспекторы, «қазақ хрестомтиясын» құрастырган адам екенін баяндап, осы окулықтың кіріспесіне көнірек тоқталады. Макала сонында «Алтынсариннің хрестоматия окулығымектептен тыс жерде ете көп таралып, қазақ халқының ұлттық рухының оянуына катты ықпалын тигізді... [УМОК қолжазбалар қоры, 1,25524,75 б. Жарықбаев К. «Ұбырай Алтынсариннің психологиялық көзқарастары». «Ұбырай Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары». Алматы, «Рауан», 1991. -10 б.], – деп жоғары баға береді.

А.Е.Крымский 1892 жылы Лазарев атындағы шығыстану институтын, 1896 жылы Москва университетінің тарих-филология факультетін бітірген. Кейін 1898-1918 жылдары Лазарев атындағы институтта араб тілі мен мұсылман Шығысы тарихы кафедрасында

оқытушылық қызметте болады. 1900 жылдан профессор, 1901 жылы Москва археология қоғамы жаңындағы Шығыс комиссиясының хатшысы. 1918-41 жылдары Киевтің Фылым Академиясында қызмет істейді. Украинан Ұлттық Академиясының негізін салушылардың бірі. Украинаның еңбек сінірген ғылым қайраткері (1940). Араб, түрік, украина халықтарының тарихы мен араб, парсы, түрік әдебиеттері туралы еңбектерінің авторы. 1905 жылы құранды орыс тіліне аударған.

А.Е.Крымский өлең-әнгімелер жазып, әдебиетпен де шүгылданған. 1895 жылы «Повестер мен әнгімелер» жинағы, 1905 жылы «Андрей Лаговский» романы жаңық көрген. Ол сондай-ақ араб, парсы, түрік тілдерінде жазған Антара әл Мағри, Омар Хайям, Сағди, Хафиз шығармалары мен «Шахнаманың» үзінділерін орыс тіліне аударған.

А.Е.Крымский соғыс жылдары Қазақстанға қоныс аударып, 1942 жылы Костанайда қайтыс болған.

ТОРГАЙ УЕЗДІК АЛҒАШҚЫ ОҚУ ИНСПЕКТОРЛАРЫ

1879 жылы Ы.Алтынсарин тарихта тұнғыш рет Торғай облысы бойынша орыс-казак училишелерінің бірінші дәрежелі инспекторы болып тағайындалды.

Бұл қызметті кейін шәкірттері Габдолғали Балғынбаев, Ілияс Бәйменов жалғастырды.

Габдолғали Балғынбаев

«Мен Ыбырай Алтынсаринді 1875-1876 жылдардан, яғни 8 жасынан бастап білемін. Ол кезде мен Торғайдың бір кластық орыс-казак училищесінде оқитын едім, сонда Ыбырай бізге сабақ беретін-ді. Интернатта жатып оқитын 20-25 қазак балаларынан тыс, 20-30 қаралы сол тәніректегі қыстактардан қатынап оқитын орыс балалары да бар еді. Ы.Алтынсарин сол тұста Торғайдың уездік басқарманың іс жүргізуші болып істейтін..» [21, 364].

Габдолғали Балғынбаев Ы.Алтынсарин жайындағы естелігін осылай бастайды.

Ғ.Балғынбаев Ыбырайдың шәкірті ғана емес, оның ісін жалғастырушылардың бірі, Торғай училищесін, Орскідегі қазактарға арналған мұғалімдік мектепті бітірісімен ол алғаш 1886 жылы

Костанайдағы екі сыйныптық орыс-казақ училищесіне мұғалім болып орналасады. Оның мұнда қызметке түруына да көмектескен Ы.Алтынсарин еді.

Ғ.Балғынбаев 1891-1892 жылдары Карабұтақ училищесінің менгерушісі, Ыбырай 1902-1907 жылдары Торғай облысының бас кеңешшісі болып жүрген кезде «Торғай облыстық ведомостаръ» газетінің редакторы әрі іс жүргізуши қызметін аткарады. Сол тұста Ыбырай екеуді «Боз жігіт» дастаны мен ғашықтық жырларды, Әбубекір, Күдері өлеңдерін, қыз берін жігіт айтыстарын орыс тіліне аударады. Ол сондай-ак Торғай халық училищесінің директоры М.Рончинскийдің «Қазактың ауыл мектептеріне арналған әліппесін» жазуға көмектеседі. 1907-1917 жылдар аралығында Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болып жүрген кезінде Ғ.Балғынбаевтың бастамасымен Торғай мен Үргыз уездерінде 22 орыс-қазақ училищесі ашылады. «Өмірінің соңғы жылдарында музейлерде, Қаз ССР ҒА-нда жұмыс істеді, Ы.Алтынсарин туралы, Октябрь революциясына дейінгі халық ағарту ісінін басқа да қайраткерлері туралы естелік (1941) жазды». 1889 жылы Ыбырай қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалған кезде Габдолғали ұстазының қасында болады. Бұл жайында ол «Мен ол актық сапарға аттанғанға дейін күндіз-түні сонын қасында болым, кейде тік тұрып, емдеу туралы және де басқа тапсырмаларын орындан, кірпік ілмеген күндер де болды. Ол үй ішіндегілермен де, өзінің көнілін сұрап келтеп туған-туystарымен де көп сейлеспейтін, шалқасынан жатып, сүт пен айраннан басқа тамақ татпай, анда-санда қаймақ құйылған бір кесе қара шай ішетін» – деп жазады.

Ғ.Балғынбаев 1865 жылы Костанай облысында (Торғайда) туып, 1943 жылы қантар айынын 23 куні Алматы қаласында қайтыс болған.

М.Дулатовтың 1915 жылы «Қазак» газетінде жарық көрген «Өнер мектебі» мақаласында Эбдіәл [Дулатов М. Өнер мектебі «Қазак», 1915, 15 июль], «Торғайда орысша оқу» [//Қазак], 1915. №141, 15 июль] мақаласында Эбдіғали Қазак Совет энциклопедиясында Эбіғали, Костанайдағы Ы.Алтынсарин мұражайындағы тізімде Эбдіғали, Ы.Алтынсариннің орыс тілінде шықкан үш томдығының үшінші томында Габдуғали [Алтынсарин. Изб.соч. З-х томах. Т.3. стр.210.], Қазакстанға енбегі сінген мұғалім, кезінде Торғай музейлері кешенінің директоры болған Ғазез-Әмірхановтың «Ыбырай ізбасарлары» [Торғай тұлектері. – Арқалық, 1991. – 19 б.] мақаласында- Ғабдығали, В.З.Галиевтің «Книга,

разбудившая народ» кітабында Габдул-Гали [Алматы «Мектеп», 2011. -45 б.], еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, комсомол, кенес, партия, кәсіподақтың басқару жұмыстарында болған Орекен Алматтың «Торғай бекінісіне 160 жыл» [Костанай, «Шапақ», 2005] кітабында-Әбдіғали, Қ.Жарықбаевтың «Ыбырай Алтынсариннің психологиялық көзқарастары» [«Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұралары», Алматы, «Рауан», 1991. 10 б.] макаласында тілгі - «Ғ.Ғалымбаев» болып кеткен. Жалпы бізге бұл кісінің аты-жөні кездескен көптеген кітаптарда көбінесе Фабдуғали, Ғабдығали болып «Ғ» әрпімен басталып жазылыпты. Мәселен, «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» аталатын жинақта Балғынбаевтың есімі бірнеше рет кездеседі. Бәрінде аты «Ғ» әрпімен басталады. Дұрысы - Ы.Алтынсарин туралы естелігіндегі өз қоюмен жазып қол қойған Ғабдолғали деп білеміз.

Жалпы Балғынбаевтар төртеу - Мұхаммедияр (1855), Әлмұхаммед (1859), Ғабдолғали (1865), Ғабдолла (1877). Көріп отырсыздар Абдолла, Әбдіғали емес, Ғабдолла, Ғабдолғали болып үндесіп тұр.

Қазақ Совет энциклопедиясында да Ғабдолғалидың туған жылы 1866 деп жазылыпты. Торғайдағы орыс-казақ мектебі окушыларының тізімінде окута 1 казанда 1872 жылы 7 жасында келгені көрсетілген. Ал, жоғарыда айтылған оз естелігінде «Мен Ыбырай Алтынсаринді 1875-1876 жылдардан, яғни 8 жасынан бастап білемін» дегеніне қарасақ, 1864 жылы туған болып шығады. Бірақ дәл айтып отырған жок қой. «Жылдары» дейді. Ыбырай зерттеушісі, галым Әсет Ламалев те «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» кітабында: «Балғынбаев 1866 жылғы 20 априльде Торғай уезінде көшнелі казақ семьясында дүниеге келді. Әкесі Балғымбай шаруа, момын, өз шаруасымен ғана шұғылданған, бірақ көзі ашық сауатты адам болған. Ғабдолғали (ел ішінде Әбдіғали деп те атайды береді) Ыбырай Алтынсарин ашқан Торғайдағы екі кластик мектепті тәмамдайды», – деп жазады. Қалай дегенде де Қазақ Совет энциклопедиясындағы Әбіғали Балғынбаев – Ғабдолғали Балғынбаев екені талас тудырмайды, туған жылы да, аткарған қызметтері де дәл келіп тұр. Мұны Данабике Қаралдинаның «Алма ағаштар гүлдеңендеге» кітабындағы мына жолдардан да байқауға болады. «Қазақ балаларын оқытуды колға алып, жүзеге асырган, кейін аға өситетін туғыш ұстап, Ыбырай жобасын бұлжытпай орындаған шәкірті, Торғай облыстық оку инспекторы Ғ.Балғынбаев жүз қызға

арналған мектеп-интернат ашқан. Ер балалар мектеп-интернаты, калалық жоғары училище, қолөнер училищесі, орыс бастауыш мектебі, бірақ бұлардың біразы 1916 жылдагы көтеріліске байланысты жабылып қалған» [13 б.].

Ғ.Балғынбаевтың өз колымен толтырган (орыс тілінде) бір ғұмырнамасында «Абдуғали» деп көрсетілгенімен (Бұл құжат казір Қостанайдағы Ұбырай Алтынсарин мұражайында сақтаулы), төлкүжатында «Фабдолғали» деп жазылғандықтан кейінгі үрпақты шатастырмау үшін бір ізге түсіріп осылай қалдырғанымыз дұрыс болар.

Ілияс Бәйменов

Торғай уездік оқу инспекторлық қызметін басқарған үшінші адам – Ілияс Бәйменов 1896 жылы Торғай уезінің Тосын құмында Араптөбе деген жерде дүниеге келген. Руы – Томай. Томайдан – Мулкаман, Мулкаманнан Төлебай, Төлебайдан Қарқын, Қарқыннан Жанастан Байтогай, Байтогайдан Бәймен туады. Бәйменнен Ілияс пен Кәдіржан. Кәдіржаннан үш кызы – Алмаша, Айман, Фатима.

І.Бәйменов 1909 жылы сол Тосындағы төрт жылдық болыстық мектепті, 1913 жылы Торғай дуанындағы 4 сыныптық училищені, 1915 жылы Актөбе қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияның екі жылдық курсын ойдағыдан аяқтайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт – 1905 жылы Тосында интернат тиғтес төрт жылдық мектеп ашылып, оған жиырмага тарта бала қабылданады. Әбдібек Бірімжановтың бірнеше болмелі үйін мектеп етіп, балалар сонда жатып оқып, тамактанады. Оқу орыс тілінде жүргізіледі. Иван Иллиарионович Прохоров деген орыс сабак береді. Мұғалім қазақ тілін мұлде білмейтін болғандықтан, алғашқы кезде болыстың хатшысы қазақша жақсы сөйлейтін Николай Токарев деген кісі аудармашылық жасай жүреді де, кейін балалар мұғалімдерімен еркін сөйлесетін болады. «Мектеп бойынша бір бала күніне кезекшілік міндетін атқарып отыратын, – деп жазады І.Бәйменов өзінің бір естелігінде. – Сабак басталғанына екі-үш ай еткен соң бір күн мұғалім «Говори по русский» деген жазуы бар тақтайшаны кезекшіге беріпти. Кезекші ол тақтайшаны ұстап балалардың арасында жүреді. Кім қазақша сөйлеп қойса, тақтаны сонын колына ұстата кояды. Тамақ ішудін алдында әлгі тақтайща қай баланың колында болса, ол тамактан қағылуға тиіс болатын. Эрине, ешкімнің аш қалғысы

келмейді. Сол себепті балалар, әсіресе, таңақ ішетін уақыт тақалғанда аузын бағып, үнемі орысша сөйлеуге тырысатын» [Бәйменов 1. Ұшқан ұя. Торғай тулектері, Арқалық, 1991. -55 б.].

Тосында Әбдібек Бірімжановтың көмегімен ашылған мектептің болғанын, онда Ілияс Бәйменовтің оқығанын, Н.Токаревтің аудармашылық жасағанын Батыrbек Бірімжанов та айтады [«Эпоха Беремжанова», 20 6.].

І.Бәйменов 1920-1923 жылдары Торғай уездік оку бөлімінің менгерушісі, уездік атқару комитетінің төрагасы кызметтерінде болады.

Жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде өлкелік Кеңес партия мектебінде, Қазақ халық ағарту комиссариатында, ал отызының жылдары Қазақ мемлекеттік жоспарлау комитетінде кызмет істейді. Ол 1923, 1924, 1925 жылдардағы Қазақ Кеңесінің III, IV, V съезінің делегаты.

1925 жылы Торғай өнірінде алғашқы партия ұясы Тосын болысының №2 ауылына қарасты Араптөбе (казіргі Шеген ауылына қарасты жер – С.О.) қыстауында ұйымдастырылады да оның алғашқы хатшысы болып Фапбас Саламатов сайланады. Орынбор қаласындағы өлкелік кеңес партия мектебінде кызмет атқарып жүрген Ілияс Бәйменов уездік атқару комитетінің тапсырмасымен осы партия ұясын ұйымдастыруға белсене араласады.

І.Бәйменов француз жазушысы Г.Малоның «тірі жетім» повесін, Б.Оноприенконың «Судағы ойындар» кітабын, «Қазақ ССР қылмыстық кодексін» қазақшага, З.Шашкиннің «Токаш Бокин», «Ғабдол Слановтың «Дөң аскан» романдары мен С.Сейфулиннің көптеген өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне аударған майталман аудармашы.

І.Бәйменов репрессияға екі рет ұшырап, кейін акталады. Бұл жайында жақын туысы Қостанай облыстық су шаруашылығы мекемесінде ұзак жыл қызмет істеген, Алматыда Ілекенің үйінде жатып оқыған Талғат Мырзалыұлы Бапақов былайша сыр шертеді: – Сол үйде болған кезімде Сатаев Сейдегали деген жездеміз екеуі жиі әңгімелесетін. Атайдың (І.Бәйменовті айтғыш отыр – С.О.) әңгімелерінен құлагым шалғандары:

«...Мәскеуге барып келгенмін. Ертенгісін көшениң қарсы бетіндегі қызмет орныма барып отырганым 10-15 минуттай еткенде үш адам кабинетіме кіріп келді де: «Бәйменов сіз боласыз ба? Онда бізben бірге жүріңіз, – деді. Жүргетім дір ете қалды, жағдайды бірден

түсіндім де, алдарына тұстім. Далага шыққасын: «Рұқсат етсеніздер, ана тұрған үйге кіріп, отбасымен қоштасып шығайын», - деп едім, «Жок болмайды!» – деп үзілді-кесілді карсылық білдірді. Ондағы ойым бала-шагама жағдайды айтып, кешегі Мәскеуден әкелген қара тоң мен етікті киіп шыққым келіп еді, әйтсеір тұрмеде жатқанда жылы киім той деп...»

«...Сібірде айдашып жүргенімде З айдан артық ұстамайды, үнемі бір тұрмeden бір тұрмеге ауыстыра береді. Бірақ қайда барсам да мен туралы тұрме басшылары біліп отрады. Орыс тіліне жетіктілімді, іс қағаздарын сауатты, мұқият жазатынымды біліп, жоғары жактарына жіберетін қағаздарды маған жасатып, пайдаланып отырды. Тұн ортасы ауганша жұмыс істеп отырып қалатын кездерім де болды, кетерімде еңбегіме 1 бөлке нан береді. Мен оны бір үзіп те жемей, камерада отырғандарға альш келем. Олар мені үнемі күтіп отыратын. Келгесін наңды бәріміз бірдей етіп бөліп жетінбіз».

«...1949 жылы мені босатты. Алматыға үйіме келгенімे бас-аяғы З ай етпей, қайтадан ұстап әкетті. Қайда барсам да сұрайтындары таққан жалалары... Ақмолаға Мирзоянмен бірге барып, халық алдында сез сөйлегенбіз... «Сонда сен Мирзоянды жакташ, мактап сөйлемдің» дейді. Ал, мен шын мәнінде ол кісіге кей жерінде қарсы шығып, сынал сөйлегенімді айтып, «сөнбесеніздер, сол күнгі хаттаманы (протоколды) алдырып қараныздар» деймін. Оған кулақ асып жатқан олар жок.

...1954 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін жазған арызынды қайта қарал, протоколда айтқан сөздерімізді көргесін толық акталып шықтым».

I.Бәйменовтің жұбайы – Балғынбаева Зура Габдолғалиқызы Орынбор гимназиясын бітірген. Ілиястан екі қызы, олардың бірі Гүлшат Шынтаева ұзак жылдар бойы қазіргі Эл-Фараби атындағы казақ ұлттық университетінде оқытушы болды. Гүлшаттан екі қызы, бірі – Карина Мұхтарқызы 1949 жылы туған, қазір Алматыда, бірі Швецарияда тұрады.

I.Бәйменов 1978 жылы, қызы Гүлшат (1925 жылы туған) 2008 жылы қайтыс болды.

Уездік инспектор қызметін кейін Жармаганбетов, Бейісов, Топаев, Жұнісовтер басқарды.

АЗАТТЫҚ ҮШИН АЛЫСҚАН

Ерлі-зайыпты Күлжановтар ыбырай Алтынсарин мектебінде оқып, кейін ұлы ұстаздарының ізін жалғастырған айтулы тұлғалар. Сонымен бірге олар ыбырай енбектерін насиҳаттаушы Нәзипа ыбырай Алтынсарин шығармашылығы жайында баяндама жасап, «Кәктем» өлеңін орыс тіліне аударған ұлы ұстаздың алғашқы аудармашыларының бірі.

«...Менің осы мақтана айтып отырганымның ерекше бір нәрі – Нұрекен мен Нәзипа женгейдің үйінде тұрған бір жылдық өмірім еді. Өйткені, ол үйде Нұрекен мен Нәзипа женгейдің адамгершілік ерекше қасиеттерін өзіме өнеге етсем, оның үстіне сол үйде тұрғанда жана заман сәулесіне ана тілімді құрметтей оқытын газет-журнал болды» [Бегалин С. Замана белестері. А., Жазушы, 1979. 111 б.], – деп балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы Сапарғали Бегалин романына арқау еткен Нұрекен – Нұргали Құлжанов қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданында Қошалқы күмында «Қазактың ескі, жуан тұқымынан» деп Сұлтанмахмұт ақын айтқандай, Арғынның Эйдерке тайпасынан тарайтын Түгелбайұлы Құлжан бидін баласы. Мұны нақтылай, егжей-тегжейлі айтып отырған себебіміз – кейбір зерттеушілер Нұргалиды Жітікарада туып-өсken деп жаңсақ пікір айтыл жүр. Нұргалидың Жітікарада (бұрынғы Шұбар болысында) окуы мүмкін, алайда алғаш Торғайдағы ыбырай Алтынсарин іргесін қалаган мектепте оқып сауатын ашқаны, кейін Срынбордагы екі сыныптық Мұғалімдер мектебін (Учительская школа) 1893 жылы бітіріп, Шұбар болыстық мектебінде мұғалім болып істегені рас. Бірақ оның ата-бабасы, экесі – Құлжан Торғай жерінен қоныс аударған емес. Мұны тутан-туystары, Торғай елінің халқы жақсы біледі. Торғай тарихында «Құлжан-Төке» деп аттары қосылып айтылатын екі кісі жайында азыз әңгімелер жетерлік. Әшейінде ауылда болыстыққа таласып, қырги қабақ болып жүретін екеуі үлкен жылдарда тізе қосып, бірінің сөзін бірі қостай сөйлейді екен. Осындайда екеуіне қарсы тұрып, дауласатын адам шыға коймайтын деседі Торғай елі.

Баспасөзде, кітап беттерінде қазақтың тұнғыш журналист қызы, көрнекі педагог, жазушы, аудармашы, Абай шығармаларын алғаш насиҳаттаушы Нәзипа жайында жиі айтылады да Нұргали жөнінде көп әңгіме болмайды. Нәзиганың оқып, білім алуына алғаш жағдай жасаған Н. Құлжанов екенін біреу білсе, біреу біле бермейді.

1899 жылды халықтың қаржысына ашылған Қостанайдағы педагогикалық гимназияда (Костанайская русско-киргизская женская промимназия) оқып жүрген Нәзипа оқуына төлеуге қаржысы болмай қатты қинальш, сонда сабак беретін бір орта жастағы мұғалімге қайдан келтегенін, экесі Сегізбайдың кедей екенін, Торгайда Гайпопла деген татарға жалданып, малын бағып, ақша тауыш, езін оқытқанын түтел жасырмай айтады. Мұғалім: «Шұбар болысында Нұргали Құлжанов деген торғайлыш жігіт бар, мұғалім, ол кісі жетім-жесірге кашан да жанашыр жан. Сол кісіге барсан көмектеседі», – дейді.

Нәзипа Нұргалиға барып жағдайын түсіндіреді. Нұргали оқуынын ақшасын төлеп, өзін әдемілеп киіндіреді. Гимназия басшыларына әрі қарай да қаражатын өзі көтеретінін айтып, кепілдік береді.

Нәзипа Қостанайда оқып жүргенде экесі Сегізбай оны бір байдың баласына түрмисқа беретін болып, үәделесіп, қалың малын алып кояды. Бұл әнгімені бір жанашыр адамы Нәзипага хат арқылы хабарлайды. Нәзипа оны Нұргалиға жеткізеді: Нұргали: «Сен уайымдама, сауатың бар ғой, оқып жатырысың Қостанайдың эскери губернаторына өзінің оқығың келетініңді, сүймейтін адамға барғың келмейтінік – барлық жағдайды айтып арыз бер», – деп ақылын айтады.

Арыз бергесін эскери губернатор Нәзипаны шақырып алып: «Өзіңің көнілін қалаған адамың бар ма?» – деп сұрайды. Нәзипа Нұргалиды ұнататынын, бас бостандығын алса, сол кісіге түрмисқа шығатынын жасырмай айтады. Губернатор «Нәзипа Құлжановың бас бостандығы өзіне берілсін, қалың малға төленген мал мен қаражат Құлжанов Нұргалидың әuletінен, яғни Құлжан әuletінен өндіріліп берілсін» деген сияқты үкім шығарды.

Алайда қызды айттырып қойған жак дау шыгарып, Нұргалидың үстінен «Құлжанның орысша оқыған Нұргали деген баласы елді азғырып, үкіметке қарсы қойып жүр» деген сияқты арыз жазады. Онын үстінен Нұргалидың туған-туыстары да «кедейдің қызы, орысша оқыған» деп, қосылғандарына ризашылық білдірмей, екеуін айырмак болады. Іс насырга шаба бастаған сон Нұргали мен Нәзипа Ресей оку министрлігі жолдамасымен Семейде жаңа ашылған мұғалімдер дайындастырып семинарияга (қазіргі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж) барып, мұғалім болады. Нұргали «қазақ тілі мен әдебиетінен» сабак беріп жүріп, ішкі Ресейден саяси көзқарастары үшін жер аударылып келген адамдармен араласып,

Семейдегі астыртын ұйымға, Семейдегі Географиялық қоғамына мүшеболады.

Семейдің Слабодка деген ауылында қазақша мектеп ашып, қазақ тілінде оку құралы болмағандыктан, өзі колжазба «әліппе» кітабын жазады. Бұл колжазба сол кезде оку құралы ретінде пайдаланылғанымен кітап болып типографиядан басылып шықпаган, кейін жоғалып кеткен.

«Күлжановтар өмірінің Семей кезеңі қазақ енері мен әдебиеті тарихында белгілі із қалдырган, – деп жазады профессор Темірбек Кожакеев. – «Біржан -- Сара» айтысын алғаш сонда сахнаға шыгарған солар, Қ.Сэтпаев, М.Әуезов, Ә.Қашаубаев, И.Байзақовтарды алғаш сахнаға тартқан да солар. 1914 жылы Абайдың қайтыс болуының он жылдығына әдеби кеш ұйымдастырып, ұлы ақын мұрасы туралы Нәзипаның орыс тілінде баяндама жасайтыны да осы Семейде» (Кожакеев Т. «Нәзипа Күлжанова». Сара сөздің сардарлары. А., Санат, 1995. 86 б.).

Н.Күлжановтан оқып, кейін үстаздық қызмет атқарған Г.М.Хомутов 1906-1907 жылдары Семейде семинарияда оқып жүргенінде Нұрғалидан мәдениетті, орыс тілін таза сөйлейтін оқымысты қазақты бұрын-сонды көрмегендін, екі жыл сол кісінің пәтерінде жатып оқығанын, саяси әрі көркем әдебиеттерді көп оқитынын баяндай келіп А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» повесін Күлжановтар үйінен тұнғыш көргенін айтады.

Н.Күлжановтың көмегі арқасында оқып-білім алған С.Бегалин «Заман белестері» романында 1914 жылы, 26 қаңтарда өткен Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай өткен тарихи әдеби кешке тоқтала келіп: «Ойынды аяқтал, қазақ ұлт әдебиеті-ойын кешінің тұнғыш шымылдығын ашкан саналы зайдыптар Семей жүртшылығына бұрынғыдан да абыройлы көріне бастады... Ойынның артынан сол кешке жиналған 918 сом ақша қазақтың мұқтаж окушыларына таратылды. Мысалы, Петербургта оқытын, Томда, Орынборда, Қазанда, тағы басқа жерде оқытын мұқтаж окушылардың тізімі жасалып, соларға жіберілді. Тунек заманың тунерген бұлтынан жылт өткен сәуледей Семей оқытушылар даярлайтын мектептің оқытушысы Нұрғали Күлжанов, оның жары қазақтың сол кездегі аса мәдениетті оқыған қызы Нәзипа Күлжанова осындай бір иғілікті істі бастап еді» (Бегалин С. Замана белестері. А., Жазушы, 1979. 117 б.), – дейді.

Семейде Кенес өкіметі жеткенде Нұргали Құлжанов баспахана менгерушілігіне тағайындалады. Баспахрананы халық итілігіне пайдалану керектігін жақсы түсінген ол 1918 жылғы маусым айында Сібірден келіп Семей большевиктеріне шабуылға шыққан Колчак әскерінен сескенген баспахана қызметкерлері баспахрананың машиналары мен басқа да жабдықтарын Ертіске батырып жібермек болғанда қарсылық білдіріп, баспахана қызметкерлерін айлықтарын төлеп, екі айға уақытша таратып жібереді. Бұл оның Колчак үкіметінің көпші бармай, құлайтынын сезгендігі еді.

Сол 1918 жылдары «Ярдам» баспахранасында әріп терүші болып істеген, 1917 жылы қазақ тілінде шығып тұрган «Халық сөзі» газетін ұйымдастырушылардың бірі Насыр Епіимов: «Сол айда Семейге келген Колчак ақ бандысы біздерді үстап алып Халық үйіне (саяси-ағарту үйі) әкеліп, 24 сағат ішінде баспахана жұмыс істемесе «большевиктерді» жақтаушы ретінде өлім жазасын қолданатынын айтты, – дейді. – Алайда Колчак үкіметінің үстемдігі ұзаққа бармады. Ол 1919 жылы декабрьде құлаап, орнына Совет өкіметі қайтадан келді. Бірақ кетерінде Колчактың орталық штабы мен Семейдегі Алашорда комитетінің мүшелері Нұргали Құлжановты атып көтті» (Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. А., Қазақстан, 1971. 57-58 б.).

Осы қайғылы оқига жайында А.С.Яковлев «За власть Советов» кітабында, С.Бегалин «Замана белестері» романында егжей-тегжейлі жазылты.

Семинария ғимаратының екінші қабатындағы Н.Құлжановтың үйі сол кездегі Семей зиялышарының бас қосатын орталығы сияқты болады. Ахмет Байтұрсынов (Н.Құлжанов Ахметпен мектепте бірге оқыған, Ахметтен үш-ақ жас кіші, 1870 жылы туған), Мұхтар Әуезов, Әлмұқан Ермеков, т.б. ақын, ғалымдар бұл үйге жиі соғып тұрса, Сапарғали Бегалин, Мұсағали Қанлыбаев, Дәмеш Ермекова, Акан сері Қорамсаұлымен айтысатын атакты Сараның інілері, Маман Тұрысбектің балалары осы үйде жатып оқыпты.

Мұсағали Қанлыбаев бір естелігінде: «Сәлем берейін. деп Нұргали мен Нәзипаны іздел келдім, – деп жазады. – Ол большевиктер жағына шыққаны үшін семинариядан қуылыпты. Мен барғанда туған Миллат аты ұлы өлтген. Бір қазактың үйінде залда тұрып жатыр екен. Бір келгенімде Нұрекенді турмеге жауыш тастапты. Реніш үстінде откен күндерде көрген-білгенді еске түсіре бастандым. Нұргалиды ат арбамен шакырған жерге апарғаным есіме түсті. Мен ауыз үйде отырсам да, құлағым төр жақта болды. Соңда

Нұрғалидың жиналған оқымыстылардың сөзін костамай, үнемі карсыласқаны есіме түсті. Шындығында да, ол кісінің әділет жолын жақтауы тым ерте басталған екен ғой. Оны ауелде мен үкпаптын.

Келсем Нәзипа апай Нұрекене тамақ апарғалы жатыр екен. Екеуміз бірге бардық. Нұрғалиды түрмеге қарсы арестанттар үйіне жауыпты. Нұрекен тордың ар жағынан қолын бұлғап, сабырлы сейлесті. «Мұғалім Нұрғали Құлжановты ақтың солдаттары қашып бара жатқан жерінен атып өлтірді» деген хабарламаны 1919 жылдың 27 қарашасында «Саарқа» газетінен оқыдым да, Нәзипа апайды іздеп үйіне бардым. Нұрғалиды ақтар даалаға алып шығып атқан екен. Бейіт басына көп адам жиналышп, жерлеғіті. Олардың арасында орыстар, татарлар, басқа да ұлт өкілдері болған екен» (Қанъябаев М. «Торғай туlectері». Арқалық, 1991. 59-60 б.).

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэмасында қайраттылығын, кең ойлап, кең пішетін сабырлылығын, жасымайтынын, көпке сырын алла бермейтінін, шындықты бетке айтатын туралын жан екенін айтып, жақсы баға беруі, Сәкен Сейфуллинің өзінің «Қызыл сұнкарлар» пьесасын арнал жазған ардакты, ардагерлер қатарында Нұрғали Құлжановты атауы оның өз замандастары мен тұстастары арасында қадірлі азамат болғанын аңғартта түседі.

«Карт Ертістің Семей өндірінде өздерінің қыска да саналы ғұмырын өткізген аяулы екі азамат жайлы әнгімелер әлі күнге таусылмай айтылып келеді. Тағы да құлак тосасын, тағы да ойға батасын. «Апыр-ау, неткен ғажап адамдар еді бұл, ерлі-зайыпты Құтқановтар деген екі жас!» – деп еріксіз толғанасың. Әсіресе, патшалық заманының өзінде олардың тікелей үйимдастыруымен 1914 жылы Семей қаласында өткізілген сол бір кеш ойға қайта-қайта орала береді.

Семейдегі Абайдың мемлекеттік мәдени-тариҳи және әдеби-мемориалдық музейінің бүгінде көрермендері көп. Әсіресе оның «Абайтану» залына қойылған экспонаттардың бірі – үстіміздегі ғасырдың басында осы Семейде тұрып, халық ағарту жұмыстарымен шүғылданған ерлі-зайыпты Нұрғали мен Назипа Құлжановтардың суреттері тұсына келгенде олар сол жансыз бейнеден күні бүгінге дейін өздеріне жұмбақ болып келе жатқан талай сұрақтарға жауап іздейтіндей тесіле қарап, ұзақ аялдайды», – деп семейлік М.Имашев жазғандай, халқының камын ойлап жарғақ күлактары жастықка тимей, жастық шақтарын сарп етіп, халқымыздың рухани дүниесін байытуға үлес коскан кос қайраткер жайында біз не білеміз? Олар

осы Қостанай құшағынан қанаттанып үшқан қарлығаштар емес пе еді?! Қаламызда ерлі-зайыпты Қулжановтарды еске түсірерлік қандай белгі бар?

«Өлі риза болмай, тірі байымайды». Халық қамын ойлаған адам – халықтың ұлы, оны ешқашан ұмытпауымыз керек, – жайта ұлықтауымыз керек. Қостанайдағы педагогикалық оку орындарының біріне Құлжановтар есімі берілсе, немесе бір көше «Қулжановтар кешесі» болып аталып жатса, артық болмас еді-ау...

ЫБЫРАЙ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ

1864 жылы 8 қаңтарда Торғай қаласында, сол жылы 25 казанда Ырғызыда (Бастауыш мектеп), 1879 жылы 14 сәуірде Ырғыз қаласында бір қазақ, бір орыс мұғалім штатымен жұмыс жасайтын екі кластық орыс-қазак училищесі, 1883 жылы, 15 қарашада Торғай қаласында колонер мектебі, қасында интернаты бар әйелдер училищесі ашылды.

Енді мектептерде сабак беретін мұғалімдер даярлайтын оку орынға ашу қажеттілігі туа бастады. Ыбырай ұсынысымен 1863 жылы 10 сәуірде Орск қаласында мұғалімдер даярлайтын мектеп ашылды.

Мектептер саны жыл сайын көбейіп, өссе түсті. Алайда ол кезде ауыл түтілі, уезд орталықтарында да кітапхана жоқ еді. «Кітап – білім бұлағы». Кітапхана бар жерде сауатын ашқан бәзілар да, мұғалімдер де өз бетімен оқып, білімін жетілдіре алады.

Бірақ үкімет тарапынан ешкандай кемек көрсетілмейтін болды. Сондықтан да Ы.Алтынсарин мектеп ашуға ақшалай каржы беріп жүрген азаматтарға 1882 жылы хат жазып каржы жинауга мәжбүр болады. Троицк қазак мектебінің күрметті камкоршысы Қарпыков 200 сом, Актөбе мектебінің күрметті камкоршысы Беркінбаев 109 сом, Торғай мектебінің күрметті камкоршысы Бірімжанов 200 сом, Ырғыз мектебінің күрметті камкоршысы Құлтыбеков 100 сом қаржы береді. «1882 жылғы Торғай облысындағы оку жұмысының жайы туралы есепте» ыбырай төрі күрметті камкоршының қаржылай кемек көрсеткендерін айта келіп: «Бұл ақшалар қазір алышыды. Оның бірқатары Торғай облыстық басқармасының сактауында, ал бір қатары мениң қолымда. Осы 1883 жылы бұл туралы бұратана халықтар арасындағы оку жайын білетін адамдармен күнілтері кенесіп алыш, кітап жаздырғалы отырмын» дейді. Бәрін алдын-ала ойластырып, ақылға салып, ойын елең-екшеп іске асыратын ұлы ұстаздарын іздепаздырығы, енбекқорлығы, басқаларға да талап қоя

білетіндегі аркасында 1883 жылы күзде Үйрек қаласындағы училище жанынан кітапхана ашылды.

«Демек, қазақ оқушыларына, оқытушыларға, жалпы кітапқұмар қауымға арнал қазақ даласында алғашқы кітапханаларды ашқан мәдениет қайраткері де бөтен біреу емес, Үйбрай Алтынсарин болған. Қазақ кітапханаларының даму тарихы да Үйбрай ашқан осы кітапханалардан басталғанын ешкім бекер дей алмайды» [Әсіпов С. «Ұлы ұстаз». «Үйбрай Алтынсарин тағылымы», Алматы: -1991. -220 б.].

Мектеп, кітапхана ашуга өз қалталарынан ақша беріп, камқоршы болып жүрген бұл азаматтар кімдер еді?

Карықов – **Карықов Бекмұхамбет** (1840) Қарабалық қыпшақтан тарайтын ұста руынан. Торғай облыстық әскери губернаторының төтенше тапсырмалар жөніндегі кіші көмекшісі, Шұбар, Дамбар болыстарының болысы, мәдениет ошактары мен оку орындарының ашылуына жағдай тудырып, акшалай көмек беріп тұрған. 1881 жылы Торғай облысының әскери губернаторы оны Троицкегі қазақ мектебіне қамқоршы қылыш бекітсе, 1899 жылы Костанай уезі бойынша құрметті мировой судья болып тағайындалады.

Бекмұхамбеттің Мірсадық, Эбубекір, Салық (Садық), Жорабек, Әбдібек және Хакім деген балалары болған. Әбдібектен Сейіт – Сейіт Әбдібеков, Костанай облыстық атқару комитетіде жауапты қызмет атқарған, облыстық газеттің (Қазіргі «Костанай таны») бас редакторы болған. Хакімнен – Едігे, ішкі істер органдарында қызмет істеген. **Салықтан** - Жәнібек, Жәнібектен Шәңгерей – Шәңгерей Жәнібеков, ұзақ жыл Костанай қалалық партия комитетінің Бірінші хатшысы, 1974-1976 жылдары Костанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, 1976-1981 жылдары Казақстан Республикасы Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болды. Қазір құрметті демалыста, Костанай облысының құрметті азаматы.

Көбіне «Қарман-Қарпық» делініп екі ағайынды кісінің аты қатар аталаады. Қарман ұрпақтарының бірі Бақытжан Фаязов қазір Рудный қаласының әкімі. Халық камын ойлайтын, елге сыйлы іскер басшы, болашагы зор айтуды азамат.

Беркімбаев – **Беркімбаев Дербісөлі** (1838-1913) Орск (Жаманқала) қаласының манында Ор езенінің бойында дүниеге келген.

Қолыма қалам алдым сөзге лаулап,
Сұрадым әрбір жерде хабар аулап.
Белгілі Кіші жүзде бір адамсын,
Бақ – дәулет жеті атаңан өскен қаулап.

Салмағы саған катар келе алмайды
Қай казак мактанса да өзін баулап.
Руың Жетіруда Жагалбайлы

Ары үшін жауга шапқан «манатaulap», -

деп Кердегі Өбубекір жырға косса, халық мактан етіп «жарты патша»
атаған даңқты адамдардың бірі.


Д.Беркімбаев 1858 жылы Кіші жүздің Орта бөлігіндегі он бесінші дистанцияның, 1860 жылдың жазынан жиырма үшінші дистанцияның бастығы болған. 1864 жылдың тоғызыншы ақпанында Станислав лентасына тағылған күміс медаль, 1865 жылдың қазан айында Зауряд-Хорунжий әскери атағын алған. Жанадан құрылған Торғай облысының әскери губернаторы Л.Баллюзек 1869 жылдың 1 қантарындағы жарлығымен жаңадан құрылған Торғай облысының әскери губернаторы Л.Баллюзек 1869 жылдың бірінші қантарындағы жарлығымен Ыргыз уезінің бастығы етіп Орынбор әскери округтындағы артиллерия басқармасының адъюданты, далалық жаяу әскер артиллеријасының капитаны Богакты, онын екінші көмекшісі етіп Д.Беркімбаевты тағайындейді. Бұл жұмыста Д.Беркімбаев 1893 жылдың жиырма бесінші қыркүйегіне дейін істейді. 1893 жылдың 25 қыркүйегіндегі №69 бұйрығымен Торғай облысы әскери губернаторы оны әскери губернатор жаңындағы ерекше тапсырмалар жүктелетін чиновник етіп тағайындейді.

Д.Беркімбаев Географиялық қоғамның Орынборлық бөлімшесіне және Орынбор Мұрагаттық Алқасына толық мүше болып сайланады [Труды Оренбургской Ученой Архивной Комиссии. Выпуск 1. Оренбург. 1896, с.7].

Деріпсөлі. Ақтөбе аймағындағы мектептердің ашылуына, қазак балаларының мектепке тартуда көп еңбек сінірген. Ол І.Алтынсаринмен коян-қолтық араласып, Ақтөбе орыс-қазак училищесін, Ақтөбе уезінде жеті ауылдық мектеп ашуға көмектескен. 1881 жылдың 23 қазанында Бөртеде Ақтөбе уездік мектеп ашылғанда сөй сөйлеп былай депті: «Ағайын! Халқымыздың оқуы кеміс, бірақ даналығы терен. Міне, қазактың қазіргі жас болашақтағы үрпактарын біліммен сусыннататын мектеп ашылып отыр. Орыстың

ғалымдарындағы ғұламалар бізден де шығады. Еліміз өседі, өркендейді» - деген екен. Балаларын мектепке берушілер қатары көбейіп, окушылар саны 35-ке дейін жетіпті. (А.В.Василев. Исторический очерк русского образования Турагайской области и его современного состояния. Оренбург, 1896, с.90-91). 1902 жылдың мамыр айынан зейнеткерлікке шығады.

Корғанбек Бірімжанов



Жанымбет, арғы атасы Мұса, Шеген,

Олардай бар ма сенің аумас кемен?!

Ол дағы бір құдайдың ісі шығар,

Асабас Эйтімбеттен десен төмен.

Абай, 1881 жылдың 15 наурыз. Ол жаңа ғасырдың биіктіктерінің бірі болып саналады. Абайдың ата-бапынан таңдаған жаңа атасынан шығарылған шығарма. Абай меннен көбінесе шығарылған шығармалардың бірінде оның ата-бапынан шығарылған шығарма.

Дәүітбайды білесің бе сен бейшара,
Үрпагы ер Жәнібек шыққан дара.
Он төртте хакім болып ел билеген,
Келеді бір сүрінбей жалғыз қара.

Ушеуі Корғанбектің гауһар, жақұт,
Ішінен Орта жүздің туған артық.
Дүшпаны ерегескен қауіп етер,
Алыстан алады деп еппен тартып», –

деп Уак Жұмабай ақын атын жырга қосқан Корғанбек кім еді?

Шегеннен - Бірімжан, Бірімжаннан - Корғанбек туады. Яғни, Корғанбек Ыбырай Алтынсариннің шешесі - Айменнің інісі.

Осы жерде айта кететін бір жайт - Ж.Қосабаев «Атамекен ақиқаты» кітабында Айменді «Айжан» деп жазады, М.Ақынжанов «Ұлы педагог, қоғам қайраткері» мақаласында Айменді Жәнібектің қызы десе, Ф.Озғанбай «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» кітабында Ахмет Бірімжанов - Ыбырай Алтынсариннің немересі еді дейді. Шындығында, Жәнібектен - Дәүітбай, Дәүітбайдан - Мұса, Мұсадан Шеген, Аймен Шегеннің қызы. Яғни, Жәнібектің шебересі, ал, Ахмет Ыбырайдың немересі емес, нағашы інісі.

Корғанбек - Ыбырай алғаш оқытқан он төрт баланын бірі. Бұл жайында Әміржан Сыдыков үздік оқыған балаларға - Бірімжанов, Жангожин, Тәшенов, Аққуовақа сыйлық ретінде тарих, табигат пен оның құбылыстары туралы кітаптар, мал шаруашылығын жақсы көретіндерге арналған альбомдар, тағы андардың тіршілік етуі жайындағы суреттер және күн, ай, жұлдыздар туралы әңгіме кітаптары сыйға тартылғанын айтса, Әсет Ламашев «Ыбырай (Ибрагим) Алтынсарин ұстаз» мақаласында «1865 жылдың 22 майында Торғайда казақ мектебінің окушылары тұнғыш сыннан өткізіліп, жазғы демалысқа таратылады. Сын қорытындысында төрт окушы - Бірімжанов К., Қапесов Н., Жангалин Н., Тәшенов И. сыйлық алды», – деп жазады.

Жоғарыдағы өлеңде аты аталатын Алтексен - Алтынсары, Дәубай - Дәуренбек. Ел аузында да, жазба деректерде де Корғанбек пен Дәуренбектің аттары қатар аталады. Жұмабай ақын айтқандай, өмір бойы бір-біріне серік - «қанат, құйрық» болып өткен адамдар. Корғанбек - Торғай уездік шаруалар бастығының көмекшісі

қызметінде болып, Орынбор генерал-губернаторлығының номенклатурасына енген кісі. Ол кісіні бұл жұмысқа тағайындауға патшаның келісімі алынған. Дәуренбек қырық жылдай Тосын болысы болған.

Жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Бақытжан Қаратаев» деген деректі кітабында Қорғанбектің от ауызыды, орак тілді алғыр да, батыл жігіт болғаны жөнінен мынадай бір мысал келтіреді:

«...Қырғыз-қазақтар неліктен орыс чиновниктерімен кенселеріне келгенде жалған сөйлеуге және алдауға неге бейім?» деген сұраққа аргың руындағы Тәменгі шекті бұтағының беделді қазағы, Шеген батырдың немересі Қорғанбек Бірімжанов 1886 жылы, мениң Петербург институтының студенті кезімде Торғай облысының эскери губернаторы Барабашқа кез алдында былай деді:

— Қазақ халқының даналыты айтады — егер сен орыс чиновнигіне шын көнілмен, жүргінмен актарылып шындықты айтсаң — ол саған сенбейді. Ал егер сен оған киыстырып тұрып, шебер тілмен өтірік айтсаң құлай сенеді.

Қорғанбек Бірімжановтың бұл сөздері царизм чиновнигінің бетіне түкірлген терең де ашы әжуага толы қакырық еді», — деп жазыпты Бақытжан Қаратаев өзінің студент кезіндегі жазбасында. Бұл қолжазба Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының орталық мұрағатындағы «Қаратаев қорында» сактаулығы.

Хаттағы «Тәменгі шекті» дегенді біреу түсінгенімен, біреу түсіне бермеуі мүмкін. Үбірай Алтынсарин өлеңдерінен де кездестіруге болады:

«Жазы би Тәмен шекті Обағанда,

Ақылмен жол көрсетті би мен ҳанға.

Орынбор, Сібірменен жерін бөлді,

Ісіне орыс, қазак қалды танға» [Алтынсарин І. Өсиет //Ана тілі, 2003, 13 ақпан].

Торғай, Костанай өнірінде Кіші арғынның екі баласы — Саржетім мен Шакшақ ұрпақтары бар. Қазіргі Торғай қаласының Костанай жағы тәменгі шекті де, Ақтөбе жағы жоғары шекті аталағы.

1882 жылы Үбірай Торғай облысындағы оку ісінің жайы жөніндегі рапортында «Торғай мектебінің күрметті қамқоршысы Бірімжановтың» (Қорғанбек Бірімжанов — С.О.) 200 сом акша бергенін көрсеткен [«Таза бұлак», 152 б.], Катаринскийге хатында «...мен Сізге Қорғанбекті наградтау туралы ұсыныс жасап стырмын.

Ол наградтауға ең колайлы адам еді, бірақ күр калышты» [Сонда. 264 б.], деп жазады. Өйткені Қорғанбек Ы.Алтынсаринің мектеп қажетіне қаражат беріп, үнемі комектесіп тұрган.

К.Бірімжановтың бәйбішесі Гүлімай – Сейдәлі төренің қызы, «Гүлімайдан тутан Нұрханды Орынбордағы тәжірибе мектебіне кіргізген Ахмет Байтұрсынов екен» [Байқадамова Д. «Нұрқан Корғанбековке риза болғаным» «Ана тілі», 13 көкек, 2006. Б.12].

Құлыбеков – Шахмұрат Құлыбеков. Патша өкіметі Орынбор шекара комиссиясы жаңынан 1850 жылы казақ балаларына арналған мектеп ашқаны белгілі. Ондагы мақсаты – Қазак балаларына білім беріп, жоғары қызмет істеулеріне жағдай жасау емес, писерлер мен тілмәштар дайындау еді.

Осы мектепте 1857 жылы 20 казақ баласы оқып шыкса, солардың бесеуі үздік бітірген. Олар – Шахмұрат Құлыбеков (Ақтөбенің Үргыз ауданынан), Тоқтамыс Қосуаков (Ақтөбенің Темір ауданынан), Нұрым Мұнсызбаев (Костанайдан), Ибраһим Алтынсарин (Костанайдан), Шахмұрад Қөшербаев (Костанайдан). Үздік бітірген бес балаға да 1858 жылы 8 қазанда Орынбор жеке корпусы бұйрығымен муафиқ зауряд-хорунжий лауазымы берілген.

Казіргі Ақтөбе облысы аймағында бірінші рет 1864 жылдың 25 қазанында Үргызда бастауыш мектеп ашылып, Шахмұрат сонда бірнеше жыл мұғалім болған. Мектепте 14 бала оқыған. Мектепте сабак беруге жағдайы келмегендіктен Шекара комиссиясына тілмаш болыш орналасылты.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұнғыш рет Ақтөбе облысының Үргыз ауданының орталығында бір кластық әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қыз қабылданылды. 1888 жылы училище жаңынан қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылыған. «Бұл училищеге Қостанай, Торғай, Ақтөбе уездері қазактарының қыздары да келіп оқыған. Осы училищенің ашылуына Ы.Алтынсарин бастаған қазақ зиялышары атсалыскан. Олардың арасында Әлмұхамед Сейдалин, Шахмұрат Құлабеков рухани қолдан, қаражаттай да демеушілік көрсетіп отырған» [«Ақтөбе энциклопедиясы», Ақтөбе, 2001. -732 б.].

Бұл айтылғандардан біз Шахмұрат Құлыбековтің де Үбырай сияқты қазақ балаларының оқып, білім алудың жағдай жасағанын, мектепте сабак бергенін, мектептерге үнемі жанашырлық жасап, өз қалтасынан каржы-қаражат беріп отырғанын байқаймыз.

Шахмұрат Құлыбеков жайында білестініміз осыған.

Жоғарыда аттары аталған тәрт азаматты да Торғай облысының әскери губернаторы тұратын аймактарына орай мектептерге құрметті камқоршы етіп бекіткен.

ЫБЫРАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІН ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНАН ОҚЫГАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Қазан төңкерісіне дейін Торғай облысында (Торғай, Қостанай, Ақтөбе) оқыған қазақ қыздары басқа жерлерге қарағанда көбірек болғаны байқалады. Өйткені, Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы Торғайда, кейін 1887 жылы Бөрте болысында, Қарабұтақта, Обаганда, Жітікарада-Шұбар болысында, 1888 жылы Қараторғайда мектеп ашса, тағы да ұлы устаздың үйымдастыруымен 1887 жылы Үргезда, 1890 жылы Торғайда (Ыбырай қайтыс болғаннан соң), 1895 жылы Қарабұтақта, кейін Қостанайда орыс, қазақ қыздарына арналған училищелер жұмыс істей бастады. 1896 жылы осы қыздарға арналған оку орындарын 141 қызы оқып бітіріпті. Солардың жетпісі казақ қыздары екен. Мұның бері Ы.Алтынсариннің тынымсыз еңбегінің, ізденімпаздығының, үйымдастыруышылық кабілеттінің жоғарылығының, ел мұддесі, ұлт қамы үшін құлшынысының нәтижесі еді. Оның үстіне бұл өлкелерде Ыбырай шәкірттері мен ізбасарлары ашқан мектептер, оларда оқыған қазақ қыздары қаншама?! Олар еліміздің еңсесін көтеру жолында қаншама қызмет істеді?!

Кеңес Одағы тұсында оқу-білім тек Коммунистік партияның, жана үкіметтің аркасындаған дамыды, бұрын ештеңе болмады деген саясат ұсталынды. Соңыктан да болар Қазақ Совет энциклопедиясында көптеген кісілердің Қазан төңкерісіне дейін оқығандығы айтылмайды. Ал тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі шыққан Қазақ энциклопедиясында бұл олқылықтың орны толтырылғаны көрінеді.

1. Байтұрсынова Катез Ахметқызы (Әбдіғапарова) Орынбор гимназиясын бітірген, Ахмет Байтұрсыновтың туған ағасы Қали Байтұрсыновтың қызы, бірақ Аханың қызы болып, сол үйде өсіп-тәрбиеленген.

1920 жылы қыр елінің тәтенші комиссары Ә.Жанкелдин уезді басқаратын ресми әкімшілік орындарын тағайындау мақсатында кеңес откізгенде қала мен даладан жиналған 200 адамның ішінде казақ әйелдерінен Катез Байтұрсынова, Зура Балғынбаева, Үрзипа

Каралдина қатысынты. Сол жылдың 14 маусымында уездік әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің коллегия мүшелігіне Қатез Ахметқызы Байтұрсынова бекітілгені көрсетілген.

Қатез – Рұстем Эбдіғапаровтың жұбайы. 1940 жылы Қатез қайтыс болады. Сонында жалғыз ұлы Едіге қалады. Едіге 1965-1968 жылдары республикалық Қазақ радиосында қызмет істеді. Едігенің Сагадат деген ұлы Алматыда тұрады.

Қатез – Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары әйел тендерінде жолында біраз қызмет істеген. Бұл жайында Данабике Каралдина «Әйел тендері үшін куресте Қатез де, Зура да арапасты. Совет занын түсіндіріп, тендерке жететін күн туғанын, окуға жол ашылғанын үағызыдаған әңгімелерін дастарқан басында, самаурын қасында отырып түсіндіретін», – [Каралдина Д. «Ахан нәсілінің бір бұтағы» // «Сұхбат», 1-15 шілде, 1991.], – деп жазады.

2. Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1933) торғайлық. Алғаш Торғайдары Алтынсарин ашқан мектепте оқып, сауатын ашқан. Костанай қаласындағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясын үздік бітіріп, кейін Орынбор гимназиясында оқыған. Қазактың әйелдер арасынан шықкан тұнғыш журналисті.

Нәзипа Құлжанованың «Қызыл Қазакстан», «Әйел тендері» журналдары мен «Еңбекші қазақ» газетінде мақалалары жиі жарияланып тұрған. Әсіреле, қыз-келіншектер жайында, әйел тендері, үй шаруасы, дүниеге үрпақ келтіру, оны есіріп, тәлім-тәрбие беру жайында көбірек қalam тербеген.

1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы «Ана мен бала тәрбиесі» әдістемелік кітаптары жарық көрген. Максим Горькийдің «1905 жыл, 9 қантар», В.Г.Короленконың «Күн тұтылғанда», А.И.Куприннің «Лапылдал жанған крейсер», Б.А. Лавреневтің «Қырық бірінші» атты шығармаларын қазақ тіліне аударған. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабының алғысөзін Ахмет Байтұрсынов жазып, оған жоғары баға берген.

Нәзипа 1914 жылы, 26 қантарда Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай Семей қаласында әдеби кеш үйімдастырып, ұлы ақын мұрасы жайында орыс тілінде баяндама жасаған.

Зайыбы Нұрғали Құлжанов та торғайлық, Торғайдары Ы.Алтынсарин іргесін қалаған мектепте, кейін Орынбордағы екі сыныптық мұғалімдер мектебін 1893 жылы бітіріп, Қостанайдары Шұбар болыстық мектебінде мұғалім болған. Нәзипаға үйленгендеген кейін 1905 жылы екеуі Ресей оку министрлігі жолдамасымен Семейде

жана ашылған мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқытушы болады. Нұрғали қазақ тілі мен әдебиетінен сабак бере жүріп, ішкі Ресейдегі саяси көзқарастары үшін жер аударыльш келген адамдармен араласып, Семейдегі астыртын ұйымға, Семей географиялық қоғамына мүше болады. Семейдің Слабодка детен ауылында қазақша мектеп ашып, қазақ тілінде оку қуралы болмағандықтан, әзі қолқазба «Әліппе» кітабын жазады.

«Күлжановтар өмірінің Семей кезеңі қазақ өнері мен әдебиеті тарихында белгілі із қалдырган, – деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қожакеев. – «Біржан-Сара» айтысын алғаш сонда сахнаға шығарған солар, К.Сәтпаев, М.Әуезов, Ә.Қашаубаев, И.Байзаковтарды алғаш сахнаға тартқан да солар» (Қожакеев Т. «Нәзипа Күлжанова», «Сара сөздің сардарлары». Алматы, «Санат», 1995.-86 б.)

3. Балғынбаева Раҳима Габдолғалиқызы – торғайлық, Орынбор гимназиясын бітірген, Ы.Алтынсариннің шәкірті, ізбасары, 1891-1892 жылдары Қарабұтақ училищесінің менгерушісі, 1902-1907 жылдары «Торғай облыстық ведомостары» газетінің редакторы әрі іс жүргізушісі кызметін атқарған, бірнеше мектеп, училище ашқан ұстаз Габдолғали Балғынбаевтың қызы.

4. Балғынбаева Зура Габдолғалиқызы – торғайлық, Орынбор гимназиясын бітірген. Ф.Балғынбаевтың қызы.

Жоғарыда сөз болған 1920 жылы 5-б мамырда өткен Уездік кенесте Букіл Қырғыз елінің бірінші съезіне депутаттыққа 10 адам ұсынылған. Солардың бірі Зура Габдолғалиқызы.

Зура – Ы.Алтынсарин ізбасарларының бірі. 1920-1923 жылдары Торғай уездік оқу бөлімінің менгерушісі, уездік атқару комитетінің төрағасы болып, жиырмасының жылдардың аяқ кезінде өлкелік Кенес, партия мектебінде, Қазак Халық агарту комиссариатында, отызыншы жылдары Қазақ Мемлекеттік жоспарлау комитетінде кызмет істеген Ілияс Бейменовтің жары. Әл-Фараби атындағы университетінде ұзақ жыл ұстаздық өткен Шынтаева Гулшат Ілияскызының анасы.

5. Байғарина (Балғынбаева) Гулайым Ахметқызы (1898-15.10.1978) – торғайлық, «1898 жылы Торғайда Ыбырай Алтынсариннің шәкірті болған мұғалім Балғынбаев Ахметтің отбасында дүниеге келген. Орынбор гимназиясын 1917 жылы бітірген, мектептерде орыс тілінен сабак берген. Белгілі ғалым, күгін-сүргін құрбаны болған Байғарин Әлжан Махмұтульғының жары.

Гұлайымға «Қазак» газетінде «Г...ді жұбату» деген тақырыппен Ахмет Мәметов өлең арнаған» («Қазак» Алматы, «Қазак энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.-451 б.)

«Қазак» газетінің кітап болып шыққан нұсқасында осылай деп жазылып, «Қазак» газетінің авторлары» деген белімінде суреті берілген.

6. Қаралдина Үрзипа – торғайлы; «Сарыторғай» болыстық мектебін 14 жасында бітірген, қалалық қыздар мектебін тәмамдаған, көркем-өнерге бейім болған, сахна қойылымдарына қатысады. 1914 жылы «Айқап» журналында шыққан: «Форгайда үйимдастырылған көркеменерпаздар үйірмесі Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» пьесасының басты рөлінде Байқадам мен Үрзипа Қаралдиндер ойнады» деген жарнаманы қазір де оқуларыңызға болады» (Қаралдина Д. «Ахан нәсілінің бір бұтағы» // «Сұхбат», 1-15 шілде, 1991 б.б.)

Үрзип – Байқадам Қаралдиннің жәры, композитор Бақытжан Байқадамовтың анасы.

7. Сейдалина Гүлжауһар Әлмұхаметқызы (Бірімжакова) – 1887 жылы Ырғызда Ы.Алтынсарин ашқан казак қыздарына арналған тұнғыш училищеде білім атған.

Ыбырай Алтынсаиннің 1888 жылғы 5 қарашада В.В.Катеринскийге жазған хатында: «Ырғызданды қыздар интернатында қазак қыздарының санын 20-ға дейін көбейту туралы губернаторға ұсыныс енгізген едім... Ал мен, әсіресе, Сейдалиннің және құрметті қамқоршы болып тағайындалып отырған, уезд начальникінің әйелінің көмегімен бұл жұмыстың Ырғызда жақсы жүретініне көзім жетіп отыр...» (Алтынсарин Ы. «Таза бұлак» Алматы, «Жазушы», 1988. – 304 б.), – деген жолдар бар.

Н.И.Ильминскийге 1889 жылы 6 наурызда: «Ырғызда мировой судья және тергеуші болып Альмухамед Сейдалин істейді. Ол казактарды оқыту ісіне ете ынталы адам. Биыл ол қазақ қыздары үшін Ырғызда қазак сахарасындағы ең тұнғыш 20 кісілік қыздар мектебін ашыу маңында көмектесті» (Алтынсарин «Таза бұлак», Алматы, «Жазушы», 1988, –308 б.), – деп Ә.Сейдалин ісіне баға береді.

Әлмұхамет Күнтөреұлы Сейдалин Ыбырайдың Ырғызда мектеп ашыуна көмектесіп қана қоймайды, басқаларға үлгі-өнеге болсын деп қызы Гүлжекүндарды мектепке береді.

Гүлжауһар кейін Ресейдің бірінші және екінші мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған Ахмет Корғанбекұлы

Бірімжановқа тұрмысқа шығады. Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Батыrbек Бірімжановтың анасы.

8. Сейдалина Гүлжиһан (Гүлжікей) Тілеумұхаметқызы (Шайкемелова) да Ыргыздағы алташқы қыздарға арналған 4 жылдық училищені, кейін Алматы педагогикалық техникумын бітірген. Ұзак жылдар ұстаздық еткен. Гүлжиһаның жолдасы Максұт Шайкемелұлы да Бірімжановтар әулетінен. Нактылай айтсақ, Бірімжаннан Шайкемел, Шайкемелден – Максұт (Macxut).

Кейбір құжаттарда Гүлжиһан Әлмұхамедқызы болып жүр. Т.Сейдалиннің формулярлық тізімінде Гүлжиһан, Фатима деген қыздары бар екені айтылады [ЦГА РК ф.И-4. Оп.1. Д.3105, л.3.]

9. Сейдалина Рабига (Ракыш) Әлмұхаметқызы (Тунгачина) Варшава университетінің майдарігерлік факультетін бітірген Ахмет Тунгачиннің (Тұнғышұлы) зайыбы.

Тунгачин Ахмет – Торғайдан. Варшавадагы майдарігерлік университеттің 1914 жылы бітірген. Кеңес өкіметі тұсында Воронежде айдауда болып, кейін Алматыда қайтыс болған.

10. Сейдалина Мәриям Жансұлтанқызы (Жанайдарова) – казактың ақын қыздарының бірі. Әлмұхамед Сейдалиннің үлкен ұлы заң факультетін бітірген Жансұлтан Сейдалиннің (1856-1919) қызы.

Жансұлтан халық қамын жең ағарту ісімен де айналысып, «Айқап» журналына мақала жазып тұрған. Мәселен, Жансұлтан «Народный сот» деген мақаласында халықты сот жұмысымен таныстырса, «Ұрлық түбі – көрлік» мақаласында жаман әдеттен жирендіріп, заңды айтып, сақтандырады. Осы сияқты журналда оның әдет-ғұрың, салт-дәстүр, әкімшілік, жер пайдалану жайлары туралы жазылған тағы да басқа дүниелері жарияланған.

«Айқап» журналының кітап болып шықкан нұсқасында Сейдалина Мәриям «Жиһанша Сейдалин мен Жансұлтан Сейдалиннің қарындасты» («Айқап» Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995, 301-б.) деп жазылған. Филология ғылымдарының докторы Сапарғали Омарбековтің «Ақиқат» журналында жарық көрген «Алаш» шаңырағын бірге көтеріскең (Омарбеков С., «Алаш» шаңырағын бірге көтеріскең» «Ақиқат» №4, 2001, 57-б.) деген мақаласын оқығанымызда дұрысында Мәриям Жансұлтанның қызы екеніне көзіміз жетті.

М.Сейдалиннің «Айқап» журналында «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ» деген өлеңдері жарық көрген. Мәриям 1913 жылы Ақмола

облысының Атбасар уезінің казагы Сейілбек Жанайдаровқа тұрмысқа шығады. Оқиға былай болады: Сейілбек пен Мұстафа (Шоқай) Санкт-Петербургте оқып жүргенде Троицк қаласында тұратын Жансұлтан Сейдалиннің көркем де ақылды, оқыган қызы бар деп естіп, екеуі әдейі іздел барады. Қыз екеуіне де үнайды. Алайда Сейдалин қызын Сейілбекке ұзатады.

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы «Қазак» газетін ашқанда Петерборда оқып жүрген алты қазак студенті күттүктап хат жазады. Сол алтаудың ішінде Сейілбек пен Мұстафа Шоқай бар. Сейілбектің экесі Мейрам Жанайдаровтың киіз үйі 1876 жылы Петербургте эткен ориенталистердің үшінші конгресінде тігіліпти.

Сейілбек Витебск губерниясында қызмет істеп жүрген кезінде Мэриям сол жерде баладан қайтыс болған.

11.Досжанова Аққағаз (1893-1932) – Берте ауылында туған. 1914 жылы Орынбордағы әйелдер гимназиясын, 1921 жылы Ташкенттегі Туркістан Халық университетінің медицина факультетін бітірген. «Бұл Туркістан халықтарының мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды, себебі, Досжанова тек казақ қыздары емес, бүкіл Советтік Шығыс халықтары арасынан жоғары білім алғапкы әйел болатын. Сондықтан Досжанованың университеттің бітіруі салтанатпен мемлекеттік мереке турінде өткізіліп, Туркістан Республикасы халқомсоломалының 1922 жылғы 14 декабрьдегі қаулысы бойынша, ол университетте оқып жүрген жергілікті тұрғын халық қыздарына арнап халқомсовтың қаржысынан Досжанова атындағы стипендия тағайындалды. Университеттің бітіргенен кейін Ташиент қаласындағы интернат пен балалар үйінде, 1928-29 жылдары сонда әйелдер босанатын үйде дәрігер болды» (КСЭ. 4 т. 26-б.)

Қазақ Совет энциклопедиясында Аққағаз Досжанова Торғай облысының 5-ауыльнда туған делинсе, «Қазак» газетінің кітап болып шықкан нұскасында «Орынбор губерниясы, Торғай облысы, Ақтөбе уезіне қарасты Берте болысының 5-ауыльнда туған (453 б.) деп жазылған. Сондай-ақ «Қазакта» Мәскеуде медициналық курсы, Томскі медицина институтының төртінші курсын бітіргені, 1917 жылы Мәскеуде өткен мұсылмандар құрылтайына қатысып, әйелдердің мұн-мұқтажын жоқтаған кайраткер екендігі, «Қазак» газетіне Аққағаз Досжанова жайында макала, хабарлар жазылып тұрғаны айтылады.

«Халқымыздың ұлы ағартушысы Үбірай Алтынсариннің басшылығымен 1883 жылы бұрынғы Торғай қаласында кәсіптік училище, интернаты бар әйелдер училищесі ашылған. Бұл, эрине, мемлекеттік қамқорлық емес, Үбірай атанды патриоттық энтузиазмының нәтижесі болғандығы сөзсіз. Мәселен, кәсіптік училищенің оку үйіне сол кездегі уезд бастығы А. Яковлевтің үйін жалдап, кейіннен сатып алды, оған елден қаржы жинауы ұлы ағартушының тарихи ерлігі емес пе.

Аталған қыздар училищесі бұкіл шығыста жасалынған тұнғыш демократиялық, ағартушылық революция іспеттес. Сол училищеден білім алған Аккағаз Досжанова, ағайынды Балғынбаевалар халқымыздың тарихында із калдырыды» (Әлденов Б. «Торғай – тарих күзегері». Торғай түлектері. Арқалық қаласы, 1991. 43-б.)

12. Дулатова Гайнижамал (Гая) Баймұратқызы (Досымбекова) – Омбы гимназиясын бітірген, омбылық, Гулнэр Міржақыпқызы Дулатованың анасы. Әкесі – Баймұрат Досымбеков – дәрігер.

Хаскей Өтекин деген қарт журналист шамамен 1913 жылдары Гайнижамалды көргенін, түр-сипатын былайша жеткізеді: «Қала сәнімен күнген, басында қалпақ, бетте перде, кара көзді, акқұба жұзді, талдырмаш келген сүйкімді қыз. Апай: «Осы Омбыда тұратын дәрігердің қызы – Гая. Халимаға (апайдың үлкен қызы – Х.Ө.) келді, – деді. Гая апай онан кейін де келіп жүрді. Бірде оның өтініші бойынша үйіне шығарып салдым. Омбының эсем көшесі – Любинский проспектісі (қазіргі Ленин проспектісі – Х.Ө.) деңдегі базардан әрі онша ұзак еместін. Үйге кіргенде, бергі қыздар бөлмесінен кеттім. Онда көрген екі қыздың бірі – апасы, бірі – сінілісі. Гая – Гайнижамал ортанышы еken. Кездесіп жүргенде арамызда келелі әнгіме бола ма, ұсак-түйек, күлкілі әнгімелер. Көбінесе, түсініксіз сөздер кездесіп қалып отырады: «азамат», «оказушы», «жана кітап» тәрізді...

Кейін есейін соң мәлім болды. Гайнижамал Міржақып ағаның атастырынан қалындығы еken. «Азамат» ағаға қойылған есім болып шықты. Қазақ дәстүрінде ерінің атын атамайды ғой. Гайнижамал жерлестік жағынан маған апа (5 жас үлкен) ағамыз жағынан женге еді. (Міржақып қазақ баласына аға ғой)...» (Өтекин Х. «Міржақып ағамен кездесіп едім», «Қазақ әдебиеті». 24 мамыр, 1991.Б.6)

13. Балғынбаева Рахила Фабдоллақызы (Фабдолла – Фабдолгалидың інісі – С.О.) – торғайлық, Орынбор гимназиясын бітірген. Алаш зиялыштарының бірі. 1925 жылдары Қызылордада,

кейін Алматыда, 1928 жылы Москвада посредства жауапты қызметтер атқарған Фазиз Бабақайұлы Мурзиннің алғашқы әйелі. Фазизден Назар, Дос деген үлдары болған.

14. Жантөрина Күлсайран Теміргалиқызы – Торғай облысының Кенәрал болысында 1893 жылы туған. Орынбордагы Неплюев кадет корпусын бітірген, орыс әскерінің офицері, Кенәралданғы патша әскери бөлімшесін басқарған Махмұд Жантөриннің Теміргали атты баласының қызы. Күлсайран алғаш мұсылманша оқып, кейін Троицк гимназиясында бастауыш сыйыбын бітірген. Күлсайран Жантөрина 1973 жылы Алматыда қайтыс болды.

15. Сейдалина (Алдиярова) Ажар Жансұлтанқызы (1884-1974). Троицк қаласындағы гимназияны уздік бітіріп, мектепте бастауыш сыйынтарға сабак берген.

Ажардың экесі торғайлық Жансұлтан Шуакұлы Сейдалин (1856-1919) Орынбор ерлер гимназиясын (1870-1878), кейін Казан университетінің зан факультетін бітірген.

Ажар дәрігер Әбубекір Алдияровтың жары.

1916 жылы Әбубекір тыл жұмысында жүрген казақтардың жай-күйін біліп, көмектесуге барғанда Ажар бірге болып, ауруларды күтіп-багуға жәрдем жасаган.

16. Қойайдарова Мағрифа Мырзагүлқызы (Казыбекова) Бөрте ауылында туған. Орынбор гимназиясын, Ташкенттегі Түркістан Халық университетінің медицина факультетін бітіріп, емши-дәрігер, тері ауруларының маманы болады. «Мағрифа апаны мен Орынбордан бала кезімнен білемін», – деп жазады ол кісі жайында Гүлнэр Дулатова Міржакшықызы. – Дәрібай деген інісімен бірге келіп жүретін. Мағрифа апа дәңгелек жұзді, үлксен көзді, ақ құба, бұйра шашты, орта бойлы, толықтау денелі, аса көп сөйлемейтін момакан кісі болатын. [Дулатова Г. «Шындық шырагы», Алматы: Мектел, 1912. -184 б.]

М.Қойайдарова Смағұл Қазыбеков деген жігітке тұрмыска шығып, Ташкентте қызмет істеп жүрген кездерінде 1937 жылы жазықсыз жалага ұшырап, камаута альнады. Балалары Ерден мен Еже жетімдер үйіне тапсырылады.

Мағрифа кейін акталып, Балқаш қаласында денсаулық сактау саласында ұзақ жыл еңбек етеді. Балаларын қолына алып бағып, білімді, тәрбиелі азаматтар етіп осіреді. Ұлы Ерден – дәрігерлік, қызы Еже мұғалімдік мамандық алады. Денсаулық сактау саласындағы ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, М.Қойайдарова

(Қазыбекова) «Республикаға еңбек сінірген құрметті дәрігер» атағына ие болады.

17. Карабаева (Мурзина) Шәрілжамал (Шәкен) Даулетқызы, 1899 жылы 3 желтоқсанда Торғай облысына қарасты Кенәрал болысының 4 ауылында дүниеге келген. Шәрілжамалды төрт жасында әкесінің ағасы Мұхамеджан Қарабайұлы Қарабаев асырап алады.

Шәкен Орынбор гимназиясының 4 сыныбын бітіріп, денсаулығына байланысты әрі қарай оки алмайды. Ш.Қарабаева жерлесі Мұхтар Мурзинге тұрмысқа шығып, Әрике, Өтітай (Гая) атты екі қыз сүйеді. Екеуді де дәрігер. Алматыда тұрады.

Мұхтар Мурзин – Троицқ қаласындағы ерлер гимназиясын бітіріп, кейін Томск политехникалық институтында оқыған 1922-1923 жылдары ол Қазак ағарту институтының директоры қызметін атқарған білімді, білікті, ел қамын жетен айтуды азамат.

18. Қарабаева Құсніжамал (Құсни) Мұхамеджанқызы, Орынбор гимназиясын бітірген. Неміс жігітіне тұрмысқа шылқан, Германияда тұрады.

19. Дулатова Ботагөз (Бота) Аскарқызы, 1908 жылы 19 актанды Торғайдағы Коңыраулы өзенінің жағасында 3 ауылда туған. Гүлнэр Дулатова «Өмір еткелдері» естелігінде: «Мәліметтерді берген – әкемнің ағасы Аскардың қызы Ботагөз, ол Міржақып ағасын жетік білетін, оны тәте дейтін.

Бұл кісі ес білгелі үнемі тәтесінің қолында тұрып, тәрбиесінде болған. Оның сауатын ашып, одан әрі оқытқан тәтесі еді» [Дулатова Г. «Шындық шырагы», Алматы: Мектеп, 2012. -12 б.], – деп жазса, Ботагөздің өзі де: «Мені тәтем үйде оқытты, оку-құралдарымның мұқабасын мәрмәр түстес калың қағазбен қалтатқызытын, – дейді. – Баспаханадан үлкен шаршы қағазға басқызып әкелген есеп кестесін (таблица умножения) өзінің жазу үстелінің сол жағындағы қабыргаға іліп қойған-ды. Тәтем менің дәпперімді, берген тапсырмаларды орындағанымды күнде тексеретін. Қазак тілін Аханың «Тіл құралымен», есепті өзінің «Есеп құралы» бойынша оқытатын. Ахан да маған тақпак жаттау әдісін үйреткен. «Бота, сен тақпақты құндіз жаттап ал да, жатарда кітабынды жастиқтың астына тығып кой. Ертеңінде ояна сала тағы бір оқып шық. Сонда тез үйреніп, жаттығып аласың», – дегені бар. Бұл ақылын осы күнге дейін ұмытқаным жок. Сондағы көбінесе жаттайтынымыз – «Қырық мысалдағы»

«Шырылдауық шегіртке», «Маймыл мен көзілдірік», «Қозы мен каскыр» болатын.

Тәтем маған эртүрлі журналдар, ертегілер мен дастандар әкеліп оқытатын. Абайдың өлеңдерін жаттатқызыатын. Сол кезде Ташкентте, Орынборда, Қызылордада басылып шынкан Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсілбек Аймауытов, Бейімбет Майлиниң шығармаларын беретін. Ал өзінін оқулықтарынан басқа кітаптары, неге екенін білмеймін, үйде болмайтын. Бірақ өзім ауында тұрғанымда бәрін кергем, біразын жаттал айттып та жүрдім. Жоғарыда аталған казақтың мәндайлалды жазушыларын тәтемнің үйінде көріп, таныс болуым мен үшін үлкен бақыт, естен кетпейтін, емірімде өшпейтін ізін калдырған мектеп болды» [Сонда. 35-36 бб.] .

20. Хакімжанова Мәриям – 1906 жылы 15 қарашада қазіргі Алтынсарин ауданының «Қызыл шоқ» ауылында туған. Қазақстанның Халық жазушысы.

М.Хакімжанова алғаш 1913 жылы Сұлтанғазы Ахметов деген молдадан оқып, хат танып, кейін ІІ.Алтынсарин ашкан ауылнайлық мектепте оқуын жалғастырды. Мектепті бітіргеннен кейін Қазақ педагогика институтының жаһындағы рабфакта оқыды. «Әйел тендігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналында қызметкер, жауапты хатшы болды. 1934 жылы отбасының жағдайымен Орынбор облысына көшіп барып, біраз жыл сондагы аудандық «Екпінді» газетінде бөлім менгерушісі болып жұмыс істеген.

1938-44 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар одағының халық ақындары секциясын басқарды. Кейінгі жылдары Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер, Республикалық кітап палатасында аға редактор, «Жана өмір» журналында әдеби қызметкер, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында аға редактор міндеттерін атқарады.

1934 жылы еткен КСРО Жазушылар одағының бірінші съезіне катысады. Келесі жылы оның «Женешемнің өлеңдері» атты тұнғыш жыр жинағы жарық көрді, ақын өлеңдері сыршылдығымен, шынайылығымен оқырман назарым аударды.

Соғыс жылдары жазылып, Кенес Одағының Батыры М.Мәметованың өшпес ерлігін шабытты жырға қосқан «Мәншүк» поэмасы ақын шығармашылығында үлкен бір белес болды. Ақын ғұмыр бойы өз өлеңдерінің алтын арқауы – аналық сезімді жырлап етті. «Ана махаббаты» (1953), «Ана жүрегі» (1958), «Бөбекім менің – өлеңім менің» (1959), «Ана мейірім» (1961), «Ана көктемі» (1963)

және басқа жинақтарында лирикалық кейілкердің естен кетпес әсерлі бейнесі жасалған.

М.Хакімжанова фольклор туындыларын жинау, ақын, жыршы, жыраулар шығармашылығын көпке таныту ісіне үлкен үлес косты. Қайталанбас дарын иесі Мұрын жырауды ел ішінен тауып, танып, соғыс кезінде Алматыға алдыրғандардың бірі – Мәриям Хакімжанова. Ақын жыраудың аузынан «Қырымның қырық батыры» циклының негізгі дастандарын жазып алғып, халықтың игілігіне айналдырды.

М.Хакімжанованы барша жұртшылық айрықша құрмет тұтатын, ел анасындағы ардақтайтын. Ақын әдебиетші қыз-келіншектердің бірнеше буыннаға ақылшы, ұстаз болды, талайлар оның жан жылуын сезінді, риясyz көмегін көрді.

Қазақстанда тұнғыш рет Ұғымыз қалалық бір кластық әйелдер мектебі 1887 жылы 15 қыркүйекте ашылады. Училищеге 17 қыз кабылданады. Олардың қатарында F.Шахмұратова, К.Айтжанова, А.Алдабергенова, F.Мақатаева, Б.Аблезова, Б.Күрмашева, К.Ерғожиева және т.б. қыздар оқып білім алады. Алайда біз олардың кейін қайда, қандай жұмыс атқарғандарын білмейміз.

ЫБЫРАЙ (ИБРАЙИМ) АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАЩА АНЫҚТАМА

1841 жыл 20 қазан. Бұрынғы Торғай облысының Арқарагай болысында (Қазіргі Қостанай облысының Алтынсарин ауданында) дүниеге келген. Экесі - Алтынсары Орта жұз, қыпшақ тайпасынан, анасы Аймен арғын Шеген бидін кызы.

1844 жыл. Қазактың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың Балғожа Жанбыршыұлының аулын бірнеше рет шапканы тарихтан белгілі. Сондай бір қактығыстың бірінде экесі - Алтынсары қазага ұшырап, төрт жасар ыбырайды Жетібай Өтемісов деген азамат аман алыш қалады. ыбырай атасы - Балғожаның тәрбиесінде ержетеді.

1846 жыл 5 наурыз. Балғожа би Орынбор шекара комиссиясының терағасы генерал-губернатор М.В.Ладыженскийге немересі бес жасар ыбырайды ашылмак мектебіне қабылдауды сұрап арыз береді.

1850 жыл 23 тамыз. Орынбор қаласындағы казак балаларына арналыш ашылған жеті жылдық мектепке ыбырай отыз балаңың бірі болып қабылданады. Қазак балалары мектеп табалдырығын аттағанда, орысша бір ауыз сөз білмеген. Окушылардың мектептегі жағдайы мен киім кио салттары казактардың далалық өміріне бейімделген: салт атпен жүргуте, гимнастикалық жаттығулар жасаударына ерекше көңіл белгілі. Ойын мен оку алма-кезек ауыстырылып отырған: баланы думанга толы өмірінен алыстаттау керек деген ереже басылықка алынған. Сол себепті, сабактың санын азайтып, окушылардың еркін ойнап, таза ауада көбірек болуарына қамқорлық жасалған.

Мектепте жаратылғанда және гуманитарлық пәндер оқытылған: ана тілі, орыс тілі, татар тілі, география, арифметика, геометрия, ән-күй, гимнастика. Әрі әдеби-музыкалық кештер ұйымдастырылып тұрған.

Баланы қоркытып, сескендіруге тыйым салынған, корыққан баланың тілі кекеш болады деп білген, еңбекті қадірлеуге, кішіпейіл, ұқыпты болуға үндеген.

Қазак балаларына арналған бұл алғашқы мектеп болғандықтан, оған «баламызды шоқындырып жібереді» деп қазактардың көбі сенімсіздікпен караған. Бұл жайында Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген «ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында: «Сонымен школға бала бермегендердің көбі, «Әлде

қандай болып кетеді?» деген сенімсіздік көзben қарады. «Сынайық», «көп болса, бір бала садақа болар» дегендей қылды. Мұны, школды алушылар білген еді. Сондыктан олар школ ашылғанин бастап, ел арасында жайылған «Дақпыртын» сезі орынсыз екендігін көрсету жағын ете қарастырады.

Школдағы балалардың тұрмысы, мұсылманша болды. Ногайша күім, баста тебетей, шаш алдыру, намаз оқыту, жұма сайын мешітке апару, школда дін сабагын оқыту, ногайша жаздыру, тамақ ногайша, оқытушы басында табактай сәлдей бар ногай молда... балалардың бойы үрреніп, елдегі ата-аналары да балаларын «шоқындармайды» екен деген пікір көбейген сайын, ногайшаны азайтып, окууды, тұрмысты орысшага қарай айналдыра берген. Сонда да, ол школда оқылатын дәріс мөлшері аз болған. Ол школмен, біздің заманымыздағы школдың программасын салыстыруға болмайды. 7 жыл оқып, школды бітіріп шыққанда, балалар орысшаны шала-жансар, орыс жазуын дұрыс білмей, шала, дұмбіlez болып шыққан» («Шолпан», №6, 7, 8).

Алайда, Үбырай өз бетімен ізденіп оқып, сыныптағы отыз баланың ең үздігі болып танылады. Бір ғажабы, Үбырайды жасында Кенесары шапқыннынан аман алғып калған Жетібай Өтемісұлы онымен Орынборға бірге барып, оқуын бітіргенде бірге болып, елге бірге қайтқан.

1857 жыл. Он алты жасында оқу бітірген Үбырай ауылына келіп екі жыл атасы Балғожаның карамагында тілмаштық қызмет атқарады.

1858 жыл, 8 казан. Орынбор және Самара генерал-губернаторынын шешімімен Зауряд-Хорунжий шені берілді.

1859 жыл 1 тамыз. Орынбор облыстық басқармасында кіші тілмаш қызметінде болады.

1860 жылы облыстық басқарма Орынбор бекінісінде (Қазіргі Жанкелдин ауданы) қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуды жүктейді, ері өзі сол мектепте орыс тілінен сабак беретін мұғалім болып тағайындалады.

Үбырай Орынбор орталық басқармада қызмет істеп жүріп ешкім айтпай-ак Торғайда мектеп ашамын деп өзі сұранып барған жок. Орынбор бекінісінде мектеп ашу жөнінде жоғарыдан нұсқау болғанинан кейін басқарма басшысы В.В.Григорьев қарауындағы кіші тілмаш Ү.Алтынсаринге ұсыныс жасайды.

Бұл жөніндеғалым Ж.Ысмағұлов «Қалай болғанда да облыстың шығыс белгіндегі төрт бекіністе халықтың қалың ортасынан

орысша-қазақша төрт мектеп ашу жөнінде арнайы үйғарым болған. Ал Григорьев болса, бұрынғы Шекаралық комиссияны алғаш бітірген төрт жігітті Елек пен Ыргыздан және Торғай мен Николаевтен ашылатын төрт мектепке жіберу жөніндегі ұсынысты өз тараҧынан білдірген. Сөйтіп, Ыбырайдың улесіне тиғен Торғай бекінісіндегі мектептің мәселесі осылай жоғарыдан көтерілген-ді (Ысмагұлов Ж. «Ыбырай Алтынсарин» //Жаңа Сарыарқа» №2, 2006. – 5 б.).

1864 жыл 8 қантар. Торғай қаласында қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашылды. Мектеп ашу салтанатына қазақ ауылдарынан 200-дей беделді адам катынасты.

Ы.Алтынсарин Н.И.Ильминскийге 1864 жылдың 8 қантарында жазған хатында. «Осы жылы январдің 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар» деп қуана жазды.

Алғыс ауылдардан оқута келген қазақ балалары мектепке қазына есебінен қабылданды. Окушылардың барлығы интернатта тұрды. Мектептің оку бағдарламасы (программасы) төмендегідей болды:

- Қазақ тілі: оку және жазу;
- Орыс тілі: оку және жазу;
- Татар тілі: оку және жазу;
- Көркем жазу;
- Арифметика: қосу, алу, көбейту, бөлу;
- Жер шары: Европа, Азияның басты-басты қалалары мен мемлекеттері.

Ы.Алтынсариннің ұсынысы бойынша, ана тілі сабағында қазақ сөздеріне араб, парсы, татар сөздерінің шамадан тыс көп колданылуына шектеулер қойылды.

Окушылар әрбір оку жылының сонында көркем жазу және қазақшадан орысшага, орысшадан казақшага аудару, арифметика пәндері бойынша емтихандар тапсырылды.

Мектептегі оку және тәрбие мәселесі біртұтас категория болып саналды: окушылар болашақта екіжүзді, паракор болып шықпасын дег, адамгершілік тәрбиесіне баса көніл бөлінді. Мектептегі басты тұлға – мұғалім деген қағида калыптасты. «Мектеп – казактарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана», - деді Ыбырай Алтынсарыұлы.

1867. Тыңғылтықты қызметі үшін 25 ақпанда Хорунжий шені берілді.

1868 жыл. Орынбор генерал-губернаторлығы екі әкімшілікке: біреуі – Торғай облысы, екіншісі Орал. Торғай облысына ол жылдары Қостанай, Торғай, Ыргыз және Ақтөбе уездері қарайтын. Ы.Алтынсарин Торғай уездік сотының уақытша қызметін аткарды. Ол сот бола жүріп, қорғансыз, қарапайым қазакқа қорған бола білді, қолынан келгенінше көмек жасады, шовинистердің жөнсіз әрекеттеріне жол бермеді.

Осы жылы 1 маусымда Сыр бойындағы Жапбас руының биі Шолак Әблевтің қызы Айғанысқа үйленді [КМОА, 25 кор, 1-тізбе, 2557-іс, 26 парап].

1869 жыл, 2 кантар. Торғай – облысы Торғай уезі басқармасының іс жүргізушісі (письмоводитель) болып тағайындалды.

1870 жыл. Ресей Географиялық Қоғамының Орынбор бөлімшесінің №1 запискасында «Орынбор ведомствосасы қазактардың өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрі» және Қазан университетінің баспаханасынан «Орынбор ведомствосасы казактарының құда тұсу және той жасау дәстүрлерінін очеркі» деген этнографиялық мақаласы жарияланды. Қазақтар арасындағы жаңа тәртіпті енгізу ісінде атқарған қызметі ескеріліп, 1870 жылдың 13 ақпанында үшінші дәрежелі Станиславский орденімен марапатталды. Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен 1870 жылдың 6 тамызынан 15 қазанына дейін және 1871 жылдың 20 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен Торғай уездік сотының, 1871 жылдың 14 қарашасынан 1872 жылдың 1 қарашасына дейін Торғай уезі бастығының аға көмекшісі, ал ол жоқ кезде уезд бастығының да қызметін аткарды.

1874 жылы Ы.Алтынсарин облыс география қоғамына мүшеболып сайланды.

1876 жыл. Петербург және Қазан қалаларына барады: Географиялық қоғамның көрнекті ғалымдарымен кездесті, қазақ халқының этнографиясы мен фальклорына қатысты мол деректер жинады.

1879 жыл 22 тамыз, Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы болып тағайындалды. Ыбырай бұл қызметке тоғыз жылдан кейін, яғни 1888 жылдың 28 қазанында ресми түрде бекітіледі. Осы қызметте 10 жыл тұрды. Сол жылдары жеті елді мекенде қазақтың ер балалары мен қыз

балалары бірге оқитын мектеп-медреселер ашылды. Мектепке қажетті қаржыны казақ ауылдарының өздері төледі.

Сондай-ак, Торғай, Жітіқара, Обаган, Карабалық, Өзгөлөкөл болысында және Қостанай қаласында 15 мектеп үйін салдырыды.

Орынбор қаласындағы Ефимовтің баспаханасынан «Киргизская хрестоматия. Составитель И.Алтынсарин» («Қазақ хрестоматиясы») атты оқу құралы орыс транскрипциясымен басылып шықты. Кітапқа Үбырай Алтынсариннің тәл шығармалары мен казақ халық әдебиетінің озық үлгілері және Еуропа классикасы көркем әдебиетінің аудармалары, әлең сөз және қара сөз түрінде берілген.

Жинаққа енгізілген көркем шығармалардың басты идеялары: адамгершілік пен өнбексүйгіштік, әдептілік пен инабаттылық, зейінділік пен зеректілік және ата-ана, ел мен жерге деген сүйіспеншілік. Әсіресе, автор кітаптың тәрбиелік сипаттына айрықша назар аударған.

Бір ескеретін нәрсе: «Киргизская хрестоматияның» қысқаша нұсқасы 1896 жылы араб әрпімен Қазан қаласында екінші рет «Мәкгубат» деген атпен жарияланды. Кеңес дәүірінде орта мектепке арналған әдебиет оқу құралдары да және жеке жинақтар да бірнеше рет басылды. Алайда социализм кезіндегі идеологиялық саясатқа байланысты автордың кейбір сөздері (Құдай, Пайғамбар т.б.) алынып тасталды, немесе қысқартылды. Сондыктан да әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкерлері профессор Сұлтанғали Садырбаевтың басшылығымен бұл кітапты 2003 жылы қайта басып шығарды.

Орынбор қаласында І.Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» («Қазактарға орыс тілін оқыту құраль») деген тіл біліміне қатынасты енбегі жарияланды. Бұл кітапта: зат есімді – нәрселердің атауы, сын есімді – есеп аттары, есімдікті – местоимение (қазақшага аударылмаған), үстен мен демеуді – акыры өзгермейтін сөздер, жалғауды – предлог, етістікті – глагол деп атаған. Бұлар қазақ тіл білімі тарихындағы грамматикалық атаулардың алғашкы атасы болып саналады.

1880 жылы – Үбырай Алтынсариннің идеясымен Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға ағаш ұсталығын, ал қыз балаларға киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер және ауылшаруашылық мектептері ашылды.

1884 жылы – Қазан қаласында «Шариат-ул-Ислам» деген кітапшасы араб графикасымен басылып шықты. Онда құран сөзін

қазақшалап түсіндіре алмайтын дүмніе молдалардың сауатыздығы кратты сыналады.

1889 жыл 17 шілде – Қостанай қаласынан 3 шақырым жердегі Тобыл өзенінің бойында, «Инспектор» көлінің жағасындағы өз үйінде, 48 жасында қайтыс болды.

«Дала уалаяты газетінің» 1889 жылғы №3 санында «Минақиб, Ибраим Алтынсарин» деген некролог жарияланды. Ол өте инабатты, зейінді, зерек, қазақ арасына Европаның білім-ғылымын шашқан, ақылды, білімді адам болған, деген жоғары баға берілді.

1890 жыл 29 қантар. Сенаттың №25 жырлығымен статский советник атағы берілді.

Біз Үбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайындағы бұл қысқаша анықтаманы жазғанда, негізінен профессор С.Садырбаев түзген анықтаманы басшылыққа ала отырып М.Әуезовтің «Шолпан» журналында жарық көрген «Үбырай Алтынсарин» атты еңбегіне, сондай-ақ XIX ғасырда және XX ғасырдың басында патша өкіметінің отаршылдық әкімшілігінде қызмет аткарған қазақ даласы элитасының өкілдеріне арналған әліпбелік, есімдік, формулярлық, тағы да басқа мұрагаттық құжаттар енгізілген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» [VIII т.часть, 2 стр 403] кітабына сүйендік.

Үбырайдың «Қазақ хрестоматиясын» 2003 жылы қайта құрастырып шығарушылар окушыларға мынадай ескертпе берілті: «XIX ғасырда Ү.Алтынсаринге байланысты толтырылған төлкүжаттардың барлығында және өз қолымен жазған өміrbаянында Үбырайдың шын аты Ибраһим болып көрсетіледі. Дұрысы, солай екені солай. Оны Үбырай деп кімдер өзгерту肯? Әлбетте, советтік идеологияның басылары өзгертуken. Себебі олардың айтуынша, Ибраһим деп жазсак, онда ислам дінінің ірі кайраткері әрі Пайғамбары Ибраһимді еске түсіреді-мыс. Сондықтан, қарапайым ғана Үбырай деп атаған жөн болар деп ойлаган. Біз бұл жолы бұрынғы дәстүрді бұзбалық деп Ибраһимді «Үбырай» деп атаумен шектелдік.

Келешекте Үбырай Алтынсариннің аты-жөнін өзінің төлкуәлігіне сәйкес Ибраһим Алтынсарин деп атауды макұлдаймыз. Бұл бастаманы біз де қуаттаймыз.



ҰЛАФАТ ҰЯСЫ

Бұл тәбесіне күмбез орнатып, шығыс стилі үлгісінде сәнді де еңсөлі етіп салынған ғимарат сол кездегі облыс Әкімі Кенжебек Уқиннің басшылығымен ұлы ұстаздың 150 жылдық мерейтойына орай 1991 жылдың күзінде 1884 жылы Ы.Алтынсариннің өзі іргесін қалаған мектептің касынан бой көтерді.

Музейдің ашылуына жер-жерден қонақтар келіп, халық көп жиналды. Қазақстанның Халық Жазушысы, ұлы педагогтың аталас туысы Мәриям Хакімжанова, «Дала қонырауы» дастанының авторы, ҚР Мемелекеттік сыйлығының лауреаты Faфу Қайырбеков, Үбірай немересі Нагима Үбіраева баласы Дулатпен келді. Екі ақын сез сөйлеп, жиналған қауымды бір серпілтіп тастаған.

Содан бері де арада 25 жыл өтіпте.

Үбірай өміріне қатысты және оның артына қалдырган өшпес мұраларын, сондай-ақ халық ағарту ісіне байланысты материалдар жинап, сактау, оны зерттеп, зерделеу, халыққа насиҳаттау – мұражайдың негізгі мақсат-міндеті. Сондықтан да мұражай

қызметкерлері алғашқы қадамдарын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуден бастап, Ы.Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық қызметі жайында XIX-XX ғасырлардағы өлкеміздегі халық ағарту ісінің тузы және қалыптасып, дамуы тарихын баяндайтын күжаттарды Алматы, Ташкент, Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор қалалары мұрагаттары мен кітапханалар қорынан тапты. Әсіресе, Ұлы ұстаз қызмет еткен жерлерге жиі сапар шегіп, Алтынсарин мектептерінің тулектері, бірге қызмет істеген көрнекті ағартушылар, мектеп ашуына көмек қолын созған адамдар, мәдениет, әдебиет қайраткерлері туралы материалдар жинастырумен болды.

«Іздегенге інжү ілінеді». Құнды-құнды жәдігерлер де табылып, мұражай тарих тылсымынан сыр шертіп, сөрелер «сөйлей» бастады. Сондай құнды заттардың бірі - кезінде Ұбырай қолданған төсеккап болды. Бұл төсеккапты 1992 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ленгір қаласының тұрғыны Гүлсанана Тастанова сыйлапты. Оған апасы Рәзия табысталап кеткен екен. Рәзияға апасы Айғаныс берілті. Айғаныс - Ы.Алтынсариннің жары, Сыр бойының қазағы, жаппас Шолақ Әбілевтің кызы.

Мұражай қызметкерлері Жамбыл облысында тұратын Ы.Алтынсариннің немересі Нагима Ұбыраеваға барыш ұлы ұстаздың шапанын, сондай-ак орамал, самаурын альп келді.

Бұл жоғарыда айтылған заттардың бәрі музейде ен көрнекті жерге қойылған. Фотокүжаттар, кітаптары, 1864 жылы Торғайда ашқан алғашқы мектебінің макеті, онда оқыған шәкірттерінің, ізбасарларының суреттері де осы музейден орын алған.

Екінші қабатта М.Хакімжановның жазу үстелі, орындығы, халық ақынының өмірін еске түсіретін фотосуреттер, наградалары, марапат-мақтау қағаздары, бір кездері «пролетариаттың ұлы жазушысы» атанған Максим Горький қол койған СССР Жазушылар одағы мүшесінің билеті қойылған. Бұл заттардың бәрін Меріям апай дүниeden өткеннен кейін баласы Атымтай тапсырылты. Мемлекеттік сыйлықтың лаураты акпа-төкпе талантты ақын FaFu Қайырбеков туралы деректер мен жәдігерлер де осы қабатта.

Музейдегі тағы бір құнды зат - Ұбырайдың нағашы атасы Шегеннің баласы Бектемістің отбасы қолданған келі-келсап. Бұл тарихи жәдігерді 2009 жылы сатирик ақын Сағи Әбілқасенұлы тапсырылты.

Орынбор облыстық кітапханасы корынан алынған «Орынбор ведомствоның қазактарының күда түсу, қыз ұзату және той жасау

дәстүрлерінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазактарының өлген адамды жерлеу және ас беру дәстүрлерінің очеркі» атты этнографиялық енбектері мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагаты қоры мен Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорынан алғынған ұлы ұстаздың 1882 жылы Торғай облысы әскери губернаторының атына жолдаған «Қазак қасіреті» жазбасы құнды дүние. Жоғары қызметтегі патша шенеунігіне жіберілген бұл мәлімдеме 1868 жылғы Дағылым облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ереже енгізілп, қазактардан ерісі тарылыш, Торғай халқы 1879-1880 жылдары аштыққа ұрынған кезде жазылған. Дәлрек айтқанда, Ы.Алтынсарин жергілікті ақындардан әкімшілік басқару реформасына қарсылығы қөрініс тапқан, сондай-ақ елдегі ашаршылықты суреттейтін өлеңдерін жинап, оны «Халықтың поэзиялық шығармасы» деп атап өзінің алғы сөзімен («Қазак қасіреті») жолдаған. Олардың арасында торғайлық ақын Күдері Жолдыбайұлының «Қазақтың зары» («Жалиақ қояю») атты қөлемді өлеңі де бар (өлеңді Ыбырай жолма-жол орыс тіліне аударған).

Әскери губернатордың міндеттін атқарушы вице-губернатор В.Ильиннің Алтынсарин жазбасын алғаннан кейін 1883 жылдың 31 қазанында ішкі істер министріне жазған хаты да (қолжазба) бар. Ыбырайдың В.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «... Түйсқандарымның біреуі әртүрлі қас адамдардың тіліне еріп, попечительге де, губернаторға да, тілті ішкі істер министрлігіне де, қызмет адамдарын сайлауга орынсыз қол сұқты деп менің үстімнен арыз жаудыра бастады... Бастықтар мені Орынборға шақырып алды» дейді.

Ұлы ұстаздың осы жайтқа байланысты Орынбор оку округының басқармасына жазған мәлімдемесін де музей қорынан табуға болады.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» («Начальное обучение киргиз русскому языку») оқулығының аяқталмаған күйіндегі нұсқасы КР Үлттық кітапханасының қорынан 1936 жылы кітапхана директоры Б.А.Жұмабаевтың ұсынысымен Қазан қаласының тұрғыны А.В.Васильевтен сатылып алынды.

Ы.Алтынсариннің өз қолымен жазылған бұл кітаптың да көшірмесі қазір музей қорында сактаулы.

Макалада орыс-қазақ тілдерінде
шығарылған макалалар
жөнінде

Сонда Соняң 88-жылдан кейін
көзінде шығарылған макалалар
негізде көрсетілген. — Нарсынан атасынан
көз көз Шағын, дүниестердің
аты, оның — негізде атасынан
Шағын, дүниестердің атасынан.

Орай болса Әбділхан — датчашында
мемлекеттің атасы Әбділхан — Сүлеймен
тәмінші дең атасынан.

Орыста индейлердің — национальных атасы
Алтын аспарындардың атасынан, бірақ бірсе
шығарылған рода (тұрғындардың атасынан)
шығарылған рода (тұрғындардың атасынан)
Родың атасынан берілген. Бірақ бірсе
родың бүгіндегі сөздөңде

Орай болса Әбділхан — датчашында
орыста индейлердің национальных атасынан
бірақ сол жаңынан атасынан берілген.
Бірақ оның атасынан берілген. Оның атасынан
бірақ ронында индейлердің национальных атасынан
берілген. Бірақ оның атасынан берілген.

Шағын макалада, эрине, жиналған күнды дүниеслердің бәрін
айтып шығу мүмкін емес. Оны музейге келіп, көремін, зерттең,
зерделеймін деген кісі талай таңқаларлық күжаттарға тап болары
сөзсіз.

Музей қызметкерлері Үйбырай Әмірі мен қызметі жайында сыр
шертетін кітаптар мен кітапшалар, буклеттер шыгарумен де
айналысып келеді.

Ұлы ұстаздың 150 жылдығына орай қазақ-орыс тілдерінде
шықкан «Үйбырай Алтынсарин - педагог-ағартушы» буклеттері соның
бір айғағы іспетті. Бар-жоғы жеті беттен туратын бұл басылымда
Үйбырай Әмірі мен ағартушылық қызметі жайында да аз да болса
магұлмат алыш, Үйбырай тұрған үй мен қітаптарының мұқабаларын,
Қостанай орыс-қазақ училищесінде тәрбиеленуші Г.Кұлышбаеваның
мақтау қағазының, Торғай облысы инспекторы болыштің кездегі
кол қойған хатының, сонымен бірге Қостанай қаласындағы екі
сыныптық орыс-қазақ училищесінің (1896), 1960 жылы
Ү.Алтынсарин зираты басына ескерткіш қою күрметтіне арналған
жинының, Қостанайдың ұлы құстаз ескерткішінің суреттерін көруге

болады. Түрлі түсті бояумен шыққан осындай басылымдар қазір де шығарылып тұрады.

2000 жылы З.Балтабаева құрастырган Мәдениетті қолдау жылына арнап «Ыбырай Алтынсариннің отбасы және туысқандары» атты әдістемелік кепілдемелер (методические рекомендации) жинағын жарыққа шығарды (Орыс, казақ тілінде).

2011 жылы «Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметіне байланысты фото құжаттар тізбесі» қазақ және орыс тілдерінде шықты. Тізбеде ТМД және Қазақстан Республикасы музейлері, мұрағаттары, кітапханаларынан табылған ұлы ағартушының балалық шығы, окуы, педагогикалық шығармашылық, ғылыми, қоғамдық қызметі көрініс табатын фотокұжаттар тізімі беріліп, олардың қашан, қайдан альғаны көрсетілген. Бұл тізімнен Қостанай қаласында 1889 жылы соңғы түскен суреті (кайтыс болар алдында), сол жылы отбасымен бірге отырган, баласы Абдолламен екеуінін, қазақ-орыс училищесінің окушыларымен бірге түскен суреттер бар екенін белуге болады. Мұнда барлығы музей қорында сактаулы 279 суреттің тізімі берілген.

2011 жылы ұлы педагогтың 170 жылдығына орай Қостанай облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық өнегелі әлеуеті және қазіргі заман» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, көлемі 14,7 баспатаң баяндамалар жинағын жарыққа шығарды. (Басылымға жауапты – сол тұстағы музей директоры Нагашыбай Мұқатов, құрастырушы – директордың сол кездегі ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Күләш Омарова).

Осы жинақтағы КР педагогика ғылымдары Академиясының академигі, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің профессоры, КР ғылымын дамытуға енбегі сінген кайраткер С.Қалиевтің «Ы.Алтынсарин – Қазақстандағы оку-ағарту ісінің негізін салушы, ұлы педагог, демократ, ағартушы», Білім беру жүйесінің және ғылыми педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институт доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Б.Иманбекованның «Ы.Алтынсарин мұраларының зерттелу жайы», Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Қамзабековтің «Ыбырай Алтынсариннің кешегі һәм бүтінгі тағдыр-талайы» атты баяндамалары мән-мазмұны жоғары, атап айтуда тұрарлық дүниелер.

Алматыдағы С.Мұқанов пен F.Мұсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Э.Қайырбековтің «Ы.Алтынсарин мұрасы және С.Мұқанов», А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қ.Жақыптың «Ыбырай Алтынсарин және ұлт мұддесі» атты мақалалары көшпілік біле бермейтін тың тақырыпты қозғауымен, ойнының сонылығымен ерекшеленеді.

Музей – Тәуелсіздік күрдасы болса, осы парасат пен пайым ордасының іргесін қаласып бірге жасасып келе жатқан Роза Қаратайқызы Куанова мен Зора Қалиақбарқызы Балтабаева жайында айтпай кетуге болмайды.

Роза Қаратайқызы 1991 жылы Алматының политологиялық басқару институтын бітіріп, 1992 жылдың 8 сәуірінде музейге экскурсовод болып орналасты. Кейін ғылыми-көшпілік белгі менгерушісі, Халық жазушы М.Хакімжанова шығармашылық лабараториясының менгерушісі қызметтерін абыраймен атқарды. Қазір директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары.

Зоры Қалиақбарқызы да сол 1992 жылдың 27 актапында бас қор сактаушы болып қызметке орналасқан. Қазір де сол қызметте. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінің тулегі. Екеуі де бірнеше рет Алматы қаласындағы музей қызметкерлерінің білімін жетілдіру курсына, сонымен бірге Алматыдағы ұлттық мемлекеттік музейіне тәжірибе алмасуға барып, білімдерін жетілдіріп, біліктіліктерін ұлттай түсті. Қазір екеуі де тәжірбиелі, білікті маман, кейінгі жастардың ақылшы-ұстаздары. Екеуі де облыстық, қалалық, республикалық газеттерге ыбырай өмірі мен қызметі, музей жұмысы жайында мақалалар жазып, ұлы ағартушының атын асқақтата түсуге ат салысып жур. Солардың ішінде Зора Балтабаеваның «Көптің келетін орнына айналдырысак» («Қостанай таңы», 1992. -3 қараша), «Ыбырай Алтынсариннің шәкіртері мен ізбасарларъ» («Ұлттың ұлы ұстазы» Қостанай баспа үйі, 2011. -34-54 б.б.), Роза Куанованың «Бар казакқа ана едің» («Қостанай таңы», 2007. -21 актап), «Ыбырай Алтынсариннің ыргызыдағы ізімен» [«Ұлттың ұлы ұстазы» Қостанай баспа үйі, 2011. -55-67 б.б.] мақалаларының оқушыларға берер танымдық, тағылымдық түстары мол.

Қазіргі Ақтөбе облысының аймағында бірінші рет 1864 жылы 25 казанды Ыргызда мектеп ашилғаны белгілі. Бұл мектептің мұғалімі

Ыбыраймен Орынбор шекара комиссиясы жаңындағы жеті жылдық мектепте бірге оқыған Шахмұрат Құлыбеков қызмет істеді. Мектеп Ресей халық агарту министрінің 1879 жылғы 14 сәуірдегі №4146 жырлығымен Үргыз қаласында бір казак, бір орыс мұғалімдер штатымен жұмыс жасайтын екі сыныптық орыс-казак училищесіне айналды. Училищенің ашылуына Ы.Алтынсариннің сінірген еңбегі зор еди.

Үргыз ауданы орталығының орта мектептің алдында 1976 жылы Алтынсариннің бюст-ескерткіші орнатылды. Оны қолдан күйіп жасаган Алматының көркемсурет шеберханасы болатын.

Осы жайттардан хабардар Роза мен Зора 2011 жылы Актөбе облысына барып Қазан төңкерісіне дейін Торғай облысының халық агарту ісінің қалай жүргізілгендігі жайында жаңа деректер жинал, Үргыздагы Алтынсарин мектебі мен Актөбедегі орыс-казак қыздар училищесінің тарихын зерттеп қайтты. Олжасыз болған жок.

Бұл 1887 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келтен Үргыз қалалық бір сыныптық әйелдер мектебінде 17 қызы бала оқуга алыныпты.

Ұлы агартушы 1887 жылы 1 қарашада Қарабұтқа бойыстық мектеп ашылуына жағдай жасап мектепке 25 қазак 18 орыс баласы кабылданады. Мектеп менгерушісі болып Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген Меркурьев тағайындалады. 1887 жылы Берте бойында 4 жылдық орыс-казак мектебі жұмыс істей бастады. Бұл мектептердің тарихын зерттеу алдағы жылдардың еншісінде.

Жыл сайын 1 қыркүйекте Үбырай ескерткіші жаңында облыс орталығы мектеп оқушыларының қатысуымен салтанатты жын өткізу дәстүрге айналған. Ол Ұлы ұстаздың «Кел, балалар, оқылью» өлеңімен ашылып, Үбырай баба соққан жез коңырау үніне, білім күніндегі көнілді күлкіге ұласады, манайы қызыл-жасыл гүлге толады.

2011 жылы ұлы ұстаздың 170 жылдығына орай, 13 мамырда мұражай қызметкерлері «Алтынсарин көшесінің мерекесі» дең аталатын іс-шара өткізіп, оған мындағын адам қатысты. Тараптас арбага отырған Үбырай Алтынсарин (Үбырай - Илияс Омаров атындағы облыстық казак драма театрының артисі Мейрам Жапаров) қасында салт атқа мінген жігіттері бар, Алтынсарин көшесімен ұлы баба ескерткішіне қарай беттеді. Облыстық Л.Толстой атындағы кітапхана алдында көрініске жалғасып, оқушылар Үбырай туындыларынан театрланған үзінділер көрсетіп, өлеңдерін жарыса оқыды. Мұндай шаралар кейін Үбырай мовзелейі жаңында да

өткізіліп, ат жарыс, қыз қуу ойындары, Ыбырай баба жайындағы дәрістерге ұласты.

Музейде атақты еңбек адамдарының, ақын-жазушы, ұлагатты үстаздардың, ғалымдардың т.б. мерейтойларын өткізу де дәстүрге айналып келеді.

Ұлы бабаның тұған, қайтыс болған күндерінде қабірінің басына, құран оқып, еске алуды үйымдастыруды да жыл сайын өткізетін мұражай қызметкерлері. Мұражай мамандары облыс аудандары мен шаруашылықтарын аралап, «Конақжай киіз үйде» деп аталатын жылжымалы көрме «Ыбырай-педагог, ағартушы», «Ыбырай халық есінде» тақырыбында оқылатын танымдық-тәгілімдүк оқуларға жалғастырылады.

Кезінде Роза Куанова жетекшілік еткен «Шашу» - ақындық қонақжайы да халық көңілінен шығып жүрді.

Сатирик жазушы Сейіт Кенжеахметов, көрнекті ғалымдар Тұрсынбек Кәкішев, талантты ақын Серік Тұрғынбеков және Қостанай облысында тұратын ақын-жазушы, композитор, зиялы қауым осы атаудың құрметті қанактары болып, ғалымдар Ыбырай өмірі мен шығармашылығынан әнгіме шертсе, ақындар жырдан шашу шашты.

Жақындаған (19 мамырда) ұлы ағартушының 175 жылдығы аясында «Тарих іздері» тақырыбымен театрланған музей акциясын өткізіп, шығармаларынан көріністер қойды. Балғожа ролін I.Омаров атындағы қазақ драма театрының артисі Қабдол-Мәжит Иманов орындағы да басқа барлық кейіпкерлер образын мұражай мамандары мен облыс орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат окуышылары сомдады.

1992 жылы мұражайдың ашылғанына бір жыл толғанда облыстық «Қостанай таңы» газетіне «Көптің келетін орнына айналдырысқа» деп мақала жазған Зора Балтабаеваның арманы орындалды, бул көптің де арманы еді. Қазір мұражай көрермен көңілінен шығып, мәдениет пен әдебиеттің ордасына, облыс халық-ағарту ісінің, Ыбырайтанудың дерек көзіне, оқу-білімнің жанашыр-жаршысына, бір сөзбен айтқанда, ұлагат үясына айналды.



Суретте мұражай қызметкерлері. Оңнан солға қарай: Роза Қаратайқызы, директордың міндеттін атқарушы Анар Жұмағазықызы Нұржанова, Зора Қалиақпарқызы Балтабаева.

ЫБЫРАЙДЫҢ ҚАЗАСЫ

Әдебиеттіміздің де, мәдениеттіміздің де бастауында үш алғып бәйтерек тұр. Олар – Шоқан, Үбірай, Абай. Шоқан небәрі 30 жыл, Үбірай 48, Абай 59 жыл ғана ғұмыр кешті. Үшеуі де «Соқтықпалы соқпақсыз» замандағы есі. Үшеуінің де арман-тілегі елнен пайдалы адам болу еді. Үшеуінің де жолын бөгеп, аза бойын қаза қылыш құса еткен патшалық Ресейдің отаршылдық сұрқия саясаты. Оны Шоқан мен Үбірай тым кеш түсінсе, Абай ерте сезінді...

Үбірай Ресейді Отаны санап, оған қызмет ету парызыым деп білді. Ильминскийді ұстаз тұтып, оған құдайдай сенді. Үбірайдың Ильминскиймен жолығысы оның бақыты да, соры да еді...

Болашақ ұлы ұстаз 1862 жылғы 26 ақпанда Ильминскийге: «Жанымда төрт шәкіртім бар – соларды оқытып жатырмын. Қазақтарға орыс тілін үйренуге арналған оку құралы – олардың жетекші оку құралы болып отыр. Сіздің мұны жазғандағы ойға алған

адал мақсатыныз орындалып жатыр. Бұл оқу құралында, әсіреле, балаларға орыс тілін бірте-бірте үйрету тәртібі өтө тамаша баяндалған екен. Біздер, қазактардың орыс тілін білуінің барлық пайдастын білетін адамдар Сізге шын көңілмізбен алғыс айтамыз», – деген адальынан актартыла хабарлады. Ал Ұбырайдың қољымен от кесеуді көздеген арам пигылды Ильминский болса 1869 жылы Ағарту министріне: «...Алтынсарин... қазактардың арасында өзі мекгеп ашса, орыс алфавитін соңда қолданса, оны елінің адамдары істеп отыр дегізбей, өзі ашкан болса... оны орыс бастықтарының инициативасы деген халық ойламайтын түрде жүргізсе... ең әуслі жаңа идея Алтынсариндікі болады» [Қазан мұрағаты, ф 968, оп. 1, 1с. 16, 1-2 б.] деген жазып, өзінің күйтүркі саясатын жүргізуі тоқтатпады.

Ильминскийдің мақсаты қазақ балаларына тіл үйретіп, білім беру емес, шоқындыру. Сөйтіп отаршыл Ресей империясының мұддесін жүзеге асыру. Ол мұдде – патша бодандығындағы барлық бұратана халықты бір дінге көшіру. Алайда оларды бағындыру, шоқындыру, бір дінге кіргізу аса құпия, ың-шыңсыз, зорлық-зомбылықсыз, асқан еттілікпен, айламен жүзеге асырылуы керек. «Олардың өзі дінге кіруге ризашылықтарын берген-міс», деген желеумен жүргізілуі тиіс.

Патшалық діні басқарманың жарлығында осылай көрсетілген.

1871 жылы Ильминский Ұбырайға қазақ мектептеріне орыс алфавитін енгізу жайындағы пікірін ашық жазады. Ұбырай отан жауабында «Бұл талассызы пайдалы пікір ғой» деген отырып, өз ойын сыпайы жеткізеді: – «Дегенмен, оны жүзеге асыру, меніңше үлкен қыншылыққа кездеседі. Қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептерінде орыс алфавитін қолдану (бұл мектептерге қазактар баласын орыс тілін үйренсін, орысша жаза білсін деген беріп отырғандықтан) кейбіреулердің ойлағанындей, қазақ арасында әнгіме, күдік туғызады деген ойлаймын».

Ұбырай одан әрі араб әрлімен жазылған пайдалы кітаптар болса, қазақ арасына тез тарайтынын, оқушылар да көніл қойып оқитынын, ал орыс алфавитімен шыққан кітаптарға олардың тосырқап қарайтынын, тіпті оқымай қояттынын жасырмайды. Орыс алфавитінен гөрі қазактардың тілін бұзатын болса да, татарша жазуды қолайлырақ санайтынын, өйткені, діні бір, тілі ұқсастығын, татар медреселерінде оқитын қазақ шәкірттерінің саны азаймай отырғаны сондықтан екенін тәттіштей жеткізеді. «Жат әріппен жазылған біздің оқу құралдарымыздың күші, мениңде, өтө нашар. Біз бұл арада сол

құралдың өзімен, бірақ сапасы жағынан басқа, олардың ақылына ақыл қосып, оларды шындыққа, басқаша айтқанда, окуға жетектейтін құралмен, қазактардың өздеріне таныс, оны ешкім де жек көрмейтін құралымен іс істеуіміз керек; бұл окуымыз да жоғарыда айтқандай сапалы болса болғаны» – деп мән жайды сабырмен түсіндірелі.

Бұл Ильминскийдің түпкі, негізгі максатымен мұлде қабыспайтын пікір еді. Бұратана халықтардың баласына бастауыш білім берудің өзін артық санаған ол: «...в школах грамотность, ...орфография и грамматика совершенно излишни, а для инородческих школ вредно и убийственно», – деп жазған оның Ұбырайдың мына хатын оқығанда қандай күйде болғанын көз алдырызға елестетіл көрініш!

Тұған халқының рухани дербестігін корғағаны үшін Ұбырай қудалауга ұшырайды. «Алтынсариннің қудаланып, мектептен шеттетіліп, жер аударуға дейін жеткені, сайлау кезінде тергеуге алынып, одан шеттелуі Ильминскийдің ықпалының жүргізілді деуге болмайды. Николай Ивановичтің өзгеге дәрғейі журмесе де Ұбырайды қудалатпайтындағы құдіреті бар болатын» [Жұртбай Т. «Күйесін жүрек... сүйесін...» Алматы, Қайнар, 2009. – 226 б.].

1889 жылдың 20 ақпанында Ұбырай Орынбор бку аймағының татар, башқұрт, қазак мектептері жөніндегі бақылаушы В.В.Катаринскийге «Сізге бір кайғылы хабар білдіруіме тұра келіп отыр. Біздің «Бессонов Александр Григорьевич, сірә, есінен айрылған болар деймін. Өйтпесе, оның өз окушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емесін. Бақсам, ол окушылар мектебінің 3-ші және 4-ші кластарында окушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы Інжіл мен оның парыздарын уатыздай бастапты» [Алтынсарин І. Таза бұлак, Алматы, Жазушы, 1988. – 305 б.], – деп шошына жазды. Өйткені, Ұбырай бұл кезде де миссионерлердің мектеп ашудағы түпкі максатын білмеген еді.

Қазақ мектептерінде християн дінін үағыздау 1862 жылы-ақ оку бағдарламасына енгізілген. Онда: «Ю.Христиан діні туралы зандар (Закон божий) бойынша оку кестесі былай жүргізіледі: а) Екінші кластың бірінші жылы Ескі және Жаңа заның (Ветхий и Новый завет) тарихымен қысқаша таныстырады, екінші жылда христиан дінінің шарттары (катехизис) оқытылады б) үшінші кластың бірінші жылында шіркеудің мұнәжат дүғасы мен рәсімі (литургия) түсіндірелді, екінші жылында православие дінінің баска ағымдардан айырмашылығы мен артықшылығы туралы дәріс оқылады. Діннің

көне дәстүрін ұстанғандар (старообрядчиктер) мен жікшілдерге (раскольниктерге) қарсы күрес тәсілдері баяндалады», – деп нақтылай атап көрсетілген болатын. Мұны сезбеген Ұбырай 1899 жылы 10 мамырда жазған хатында: «Енді тағы бір наразылық, яғни қазақ оқушыларының наразылығы, Красноуфимскідегі ауыл шаруалылығы мектебінде де туып отырған көрінеді. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мұлде елемеу, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс оқушыларымен бірге гибадат еткізу деседі. Мұның бәрі де өте ұнамсыз нәрсе ғой» [Сонда. 312 б.], – деп қынжылады.

Кейін осының бәрінін түп-түқияны қайдан шыққанын түсінген Ұбырайға үл қатты соққы болғаны анық. Ол жайында филологияғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай «Ойында жок олардың, шаригатқа шамасы» («Абай және шоқындыру мектептері») макаласында «Екі Ұбырайды да өлтірген – құсалық еді. Оның ішінде екеуі де шіркеудің аярлығына шыдамады. Рухани тәуелсіздікке қоңгісі келмеді. Екеуі де өмірінің сонында миссионерлік аярлығы үшін тіршілігінде қатты бағалаған Ресей мәдениеті мен ғылымынан күдер үзді. Үлкен Ұбырай соғы екі жылда мектепті тастап ел ішіне барып жатып алды. Сол үшін облыстық губернатордың тергеуінде болды. Қандай ұқсастық десенізші. Бүкіл ғұмырлық мақсатының күл болғаны екеуінің де куре тамырын киып кетті. Олар өздері үшін емес, елінің келешегінің кесілгеніне күйінді» [«Күйесің, жүрек... сүйесің...» Алматы. Қайнар, 2009. – 222 б.] – деп жазады.

Ильминскийдің Ұбырай колымен қазак балаларын оқытуға кириллицаны енгізуі, орысша оку, Бессоновтың Інжілді уағыздауы жергілікті халық құлағына жетпей қалнан жоқ. Ұлы ұстазды «шоқынды», «крест тақты» деп құстапанау патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын ұстанып, оны жүзеге асыруға жан сала кіріскең Ильминскийдің іс-әрекетінен туындағаны анық. Оның үстінен ағайын сезі де ұстаз жаңына қатты батқанын мына елеңінен аңгару қыны емес:

...Аласы ағайынның аландатты,
Көре алмай көп ішінен жамандатты.
«Шоқынды», «крест тақты», «әйкәпір» деп,
Аузына келгенді айтып бақты...

Надандық қандай «қызық» қарап тұрсан,
Көнілі соқыр көрмейді көзге ұрсан.
Бабын қалай табарсың бұл қазақтың,
Басқа тебет жанынды құрбан қылсан...

Бар айыбым баласын оқытқаным,
Орыстың біліміне тоқытқаным.
«Білімсіз кенімейді кереген» деп,
Айтқанымнан атандым «кәпір – залым»...

Төлебай Кәбекұлы Өтей Басықара датқаның асында ат жарысы болғанда Ыбыраймен сөзге келісіп қалып, алыш қашпа сөзге еріп, бұрын да сатқын санап жүргең ол оны соққыға жығады.

Төлебайдың руы – Үмбетей. Үмбетейден – Арапбай, одан – Таңбай, Таңбайдан – Кәбек. Ахмет Байтұрсыновтың жақын туысы. 1926 жылы А.Байтұрсынов жинап бастырган «23 жоктауда» бұл оқиға былайша баяндады:

...Уш уездің қазагы
Басықара датқаның
Басын косқан асында
Болғандардан естімін,
Болмасам да қасында.
Сүк қыльпты сонша жүрт
Әкекем сынды асылға.
Кыншактың өңкей манабы
Кез болыпты ашуга.
Балқожаұлы Ыбырай
Артын жиып жөнелді,
Басын қорғап қашуға.
Мұны көріп әкекем
Аманжолдап ат қойды
Тасыған көнілін басуға.
Куып жетіп соңынан,
Агалығын білдірген,
Көрмегенін көргізген,
Бозбалага айдатып,
Қайтарып топқа кіргізген
Бекмұхамет болысын,
Инспектор орысын,
Жұмылған көзін аштырып,

Өкшесінен бастырып,
«Жан сауға, батыр!» дегізген...»

(«Төлебай. Он екі жасар әйел баласының жоқтағаны. Байтұрсынов А. Ақ жол. «Жалын», 1991 – 165-166 б.б.).

Ел азындағы әңгіме де осы жолдарды қайталайды. Бұл окиғаны Торғай бойының әңгімеші қарттары жиғайтып отыратын. Қазір көзі тірі Орекен Алмат, Әмірхан Абдуллин, Ибрагим Ағытайдың т.б. соның күесі.

Тілмәр Тілеп бір өлеңінде Төлебайды:
Талап бол бітер қайын, карагайдан,
Төлебай, туып едің жадағайдан.
Шошқаның қара каска қабанындей,
Шошынды көрген адам анадайдан, –

деп суреттейді. («Сөз тапқанға қолқа жоқ», Алматы, «Жазушы», 1988. – 369 б.). Ел ішінде Төлебай жайында аныз кел. Алматының «Жазушы» баспасынан 1988 жылы жарық көрген «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (369-372 беттерін караңыз) кітабында да ол жайындағы екі әңгіме енген. Әкесі елге сыйлы аса мырза болған Төлебайдың да мырзалығы жиғайтылады. «Тек қана ірілермен айқасып, теңсіздікке төзбеген, ісі де, өзі де ірі адам. Өзі де ірі демекші, салмағы 18 (он сегіз) пүт, яғни, 280 (екі жұз сексен) келіге жуықтаған... ол 52 жасында 1904 жылдары қайтыс болған. Осы ірілігінен де атырантағы оны білетін ел «Мұның ар жағында Үмбетей жоқ» – деп мәтелдеген (Уәлі тегі Ибраһим Ағытайды «Бабамыз – Бекзат данышпан. «Костанай баспа үйі» ААҚ, Қостанай, 2000, – 38 б.) тамы Наурызымның Төбекүйдің деген жерінде.

Төлебайдың ірі, сыйлы адам болғанын «Төлебайдың келінінің жоқтауындағы»

...Алтын да қылыш, айбалта
Асынса ерге жарасқан.
Халық иесі хандардан
Қаюолы сағат жол ашқан.
Жан қуанған біз түгіл,
Жақсылар іздеп жанасқан...
Қатарынан құдайым
Тұлғасын артық жаратқан
Көрген түстей айрылдақ
Көленкелі дарактан... –

деген жолдардан да анғарамыз. [Байтұрсынов А. Ақ жол, Алматы, 1991. – 170-171 б.б.].

Жоғарыда көлтірілген оның қайтыс болған жылына қарағанда, Төлебай – Ыбыраймен замандас.

Төлебайды жоқтау (үшеу, үшеуін де) Қарпық Шолакұлы жазған. Қарпық та А.Байтұрсыновтың жақындары. «Төлебайды жектауды шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошқақ, онан Байтұрсын, онан Шолақ, онан ақын Қарпық» («Ақ жол», 173 б.).

Басықара датқа – руы өтей. Ел арасында «Өтей бидің Қарасы» атанған сезге аса шешен, елге сыйлы кісі болыпты. Асы 1889 жылы Обаганда берілген.

С.Садуақасұлы 1926 жылы 29 қазанда Ташкенттегі тұнғыш жоғарғы қазақ педагогика институтының ашылу салтанатында жасаған баяндамасында Ыбырайдың бұл дүниеден өтер сәтінде өзіне бірде-бір орысты, тілті достарын да кіргізбеуді, жаназасына 99 молда қатысуын өсiet еткенін айтып, «ұзак жыл орыспен коян-көлтық араласа жүріп, ең сонында миссионер атаулы қазақ халқына ешқандай жақсылық ойламайды деген қорытындыға, келген болар» (Годы работы Казахского высшего педагогического института (сборник). Ташкент, 1928. стр. 27), – деген жорамал білдіреді.

Шындығында да солай. Ыбырай Ресей империясының отаршылдық саясатын түсінген, бірак кеш түсінген. Н.Н.Ильминскийдің құйтыркы саясаты мен астыртын әрекетін сезіп, ал ұғран. Ресейдің Орталық Діни басқармасы кол астындағыларға «өлтөн қазақтарды жерлеуге поп басшылық ету керек. Қазақтар өлтөн адамдары туралы оларға хабарлауға міндетті, тек поп рұхсат бергеннен кейін уш күннен соң жерленуі тиіс» – деген күпия нұсқау жолдаган. Ыбырай осы нұсқауға сеніп «Надандық құрбаны» әңгімесін жазды. Алданғанын, миссионерлердің сүркія әрекетін кейін білген оның «Жаназама 99 молда кірсін» деп өсiet етуі содан болса керек.

Ұлы ұстаздың 1884 жылы қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жолдаган хатынан оның бұл тұста «астыртын жауларының көбейгенін» сезгенімен, зұлымдық іс-әрекетті үйымдастырушылардың кім екенин нақты білмегенін байқаймыз.

Хат иесі зұлымдыққа карсы тұрып, суга батып бара жаткан адамдарды құтқару үшін әрекет жасаудың өзі қауіпті екенин ашына жазып: «Ертеректе мұндай жағдайда бастықтардың өзі мені қолдар

деп сенген едім» деп кейінгі кезде ол ойынан да үміт үзгенін, оларға да сенбейтінің білдіреді. «Алланың жазмышы сол болса – орындала берсін, бірақ мен өзімнің негізгі пікірімнен таймаймын, күшім жеткенше қандастарымға пайдалы адам боламын деген талабымнан қайтпаймын», – деп қатерге бас тігеді.

1922 жылы 22 сәуірде жазған М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин» мақаласында «17 июльде 1889 жылы 48 жасында Ыбырай жүрек ауруынан» қайтыс болғанын көрсетеді. [Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2 – кітап, Шолпан. – Алматы. Өнер, 2010. – 244 б.].

Ыбырай шәкірті Габдолғали Балғынбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» 1889 жылдың жазғы шілде айында Ы.Алтынсарин неден екенін анық білмеймін: не өкпесіне сұық тиіп, не бетеге дертіне ұшырап, қатты ауырып қалды» – дей келіп қасында жергілікті дәрігерлер Лапинский мен Қарабаевтың болғанын, бірақ олардың да ауруын анықтай алмағанын, кейін Тройцкі қаласынан келген белгілі дәрігер Покрывалов «қарынның іскеніне қарап, ауруын бетеге деп» тапқанын айтады [«Ыбырай Алтынсарин тағылымы». Ал. «Жазушы», 1991. 378 б.].

Өкпесіне сұық тиген адамның ауруын тәжірибелі дәрігерлердің анықтай алмауы да, Покрываловтың қарынның іскеніне қарап ауруын бетеге деуі де сенімсіздеу.

Ильминский Ыбырайдың қайтыс болғаны жайында жазылған қазанамасында оны өкпе ауруынан опат болды десе, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, кезінде аудан басшыларының бірі болған Әуезхан Жұсіпов аксақал Ыбырайдың жүрек, бауыр ауруынан қайтыс болғанын айтады («Аманат», 1991. 9 сәуір. 4 б.).

Балғожаның немересі Ахметбек Балғожин 1889 жылы Ыбырайдың дүниеден өткені жөнінде Н.И.Ильминскийге жолдаған хабарында «дерті жүрек ауруы болды», - дейді.

Ыбырайдың дүниеден ертерек өтуіне себеп – аурудың мендеуі, денеге тиген таяқ. Ең бастысы жан жарасы – қайғы, қасірет, құсалық. Ұлы ұстаздың сонғы сәттерінде қасында болып, емдеген дәрігерлердің оның ауруын көрсетіп, дәл айта алмауының сырды да осында жатқан сияқты.

Ыбыраймен бірге жүріп, бірнеше рет үйінде, елге шыққанда сапарлас болған, кезінде араласып, дәм-тұзы жарасқан 91 жастагы Хасен Сәбитов қарттың өз аузынан 1974 жылы М.Хәкімжанова жазып алған естелікте: «Бүкіл орта жұз боп қайғырды ғой Ыбырай

қайтқанда,- дейді ақсақал. – Намазға арнап шакырылған ел былай тұрысын, Қостанайдың орыс казактары мен татарлары кала мен Ұбырай ауылының екі арасына сыймай кетті ғой. Сонда Әлім, Омар қажы дегендерінізді кісі танымай қалды. Ең жанашыр ағайындары ғой. Сабаздың екеуіндегі күйінген адам болмаган шығар. Ұбекен қайтты дең қалаға хабар келгенде сол кездегі орыс тәрелерінің қайысқанын көрсөніздер ғой. Қашан Ұбырайды жерлеп болғанша, кенседе қызмет істеген адам көм болған-ақ шығар» [«Ана тілі», 21 қараша, 2002.]

ЫБЫРАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

(Түйін сөз орнына)

Ыбырай Алтынсарин – алдымен мұғалімдік пен жазушылықты бір-біріне ұлтастыра білген ұлы ұстаз. Қазак мәдениетінің алғашқы қайраткерлерінің бірі. Қазак даласында бұрын-сонды болмаған жана үлгідегі мектеп ашып, оның өзіне ғана тән ерекшелігі бар бағдарламасын, оку-құралдарын жазуышы, шаруашылық есеп-кисабын да жүргізуши. Өзі ұстаз, өзі ұйымдастыруши. Қазак тарихында педагогикалық ой-пікірдің негізін тұнғыш калаушы. Ыбырайдың бұрынғы ел қамын ойлаған озық ойлы қазақ оқығандарынан айырмашылығы – ол халықты оку-білімге шақырып қана қоймай, іс жүзіне де асыра білді.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім екенін ескертіп: «Мектеп – казактарға білім берудің басты құралы. Біздін барлық үмітіміз, қазак халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана», – деп мектеп туралы тұнғыш ой-пікір қозғаған да, адам бойына қайырымдылық, ізгілік, ізет, мейірім шуғын сініріп, Ар ілімін (Шәкәрім) ардактаған, тәрбие ісін алғаш жолға коя білген де Ыбырай Алтынсарин болатын.

Кейбіреулер қазақ даласында 1841 жылы Ордада мектеп ашылғанын желеу етіп; алғашқы мұғалім Ыбырай Алтынсарин емес дегілері келеді. 1841 жылы қазактар арасынан чиновниктер дайындау мақсатында Ордада екі сыныптық мектеп ашылғаны, онда алғашында 25 бала оқығаны шындық. Бірақ онда үкіметке қызмет істеп көзге көрінген, жақсан, жағынған атақты бай, би-болыстардың балалары ғана алынған. Оку тек орыс тілінде жүргізіліп, орыстар ғана сабак берген. Хан ордасындағы, 1844 жылы 14 маусымда ашылған Орынбор шекара комиссиясы жаңынан ашылған мектеп жайында Ә.Сыдықовтың 1949 жылы Алматыдан жарық көрген «Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» кітабында көнінен баяндады.

«Қазак әдебиетінде нағыз мәдениетті прозалық шығармаларды тұнғыш жазған Ыбырай Алтынсарин» [Щалабаев Б. «Қазак романының тууы мен қалыптасу тарихы» Алматы: 1983.]

Ыбырай тұнғыш рет тәлімдік-тәрбиелік мәні зор И.А.Крылов мысалдарын аударып, баспасөз беттерінде жариялаушы, аудармашы. Осы Ыбырай аудармалары негізінде қазақ әдебиетінде жаңа түр – мысал жанры пайда бола бастады. Сондықтан да Ыбырай әрі қазақ әдебиетіне мысал жанрын алғаш экелген әдебиетші. «...Крылов

мысалдары жалғыз Абайдын аудармасынан емес, бұдан бұрын да кіре бастаған еді. Бұл және де бір Крылов емес, орыс көркем әдебиетінің өлең сөз, қара сөздегі әралуан үлгісін езі жазған оку кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин болатын» [Әуезов М. Жиyrма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1985. 12 том. -212 б.]. Алайда ескертетін бір жайт – мысал бұрын қазакта жеке жанр ретінде көрінбегенімен, хайуанаттар туралы ертегілерде кездеседі.

Ыбырай – әдебиеттанушы, ауыз әдебиеті үлпілерін алғаш жинаушылардың бірі.

1879 жылы Орынбор қаласында басылған ұлы үстаздың «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») оку құралына енгізген ертегі, аныздары мен мақал-мәттелдері, өлеңдері соның айғағы. Мәселен, курдасы, атақты ақын, жырау Марабай Құлжабайұлының аузынан жазып алған «Қобыланды батыр» жырының үзіндісін «Тайбурылдың шабысы» деп осы кітабына енгізуінің езі оның танымтусінің молдығын көрсетеді. Яғни, «Қобыланды батыр» жырын тұнғыш рет баспа бетіне шығарған да Ыбырай.

Ыбырай жатырқап, жатсынуды білмей, ұлтқа, руга бөлмей, «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп Шыныс, Батыс әдебиеті үлгілерін де «Қазақ хрестоматиясына қосуы «Әдебиетімізде кейінрек мол дамыған шетел әмірін суреттеу дәстүрі-казақ ағартушыларының мұрғларынан басталатыны анық» деп Ш.Сәтбаева айтқандай, үлкен жанаңық еді.

«Қазақ хрестоматиясы» негізінен Ыбырайдың төл шығармаларынан «құралып», педагог Ыбырай – ақын Ыбырайға, жазушы Ыбырайга айналып қана қоймай, сыншы-ғалым ретінде бой көрсетті. Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылық ой мен оқымыстырықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттануғының сонау XIX ғасырдағы үлкен көрінісі етті» [Қәкішев Т. Қазақ әдебиеті сыннының тарихы 1-бөлім. (Оқу құралы) – Алматы: «Білім», 2002 – 41 б.].

Ыбырай – тарихи әңгіме жазған тұнғыш қазақ жазушысы («Жәнібек батыр»).

Ыбырай – қазақтың алғалықы этнографтарының бірі, ғалым. «Орынбор ведомствоғы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствоғы қазақтарының өлген адамды жерлеу және той жасау дәстүрінің

очеркі», «Орынбор ведомствосы казактарының күда түсү, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі» т.б.).

Ыбырай Алтынсарин алғашқы публицистердің бірі. «Оренбургский листок» газетіне макалалары жарияланып тұрған. Сондай-ақ ұлы ағартушының «Қазак хрестоматиясы» окульық болуымен катар, публицистика ері көркем әдебиет үлгілері, ері танымдық-тағылымдық мәні зор енбек.

Ыбырайдың «Қыпшақ Сейітқұл» – очерк. Өйткені Сейітқұл Маманұлы өмірде болған адам. Ол 1770 жылы туып, 1830 жылы дүниеден өткен. Үрпактары әлі күнге дейін сол Қостанай облысының Жансекелдин ауданындағы Қабырға өзені бойында өмір сүріп жатыр.

Ыбырай «Малды пайдаға жарагу», «Дүние қалай етсең табылады», «Білгенінің пайдасы», «Мұжық пен жасауыл», «Петр патшаның тергелгені», «Жомарт», «Сараптық пен жинақылық» атты әңгімелерінде әр інарсені қажетіне карай үнемдеп, жұмсау (экономика) мен кәсіпкерлік жайында ой толғайды. Енбек етуге үндеп, кәсіптік білім алуға шақырады. Үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп кана коймай, Орынбор, Торғай калаларында ер балаларға арналған ағаш ұсталығын, қыз балаларға арналған киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер училишелерін және ауылшаруашылық мектептерін, олардың жанынан монша салып, кітапханалар ашуды патриоттық іс еді.

Жоғарыда айтылған «Қыпшақ Сейітқұл» очеркіндегі Сейітқұл – казак топырағынан шыққан тұнғыш кәсіпкер. Кәсіпкерлік, кәсіпкер жайында тұнғыш очерк жазған кісі де – І.Алтынсарин деуімізге негіз бар.

Ыбырай – казақша газет шыгаруды ойлаған тұнғыш адам.

І.Алтынсарин ұлттық газет шыгаруды ойлаап 1879 жылы жергілікті патша әкімшілік орындарының алдына ұсыныс хат жазады. Тіпті болашак газеттің атын «Қазак газеті» деп қойып, макетін жасап, 45x35 формат көлемінде сегіз бет болып шығатынына дейін көрсетеді. Басылымның алғашкы торт беті казак тілінде, кейінгі төрт беті алдыңғы төрт беттің аудармасы ретінде орыс тілінде жарық көруі керектігін айтқан. Алайда, патша әкімшілігі бұл газетті шыгаруга рұқсат бермеген.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Біқыласпен тоқылық! –

деп бүкіл қазақ даласына жар салып, окуға шақырып, ғылым-білімнің мәйін алғашқылардың бірі болып тәптіштей түсіндіріл берген де Үбырай Алтынсарин. Балаларға арналған осы үгіт-насихатка, жастарға деген маҳаббатқа, сенімге толық балалар ұғымына лайықталып түсінікті таза қазақ тілінде жазылған өлең 1876 жылы 2 желтоқсанда Торғай қаласында жазылыпты. Содан бері қаншама жыл өтсе де әлі күнге мән-мазмұнын жоймай, балалар жүргегінен орын алып, қоғамға қызмет етіп келеді.

Осы өлең туған күннің ертеңінде Н.И.Ильминскийге қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге қарсылығын білдіріп: «Татар тілінде жазылған кітаптардан күтылу үшін, қазақ тілінде окуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым» [Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Н.И.Ильминскийге]. – Алматы: Жазушы, 1988. -210 б.]. «...екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл – қазакты татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі той), мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оку құралын құрастыруға кірстім» [Сонда 244 б.], – деп жазды.

Үбырай мектеп ашқан тұста іс қағаздары татар тілінде жүргізіліп, ауыл молдайларының бері дерлік татарлар болды. Қазаннан, Уфадан шыққан кітаптардың дені де осы тілде жазылды. Үбырай оқыған Орынбор шекаралық комиссиясының жаңынан ашылған мектепте де татар тілі оқытылды. Бұл өкіметтің ислам дінін татар тілі арқылы насихатташ, халықтың сана-сезімін улау, тілінен айыру саясаты еді.

Міне, осы саясатты алғаш түсініп, оған қарсы шыққандар да Шоқан, Үбырай, Абай болатын.

«Қазақ тілінің тазалығын сактау жолындағы курес Үбырай Алтынсаринен басталған. Шоқанның да бұл жайлы жазғандары бар, бірақ Үбырайдай принциптік деңгейге жеткізбей, жол-женекей ғана айтқан. Бұл мәселенің Қазан революциясына, тіпті бүтінгі күнге дейнігі қазақ коғамының ең бір тубегейлі проблемасы болғаны Абай мен Сұлтанмахмұтың сынышылық ойларынан, газет-журналдарда жарияланған материалдардан анық байқалады» [Кекішұлы Т. «Қазақ әдебиеті сынның тарихы. 1-белім. Алматы: «Білім», 2003. --42 б.].

Ел қамын күйттеп, халқын қараңғылық құшағынан шыгаруды олаған азаматтар аз болмаган. Алайда шынжыр балақ, шұбар тәс, елге әктемдік жүргізіп отырған бай-шонжарлар тұқымынан шықкан, не ішем, не жеймін демейтін жағдайы бар Үбырайдың шен-шекпен, дүние-байлық кумай, «Еліме қайткенде пайдалы адам бола аламын»

дегенді тұңғыш айтып, сол жолда ерінбей, шалдықпай-талмай, жанкиярлықпен еңбек етуі де Отанды сую үлгісі, өнегесі!

Ыбырай – казак балалар әдебиетінің атасы. Ыбырайдан да бұрын қазақ ауыз әдебиетінде балаларға арналған өртегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, санамактар болған. Ыбырай соларды жинастырып, өзі де жасөспірмдерге арналған шығармалар жазды. «Қазақ хрестоматиясы» қазақ тарихындағы балаларға арналған тұңғыш жинак. Ыбырай – балалар әдебиетінің негізін салып, жазба әдебиетте қалыптастырылған тұңғышы жазушы.

Ыбырай – тұңғыш әлшілденін авторы.

Ақтөбе облысы бойынша ең алғашкы кітапхана 1883 жылы құзде Ыбырай Алтынсариннің ұсылысымен Үргызы каласындағы училище жаңынан ашылды. Мұнда 300-400-дей кітап коры болған.

Сапабек Әсіпов қазакстандағы тұңғыш кітапхана осы деген пікір айгады [Әсіпов С. «Ұлы ұстаз», «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» Алматы: -Жазушы», 1991. -220 б.].

Ыбырай – Ислам діні жайында әкзетикалық дәстүрде (Діни кітаптарды оқып зерттеп, талдау жасау, түсініктер жазу) қазак тілінде тұңғыш оқулық жазушы. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» соның күесі. Бұл кітапта казақ әдеби тілінің бастанғы табиғи қалыптастырумен бірге араб тілінен кірген сөздердің мән-мағынасы да айтылады. Яғни, ыбырай араб тілінен кірген діни сөздердің терминдерді колданып, қалыптастыруды да тұңғыш қолға алған ағартушы.

Ыбырай – табиғатты суреттейтін реалистік поэзияның бастаушысы. Яғни, қазактың жазба көркем әдебиетінің қарлығашы.

«Алтынсарин Пушкин жазған, орыс түрмисынан алынған жылдың төрт мезгілі тұрасындағы өлеңдерден көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне дең койып, соның дәстүрін менгерді. Ыбырай осы кектем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен қазактың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзияның бастан кетті деуге болады.

Абайдың кейін жазатын осы алуандас «Жазғытуры», «Жаз», «Күз», «Қыс» дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айттылған. Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен кабыл алынып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз [Әуезов М. Жиырма томдық шығ жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1985. -20 т. 212-213 б.б.].

Ыбырай ұлы ақынның ұстазы демесек те үлгі алғаны осы жолдардан көрініп түрған жок па?! Сонымен бірге біз бұл пікірден

Абайдың Ұбырайдың білгенін, шығармаларымен таныс болғанын да аңғарамыз.

Жазба әдебиеті өкілдері ішінде нәзиралық дәстүрді алғаш бастап берген ақын да Ұбырай.

Тұлғасыз ел – тұлдыр, болашағы бұлдыр. Елді алға жетелеп іштері бастыратын ірі тұлғалары. Ұ.Алтынсарин маңайына жарық шашқан сондай ұлы тұлғалардың бірі, озінен кейінгі талай тұлғалардың тәрбиесі.

Ұбырай – Торғай уездік шаруалар бастығының көмекшісі болған, Орынбор генерал-губернаторлығының номенклатурасына енген Қорғанбек Бірімжановтың, 42 жыл Торғай облысының Тосын болысын басқарған Дәуренбек Бірімжановтың, 1-інші және II Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың, Казак ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, көрнекті химик-анорганик, химия ғылымдарының докторы (1966), профессор (1965), Қазак ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Бірімжанов Батыrbек Ахметұлының, журналист, Германияда оқып білім алған, «Алаш» партиясы бағдарламасын жасаушылардың бірі Фазымбек Бірімжановтың үстазы.

Қорғанбек – Ұбырай ашқан Торғай мектебінің тұнғыш түлектерінің бірі болса, Дәуренбек, Ахмет, Батыrbек, Фазымбектер де сол мектепті бітірген.

Қорғанбек кейін Ұбырай мектебінің күрметті қамқоршысы болып, ақшалай қаржы беріп тұрған. Бұлардың бәрі Ұбырайдың нағашылары.

Ұбырай – ұлттың ұлы үстазы, Алтынсарин салып кеткен сара жолды әрі қарай жалғастырушы Ахмет Байтұрсынұлының, «Оян, Қазак!» деп жар салған Міржакып Дулатовтың, қазақтың алғашқы журналист қызы Нәзипа Құлжанованың, Ұбырайдан білім алып, кейін ізін жалғастырып, бірнеше мектеп ашқан Габдолғали Балғынбаевтың, Спандияр Қебеевтің, Бекет Өтетілеуовтің, бар қазақтың ақасына айналған ақын Мариям Хакімжанованың үстазы. Олардан тәлім-тәрбие, өнеге алып, халықтың қамын жеген, білім-ғылым нұрын шашқан шекірттері қаншама?!

Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжанова – Семей мұғалімдер семинариясында оқыған Әбікей Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсілбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Қази Нұрмухамедов, Биахмет, Жанахмет Сәрсеновтердің т.б. ұлт зияллыларының үстазы.

Торғай ақындық мектебінің бастауында да Үбірай тұр. Ұлы ұстаз осы ақындық мектептің өкілдері Құдереі Жолдыбайұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Нұржан Наушабайұлы, Ақмолда Орынбайұлымен аралас-құралас болып, шығармаларының идеялық-көркемдік дәңгейінің өсуіне көмектесіп, ақыл-кеңесін беріп отырган.

Үбірай қарын камын ойлад, өз басын қүйттеген жоқ, халқының білім алудын, өнерлі болудын қалады. Білімді ғылымы дамыған елдің ілгері басатынын білді. Сондықтан да патшалық Ресей чиновниктеріне «қызметшініз», «Бағынышты пендекіз» дей жүріп, ондаған мектептер ашты.

«Хаттарында, істерінде патша хүкіметіне жылы сез, қолайлы іс болса, Үбірайдың «айла-шарысы» деп М.Әуезов айтқандай, амалсыздан бас шүлгүп, қынына тәзді.

Жаңа, бұрын-сонды болмаган мектептер ашу снайға соққан жоқ. Қарсылық жергілікті жерлердегі көртартпа байлар мен соқыр сенімнің құлыша айналған думше қожа-моддалалардан да, шовенистік көзкарастағы чиновниктер тарағынан да көрініп жатты.

Костанай байларының «өзін шоқынғаныңмен қоймай, балаларымызды шоқындырың келеді ме?!» - деп, балаларын оқытқысы келмеуі, Торғайда бой көтерген алғашқы мектептің өртенніп кетуі, Троицк уезінің бастығының жаға алынған мектеп үйін тартып алуы, өзінің жақын туыстарының өсек-аяны соның айғағы.

В.В.Катеринскийге жазған бір хатында: «Қазір жан-дүнием кулазып өте көнілсіз жүрмін, көмек күткен үкімет орындары мені колдаудың орына занды да зансыз жолдармен үздіксіз кудалауға салып отыр. Бұдан кейін қандай әділеттілік күтүге болады? Осының бәрі ашық сот арқылы анықталса екен деген тілек көкейімнен шықпайды», - деп жазады. Оның мәнісі – Үбірайдың жер-жерде мектеп ашып, ағартушылық жұмысын жаңдандыра түсіү Торғай соғыс губернаторының наразылығын тудырса керек. Сондықтан да «Алтынсариннің жеке бастамасымен барлық жерлерде халық мектептерін ашып, артық қаржы жұмсағаны үшін облыс генералы Проценко оны тіпті сот алдында жауапқа тартпақ болады» [Сүлейменов Б. «Үбірай Алтынсариннің әмір жолы және қызметі», «Үбірай Алтынсарин тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1991. –40 б.].

Проценко қызметінен түсіп, Үбірай от алдына бармай, пәле-жаладан аман қалады. Алайда патша өкіметі тарағынан кудалау тоқтамайды, қайта өрши түседі. Соның бәріне алдына қойған ұлы мақсаты мен елі үшін көніп, мектеп, кітапхана ашу ісін тоқтатпады.

Патша үкіметінің қазақ даласына алғаш мектеп ашудағы ойлары қазақ балаларына деген қамқорлықтан емес, өз отаршылдық саясаттарын жүзеге асыратын орыс тілін біletін адамдарды тәрбиелег шығару болатын. Іс жүзінде бұл мулде басқа бағыт альп, Үбірайдың ел алдындағы беделі өсіп, ағартушылық қызметі каркын ала тусти.

Мұны әрине, отаршыл патша өкіметі ұнатпады, оларға қазақ халқының ояғаны емес, үйкіда жатқаны колайлы. Надаң елді өз ырықтарына көндіріп, шоқындыру онай. Сондықтан да олар «сылтау таба алмай қалған кезде «орыс альфавитін қолдағаны үшін» де әурелемек болып көрді. Әсіресе, өмірінің соңғы бір-екі жылында Үбірай Орынбор губерниясындағы әкімдердің көп кудалауына ұшырады. Бұл жылдарда оның үстінен арыз берушілер де көбейді. Мұның қайсысы да, сез жоқ, Үбірайдың демократиялық багыттағы істерінің 1886-1887 жылдарда үкімет адамдарының көзіне айқын түсे бастағанының айғағы еді. Егер Үбірай 1889 жылы қайтыс болмаған болса, оның өмірінің киын жағдайға ұшырауы ықтимал еді [Дербісалин Ә. «Үбірай Алтынсарин – ұлы педагог, ағартушы, жазушы». «Үбірай Алтынсарин тағылымы» 84 б.].

Күндіз-түні дамыл таптай ел арапап мектеп салып, кітапханалар ашу үшін жалынып жүріп халыктан, облыстық, уездік әкімшіліктерден тиындал акша жинаады. Нәтижесінде тұнғыш Торғайда жаңған білім шырағы буқіл елімізге тараалды. Барлық ұстаздардың ұстазы Үбірай десек, артық айтқандық болмас.

1868 жылғы «Уақытша Ереженін» қазақ халқына әкелген қасіретін айтып 1872 жылы Торғай облысы әскери губернаторының атына хат жолдаған да ұлы ұстаз еді.

1880 жылдардагы ашаршылықта ұясын корғаған карлығаштай шырылдан, «Оренбургский листок» газетіне кайта-қайта мақала жазып, халқын аман алып қалудың бар амалын қарастырган да Үбірай болатын.

Жеріміздің тұластығын, еліміздің бірлігін ойлац, тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларымыздың да бастауында Үбірай Алтынсарин тұр.

Үбірайдың өз жұрты – атасы Балғожа да, нағашы атасы Шеген де, кайын атасы Шолақ Әбілов те ел билеген текті адамдар.

Үбірай – казақ қыздарының оқып білім алудын ойластырып, оларға арнап мектеп интернаттар ашқан алғашкы ұстаз. Ол ашқан

мектептерде мындаған қыздар оқып шықса, ізбасары F.Балғынбаев 100 қызға ариалған мектеп-интернат салдырган.

Ыбырайдың бүкіл еткен ісі қайырымдылық, елге жанашырлық. Қаншама бұлдіршінді мейірім шуағына бөлеп, болашағына жол сілтеді, кейін оны шекірттері жалғастырды.

Қайтыс болар алдында өзінің жеке менишігіндегі жерлерді Қостанай қаласында ашылмак ауыл шаруашылығы училищесіне мұрага калдыруының өзі екінің бірінің қолынан келетін іс емес еді.

Ыбырай дүниеден өткенде Мұстапа Қарықболұлы шыгарған жоқтау өлеңде де ұлы ұстаздың қайырымдылығы айтылады:

Өмірін қыска болды-ау, сұлтан сенін,
Бір саржан осы қүнгі жатқан жерін.
Кімдерді жұтпай жатыр бұл қара жер?
Тұтқасы тұған жердін алтын қазық,
Білдіртсем өр болысқа қағаз жазып.
Сұлтаным Ыбырайдай бар ма төре?
Кедейге қарны ашқаңда болған азық,
Жыл болды-ау тышқан деген өзі қатты,
Қамқор боп Ыбырайым ашыққаңға
Ас беріп асырап еді көп халықты.
Қазына сол сұлтаным еккен тары,
Баршаның бес жұз үйлік ашты қарны.
Он тенгеден ақша алды Ыбырайдан
Жаяулап барып еді жүрттың бәрі.
Кезімнен гайып болды-ау, қайран асыл,
Түскендей тақ төбемнен ойнап жасыл.
Ақырын қайырлы етсін, ғұмыр берсін,
Ғабдолла артындағы қалған нәсіл.
Баласы Балшекемнің Ыбырайым,
Алдынан жарылқасын бір күдайым.
Толғатып, тоғыз қатын үл тапса да,

Тап сендей бола қоймас неғылайын! [Қазақстан Ғылым академиясы жанындағы орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар белімі, №777 папка].

Қайырымдылық - жан байльғы, қайырым - ешқашан ұмытылмайды.

МАЗМУНЫ

Кірісне	3
1. ТӘРБИЕ - ДІННІҢ ТІНІНДЕ	11
«Қазақ хрестоматиясы» қалай жазылды?»	11
Дін, діл, тіл және «казақ хрестоматиясы»	16
Ыбырай Алтынсарин тұлғасы.....	32
Ыбырай дүниетанымы.....	40
Ыбырай хаттарын қайта оқығанда	48
Ыбырай оқыған мектеп және оның шекірттері	55
Ыбырай мен Абай	67
Ыбырай мен Ахмет	74
Ыбырай мен Тұрмамбет	83
2. ШЫГАРМА КӨРКЕМДІГІ-ТІЛІНДЕ	89
Ыбырай сатирасының ерекшелігі	89
Ыбырай публицистикасы	94
Ы.Алтынсарин және тәжік-парсы әдебиеті	110
Ы.Алтынсариннің ақындық ортасы	117
Ы.Алтынсариннің ақын шекірттері	123
Ыбырай сынышы-ғалым	175
Ы.Алтынсарин жинақтарына енбеген жана табылған өлеңдері	181
Тарихи өлең тағдыры.....	192
Ы.Алтынсарин және «Оренбургский листою» газеті	211
Шетелдіктер Ыбырай Алтынсарин туралы	216
3. ЫБЫРАЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ	225
Ыбырайтану негіздері	225
М.Әуезов	230
Б.Сүлейменов	235
Ә.Сыдықов	238
Б.Дербісәлин	242
Әсет Ламашев және Арқалықтағы Ыбырай музейі	245
4. АЛТЫНСАРИН АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АДАМДАР	252
Отбасы және тұган-туыстары	252
Балғожа Жаңбыршыұлы	260
Қайынжұрты	271
Сейдалиндер	275

Алдияровтар.....	284
Тұнғыш дәрігер, тұнғыш зейнеткер	293
Нагашылары	296
Шен кумаған Шеген би	296
Шеген бидің ақыл-нақыл, өситет сөздері	303
Бірімжан Шегенұлы	304
Калаулысы халқының.....	306
Біртуар Бірімжанов	310
Ғазымбек Бірімжанов	315
Алтынсары, Шолақ, Қасымхан.....	320
Мұхтар Қорғанбекұлы.....	321
Қыпшақ Сейіткүл қазасы кімнен болды?.....	322
Торғай, Тосын мектептерінің сыры	328
Ағартушы, журналист Асылқожа.....	333
Бір аударма жайында	340
Ұбырай, Спандияр, Бекет.....	343
Яков Петрович Яковлев	345
Н.И.Ильминский.....	349
А.Е.Крымский.....	351
Торғай уездік алғашқы оқу инспекторлары	352
Азаттық үшін алысқан.....	358
Ұбырай мектептерінің жанашырлары.....	363
Ұбырай және Қазан төңкерісіне дейін Торғай облысынан оқыған казак қыздары	370
Ұбырай (Ибраһим) Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша анықтама	381
Ұлагат ұясы.....	387
Ұбырайдың қазасы.....	395
Ұбырай тағылымы (Түйін сез орына)	404

**Серікбай Оспанұлы
СӨНБЕС ШЫРАҚ**

Редакторы Н.Мешітбаев

Корректоры К.Мырзагалиева

Компьютерде терген И.Жұмағазы

Басуга 01.07.2016 ж. көл қойылды.

Калпы 60x84 1/16 Қағазы офсеттік

Гарнитұры Times New Roman.

Шартты баспа табағы 8,4. Тарапымы 500 дана. Тапсырыс №34

«Қарлығаш» баспаханасында басылған

110007, Қостанай қ.,

Тел. 8 70 54 54 09 09

«ҚАРЛЫҒАШ» БАСПАСЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРИН ҰСЫНАДЫ

- Мәтіндері компьютерде терілген, тексерілген дайын файлдардан кітап басып шыгару;
- Дайын суреттерден фотокітап жасау;
- Шакыру билеттерін жасау;
- Буклеттер, визиткалар шығару;
- Бланктерді көбейту;
- Түрлі фоторесимнің даярлау;
- Слайд-шоулар әзірлеу;
- Тойға, мерекелік шараптарға арналған енімдер (жіл айтылатын әндер жинағы, мактау, мәдактама қағаздары, алғыс хат, диплом т.б.)
- Дипломдық жұмыстарды түтпелеу
- Сынақ кітапшаларының, түрлі күәлік кітапшаларының, оқырман билеттерін, студенттік билеттер т.б. даярлау

Сіздерге сәттілік тілейміз!

8 70 54 44 09 09

8 702 5756 409



Полиграфия

ПЕЧАТЬ

хлып
брошюр
методических пособий
буллетов
листовок
бланков
визиток
фотокниг

ПЕРЕПЛЕТ

хлып
журналов
дипломных работ

РАСПЕЧАТКА

цветная
черно-белая

ИЗГОТОВЛЕНИЕ

студентских билетов
читательских билетов
зачетных книжек

ЛАМИНИРОВАНИЕ

СКАНИРОВАНИЕ

НАБОР ТЕКСТОВ




ул. Дошкова 64, каб №3

Тел. 21-10-54

8-702-575-64-09

8-705-464-09-09

e-mail: abu_amir_09@mail.ru





Серікбай Оспанұлы Ақын, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Серікбай Оспанұлы 1945 жылдың 1 сәуірінде Қостанай облысындағы Жанкелдин ауданының Шилі кеңшарында, Балдай қоныс

орнында туған. 1963 жылы Қамысты ауданындағы Бестау орта мектебін бітіргеннен кейін өзі туып-өсken Шилі кеңшарындағы 8 жылдық мектепте аға пионер-вожатый болып еңбек жолын бастады. 1968 жылы қазіргі Әль-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетін бітіріп, республикалық радиода редактор (1968-1978), «Жалын» баспасының поэзия редакциясының менгерушісі (1978-1996) қызметтерін атқарды. 1997 жылдан А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде, 2005 жылдан бері Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра менгерушісі, доцент, профессор. Бірнеше жыр жинақтары мен оқу құралдырының, ғылыми кітаптардың авторы.